вия или бездействия, направленные на установление, изменение, прекращение гражданских прав и обязательств совершают их опекуны. Решением суда лица могут быть признаны временно недееспособными, частично недееспособными или полностью недееспособными вследствие определенных физических либо психологических травм, в результате которого они не могут понимать значения своих действий. Для таковых лиц органы государственной территориальной единицы по опеке и попечительству устанавливают опеку, в соответствие с которой любые действия от их имени совершает его официальный опекун. По определенным основаниям, которые могут отпасть суд так же может снова признать его дееспособным, вследствие чего опека над ним прекращается, и он снова сможет от своего имени совершать любые не запрещенные законодательно действия или бездействия направленные на установление, изменение, прекращение гражданских прав и обязательств. На практике в отношении феномена дееспособности была установлена определенная последовательность, в соответствие с которой законодатель предусмотрел ограничение в дееспособности лиц, которые посредством злоупотребления алкоголем и наркотическими средствами приводит свою семью в затруднительное материальное состояние. Таковые лица могут быть признаны недееспособными либо ограниченно или полностью недееспособными по решению суда. Как правило, они могут совершать мелкие сделки. Совершать другие же действия, направленные на установление, изменение, прекращение гражданских прав и обязательств они могут только с письменного разрешения, выполненного в установленной форме их законных попечителей. К числу таковых действия приравнивается получение дохода и распоряжение им. Тем не менее, что касается ответственности, гражданин, признанный судом ограниченно или полностью недееспособным вследствие причинения тяжелого финансового материального урона семье вследствие злоупотребления наркотическими средствами или спиртными напитками в случае совершения им определенных административных или уголовных проступков несет самостоятельную имущественную ответственность перед обществом. Так же при свидетельствовании о том, что оснований, по которым таковой гражданин был признан недееспособным, больше нет, суд может вернуть ему дееспособность по своему решению. На основании этого же решения попечительство над ним прекращается [Добриева М.Д., 2004, с.197]. Теоретически все достаточно логично и последовательно. Однако на практике возникает большое количество прецедентов, когда некоторые апеллируют факт признания лиц ограниченно или полностью недееспособными. Так, в некоторых случаях нередки прецеденты, когда на почве эмоциональных стрессов некоторые лица с злонамеренным умыслом добиваются признания конкурентов недееспособными с целью извлечения материальной выгоды. Другие наоборот пытаются быть признанными по решению суда временно, полностью или частично недееспособными с целью избежать определенной уголовной, административной или гражданской ответственности. В настоящее время количество прецедентов по таковым делам увеличивается в арифметической прогрессии. И конечно же в таковых правоотношениях присутствует элемент нанесения материального ущерба, сопряженного с личными неимущественными активами. Такие элементы как честь, достоинство и деловая репутация являются обязательным компонентом такового спора по неимущественным активам. В странах Западной Европы и Соединенных Штатах набирает обороты практика применения судебными органами услуг психологов и психотерапевтов, так как именно такие специалисты могут быть полезными для дела в вопросах определения степени ущемления чести, достоинства и деловой репутации для физических лиц и должностных лиц организаций. Ведь, по сути, все личные неимущественные активы, подлежащие возмещению в финансовом эквиваленте упираются в состоянии душевного покоя пострадавшего в результате определенных действия незаконного или противозаконного характера. Говоря о таковых прецедентах практика показывает, что в развитых странах с совершенствующейся системой юриспруденции защита чести, достоинства и деловой репутации все больше и больше переходит в русло гражданско-правового направления современной практической и теоретической юриспруденции. Рассматривая гражданско-правовое разрешение споров по защите чести, достоинства и деловой репутации нельзя оставить без внимания и концепцию гражданско-правовой ответственности граждан при осуществлении ими своих законных прав, свобод и обязательств. Вопрос правовой ответственности возникает из определенных действий, совершаемых гражданами с какой-либо целью. Так, в соответствие с общими принципами юриспруденции любое действие или бездействие, как правило, бывает направленным либо на установление, либо на изменение, либо на прекращение гражданских прав или обязательств. Об этом свидетельствует общее положение о сделке государственной территориальной единицы. Соответственно, настоящее ставит в качестве обязательного условия наличие законности такового действия или бездействия. То есть в случае если сделка преследует преступный умысел она имеет определенные последствия, начиная с признания сделки недействительной с лишением всех имущественных и неиму-

щественных благ полученных по сделке, продолжая штрафными мерами и мерами конфискации, предусмотренными административным законодательством государственной территориальной единицы и заканчивая уголовными последствиями, выраженными в лишении или ограничении свободы, конфискации имущества и запретом заниматься определенной деятельностью или занимать какие либо ответственные посты. Говоря об общей гражданско-правовой ответственности необходимо, прежде всего, отметить три общих принципа гражданско-правовой ответственности. Первым принципом гражданско-правовой ответственности является неотвратимость последствия, в соответствие с которым какое-либо правонарушение неотвратимо. Однако этот принцип по природе своей является бездействующим, в силу диспозитивного характера и сроков давности. Вторым принципом является индивидуализация. В качестве индивидуализации может быть признана степень опасности деликта в зависимости от формы вины правонарушителя и других факторов, имеющих кардинальное значение в гражданском деле. Третий принцип гражданско-правовой ответственности идентифицируется как принцип полного возмещения вреда. Именно этот принцип и является ключевым при совершении одним лицом противоправных активных или пассивных действий, вследствие чего был нанесен ущерб чести, достоинству или деловой репутации пострадавшего лица.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В заключение, можно обозначить, что нормативно в Республике Казахстан личные неимущественные права более или менее детализованы в Конституции Республики Казахстан, в которой были обозначены честь, достоинство и деловая репутация. Именно указанные положения по мнению большинства авторов являются основными для точки отталкивания при изучении детальных компонентов спектра неимущественных прав каждого гражданина вне зависимости от его возраста, дееспособности, правоспособности и других параметров присущи гражданам. Ведь в первую очередь гражданин - это человек. Закон не может пойти против человека, защищая гражданина, а не человека.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Арсланов Камиль Маратович. Функции правового института возмещения морального вреда при посягательстве на честь, достоинство, деловую репутацию и сферу частной жизни гражданина по законодательству России и Германии: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.03. – Казань. 1999 – С.211.
2. Гаскарова Маргарита Левиновна. Правовая защита чести и достоинства личности: Вопросы теории: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.01. – Москва., 1999 – С.151.
3. Власов Анатолий Александрович. Проблемы судебной защиты чести, достоинства и деловой репутации: дис. ...докт.юрид.наук: 12.00.03. – Москва. 2000. – С.385.
4. Шмарион Виталий Игоревич. Ответственность за преступления против чести и достоинства личности по российскому уголовному законодательству: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.08. – Ростов-на-Дону., 2000 – С.228.
5. Черкасова Татьяна Викторовна. Гражданско-правовая защита чести, достоинства и деловой репутации как форма социально-правовой защищенности граждан: По материалам судебной практики Северо-Кавказского региона: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.03. – Махачкала., 2001. – С.230.
6. Рудый Наталья Кирилловна. Уголовно-правовая охране чести, достоинства и деловой репутации: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.08. – Москва. 2002 – С.177.
7. Сидоров Вадим Александрович. Право на защиту чести и достоинства: соотношение права и морали: дис. ...канд.юрид.наук:12.00.01. – Москва. 2003. – С.183.
8. Рогов Денис Иванович. Механизм гражданско-правового регулирования отношений, возникающих по поводу чести, деловой репутации и доброго имени граждан: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.03. – Екатеринбург, 2003 – С.198.
9. Поезжалов Владимир Борисович. Уголовно-правовая защита чести и достоинства личности: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.08. – Рязань, 2003 – С.189.
10. Гусева Оксана Анатольевна. Уголовно-процессуальные аспекты обеспечения уважении чести и достоинства личности в стадии предварительного расследования: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.09. – Воронеж., 2004 – С.152.
11. ДобриеваМадинаДжамалдиновна. Честь, достоинство и деловая репутация как объект защиты в гражданском праве и процессе: дис. ...канд.юрид.наук: 12.00.03, 12.00.15. – Москва, 2004. – С.197.

УДК378.4



МЫРЗАТАЕВ НУРМУХАМЕД ДАУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ
PhD, аға оқытушы
Мемлекеттік және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭНДАУМЕНТ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы эндаумент қордың қызметі туралы айтылады. Еліміздің стратегиялық бағдарламасына сәйкес университеттерге дербестік беру бойынша реформалар жүргізіліп келе жатыр. Жоғары оқу орнының қаржыдық дербестік берумен қатар эндаумент қордың қызметін құқықтық реттеу қарастырылады. Осы реформалардың қалай жүргізіліп отыр және эндаумент қордың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар берілген.

Түйінді сөздер: Жоғары оқу орны, университет, эндаументқор, заң, қайырымдылық.

Резюме. В статье говорится о деятельности фонда эндаумента в вузах Казахстана. В соответствии со стратегической программой страны проводятся реформы по предоставлению автономии университетам. Наряду с передачей высшего учебного заведения финансовой самостоятельности предусматривается правовое регулирование деятельности фонда эндаумента. Как проводятся эти реформы и даны рекомендации по повышению эффективности фонда эндаумента.

Ключевые слова: Высшее учебное заведение, университет, Фонд эндаумент, закон, благотворительность.

Summary. The article describes the activities of the endowment Fund in universities in Kazakhstan. In accordance with the country's strategic program, reforms are being implemented to grant autonomy to universities. Along with the transfer of financial independence to higher education institutions, legal regulation of the activities of the endowment Fund is provided. How these reforms are being implemented and recommendations are made to improve the effectiveness of the endowment Fund.

Keywords: Higher education institution, University, endowment Fund, law, charity.

КІРІСПЕ

Отадық эндаумент қорлардың қалыптасуы мен даму жолдары тарихи тұрғыдан қарастырылатын терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Себебі оның терең тарихы туралы біздің елде ғылыми құқықтық-тарихи зерттеулер мен мұрағаттық ақпараттар жоқ.Мысалы, Современные концепции образования : монография Р.Ж. Аубакирова, Н.Ю. Фоминых, Д. В. Еныгин, Ш.М. Майгельдиева, Павлодар, Кереку, 2018, 259 с., Особенности индустриально-инновационного развития Республики Казахстан: монография Л.Л. Божко., Рудный: Изд–во Руднен. индустриальный ин-т, 2017, 105 с., Кашкин С.Ю., Четвериков А.О.,Международная образовательная интеграция: содержание и правовое регулирование. Монография - Проспект 2019, 293 с. Отандық ғалымдардың Матаева М.Х.Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саласындағы конституциялық тәжірибесі. Монография, жауапты ред.М.Х.Матаева, Семей: «Интеллект», 2018, 207 б., ISBN 978-601-7915-47-6. Авторлар ұжымы. З.К.Аюпова,М.Б.Бақытбеков,Дм.А.Жампеісов, Др.А.Жампеісов, Н.И.Ибрагимов, М.Д.Қаражанов, Д.У.Құсайнов, Э.С.Майшекина, М.Х.Матаева, Қ.Қ.Тастекеев, Н.Д.Мырзатаев «Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» БМ -Семей, 2018ж. тағы басқа отандық ғалымдардың құқықтық тұрғыдан аталған мәселені бойынша монографиялық зерттеудің жоқтығы.

Эндаумент қор шет елдің жоғары оқу орындарына қаржы тартудың бір аспектісі болғандықтан біздерге жаңа бағыт жаңа әлем. Дегенмен, Қазақстан әлемдік жоғары білім беру жүйесінің интеграциялануына кірмес бұрын оны жаң-жақты зерттеп зерделеуден өткізгенді. Жеке меншік нысандағы жоғары оқу орындарының сан ғасырлар өмір сүру құпиясын да қарастырған болатын. Кез-келген жоба немесе қызмет көрсету ол қаржы мәселесіне тәуелді болатыны мәлім. Демек, шетелдік жоғары білім беру мекемелерінің де ұзақ уақыт халыққа қызмет етіп келуі осы қаржы мәселесінің түбегейлі шешілуіне баланысты. Өйтпегенде қаржы дағдарысына ұшырап жабылып жатқан жоғары оқу орындары мен білім беру ошақтары қаншама. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Кеңестік дәуірде білім берудің барлық деңгейі тегін және оны 100 пайыз мемлекет қаржыландырып отырған. Сондықтан да, ол кезеңдегі білім беру саласын қаржыландыру тек мемлекеттің әл-ауқатына байланысты болды. Бірақ әлемде өзгеде саяси режимдегі басқару нысаны бойынша мемлекеттерде жоғары білім беру саласын бір қалыпты ұстап тұру оның ішін-

де, капиталистік елдерде тек қаражат мәселесіне байланысты болып келді. Сондықтан да, жоғары білім беру жүйесін бір қалыпты ұстап тұру және оның дамуына жағдай жасау үшін әрине ең бірінші оның қаржылық мәселесі түбегейлі шешілуі тиіс. Сондықтан да, капиталистік елдерде жоғары білім беру саласын қаржыландырудың бір қалыптасқан жолы ретінде осы эндаумент қорларын құру идеясы өз жемісін әлі күнге жоғалтпай отыр деп ойлаймыз. Аталған идея өте жемісті және табысты болып көрініп отыр.

Жаңашыл жасампаз елімізде де, жоғары білім беру саласын басқаруды автономды жүйеде дербестік беру арқылы қоғам өзін-өзі басқаруға қөшу идеясын жүзеге асырып келеміз. Дегенмен, дербестік алу ол өте оңай шаруа болғанымен оны ұстап тұру, аяққа тұрып кету, елдің болашағына ұзақ уақыт қызмет ету әрине оңай емес. Оның ең басты факторы қаржылық дербестігі. Жоғары оқу орындарының қаржылық дербестігі оның өмір сүруіне қаражатты өзі табуы деген мағына білдіреді. Қазіргі қоғамдағы нарықтық бәсекелес жағдайға тіпті, әлемнің 17 мың университеттерімен бәсекелес болуға тура келіп отыр. Еліміздің жоғары оқу орыны үшін тұрақты қаржы тарту мен табу ол үлкен зерттеуді қажет ететін мәселе.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елімізде ең алғаш жеке меншік университеттердің ашылуына негіз болған құжат ол ҚР Конституциясын. 1995 жылғы Конституцияның 30-шы бабының 3 тармағына сәйкес: «жеке меншік оқу орындары ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады»[*ҚР Конституциясы, 1995*]– делінген. Елімізде тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдергеді жоғары оқу орындары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ секілді көптеп ашылғаны белгілі. Жекеменшік нысандағы университетердің саны көбейіп өз ара бәсеке мен сынға алынып келді. Олардың көпшілігі Қазіргі таңда банкрот болып немесе өзге унверситеттерге бірігу арқылы қайта жабдықталып отыр. Оның себебі, бастапқыда жекеменшік нысандағы университеттердің қаржылық қор тек студентердің оқу ақысына төлейтін қаражатынан құралып келді. Жоғары оқу орындарының басшылары білімалушылардың санына ғана қанағат тұтып тек университеттің партасы мен аудиториясын және ұстаздарды жалақымен қамтамасыз етуден әріге аса алмады. Оның себебі университетердің қаржыдық дербестігі болмауы, қаражатыинвестициялық дамыту үшін реформанфң жеткіліксіз болуында еді. Осы жоғарыдағы аталған себептермен жоғары оқу орындарындағы білімнің сапасы, оның ғылыми бағыттарды дамытуы түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы т.б. мәселелер университетің тікелей өз мәселесі ретінде қарастырылмай келуінен, олар қаржылық тоқырауға ұшырады және кейбірі болашақта ұшырайды. Әлемдік тәжірибе бойынша жоғары оқу орынның өміршең болуы оның осы қоғамдағы саяси әлеуметтік экономикалық мәселені ұштастырып отыратын күрделі басқару тетігі бар жүйе ретінде қарастырғанымыз жөн. Бұлар өзара байланысы өте күшті. Бірі біріне әсері де өте мықты табиғи заңдылық.

Егеменді еліміздің жоғары оқу орындарының алдына әлемдік жаһандануының салдарынан жоғары білім жүйесінің интеграциялануы тағы бір мәселені туындатып отыр. Ол университеттің дербес қаржы мәселесі, қаражаттытабуы мен оны еселеп арттыру жолдарын дамытудың қажеттігі байқалды. Сонда ғана жоғары оқу орындары автономды бола алады, сонда ғана олар ғылым мен білімнің қоғамға еңбек нарығына ең қажеттілігі бойынша жұмыс беруші мен қоғамның сұранысын қанағаттандыруға әл ауқаты мен шама шарқы жететін болады. Сондықтан да, жекеменшік нысандағы барлық жоғары оқу орындары ең бірінші өздерінің қаржылық мәселесін елдегі саяси экономикалық жағдайға байлап қоюға болмайтындығын айтқымыз келеді. Олар еліміздегі сыртқы және ішкі саяси жағдайлардан дербес болу үшін мемлекет қаржысына жалтақтамай өздерінің жеке қаражаттарын жинап қана қоймай өз болашақтарын өздері құруы абзал. Ол үшін эндаумент сынды атаулы қорға өз қаражаттарын жинау арқылы және оны еселеп арттыру тетіктерін тездетіп ойластырып оны заңдастыру қажет. Сонда ғана қаржылық тәуелсіздікке ие болып оның ішінде академиялық тәуелсіздік өздігімен келері сөзсіз.

Жоғары оқу орындарындағы жеке қаражат игерудің құқықтық негізі болып «Қазақстан – 2050» стратегиясы, Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары, Бес институционалдық реформа 100 қадам Ұлт Жоспары негізінде жүзеге асыру жоспарланды [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100].

Бағдарламаның жоғары оқу орнына қатысты негізгі мақсатының бірі: «Назарбаев Университетінің тәжірибесін негізге алып, мемлекеттік университетерге дербестік беру мәселесін халықаралық тәжірибеге сәйкес шешу болып отыр» [*http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988*].

ҚР Үкіметі жоғарыда аталған міндеттерді орындау бойынша қолданыстағы бірқатар білім саласын реттейтін заңнамаларға тиісінше өзгертулер енгізді. Білім туралы ҚР заңындағы аталған толықтырулар ең маңызды заңдық негіз болып отыр. Сонмен қатар, заңнамадағы толықтырулар 2020-2025 жылғы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басымдықтарды толығымен қамтамасыз етіп отыр. Дегенмен, жаңа енгізілген толықтырулар университеттердің толықтай қаржылық дербестігі үшін қажетті құқықтық негіздер барлық мәселені толық енгізілмегендігіне назар аударуды қажет етеді.

Осы орайда еліміздің бірқатар университетері эндаумент қорды құрып оның құқықтық негіз-

деріне жол ашқандай болды.

Алғаш рет Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті қабырғасында эндаумент қор құру қолға алынған болатын. Бұл университеттің арнаулы жинақталған инвестициясы болып отыр. Осы университеттің түлектері мен әріптестерінің қауымдастығы есебінен құралып отырған қаржат. Дегенмен, аталған университетке толық дербестік беріп мемлекеттік қаражатты бөлуді доғарсақ оның да өміршеңдігі алысқа бармайтындағына куә болатынымыз айқын. Себебі оның эндаумент қорындағы қаражаты жылына әр бір кафедраға шаққанда кемінде 1 милион ақш доллары көлемінде пайда табатын эндаумент қоры болғанда ғана мүмкіндігі бар.

Эндаумент қор Еуропа мен АҚШ-да ондаған ғасырлар бойы университет қабырғасында қызмет етіп келген болса, ал көрші Ресей мемлекетінде ондаған жылдық тәжірибесі бар.

Эндаумент қорларын енгізу идеясы Ресейде алғаш рет 2010 жылы университеттің ғылыми кеңесінде талқыға салынған болатын. Осыдан кейін 2014 жылы отандық жоғары оқу орындарына енгізу үшін ҚР Парламент қатырғасында талқылаудан өткен болатын.

Эндаумент қор негізінен бұл капиталистік елдерге тән. Қордың енуі мемлекеттік және жеке сектордағы ЖОО-ның әлемдік дамыған университеттер қатарына қосылуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстандағы алғашқы эндаумент қор бойынша жарналық келісім жасау қызығарлық жағдай. Мысалы, №1 келісім бойынша 1 пайыз тапқан табысын осы қорға аудару туралы келісілген. Ол осы университеттің бұрынғы түлегі атақты ғалым өзінің тапқан жаңалығын паттентеп осы патенттен түскен табысының 1 пайызын осы эндаумент қорға беріп отыр. Сондықтан да, осы алғашқы келісім маңызы мен мәні жағынан өте өзекті келісім деп атауға болады. Себебі бұл эндаумент қорға бір рет қана емес өмір бойы үздіксіз қаражаттың түсіп отыруы болып отыр. Шетелдік тәжірибе бойынша демеушінің ұзақ уақыт бойы қалыпты қаржы салып тұруы әлемдік стандартқа сайкес ең маңызды стратегия болып табылады.

Еліміздегі эндаумент қорлардың алдына қойған негізгі мақсаттары университеттердің әлемдік топ университеттердің қатарына енгізу. Сонымен қатар, осы университеттің білімі мен ғылымын, оның рейтингін көтеру. Инновациялық ғылыми жобалар бойынша зерттеу орталықтары ашу, ғылым саласына өздерінің үлестерін қосу мен ғылымға барынша қолдау көрсетуді нысанаға алып отыр. Аталған эндаумент қорларға егер тұрақты қаржы көздерін тарта білсе оның болашағы ұзағынан болып алдына қойған мақсатқа жетуге болатынына сеніміміз мол.

Аталған эндаумент қорлардың қызметі Азаматтық кодекс аясындағы келісім шарт негізінде қаражат тарту бойынша жүзеге асырылып отыр. Ал егер бір реттік салымшы болса онда, келіміс шарт жасалмай-ақ тек ақша қаражатын эндаумент қорына аудару арқылы жүзеге асырылып келеді. Қайырымдылық көрсетудің бұл түрі біздіңше болашаққа оның жоғары білімі мен ғылым жүйесіне айтарлықтай үлесін қосу деп қарастыруға болады. Дегенмен, отандық жоғары оқу орындарының басшылығына әлі де болса халықтың, кәсіпкерлер мен жұмысберушілердің сенімділігіне ие болуға, салған қаражатты құқықтық қорғау жеткіліксіз болып отыр. Оның себебі жоқ та емес. Ол еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың түп тамырымен жойылмай отыруы. Сыбайластық етек алған университеттерде оның ішінде жекеменшік университеттердің эндаумент қорлары халықтың сеніміне кіре алмай отыр. Екіншіден, жоғары оқу орындарының қызметі оның ішінде ректорлардың қызметі мен құзыретінің заңмен нақты эндаумент қаражатын игеруге байланысты айқындалмауы. Барлық билік тек осы ректордың қолында болуы жеке адамның мүддесіне орай өзгеріп кетуі әбден мүмкін болғандықтан, ол да сенімге кіршік ұялатып отыр. Одан әрі жоғары білім беру жүйесін реттейтін және оны эндаумент қордың оның ішінде жоғары оқу орындарындағы эндаумент туралы нақты нормативтік құқықтық актінің шамадан тыс көптігі. Көп заңнамалармен реттелген жаңа жүйе бойынша да көптеген түсінбеушіліктер бар. Мемлекет тарапынан қатаң қадағалаудан әлі де болса шыға алмай отыруы, ол қаржылық және академиялық жалтақтығы. Мемлекеттік стандарт бір жағынан қарағанда қажет секілді, енді бір жағынан ол нақты нарықтық қатынастағы сұранысты қанағаттандыратындай маман даярлау үшін де, өз кедергілерін тигізіп отыр. Бұл жоғары оқу орындарындағы басқарудың дұрыс құқықтық ұйымдастырылмауы. Ескі қағидамен әлі де болса жоғары оқу орындары қағазбастылықтан өтірік шыны аралас есептер беруден әрігі аса алмай отыруы, ең басты себеп болып отыр. Жоғары білім беру ошақтарындағы оқытушы құрамының тек аталған пән бойынша жан жақты сапалы білім берумен қоса толып жатқан қоғамдық ұйымдастырушылық, тәртіптік, қағазбастылық, саяси және мәдени шараларды ұйымдастыру мен оны өздері жасауы және оған қатысу міндеттілігі, сапалы білім беруге кедергі болып отыр. Ол ОПҚ уақытын болмашы нәрселермен толып жатқан жиын мен жиналыстардан босату туралы, түрлі жыйындарға адам санын толтыру үшін ғана жинап отырғызып кою кең таралған. Сонда қай уақытта ол білім мен ғылыми жұмыс жасауы қажет?Оны, одан әрі дамытуға уақыт бермеуі бірінші себеп. Өзінің жеке басына, отбасына арналған немесе тынығуға арналған уақытын ол өз білімін шыңдау мен ғылымға бөлу арқылы ғана жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Аталған жағдай барлық білім беру деңгейінде болғандықтан халық отандық білім беру жүйесінің оның қызмет көрсетуіне қанағаттанбай

отырғаны да осы себептерден. Сондықтан да, қаржысын осы жоғары оқу орнына құятын кәсіпкер немесе жұмыс беруші немесе кез келген тұлға оның тектен текке емес немесе ректордың жеке басының пайдасы үшін салып отырмын ба? деген ойды теріске шығаратын, ашық жария заңды жүйені ұсыну арқылы ғана шешуге болады. Халықтың басым бөлігінің әлеуметтік жағдайы мәз болмаса да, қайырымдылық жасауға бәрі дайын, тек құқықтық тұрғыдан эндаумент қордың мақсатына сай қаржы дәл көздеген жеріне түсіп, оның пайдасын ұрпақтың нақты білімі мен ғылымының шыңдалуына жұмысалатындай кепілдендірілген норма болғанда ғана сенім артып, эндаумент қорлардың белсенді жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасалынуы мүмкін [http://av.kaznu.kz/kz/18857/].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»[*«Казахстанская правда», 2009, N 205*] экономиканың индустриялық – инновациялық даму сұраныстарына сәйкес білім жүйесін жаңғырту қажеттігі туралы өз ойын айтумен ғана шектелмей оны мемлекеттік бағдарламаларға да енгізу қажеттіліктен туындаған деп білеміз. Жоғары оқу орындарының алдына қойып отырған міндеті жан-жақты дамыған, озық ойлы, шебер, әмбебап, шағармашыл жаңа тұлға дайындап шығару. Қазіргі қоғамға осындай маман қажет. Осылар ғана бәсекелестікке түсе алады.

Осы аталған мемлекеттік бағдарлама аясында Л.Л.Божко өзінің монорграфиялық зерттеуінде кеңінен қарастыры отырып экономикалық индустриялық-инновациялық даму үшін университетердің алдына жаңа міндеттер қойылғанын баяндап кетті, дегенмен автор университетік дербестік қаржыландуру оның ішінде эноаумент қор туралы мәселе қозғаған жоқ [*Л.Л. Божко, 2017, 105 б*].

Жоғарғы білім беру саласын құқықтық жетілдірудің тетігі ретінде эндаумент қорларын құрудың перспективасы өте жоғары деп бағаланып отыр. Қазақстандық жоғары оқу орындарына Назабраев университетінің тәжірибесіне сүйене отырып дербестік беру тетіктері қарастырылды. Аталған бағытта Елбасы өз жолдауларында тиісті мемлекеттік мекемелер мен органдарға тапсырмалар берген болатын. Университеттерге автономия беру заң аясында өз тәжірибемізге сүйене отырып жүзеге асырылмақ. «Қазақстан ЖОО корпоративтік басқару» атты монографияда аталған мәселені басқару аспектісінде қарастыруға тырысқаны байқалады. Дегенмен осы еңбекте негізі алып зерделеуге болады [*А.К. Сагинтаева, Д.М. Хартли, П.Д. Экель, Ф.Н. Жакыпова, М.К. Орунханов, Д.С. Гюнгёр, Д.Н. Билялов, Р.С. Апергенова*, Д.А. *Абен. 2018, 216 б*].Осы автономия беру арқылы университеттер қаржылық дербестік алып эндаумент қорларын құруға мүмкіндік алмақ. Эндаумент қор ол мемлекеттік және ұлттық университеттің негізгі қаражат көзі ретінде қарауға болмайды. Себебі қаражаттың тек қайырымдылық көрсетуден түсуіне ғана қарап отыруы әлбетте дұрыс емес. Сондықан да, эндаумент қорлар ол университеттің өмір сүруі үшін емес, керісінше өзінің жаңа ғылыми жобалар мен білім беру бағыттарын ашуға оқытушылар мен студенттердің сұраныстарын қанағаттарнырдатындай соңғы үлгідегі керек жарақтармен қосыша қаржыландырудың көзі ретінде ғана қарастырған абзал. Сонда ғана оның өз мақсатына жетуге мүмкіндігі молаймақ. Өйтпегенде ол құрдымға кететін идеялардың бірі ғана болып, ұстағанның қолында кетіп, талан таражға салынып кетпесіне кім кепіл бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған бағытта жоғары оқу орындары тиімді жұмыс жүргізу үшін қолданыстағы бірқатар заңнамаларды тиісінше қайта қарасырған дұрыс деп ойлаймыз. Әрине ол ең алғашқы заң ҚР Конституциясы. Ата заңның 30-шы бабында жоғары білім беру ұйымдарын қаржыландыру қайнар көздері тура эндаумент қорлардың қызмет етуіне жол ашатын тармақша енгізген абзал. Еліміздің ең жоғарғы заңнамасы болғандықтан барлық толықтырулар осы Конституциядан бастау алуды жөн деп санап отырмыз. Сонда ғана өзге кодестер мен тиісінге нормативтік құқықтық актілерге толықтыулар Конституциядағы карастырылған мерзім мен тәртіпте енгізілуіге автоматты түрде міндетті болып, құқықтық реформалау жедел түрде, айтарлықтай шығынсыз жүзеге асыруға болатын төте жол болмақ.

Екіншіден, құқықты даму перспективасы ретінде әр кодекске жеке дара баптар енгізу арқылы жүзеге асыруды бастау. Мысалыға, ҚР Азаматтық кодексі, Бюджет, Салық, Қылмыстық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстеріне тиісінше толықтыру енгізу қажет етеді.

Үшінші кезекте, қолданыстағы заңдардан бастау. Олар: ҚР Білім туралы заңы, ҚР Ғылым туралы заңы, Мемлекеттік мүлік туралы заңы, Коммерциялық емес ұйымдар туралы, Акционерлік қоғам туралы, Қор туралы, Ұлттық әл-ауқат қоры туралы заңы және тағы басқа заңдарға тиісінше толықтырулар мен өзгертулер енгізу арқылы жетілдіруге болмақ.

Төртіншіден, ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілері, ҚР Білім және ғылым министірлігінің шығарған нормативтік құқықтық актісі ретінде де реттеуге болады.

Алайда, халықаралық әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықты да ұмытпаған жөн. Халықаралық келісім шарттар арқылы еліміздің білім саласын өзінің міндеттемелерін де ұмытпаған жөн. Сондықтан да, әр сатыдағы заңнамаларда-

ғы ұсыныстар мен өзгерістер бойынша көптеген сұрақтар туындауы мүмкін. Эндаумент қорларының қызмет көрсету аясы бойынша. Мысалы, ол тек әкімшілік аумақтық бөліністер туралы заң аясында да қарастыру кажеттігі туындауы мүмкін. Сонымен қатар, Ұлттық банк пен екінші дәрежелі банктың қызмет көрсетуіне орай осы саланы реттейтін заңнамаларды тиісінше толықтыру қажеттігі туындайды. Құқықтық негізде теориялық тұрғыдан тереңірек қарастыратын болсақ, эндаумент қорларының тиімді жұмыс жасауы үшін қоғамның барлық секторына кешенді түрде реттейтін заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді өзгертуімізге тура келеді екен. Ал ол үлекен көлемдегі жұмыс. Ол өз кезегінде көп уақыт пен көптеген қаражатты талап етеді.

Біздіңше, уақытпен қаражатты үнемдейтін тағы да бір жолы ретінде арнайы заң қабылдау арқылы мәселені шешуге болады. Эндаумент қор туралы арнайы заң қабылдау. Аталған заң аясында тек салықтық жеңілдіктер беру арқылы бизнес өкілдерін, кәсіпкерлік сектордан қаражатты білім мен ғылымға тартуға болады. Сонымен қатар, эндаумент қорға қаржы бөлушілерге арнайы мисанат мәртебесін беру немесе қоғамдағы құрметті азамат атағын беру арқылы, көпшілікке жариялап отыру тағы басқа, университеттер қаражатты жайдан-жай алып тымпиып отыру емес, керісінше демеу көрсетушілерге, қаражат бөлушілерге барынша моральдық қолдау көрсету мен қолпаштап отырудың әр түрлі жолдарын ұйымдастыру арқылы қайырымдылық көрсетушілерді қызықтыру тетігін заңдастыруға тиістіміз.

Жоғарыда айтылғандай ұлттық заңнамаларға тиісінше өзгерістер енгізу арқылы ғана құқықтық тұрғыдан негіздеуге болады. Эндаумент қорлардың жұмыс жасау негізі тек заңға негізделуі қажет. Ондағы қаражаттың пайдалануы мен игерілуі туралы есеп немесе ақпарат осы университеттің сайтында тұруға міндеттейтін норманы да арнайы заңнамаға енгізу қажет. Сонда тек қаржылай көмек көрсетіп отырған тұлғалар ғана ақпарат алып отырмайды сонымен қатар, жаңадан қаражысын салғысы келетін тұлғалар да ақпаратқа және жарнамаға тегін ие болады деген сөз. Екінші жағынан, университеттің дербестігі де толығымен сақталады. Ректорлар өз кезегінде ешкімге тікелей есеп бермейді. Сондықтан да, олардың дербестігіне ешкім күмән келтірмейді. Екіншіден, интернет ресурстағы ақпараттың дұрыс бұрыстығы туралы тиісті мемлекеттік қадағалау және бақылаушы арнайы қаржы органдырының ғана құзыретіндегі мәселе болмақ. Бұндай бақылау ешбір университеттің автономды басқарылуына кедергі келтірмейтіндігі белгілі.

Біздің ойымызша, еліміздің жоғары оқу орындары әлемнің көптеген университеттеріндегі эндаумент қорлардың қызмет ету аясын, жүйесін зерттеп, зерделеу жұмыстары кеңінен жүргізілуі керек. Біздің ойымызша, осылардың ішіндегі ең тиімдісі ол АҚШ эндаумент корлардың қызмет көрсетуі жүйесі.Бірінші кезекте тек эндаумент қорлардың құқықтық негізін тек жоғары білім саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және тек осы жоғары білім берумен байланысты болатын өзге де нормативтік құқықтық актілерді тиісінше өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырған абзал.

Қорыта келе, жоғары білім беру жүйесінің жаһандануы білім беру саласына жаңаша даму қажеттігін көрсетіп отыр. Болондық жүйеге мүше болған еліміз өзінің жоғары білім беру саласын әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен терезесі тең етуді мақсат етіп отыр. Осы орайда тек мемлекеттің ғана қаражатына және студентердің оқу ақысымен ғана күн көріп отырған қазіргі Қазақстандық жоғары оқу орындарының алдана жаңа бағыттағы қаржылық дербестікке мүмкіндік ашылып отыр. Ол мемлекет қаражатынан тыс өзге де қаржы секторларынан жоғары білім саласына қаражат тарту тетігі. Жұмыс берушінің ұсынысына сайкес маман даярлау үшін сол жұмыс берушінің өзін жоғары білімге қаржы бөлуге тарту. Жеке және бизнес өкілдерінен білім мен ғылымның дамуына қаражат тарту. Осылай жиналатын қаражатты басқару мен оны бөлу тетігін жүзеге асыратын эндаумент сынды қорлар қажет. Жоғары оқу орындарында ғылым мен білімге барынша қолайлы жағдай жасау үшін оның алдағы болашағына бағытталған қаржыландыру саясатын тиімді және заңмен негіздеп жүргізуді талап етіп отыр. Әлемдік университетердің ұзақ әрі бай тәжіриебесіне сүйене отырып олардың қолданылған қаржыландыру құралдарының кең ауқымдылығы, оны іске асыру барысында мол тәжірибесі отындық эндаумент қорлардың құқықтық негізін қалауға септігін тигізеді және тиімді жүзеге асыруына оң ықпалын тиігіп отыр. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ұзақ уақытқа тұрақты қаржыландыру көзі болып отырған эндаумент қорлар біздің де қызығушылығымызды туғызып отыр. Көрші Ресей елінің «сенімгерлік қоры» деп аталатын заңнамасы эндаумент қорларының қызмет көрсетуін енгізуге құқықтық негіз болған еді. АҚШ пен батыс елдерінде эндаумент қорлардың қызмет көрсету аясы өте кең. Олар жоғары оқу орындарының көптеген мәселелерін шешуге көметкесіп отыр. Аталған сала терең құқықтық зерттеуді қажет етеді. Ұзақ уақытқа созылған энаумент қорлардың даму жолын қарастырсақ онда, Ұлыбритания мен АҚШ-ның тәжірибесінен үлгі алуға болады. Қор арқылы жоғару оқу орындары өздерінің стратегиялық дамуына бағытталған капитал қажет ететін жобаларға, мұғалімдер мен студенттерге материалдық қолдау жасауға жұмсап отырғаны мәлім. Ал Ресей заңнамаларында инновациялық жоғары білім беруді қаржыландыру үшін бағалы қағаздар мен несиелерді пайдаланудың құқықтық негізі қаланған. Егер мақсатты капитал уни-

верситеттің тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз етсе, ал қарыз беру стратегиялық даму құралы болып отыр. Осы екі құралды дұрыс және тиімді үйлестіре білгенде ғана ЖОО-ның ағымдағы және болашақтағы мақсаттарын тиімді шешуге болатын қаржылық құрал ретінде қарастыруға болады. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің шетелдік және ағылшын-саксондық тәжірибесі бойынша қаржыландырудың дәстүрлі құралдары сияқты жаңа қаржы құралы ол әлеуметтік облигациялар. Бұл бүкіл әлемдегі қайырымдылық іс-әрекеттің бұрынғы түсінігі, тек ол қайтарымсыз қайырымдылық деп қарастырып келеді. Бұл қайырымдылықтың бір мағынасы эндаумент қор іс-әрекетінің баламасы. БарлыққайырымдылықтардыАҚШ-та эндаумент қорларға салу арқылы жүзеге асырып отыр. Бұл әсіресе жоғары оқу орындары мен корпорациялармен әріптестік ұзақ мерзімге негізделіп, университетпен әріптестік ынтымақтастықта мамандар даярлау, ғылыми - зерттеулер жүргізу барысында осы эндаумент қорлардың қаражатымен жүзеге асырылып келеді. Сондықтан да, эндаумент қорлардың мақсатына қарасақ қаржыландырудың тиімді құралы ол қайырымдылық болып отыр.

Эндаумент фондттардың жоғарғы оқу орындарында қолданудың құқықтық негіздерін жанжақты қарастырылды. Жоғары оқу орындарына қосымша қаражат тартудың қайнар көздері мен тетіктерін құқықтық тұрғыдан реттеу мүмкіндігі де қарастырылды.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорта келіп:

- Біздің елдегі құрылып отырған эндаумент қорлардың қызметі дәл осы әлемдік тәжірибеге сәйкес болып отырған жоқ. Оның мақсаты мен құқықтық негізі де тиісінше құқықтық негізі қаланып және ол ашық және жария түрде болуы заңмен міндеттелмеген. Сондықтан да, заңнамалық тұрғыда тиімді, дұрыс ұйымдастырылған құқықтық негізі қаланбаған деуге негіз болып отыр. Жоғары оқу орындарындағы эндаумент фондттардың тек қарапайым халық пен кәсіпорлердің қаржыларын жымқырушы бір айла болмауына кім кепіл. Қолданыстағы заңнамаларда ол туралы ашық бап жоқ, жауапкершілікке тарту мен қаражаттың толық қорғалуына кепілдік беретін механизім заңнамаларда нақтыланбаған. Заңнамалардағы толықтыруларды жоғары оқу орындарының басшыларының және эндаумент қаражаттарын иелену мен пайдалану нәтижесінде жымқыру, сыбайлас жемқорлыққа жол беру т.б. қол сұғылылықтан қорғайтын арнайы жауапкершілік қарастырылмаған. Арнайы жауапкершілік ол жеке персоналды материалдық жауапкершілік пен қоса корпоративтік жауапкершілік заңмен нақты бекітілмеген. Бұл осы жоғары оқу орнын басқарып отырған адамның жеке басына оның адамгершілік қасиеттеріне ғана негізделіп ақша қаражаты эндаумент қорға тиісінше жиналмайтындығы баршаға мәлім. Жәнеде ол жиналған қаражат тұрақты түрде болмағандықтан және эндаумент қордың қызметі өміршең де болмайды. Сондықтан да, біздіңше құқықтық негізді осы әлемде мол тәжірибесі бар АҚШ-тың эндаумент қорларының жоғары оқу орындарында қызмет етіп отырған үлгісін алып енгізу қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана қазіргі кездегі ректорлардың халық алдында есеп беруімен шектелген жауапкершілігі күшейген болар еді. Олардың тікелей материалдық жауапкершілігі заңнамада жоқ, сондықтан да, жоғары оқу орындарындағы көлеңкелі, ешкімге беймәлім қаржылық басқарудың ашық та жариялы болуы, оның ішінде нағыз демократиялық қағидаларға негізделген дербес басқару деп есептеуге құқықтық негіз болар еді.

Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, Қазақстандық жоғары оқу орындары ұзақ мерзімді қаржыландырудың сенімді қосымша көзі бола алатын эндаумент қорларын заңды түрде белгілеуге мүмкіндік алады. Тек осы ұйымдардың дамуына ғана емес, сонымен қатар, біздің елімізде ғылыми зерттеулерді, оқытуды және қайырымдылық дәстүрлерін қалыптастырудыынталандыратын болады. Кейіннен жоғары емес, сонымен қатар, арнайы кәсіби білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету және т.б. салаларында қаржылық ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер тиісінше өзгерістер енгізілуі мүмкін. Қоғамның барлық әлеуметтік салаларына енгізу үрдісі орын алуы да ықтимал. Бұл процесті теориялық тұрғыдан екі жақты қарастыруға болады. Біріншіден, барлық әлеуметтік қордаланған мәселелерді мемлекеттің қаражаты жетпей жатқан бөлігін қамтуға көмектеседі. Ал екінші жағынан, бұл құбылыс сыбайлас жемқорлықты дамытудың бір жолы болып кетпесіне ешкім кепіл бола алмай отыр. Сондықтан да, біздің ойымызша, эндаумент қорлардың құқықтық негізін тек жоғары білім саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және тек осы жоғары білім берумен байланысты болатын өзге де нормативтік құқықтық актілерді тиісінше өзгерістер енгізген абзал.

Жоғарыда аталған Ағылшын елінің жоғары білім беру мектептерінде мемлекеттік қаржыландыру, эндаумент қорлардың қаржылары, және тағы басқа қаражат көздерін тартудың да, тиімді әдістері ойластырылып құқықтық тұрғыдан бекітілген. Сондықтан да, жоғары білім беру саласында қаржы мәселесінің жеткіліксіздігі немесе оқытушы профессорлық құрамның әлеуметтік-қаржылық мәселелері мен ғылыми зертеу жұмыстарын тәжирибелерін жасауға байланысы қаржы тапшылығы бұл елдерде жоқ. Ол мәселе алдын ала ұйымдастырылып құқықтық тұрғыдан негізделіп және бекітіліп қойылған. Сондықтан да, Ұлыбританияның жоғары оқу орындары жеке меншік нысанда болғанымен ғасырлар бойын өз құндылықтарын, беделі мен мәртебесін

жоймай осы күнге дейін жетіп отыр. Өз кезегінде ол университеттер елдің ішкі экономикалық жағдайына да тиісінше жағымды әсер етіп отыр. Өз елін барынша байыта түсу үшін бизнестің өзге сеторларының да дамуына өз үлестерін қосып отыр. Мәселен, қаржы мәселесіне орай банк жүйесінің, эндаумент қорларының, биржалық т.б. қаржылық секторды дамыту шет елден инвестиция жан-жақты тартылуда. Сонымен қатар, осы елдің туризмі де білімалушылардың, ізденушілердің көптеп келуіне орай дамып отыр. Ондағы транспорт саласы, қонақ үй мен қызмет көрсетудің барлық саласы бір-бірімен ұштаса келе елдің экономикасын кешенді түрде дамуына өз әсерін тигізіп отыр. Өзге елдердің жоғары білім беру жүйесі мен ондағы эндаумент қорлар мен қаржы институттары біріге отырып, инвестицияны тартымды тарта білу жолдарын зерттеу мен зерделеуге осы бір ғана монографиялық жұмыстың аясында қарастыру мүмкін емес. Аталған тақырып өте кең және ауқымды болғандықтан біздің ойымызша, тек алдыңғы қатарлы дамыған біреген елдердің тәжірибесіне ғана тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз.

Еліміздегі эндаумент фондттардың қызметін реттейтін нормативтік- құқықтық актілерге қарайтын болсақ көптеген қордаланған мәселелер туындап отырғаны белгілі. Оның себебі де жоқ емес. Бұл сала жаңадан еніп отырғандықтан еліміздің жоғары оқу орындарында тәжирбе де өте аз. Әлемдік деңгейдегі эндаумент қорлардың қызмет жасау әдіс тәсілдерінің әрқилы екенін көріп отырмыз. Сондықтан да, заңнамаларымыздағы осындай алшақтықтар болып отыр деп те ойлаймыз. Еліміздегі нормативтік құқықтық актілердің әлемдік деңгейде жоғары оқу орнындарындағы қаржы тартудың тиімді жолдарын енгізу тетігі бойынша тәжірибесінің аздығы осы саланы реттейтін арнайы заң нормасы болмауынан деп ойлаймыз. Мысалы, ҚР Ұлттық әл-ауқат қоры туралы заңына (16) сәйкес бірқатар нормативтік құқықтық актілер көрсетілген болатын. Осы заңның 2-ші бабында ҚР қор туралы заңнамалар айтылған болатын. Онда, ҚР-ның Қор туралы заңнамасы, ҚР-ның Конституциясына негізделеді, ҚР-ның акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы және ҚР-ның мемлекеттік мүлік туралы заңнамасы, ҚР-ның инвестициялық қорлар туралы заңнамасы және басқалары көрсетілген. Ал 2004 жылғы қабылданған ҚР Инвестициялық қорлар туралы заңында сәл өзгеше көрсетілген. Инвестициялық қорлар туралы заңның 2-ші бабында: «ҚР-ның инвестициялық қорлар туралы заңдары, ҚР-ның Конституциясына негізделеді және ҚР-ның Азаматтық кодексінен, ҚР-ның бағалы қағаздар рыногы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңдары инвестициялық қорларға қолданылады» (30) - деп көрсетілген болатын. Жоғарыда аталған осы екі заңнама аясындағы өзгешеліктер эндаумент қорларын елімізде енгізу бойынша бірқатар мәселелер бар екендігіне дәлел болса керек. Осы заңнамалардағы айырмашылықтар көптеген қолданыстағы заңнамаларды қайта қарауға тура келеді.

- Біздіңше, уақытпен қаражатты үнемдейтін тағы да бір жолы ретінде арнайы заң қабылдау арқылы мәселені шешуге болады. «Жоғары оқу орындарындағы эндаумент қор туралы» арнайы заң қабылдау. Аталған заң аясында тек салықтық жеңілдіктер беру арқылы бизнес өкілдерін, кәсіпкерлік сектордан қаражатты жоғары білім мен ғылымға тартуға болады.

Жоғарыда айтылғандай ұлттық заңнамаларға тиісінше өзгерістер енгізу арқылы ғана құқықтық тұрғыдан негіздеуге болады. Эндаумент қорларының жұмыс жасау негізі тек заңға негізделуі қажет. Ондағы қаражаттың пайдалануы мен игеру туралы есеп немесе ақпарат осы университеттің сайтында тұруға міндеттейтін норманы да арнайы заңнамаға енгізу қажет. Сонда тек қаржылай көмек көрсетіп отырған тұлғалар ғана ақпарат алып отырмайды сонымен қатар, жаңадан қаражат салғысы келетін тұлғалар да ақпаратқа және жарнамаға тегін ие болады деген сөз. Екінші жағынан университеттік автономдығы да сақталады. Ректорлар өз кезегінде ешкімге тікелей есеп бермейді. Сондықтан да, олардың автономдығына ешкім күмән келтірмейді. Екіншіден, интернет ресурстағы ақпараттың дұрыс бұрыстығы туралы тиісті мемлекеттік қадағалаушы, бақылаушы қаржы органдырының ғана құзыретіндегі мәселе болмақ. Бұндай бақылау ешбір университеттің автономды басқарылуына кедергі келтірмейтіндігі белгілі. Біздің ойымызша, еліміздің жоғары оқу орындары әлемнің көптеген университеттеріндегі эндаумент қорлардың қызмет ету аясын, жүйесін зерттеп, зерделеу жұмыстары кеңінен жүргізілуі керек. Осылардың ішіндегі ең тиімдісі ол Ұлыбритания мен АҚШ эндаумент корлардың қызмет көрсетуі жүйесі. Бірінші кезекте тек эндаумент қорлардың құқықтық негізін, тек жоғары білім саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және тек осы жоғары білім берумен байланысты болатын өзге де нормативтік құқықтық актілерді тиісінше өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырған абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029
2 100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100

3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
4 Түлектер қауымдастығы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Рұқсат режимі: http://av.kaznu.kz/kz/18857/
5 ҚР-ның 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. ҚР-ның ПҮАЖ-ы, 2009 ж., N 35, 331-құжат; «Егемен Қазақстан» 2009 жыл, 28 тамыз, N 281-283 (25680); «Казахстанская правда» от 27.08.2009 г., N 205 (25949).
6 Особенности индустриально-инновационного развития Республики Казахстан: монография / Л.Л. Божко. – Рудный: Изд–во Руднен. индустриальный ин-т, 2017. - 105 с.
7 Корпоративное управление: вузы Казахстана. Научная моногра-фия / А.К. Сагинтаева, Д.М. Хартли, П.Д. Экель, Ф.Н. Жакыпова, М.К. Орунханов, Д.С. Гюнгёр, Д.Н. Билялов, Р.С. Апергенова, Д.А. Абен – Астана: Nazarbayev University Graduate School of Education, 2018. – 216 с.

УДК: 343.34

ПАРИДИНОВА АЙГҮЛ ЕСІРКЕПҚЫЗЫ
аға оқытушысы
«Құқықтану» кафедрасы
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университеті

АЛИМБАЕВА АҚТОЛКЫН АЛМАСХАНОВНА
аға оқытушысы
«Құқықтану» кафедрасы
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

КҮДІКТІНІҢ, АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада қылмыстық қудалау процесінде күдіктінің және айыпталушының конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері туралы баяндалады. Бұл мәселе қазіргі уақытта қазіргі заманғы қылмыстық құқық, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу құқығы саласында ерекше өзекті болып табылады, өйткені өзара қарым-қатынастың осы сипаты қылмыстық істі жүргізу нәтижесін анықтайды. Демек, осы бағыттағы қылмыстық құқық пен процестің тиісті дамуы мен серпіні үшін қылмыстық қудалау процесінде күдікті мен айыпталушының конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуді зерделеу ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де ерекше маңызға ие.

Түйінді сөздер:ізге түсу, анықтау, тану, бехейвиоролистика, жеке тұлғаның портреті, қысым жасау**.**

Резюме. В научной работе речь идет об актуальных вопросах обеспечения защиты конституционных прав подозреваемого и обвиняемого в процессе уголовного преследования. Настоящее на данный момент является особенно актуальным в области современного уголовного права а так же уголовно процессуального права так как именно данный характер взаимоотношений определяет результат ведения уголовного дела. Следовательно, для соответствующего развития и динамики уголовного права и процесса в данном направлении, изучение обеспечения защиты конституционных прав подозреваемого и обвиняемого в процессе уголовного преследования имеет особенную важность как на национальном уровне, так и международном.

Ключевые слова: преследование, дознание, дознавание, бехейвиоролистика, портрет личности, ущемление.

Summary. The scientific work deals with topical issues of ensuring the protection of the constitutional rights of the suspect and the accused in the course of criminal prosecution. The present is currently particularly relevant in the field of modern criminal law as well as criminal procedure law since it is this type of relationship that determines the result of conducting a criminal case. Therefore, for the appropriate development and dynamics of criminal law and process in this direction, the study of ensuring the protection of the constitutional rights of suspects and accused in the criminal prosecution process is of particular importance both at the national and international level.

Key words: prosecution, inquiry, zaznavanje, behavioralistic, a portrait of a person, infringement.

КІРІСПЕ

Қазақстан үшін батыл мақсатты айқындау – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену – адам, қоғам өмірінің сапасын арттыру және мемлекеттілікті нығайту үшін елдің жүргізіп отырған бағытын тиімді қамтамасыз етуге тиіс. Бүгінгі күнгі адам құқығын қорғау басты мәселеге айналып отыр. Себебі, заң негізсіз қамауға алып, ұстауға тыйым салады, бірақ бұл мәселе әлі күнге дейін орын алып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 бабына сәйкес: Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғаныста қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы – делінген [ҚР Конституциясы, 1995].Ал қылмыстық процестік кодекске сәйкес, бұл құқықты күдікті мен айыпталушы пайдалана алады. Себебі, қорғану құқығы күдікті мен айыпталушыға күдіктен немесе айыптаудан сақтауға, өзінің қылмысқа қатысты еместігіне, жауаптылықтан жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қылмыстық ісжүргізуде күдікті өздерінің қорғану құқығын ҚР ҚПК-ң 26 бабына сәйкес, жеке өзі немесе қорғаушының, заңды өкілдің көмегі арқылы жүзеге асыра алады. Күдікті мен айыпталушы жеке қорғану үшін заңға қайшы келмейтін барлық құралдар мен тәсілдерді өзінің

2. Сыздыкова А.Қ. Психиатрия пәніне арналған тәжірибелік сабақтар:оқу құралы / А. Қ. Сыздыкова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2017. - 158 б.
3. Хухлаева, О.В. Коррекция нарушений психологического здоровья дошкольников и младших школьников / О.В. Хухлаева. – М. : Педагогика, 2003. – 345 с.
4. Бодров В. А. Информационный стресс: Учебное пособие для вузов. — М.: ПЕР СЭ, 2000. — 352 с.
5. Психиатрия: оқулық / Н. М. Жариков [ж/б.]. - 2-бас., өңд. және толықтыр. - М. : «Литтерра», 2016. - 576 б.

УДК 372.881.161.1



BULATBAYEVA KULZHANAT NURYMZHANOVNA
doctor of education, professor of foreign philology department
L.N. Gumilyev National University



TAKUOVA ZARINA SERIKOVNA
PhD student of "Foreign language: two foreign languages"
specialty of foreign philology department
L.N. Gumilyev National University

COGNITIVE AND COMMUNICATIVE TECHNOLOGY FORMATION OF FOREIGN-LANGUAGE SPEECH OF ECO-VOLUNTEERS IN KAZAKHSTAN

Түйін. Мақалада эковолонтерладың шеттілдік дайындығы ашылған. Тілдік емес пәндерді оқытудағы автордың екітілдік когнитивті-коммуникативтік технологиясының қысқаша сипаттамасы берілген. Технологияда қазақстандық мектеп пен жоғары оқу орындарындағы тілдік жағдаят арнайы ескерілген. Технология оқытушының да, оқушылардың да шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға көмектеседі. Бұл технологияағылшын тілі күнделікті қолданыста болмайтын кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі елдерде тілдік емес пәндердің оқытушыларыны қолдануға ыңғайлы болып саналады. Мақалада технология қолдану барысындағы алынған нәтижелер оқу-әдістемелік әзірлемелер түрінде бар екені айтылған.

Түйінді сөздер: когнитивті-коммуникативтік технология, қазақ-/орыс-ағылшынша оқыту, шеттілдік коммуникативтік.

Резюме. В статье раскрыт аспект иноязычной подготовки эковолонтеров. Дана краткая характеристика авторской когнитивно-коммуникативной технологии двуязычного обучения неязыковым дисциплинам.Технология специально разработана с учетом языковой ситуации в казахстанских школах и вузах. Технология способствует одновременному развитию иноязычной компетенции как преподавателя, так и ученика. В условиях постсоветского пространства считается приемлемой в силу отсутствия педагогических кадров по неязыковым дисциплинам с совершенным владением английского языка. В статье даны результаты апробации технологии при иноязычной подготовке эковолонтеров.

Ключевые слова: когнитивно-коммуникативная технология, казахско-/русско-английское обучение, иноязычная коммуникативная компетенция, тематическое планирование, эковолонтер.

Summary. The article reveals the aspect of foreign language training of eco-volunteers. It gives a brief description of the author's cognitive and communicative technology of bilingual teaching of non-linguistic disciplines. The technology is specially developed цшер куаукутсу ещ the language situation in Kazakhstan's schools and universities. Technology contributes to the simultaneous development of foreign language competence of both the teacher and the student. In the post-Soviet space, it is considered acceptable due to the lack of teaching staff in non-linguistic disciplines with perfect command of the English language. The article presents the results of testing the technology for foreign-language training of eco-volunteers.

Keywords: cognitive and communicative technology, Kazakh- / Russian-English training, foreign language communicative competence, thematic planning, eco-volunteer.

INTRODUCTION

The trend of the world globalization dictates its reforms in social life. This became the State program of language development in Kazakhstan [*http://prokuror.gov.kz/rus/dokumenty*]. It defines a step-by-step plan for the development of Kazakh-Russian-English, Russian-Kazakh-English trilingualism of the population. Parallel statistical plans are defined in all three languages, the main indicator of which is the percentage of the population'sknowledge in Kazakh, Russian and English languages separately. The implementation tool with strict consideration of the language situation state has not been sufficiently considered. Also there is not taken into account: the availability of non-linguistic staff in foreign language disciplines, the knowledge

level of Kazakh, Russian and English languages by schoolchildren and students at different stages of education, the availability of implementation tools for realization of technologies and teachers who know these technologies.

Meanwhile, with the availability of developed Kazakh-Russian bilingualism in Kazakhstan, English can be organized on the basis of "transitional" technology, which does not exclude the acquisition in the first language (and/or language of study) of the course content, on which English is then superimposed, ensuring the repeatability of the studied material. Thus, from the requests of Kazakh education system, cognitive and communicative technology of bilingual education was created on the ground of general education schools. The technology is tested on the subject "Physics" for the 7th grade in the ordinary secondary school of Pavlodar town. In one year the technology has produced a significant result. Pupils were able to enter into communication in English language on key positions of the contents of the English textbook. Then teachers of history (Russian-Kazakh training), Kazakh literature (Russian-Kazakh training), mathematics (Kazakh/Russian-English training), chemistry (Kazakh/Russian-English training), informatics (Kazakh/Russian-English training) worked on this technology. In 2016 was got the copyright certificate IS 005689 on the state registration of rights to the object of copyright № 1798 of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan ("Cognitive and communicative technology of bilingual education in non-linguistic disciplines: theory, planning, introduction" (work of science).

The results of training on this technology are published in a number of scientific works of Bulatbaeva K.N. Next, we will describe the possibilities and results of this implementation during training on this technology of eco-volunteersat the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev [*Bulatbayeva K.N., Dlimbetova G., Fahrutdinova G.,2018, 185-192 p]*.

MAIN PART

Within the framework AP05132519 the project "The University greening education system as an innovative way of modernization of spiritual consciousness of students" (2017-2020), carried out in ENU named after L.N.Gumilyev under the leadership of EdD, prof. Dlimbetova, where the process of greening philological education occupies a significant place. A rather serious platform for environmental education in all specialties according to its theoretical concept is the eco-club created by a scientist at the Faculty of Social Sciences.

Philological education has its own specificity and its greening is possible in several ways:

-reduction of educational texts in the content of language courses as didactic material (traditional way in the implementation of different directions of education);

- texts' selection of Kazakh, Russian, English, American literature, revealing ideas of ecology (there is no systematization in individual literature yet, especially in cross-cultural aspect);

- search for and analysis of paroemiological resources that convey the experience of different peoples with respect to nature (there are separate scientific works that also require the chrestomatic processing);

- linguodidactic approaches to mastering environmental problems and ways of solving them in different languages.

In greening philological education we use all the listed ways. But the last way we consider to our own approach, as we based on the real need to prepare eco-volunteersfor English language communication. The environmental movement of student youth implies close cooperation with international organizations, discussion of environmental problems on the international platform with the working English language. This need gave rise to the idea of assisting eco-volunteersby students and philologists studying in the specialties "Foreign philology-","Foreign language: 2 foreign languages".

As part of the training courses "Methodology of teaching English" (bachelor 's degree course), "Basics of linguodidactics" (bachelor 's degree course), "Comparative linguodidactics" (master 's degree course) and research work on the performance of doctoral, master 's thesis and diploma work, the first author carries out systematic work on the planning and methodological implementation of the ecologically oriented educational process. It should be noted that the standard of philological education is strictly implemented, and texts on environmental topics and ecological vocabulary only serve as educational material, the "raw material" on which learn to master modern linguodiactic approaches. Overthreeyears, thisworkhasproducedsignificantresults.

Let's give a technology essence.

In conditions of cognitive and communicative approach to Kazakh/Russian-English training new units of training are used functional-sense fields, lexical-semantic field, structural and content types of dialogue, structural and content types of monologue, which became possible for use thanks to modern discoveries of communicative linguistics.

Cognitive and communicative approach to training is based on three main principles - systemicity, functionality, communicativity. Within these principles of cognitive and communicative approach to learning we will highlight more private principles of learning: the principle of representation of cognitive structures of language or non-language system; the principle of taking into account potential topics of communication and their corresponding speech intences; principle of field representation of lexical-grammatical material on a communicative basis; the parallel representation principle of

cognitive structures of real reality and the cognitive structures of the language system reflecting them as a base of communication; accountingprinciple of strategy and tactics of monologue speech and dialogue communication [*Bulatbayeva K.N., Sivakova I.V., GaliakhmetovaA.T., 2017, 100-107 p*]. During the study aid of training and methodological complexes for individual courses, the essence of each of these principles and the conditions for their implementation can be revealed.

On the basis of the above-mentioned principles, an appropriate typology of tasks is developed and presented.

From the point of view of the formation sequence of skills and skills within the cognitive and communicative approach, exercises are classified as follows: 1) aimed at learning cognitive structures on the topic; 2) designed to verbalize cognitive structures; 3) promoting the learning of a variety of ways to verbalize cognitive structures; 4) forming skills to relate the method of verbalization and the situation of communication.

The content of the exercise system is every time specified in our case by different ecological topics of communication and their corresponding material from extra linguistic and linguistic minimums.

The described conceptual approach to bilingual learning is designed to help the teacher to clearly represent and plan the learning process on a thematic lesson cycle, one specific lesson for a specific group of learners; contribute to the systematic and interrelated formation of environmentally oriented speech, communicative, ethno culture competences; prepare students for communication on environmental topics that may arise in real life and on all environmental topics; teach purposefully and consciously to select language means according to the situation of communication; monitor training results (continuous assessment, formative assessment , final monitoring).

Thus, in the context of a cognitive and communicative approach to bilingual learning, ecological material is a scientifically selected base of a focused, systematic, effective educational process in order to achieve a sufficient level of communicative competence of eco-volunteers.

Within the framework of the above-mentioned environmental disciplines, master philologists of "Foreign philology" specialty (2019-2020 academic year) developed and tested thematic cycles of classes for eco-volunteersof different specialties: "Physics" (Tkachenko Christina, AubakirovaAigerim, Kozhabekova Dina), "International Policy studies" (Mukhtarova Anara, BisenovaAidana), "Information Technologies" (ShishkovskyStanisław, SapabekovSanzhar), "Architecture and Construction" (SlanbekZhanbota, Kadyrbekkyzy Farida), "Chemistry and Chemical Technologies" (KadyrbaevaArdak, MagzamAsemgul), "Public Administration" (IskanderovaAkerke, Kenesbai Ajar), "Tourism" (BaiguzhinaZhanat, Sarlybaeva Aida), "Geography/Ecology. The Problem of Global Warming " (KobeevaAidana, NogaibayevaDilara), etc. That is why, in the course of mastering the modern methodology of teaching English in different audiences, students in parallel solved the issue of environmentally oriented bilingual learning.

Conclusion

In the context of Kazakh education system, integration of several State tasks is important in order to form functionally competent specialists capable of solving multidimensional tasks in the field of professional activity. Such in our case were the following: the development of trilingualism, the development of the volunteer movement, environmental education, the possession of new training technologies, the implementation of practical-oriented training, interdisciplinary training. All these tasks are solved in the training of specialists of foreign languages without prejudice to the main narrow specialization. At the graduation of trained students and master's students, their development can be realized both by the authors themselves and in the walls of the university philologists-eco-volunteers teach on ready-made developments upon receipt of a request from the eco-club as the organizing center of the future "green" university, which is headed by the doctoral student of the Department of Pedagogy, Psychology and Self-Knowledge Abenova S.U. [*Bulatbayeva K.N.,2017, 107-113 c*].

REFERENCES:

1. Government resolution of the Republic of Kazakhstan from July 2, 2018 No. 401.State program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan on 2011-2019 years//http://prokuror.gov.kz/rus/dokumenty/gosudarstvennyy-yazyk/o-gosudarstvennoy-programme-razvitiya-i-funkcionirovaniya-yazykov-v.
2. BulatbayevaK.N., DlimbetovaG, FahrutdinovaG. Cognitive-Communicative Technology of Bilingual Education as Condition of Formation of Ecological Competence//European Proceedings of Social and Behavioral Sciences Journal. – UK, 2018 - P.185-192\\Conference Paper (PDF Available) · September 2018 with 12 ReadsDOI: 10.15405/epsbs.2018.09.22 Conference: IFTE 2018 - 4th International Forum on Teacher Education.
3. Bulatbayeva K.N., Sivakova I.V., Galiakhmetova A.T., Cognitive and communicative technology as a

mechanism of formation of subject-oriented foreign language competence of students//Foreign languages in the modern world/Collection of materials of the X International Scientific and Practical Conference - Kazan, 2017 - P.100-106.
4. Bulatbayeva K.N.,Mehanism of using semantic types of elementary statements in the course of teaching non-linguistic subject//Foreign languages in the modern world/Collection of materials of the X International Scientific and Practical Conference - Kazan, 2017 - P.107-113.
5. Bulatbayeva K.N., Functional and communicative technology of Russian language instruction in Kazakh school. - Pavlodar: PSU, 2005. - 351 p.
6. Dlimbetova, G.K., Bulatbayeva K.N., Abenova S.U., Fahrutdinova G.Z.,Khuziakhmetov A.N.,Management of ecologization of professional education//EkolojiVolume 27, Issue 106, 2018,Pages 1217-1225- Q4 //https://www.researchgate.net/publication/329800533_Management_of_ecologization_ of_ professional_education).

ӘОЖ 392.16.3

ЕЛТАЕВ АБДИМАЛИК ЖАЙЫЛМЫСОВИЧ
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

ЕРЕЖЕПОВА ДИНАРА ТОЛДЫБАЕВНА
магистр, аға оқытушы
Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ЖАРАСЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: отбасы, ата-ана, балалар, жасөспірімдер, мектеп оқушылары, отбасындағы тәрбие, отбасылық қатынастар, қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Резюме. В статье рассматриваются некоторые вопросы формирования культуры взаимоотношения между родителями и подростками.

Ключевые слова: Семья, родители, дети, подростки, школьники, семейное воспитание, семейные взаимоотношения, культура взаимоотношения, воспитание культуры взаимоотношений, формирование культуры взаимоотношений.

Summary. In the article examined some questions of forming of culture of interrelation between parents and teenagers.

Key words: Family, parents, children, teenagers, schoolchildren, domestic education, domestic interrelation, culture of interrelation, education of culture of interrelation, forming of culture of interrelation.

Отбасында баланың дамып жетілуіне, дүние танымының кеңейуіне, жақсы мен жаманды айыра білуіне, қарым-қатынас мәдениетін игеруіне алғашқы қадамдар жасалынады. Осылай бала өзінің де, өзгелердің де тіршіліктегі орнын, атқаруға тиісті іс-әрекетін тәжірибе жүзінде біле де, байқай да алады. Осы жағдайлар жас өскін бойындағы жағымды мінез құлық нормалардың қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Отбасындағы психологиялық ахуалдарың тұрақтылығы мен құбылмалылығын зерттеуші ғылымдардың (Василюк Ф.Е, Герасимович Г.И., Ковалев С.В., Ковалев С.В. және т.б) пікірінше ата-аналардың өз функцияларын дұрыс атқаруы (бала тәрбиесіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлуі, үйдегі психологиялық жағдайды үнемі бақылауы, жақсы қалыпта ұстауы, үлгілі іс-әрекет көрсетуі) жас өскіннің-жарасымды мінез-құлықты, әділетті, адал, мейірімді, қайырымды азамат болып өсуіне ықпалын тигізеді.

Сондықтан отбасы тәрбиесі қашанда ең көкейкесті мәселенің бірі ретінде саналады. Қазақстан Республикасының Конститутциясында отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше назар аударған [ҚР Конституциясы, 2012]. Сонымен қатар осы мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы», "Білім туралы" Заңдарында, Қазақстан Республикасында жоғары және орта білімді дамыту тұжырымдамаларында нақтыланған [ҚР «Білім туралы» Заңы, 2010: ҚР«Неке және отбасы туралы» Заңы 2012]. Балаға білім мен тәрбие берудің маңыздылығы 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасын Заңында да көрсетілген. Заңда әрбір ата-ана және тәрбиеші балалардың қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамсыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің төмендегі бағытта: баланың жеке басын, талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту; адам құқығын құрметтеу, баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени-тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу; баланы еркін қоғамда ынтымақтастық, түсіністік, ұлтаралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау; қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеудің жүзеге асырылуы керектігін ұсынады-[Егемен Қазақстан. 2002].

Кейінгі кезде қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістер отбасы тәжірибесіне де өз әсерін тигізуде. Біріншіден отбасы мүшелерінің құрамы едәуір кеміді. Бұрынғыға қарағанда балалар саны азаюда. Ғалымдардың бірқатары бұл ахуалды экономикалық жағдайлардың ұшығуымен тікелей байланыстырады. Екіншіден, күн көріс қамына орай көпшілік ата-аналардың жұмыс басты болуына байланысты олардың бала тәрбиесіне уақыттары жетісе бермеуде. Шын мәнінде, қазіргі қоғамда жас балалардың көпшілігі көп уақытын тәрбиешілермен өткізеді, ал ересектері ата-аналары назарынан тыс өздерімен-өздері

қалуда. Бұл жағдай ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасқа кері әсерін тигізбей қоймауда.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуына қарым-қатынастың тигізер ықпалы зор. Осы орайда қарым-қатынас ең басты фактордың бірі ретінде танылады. Қарым-қатынас барысында адамдар арасында жарасымды байланыс орнығады бір-біріне деген сүйіспеншілік пайда бола бастайды да туысқандық, достық, жолдастық сезімге ұласады. А. В. Мудрик, С. М. Жақыпов және т.б. өз зерттеулерінде қарым-қатынастың адам өміріндегі алатын ерекше орнына тоқталған [Мудрик А.В., 2001, 320 с:Жақыпов С.М., 2002. 117 с].

Олардың пайымдауынша жағымды қарым-қатынастың арқасында адамдар бір-біріне етене жақындасады, қуаныш, қайғыларына ортақтасады, ең қиын деген мәселенің өзін ақылдаса ашығын дұрыс шешімін табуға мүмкіндік алады.

Отбасында ата-аналардың өздері және балалары арасында ынтымақтастық, түсінушілік болып, бір-бірінің пікірімен санасуы – жарасымды қарым-қатынастың кепілі. Осы жағдайда олар өзара ақпарат алмасады, дүние танымына қозғау салады, оны кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұл жақсы қарым-қатынастың берік қалыптасуына ықпал етеді. Осындай отбасылардың болашағы сенімді болады. Ата-ана мен балалар қарым-қатынасының берік болуын қамтамасыз ететін бірден-бір фактор – олардың алға қойған мақсаты. Олардың барлығының мақсаты бір жерден орын теуіп жатса, онда іс-әрекет нәтижесі де бәріне ортақ, жемісті болады. Осындай жағдай ата-аналардың өздерінің арасында ынтымақтастықпен орын алып жатса, ол әрине, олардың ұрпақтарына да өнегелі ықпалын тигізері сөзсіз. Ата-аналардың өздерінің балаларыментүсіністікте болуы, бірлесе еңбек етуі отбасының материалдық жағдайын жақсартумен қатар, әлеуметтік, маральдық құндылықтардың дамуына септігін тигізетініанық [Омар Е.О., Әріпханова Б., 2017, 249 б].

Отбасындағы қарым-қатынас мәселесінде ата-ана мен жеткіншек жас арасындағы қарым-қатынас ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Себебі бұл кезең тұлғаның қалыптасуында және дамуында ерекше мәнге ие. Шын мәнінде бұл өтпелі кезең, тәрбие жұмысына едәуір кері ықпалын тигізетін мезгіл. Жеткіншек жастың психологиясы өте күрделі, мұқият көңіл бөлуді қажет етеді. Осы кезеңнің барлық жастары бұл дәуірден өтеді және қоғам дамуындағы ерекшеліктерге сәйкес өз проблемаларын шешіп жатады.

Психолог ғалымдар осы кезең жастарының ерекшеліктерін қасиеттерін білуге көп көңіл бөліп келеді. Психологтардың пікірінше бұл дәуір қиындығы көп "өтпелі", "бетбұрыс" кезеңі. Себебі ол жас өркенге тән, балалық кезеңнен келесі кезеңге өтумен байланысты болатын күрделі даму үдерісі[Жақыпова С.М., 2007].

Осы кезеңде жас өркен бойында өзінің "Мені" бой көтереді. Бұл көп жағдайда ересектермен қарым-қатынаста қарама-қайшылық туғызады. Балдардың ер жетіп, қыздардың бой жеткенін ересектердің мойындағысы келмегендіктен пайда болатын қарама-қайшылық, отбасы қарым-қатынасында дағдарысқа әкеледі.

Отбасындағы қарым-қатынас жақсы бола тұрып жеткіншек жас дағдардарысын басынан кешіреді. Себебі бала ата-анадан өзіне "әлі бала" деп қарамауын, онымен санасуын, пікіріне құлақ асуын, қажет болған жағдайда дұрыс қабылдауын қалайды. Мысалы, қыз бала да, ұл бала да киім киісте, жүріс-тұрыста өз қалауларын, өздеріне ұнағандарын жасағысы келеді. Көп жағдайда бұл ата-анаға ұнай бермейді. Олар қарсы болады. Себебі ата-аналар оларға әлі бала (ісі шала) деп қарайды. Олардың есейіп қалғанын, өмірге өз көзқарасы бар екендігіне күмәнмен қарайды. Ал жастар болса өздерін "әлі бала санап отыр деп" ересектерге ренжиді. Бұл жағдай тез арада оң шешуді талап етеді. Олай болмаған жағдайда ересектер мен балалар арасына сызат түседі, бір-бірін түсінуден қалады. Бұл бала психикасына орасан зор кері ықпалын тигізеді. Ол ашуланшақ, ызақор болады. Ата-ананың айтқанын теріс көріп, оларды кіналап, талаптарын орындаудан бас тартады.

Балалар мен ересектердің бірін-бірі түсінбеуі көп жағдайда жан-жалға, ұрыс-керіске ұрындырады. Бұл жағдайлар көбінесе қалалық отбасыларда жиірек орын алып жатады. Көбінесе ересектер қауымы ата-ананы жақтап (олардың өздері кінәлі болған жағдайда да) балаларды кінәлауға дайын тұрады. Бұл әрине жас өскіннің наразылығын туғызып, өршелендіре түседі, бала бойында теріс мінез-құлықтың пайда болуына өз әсерін тигізеді [Елтаев А.Ж., Баймақова Т., 2017, 300 б].

Сонымен жастардың ересек адамдарға қоятын орынды талабын толығымен теріске шығарудың өзі дұрыс емес. Оны төмендегі жағдайлардан аңғаруға болады. Біріншіден, ата-ана өзінің жас кезіндегі іс-әрекетін түгелдей баласынан талап ету, "сен де солай болуың керек" деп айту – қате пікір. Өкінішке орай, көпшілік ата-аналар балдарына осылай кінә артып жатады. Қазіргі қоғам, әлеуметтік-экономикалық жағдай бұрынғыдан (ата-ананың жастық шағындағыдан) тіпті бөлек. Қоғам алдындағы (жастардың да) талаптар да басқа. Екіншіден, ата-ананың жас кезіндегі іс-әрекетінде қолданылған амалдары, әдіс-тәсілдері бүгінгі таңда толықтай пайдаға аса бермеуі мүмкін.

Жас өскін ата-аналармен қарым-қатынас әрекетінің қандай да бір мезгілінде өзіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбегенін байқаса, бұл оның психикасының дамуына кері әсер етуі мүмкін.

Көп жағдайда жас өркендерде ересектерге еліктеу, олардың кейбір іс-әрекетіне ұқсас жұмысты орындау сияқты ықыласы байқалып жатады. Шын мәнінде ондай жұмысты атқаруға

жеткіншектердің мүмкіндігі бола бермейді (білімі, ентілігі, дағдысы, тәжірибесі жетпейді). Осыдан барып қиыншылықтар туындайды. Бұл бүгінгі қоғамдағы орын алған көптеген факторлардың (толассыз ақпараттар ағымының әсері, ата-аналардың жұмыс бастылығынан бала тәрбиесіне аз көңіл бөлуі, баланың көп уақыт өзімен-өзі болуы, құрбыларымен қарым-қатынас жасауы) әсерінің нәтижесінен екендігін мойындауымыз керек.

Жас өркеннің есеюі олардың әрқайсысы үшін әр түрлі бағытта өрбуі мүмкін. Мысалы, жастардың бір тобы үшін өмірдегі ең маңызды нәрсе кітап оқу, көбірек білім қорын жинақтау, ал қалған шаруалардың бәрі ол үшін аса мәні жоқ, екінші немесе үшінші кезектегі дүниелер болса, екінші бір жас өскіндер үшін ең мәнді нәрсе сабақ оқу емес өмірдегі бүгінгі күннің "ағымынан" қалып қоймау, өзі "маңызды", "қажет" деп санайтын құбылыстарға жақын болу, соған ұқсауға тырысу, ал үшінші бір "топ" үшін жоғарыдағы жайттар аса қызықты емес, ол үлкендерге де еліктей қоймайды, ата-анасының қамқорлығынан әлі шыға қоймаған, балалығы басым. Осы үш нұсқа көрсеткендей жас өскіннің даму, есею процесі әр түрлі өрбиді де, мазмұны жағынан да түрлі құндылықтарға ие болады: жастардың бір тобы үшін аса құнды болатын дүние, енді біреулері үшін еш қандай мән-мағынасы жоқ. Жеткіншек жастық дәуірде балдардың өзінің "мені" адами құндылықтары, әлеуметтік жауапкершілігі орныға бастайды.

Жеткіншек жастық дәуір ең қиын, өтпелі кезең. Олай дейтініміз, біріншіден, осы кезеңде бала өмірінде өзгеріс байқалады. Бұл өзгеріс түбегейлі саналық сипат алуы мүмкін. Бала өзінің осы уақытқа дейінгі іс-әрекетін, қарым-қатынасын тіпті басқа қырынан көрсетуге ұмтылады. Екіншіден, бала өміріндегі өзгеріс әр қилы кедергілерге тап болады, солармен бірге қат-қабаттаса жүруі мүмкін. Бұл өз кезегінде бала тәрбиесіне кері ықпал етпей қоймайды. Осы кезеңде жас өркен үлкендердің ақыл-кеңесіне құлақ аса бермейді, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысады, олардың орынды талаптарына наразылық таныта бастайды. Наразылықтың әр түрлі формада (қырсықтық, бұзақылық, дөрекілік, қарсылық, тұйықтық) берілетіні туралы психолог Б. Г. Ананьев өз зерттеулерінде дәлелдеп отыр [Ананьев Б.Г., 1968, с. 327]. Өтпелі кезеңдегі жас өркендердің мінез-құлқындағы өзгерістерге әр түрлі әлеуметтік, биологиялық, экономикалық факторлардың әсер ететіні туралы шетелдік және отандық психологтардың таласы әлі күнге дейін жалғасуда. Жеткіншек кезеңге аяқ басқан шақта балалар өзінің мінезімен де, киім киісі, жүріс-тұрысымен де үлкендерге ұқсай қоймайды. Олар балалық психологиядан шыға алмай, аласұрып, анағанда, мынағанда тиісіп, ойына келгенін істейді, бұзақылықта жасайды, өзгеге де өзінеде маза бермейді, бір орнында тыныштық таппайды, барлық жерде белсенділік танытқысы келеді, бірақ адам жақсы нәтиже шығара алмаған соң басқа іс-әрекетке ұрынады, біреуді ұнатуы да, жек көруі де қабаттасып жатады, қарым-қатынаста тұрақтылық танытпайды, екінші біреудің айтқанына тез иланғыш, соның жетегінде кете барады. Дегенменде бір қарағанда балалығынан арыла қоймаған сияқты көрінгенмен, оның ішінде жаңа сапалардың біртіндеп қалыптасу процесі болып жатқандығын аңғаруға болады. Жас өркеннің сырт көзге әлі бала сияқты бола жүріп, есейгенін байқамай қаламыз.

Ол біздің көзімізге түсе бермейді. Баланың есейуінің байқалу сипаты, көрінісі әртүрлі болады. Алғашқыда баланың мінез-құлқы, іс-әрекеті үлкендерге жағымсыз әсер қалдырады. Бала бойында "жаңаны" үлкендер түсіне бермейді. Оны ескермейді де. Осыдан барып тәрбиелік іс-әрекеттің тиімділігі төмен болады. Соның нәтижесінде тұлға қалыптасу процесі бей-берекетсіз қалыпта өтуі мүмкін.

Жеткіншек кезеңіне қадам жасаған жастың бойында болатын өзгерістер оның ақыл-ойынан, ой-өрісінен көрініс табады. Соның салдарынан қоршаған орта мен жас өркен арасындағы қарым-қатынас та өзгеріске ұшырайды. Жас өскіннің санасындағы саналық өзгеріс оның жеке «менін» қалыптастырады. Ол енді өзіне бала деп емес, ересек деп қарай бастайды және де өзгелердің осылай қабылдағанын мақұл көреді. Шын мәнінде бұл оның психикасында болып жатқан өзгерістен туындайды. Алайда үлкендердің пікірі бұл көзқарастан әлдеқайда алшақ жатады. Балада пайда болған ересектік сезім - бұл оның сана - сезімінің ерекше құрылымы. Осы арқылы жас өскін өзінің өмірге жаңаша көзқарасын, дүниетанымының өзгешілігін танытқысы келеді.

Жеткіншек шаққа қадам басқан жасқа ерекше тән қасиет – оның әлеуметтік ортада белсенділік танытуы. Бұл белсенділік сол кезеңде орныққан қоғамдық ережелер, заңдылықтар, өлшемдер, құндылықтар, мінез-құлық нормаларын меңгеруге бастағандығының куәсі.

Бала ересектікке қадам басқан сайын оның санасында, мінезінде өзгеріс байқала бастайды. Бұрындары өзі құлшына, бар ынта- ықласымен атқаратын жұмыстарды орындауға асықпайды, кей жағдайда оларды орындауға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді.

Ол ересектердің оның пікірімен санаспағанға, оның құқығына араласқанға реніш танытады. Үлкендердің оған әлі бала ретінде қарайтынына келіспейді, себебі оның «ер жеткендік» туралы өзінің ұғымына қарама –қайшы келеді. Ол үлкендер атқаруға тиісті іс-әрекетті енді-өзі атқара алатынына сенеді. Себебі өздеріне олармен тең дәрежеде болдық деп есептейді. Осыны үлкендердің мойындауын талап етеді.

Отбасы тәрбиесі арқылы балалардың жағымды қарым-қатынас мәдениеті құндылықтарын

жетілдіру туралы зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып осы мәселені оң шешу мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасалады:

1) Ата-ана мен бала арасында жағымды қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында отбасында өзара түсіністік, ынтымақтастық, сыйластық, достық қатынас орнату қажет. Ата-ана баланың жан дүниесіне еніп, оның кезкелген жақсы баламасына құрметпен қарап, пікірмен саналып, іс-әрекетіне түсінушілік танытып көмек көрсетуі тиіс;

2) Ата-ана өз балаларының «достық», «жолдастық» туралы түсініктерін тереңірек ұғындырда отырып шынайы «достық» сезімнің артуына ықпал етуі тиіс;

3) Отбасында орын алған түсінбеушілікті, қақтығысты шешуде сабырлық танытып, балалардың пікірін ескере отырып шешім қабылдаған жөн;

4) Коррекциялық түзету жұмыстарын жүргізуде балалармен бірге ата-аналарда қатыстырылғаны жөн. Бұл өз кезегінде отбасындағы көкейкесті мәселелерді оң шешуге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда отбасындағы бала тәрбиесінде жарасымды қарым-қатынасты қалыптастыру төмендегідей мәселелерге баса назар аударуды талаптайды:

• Балаға ұлттық құндылықтар (сал-дәстүр, әдет-ғұрып, әдебиет, мәдениет, өнер) туралы жүйелі ақпарат беріп отыру. Осы орайда олардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеріп отыру шарт;

• Жас өскінде сөйлей білуге үйрету;

• Баланы тыңдай білу, ой-пікірімен санасу, баға беру;

• Мектеп ұжымымен үнемі байланыста болу, ұсыныстарын ескеру;

• Оқушылармен түрлі қызықты ойындар ұйымдастыру;

• Ашық әңгімеге тарту, көкейтесті мәселелерді талқылауға баулу;

• Ата-аналардың балаға үлгі-өнеге болатын іс-әрекет көрсетуі;

• Саяхаттар, табиғаттадемалу, серуендеу ұйымдастыру;

• Балаларға арналғанкөркемфильмдерді, бейне түсірілімдерді бірлесе отырыпталдау;

• Салауаттыөмірсалтыннасихаттау;

• Бірлесе орындаған жұмысқорытындысын талдау, қорытынды жасау, баға беру.

Баланың саналы да білімді азамат болып қалыптасуына ата-ана мен жас өркен арасындағы жарасымды қарым-қатынастың тигізер ықпалы ерекше. Осы орайда, ата-ана баланың материалдық қажеттілігін қанағаттандырумен бірге, оның рухани тұрғыдан өркендеп өсуін деүнеміжіті назарда ұстап отырғаны абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2010.
3. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы. – Астана,2012.
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы (№ 345-II) - //Егемен Қазақстан.- 2002.-8 тамыз.
5. Мудрик А.В. Общение в процессе воспитания. – М.: Педагогическое общество России, 2001.- 320 с.
6. Жақыпов С.М.. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. –Алматы, 2002.-117 с.
7. Омар Е.О., Әріпханова Б. Отбасылық тәлім-тәрбие өнегесінің орны туралы.// «Өнер, білім және ғылымның заманауи жетістіктері: мәселелері мен перспективалары» тақырыбындағы халақаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы. Т.1. – Шымкент, 2017.- Б. 249-252.
8. Жақыпова С.М. Жалпы психологияға кіріспе : Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті , 2007.
9. Елтаев А.Ж., Баймақова Т. Балалар мен жасөспірімдердің теріс мінез - құлықтары және оларды оңалті әдістері. // «Өнер, білім және ғылымның заманауи жетістіктері: мәселелері мен перспективалары» тақырыбындағы халақаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы. Т.2. – Шымкент, 2017.- Б. 300-303.
10. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания.- Л.: Изд-во ЛГУ, 1968.-327 с.

ЖУБАЙКУЛОВА ДАМИРА ЖУЛДАСКАЛИЕВНА
аға оқытушысы, магистр
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы
Көптілді білім беру факультеті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

МУХТАРОВА САНДУГАШ КАПИЗКЫЗЫ
аға оқытушысы, магистр
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы
Көптілді білім беру факультеті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КЕЙС-ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада шетел тілін оқытуда кейс-әдісін қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Тілдік білім беру жүйесі білім беру парадигмасының және динамикалық әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруіне тоқталады. Сапалы тілдік білім беру жағдайында құзыретті тұлға, әлеуметтік белсенді тұлға, шығармашылық тұлға даярлауға сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: шет тілі, оқыту, кейс әдісі, білім беру, технология, жобалау.

Резюме. В статье рассматриваются особенности применения кейс-метода в обучении иностранному языку. Система языкового образования останавливается на изменении парадигмы образования и динамической социально-культурной обстановки. В условиях качественного языкового образования дается характеристика подготовки компетентной личности, социально активной личности, творческой личности.

Ключевые слова: иностранный язык, обучение, кейс метод, образование, технология, проектирование.

Summary. The article discusses the features of using the case method in teaching a foreign language. The language education system focuses on changing the paradigm of education and the dynamic sociocultural environment. In the conditions of high-quality language education, the author describes the preparation of a competent person, a socially active person, and a creative person.

Keywords: Foreign language, training, case method, education, technology, design.

Соңғы жылдары жүргізіліп жатқан білім беру жүйесін реформалау жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселесін алға қойды. Заманауи бітіруші түлектер кәсіби білімінің жоғары деңгейін меңгерген, сондай ақ маңызды жеке тұлғалық қасиеттеріқалыптасқан, болашақ кәсіби қызметінің мазмұнын түсінетін кәсіби маман болуы тиіс [Құнанбаева С.С.,2010, 340 б.].

Қазіргі уақытта тілдік білім беру Қазақстандағы білім беру саласы үшін маңызды болып табылады, өйткені тіл маманын даярлайды, ол кейіннен лингвистикалық білімді жақсы біледі, ол өз бетінше және шығармашылық тұрғыдан кәсіби міндеттерді шеше алады, ол шет тіл дайындығының жеке және қоғамдық маңыздылығын түсінеді және осыған сай нәтижелерге жауап береді. Тілдік білім беру жүйесі білім беру парадигмасының өзгеруін және динамикалық әлеуметтік-мәдени жағдайды ескере отырып, неғұрлым сапалы тілдік білім беру жағдайында құзыретті тұлға, әлеуметтік белсенді тұлға, шығармашылық тұлға даярлауды көздейді.

ЖОО-да кәсіби тілді оқыту технологиясы оқытудың мазмұнын оңтайлы құруға және жүзеге асыруға көмектеседі, бұл дидактикалық мақсаттарға қол жеткізуге кепілдік береді. Оқыту процесінде белгілі бір технологияны қолдану тиісті оқыту құралдарын, анағұрлым жетілдірілген дидактикалық құралдарды пайдалануды көздейді,бұл оқу құралдарын, дәлме-дәл мәтіндерді, оқытудың белгілі бір әдістерін қамтиды. Оқыту құралдары жиынтығындағы аздаған өзгеріс технологияның өзгеруіне әкеледі.

Технологиялық, яғни мақсаттарға жетудің кепілділігі оқытуда арнайы құрылған ортамен қамтамасыз етіледі. Бұл ортада болашақ мамандардың дербес оқу-танымдық қызметі өрістетіледі. Оқыту ортасы білім алушылардың қызметіндегі іс-әрекет тәсілдері кәсіби білімге қол жеткізу үшін қажетті және жеткілікті тікелей оқыту өнімі ретінде болуы үшін ішкі қасиеттерге ие болуы тиіс.

Оқыту технологиясы бірнеше жұмыс кезеңдерін қамтиды. Оқытудың кәсіби-бағытталған технологиясында жобалау және құрастыру сияқты ұғымдар кездеседі. Егер жобалау – бұлтиісті жобаны әзірлеудегі педагогтың кәсіби қызметінің түрі-болашақ кәсіби қызмет контексінде оқу процесі аясында жүзеге асырылатын педагогикалық жүйенің дидактикалық сипаттамасы болса, онда құрастыру оқу процесін іріктеуді, әзірлеуді, яғни әзірленген жобаны толық іске асыру үшін қажетті дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз ету-

ді көздейді.Оқыту технологиясын жобалау мен құрастырудың бірінші кезеңі – бұлмақсатқа жету кезеңі. Оқытушы үшін мақсатты қою өте маңызды сәт болып табылады, ол келешекте белгілі бір оқу іс-қимылдарын орындау тәсілдерін жоспарлауды, іріктеуді қамтиды. Сондықтан бірінші кезекте мақсатты сауатты қалыптастыру қажет. Келесі кезеңде дидактикалық мақсаттарды анықтағаннан кейін тиісті мазмұнды таңдау қажет, бұл білім беру жүйесіне бағытталған әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық моделін білдіреді. Бұл жағдайда болашақ маманның болашақ кәсіби қызметінің сипаты оқытудың мазмұнын анықтайды. Мазмұны пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетіледі[Бұзайбақова К.Ж., 2009, 190 б.].

Шет тілін оқыту бағдарламасына сәйкес ЖОО-да ағылшын тілі пәнін оқытудың мақсаты студенттерде ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру және ағылшын тілін қолданып кәсіби міндеттерді шешуге қажетті құзіреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.Оқыту процесінде мынадай міндеттерді орындау арқылы белгілі бір нәтижелерге: тілдік материалды кәсіби қызметте пайдалану дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру, мамандық бойынша мәтіндерді оқу дағдылары мен шеберлігін қалыптастыру, жазбаша және ауызша аудару, арнайы мәтіндерге рефераттау және аннотациялау дағдылары; диалогтық және монологтық ауызша сөйлеу дағдылары; тыңдау дағдыларынақол жеткізу қажет.Осыған орай, біз қойылған міндеттерді іске асыру үшін оқытудың ең тиімді әдісін – кейс-әдісті (case-study)таңдадық. Қазіргі уақытта кейс-әдіс тілдік білім беруде жиі-жиі қолданылып жүр.

Кейс-әдісті қолдану имитациялық үлгілеуді көздейді. Кейс-технологиялар студеттерге нақты, практикалық мәселелерді шешуге бағдар беруге көмектеседі. Бұл әдіс оқытушыны да, болашақ маманды да нақты жағдайлар мен міндеттерді тікелей талқылауға тартады.Бұл әдіс түрлі нақты жағдайларды талдауға және іс жүзінде шығармашылық іскерліктер мен дағдыларды қолдануға мүмкіндік береді. Жаңа, кәсіби маңызды ақпараттармен жұмыс болашақ маманды кәсіби қызметке жақындатады және бұл оның жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ниетін ынталандырады және оның кәсіби құзыретін қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.Кейстермен жұмыс істеу «студенттерді нақты ақпаратты талдауға, себеп-салдарлық байланыстарды қадағалауға, негізгі проблемаларды (немесе) үрдістерді бөлуге үйретуі керек»[Ларина, Т.В., 2012, с. 105-109].

Case-study қолдану студенттерге топтарда жұмыс істеу мүмкіндігін, жаңа қызмет түрлерін жасау мүмкіндігін, сондай-ақ уақыт бойынша шектеу жағдайында және ақпаратты қабылдау кезінде қиындықтар туындаған кезде қысқаша ақпаратты алу және пайдалану, студенттерге ағылшын тілі мемлекеттік тілден кейін екінші болып табылады, бұл бір тілден екінші тілге ауысу қажеттілігіне әкеледі.Бұл әдіс ағылшын тілін білу деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, шығармашылық ойлауды дамытады және дайын мәтінге сүйенбей шет тілін дамытуға ықпал етеді[Нещадим, И.О., 2013, с. 7-9].

Біздің ойымызша, осы технологияларды сабақта қолдану тілдік және мәдени әлеуметтендіру процесінде білім алушылардың білім алу ой-өрісін және көпмәдени өрісін кеңейтеді, көп ұлтты және көп тілді, көпмәдениетті әлем жағдайында білім алушыларды өмірге дайындайды.

Аталған технологияларды пайдалану жалпы білім беру процесінің технологиялылық үлесін арттыруды талап етеді, яғни тілдік білім беруде кәсіби-бағытталған технологияларды әзірлеу мен қолдануды талап етеді.

Кейс-технология негізінде болашақ мамандардың жұмысын ұйымдастыру төрт кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезең-дайындық.

Осы кезеңде оқытушы өзі үшін дидактикалық мақсаттарды анықтайды,тиісті «нақты жағдайды» және сабақ сценарийін әзірлейді.

Бірінші кезең жағдаймен тікелей байланысты емес, бірақ келесі жұмыс үшін және жалпы оқыту тиімділігі үшін маңызды мәнге ие. Бұл кезеңде студенттерге кейсті ұсыну және оларды әрі қарай жұмыс істеу механизмімен таныстыру қажет, бұл ретте әрбір кезеңнің мақсаттары мен міндеттерін нақты белгілеп, жауаптары табылуы керек сұрақтарды айту қажет.

2. Студенттер нақты жағдайды жан-жақты талқылауға тартылатын таныстыру кезеңі. Екінші кезең пікірталас сипатындағы түрлі жаттығуларды орындауды қамтиды. Бұл кезеңде жаңа лексикалық материалды енгізе отырып, кәсіби мәтінді оқу, грамматикалық материалды талдау, мәтіннен кейінгі мәселелерді талқылау, дауыстап қабылдау бойынша жаттығуларды орындаумен аудио байланысын тыңдау, зерттелген тақырыптар бойынша бейнематериалдармен жұмыс істеу, кейіннен ақпаратты талдау сияқты қызмет түрлерін қамтиды. Осы жұмысты орындағаннан кейін, кейстегі проблеманы шешуге болашақ мамандарды итермелейтін мәселелер жиынтығын қамтитын тапсырма қажет.

3. Талдау кезеңі. Осы кезеңде жағдайға талдау жүргізіліп, проблема анықталуда. Мәселе анық, анық, қысқа тұжырымдалуы тиіс. Бұдан әрі осы жағдайда мінез-құлық нұсқалары әзірленеді және келешекте негіздеуі қажет осы проблеманы шешу критерийлері әзірленеді. Баламаның ең жақсы нұсқасын таңдау керек, әр адамның оң және теріс салдарын талдау, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдау. Бұл кезең негізгі проблеманы талқылау бойынша шағын топтарда жұмысты, проблеманы шешудің оңтайлы нұсқасын әзірлеуді, шешімдердің ықтимал нұсқалары табылғаннан кейін басқа топтарға жұмыс нәтижесін ұсынуға дайындықты қам-

тиды. Осы кезеңнің негізгі міндеті-білім алушылардың проблемасына әртүрлі көзқарастарын анықтау және ұсынылған жағдайды объективті талдау. Жұмыстың бұл түрі монологиялық пікір дағдыларын қалыптастырады, студентке нақты жағдай шегінде өз ойын шебер білдіруге мүмкіндік береді.

4. Қорытынды кезең. Осы технологияны қолданудың тиімділігі шетелдік әскери қызметшілердің жұмыс нәтижелерін қорытынды талдаудың арқасында ұлғаяды, олар пікірталас барысында қойылған проблеманы оңтайлы шешудің бірнеше нұсқаларын талқылай алады. Соңғы, соңғы кезең-қорытынды шығару бойынша жұмыс, Мүмкін болатын пікірлер мен ескертулер. Оқытушы әрбір қатысушының (немесе жалпы топтың) жұмысын қойылған бағаны түсіндіре отырып бағалайды.Бағалау мынадай критерийлер бойынша өтеді: тақырып бойынша лексикалық бірліктерді білу, грамматикалық құрылымдарды сауатты пайдалану, сондай-ақ кейсті талқылаудағы студенттердің белсенділік деңгейі.

Оқу ситуацияларының мысалдары. Шет тілін оқытудың жұмыс бағдарламасына сәйкес ағылшын тілін үйренуге байланыстынақты өмір жағдайларымен бірнеше қысқа мәтін ұсынылады:

1. High school students who are dissatisfied with the quality of teaching English, openly talk about it in the classroom. The young teacher, exhausted by her pretensions, finds a way out: «All right,» she says, « you will teach the next lesson yourself. Choose a «teacher» and see what you can do.»

2. There's a new history teacher in the class. During the survey, she gives one student a low grade — for a weak and unintelligible answer. The next day, the class teacher approaches: it turns out that a low grade was given to a round excellent student and her parents are outraged.

Мәтінде ерекшелеуді білдіретін мәтіндермен жұмыс істегеннен кейін, студенттердің талқылауға белсенді қатысуын ынталандыру үшін сұрақтар тізімі ұсынылады.

1.What did you understand in this text?

2. Is this a good option and what is better to offer in this situation?

3. What to do with an excellent student and her parents?

4.What is the best option?

Мұндай жұмыс нысаны кезінде студенттер өздерінің практикалық сөйлеу дағдыларын қандай да бір мәтінге тіреусіз көрсетуге, өз көзқарасын білдіруге және оны дәлелдей алуға мүмкіндік алады. Одан ары студенттерге сабақ тақырыбына байланысты әртүрлі аудиомәтіндер тыңдатылады. Сосын бір-бірімен өзара диалог құрып, өздерінің пікірлерімен бөліседі.

Жоғарыда баяндалғанның нәтижесінде біз оқу процесінде кейс әдісті қолдану студенттердің оқу материалын меңгеруін жеделдетуге және жаңа деңгейде сабақтар өткізуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасаймыз.Бұл әдіс болашақ мамандарға өткен тілдік материалдарды шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар өздерінің кәсіби білімдерін де қолдана алады [Жетписбаева Б.А., 2008, с. 343].

Біз білім беру процесіндегі осындай технологиялар студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыратынын, студенттер сабаққа енжар болуды тоқтататынын және оның белсенді қатысушылары болатынын атап өттік. Оқытудың бұл әдістері кәсіби бағытталған құзыреттілікті неғұрлым тиімді қалыптастыруға ықпал етеді және қарым-қатынастың ұжымдық формаларында жұмыс істей білуді дамытады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құнанбаева С.С. Заманауи шет тілінен білім берудің «теориясы мен тәжибесі. Алматы, 2010 – 340 б.
2. Бұзайбақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. — Алматы: Білім, 2009. — 190 б.
3. Ларина, Т.В. Метод кейс-стади в процессе формирования иноязычной профессиональной компетенции. Глобальный научный потенциал [Текст] / Т.В. Ларина, П.П. Махиня//Научно практический журнал. – 2012. – №10(19). – С. 105–109.
4. Нещадим, И.О. Применение кейс-метода и интернет-ресурсов в формировании коммуникативной компетентности у студентов технических вузов [Текст] / И.О. Нещадим // Гуманитарный вестник. – 2013. – №7 (9). – С. 7–9.
5. Жетписбаева Б.А. – Полиязычное образование: теория и методология. –Алматы: Білім. – 2008 – С. 343.

ОІС 372.8:81

YERMEKBAYEV MUHTAR
candidate of pedagogical sciences, associate professor
Head of the Department of "Theory and Methods of Preschool and Primary Education"
Faculty of "History and Pedagogy"
M.Auezov South-Kazakhstan state university

NARKULOVA BAKITKUL
candidate of pedagogical sciences, associate professorof the
Department of "Theory and Methods of Preschool and Primary Education"
Faculty of "History and Pedagogy"
M.Auezov South-Kazakhstan state university

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Түйін. Мақалада бастауыш мектеп оқушыларының тілінің қалыптасуы мен дамуы сөз болады.
Түйінді сөздер: бастауыш мектеп оқушылары, бастауыш мектеп оқушыларының тілі, психолингвистика, бала тілінің дамуы.
Summary. This article writes about the stagesof vocabulary of junior schoolchildren.
Резюме. В данной статье рассматриваются этапы развитие словарного запаса младших школьников
Ключевые слова: образование, образование в начальном школе, преподавания казахского языка, словарный подход.
Keywords: education, primary school education, Kazakh language teaching, vocabulary approach.

Among the vocabulary of elementary school students and their thinking, speech abilities, several studies have been conducted. Then, at present, there are a number of differences in the classification of the stages of development of the vocabulary of a child. in our article we revealed the stages of the development of the child's language, considering the peculiarities of the development of the vocabulary of Kazakh children.

In psychological science, consideration has been given to speech that studies language as the action of a language. Without language, there is no speech, and language cannot cover its needs without a speech phenomenon. about it. L. Rubinstein wrote: "Speech is the activity of communication — expression, influence, communication — through language; speech is the language in action. More precisely, speech is a form of consciousness (thoughts, feelings, experiences) for another, which serves as a means of communicating with him, and a form of generalized reflection of reality or a form of existence of thinking " [S. L. Rubinshtein, 1999, 382 p]. Therefore, in order for the language to exist, it is necessary to use it in the speech process. Based on the persons involved in the speech process [V. A. Petrovskiy, T. M. Yaroshevskiy, 2000, 36 p].

Psychologists understand the word as a phenomenon that represents life in reality, consisting of one word and meaning: "Words are a specific unity of sensory and semantic content. Every word has a semantic - semantic content that makes up its meaning." [A. R. Luriya. ,1979, 382 p]. Given these properties of the word, the phrase in the dictionary is recognized only in the process of speech, it is clear that it can perform its functions.

Бұл тақырып өзегіне қазіргі тәрбие жұмысының маңызды сипаттамалары (педагогикалық шарттылық) мен білім беру жүйесін реформалаудың салдары, себептері негіз болып отыр. Қоғамдық тәрбиенің өткен жолдарына назар аударсақ, оның қоғам мүшелерінің әлеуметтік белсенділігі мен физикалық және ақыл-ой қызметтерінің үйлесімділігін жасап, олардағы қоғамдық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуға деген мүдделігі қашанда маңыздылығымен алға шығып отырған. Өйткені, қоғамның басты мақсаты, өзінің мұратына сай адам тәрбиелеу. Осындай объективті құбылыс кеңестер үкіметі дәуірінде әр түрлі типтегі балалардың тәрбие мекемелерін дүниеге әкелген болатын. Олар атқаратын функциялары мен іс-әрекеттеріне байланысты әртүрлі, яғни мемлекеттік және әлеуметтік тәрбие ошақтары, ынта-ықылас қызығушылыққа байланысты әуесқой мекемелер деп аталатын. Олардың қайсы бір түрі болмасын жеткіншектердің шығармашылық тұлғасын тиімді тәрбиелеудің маңызды факторлары болып саналды. Олардың жұмысы жеке тұлға дамуының нақты тарихи бағдарламасының басымдықтағы бір саласы ретінде, тәрбие нәтижелігінің алғышартын жасап отырды. Бұл жағдай қазір де сол маңыздылығын жойған жоқ: Сондықтан да тәрбие жұмысының үнемі қадағалауға алынып, формалық, мазмұндық түрлік жағынан толығып, өзгеріп, қоғамдық ортамен өзара ықпалдастықта дамуы табиғи заңдылық.

Тәрбиенің өткен жолдарына назар аударсақ, оны жеке адамға қатысты алып қарағанда жасөспірімдердің әртүрлі, оның ішіне рухани-этикалық, эстетикалық, өмірлік тәжірибелерді меңгеру сұраныстарын қанағаттандырудың бірден бір амалы болғаны аңғарылады. Ондай болу қазір де шарттылық. Ал қоғамдық өмір ұстанымынан (позициясынан) алып қарағанда тәрбие жұмысы:

- біріншіден, қоғамдық қақтығысты болдырмаудың;
- екіншіден, жалпы қоғам мүшелері және ұлттар арасындағы ынтымақты сақтаудың және нығайтудың;
- үшіншіден, ұрпақтар сабақтастығы мен (үлкендер кішілерді өмірге бейімдейді, солай жалғаса береді) ықпалдастығын жасаудың;
- төртіншіден, қарым-қатынас түрлерін жасау мен үрдіске асырудың;
- бесіншіден, кез-келген сұраныстарды қанағаттандырудың құралы.

Қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда тәрбие жұмысы қоғамдағы тұрақтардырудың аса маңызды құралы.

Енді тәрбие жұмысының меншік формасының өзгерісіне, білім беру саласындағы реформалау жағдайындағы бүгінгі күйі мен оны жетілдіру мәселесі қалай?Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеген тәрбие ошақтары жекешелендірілді. Сөйтіп, тәрбиелік жұмыс түрлері

ақылы бағдарламалы жұмыс формасына ауысып кетті [Омар Е.О., 2004, 28].Тәрбиедегі ақылы бағдарламалардың өсе түсуі, тәрбие жұмысының қалыптасқан мән-мағыналық арналуын, оның мазмұнын, жалпы рухани құндылығын өзгеріске ұшыратты. Тәрбие жұмысының ерекше маңызды сипаттылығы бірте-бірте құнсызданып кетті. Нарық қатынасына көшу, ауыл-село жастары өмірінің әлеуметтік-рухани инфрақұрылымының қызметін толықтай тежеді. Қоғамдық және жеке рухани өмір талаптаудың құрылымдық жағдайы беймәлім күйге түсті. Жасөспірімдер үшін қоғамдықта, жеке даралықта тәрбие ықпалының дамымаған құрылымдық жағдайының беймәлім болып тұрған жағдайында тәрбие жұмысы саласын тиімді реформалауда психологиялық тұрғыдан дайындықтың болуы мүмкін емес еді. Педагогика ғылымы да реформаға дайын болған жоқ. Ондағы тәрбие мазмұны ескі ғылыми атеизмнің материалистік дүниетанымына сүйенді. Яғни, тәрбие жұмысын нарықтық жағдайға бейімдеуге педагогика ғылымы да, мамандар да, мемлекет те дайын болмады. Тарихи тәжірибелер негізінде кеңес дәуірінде қалыптасқан тәрбиелік іс-шараларға деген шектеудің түсуі, жас жеткіншектер құлықтылығында рационалды емес психологиялық типтердің қалыптасуына ықпал етті. Елдің, қоғам мүшелерінің әлеуметтік жікке бөлінуі, түптеп келгенде әлеуметтік араздық туғыза бастады. Материалдық игілік иелері өндіріс т.б. қожайын балалары қамтылған тәлім-тәрбие ошақтары жалпыға қол жетімді болмағандықтан басым көпшілікті жасөспірімдер стихиялы көше ықпалына түсіп кетті. Ал, ақылы бағдарлы жұмыс формасындағы балаларға жасалатын ықпалдың әлеуметтік-рухани, көркемдік-мәдени адрестіліктің бар жоғы қадағалаудан тыс болды. Белгілі болған жағдай ақылы қызметті балалар мекемелеріндегі ықпал мазмұны жалпы адамзаттық бағалауға ие болмай жатты [Сборник: 2013,18]. Міне, осындай жағдай ұрпақ тәрбие жұмысының қайтадан құрылуын талапқа қойды. Жаңа жағдайға лайықты бағытталған тәрбие факторларының тиімділігін жетілдірудің, басқарудың жаңа үлгісін іздестірудің маңыздылығын арттырып, жаңаны табуды қажеттілікке қойды. Тәрбие беру қызметінің табысты болуы оның ішкі жағдайына ғана емес, сыртқы әсерге де байланыстылығы есепке алынды. Яғни, жұмыс жемістілігі саланың сыртқы: экономиялық, әлеуметтік, саяси, ұлттық, т.б. ортаға қаншалықты сәтті қосылу қатыстылығы шамасына байланысты болатындылығы тәрбие жұмысының нәтижелігі оның қаншалықты сыртқы орта мүмкіндігінің тиімді пайдалануына байланыстылығы белгілі болып қалды. Ал жеке меншік мектептер мен мектептен тыс мекемелердегі тәлім тәрбие жұмысының нәтижелігін реттеу тиімділігінің негізгі өлшем бірлігі, көрсеткіші сыртқы мүмкіндіктен болатын қаржылық қолдау болып тұр.

Кезінде мемлекет өзінің органдарымен тәрбие саясатының бірден-бір жалғыз субъектісі болса, елдегі жағдайда тәлім-тәрбие саясатының басқа да субъектілері пайда болуда. Яғни, өзінің мүмкіндігіне қарай материалдық ресурстар т.б. мүмкіндігіне сай тәрбие жағдайында тұтастай алғанда бағамдайтын және оған өзінің ықпалын жасай алатын, әр түрлі одақтар мен қорлар, жекеленген білім, өнер, ғылым қайраткерлері мен кәсіпкерлер т.с.с. тәрбие саясатының субъектісі болып та жатар. Әрбір тәрбие саясаты субъектісі өздерінің құқықтық нормативтік заңын материалдық-техникалық база қорын жасау т.с.с. механизмдерін өздері жасауға құқылы.

Қалыптасқан жағдай тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ортақ ұстаным нормативінің болу мүмкіндігін көрсете алмайтынын аңғартуда, яғни қарама-қайшылық бар. Қайшылықтар бар жерде тәрбие беру саласында әлеуметтік теңдік пен әділеттілік орын алмайды. Мұндай жағдайдан арылу үшін төмендегідей шараларды қатаң жүргізудің қажеттілігі:

- біріншіден: қоғамдық ойлаудың өзін өзі ақтамай тұрған стереотиптерінен;

- тәрбие жұмыстарын ізгілендіру, яғни оның функциясына тән емес табиғаттан туалай бас тарту;

- екіншіден: жалпы адамзаттық ізгілікті және ұлттық тәрбие формаларын өміршең ету;

- үшіншіден: әлеуметтік ажыратылым болған соң, ажыратылым белгілеріне қарай ажыратылым мәдениет түрлері шығады, одан ажыратылымды тәрбие түрлері де шығады деген пікірді жою;

- төртіншіден, әлемдік өркениет және отандық өркениет жетістіктеріне балалар мен жасөспірімдерді қатыстырудың ашық қоғамдық-мемлекеттік жүйесін қайта бағдарлау талаптары жүзеге асыруды керектеп отыр.

Қазіргі шындық жағдайында білім беру мекемелері мен қосымша білім беру ұйымдары (ҚББҰ) жұмысын реформалаудың (қайта құрудың) әдістемелік ұйымдастырылуын қамтамасыз етудің, психологиялық, педагогикалық, құқықтық, материалдық жүйесінің негізделуін қайта қарауда керек. Өйткені, барлық балалар мен жасөспірімдердің рухани құндылықтарына кең ауқымдағы қол жетімдік мүмкіндіктерін іске асыру тең жағдайда емес. Тәрбие мекемелерін коммерциализациядан сақтаудың мемлекеттік кепілдігін нығайту керек болуда [Омар Е.О., 2014]. Әлеуметтік әділеттілік принципін дамыту аса сұраныста. Тәрбие ықпал объектілерін рационалды пайдалану туралы қоғамдық бастамалар мен қозғалыстарды ынталандыру да қажет. Қосымша білім беру ұйымдарын қайта профильдендіру үрдісін жандандыру, оларды қаржыландыруды қалдық принциптен сақтау керек.

Барлық тәрбиелік іс-шараларды ақылы түрге ауыстыру, қызмет көрсету бағаларының шарық-

тауы тәрбие беру жұмысының хал ахуалына теріс ықпалын жасауда.

- Аймақ, облыс, елді мекен ерекшеліктері ескерілетін тәрбие беру бағдарындағы басымдықтағы бағыттың болу табиғи шарттылығын сақтау ескерілмеуде.

- Тәрбиедегі масылдық психологиядан арылу баяу. Жоғарыдан түсетін нұсқау, бұйрық негізінде ғана жұмыс жүргізу бейімділігін ұстану әдеті басым. Сондай-ақ қаржылық тапшылығы шешімін тапқан жоқ. Ендеше ол да қолға тұсау. Осындай мәселелердің шешімі мынадай нақты шараларға:

- Тәрбие беру қызметін дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген тұғырнаманы таяу (қысқа), ұзақ мерзімділік етіп қалыптастыруға;

- Регламентті және қол бос уақытта өткізілетін дәстүрлі тәрбиелік іс-шараларға және жаңа қызмет формаларына қолдау көрсетілген жағдайлардың үздіксіз жасалуына;

- Рухани, мәдени даму бағдарламасы мен жобаларының альтернативті тұғырнамаларын қарастырудың қамтамасыз етілуіне (бәйге, байқау жариялау);

- Аймақ т.б. аралық тәрбиелік мәдени байланыс жоспарларының үзіліссіз (тұрақты) түзіліп, мектеп аралық қарым-қатынас орныққан жүйенің жасару мүмкіндіктері қарастырылып, мемлекеттік деңгейде жүргізілуіне тәуелділігін танытып отыр.

Қоғамдық өмірдегі өзгерістердің тәрбие жұмысы сипаттарына өзгеріс әкелері табиғи құбылыс.

Құбылыстарға сай тәрбие жұмысының ерекшелігін даралайтын:

- Қызметтің гуманды жаратылысы;

- Іс-әрекеттер мен мазмұндық қасиеті;

- Жас ерекшелігіне, даму жағдайына, т.б. даму белгілерге қарай өзара ықпалдасты қарым – қатынасқа құрылатын тәрбие формаларын ұйымдастыру сияқты қабілеттіліктердің нақтыланып отыруы шарт.

- Тәрбие жұмысында атқарылатын кейбір міндеттердің сыңарлары балалардың қоршаған орта шындығын, қоғамдық т.б. қатынастарды белсенді түрде меңгеру үрдісінде бастау алатын жағдайы бар. Осы бастамалар тәрбие қызметінде мақсаткерлікке айналып отырса, онда балалардағы ынталық артады. Осындай көзқарастар ғана тәрбие бағдарын нақтылап отыруды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Омар Е.О. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмысының негізі. Оқу құрлы: - Түркістан 2004. Б.28-44.
2. Креативная педагогика. Сборник: -Алматы 2013. С18-19.
3. Омар Е.О. Мәдени тыныңу жұмысының теориясы. Оқу құралы: -Алматы: - Эверо 2014.

ОМАР ЕСЕНӘЛІ ОМАРҰЫЛЫ
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

ЕЛТАЕВ АБДИМАЛИК ЖАЙЫЛМЫСОВИЧ
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ФОРМАЛАРЫ КЫЗМЕТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛІМІ

Түйін. Мақалада көпфункционалды білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының типологиясы қарастырылған.

Түйінді сөздер: тәрбие жұмысының технологиясы, тәрбие жұмысының формалары, қоғамдық сана, көп функциялы білім беру мекемелері.

Резюме. В статье рассматриваются типологии форм воспитательной работы в образовательных многофункциональных учреждениях.

Ключевые слова: технология воспитательной работы, формы воспитательной работы, общественное сознание, многофункциональные образовательные учреждения.

Summary. In the article examined to the typology of forms of educator work in educational multifunction establishments.

Key words: technology of educator work, form of educator work, technology of educator work, form of educator work, public consciousness, multifunction educational establishments.

Әртүрлі ұжымдарды мақсатты басқарумен, ұжымдық өзін-өзі басқарудың тіркесімін жасау мәдени-тынығу қызметі технологиясы тіршілігінің маңызды педагогикалық шарты болып есептеледі. Осы жерде жалпы «технология» терминінің қандай ұғымды білдіретіні жөнінде түсінік бере кету қажет болып отыр.

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының лексиконында «технология» ұғымы терең тамыр жайды. Алайда, осы ұғымды түсінуде және оны лайықты пайдалануда біркелкі амал жоқ, яғни әртүрлі мағынада дараланады. Бір ұғымның әртүрлі көзқараста түсінілуі мамандар арасында бірін-бірі бір мәселені пара-пар (адекватты) жағдайда түсінуінде қарама-қайшылықтарға ұшырап жататын жағдайларға апарады. Бұлай болудың басты себебі, түсініктер мазмұнының көпшілікке, тіпті кейбір мамандарға да әлі түсініксіз, яғни дүдәмал болып жатқандығында. Сондықтан да түсінік айқындығы керек.

Технология – tehne - өнер, кәсіп (қолөнер), шеберлік, logos- ілім деген мағына түсінігін білдіретін грек сөзі.

Енді қызмет сипатына байланысты, яғни қолдану жағдайына қарай шет ел сөздерінің қысқаша сөздігінде «технологияны» өндірістік үрдісті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы деген мағынада түсіндіреді. Ал педагогикалық бағыттылықтағы іс-әрекеттерге қатысты технология ұғымы – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, саймандық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіретін мағынадағы сөз болып табылады.

Технология туралы түсініктеме беруде оны тәрбиеші мен тәрбиеленушіге бірдей қолайлы жағдай тудырушы іс-әрекет үрдісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі деп көрсету де бар.

Кейбір ғалымдар, айталық Ресей оқымыстысы Б.П.Беспалько педагогикалық технологияны – тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйе деп түсіндіреді[*Беспалько Б.П., 2012*].

Ал жүйе дегеніміз – белгілі бір тұтастық пен бірлікті жасауда өзара тығыз байланысты болатын элементтер жиынтығы деп түсінген дұрыс. Ендеше, педагогикалық жүйені белгілі бір қабілеті бар жеке тұлғаны қалыпастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға, жасауға қажетті құралдар, әдістер мен тәсілдердің, жұмыс мазмұнының, қағидалардың өзара байланысқан бірлігі деп түсінгеніміз дұрыс болады екен.

Сонда, тәрбие қызметінің технологиясы қазіргі таңда бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру талабына сәйкес анықталған іс-шаралар мен іріктелген, реттелген мазмұн, форма, әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдаланудың педагогикалық амалдар жиынтығы болып табылады.

Тәрбие жұмысы технологиясы білім беру мекемелері іс-шараларында пайдаланылатын қажетті әдіс, тәсіл, құралдар, іс-шаралар түрін таңдау еріктілігі, нұсқаусыз бос уақытты тиімді пайдалану қызмет түрлерімен органикалық байланыстылықта болу қажеттілігі сияқты психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланатын амалдар жиынты-

ғы[*Сарбасова К.А., 2012*].

Бір технологияның әртүрлі деңгейде жүзеге асырылуы мамандар мен ынталылар, белсенділер құрамының шеберлігіне байланысты болатын жайт.

Тәрбие қызметін ұйымдастыру формаларына қарай ұжымдық, топтық, даралық, яғни жеке әрекеттер технологиясы болып бөлінуі табиғи жағдай.

Технология жіктелімі іс-әрекеттердің ұйымдастыру ерекшелігі мен мазмұн-мақсат, оны жүзеге асырудың қамтамасыз етілу жағдайын топшылауға қарай жасалады. Айталық, тәрбие жұмысының топтық формасының технологиясын төмендегі мәселелердің топшылануына (алдағына болжап білуге):

-ынтызарлар үйірмелері бірлестіктер мен көркемөнерпаздар ұжымдары қызметін дайындау мен өткізуде өнерпаздық бастаманы дамытуға;

- ынтызарлар үйірмелері, көркемөнерпаздар ұжымы,т.б. әуесқой бірлестіктер қызметтерінің аймақ, аудан, қала т.б. мекен –жайдағы білім беру мекемелері қазыметтерімен байланысының қамтамасызданuына;

- тәрбие жұмысы бағдарламаларын дайындау мен жүргізуге қатысатын белсенділер қатарының нақты анықталуына;

-атқарылған тәлім-тәрбие жұмыстарына жүргізілетін жүйелі және терең талдауларға қарап ажыратуға болады.

Білім беру мекемелеріндегі жұмыстың топтық тәлім-тәрбиелік формасы қолды іс-әрекет түрлеріне негізделеді және ол оның басты себеп-сылтауы болып табылады. Өйткені, себеп-сылтау ғана іс-әрекеттің нақты қолдысына бағыттама жасайды және мағынасын береді. Себеп-сылтау негізінде әрбір баланың өмірлік ұстанымы байқалады. Әрбір жеке тұлғаға қандай да бір болмасын топқа, бірлікке араласар алдында белгілі бір мақсат болады. Қарым-қатынас барысында кейбір мәселелерге байланысты басқалай ой-пікір, көзқарастар қалыптаса бастайды. Көпшіліктің ықпалы арқылы көзқараста белгілі бір бағыттылыққа қарай түзету жүзеге асады. Осылайша адам мінез-құлқы мен тұлғалық болмысында өзгеріс жасалады. Дегенмен, мұндай сапалық өзгерістің болуы таяу, жақын аралықта емес, жүйелі ұзақ жүргізілетін әсер нәтижесінде, қоршаған және әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасау, үнемі жаңа ақпараттық ағымдар ықпалында болу жағдайында ғана жүзеге асады. Осылайша қарым-қатынас, яғни басқа субъектіні танып-білуге және онымен өзара әрекеттестікке бағытталған қажеттіліктерді іске асыру барысында жекеленген ой-пікірден топтық ой-пікір, топтық сана қалыптасады. Мұндай жағдайдан адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі қайта жасауға бағытталған шығармашылық белсенділігін іске асыруға қол жеткізіледі.

Ескере кететін жағдай, ұсақ орта (топ) балалар ұжымының қалыптасуы регламентпен ортақ әуестенушілік, сұраныс қанағаттанымы негізіне немесе әуесқойлық, әлеуметтік-демографиялық тәнділіктің тарту әсеріне ғана байланысты емес. Ол тәрбие тәжірибиелерін меңгеру қызметіне қамтылатын балалардың сандық көрсеткішіне, ұлттық құрамына, олардың әлеуметтік-мәдени, тұрмыс-салт, өмір сүру ерекшеліктеріне де байланысты. Топтық жұмыс аудиториясын қалыптастыру әрбір баланың ұлттық табиғатына, ұлттық таным-психологиясына, экономикалық, мәдени-тұрмыстық дамуы мен қалыптасу ерекшелігі мен деңгейлеріне сай бейімдік, ыңғайластық қағидасын дұрыс іске асыруға көп тәуелді. Тарихи тәжірибелерге сүйенсек, осындай амал жасау тәрбиеленушілер тарапынан қолдау тауып, іс-шаралар пәрменіне негіз салған. Тәрбие жұмысының топтық формасын ұйымдастыруда әлеуметтік әділеттілік пен ұлттық сана мен талап қажеттіліктерімен санасу қағидасын басшылыққа алып отыру ұлтаралық келісім, татулық базасын нығайта түсудің үлкен кепілі. Сондай-ақ, тәрбие қызыметі субъектілерінің, балалардың әлеуметтік-демографиялық, отбасылық тәнділік, ұлттық т.б. факторларды есепке алып санасуы, жұмыс мазмұнынына өзгеріс енгізіп, өзара қарым-қатынас сипаты ахуалдына түзетулер жасауға табиғи алғышарттылық жасайды.

Тәрбие жұмысының топтық формалары арасынан көркемөнер үйірмелер жұмысы өзіне молырақ назар аударады.

Демократизм, қоғамдық саналылық ынташылдық, балалардың барлық жіктелік ерекшеліктеріне арқа сүйеу сияқты заңдылықтар мен беталыстар тәнділігі көркемөнер шығармашылық үйірмелерін құру қызметтің жетілген ұйымдастыру-әдістемелік қағидалары арқылы біршама оңайға түседі, әрі басқаруды жеңілдетеді. Сонымен қатар көркемөнерпаздылық адам баласының ежелден келе жатқан өнерсүйгіштердің көркемдік қызмет түрі болып табылатындығынан оның тәрбиелік мүмкіндігі де мол. Тәрбие ықпалын жасауға көркемөнер ұжымының тиянақтылық сипатқа ие болуы да үлкен мүмкіндік жасайды. Көркемөнер ұжымындағы қызыметтің көркемдік - тәрбие, көркемдік- коммуникативті, көркемдік - ұйымдастырушылық түрлері пәрменділігімен дараланады[*Омар Е.О., 2016*].

Көркемөнерпаздық – қоғамның көркемдік мәдениет құрылымының формаларының бірі әрі жеке адамның өздігінен істеушілік сипатымен дараланатын көркемдік іс-әрекет үрдісі болғандықтан, көркемөнер ұжымы жұмысына мақсатты педагогикалық әсер жасайтын тәрбиелік мән ерекше тәнділігімен танылады. Сондықтан да көркемөнер ұжымындағы тәлім-тәрбие жұмыстары білім беру мекемелері қызмет түрлерінің барлығымен тығыз байланыстылықта жүреді әрі олардың барынша тиімділігін қамтамасыз ете

алады. Көркемөнердің ағарту, білім беру, тәрбиеде, қатысушылардың көркемдік-эстетикалық, дүниетанымдық саналығын дамытудағы, балаларды шығармашылыққа тартудағы үгіттік, насихаттық жұмыстары оның көпфункциональды құралдық ролімен дараландырады. Оның осындай мүмкіндігі арқасында әлеуметтік, шығармашылық, тәлім-тәрбиелік міндеттерін шешудегі байланыстылық өте күшті болады. Бұл жағдай өз кезегінде ұжымдағы психологиялық оң ахуалды қалыптастырып, әрбір баланың өзаралық адал жүректі қарым-қатынаста болуға деген құштарлығын ұштай береді.

Көркемөнерпаздар жүргізетін жұмыс әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда сыртқы және ұжымішілік деп мақсатқа сәйкес бөлінеді. Ұжымішілік жұмыс - ұжым мүшелері арасында жүргізілетіндіктен оған рухани-ұйымдастырушылық, шығармашылық, тәрбиелік етене сипат тән. Ұжымішілік жұмыс барысында әрбір ұжым мүшесі қоғамдағы болып жатқан әртүрлі өзгерістер сипатына сай өздерінің ішкі толғаныс, сезім-күйлерін, көзқарасын, оларға өзінің қатыстылығы мен лайықты орнын, тарихи оқиғаларға деген саналы қатыстылық пиғылдарын өздеріне түсінікті, суретті көркемөнер түрлері арқылы білдіреді. Сондықтан да көркемөнер ұжымы концерттерін айтулы мезгілдерде, әртүрлі мерекелерде, арнаулы байқаулар мен фестиваль күндерінде өткізудің үлкен мәні бар.

Қазіргі кезеңде дәстүрлі көркемөнер жанрлары қайтадан даму алуда. Әсіресе, ұлттық мәдениет түрлеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге ынтызарлықтың күшеюі фольклорлық өнер жолындағы қозғалысты дамытты. Әсіресе, музыкалық фольклорлық өнерпаздық белсенді даму жолына түсті. Зерттеушілердің пікірінше, музыкалық фольклор төрт дәрежеде даму алуда. Оларды топтап:

- этнографиялық фольклорлық ансамбльдер, сонымен қатар түпнұсқадағы, біртума фольклорды ғана ұсынатын ұжымдар;

- өнерпаздары фольклор тасымалдаушылары болып саналмайтын, тек репертуарлары түпнұсқадағы халық туындыларына құрылатын немесе шығармашылық жұмыстарында өңделген фольклорды пайдаланушы ұжымдар;

- халық ән-күйлері стильдерінде жазылған авторлар шығармашылығын және түрлендірілген фольклор туындыларын репертуарлары негізіне алған оқушылардың ән-би ансамбльдері т.б. ұжымдар деп атауға болады. Жалпы тиянақтылықтағы топтық ұжымның аралас-құралас аудиторияға қарағанда жасайтын ықпал деңгейінің аса жоғары екендігі тәжірибелерден белгілі.

Тәрбие жұмысының топтық формалары ықпалына түскендер (қатысушылар) өзін тәрбие немесе басқа түрлердегі ықпал объектісі ретінде сезінбейді. Себебі, мұндағы жұмыс негізіне балалардың (қатысушылардың) ортақ қызығушылық іске деген әуестігі алынатындықтан, әрбір топ мүшесі ортақ іс-шараның жәй ғана тұтынушысы емес, оларды жасаушы, тасымалдаушыда. Осындай ерекшеліктегі топтық жұмыс формасында мектептерде т.б білім беру мекемелерінде болып тұратын детерминдендірушілікке жол берілмейді. Ендеше, топтық жұмыс формасының ықпалдық әлеуеті айтарлықтай жоғары екендігі толық аңғарылдады. Бұл жағдай мектептік,сыныптық топтық жұмыс формасының жеке тұлғаны әлеуметтендіру талабына бірден – бір сайма-сайлығын көрсетеді.

Сыныптық топтық жұмыс формасының әлеуеттілігі ондағы жұмыстың өзін-өзі басқару жүйесіне құрылуынан да аңғарылады. Өзін-өзі басқару демократизм, азшылықтың көпшілікке бағыныштылығы, топ мүшелерінің барлығына арқа сүйеу, саналылық, сын, өзара сынның қанат жаюы, ынташылдықты қолдау сияқты заңдылықтарға негізделіп жүреді.

Соңғы уақыттарда мектеп оқушылары арасында сыныптық топтық жұмыс формасының «фольклорлық ойын» түрлерін пайдалану дәстүрге айналуда. Алайда, жұмыстың бұл түрлері эпизодтық сипатта ғана көрініс таппай, тұрақты аудиториялық мәнде ұйымдастырылуы басты назарға алынуы тиіс. Қазіргі кезде тәрбие жұмысының топтық формалары арасында «пікірталасты» дамыту қажеттілік танытуда. «Пікірталастың» түрлері көп. Олар: пікір алмасу, ойталқы, пікір сайыс, сөз талас т.с.с. Пікірталас оқушылардың (қатысушылардың) өзара ойталасы түрінде өтетін көпшілік талқысының бір түрі. Пікірталастың түпкі мақсаты қатысушылардың ақиқатқа көзін жеткізу үшін олардың шығармашылықпен өзбетінше ізденгіштік қабілеттерін ашуға мүмкіндік жасау болып табылады. Пікірталастың түрі – пікір алмасу (латынша discussion) зерттеу, талдау, талқылау деген мағынаны білдіретіндіктен, онда көтерілген мәселені талдап, дәйектілік негізіне қол жеткізіледі.

Ойталқы (латынша disputatio) – ой жүгірту, жарыс сөз, айтыс деген мағынаны білдіреді. Ойталқы негізінде ғылыми немесе қоғамды-саяси мәні бар мәселе төңірегінде көпшілік алдында өтетін сөз жарысы.

Пікір сайыс (грекше polemivos) – соғыс құмарлық, жаулық, дұшпандық деген мағынаны білдіретін сөз. Пікір сайыстың, ой талқы мен пікір алмасудан басты айырымашылығы, мұнда әрбір пікірсайысқа қатысушысы қарсыласын жеңіп шығып, өз пікірін ақиқатқа айналдырып, сенімге жетуді, яғни өзпікірін бекітуді мақсатқа қояды. Ал ойталқы, пікір алмасуда қарсыластар түптеп келгенде ортақ шешімге келеді.

Ой бөлісте – ой-пікірлер ортаға салынады, мұнда ортақ ой түсінушілік баяны жүзеге асады. Сондай-ақ, клубтық топ жұмыс формаларының қызықты түрінің біріне дәстүрлі «сұрақ-жауап кештерін» жатқызуға болады. Сұрақ-жауап кеш-

тері сыртқы, ішкі ағымдағы саясаттың, сәттердің өткір де алаң туғызар күрделі мәселелеріне жедел түрде түсінік беру, оған саналы көзқараспен қарау қажеттілігі туғанда өткізілетін оперативті жұмыс формасы.

Қазіргі кезде тәжірибелі педагог мамандар пікір алмасуды (ол негізінде мамандар арасында өткізілетін жұмыс түрі) әртүрлі көркемдік қызмет түрлерімен (фильмдерден үзінді, бейне көрілімдерді экрандау т.с.с.), әуесқой авторлардың орындаушылық нөмірлерімен т.б. музыкалық туындыларды орындау әдістерімен тіркесімде өткізуде үлкен бедел алуда.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі және жаңадан пайда болған топтық жұмыс формаларында материалдарды игілікке айналдыруда сан түрлі амалдар мен әсерлі құралдар пайдаланылуы қажет. Жұмыстың топтық формаларындай адам көңіл-күйі мен сезіміне күшті әсер жасайтын формалар кемде-кем. Адам көңіл-күйі шексіз: қуану, опыну, күйіну, таң қалу, жабырқау, масаттану т.б. сәттердің адам мінез-құлқы өзгеруіне ықпал жасап, қалыптан шығарады. Сондықтан да топтық жұмыс формасының дамытушылық ролі ерен. Оның адам аңсарлары мен еркіне күш беріп, өзін-өзі іске асыру ұмтылысына алғышарт жасау әлеуеті жұмыс мәнін айғақтай түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Беспалько Б.П. Педагогические проблемы управления воспитательной деятельности во внешкольных учреждениях. – М.: Изд. АПН, 2012.
2. Сарбасова К.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар. - Алматы: Атлас, 2012.
3. Омар Е.О. Көркемөнер шығармашылығы: Оқулық. – Алматы, 2016.



ОРАЗБАЕВА ФАУЗИЯ ШАМСИҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
«Латын» ғылыми-практикалық орталығының директоры
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЛАТЫН ӘЛІПБИЛІ ЖАЗУ: ПІКІРЛЕР МЕН ТҮЙІНДЕР

Түйін. Латынәліпбилі жазу - қоғамды жаңа белеске апаратын процесс. Сондықтан осы мәселе жайында қызу талқылаулар мен түрлі пікірлердің болуы заңды. Бұл бағыттағы ізденістер алаш арыстарының әліпби жөніндегі пікір-көзқарастарынан бастау алады. Алаш зиялыларының ойлары қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі ғылыми орта мен тілші-ғалымдар алдыңғы тәжірибелердің ұтымды тұстарын ала отырып, әліпбидің жаңа нұсқасын әзірлеуде. Мақалада латын әліпбиіне көшу жөніндегі Алаш арыстары мен қазіргі тілші-ғалымдардың әліпби туралы пікір-көзқарастары, ойлары, ұстанымдары жинақталып, талданады, басты мәселелер түйінделеді. Жазу реформасын жүзеге асыру барысында, ұлттық санамызды қайта жаңғырту жолында қандай болсын пікір-түйіндердің маңызы зор әрі қажет.

Түйінді сөздер: ұлт руханияты, латын графикасы, қазақ әліпбиі, тіл реформасы, фонологиялық жүйе, фонема, дыбыс, емле, ұлттық жазу, сауаттылық.

Резюме. Письмо на основании латинской графики – процесс, движущий общество к новым достижениям. Поэтому законно, что данная проблема вызывает разные дискуссии и толкования. Начало изучения было положено с воззрений интелегенции Алаш об алфавите, которые и по сей день имеют высокую степень актуальности. Сегодня исследуя продуктивный опыт предшественников, современная научная среда при участии лингвистов готовит новый вариант алфавита. В данной статье аккумулируются взгляды, мысли и принципы интелегенции Алаш в тесной гармонии с современными положениями и подводится итог основных проблем. В процессе реализации письменных реформ очень важно и необходимо возрождение национального сознания сквозь призму разных идей и созерцаний.

Ключевые слова: национальная духовность, латинская графика, казахский алфавит, фонологичная система, фонема, звук, орфография, нациоанльное письмо, грамотность

Summary. Writing on the basis of Latin graphics is a process that moves society to new achievements. Therefore, it is legitimate that this problem causes different discussions and interpretations. The study began with the views of the Alash intelligence about the alphabet, which now also has a high degree of relevance. Today the new version of the alphabet is preparing after exploring the productive experience of its predecessors with the participation of the modern scientific environment and linguists. This article accumulates the views, thoughts, and principles of the Alash intelligence in close harmony with modern positions and summarizes the main problems. In the process of implementing written reforms, it is very important and necessary to revive the national consciousness through the prism of different ideas and contemplations.

Keywords: national spirituality, Latin graphics, Kazakh alphabet, phonological system, phoneme, sound, spelling, national letter, literacy

Латын графикасын енгізу – ұлт руханиятының басты парадигмаларын өркениетке жеткізу мен гуманитарлық сапаның өрісін кеңейтудің алғышарты екені белгілі. Бүгінде латын графикасын 4,5 миллиардтан астам адам қолданады. Бұл процесті тек механикалық тұрғыдағы қаріп таңбалары емес, әлемдік өркениеттің құндылықтары мен ой-өрісі, мәдениеті деп қарағаң жөн.

Латын графикасына көшу жас ұрпақтың заман үрдісіне сай білімін дамытуға, жазу мәдениетін ұлттық санамен ұштастыруға, түркі тілдес халықтардың салт-дәстүр, әдебиет, өнер, руханият салаларын жақындастыруға ықпал етеді. Латынға негізделген тілдік коммуникация бірегей мәдени кеңістік аясында ынтымақтастық пен түсіністікте өмір сүруге жағдай жасайды. Сондықтан елімізде латынәліпбилі жазуға өту мәселесі бүкіл қоғамды толғандырып, көпшілік қауым тарапынан жан-жақты талқылануда. Бұл қазіргі қоғамның жазу сауатына бей-жай еместігін көрсетеді.

Қазір түркі тілдес елдердің басым бөлігі, оның ішінде көршілес Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан мемлекеттері латын графикасын қолданады. Олардың тәжірибесінің оң жағын да, кемшін тұстарын да ескере отырып, уақыт сұранысына орай тиімді жазу үлгісін ұсыну қажет екені анық. Оның сыртында қазақ жазуының басынан өткерген көптеген тарихи кезеңдерінің өзі бұл үдерістің күрделі де маңызды екенін көрсетеді.

Латын әліпбиіне көшу туралы әңгіме Қазақстанда 1923 жылдың аяғында Мәскеу, Орынбор, Ташкент тәрізді ірі қалаларда зиялы азаматтар мен сол жерлерде білім алып жүрген қазақ жастары тарапынан көтерілді. Бұл мәселенің көтерілуінің негізгі себебі, КСРО құрамындағы барлық түркі халықтарында латын жазуына өту жайы сөз

бола бастаған еді. Оғансол кездегі Кеңес Одағының жүргізіп отырған саясаты да әсер етті. Сондай-ақ бұл процеске өркениетті Еуропа елдерінің латын жазуын қолдануы, Түркияның латын әліпбиіне көшуі де себепші болды. Олар өз ойларын баспасөзде жариялап, араб жазулы қазақ әліпбиін ауыстыру жөнінде Қырғыз (қазақ) білімпаздарының 1924 жылы жазда болатын тұңғыш съезінде талқылауды ұсынды. Кейіннен еліміз араб әліпбиінен латын графикасына негізделген әліпбиге көшті. Өкінішке орай, Кеңес тұсындағы «әртүрлі саясатқа» байланысты бұл әліпбидің ғұмыры да ұзақ болмай, небәрі он бір жылдай ғана қолданыста болды.

Ұлттың бойында сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың бұлқынысы болған Алаш қозғалысы елдік идеялардың туын көтерді. Халық тағдырындағы әліпби, сауат ашу, ағартушылық білім сияқты мәселелер Алаш зиялыларының ерекше назарын аударып, талқылау барысында әр түрлі пікірлер туындады. Ақымет Байтұрсынұлы бастаған топ ескі араб жазуын ұсынса, Телжан Шонанұлы, Нәзір Төреқұлов бастаған топ латын графикасына өтуді қолдады. Қазақ-латын әліпбиін Н.Төреқұлов, Х.Досмұхамбетұлы, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов сынды ұлт зиялылары 1922 жылдан бастап ұсынған еді. Ресми бекіген 1929 жылғы әліпбиді Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І. Жансүгіруұлы, Ш. Тоқжігітұлы құрастырды.

Латын жазулы қазақ әліпбиінде барлығы 32 әріп болды [Кеңесбаев С., 1940, 50 б.]. Кезінде Латын әліпбиін қабылдауда қазақтың біртуар ұлдары Санжар Аспендияруұлы, Ораз Жандосұлы, Телжан Шонанұлдары аянбай еңбек етті.

Латынға көшу барысындажазуды оқыту ісіне лайықтап, сауат ашу оқулықтарын дайындап, оқыту мәселелеріне қызу араласқандардың бірі Т.Шонанұлы болды. Кезінде Телжан Шонанұлы латын әліпбиін насихаттап, оның болашағы зор екенін айтып, 1920 жылдарда латын әліпбиіне көшу жөнінде ұсыныс жасап, осы жолда еңбек етті.

Т.Шонанұлы бастауыш сыныптарға және ересектерге арнап әліппелер жазды. Ол жаңа алфавитке арналған бүкілодақтық комитеттің кезекті пленумында комитет мүшесі ретінде бұлтартпайтын деректер келтіріп хабарлама жасады. Сол алқа мәжілісінде ол профессорлар Қ.Жұбановпен, С. Аспандияровпен бірге академик А.Самойловичтің баяндамасына негізделген қаулықарарларды әзірлеу комиссиясына кірді.

Телжан Шонанұлы латынға қатысты «Латын әліппесін алуды неге тілейміз?», «Мәскеудегі қазақ студенттері латын әліппесі жайында не деген?», «Латын әліппесі туралы», «Латыншылдардың жаңа журналы», «Латыншылдардың толық жиылысы», «Жаңа әліпби жұмысы», «Қазақстанда латын әліппесінің жұмысы» секілді мақалалар жариялады. Мәселен, «Латын әліппесін алуды неге тілейміз?» атты мақаласында ғалым «*Латын әліппесін алса, қазақ тілі құриды, тіліміздің ұмытамыз деу жаңылыс ой, иа жаңылыс түсіндірушілердің ойы*» [Шонанұлы Т., 2017, 111б.] деген пікірін тарқата келіп, «Үмбет ұлы Мәжитке жауап»деген хатында жаңа әліпбиге қатысты ойын «*Әліппе жаңғыртуды екі жағынан қарау керек: негіз жағынан және іске асыру жағынан. Негіз жағынан дегеніміз: Осы күнгі тұтынып жүрген әліппеміз әліппе боларлық жарамды ма? Жоқ па? Жарамды болса артықшылығы қандай? Жарамсыз болса, кемшілігі нендей? Ол кемшілік жоюға келетүн бе? Жойылмастай болса, жарамды әліппе қайсы?*» деп тұжырымдайды [Шонанұлы Т., 2017, 117 б.]. Тілшінің бұл пікірі қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Шын мәнінде, ұлттық жазуды жүзеге асыратын, қолдануға жеңіл әрі ұтымды, «әліппе» деген атқа сай келетін, сауатты жазу емлесін іске асыратын графиканы бүгінде жасай алып отырмыз ба деген сұрақтар көпшілікті алаңдатуда.

«*Әліппе өзгерсе, тіл өзгереді деу дұрыс емес*» [Шонанұлы Т., 2017, 220 б.],-дейді Телжан Шонанұлы. Бүгінде халық арасында латынды қабылдасақ, оқый алмай қаламыз, жаза алмай қиналамыз, латынды түсінбейміз деген пікірлер кездесіп қалады. Қашанда жаңа нәрсеге бет бұру адамдарға психологиялық жағынанәсер ететіні анық. Өмірдегі өзгерістерге қарасақ, латыннегізді әліпбиілер арнайы шешімді күтпей-ақ қолданысқа етене еніп кетті. Оны көшедегі атаулар мен жарнамалардан, техникалық құралдардан, ақпараттарданкөріп отырмыз. Сондықтан уақыт талабына ілесе отырып, аталымдарды бірыңғай қалыпқа түсіру жазу нормасына тән қажеттілікті өтейді. Жалпы жазу үдерісінде емле ережелерінің негізгі заңдылықтары сақталатындықтан, әліпби өзгерсе де, дыбыстық жүйе өзгермей, графика тілге бейімделетіні белгілі.

Латын қарпінің қажеттілігі мен артықшылықтарын айтып,оныңтиімділігін түсіндіріп, дәлелдеген тұлғалардың бірі – Ораз Жандосов. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері латын графикасын енгізу үдерісін «жаңа әліпби қозғалысы» деп атап, бұл процесті тарихи маңызы бар әлеуметтік қажеттілік деп санайды. Ол:*«Жаңа әліпби қозғалысының ұрысы әбден кеңейіп келді. Жаңа әліпби сөзден іске көшті. Оның бүкіл жержүзіндік тарихи маңызы барлығы да анықталды. Бұл еріккеннен істеліп отырған іс емес, тарихи жағдай соны керек қылып отыр», - деген пікірін нақты деректермен талдайотырып:«- Жаңа латын алфавиті үшін қозғалыс дүниежүзілік тарихи маңызы бар фактіге айналды. Жаңа алфавитке көшу тарихи саналы түрдегі қажеттілік»* [Нұрымбетова Г., 2013, 111 б.] деп, латын графикасының әлем сахнасындағы рөлі мен тарихи маңызын «саналы түрдегі қажеттілік» деп бағалады. Мұны бүгінгі күні қазақ әліпбиін латын графикасына ауыстыру процесі дәлелдеу-

де. Шын мәнінде, «тарихи жағдай соны керек қылып отырғанын» қазіргі уақыт сұранысы көрсетіп отыр.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде латын мәселесі кең көлемде талқыланды. Бұл жиында латын әліпбиіне көшуге ұсыныс жасағанбелгілі алаш қайраткеріНәзірТөрекұловсөйлеген сөзінде:*«-Біз латын әліпбиін қазаққа күштеп алдырғалы отырғанымыз жоқ. Латын әрпі үйрену, жазуға тым пайдалы әрі жеңіл. Түрік әрпінің біреуі төрт түрлі, латындікі бір ғана түрлі»*[Майлықұтова М., 2007, 14 б.] деп, араб таңбаларына қарағанда латын әліпбиінің баспа ісіне, бала оқытуға оңтайлы екеніне мән береді.

Белгілі қоғам қайраткері, журналист Әбдірахман Байділдин «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Біздің жобамыз» атты мақаласында Мәскеуде қызметте және оқуда жүрген қазақ жастарының латыншылдар ұйымын ашқанын айта келіп, күн тәртібіне бұл мәселенің қойылу себебін былай түсіндіреді*: «Елді сауаттандыру керек. Бұл ігі істі тездетуге араб әрпі жарамсыз, тез хат танытып, тез жаздыруға қолайсыз. Оның баспа ісіне де кедергілері көп», - дей келіп, - «Осы жүйрік көліктерге мінуден қорықпайық, болашағы зор, көптің құралы латын әріптерін үйреніп, мәдениетті жұрттармен тез жақындасудың жолына түсейік. Бұл жол - адастырмай, азаттыққа апаратын төте, дұрыс жол»* [Майлықұтова М., 2007, 15 б.], - дейді.

Көріп отырғанымыздай, жазу әліпбиі қай кезде де басты мәселе ретінде зиялы қауымның ойы мен дәйекті пікір-көзқарасын қажет етті. Міне, қазір де олбүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр. Осыдан бір ғасыр бұрын әліпби туралы қандай ойталқылар болса,бүгін де бұл мәселе күн тәртібінде тұр.

Жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарында латын әліпбиіне көшу жайлы өзекті мәселені тілтаным ғылымының аса көрнекті өкілі, қайраткер-ғалым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Президенті академик Әбдуәли Қайдар қозғады. Латын графикасы ғалымның 1991 жылдың 24 қаңтарында «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласында нақтысөз болды.

Латын жазуына байланысты дәйекті пікірлер мен ұсыныстар ғұлама ғалым тарапынан бірнеше рет айтылды. 1993 жылы түркі халықтары бас қосқан жиынға қатынасқан ғалым бұл мәселенің халықаралық деңгейде көтерілгенін атап айтады. Ол туралы ғалымның өз сөзімен айтсақ, дәлеліміз нақты болар: «1993 жылдың тамыз айында Түркияның астанасы – Анкара қаласында латын жазуына байланысты дербес 6 түркі мемлекеті (Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан) өкілдері бас қосқан үлкен мәжіліс өткізілді. Қазақстаннан барған үш өкілдің бірі болып мен де қатынасқан едім. Түркиялықтардың бастамасымен ұйымдастырылған осы мәжілісте әрбір түркі тілінің өз ерекшеліктеріне сай болашақ ортақ жазудың 34 әріптен тұратын әліпбиін кең талқылап, келісе отырып қабылдаған болатынбыз. Бұл жоба бір жылдан кейін, 1994 жылы тамызда, Түркияның Анталия қаласында өткен жержүзілік түркологиялық құрылтайда бірауыздан қабылданған еді» [Қайдаров Ә., 1995, 5б.], - деп, академик Ә. Қайдар латынәліпбилі жазуды бүкіл түркі жұртшылығы бірігіп халықаралық байланыс үшін қажет етіп отырғанын баса айтады.Жазу мәселесінің ұлт болашағы мен елдікті сақтау жолындағы басты факторлардың бірі екенін осы жиындардәлелдеді.Ортақ мақсат пен ұлтмүддесі біріктірген түркі халықтары сауаттылық пен білім жүйесін дамытуда интеграциялық бірегейлікті қалады.

Академик: *«Түркі халықтарының мәдениеті бұл - біртұтас дүние. Осы ортақ қазынаны сақтап қалу үшін әрі бір-бірімен байланысты дамыту үшін бір ортақ жазу қажет»*[Қажыбек Е.]деп, жазудағы тілдік бірліктердің түркі халықтарының болашақ тағдырына қатысты екеніне, рухани ынтымақты сақтап қалу жолында жалпытүркілік әліпбиді қолданудың ұтымды екеніне назар аударады.

Түркі тілдес бірегейлік пен жазудағы бірегейліктің қоғамдық-әлеуметтік маңызын атап өте келіп, қайраткер-ғалым кирилл жазуын енгізуге байланысты сыртқы және ішкі факторларды ашып айтады: «Бүгінгі түркі халықтары қолданып жүрген кирилл жазуында айырмашылықтар өте көп. Себебі, кезінде бұл жазудың біздерге тек қаріптік белгілері, таңбалануы ғана ұсынылды. Ал, әр халық өзінің тілдік ерекшеліктеріне сәйкес кейбір әріптердің варианттарын өздері жасап алды. Соның нәтижесінде дүние жүзі түркі қауымдастығын былай қойғанда, бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түркі халықтары мен ұлыстардың өзі басын біріктіре алмады. Керісінше, олар бірінің жазғанын екіншісі еркін оқып түсіне алмайтындай жағдайға келіп, жазу арқылы өзара жақындасудың орнына, жырақтай түсті. Сөйтіп, сыртқы күштердің о баста көздеген түркілердің бастарын біріктірмеу жоспары өз миссиясын толығымен орындап шықты.

...қазақ жазуының әліпбиін өзгертудегі мәселе туған тіліміздің табиғи ерекшеліктерін (мәселен, дыбыс құрамын, буын жүйесін, риторикасын, орфография және орфоэпия жүйесін) сақтау қажеттілігінде болып отыр»[Қайдаров Ә., 2013]. Ғалымның пікірінше, әліпби ауыстырудағы ең басты мәселе - ана тіліміздің сыртқы және ішкі себептерге байланысты жоғалтып алған, не жоғалтуға жақын ұлттық, төл табиғатын қалпына келтіру, қайта жаңғырту және табиғи ерекшеліктерін сақтау.

Латын әліпбиінің мәні мен құрамын талдай келеакадемик Ә. Қайдарөз ойын: «*Кириллица қазақ тілінің барлық ерекшеліктерін көрсете*

алмайды. Латын жазуы мұны көрсете алады. Өйткені латын жазуы - фонетикалық жазу. Бізге ең қолайлысы жазуымыздың сауатты болуына латын жазуы негіз бола алады. Компьютердің дамуының өзі латын қарпіне тәуелді» [Қайдаров Ә., 1996] деп түйеді. Жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарында айтылған бұл көзқарастың дұрыс әрі нақты екенін қазіргі фонетист ғалымдардың дыбыс, таңба, әліпби турасында айтқан пікірлер тоғысынан анық аңғаруға болады. Қазіргі әліпби түзу барысында мамандар үнемдеп жазуда да, төл ережеге сай дауысты дыбыстарды сақтап жазуда да қазақ тілінің дыбыстық жүйесін бірінші орынға қояды. Ғалымдар тарапынан мұндай ортақ тұжырымның болуы түбінде мәселенің оң шешілуіне ықпал етуі тиіс.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кейінгіпрезиденті, академик Өмірзақ Айтбаевлатын әліпбиін «төлтума руханиқасиеттерімізді айшықтайтын ұлттық жоба» деп есептейді. Атақты ғалымның: *«Тіліміздің, рухымызды көтеретін - латын қарпі. Латынның жөні бөлек...Латын біздің халқымыздың рухын көтеруге, өзінің ұлттық менталитетін сақтауға және түркі тектес туған халықтармен ғылым, білім, ілімде, тіпті барлық салада бірлесе, ынтымақтасып қимылдауға, тізе қосып бірге жұмыс істеуге таптырмайтын бірден-бір құрал деп білемін»*[Айтбаев Ө., 2006]деген пікірі латынграфикалы жазудың әлеуметтік рөлінің маңызын көрсетеді.

Сондай-ақ академик-тілші Ө. Айтбаев: «Егемен ел болу үшін, оның егемен тілі болу керек. Егемен тілі болуы үшін, оның егемен жазуы болуы керек.

Еліміз егемен елдіктің басты шарттарының бәрін орындады. Қазіргі жетпей тұрғаны – жазу (әліпби) егемендігі» [Айтбаев Ө., 2017] деп, Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық әліпбиінің дербес, төз жазу болу керектігін айырықша атап өтеді.

Латын графикасын қабылдау тек әліпбиді ғана өзгертіп қоймайды, жазу емлесі мен орфографиялық нормаларды да қалпына келтіреді,-жазылым мен айтылымның арасындағы қайшылықтарды түзейді. Жаңа әліпби қазақ тілі ережелерін сұрыптап, сараптап, талдап, жазу жүйесіне бейімдеуді қажет етеді. Әліпбидің тілге сай болуы емленің дұрыс жасалуына байланысты. Өйткені емле ережелері дұрыс, қажет, сауатты баптарды толық қамтыса ғана жазу нормасы түзеледі. Ереже мен норма қалыпқа келгеннен тіл қиындамайды, керісінше халық қабылдауына оңай болады, ретке келеді. Осыған қатысты қазақ тілі анықтағыштарының түзілуіне өлшеусіз көп еңбек сіңірген қайраткер-ғалым, тіл білімінің аса көрнекті өкілі, профессор, филология ғылымдарының докторы, академик Рәбиға Сыздық:*«Әліпби әйтеуір қабылданады. Бірақ, оның ең қиыны - емле ережелерінің түзілуі. Ең негізгі принцип - қабылданатын әліпби ең алдымен соны пайдаланатын халықтың мүддесінен шыға білуі керек»* [Сыздық Р., 2018] деп, емле ережелерін түзуде мұқият болуды қалайды.

Осы жайындакөрнекті фонетист ғалым**,** филология ғылымдарының докторы, профессорӘлімхан Жүнісбек: *«Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені - дыбыс, әліпби және еміле-ережені - бірдей қамтиды: дыбыс - өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпатты-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже - дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғы шарты және ең төте жолы болып табылады» [Жүнісбек Ә., 2020]* деп, жазу реформасы халықтың тіл генетикасын сақтаудың басты факторы екенінайтады. Ғалым жазудағы фонетикалық бірліктер мен емлелік категориялардың бірлестігін тіл мен ұлт қажеттілігін қатар өтейтін маңызды факторлар деп есептейді.

Қазақ тіл білімініңкөрнекті өкілі филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәли қазақ тіліндегі мағына ажырататын дыбыстардың мәні мен қызметін жазылымның басты критерийлерінің бірі дей келіп,жазу үдерісіндегі дыбыс саны мен әріп санының сәйкес келуі тілдің төл өлшемдері болатынына басты көңіл аударады. Ғалымның: «Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 28 (9 дауысты, 19 дауыссыз) бола тұра әліпбидегі әріп санының 42 болуы ешбір лингвистикалық өлшемге сыймайды. Әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге жуық асып кеткен. Бұл – әліпбидің оңтайлы, тиімді екенін көрсететін лингвистикалық критериймен мүлде үйлеспейді. Әліпбидің тиімділігін бағалаудың критерийі бойынша, әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі керек, ол негізгі дыбыстармен тең түсіп жатса дұрыс, ал әріп саны негізгі дыбыстардан аздап кем болса, одан да жақсы болып есептеледі», - деген пікірі «дыбыстық тілдің» басты өлшемі фонетикалық бірліктер екенін сипаттайды.

Сонымен қатар профессор Нұргелді Уәлидің төмендегі пікірін де ескерусіз қалдыруға болмайды: «шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіре алмасақ, игере алмасақ, ұлттығымыз қайсы?» [Уәли Н., 2016,143-147 б.]Бұл көзқарас ғалымның қазіргі рухани жаңғыру аясында тілдің төл ережесін сақтай отырып, жазу сауатты болу үшін, тиімді нормалардыжоғалтып алмау керек деген ойын дәйектей түседі.

Латынәліпбиінекөшу процесін ұлттық жазу реформасына қатысты іргелі өзгеріс дейтін болсақ, қазіргі жаһандану жағдайында рухани құн-

дылықтарды сақтау мен дамытудың сыртқы және ішкі факторларын жинақтап, жүйелеуге тура келеді. Сондықтан қазақ тілінің дәстүрлі төл жазу ережесінің негізгі ұстанымдарын тілтанымның озық үлгілерімен сабақтастыра отырып, дамыта пайдалану тиісті нәтижеге жеткізеді.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филолия ғылымдарының докторы, профессор Ерден Қажыбек латынәліпбиіне қатысты өзекті мәселелерді бүгінгі үдерістермен сабақтастыра отырып, тіл мамандары тарапынан айтылған пікірлерді жинақтап, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының білікті ғалымдарының қатысуымен үздіксіз пікіралмасу жиындарын өткізіп келеді. Бұл дискуссиялар, біріншіден, латынәліпбиі туралы пікір - көзқарастар легін ашық есік түрінде ғалымдар мен көпшілік ортасына шығарып, таныстыруға, талқылауға мүмкіндік берсе, екіншіден, кәсіби мамандардың пікірлерін көпшілікке түсіндіруге игі ықпал етіп отыр. Бұл пікілер ойталқыбарысындажаңа ізденістерге жол ашуға себеп болды. Мұндай талқылаулар әліпби құрамындағы жеке дыбыс, әріп, таңба, сөз, т. б. бірліктерімен бірге емле ережелерін, шет, кірме сөздер мәселелерін, орфография, орфоэпия, фонетика, морфология салаларын қамтиды. Осы тұрғыдан келгенде, профессор Ерден Қажыбектің: «Бүкіл қазақтың төл дыбыстары алфавитте жеке таңбалармен көрініс табуы керек. Біздің бір дыбысымыз біресе еніп, біресе енбей қалып жатыр. Мысалы, орыс тілінде w дыбысы болған жоқ. Ағылшында "windows, washington, whatsapp" дейді ғой. Мұндағы w дыбысы - дауыссыз және өте белсенді дыбыс. Маңызды дыбыс. Соны дауысты дыбыс деп таңбалайық деп айтып, ұсынып келе жатқан көпшілік бар. Кейде дауысқа салғанда біз ғалымдар аз боламызда, біздің ұсынысымыз өтпей қалып жатады. Бірақ түптің түбінде ғалымдардың ұсыныстары 100 пайыз қабылдану керек және қабылданатынына ешқандай күмән жоқ. Өйткені халық мамандардың пікірін қолдайтынын уақыт көрсетті» [Қажыбек Е., 2020] деген ойы – нақты тілдік фактілерге жүгінген пікір. Ғалым ой-түйінін ары қарай жалғастыра келіп, былай дейді: *«Латын әліпбиіне көшкенде тіл ережелері қайтадан жасалынады. Кірме сөздер шет тілінде қалай айтылса, солай дыбыстап жүрдік. Әлемнің ешбір тілінде ондай жоқ. Біздің грамматикамыздың ережелері орыс тілінен көшірілгені белгілі. Енді сөз жоқ орфоэпикалық, сөзжасам, фонетикалық, морфологиялық ережелердің бәрі жаңадан қарастырылады да, өте қарапайым тіл табиғатына тән нұсқалар шығарылады» [*Қажыбек Е., 2017*]*. Осыдан-ақ жаңа әліпбидің тіліміздің заңдылықтары мен нормаларын жүйелеуге, түзетуге әсері болатыны аңғарылады.

Қазақ латынәліпбилі ұлттық жазудың басты мәселелері мен ғылыми көрсеткіштерін анықтауда ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы Зейнеп Базарбаеваның түйінді көзқарасының алатын өзіндік орны бар. Тілші кәсіби маман ретінде жалғамалы тілдер қатарына жататын қазақ тілінің жазу әліпбиі мен емлесіне ықпал ететін басты факторларды анықтайды. Мәселен, ғалым:«Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды ескеру керек.

Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесі даму үстінде, оған ішкі (лингвистикалық) және сыртқы түрткіжайттар да әсер етеді. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі, бір жағынан, орыс тілінен келген фонемалар арқылы, екінші жағынан, фонетикалық жүйенің ішкі заңдылықтары арқылы байыды: фонемалардың вариациялары синтагматикалық осьтен парадигмалық оське ауысты. Фонемалардың қалыптасуы тіл мен ойдың дамуымен байланысты, тілдің жаңа ұғымымен және лексикасымен толығып және көршілес мәдениет пен өркениеттің ықпалымен байыды», - дей келіп, «Латын әліпбиіне көшкенде, біздің ойымызша, жазуда сабақтастылықты, оңайлықты және жеңілдікті сақтау қажет» [Базарбаева З., 2016, 150 б.] - деген тұжырымға келеді.

Қорыта келгенде, қазіргі кезеңде күн тәртібінде тұрған латын әліпбиіне көшу жалпыхалықтық маңызы бар мәселе екені даусыз. Алаш арыстары салған алтын көпірді жалғастырып, бүгінгі қоғам талабына сай әліпби жасау – тіл мамандарының алдында тұрған жауапты іс. Себебі, ендігі қабылданатын әліпби – ұлтымыздың ертеңі, келешегі және болашақтағы тарихы.

Сондықтан латынәліпбилі жазудың тарихы мен қазіргі жағдайына шолу жасау бұл мәселеге қатысты ортақ ой-пікірлерді жинақтап, неге назар аудару қажеттігін анықтауға септігін тигізеді. Осы тұрғыдан келгенде, өткен ғасырда айтылған алаш арыстарының пікір-тұжырымдары мен жиырмасыншы ғасырдың аяғы мен жиырма бірінші ғасырдың басында айтылған пікір-көзқарастардың бір-бірімен сабақтас, үндес тұстары бар. Мұндай ұқсас, ортақ көзқарастардың болуы тілші-ғалымдар арасында мәселенің оң бағытта талқыланып жатқанын көрсетеді. Қорыта келгенде, бұл пікір-түйіндер мынадай мәселелерді қамтиды.

Исследование проводилось с целью проверки гипотезы о том, что процесс формирования игровой зависимости у детей и молодежи можно контролировать путем выявления психологических факторов риска. Для решения задач исследования были использованы следующие психодиагностические инструменты:

- метод скрининговой диагностики компьютерной зависимости Юрьевой Л. Н., Больбот Т. Ю. Методика представляет собой скрининговую интроспекцию, направленную на выявление киберзависимости (в том числе интернет-зависимости);

- Тест Такера для выявления игровой зависимости Егоров А. Ю., 2007 г.;

- анкета-опросник STAXI Спилбергера (адаптация С. Л. Соловьевой), 1998.

Для изучения рисков вовлечения в компьютерную зависимость был использован тест Юрьевой и Больбота для выявления кибер-зависимости, который поможет определить, есть ли у испытуемых компьютерная зависимость. Тест содержит 11 вопросов с ответами. Отличительными особенностями предлагаемого метода являются использование промежуточных ответов, а именно «редко» и «часто», в качестве дополнительных критериев оценки. Это приводит ожидаемые реакции в более надежную область, способствует гибкой интерпретации состояния респондента, а значит, позволяет дать объективный конечный результат. Косвенно результаты тестирования позволяют выделить «группу риска» с признаками компьютерной зависимости с целью использования эффективных профилак-

тических программ, направленных на предупреждение развития психических и поведенческих расстройств. Результаты скрининговой диагностики компьютерной зависимости приведены в таблице 1.

Таблица 1 - Результаты скрининговой диагностики компьютерной зависимости

Риски вовлечения	Абсолютное число (чел.)	%	Доверительный интервал
Нет риска развития компьютерной зависимости	32	31,1	±1,4
Стадия увлечённости	46	44,8	±1,5
Риск развития компьютерной зависимости	24	22,9	±1,3
Наличие компьютерной зависимости	2	1,2	±0,3
Итого	104	100,0	
Примечание – составлена авторами на основе источника [1; 78]			

В общей группе 1,0±0,3% респондентов имели признаки компьютерной зависимости. Это состояние характеризуется серьезными изменениями в ценностно-смысловой сфере личности. На этом этапе начинается изменение самооценки и самосознания.

Риск развития компьютерной зависимости отмечается у 22,9±1,3% респондентов, что характеризуется тем, что в иерархии потребностей появляется новая потребность — играть в компьютерные игры.

Стадия энтузиазма была определена у 44,8±1,5% респондентов. Этот этап характеризуется тем, что устойчивая постоянная потребность в игре не формируется, игра не является значимой ценностью для человека. Игра в компьютерные игры носит скорее ситуационный, чем систематический характер.

В целом следует отметить, что полученные в ходе скрининговой диагностики данные свидетельствуют о том, что существуют определенные различия в личностных характеристиках анализируемых респондентов, они находятся на разных стадиях компьютерной зависимости. Важными симптомами компьютерной зависимости являются: смешанное чувство радости и вины при работе за компьютером, а также раздраженное поведение, возникающее, если по каким-то причинам продолжительность работы за компьютером уменьшается.

Для изучения рисков вовлечения в игровую зависимость использовался тест Такера (Егоров А. Ю., 2007). Этот тест включает в себя несколько уровней, связанных с последствиями азартных игр и азартной зависимости. Первый уровень подразумевает отсутствие каких-либо негативных последствий азартных игр. Респондент может играть спорадически с целью общения или на досуге-игра не является проблемной зависимостью и не приводит к негативным последствиям. Второй уровень определяется тем, что азартные игры могут привести к негативным последствиям. Третий уровень связан с вовлечением в азартные игры, что приводит к негативным последствиям. Возможно, контроль над азартной зависимостью уже утрачен - чем выше результат, тем интенсивнее игра, тем серьезнее могут быть проблемы. Результаты исследования среди анализируемых детей и молодежи представлены в таблице 2.

Таблица 2 - Риск развития игровой аддикции среди детей и молодежи

Риск игровой аддикции	Абсолютное число (чел.)	%	Доверительный интервал
Нет последствий азартной игры	94	90,2	±0,9
Возможны негативные последствия	4	4,5	±0,6
Негативные последствия, контроль над пристрастием к азартным играм потерян, высока вероятность патологического гемблинга	6	5,3	±0,7
Примечание – составлена авторами на основе источника [1; 90]			

5,3±0,7% респондентов имеют высокую вероятность патологической азартной игры. Этот уровень характеризуется потерей контроля над игровой зависимостью, а также выраженными проблемами, связанными с азартными играми. Эти люди обычно нуждаются в помощи специалистов. При ярко выраженной зависимости наблюдается полное отсутствие боевых мотивов; игрок готов играть ежедневно и неограниченное время, но на самом деле играет всегда, когда есть время и любое количество наличных денег в кармане, так как желание играть присутствует постоянно. Также при игровой зависимости полностью теряется контроль над своим состоянием и своим игровым поведением. При выраженной степени игровой зависимости все поведение игрока самостоятельно, вынужденно, несвободно, полностью подчинено внутренней зависимости от игры и от желания играть.

Уровень с возможными негативными пос-

ледствиями был определен у 4,5 (±0,6%) респондентов. Согласно классификации Леси и Кастера (1984), этот уровень может соответствовать стадии выигрыша. Стадия выигрыша может характеризоваться случайными играми, которые могут сопровождаться выигрышами, фантазиями об игре, беспричинным оптимизмом.

90,2 (±0,9%) респондентов не имеют негативных последствий от азартных игр. Эти люди могут играть время от времени, с целью общения или на досуге-игра не является проблемой зависимости.

Особое место в исследовании влияния игровой зависимости на психологию подростков занимает вопрос о возможности формирования агрессивности у игрока.

Далее в настоящем исследовании использовалась «Шкала агрессивности» (STAXI) Ч. Спилбергера (в адаптации С.Л. Соловьевой) для изучения агрессивности анализируемых детей и молодежи. Данная методика позволит определить не только наличие агрессии у респондента как таковой, но и отнести ее к определенному типу, модальность которого раскрывается в следующих шкалах: агрессия как психическое состояние; агрессивность как черта характера и черта личности; агрессивность как компонент в структуре темперамента; агрессивность как реакция на события; направленная агрессия; шкала контроля проявлений агрессивности.

Оценка степени агрессивности представлена на рисунке 1.



Рисунок 1 - Оценка степени агрессивности

Примечание – составлена авторами на основе источника [Lukyantseva I.S., Ruzhenkov V.A., Ponomarenko D.O., 2018, с. 7]

Из данных рисунка 1 следует, что по шкале «агрессия как актуальное состояние» показатели всех респондентов превышают популяционную норму. С одной стороны, у большинства подростков и молодых людей наблюдается умеренная агрессия, наличие небольшого эмоционального напряжения. С другой стороны, 26,8% респондентов демонстрировали умеренную агрессию, наличие сильного эмоционального напряжения или выраженной агрессии и риск психических расстройств.

По шкалам «агрессия как черта личности», «агрессия как черта темперамента» и «агрессия как черта характера» почти 40% респондентов соответствуют норме, которая не требует никакой психологической помощи. В то же время около 20% подростков и молодых людей проявляют повышенную или высокую личностную агрессивность, при которой рекомендуется обратиться к психологу, психиатру.

Повышенная или высокая внешняя агрессия определена у 17,8% респондентов, которая может проявляться как целенаправленное деструктивное поведение, противоречащее социальным нормам и правилам, причиняющее вред объектам нападения (одушевленным и неодушевленным).

Повышенный или высокий уровень аутоагрессии наблюдался у 19,2% респондентов исследования. В этом контексте аутоагрессию можно рассматривать как внутреннюю враждебность, связанную с высоким уровнем самоубийств, самоповреждений, а также алкоголизма, наркомании и опасной для жизни деятельности.

Особое значение при изучении агрессии имеет шкала «контроль агрессии», поскольку показатели по этой шкале связаны с тем, как человек реализует агрессивные реакции. Согласно Амону Г., конструктивная форма агрессии подразумевает социальную приемлемость агрессии, способность индивида регулировать и корректировать свое поведение. Деструктивная форма агрессии проявляется в ситуации социальной дезадаптации, когда вследствие нарушения моральных, этических и правовых норм воздействие на окружающих или на самого себя носит

деструктивный характер [Wartberg, L., Brunner, R., Kriston, L., Durkee, T., Parzer, P., Fischer-Waldschmidt, G., & Carli, V., 2018, с.240]. Дефицитарная форма агрессии характеризуется низким уровнем социальной активности, недостаточным развитием поведенческих навыков, способствующих реализации агрессивных импульсов.

В данном исследовании показатели по шкале «контроль агрессии» у 63,1% детей и подростков соответствуют норме. Низкий уровень контроля агрессии, невоздержанности определен у 28,0% респондентов. Чрезмерный контроль агрессии в данном контексте можно отнести к пассивно-агрессивному типу реагирования, который, согласно концепции враждебности, играет существенную роль в этиологии различных тяжелых соматических заболеваний.

В исследованиях под руководством Каткова А. Л. выявлена взаимосвязь между основной формой реакции на агрессивное воздействие внешней среды и дифференцированным уровнем психологического здоровья [Катков А.Л., 2012, с. 12]. Индивиды с высоким уровнем психологического здоровья на кратковременный стресс, как правило, реагируют реакциями психофизиологической мобилизации, при которой активируются ресурсы-биологические, психологические, творческие и пластические-для эффективного противостояния и преодоления проблем. Лица с низким уровнем психологического здоровья реагируют на эти же стрессоры нецелевой агрессией или аутоагрессией, реакциями страха, тревоги, отчаяния, формированием деструктивных психологических защит, отсутствием каких-либо перспектив в решении возникающих проблемных ситуаций [Катков А.Л., 2012, с. 18].

Таким образом, можно сделать вывод, что, находясь на стадии аддикции, подростки часто подолгу играют в компьютерные игры, которые являются для них как «наркотик», в то время молодежь стремится уйти от реальности, в связи с чем происходит изменение самосознания и самооценки.

Патологические игроки, как правило, не обращаются за помощью к специалистам, чтобы справиться с зависимостью. В современном обществе для лечения игровой зависимости используются психотерапия и психологическое консультирование, затем необходима ресоциализация в реальный мир [Турдалиева Б.С., Аимбетова Г.Е., Абдукаюмова У.А., Байсугурова В.Ю., Мусаева Б.А., 2019, с. 54].

В связи с вышеизложенным возникает острая необходимость разработки эффективной первичной профилактики аддиктивного поведения детей и молодежи на базе образовательных учреждений на основе научных результатов.

Одним из реальных решений проблемы профилактики аддиктивного поведения среди детей и молодежи, которое основывается на сохранении и укреплении психического здоровья, а также психологического комфорта учащихся, является внедрение профилактической программы «Школьная психология в процессе формирования психического здоровья детей и подростков». Данная программа может быть рекомендована для применения в общеобразовательных школах Казахстана, что может способствовать повышению успеваемости, улучшению дисциплины, формированию навыков здорового образа жизни. А это, безусловно, повлияет на профилактическое сохранение и укрепление психологического здоровья каждого ученика [Комекбаева Л.К., 2006, с. 5].

Следующим аспектом эффективности профилактических программ и важнейшей составляющей успеха является активное сотрудничество и привлечение родителей, возможно всей семьи в целом, для реализации превентивных мероприятий, направленных на сохранение здоровья обучающихся, воспитание у них ответственного поведения за собственное здоровье и жизненный сценарий.

Родители должны внимательно относиться к увлечениям своих детей, свести к минимуму общение с компьютером и другими гаджетами, установить программу «родительский контроль». Необходимо поговорить с ребенком, что его привлекает в жизни, кем бы он хотел стать в будущем. Нужно ограничить и контролировать наличные средства у ребенка. Лечение от игровой зависимости может проходить в условиях специализированных центров [Pawlikowski, M., Nader, I. W., Burger, C., Stieger, S., & Brand, M., 2019, с.166].

Следовательно, эффективным решением данной проблемы может являться внедрение и мониторинг эффективности первичной профилактики, реализаторами которой выступают педагоги-психологи, социальные педагоги и другие специалисты системы образования [Гоголева А.В., 2002, с. 16].

По нашему мнению реальным и эффективным решением данной проблемы является вовлечение в профилактическую работу педагогов, психологов, социальных педагогов общеобразовательных школ системы образования. Наибольшей возможностью при проведении профилактики обладают специалисты, имеющие ежедневный контакт с детьми и подростками, которые могут определить нюансы состояния и поведения обучающихся.

Важнейшей составляющей успеха профилактических программ является активное вовлечение и сотрудничество с родителями в направлении сохранения здоровья учащихся, их воспитания и формирования ответственного поведения.

ВЫВОДЫ

В соответствии с исследовательскими задачами, мы приходим к следующим предваритель-

ным выводам. Нами в данной ситуации прослеживаются тенденции:

– наличие негативных, как социальных, так и психологических последствий игровой аддикции у детей и молодежи;

– наличие личностных психологических проблем у детей и молодежи, как предшествующих, так и последующих аддиктивному поведению;

– наличие низкого уровня психологического здоровья у детей и молодежи с игровой аддикцией.

Следовательно, эффективным решением данной проблемы может являться внедрение и мониторинг эффективности первичной профилактики, реализаторами которой выступают педагоги-психологи, социальные педагоги и другие специалисты системы образования.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Акопов А.Ю. Лечение игровой зависимости. Психотерапевтический метод контраддиктивной стимуляции. - СПб., 2004
2 Гоголева А.В. Аддиктивное поведение и его профилактика. - М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2002.
3 Еникеева Д. Д. Как предупредить алкоголизм и наркоманию у подростков. М. – 2014. – 117 с.
4 Зайцев В.В., Шайдулина А.Ф. Как избавиться от пристрастия к азартным играм. СПб., Изд. дом «Нева». - 2003. — С.28.
5 Изакова А.Т., Валиева А.Б. Актуальные аспекты превентивной деятельности по проблеме девиантного поведения детей и подростков // Білімдегі жаңалықтар №4 (64), 2018 г. С.37-43.
6 Катков А.Л. О психологических и медицинских аспектах негативного влияния компьютерной зависимости на несовершеннолетних: Методические рекомендации. – Павлодар, 2012. – 50 с.
7 Комекбаева Л.К. Школьная психология в процессе формирования психического здоровья детей и подростков//Психология в казахстанской школе. Алматы, 2006. - №3. - С.5-7.
8 Короленко Ц.П. Аддиктивное поведение. Общая характеристика и закономерности развития // Обозрение психиатрии и медицинской психологии. 2016. - № 1. - С. 8-15.
9 Кузнецова Л.Э., Репина Г.В. Роль совладающего поведения и стрессоустойчивости личности в формировании склонности к химической зависимости у молодежи / Л.Э. Кузнецова, Г.В. Репина // Молодой ученый. — № 24 (128) — Чита: «Издательство молодой ученый», 2016. — с. 287–290.
10 Турдалиева Б.С., Аимбетова Г.Е., Абдукаюмова У.А., Байсугурова В.Ю., Мусаева Б.А. Здоровье детей и подростков Республики Казахстан: проблемы и пути решения // Вестник КазНМУ. – Алматы, 2019.
11 Lukyantseva IS., Ruzhenkov VA., Ponomarenko DO. Addictive behavior and alcohol addiction of medical students from senior courses (prevalence, comorbidity and treatment). I.P. Pavlov Russian medical biological herald. 2018; 3: 380-387. (In Russ.).
12 Wartberg, L., Brunner, R., Kriston, L., Durkee, T., Parzer, P., Fischer-Waldschmidt, G., & Carli, V. (2018). Psychopathological factors associated with problematic alcohol and problematic Internet use in a sample of adolescents in Germany. Psychiatry Research, 240, 272-277.
13 Pawlikowski, M., Nader, I. W., Burger, C., Stieger, S., & Brand, M. (2019). Pathological Internet use–Is it a multidimensional and not a unidimensional construct. Addiction Research & Theory, 22(2), 166-175.

СӘДІРБЕКОВА ЖҰЛДЫЗ ӘНУАРБЕККЫЗЫ
«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

АБАДІЛДАЕВА ШЫРЫН КЕЛЕСБАЙҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
«Шетел тілдері және аударма» кафедрасы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында қолданылатын, оқушылардың қызығушылығын арттыратын ойын түрлерінің мазмұны ашылып, оларды қолдану әдістері көрсетілді. Сабақ үстінде ойындарды қолдану оқушыға қандай жақсы әсер қалдыратыны және оқушының ой-қабілетіне қандай пайда тигізетіндігі қарастырылды. Оқушылардың шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын сабақ арасында ойын элементтері үлкен рөл атқарады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді, ойын арқылы көптеген мәліметтер алады.

Түйінді сөздер: Оқушылар, мұғалім, ойын, сабақ, қызығушылық, сөздер, даму, сұрақ.

Резюме. В этой статье описывается содержание игр, которые можно использовать на уроках английского языка, чтобы повысить интерес учащихся, и способы их использования. Было рассмотрено, как использование игр в классе оказывает положительное влияние на ученика и как оно помогает мышлению ученика. Элементы игры играют важную роль на уроках, которые снимают усталость и повышают интерес учащихся. Дети учатся получать знания с помощью игры и получают много информации.

Ключевые слова: Студенты, учитель, игра, урок, интерес, слова, развитие, вопрос.

Summary. This article describes the content of games that can be used in English classes to increase student interest, and how to use them. It was examined how the use of games in the classroom has a positive effect on the student and how it helps the student's thinking. Elements of the game play an important role in lessons that relieve fatigue and increase student interest. Children learn to learn through the game and get a lot of information.

Key words: Students, teacher, game, lesson, interest, words, development, question.

Шетел тілін меңгеру, оқыту, оған қызықтыру көп ізденіс пен шығармашылық еңбекті қажет етеді. Сабақтың үстінде дағды мен қабілет қалыптасу арқылы танымдық қызығу пайда болады. Оқушыларға әртүрлі тәсілдер қолдану арқылы сабақты жаңаша әдістемемен өткізу қажет. Сабақ бірсарынды өтсе, жазба жұмыстары мөлшерден тыс жүріп, ойлау үрдісінен миына көп салмақ түссе оқушының қызығу ынтасы төмендеуі мүмкін. Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттыруымен бірге оқушының шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Ойнау арқылы оқушының сөйлеуге деген ішкі жан дүниелік ынтасы, ізденіс дағдысы қалыптасады. Ағылшын тілін ойындар арқылы оқу психиканың дамуына да зор ықпал етеді. Осы арқылы дүниетанымын кеңейтіп, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай, бала өміріндегі ойынның орны ерекше. Ұстаздардың беретін білім, тәрбие жолына пайдаланатын әдістемелері мәнді, жұмыр болуы керек. Ол үшін бала ұғымына, қабылдауына сәйкестендіріп, ойын ұйымдастыру қажет. Таңдалған әдістер, ойындар баланың талабын шабыттандыратындай, іскерлігін дамытарлықтай, бастаған ісінің нәтижесіне тырысарлықтай нәрлі болуы абзал. Ойын іш пыстырар жұмысты қызықты және тартымды етуге көмектеседі.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның маңыздылығын қазақстандық ғалым Н.Құлжанова зерттеген. Ойын мұғалімнің көмек көзі болып табылады, өйткені мұғалімдер ағылшын тілі сабағында жаңа тақырыпты түсіндіру барысында қиындықтарға кезігеді. Шәкірт тарапынан қызығушылықты арттыру мақсатында олардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын элементтерін таңдап, мұғалім өз сабағын өткізуіне болады. Сол кезде сабақты тиянақты түсіндіруге жағдай жасалынады. [Құлжанова.Н.С. 2001, 45 б]

Оқыту барысында ойын элементтерін қолдану кезінде төмендегі талаптар орындалуы тиіс:

- Оқушылардың қажетті сөздік минимумы болуы;
- Белгілі бір мақсатқа құрылуы.

Г.К.Манапованың ойын түрлерін жіктеуіне тоқталсақ, олар: Фонетикалық ойындар, лексикалық-грамматикалық ойындар, драммалық ойындар, ситуациялық-рөлдік ойындар [Стронин М.Ф.. 1989, 73 б].

Фонетикалық ойындар мыналарды көздейді:

- Оқушыларды ағылшын дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету(Jaw and Tongue games).

- Оқушыларды ойын кезінде тақпақты түсінікті етіп айтуға баулу(Voice Training Games).

- Өлең не тақпақты дұрыс жаттап, рөлдерді дұрыс сомдауға үйрету(Relaxtion).

Бұл ойында мұғалімнің рөлі зор, ойткені ол оқушыларға ойнатпас бұрын өзі ойнап, көрсетуі керек. Кейбір кезде оқушылар рөлге кіреміз деп, кейбір сөздерді қате айтулары мүмкін. Сол себепті, мұғалім ол оқушылардың бәрін қадағалап отыруы тиіс. Ойынды ойнар кезде, топтарға бөлуге болады, яғни топтан кім дыбыстарды дұрыс оқып беретіндігін байқауға болады. Мысалы, «Қандай сөз айтылды?» атты ойынды өткізуге болады. Оқушыларға 10-15 сөздер реті беріледі. Мұғалім осы сөздердің тізімін береді, бірақ бұдан бұрын осы сөздерді тез және белгілі ырғақпен оқып шығады. Оқушылар берілген сөздер тізімінен мұғалім оқыған сөздерді ретімен қоюлары шарт және мұғалімнің оқыған сөздерін ғана белгілеулері керек, Бұдан бөлек ойындар да өткізуге болады. Мысалға, [r], [w], [k], [dz], [h], [d], [t] дыбыстары. Мұғалім бұл қандай дыбыстар екендігін еске түсірулерін сұрап, осы дыбыстар бар сөздерді айтуын сұрайды [Пучкова Ю.Я., 2006, 20 б].

Лексикалық ойындардың мақсаты оқушыларды сөз тіркестерімен таныстыру, олардың тілдік құрылымдарын қалыптастыру. Бұл ойын сөз таптарды, шақтарды, райларды еске сақтауға көмектеседі. Мысалы: "Family" ойыны. Бұл ойын жұптасып ойналатын ойын. Бір оқушы өз отбасы туралы айтып жатқанда, екінші оқушы отбасы ағашын салады, осының бәрін түрлі сұрақтар арқылы толықтырады. «Do you have a...? What is his\her name?" тағы басқалары. Сонымен қатар, «Қимылды бейнелеу» ойыны. Бұл ойында ойнаушылар жұп құрады. Бір ойнаушы (мимикалық) қимылды бейнелейді, ал басқа біреуі оған жатталған етістіктерді қолдана отырып түсінік береді.

Грамматикалық ойындар оқушыларға грамматикалық қиындықтар туғызатын сөз әрекеттерін дұрыс қоя білуге үйретеді,өздігімен жұмыс істеуге үйретеді. Грамматикалық ойындар маңызды грамматикалық құрылымдар be, have, may, must етістіктері, шақтар тобы, Indefinite, Continuous, Perfect және тағы басқаларынан тұрады.

Тілдік-рөлдік ойындар балалардың тілдік материалды берік меңгеруіне, білімдерін бекітуге, тексеруге көмектеседі.Рөлдік ойындарда оқушылар әр түрлі қарым-қатынастарда ойнайды (дүкенде, мектепте, жанұяда, көшеде, жиналыста). Рөлдік ойындар кезінде оқушылар өз ойын дәлелдеуі керек, олардың ұялшақтығы, өз-өзіне сенімсіздігі, қорқақтығы, бәрін ойын арқылы жеңуге болады.

Ситуациялық-рөлдік ойындар оқушыларды топ болып жұмыс жасауға дағдыландырады. Бұл ойында әр оқушы өзіне белгілі бір рөлді алады да сол рөлге сай өзін-өзі ұстауына, әрекетіне көңіл бөледі. Оқушы ойын ойнау арқылы түрлі ұлттар мәдениетінен хабардар болады, өз қабілетін көрсетіп, шығармашылық жұмыс істеуге бейімделеді. Осы ойындармен қоса, қосымша сөзжұмбақтар ойнатуға болады. Ол баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсер етеді.Ойынның түрлері өте көп. Алғаш әріптерді үйреткеннен бастап, әрбір әріптен келетін затты көрсетіп өтсек, онда ол әріп оқушының есінде қалады. Мысалы: Aa – apple, Bb – book, Cc – cake, Dd – doll. Ағылшын сабағында, сабақ беру барысында ұлттық ойындармен ұштастыра өткізген дұрыс. Осы арқылы мұғалімдер оқушыларға өзге елдің және өз халқының, ұлтының мәдениетін қоса меңгерте алады. Мұнымен қоса, орфографиялық ойындар да бар. Мысалы: сөздердегі әріптердің үйлесімділік дағдысын қалыптастыру. Мұғалім белгілі бір сөздің әріптерін үстелге шашып тастайды. Кім бірінші болып сөзді тауып, жазатын болса, сол жеңімпаз атанады. Ал, Выготский ойындарды үш негізгі топқа бөлді, олар: драмалық, спорттық, өрнектік [Выгосткий Л.С.. 1966, 340 б]

Оқушы оқу үрдісіндегі басты субъект, ал мұғалім шетел тілінде қарым-қатынас жасаудағы көмекшісі және ұйымдастырушысы болып табылады. Балалардың қарым-қатынас біліктілігін арттыру үшін де ойынның маңызы зор. Бұл жағдайда тапсырма түрлері мынадай болуы мүмкін: коммуникативті ойын; коммуникативті имитация; еркін қарым қатынас. Коммуникативті ойындардың бірі: «Interviewing an interesting person.» Бір оқушы танымал, атақты адамның (әнші, актер, спортшы, биші) рөлін ойнайды. Сыныптастары әр түрлі сұрақтар қойып, оның кім екендігін табулары тиіс. Сұрақтар былай болуы мүмкін:

What kind of meal\sport\clothes do you like?

Are you a man or a woman? Are you married\ single?

Осындай ойынның тағы бір түрі: «Just the facts.» Мұғалім тақтаға үш сұрақ жазады: What kind of music do you like? Where do you usually listen to music? Who is your favourite singer? Әрбір оқушы 3 үлестірмелі қағаздан алып, оның әрқайсысына жауап жазады. Мұғалім барлық қағаздарды жинап алып, араластырады да, әр оқушыға үш-үштен таратады. Балалар сынып ішінде сұрақ қоя жүріп, қолындағы карточканың иесін іздейді. Барлық карточкалар өз иесін тапқанда ойын аяқталады. [Қасенова.Д.А. 2010,146.]

М.М.Закенова әрбір ұстаз шетел тілі сабағында ойын түрлерін мынадай мақсатта қолданған дұрыс деп есептейді:

1.Әліпбиді дұрыс меңгерту;

2.Орфографияны дұрыс оқыту;

3.Оқыту дағдысын қалыптастыру;

4.Лексиканы меңгерту;

5.Грамматикалық құрылымды меңгерту;

6.Оқушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу,

дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Әліпбиді дұрыс меңгерту үшін барлық әріптерге карточкалар жасауға болады. Карточкаларға сол әріптерден басталатын заттардың немесе аңдардың суретін саламыз. Орфографияны дұрыс оқытуда алдыңғы сабақтармен байланыс ретінде «сөздіктен сөзді тап» атты сөзжұмбақ шешіледі. Тақтаға шыққан оқушы қате жіберсе, қалғандары дұрыс, керекті әріптерді айтады. Дұрыс оқыту дағдысын қалыптастыру қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімдерін толықтырып, ой-өрістерін дамытады. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттырудың бір жолы – грамматикалық ойындарды жиі ұйымдастыру [Николайчук Г.А., 1991, 16 б].

Жоғарыда көрсетілген ойындарды ағылшын тілі сабағында қолдануға әбден болады. Енді шетел мектептерінде сабақ барысында қолданылатын ойындар мен тапсырмаларға тоқталсақ:

Riddles. Read the first riddle and have the class ask questions to try and solve the riddle. Riddles promote discussion and curiosity.

The man was injected with deadly poison but it did not kill him (He was already dead)

Everyone around him knows who he was, but no one knew his name (He has just been born)

The man had been a hostage for 10 years. His wife watched him leave he plane, and called to him excitedly. He did not respond. (She saw him on television)

The more there is the less you see (darkness)

What is black and white and read all over? (newspaper)

Tongue twisters. Tongue twisters are phrases or sentences that are very difficult to say fast. Tongue twisters are not only fun but they train the tongue to speak in English. Ask for three volunteers to stand up front. Write the first tongue twisters on the board and have each one say it five times. Have the rest of the class vote on the fastest and funniest for each one.

Toy boat. Toy boat. Toy boat.

The sixth sick shakes sixth sheep's sick.

Suzy sells seashells on the seashore.

Three free throws.

Greek grapes.

I thought. But the thought I thought wasn't the thought I thought I thought.

Сонымен қатар шетелдік мектептер мен оқу орындарында мынадай ойын түрлері қолданылады: What is in the picture, Weather, That's me, Expressing feelings, Description, Speed up, Chain drills, etc.

Осы көрсетілген шетел мектептеріндегі ойын әдістерінің жүргізілуі өте еркін, яғни олар ойын барысында өздерін өте еркін ұстайды, рөлдік ойындарды да шынайы түрде образға ене отырып орындайды. Ал біздің мектеп оқушыларының ойын барысында өз ойларын жеткілікті дәрежеде жеткізе алмауы, олардың сөздерді айтуда қателесемін деген ой туындауында, себебі қазақ мектебінің кейбір балаларына ұялшақтық пен ұяңдық тән, өзгелермен жылдам қарым-қатынасқа түсу сияқты қасиеттер баяу. Міне, осы мәселені шешу үшін, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу біліктілігін қалыптастыруда ойын әдісінің рөлі өте зор.

Оқыту ойындары өтіп жатқан шетел тілін тереңдетіп, түбегейлі нақты оқуға мүмкіндік береді. Ойындар оқушының әрі қарай дамуына және интеллектуалдық іскерліктерін жетілдіруге бағытталған іс-әрекет. Ойын жаттығу сияқты рөл атқарады және интеллектуалдық тренинг ретінде қолданылады. Белгілі бір нәтижені алғаннан соң, оны дұрыстауға деген мүмкіндік бар, өзіне деген сенімділік те оянады. Ойын барысында өз ойын айтуға мүмкіндік бар. Ойынды өткізбес бұрын, оқушылардың білім деңгейлерін ескерген жөн және өтіп жатқан тақырыпқа қатысты болуы қажет. Оқыту үрдісіндегі ойынның рөлі мен маңыздылығын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында ауызекі сөйлеуді дамытуға арналған ойын түрлерін білдік. Осылайша, ойын балалардың іс-әрекеттерінің негізгі түрі болғандықтан, ол оқушыларды ағылшын тілінде оқыту процесінде оқушылардың шетел тілін оқуға деген құлшынысын, белсенділігін арттырады. Ойын-күрделі, биологиялық, психологиялық, педагогикалық ұғым. Ойын іс-әрекетінсіз адамдардың, қоғамның, жеке тұлғаның дамуы мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құлжанова.Н.С. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі – 2001.45б.

2. Стронин М.Ф «Обучающие игры на уроках английского языка»М.1989-73с.

3. Пучкова Ю.Я «Игры на уроках английского языка» М.2006-20с.

4. Выгосткий Л.С. Игра и ее роль в психологическом развитии ребенка. Вопросы психологии. – 1966. -340с.

5. Қасенова Д.А. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативті біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі» №1\2010 – 14б.

6. Николайчук Г.А «Английский язык в первом классе» Минск, 1991-16с.

ҒТАХР14.35.01

СЕЙТМЕТОВА АЙМАН МАРАИМҚЫЗЫ
биология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АМАНГЕЛДІ АРАЙЛЫМ ЖАНӘДІЛҚЫЗЫ
магистрант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА АЛҚА ТҰҚЫМДАСТАРДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. Қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өз елін шетелде лайықты таныта алатын, еңбек нарығында бәсекелестікті құра алатын жастарды оқытып, тәрбиелеу үшін білім беру жүйесін үнемі жаңартып отырады. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке білім алушыны баулуға, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болып шығуына бағытталған.Мақалада биология курсында алқа тұқымдастарды жаңартылған бағдарлама негізінде оқытудың ғылыми негіздерін қарастырылған.

Түйінді сөздер: алқа тұқымдасы, жаңартылған бағдарлама,бәсекеге қабілеттілік, биология курсы, білім сапасы.

Резюме. Для обучения и воспитания современной конкурентоспособной молодежи, достойно представляющей свою страну за рубежом, способной создавать конкуренцию на рынке труда постоянно обновляет систему образования. По обновленной программе мировая система образования направлена на повышение конкурентоспособности обучающегося, выход из общества в качестве качественного специалиста, способного найти свое место. В статье рассматриваются научные основы обучения семейства пасленовых на курсе биологии по обновленной программы.

Ключевые слова: семейства пасленовых, обновленная программа, конкурентоспособность, курс биологии, качество образования.

Summary The education system is constantly being updated to train and educate today's competitive young people who represent their country well abroad and are able to create competition in the labor market. According to the updated program, the world education system is aimed at improving the competitiveness of students, leaving society as a high-quality specialist who can find his place. The article discusses the scientific basis of teaching the Solanaceae in the biology course of the updated program.

Keywords: Solanaceae, updated programme, competitiveness, biology course, quality of education.

КІРІСПЕ

Мемлекетіміздің болашағы -жастарға сапалы білім мен тәрбие беру мәселесінің өзекті мәселе екендігі сөзсіз. Қазағымыздың ұлағатты талант-тыұлыұстазыАхметБайтұрсынов:«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»- деген болатын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында білім беру жүйесі рөлінің өзгеруі тиістігін ерекше атап көрсетті. «Біздің міндетіміз білім беруді экономикалық дамудың жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқу бағдарламаларын сыни ойлау қабілеттілігін және ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген болатын [*Назарбаев Н.Ә. 2017*].

Осыған байланысты 2017-2018 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне өзгерістер енгізіліп, жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды іскерліктер мен дағдыларға үйретуге, адами құндылықтарын дамытуға, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға көңіл бөліне бастады.

Білім беру жүйесін дамыту, мазмұнын жаңарту - оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік,

дағдылар жиынтығын меңгерту емес, оқушы тұлғасын дамыту, өмірдегі кездесетін көкейкесті мәселелерді өздігінен тиімді шешуге, жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне, қоғамда және түрлі ортада өзіндік орнын табуға мүмкіндік беретін білім, тәжірибе және түрлі қабілеттерді меңгертуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттары нәтижеге бағытталған, білім беру қызметінде базалық, әлеуметтік және білімдік құзіреттілігін қалыптастыру жағдайы мен дамыту бағыттарының жаңа логикасын анықтау. Бұл өз кезегінде білім беру саласының белгілі бағыттары – ізгіліктік көзқарас, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғыдан білім беру. Яғни, оқушының жеке тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасау [*Ыбыраимжанов Қ.Т., Саурықова Ж.М.,Қазақстанның ғылы-*

мы мен өмірі. №3 (59),2018,190 б.].

Жаңартылғанбілімберу бағдарламасының маңыздылығы–оқушытұлғасыныңүйлесімдіқолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, тәжірибе жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолданабілудіжәнеонытиімдіжүзегеасыруүшінқажеттітиімдіоқытуәдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана білу. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа көшуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделеді. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияғанегізделген.

Бүкіләлемдебілімберужүйелерінің болашақ ұрпаққақандайбілімберетінітуралы мәселелер қайтадан қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар тікелей оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолданылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сонымен бірге ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі кезде экономикалықдамудықамтамасызе тугебағытталғанхалықаралықбәсекелестік артуда.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке білім алушыны баулуға, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болып шығуына бағытталған. Ал осы кезге дейін елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлардың ықпалымен мамандық таңдап, ең соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмай отырғаны бәрімізге аян. Оқу үдерісінің алға жылжуы айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бағыттар мен бөліктерге біріктірілген. Мысалы,қарапайымнанкүрделігеқарай, спираль бойыменөрлейтүскені - жай эссе жазудан әңгіме, тіпті повесть жаза алатындай дағдыларға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түсетіндігі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеуәрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасауға, өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді. Мәтіндегі негізгі ойды табуға, кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтау, рөлге бөліп оқу, диалог құрастыру, сұхбат алу оқушылардың қызығушылықтарын тудырады.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ынтасын тудырады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарынжәнебелгілібіроқукезеңін(тоқсан,оқужылы,ортабілімдеңгейі)аяқтаған оқушыныңүлгерімітуралыақпараталумақсатындабаллжәнебаға қоюарқылыөткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойыншақолданылады [*Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә.Д.,2019, 249 б.*].

Қазіргі пән мұғалімдерінен оқыту үдерісінде тек өз пәнін жетік біліп қана қоймай, сонымен бірге педагогикалық-психологиялық біліктілік, тарихи және саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық та талап етілуде.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениеттің дамуы, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын кезең. Білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді [*Абдуллина Г.Т., Юлдашева К.Ф., Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2/2 (56) 2018, 86 б.*].

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілуде. Мұндай жаңашылдықтың мақсаты - сабақ өткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін молайтып, оқушылардың біліктіліктерін арттыру болып табылады. Сабақ тек білім беріп кана

қоймай, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, келешек білімді маман иесі болуы үшін біліктілігін қамтамасыз ететіндей тәрбиелеуге бағытталады. Оқу әдіс-тәсілдерін түрлендіріп сабақ өткізуді әр алуан жастағы оқушылар әр түрлі қабылдайды [*Кусымбаева С.К.,Мусажанова З.Д.,2019, 38 б.*].

Алқа тұқымдастары (Solanaceae) - қос жарнақты, бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Әлем бойынша қазіргі кезде алқа тұқымдастардың 2900-ге жуық түрлері белгілі. Олардың көпшілігі мәдени өсімдіктер, сонымен бірге жабайы түрлері де көп. Алқа тұқымдастардың Қазақстанда 23 түрі кездеседі, олардың көпшілігі мәдени өсімдіктер. Бұлар - күлтелері тұтасып келген, жапырақтары кезектесіп орналасқан шөптесін өсімдіктер. Гүлдері жеке-дара немесе гүлшоғырда орналасады. Гүлі кіріккен 5 тостағанша жапырақшадан және кіріккен 5 күлте жапырақшадан тұрады. Сол себепті де оларды *кіріккенкүлтелілер* деп атайды. Күлте жапырақшаларының түп жағы қысқа түтікшеге бірігіп, қоңырау тәрізді болып келеді. Оның ортасында екі жеміс жапырақшалы аналық және 5 аталық орналасқан. Гүлінің формуласы: $Т_{(5)}К_{(5)}А_{5}Ж_{(2)}$. Жемісі- жидек немесе қауашақ.

Тағамғапайдаланылатын баялды, қызанақ, болгар бұрышы және т.б. көкөністер бұрыннан белгілі. Сондай-ақ дәрілік, сәндікжәнеулыөсімдіктері де болады. Арамшөпретіндеөсетін сасықмеңдуана, қарамеңдуана нағызулыөсімдіктер, әрі бұлар дәрілік өсімдіктерге де жатқызылады. Меңдуананыңтұқымымен жапырағықұрыспа ауруларға, демікпегедәріретінде қолданылады. Шырайгүл, қызылқұлақ - бұлар сәндік өсімдіктер. Өсімдіктің жидек-жемісін қампиып қаптайтын түзілісі болады, соған байланысты қызылқұлақ аталған.

Баялдының жабайы түрі Үндістанда өседі, көпжылдық алқа тұқымдас шөптесін өсімдік. Мәдени түрі – біржылдық. Сабағының биіктігі 30-70 см шамасында болады. Жапырақтары кезектесіп орналасады, шашақ тамырлы. Баялдының гүлі жапырақ қолтығында жеке немесе 2-7 бірігіп, шоғырланып орналасады. Күлтесі тұтасқан 5 күлте жапырақшадан тұрады. 5 аталығы күлтенің түбіне бекініп, ортасындағы 1 аналықты қоршап өседі. Жемісі -жидек, тұқымы майда болып келеді. Баялды жылу және ылғал сүйгіш өсімдік. Ол Қазақстанның оңтүстік облыстарында өсіріледі. Оның жемісі алмұрт немесе қияр тәрізді, түсі қоңыр немесе күлгін қара болып келеді, салмағы 0,4-1,0 кг-ға дейін болады. Жемісінің құрамында нәруыз, май, кальций, фосфор, темір болады. Баялды медицинада қан құрамындағы холестеринді азайту үшін және бауыр ауруын емдеуге қолданылады.

Қызанақ - алқа тұқымдасына жататын жылу сүйгіш бір жылдық шөптесін өсімдік. Жемісінің құрамында С, Р, В, А, К дәрумендері бар. Қызанақ тағамдық мәдени өсімдік. Болгар тәтті бұрышы мен қызыл бұрыштар да алқа тұқымдас өсімдіктер. Бұрышта С дәрумені болады. Тағамды дәмдеуге пайдаланылады. Картоп - алқа тұқымдасына жататын тағамдық және техникалық өсімдік, мал азығы ретінде де пайдаланылады. Картоптың жемісі жидек, ал тамырындағы түйнектер - оның жерасты өркендері. Картопты тұқымынан, сондай-ақ көзшесі бар түйнек бөліктерінен өсіруге болады. Оның түйнегінде крахмал мол болады.

Біз өз зерттеулерімізде педагогикалық экспериментіТүркістан қаласындағы М.Әбенова атындағы жалпы орта мектебінің 6-сыныптарында жүргіздік. Оқушылардың білім деңгейі дәрежесіне талдау жасау үшін сабақ екі сыныпқа екі түрлі әдістермен өткізілді. Екі сыныпқа қатар өтудегі мақсатымыз: оқушылардың алқа тұқымдасына жататын өсімдік түрлерінің алуан түрлілігі мен маңызы, биологиялық ерекшеліктері туралы білімдерін арттыру және қандай әдісті қолданғанда жаңа сабақты меңгеру мүмкіндігінің жоғары болатындығын анықтау еді. Зерттеу барысында 6 «А» сыныбынтәжірибелік, ал 6 «Ә» сыныбын бақылау сыныбы ретінде алдық. Әр сыныпты 4 топқа бөліп, топтық оқыту әдістерін қолдандық.

Топтық оқытудың басты мақсаты - оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді. Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды, жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады. Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

6 «А» сыныбындағы оқушыларға сабақ түсіндіру кезінде проблемалық әдістер қолданылды. Проблемалық мәселелерді шешуде қажетті білімділікті, үлкен белсенділікті, ақыл-ой жұмысына қабілеттілікті және т.б. талап етеді. Проблеманы тудырудағы мақсат - оқуды қиындату арқылыоқу материалдарын меңгерту, баланың ақыл-ой қабілетін ойлануға бағыттап көбірек жұмыс істету.

Осы мақсатта 6«А» сыныбындағы оқушыларға сабаққа тез бейімделу үшін шапшаң жауап беруге арналған сұрақтар қойылып әртүрлі тапсырмалар «Жасырын сөзді тап», «Оймаржан», «Ойлан – шешуін тап» секілді (әр командаға алдын-ала кесте түрінде дайындалған) тапсырмалар таратылды.

Жаңа сабақ презентациялар технологиясы арқылы сызба-нұсқа бойынша түсіндірілді.

Жаңа сабақты түсіндіру оқушыларға интербелсенді тақтадан көрсетілген суреттерді талдаудан басталды. Алқа тұқымдастардың көзге көрініп тұрған морфологиялық белгілерін: сабағын, жапырағын, гүл шоғырын, жеке гүлін және жемісін өткен сабақта танысқан өсімдіктер суреттерімен салыстыру арқылы сұрақ-жауап түрінде талқыланып, оқушылардың өздерінің көргендерін жеткізулеріне мүмкіндік берілді. Мүмкіндігінше барлық оқушылар қамтылды. Соңынан тақырып толықтырылып түсіндірілді. Бекіту кезеңінде алқа тұқымдасы өкілдері туралы тез жауап беретін сұрақтар тақтада жазылып көрсетілді. Әр топқа таратылған тапсырмалардың орындалуы тексеріліп, қорытынды бағалауда ескерілді.

Сабақ соңында оқушылардың жұмыстарын бағалау үшін білімді бағалаудың көпшілік қабылдаған критерийлері қолданылды. Оқушылардың білім көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген. Екі сыныптың оқушыларының қорытынды бағаларына қарап, салыстырмалы түрде білім сапасы шығарылды.

Кесте 1. - Оқушылардың білім деңгейлері

Сыныбы	Оқушы саны	Бағалары				Сапасы
		«5»	«4»	«3»	«2»	
6 «А» сыныбы	24	12	11	1	-	93%
6 «Ә» сыныбы	25	9	11	5	-	85%

Зерттеу нәтижелері бойынша, білім сапасы бақылау сыныбында 85 пайызды, ал тәжірибелік тобында 93 пайызды құрады. Бұдан оқыту барысында сабақта проблемалық әдістерді қолданғанда оқушылардың білім деңгейлерінің жоғары болатындығын байқауымызға болады.

Қазіргі заманғы қоғамның дамуы мектеп алдына оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және жетілдіру бойынша көптеген жаңа талаптар қоюда. XXI ғасырда мектепте жұмыс істейтін мұғалім оқу үдерісін қалай нәтижелірек етуге, өз пәніне деген оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тудыруүшіннеістеукерекдепүнеміойлануыкерек. Педагогалдындаоқушылардыңоқу-танымдық іс-әрекетіңұйымдастыру бойынша жаңаміндеттер-пайдаболды.Олміндеттертекбілімдіменгеруге, шеберліктер мен дағдыларды игеруге ғана емес, сонымен бірге өз әлеуетті мүмкіндігін жүзеге асыруға, әрбір оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға да бағытталуы тиіс.

Жаңартылғанбілім беру мазмұнының басты үштірегі - құзіреттілік, дағдыжәнетәрбие, бұлар қазіргі жаһандану кезеңінде жеке тұлғаның бойынан табылуға тиіс ең қажетті құндылықтар болып табылады. Білім алушы алған білімін қажетті жерде қолдана отырып дағды қалыптастырып, соның шыңына шығу арқылы құзіреттілікке қол жеткізсе құба-құп болар еді, ал тәрбиенің ықылым заманнан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан үрдіс екендігі бәрімізге белгілі.

Жаңартылған білімнің негізгі бір талабы – оқушыға білімді дайын күйінде бермеу. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей,білімалушыөзіізденіп,алғанбілімінісжүзіндеқолдана білсе, ондай білім оның есінде ең жоғары деңгейде сақталмақ. Демек, бұл бағдарлама негізінде оқушы білім де алады, дағды да қалыптасады, бәсекеге қабілетті тұлға да болады депсенеміз.

Биологиялық білім беру концепциясы табиғат заңдарын түсіну, оқушылардың биоэкологиялық білімі мен мәдениетінің қалыптастыруын қарастырады. Оқушылардың оқу іс-әрекетін өзгерту қажет, дәстүрлі пәндік-бағытталған оқытудан оқушының жеке тұлғасын дамытуды көздейтін құзіреттік-бағытталған оқыту түріне көшу қажет. Биологиялық білім берудің жетілдірілу жолдары құзіреттіліктен және оқытудың күтілетін нәтижелерінен шығады. Осыған байланысты оқытудың принциптері мен бағыттары өзгереді. Мектептегі биологияны оқыту қоғамды ізгілендіру мен үйлестіруге, оқушылардың адамгершілік, психикалық дамуына, оларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға және денсаулығын сақтауға ықпалын тигізуі тиіс. Биологиялық білім беру концепциясының оң жақтары: биологиялық білімнің жүйелі курсын аяқтау, аймақтық ерекшеліктерді ескеру, экологиялық заңдылықтарды ашу болып табылады. Биологиялық білім беру мазмұны нақты білімнің интеграциясын, яғни біріктірілуін пайдалануды, биология бөлімдері арасында байланыс орнатуды, әлемнің тұтас бейнесін және биологиялық үдерістер мен құбылыстардың мәнін түсіну үшін жалпы биологиялық заңдылықтармен танысуды көздейді. Биологиялық білім біртіндеп тереңдей түседі, табиғатқа ортақ жаңа ұғымдарды, заңдар мен теорияларды енгізу арқылы күрделене түседі. Мектептегі биологиялық білім беруді қайта құрудың негізгі бағыттары білім беру мазмұнын интеграциялаумен, саралаумен және кәсібилендірумен байланысты болды.

Биология мазмұнын жаңартудың келесі негізгі принциптерін атауға болады: 1) жеке тұлғалық бағдар; 2) ізгілендіру, мәдениеттілік; 3) білім беру мазмұнының фундаменталдылығы, әдіснамалық құраушысын күшейту; 4) оқушылардың денсаулығын сақтаудың басымдығы; 5) орта білім берудің практикалық бағдарын қамтамасыз ету; 6) білім беру мазмұнында іс-әрекет компонентін күшейту; 7) оқу жүктемесінің көлемін оңтайландыру; 8) интеграция, яғни біріктіру; 9) бейіндеу және саралау.

Осы принциптерге сүйене отырып, биологиялық білім берудің мазмұнын жаңартуды мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырған жөн:

1. Қазіргі биологиялық ғылымның даму жетістіктері мен үрдістерінің көрінісі.

2. Биологиялық білімнің тәрбиелік және да-

мытушылық әлеуетін, жалпы мәдени бағытын күшейту.

3. Табиғатты танудың әдіснамалық негізі ретінде теорияның рөлін арттыру.

4. Биологиялық білім берудің практикалық бағытын күшейту.

Биологиялық білім берудің мазмұнын жаңарту, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейтін мектеп биологиясының жаңа әлеуметтік-мәдени бағыты биологияны оқытудың барлық жүйесін -заманауи педагогикалық технологияларды, оқыту формаларын, әдістері мен тәсілдері, құралдарын пайдалануды жетілдіруді талап етеді [*Жумагулова К.А.,2016, 18 б.*].

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай» - деп Сократ айтқандай бәрі оқушыға білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қолында. Мектеп мұғалімінің міндеті - білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралдармен қамтамасыз ету және оқушының жеке, жұп, топ болып оқып, білім алып, жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін-өзі жетілдіруі және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалыптастыруы. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды енгізіп, дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарылататындығы сөзсіз. Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологиялардың оқу үрдісіндегі тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің алдына қойылған басты міндет.

Биология - бұл орта буында алғаш қосылып, оқытылатын пән. Сондықтан орта буындағы балалар өсімдік құрылысы, өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады. Осы пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданып, жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамыта отырып, оқушылардың осы пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Қорыта айтқанда, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалім алдынабірмақсатқояотырып,солмақсатқажетужолында шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне қол жеткізсе, егеменді еліміздің ұл-қыздарыбілімдідебіліктіболыпшықпақ. ЕртеңіненүміткүткенМәңгілікеліміздіңұрпағы білімді де білікті болуы үшін нақты жоспарлармен нақты қадамдар жасап, әр мұғалімнің шеберлігін шыңдайтын, жас ұрпақтың білімін дамытуға негізделген бұл жаңа жүйенің берері көп. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боларымызға сенімім мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә., Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», Астана. Ақорда.2017.
2. Ыбыраимжанов Қ.Т., Саурықова Ж.М., Жаңартылғанбіліммазмұнынаүйлесімдібастауышсыныптардағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3 (59) 2018. Б. 189-194.
3. Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә.Д., «Жаңартылған білім мазмұны – жаңашылдыққа бастама». Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 80-жылдығына арналған Алтынсарин оқулары «Білім беру сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. I кітап. Қостанай, 2019. Б. 248-251.
4. Абдуллина Г.Т., Юлдашева К.Ф., Инновациялық технология – бүгінгі күн талабы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2/2 (56) 2018. Б. 86-87.
5. Кусымбаева С.К., Мусажанова З.Д., «Инновационные технологии и методы на уроках биологии в школах, в контексте "Рухани жаңғыру"». Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 80-жылдығына арналған Алтынсарин оқулары «Білім беру сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. II кітап. Қостанай, 2019. Б. 336-340.
6. Жумагулова К.А. Обновление содержания биологического образования. Актуальные проблемы педагогики. Алматы. 2016. С. 17-20.

СЕМБАЕВА АРДАК МАУЛЕНОВНА
кандидат педагогических наук, и.о.доцент
Кафедра педагогика и образовательного менеджмента
КазНУ имени аль-Фараби

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Түйін. Мақалада заманауи сандық технологиялар және білім беру саласының сандық трансформациясы ұғымдары қарастырылады. Еліміздің жоғарғы оқу орындары ең қысқа мерзімде соңғы технологиялар мен бағдарламаларды қолдана отырып, қашықтықтан оқытуға көшкендігі туралы. Цифрландыру білім беру ұйымдарына ғылыми білімдерді тарату және беру саласындағы инновациялар мен ең заманауи оқиғалар туралы хабардар болуға көмектесетініне, сонымен қатар оларды жаңа, заманауи технологиялық базада білім беру қызметтерін көрсетуге мүмкіндік беретініне назар аударады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің мысалында қашықтықтан оқыту түріне көшу тез және қиындықсыз өткендігі көрсетілген. Автор ұрпақтар мен өзгеріп отырған орта мәселелеріне жауаптар өте орынды және нақты анықталған деп тұжырымдайды.

Түйінді сөздер: цифрландыру, сандық трансформация, білім беру саласын цифрландыру, сандық технологиялар.

Резюме. В статье рассматриваются понятия современные цифровые технологии и цифровая трансформация отрасли образования. О том, что в кратчайшие сроки вузы страны перешли на дистанционное обучение, применяя самые последние технологии и программы.Обращается внимание на то, что цифровизацияпомогает образовательным организациям оставаться в курсе инноваций и самых современных разработок в области распространения и передачи научного знания, а также способствует оперативно овладевать ими, что позволяет оказывать образовательные услуги на новой, современной технологической базе.Показано на примере Казну имени аль-Фараби, чтопереход на дистанционную форму обучения прошел быстро и без особых сложностей.Автором сделан вывод,что ответы на вызовы поколения и меняющейся среды вполне выполнимы и достаточно определены.

Ключевые слова: цифровизация, цифровая трансформация,цифровизация отрасли образования, цифровые технологии.

Summary. The article discusses the concepts of modern digital technology and the digital transformation of the education industry. The fact that in the shortest possible time, the country's universities have switched to distance learning, using the latest technologies and programs. Attention is drawn to the fact that digitalization helps educational organizations to be aware of innovations and the most modern developments in the field of dissemination and transfer of scientific knowledge, and also helps to quickly master them, which allows providing educational services on a new, modern technological base. It is shown by the example of Kazakh National University named after Al-Farabi that the transition to the distance learning form was quick and without any difficulties. The author concluded that the answers to the challenges of the generation and the changing environment are quite feasible and well defined.

Keywords: digitalization, digital transformation, digitalization of the education industry, digital technologies.

Цифровизация стала естественным элементом у совершенствования всех сфер жизни современного общества, в том числе и системы образования. Образовательные учреждения, как организации, стоящие на передовой интеллектуального развития страны, оказались в условиях необходимости оперативных трансформаций. В кратчайшие сроки вузы страны перешли на дистанционное обучение, применяя самые последние технологии и программы.

Сегодняшняя вузовская образовательная система стала очень гибкой, соответствуя требованиям времени и введенному в Республике Казахстан, чрезвычайному положению из–за пандемии COVID-19, произошли обновления содержания образования, его методической системы в области способов и средств обучения.

На сегодняшний день активное использование цифровых ресурсов и технологий уже не тенденция, а реальность. Цифровые технологии поменяли не только представление о мире, но и мир в целом.

Современные цифровые технологии предоставляют новые инструменты для развития образовательных учреждений во всем мире. Цифровые технологии дали возможность быстрого обмена опытомизнаниями, адаптации онлайн-обучения, развития цифровых библиотек. Благодаря чему мы суверенностью можем говорить о глобализации научного мира и активном развитии академической мобильности.

Встратегическом обновлении современного вуза, естественно, сыграет и цифровая трансформация. Так как необходима свое образная

перезагрузка человеческого потенциала, апгрейд профессионального капитала, серия глубоких искоординированных изменений в культуре, коммуникации учебного заведения, оптимизация всех его внутренних процессов.

Цифровизация, или диджитализация (от англ. digital – цифровой) – процесс внедрения цифровыхсистем передачи на уровне первичных сетей,средств коммутации и управления, обеспечивающих передачу и распределение потоков информации в цифровом виде на уровне вторичных сетей,т.е. переход на цифровой способ связи, записи ипередачи данных с помощью цифровых устройств.При этом термин «цифровизация» используется дляописания трансформации, которая идет дальше,чем просто замена аналогового или физическогоресурса на цифровой или информационный. Любойпереведенный в электронный вариант объект представляет собой целый набор интерактивных имультимедийных опытов[Гугелев А.В., Бонюшко Н.А., Семченко А.А.,2019, с. 91].

Цифровизация – это новая социальная ситуация «цифрового разрыва», «цифрового гражданства», «цифровой социализации». Основные изменения в образовании связаны с цифровизацией образования. В процессе цифровизации фундаментально меняются сама структура обучения и организация образовательного процесса. Использование новых информационно-коммуникационных технологий является начальным условием для дальнейшего развития цифровой педагогики [Сафуанов Р.М., Лехмус М.Ю., Колганов Е.А., 2019, с.116].

Информатизация отрасли образования – это целенаправленное совершенствование работы с информацией (ее сбором, хранением, передачей, обработкой, применением и т.д.) в рамках как образовательного процесса, так и в целом деятельности образовательной организации», в то время как «цифровизация отрасли образования – это ее информатизация на основе замещения аналоговых технологий работы с информацией прорывными информационными технологиями (далее – ИТ), цифровыми технологиями (далее – ИТ)».

«Цифровая трансформация отрасли образования – это качественное изменение как самого образовательного процесса, так и образовательной деятельности на основе освоения прорывных информационных (цифровых) технологий» [Южаков В.Н., Ефремов А.А.. 2018, с. 19–20],

Цифровая трансформация – это процесс интеграции цифровых технологийво все аспекты деятельности организаций, требующий внесения коренных изменений в технологии,культуру, операции и принципы создания новыхпродуктов и услуг. Цифровая трансформация предполагает масштабное изменение и пересмотр всехосновополагающих компонентов устройства и состава организации: от операционной модели доинфраструктуры, которое приводит к фундаментальным изменениям в работе организации и отражается на ее взаимодействии с клиентами.

Суть цифровой трансформации образования:

*в достижениине обходимых образовательных результатов за счет персонализации образовательного процесса;

*в развитии цифровой образовательной среды в учебных заведениях;

*в обеспечении общедоступного широкополосного доступа к Интернету, работы с большими данными.

При цифровой трансформации образовании акценты в обучении должны сместится на освоениеновых способностей: способностей каналиу, экспертизе и переносы освоенных знаний и умений в новые ситуации.

Персонализированная организация обучения формирует учебную самостоятельность студентов, развивает их способности и личностный потенциал.

Происходитиз менение роли преподавателя. Современный преподаватель превращается из носителя транслируемых знаний и умений в навигатора, который помогает ориентироваться в базах знаний.

Также помимо профессиональных компетенций, преподавателю нужно быть в курсе современной медиакультуры, трендов визуального дизайна, владеть цифровыми инструментами разработки графического, а иногда и видеоконтента [Н.Н. Зильберман, 2019, с. 251].

Говоря о цифровизации и цифровой трансформации в деятельности любой структуры, можно выделить три ключевых фактора такой трансформации: изменение технологий, изменение конкуренции и изменение потребительского спроса. Когда любые два из этих факторов совпадают таким

образом, что прежняя операционная модель ведения дел больше не подходит для продуктивной работы, структура достигает своего переломного момента: здесь либо осуществляется переход в «цифру», либо начинается неизбежное отставание такой структуры от конкурентов. Нужно четко понимать, что каждое прогрессивное предприятие или государственная структура должны активно использовать цифровые технологии [Гугелев А.В., Семченко А.А., 2019. с.16].

Независимоотвыбраннойстратегии,университетыстраныдолжныпройтицифровуютрансформацию, она объясняетсяследующимифакторами:

1. Сегодняшние студенты находятся в постоянной коммуникации как очном, так и виртуальным формате, по сути их процесс социализации многоканален и постоянен, так же цифровые устройства стали для них неотъемлемым инструментом познания. Цифровизация университета сделает его более адаптированным для целевой

аудитории, что приведет к повышению конкурентоспособности вузана рынке образования.

2. Свое временное внедрение новых технологий и готовность к фундаментальным сдвигам в сторону образовательной системы нового поколения, позволит сохранить за собой конкурентное преимущество университета.

3. Цифровизация внутренних процессов университета увеличит эффективность взаимодействия подразделений на уровне всего учебного заведения.

На наш взгляд, релевантность, проактивность и операционное превосходство дадут возможность нашим образовательным организациям в будущем конкурировать в цифровой сфере.

В условиях беспрецедентной модернизации Казахский национальный университет имени аль-Фараби быстро адаптировался для сохранения своих уникальных качеств и конкурентных преимуществ, грамотно выстроил стратегию своего дальнейшего развития.

В Казахском национальном университете уже реализуется модель «университета 4.0» в рамках проекта «AI-FarabiUniversitysmartcity». Проект предполагает внедрение облачных технологий в автоматизацию деятельности вуза, Smart-технологии в управление инфраструктурой кампуса и технологии BigData для формирования аналитической системы. Не случайно, компания «Microsoft» выбрала Казну партнером в формировании инновационного вектора развития IT-платформы высшего образования КазНУ первым в Казахстане дал старт массовым открытым онлайн-курсам, что позволило запустить Национальную платформу открытого образования. Мощный импульс формированию технологической платформы университета на базе проекта «Е-кампус» придали научно-образовательные центры «Hewlett-Packard», «Cisco», «KonicaMinolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», «Лаборатория Касперского», Microsoft, Intel, Huawei. Совместно с Институтом дистанционного зондирования и цифровой Земли Академии Наук КНР (RADI) создан Центр цифровизации зондирования Земли. Начата работа по созданию совместно с Гонконским политехническим университетом научно-образовательной лаборатории – Технолофт Индустрии 4.0 [Республиканская образовательная общественно-политическая газета, 16.01.2018].

Надо признать, что первые недели после введения режима ЧП в РК, в стране и системе образования были проблемы с функционированием информационных ресурсов и электронных услуг. При проведении удаленных занятий, обнажились слабые стороны технического обеспечения,а именно, не готовность цифровых площадок для проведения вебинаров (zoom.com, webinar.ru и т.д), слабые каналы связи отечественных провайдеров интернет. А также недостаточная оснащенность сетью интернет населенных пунктов и отдельных районов РК.

Для Казну имени аль-Фараби дистанционная форма обучения — формат не новый, поэтому переход прошел быстро и без особых сложностей.При этом, студенты из регионов, уехавшие домой на время карантина, не прерывали учебный процесс, в случае отсутствия постоянного интернет соединения получали доступ к лекциям в удобное для них время.

Обучаемые пользовались IT-инструментами, обеспечивающими эффект присутствия на занятиях и online коммуникацию учебного процесса — MicrosoftTeams, Skype, Zoom. Также, студенты создали свои электронные ресурсы, интерактивные упражнения, модули для дистанционного обучения на основе LMS Moodle, находили и критически оценивали информацию, необходимую для создания цифровой среды обучения.

За период пандемии в онлайн формате на платформе ZOOM провели Международную научную конференцию студентов и молодых ученых «Фарабиәлемі» (6-9 апреля 2020 г.). В конференции участвовалоболее 3,5тысяч участников из числастудентов, магистрантов имолодых ученых Казахстана.117 участников из стран дальнего зарубежья и стран СНГ (Китай, Турция, Россия, Украина, Корея). Было организовано 22 онлайн секций, 70 круглых столов и научных семинаров, а также выпустили электронный сборник.

Также в новом формате при соблюдении дистанционного режима дискуссий(05 мая 2020 г.) провелиМеждународную научно-практическуюконференцию посвященную 110-летию со дня рождения Т.Т. Тажибаева «Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность». Состоялся круглый стол «Качество образования с позиции требований международных и отечественных исследований» для празднования 80-летия кафедры педагогики и образовательного менеджмента.

На платформе ZOOM успешно провелиреспубликанскую олимпиаду, серию онлайн-вебинаров «Второй учитель», «Концепция идеального государства аль-Фараби», семинары, кинотренинги, дебатные турниры, викторины. А также онлайн тренировки и репетиции; онлайн встречи с интересными персонами; дистанционные творческие лаборатории, работа в проектах.

Опыт показал, что ответы на вызовы поколения и меняющейся среды вполне выполнимы и достаточно определены.

Разумеется, что полноценное образование с использованием дистанционных технологий возможно только при сочетании должного уровня качества контента с online-сервисом, в котором присутствует удобная навигация между лекциями, ясная структура учебного процесса и

бесперебойная запись и трансляция учебных аудио-видео материалов.

Таким образом, цифровизация помогает образовательным организациям оставаться в курсе инноваций и самых современных разработок в области распространения и передачи научного знания, а также способствует оперативно овладевать ими, что позволило оказывать образовательные услуги на новой, современной технологической базе.

Сохраняя верность традициям, Казахский национальный университет имени аль-Фарабии-дёт в ногу со временем и отвечает требованиям тенденций современной науки, в то же время остается образцом в области подготовки высококвалифицированных кадров и вносит свой вклад в развитие прогрессивных форм и методов обучения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Гугелев А.В., Бонюшко Н.А., Семченко А.А. К вопросу обеспечения качества в контексте цифровизационных процессов. Вестник СГСЭУ. 2019. № 3 (77), С.91-95
2. Сафуанов Р.М., Лехмус М.Ю., Колганов Е.А. Цифровизация системы образования // Вестник УГНТУ. Наука, образование, экономика. Серия экономика. № 2 (28), 2019, С. 116-121
3. Южаков В.Н., Ефремов А.А. Правовые и организационные барьеры для цифровизации образования в Российской Федерации // Российское право. Образование, практика, наука. 2018. № 6. С. 18–24.
4. Н.Н. Зильберман. Отвечаем на вызовы поколения в университете (из опыта преподавания С. 244-252 //EdCrunchТомск : материалы международной конференции по новым образовательным технологиям.г. Томск, 29–31 мая 2019 г. – Томск : Издательский Дом Томского государственного университета, 2019. – 400 с.)
5. Гугелев А.В., Семченко А.А. Цифровые трансформации как необходимый процесс образовательного учреждения в условиях современной глобализации // Вестник СГСЭУ. 2019. № 2 (76), С. 15-20.
6. КазНУ принял дорожную карту цифровизации // «Білімді ел – Образованная страна», Республиканская образовательная общественно-политическая газета, 16.01.2018

УДК:378.2

СУГУРАЛИЕВА АЛИЯ МУХАНБЕДЖАНҚЫЗЫ
3 курс докторанты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

РАХМЕТ ҮСЕНБЕК РАХМЕТҰЛЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

Түйін. Мақалада мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ. Кәсіби құзыреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылған. Қазіргі заман мұғалімінің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алатындығы туралы атап көрсетілді.

Түйінді сөздер: құзырет, бәсекеге қабілетті, кәсіби, педагогика,шығармашыл, педагог.

Резюме. В статье профессиональная компетентность учителя является основой образования, ориентированного на определенные результаты, отвечающие требованиям современного века. Профессиональная компетентность рассматривается как описание образованных, позволяющих выражать авторитетное мнение о чем-либо. Было отмечено, что задача современного учителя заключается в том, что наука и техника способны формировать образованную, творчески склонную, компетентную и конкурентоспособную личность, способную жить в стремительно развивающемся мире, готовую к полной самореализации в пользу общества.

Ключевые слова: компетенции, конкурентоспособные, профессиональные, педагогические, творческие, педагоги.

Summary. In the article the professional competence of the teacher is the basis of education focused on certain results that meet the requirements of the modern century. Professional competence is considered as a description of the educated, allowing to Express an authoritative opinion about anything. It was noted that the task of the modern teacher is that science and technology are able to form an educated, creative, competent and competitive personality, able to live in a rapidly developing world, ready for full self-realization in favor of society.

Key words: competences, competitive, professional, pedagogical,creative, teachers

Білім берудегі тұлғалық-бағдарлық тұрғысынан қарау бағыты жеке тұлғаны ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңа бәсекеге көтерілуі үшін әлемдік білім беру кеңістігінде ықпалдастық қарым-қатынаста болғаны абзал. Елбасы «XXI ғасыр жоғары технологиялар дәуірі болады» деген сөзіне лайық мамандар дайындау мәселесінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі білім беру саласындағы проблема-әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру. Қоғам талабына сай шебер мұғалім болу заман талабы болып тұрғаны анық [1]. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анықтап көрсетілген. Педагогикалық сөздіктерде тәрбие барысындағы *тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан қарауды* педагогтардың баланы жеке тұлға ретінде және тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Педагогикада бұл теория тәрбиенің субъект-субъектілі процесс ретінде анықталуына байланысты XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап қалыптаса бастады [2].Құзыреттілік тұрғыдан келу қазіргі үздіксіз білім беру, соның ішінде кәсіби білім беруде, білімді дамытудың келесі үрдістерін айқындайды.

Біріншіден, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі. Сондықтан білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушылардың өзбетіндік, танымдық және практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру міндеті ерекше өзектеліп отыр.

Екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдарының ролі артады. Қазіргі кезеңдегі оқыту технологиясында оқытудың ақпараттық технологиясының құралдары ерекше мәнге ие болуда.

Үшіншіден, білім беруді жүзеге асырудың да-

ралап оқыту ұстанымының ролін күшейтеді, әрбір білім алушы үшін оқу үдерісін даралауды жүзеге асыруды көздейді.

Төртіншіден, білім беруде пәндік-бағдарлық жүйеден жобалау жүйесіне көшуге бағыттайды.

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын жасауда негізгі ереже ретінде төмендегілерді көрсетеді:

- құзыреттілік ұғымы тек танымдық және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотиациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни ол оқыту нәтижелерін (білім мен іскерлікті), құндылық бағдар жүйелерін, әдет және т.б. қамтиды.

- құзыреттілік – алынған білім, іскерлік, тәжірибе мен мінез-құлық тәсілдерін нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілетін білдіреді.

Студенттерді жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби дайындау мәселелерімен С.А.Архангельский, Л.М.Митина, Б.Т.Кенжебеков, А.Нұғысова, Б.Д.Сыдықов және т.б. мұғалім тұлғасын қалыптастырудың жалпы дидактикалық мәселелерімен Т.А.Ильина, В.Н.Кузьмина, В.А.Сластенин, Т.Сабыров және т.б. мұғалім дайындығының жалпы психологиялық мәселелерімен В.В.Давыдов, Қ.Жарықбаев, С.Л.Рубинштейн және т.б. айналысты.

Қазіргі кезде психология, педагогика ғылымдарында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуы үдерісіндегі мазмұны мен құрылымын зерттеудің профессиографиялық, деңгейлік және міндеттік сияқты бірнеше тәсілдері бар екені байқалады. Сонымен қатар И.Ф.Исаев, Н.Д.Хмель және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнын анықтаудың ұстанымдары түрліше айқындалған.

Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы сол кезеңдегі білім жүйесінің дамуымен тікелей байланысты болғандықтан, зерттеу барысында зерделенген қазақстанның білім саласының жағдайы мен маман кадрлар даярлау мәселелеріне арналған ғылыми-педагогикалық еңбектерде: еліміздегі педагогика ғылымының, мектептердің дамуы (Қ.Бержанов, А.И.Сембаев, Ә.Сытдықов, Т.Тәжібаев, Г.М.Храпченков, С.Мусин, И.Б.Мадин, Қ.Б.Сейталиев, К.Қ.Құнантаева және т.б.); болашақ мұғалімдерді дидактикалық және әдістемелік тұрғыда дайындау (А.Е.Әбілқасымова, Б.Баймұханов, Т.С.Сабыров, М.Ж.Жадрина, С.А.Жолдасбекова, Ә.А.Молдажанова, С.С.Маусымбаев, А.Нұғысова, Д.Рахымбек, Қ.Ж.Қарақұлов, Б.Қасқатаева және т.б.); мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін, шығармашылық ізденісін қалыптастыру (Ш.Т.Таубаева, Е.И.Бурдина, Б.А.Тұрғанбаева, Н.А.Шамельханова және т.б.); жоғары оқу орындарында студенттерге кәсіби білім беру мәселелері (Ш.А.Абдраман, Т.Ә.Қышқашбаев, О.Мұсабеков, О.Сыздықов, А.Қ.Қозыбай); компьютерлік технологияны оқу үрдісіне енгізіп, болашақ мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау (Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, Ж.Ж.Жанабаев, Қ.Қ.Қабдықайыров, С.М.Кеңесбаев, М.С.Мәлібекова) мәселелері жан-жақты талданған.

Педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығы сияқты сипаттамасы болып табылады. Бұдан басқа, бұл тәсіл біздің қарастырылып отырған жүйеде оңтайлы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.Біздің әдіснамалық негіз ретінде таңдаған құзыреттілік тәсіліміз ресейлік және шетелдік білім берудің көптеген ғалымдары мен тәжірибелері (К. Грей, Дж.Бұл мақаланы толықтырып, дамыту арқылы, Уикипедияға көмектесе аласыз.)].Шетел педагогикасындағы құзыретті тәсілдің мәнін теориялық талдау (К.Грей, Дж. Э.Хэррр және т. б.) кәсіби-проактивті оқыту бастапқыда конструктивистік және бихевористік философияға негізделгенін көрсетті. Ресей біліміндегі құзыреттілік тәсіл-бұл педагогикалық қағидаттар, қызмет қағидалары мен әдістерінің жүйесі, студенттердің әмбебап қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайтын, бұл ретте міндетті болып табылады: қоғамның әлеуметтік-мәдени ағымдарына сәйкестігі; білім берудегі іс-әрекет ұстанымдарын сақтау; эмоциялық-тұлғалық саланы дамытуға бағдарлау.О.Е.Лебедев құзыретті көзқарас тұрғысынан, білімділік деңгейі теріске шығарылмайтын, бірақ оларды пайдалану қабілетіне назар аударылатын бар заннамалар негізінде түрлі күрделіліктегі мәселелерді шешу қабілеттілігімен анықталады. Мұндай тәсілде білім беру мақсаттары білім алушылардың жаңа мүмкіндіктерін жоққа шығармайтын терминдерде, олардың тұлғалық әлеуетінің өсуі сипатталады. Кәсіптік білім берудегі құзыреттілік тәсіл оқыту мен бағалаудың мақсатты бағытын өзгертеді, оларды оның негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған етеді: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз мамандығын еркін меңгерген және аралас салаларда бағдарланған, әлемдік стандарттар деңгейінде тиімді жұмыс істеуге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, Әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын білікті қызметкерді даярлау.; жеке тұлғаның тиісті білім алуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.Қазіргі кезеңде, А. Андреев, құзыреттілік тәсіл өзін-өзі анықтау сатысынан өзін-өзі жүзеге асыру сатысына өтеді, онда олар мәлімдеген жалпы қағидаттар мен әдіснамалық ұстанымдар әртүрлі қолданбалы әзірлемелерде өзін растауы тиіс.Педагогтардың кәсібі-дидактилық құзіреттілігін қалыптастыру оларды тек мәдениет туралы мәліметтермен ғана байытып қоймайды, оларға өзін тануға, өзінің жеке "менін" қалыптастыруда, кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейге көтерілуге көмектеседі. Бұл жерде білім берудің мемлекеттік стандартына қойылатын та-

лаптардың да қатысы бар. Қазіргі стандарттарда құзіреттілік тұрғыда көңіл бөлу байқалғанмен, әлі де жетістіруді қажет етеді.

Сонымен қатар, оқу үдерісі кезінде студенттердің педагогикалық терия мен практиканың өзара байланысын жүзеге асыру үшін қажет біліктерді нақтылауға, яғни педагогикалық білімді практикада қолдана білу, әдістемелік мәселелерді қоя білуге және шешуге қажет жаңа әдістемелік білім алу, өзінің ғылыми іс-әрекетін ғылымға қойылатын талаптар тұрғысынан талдай білу, педагогикалық зеттерулерге әдіснамалық сипаттама жасау біліктерін қалыптастыруға үйрену қажет.

Осылайша, жүйелі, жеке тұлғаға бағытталған және құзыреттілік тәсілдердің жиынтығы болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Қойылған мәселені шешу үшін «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі»ұғымдарының мәнін анықтаудың негізгі тәсілдерін талдаймыз.

Әдеби дереккөздерді зерттеу нәтижелері мынаны көрсетті: Біріншіден, философиялық және психологиялық сөздіктерде «құзыреттілік» ұғымын түсіндіру, екіншіден, кейбір авторлар психологиялық-педагогикалық әдебиетте «құзыреттілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын ажыратпайды [3].»Құзыреттілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын дамыту үшін орыс тілінің түсіндірме сөздігінде, басқару бойынша түсіндірме сөздікте және т. б. осы ұғымдардың қалай анықталатынына талдау жасаймыз.:

- бұл осы органның жарғысында немесе басқа ережелерде белгіленген қандай да бір органның немесе лауазымды тұлғаның өкілеттіктерінің (құқықтары мен міндеттерінің) жиынтығы;

- - біреу жақсы білетін сұрақтар саласы;

- - белгілі бір тұлғаның жеке мүмкіндіктері, белгілі бір білім мен дағдыларды әзірлеуге қатысуға мүмкіндік беретін біліктілігі (білімі, тәжірибесі).

Педагогтің зерттеу мәдениеті мұғалімнің әдіснамалық құзыреттілігін қалыптастыруда негізгі құралы болмақшы. А.И.Кочетов, Н.В. Кухаревтің еңбектерінде мұғалімнің зерттеу мәдениеті оқыту мен тәрбие үрдісінде, педагогикалық шығармашылықтың зерттеу бағытын жетілдірудің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ғалым Н.В.Кухарев "Педагог-мастер-педагог-исследователь" атты монографиясында жалпы білім беретін мектептің өзін-өзі дамытатын жүйе жағдайында педагог-зерттеушінің қалыптасуының жүйе-құрылымдық нобайн ұсынады. Ғалым ұсынған ғылыми-практикалық құрылым педагогтің зерттеуші ретінде педагогикалық еңбектің тиімділігін жобалау мен диагностикалауға бағытталады. Зерттеу элементтері әдіснамалық іс-әрекетке де тиесілі. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагог зерттеуші-педагог қызметін де атқарады. Шығармашылықпен жқмыс жасайтын мұғалімдердің, жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу – педагогика ғылымының дамуының басты шарты.

Соңғы кезде қоғамның жаңартуына байланысты, жаңа формацияны, жаңа мұғалімі педагог-зерттеуші ретінде құрастырырып жатырмыз. Педагог-зерттеуші әрі мұғалім ретінде, әрі тәрбиеші ретінде де жоғары деңгейдегі маман, ол әртүрлі зерттеу әдістерін жақсы меңгерген, педагогика, психология, философия саласындағы арнайы білімі бар. Педагог-зерттеуші қазіргі мектеп мәселелерімен жақсы таныс [4]. Педагог-зерттеуші өз ісіне жауапкершілігі жоғары, белсенді, шығармашыл мұғалім. Педагог-зерттеуші алынған мәселе төңірегінде өз оқушыларымен эксперимент жүргізе алатын, оның нәтижесін бағалай алатын озат мұғалім. Педагогтің кәсіби-зерттеу іс-әрекетіне даярлау мотивациялық, когнитивтік және технологиялық компонементтері бар біртұтас тұлғалық жүйенің сипаттамасын меңгеру болып табылады.

Бұл анықтамалардың екі жақты болуы біздің пікірімізше құзыреттілік ұғымының педагогикалық және психологиялық құрамдас бөлігімен байланысты.

Құзыреттілік-ол үшін жеке-маңызды іс-әрекетте көрінетін субъектінің білім, білік, қабілеттерінің жиынтығы. Ал құзырет деп субъект хабардар болып табылатын мәселелер саласын түсінеміз. Ендеше ұстаздарды жаңа жолдар күтіп тұр деуге болады. Сол жолдарда сәттіліктер болсын!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Муканова С.Д. Контекст организации компетентностно-ориентированного образования а Казахстане. – Алматы, 2009.
3. Ковжасарова М.Р., Нурахметов Н., Аульбекова Г.Д. Технологизация учебного процесса: Казахстанский опыт. – Алматы, 2005. – 224 с.
4.Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы оқу құралы. - Алматы : Қарасай, 2016. – 312б . -

УДК 37.032

СУЮНДИКОВА МАРГИСАТ КАБИДЕНОВНА
Педагогика және психология мамандығы бойынша 2 курс докторанты
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

ЖУМАТАЕВА ЕНГИЛИКА
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА КРЕАТИВТІК ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУҒА БӨГЕТ БОЛАТЫН КЕДЕРГІЛЕР

Түйін. Мақалада тұлғаның шығармашылық, креативтік ойлау қабілетін дамытуға бөгет болатын кедергілерталданады. Кедергілер тұлғалық қасиетке, когнитивтік қабілетке және ортаға қатысты қарастырылады.

Түйінді сөздер: креативтік ойлау, тұлғалық кедергілер, когнитивтік кедергілер, креативтік орта

Резюме. В статье анализируются барьеры, препятствующие развитию способностей творческого, креативного мышления личности. Рассматриваются такие барьеры как личностные, когнитивные и средовые.

Ключевые слова: креативное мышление, личностные барьеры, когнитивные барьеры, креативная среда.

Summary. The article analyzes the barriers that hinder the development of the abilities of creative thinking of individual. Barriers such as personality, cognitive and environmental are considered.

Key words: creative thinking, personality barriers, cognitive barriers, creative environment.

КІРІСПЕ

XXI ғасыр - өзгерістерге, түрлі табиғи, әлеуметтік, экономикалық, технологиялық дағдарыстарға толы заман. Осындай заманда туындап отырған проблемалар да өткен ғасырдағы проблемелардан мүлде өзгеше. Атам қазақ *«заманына қарай адамы»* дегендей, қазіргі кезде өз заманының проблемаларын шешуге қабілетті, заманауи, креативті ойлай алатын тұлғаның болуы шарт.

Креативті болу дегеніміз бейстандарт ойлауды, ерекше және соны нәрсе ойлап шығару, іс-әрекетінде шаблоннан бас тартуды, бірден мәселенің бірнеше балама шешімін таба білуді, кез келген мәселеге шығармашылық тұрғыдан қарауды білдіреді[1]. Бірақ, креативті, шығармашыл тұлғаның қалыптасуына көптеген кедергілер бөгет болып отырады. Креативтік кедергілер тумасынан адам бойында бар шығармашылық әлеуеттің ашылуына тосқауыл болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Креативтік, шығармашылық ойлауды қалыптастыру проблемалары мен кедергілерін А. Маслоу, Н.Д. Левитов, М.М. Жердева, Воскобойников В.М., Л.Б. Ермолаева-Томина, А.Н.Лук, Берельсон менСтейнер сияқты ғалымдар зерттеген.

А.Маслоу шығармашылықты бұғаулайтын тұлғаның жеке басына қатыстыкедергілерді, атап айтқанда, конформизмді *(басқаларға ұқсау, өз ойын айтуға қорқу, күлкілі болып көрінгісі келмеу, басқалардың ойымен келісушілік*), ішкі және сыртқа цензураны *(тұлғаның суперэгосының салдарынан дәстүрлі емес, ерекше ойды саналы немесе бейсана түрде басу)*, ойлау салқындылығын *(ой стереотиптілігі, типті тапсырмаларды стандартты тәсілмен шешу әдеті),* ойдың импульсивтілігін *(жауапты жылдам тапқысы келуі, күшті уәждеме болғанда пайдаболатын адекватсыз, мұқият ойланбаған шешімдер табу ниеті)*, танымдық эгоцентризмді *(бір ойдан екінші ойға ауысуға, танымдық перспективті ауыстыруға қабілетсіздік*) ерекше атап көрсеткен [Maslow A.H., 1959].

М.Жердева кедергілерді ішкі және сыртқы факторлар деп екіге бөліп қарастырған. *Ішкі факторларға* тұлғаның өзінің шығармашылық потенциалын дамыту ниетінің жоқтығын, ерік-жігерінің жеткілікті дамымағанын, талантының, білімінің болмауын, жалқаулықты, мақсаттылықтың болмауын, ал *сыртқы факторларға* – материалдық деңгейінің төмендігін, туған-туысқан мен жақындар, оқытушылар мен ата-анасы тарапынан қолдаудың болмауын, ниеттес адамдардың жоқтығын жатқызады [ЖердеваМ.М., 2005, 462 б].

В.М.Воскобойников болса, кедергілерді контрсуггестивтік, тезаурустік және интеракциондық деп үшке бөлген. *Контрсуггестивтік* кедергілер қатарына теріс ұғымды, өз күшіне сенбеушілікті, басқаларға сенімсіздік танытуды, бейімделгішті; *тезаурустыққа* – білім мен интеллектуалды даму деңгейінің төмендігін, ақпараттың қолжетімсіздігін, ал *интеракциондыққа* – өзінің де, басқаның да жұмысын жоспарлай алмауы мен ұйымдастыра алмауын жатқызады [Воскобойников В.М., 1996].

Л.Б.Ермолаева-Томина пробллемаларды шығармашылық тұрғыдан шешуді қиындадатын факторларға: бар жағдайдың өзгеріссіз қалуын қалайтынды, ерекше идеяның өздігінен пайда болуын күтуді, ерекше шешімді ерекше болып көрінуі үшін іздеуді, қоғамдық маңызы бар мақсатқа немқұрайлы қарауды, қоршаған ортаны өзгертуге ұмтылмай, оған бейімделуді жатқызған [Ермолаева-Томина Л.Б.,1975].

Мақалада креативтік ойлауды дамытуға бөгет болатын кедергілер тұлғалық қасиетке, когнитивтік қабілетке және ортаға қатысты қарастырылады.

1. Тұлғалық кедергілер. Адам кез келген нәрсені,ең алдымен, эмоционалдық тұрғыдан қабылдайтын болғандықтан, тұлғалық кедергілерді талдауды психикалық, эмоционалдық күй-жайдан бастағанымыз жөн. Креативтіліктің ең басты жауы болып табылатын *қорқыныш* сезімі адамның қиялы мен ынтасын тежейді [Лук А.Н., 1978, 71 б]. Адамдардың көбі креативті идея ұсынуға қауіптенеді. Себебі, олар өздерінің ұсынған идеясын адамдар күлкі қылады, сынайды немесе идеяны қабылдаумауы мүмкін деген ойдан қорқады. Тұлғада, егер оның идеясын қабылдамаса, демек оның өзінен теріс айналады деген сезім пайда болады. Өкінішке орай, адамдар осындай сезімнің одан бетер күшеюіне септігін тигізіп жатады. Көбінесе олар креативті идеяға емес, идеяны ұсынған адамға баға береді.Көпшіліктің осындай реакциясы болуы әбден мүмкін болғандықтан, тұлғаға креативтік мінез-құлық қауіпсіз болып көрінбейді. Екінші жағынан, адамдар кез келген істі бақылауда ұстағанды ұнатады. Ал, креативті, шығармашыл істі басқару қиын. Басқаруға, қадағалауға келмейтін іс қауіпті болып саналады. Проблеманы шешу үшін мүлде басқа, жаңа, дәстүрлі емес тәсілді қолдану туралы ойдың өзі қалыптасқан тәртіпке, жағдайға қауіп төндіретіндей көрінеді. Негізі, адамның таңдауы, мүмкіндіктері көбейген сайын ситуацияны басқаруы да жеңілдей түседі. Креативтілікті қауіп ретінде емес, шығармашылықтың көзі деп қабылдап, оған дайын болғаны дұрыс. Үшіншіден, креативті ойлау – тәуекелге бару дегенді білдіреді. Егер тұлға оған дайын болмаса, ол идеясымен қоса өзінің де сәтсіздікке ұшырайтыны туралы ойлап қана қоймай, оны визуалдап өзін неврозға, стреске немесе депрессияға жеткізуі мүмкін. Қорқыныш, үрей креативтік тәжірибенің жетіспеушілігінен болады. Мұндайда білікті маманның кеңесі осы кедергіні жеңуге, алда болатын тәуекелді дұрыс бағалауғакөмектесе алады.

Креативтік, шығармашылық іс-әрекет процесінде жиі кездесетін кедергінің бірі – *күмән*. Н.Д.Левитов айтқандай, күмән – құрамына сенімсіздік, түсінбестік, ұсынылып отырған проблеманың шешімінің қаншалықты дұрыс екендігі туралы толғаныс, ұсынылған шындықтың дәлелденбейтіндігі, оған көзінің жетпейтіндігі, көңілінің толмайтындығы туралысезімі кіретінкүрделі психикалық күй-жай. Күмәннің жақсы жағы – сыни тұрғыдан ойлау, қажет жағдайда өзінің көзқарасын, пікірін қайта қарау, сенгіштікке, иланғыштыққа, келісушілікке қарсы тұру[Левитов Н.Д., 1964]. Ал, скептикалық күмән болса, креативтік іс-әрекет процесінде шығармашыл тұлғаға да, оны қоршаған адамдарға да кері әсерін тигізеді. Скептикалық күмәннің ең нашар түрі – *күдікшілдік*, кейде ол жүгенсіздікке, өзін-өзі жақсы көрсетуге тырысушылыққа ұласады. Күдікшілдік беделді адамдардың пікірін сыйламаумен, өзіне көңіл аударту үшін тұрарлықтай дәлелі болмаса да бәрін жаппай сынаумен байланысты.

Келесі кедергі – *толқу*. Зерттеушілер толқу мен шығармашылық процестің арасындағы байланыстызерттегенде, толқу адамның ерік-жігері мен шығармашылық әлеуетіне қарай креативтік іс-әрекеттің орындалу сапасын бірде төмендететінін, бірде жоғарлататындығын анықтаған. Креативті іс-әрекетке конструктивті әсер ету үшін толқу деңгейінің бірқалыпты болғаны дұрыс. Әйтпесе, толқу деңгейі көтеріліп, оны реттеуге мүмкін болмай, орындамақ болған іс-әрекет құрдымға кетеді. Креативтік іс-әрекетпен айналысқанда қорқыныш, үрей, толқу, қобалжу сезімдері қатар жүреді. Сондықтан оларды бағындыра білген жөн.

Шығармашылық іс-әрекет барысында *түңілу, өкініш, торығу* сияқты фрустрациялық эмоционалдық күй-жайда болып тұрады. Қүткені, ойлағаны жүзеге аспағанда өзіне-өзі қанағаттанбай, наразыланып адам түңіле бастайды. Креативті шешім, идея, өнім не болмаса бұрын-соңды болмаған нәрсені ашамын деген ойы жүзеге аспағанда одан бетер түңіле бастайды. Сәтсіздіктің салдарынан өзіне көңілі толмай, ашу-ыза, өкініш кернейді. Торығу – үміттің, күдердің үзілуі. Шығармашыл адамның торығуының себебі – туындаған қиындықты жеңу мүмкін емес деген сезімінде [Е.П-.Ильин., 2009, 121 б].

Креативтілік пен шығармашылыққа бөгет болатын келесі кедергі – тұлғаның бойында *жинақылықтың болмауы және өз істерін ұйымдастыра білмеуі*.Істер мен идеялардың көптігі қайсының маңызды және қайсысын ең алдымен істеу керектігін түсінуге кедергі жасайды. Күнделікті атқарылатын істерді жөнімен ұйымдастыра білгенде ғана тұлғаның жады, санасы босап шығармашылықпен айналасуға мүмкіндік туындайды. Тіпті сол күнбекүн атқарылатын істің өзін креативтік тұрғыдан шешіп, өзінің уақыты мен күшін үнемдеуге болады. Креативтік ойлау процесінде адамның басына көптеген идеялар келіп жатады. Адамдардың көбі сол идеялардың маңыздылығын, артықшылығын сұрыптамай, ең алдымен қарапайымын, жеңілдеуін жүзеге асыруға тырысады. Осы кедергіні жою үшін идеялардың басымдылығын анықтауға үйрену керек.

Енді сөз болатын кедергілер: *өзін-өзі төмен бағалау, өзіне тым сенімді болу, тәккаппарлық, өзін-өзі сыйламау, өзін-өзі сынау, өзін-өзі цензурадан өткізу, перфекционизм*.

Креативтілік деңгейі мен өзін-өзі бағалауы бір-біріне сәйкес келгенде шығармашыл тұлға кез келген ортаға жақсы бейімделе алады, эмоционалдық тұрғыдан бірқалыпты, белсенді әрі тәуелсіз. Керісінше, өзін-өзін төмен бағалайтын адам-

ның креативтілігі төмен, әлеуметтік ортаға нашар бейімделеді, істеп жүрген ісінің маңыздылығына күмәнмен қарап, креативті іс-әрекетке баруға батылы бармайды.Екінші жағынан, адамның өзіне тым сенімді болуы да проблеманы шешу барысында өзінің дұрыс шешім қабылдадым деген ойы басқа балама тәсілді, идеяны қарастыру мүмкіндігін жоққа шығарып отырады. Мұндай асқан сенімділік, негізінен, тәжірибесі мол, біліктілігі жоғары адамдарда кездеседі. Жинақталған тәжірибе жаңа мүмкіндіктерге басқаша көзқараспен қарауын шектейді. Сондай-ақ тәккаппарлық та тұлғаға басқалардың идеясын шындап қабылдауына бөгет болады. Керемет идеяны тудыру бір адамның ғана қолынан келе бермейтін іс. Мұндайда басқалардың ойы мен қоршаған орта туралы мәлімет өте маңызды. Сондықтан тәккаппарлықты ауыздықтап, басқаларды да тыңдай білу керек.

Өзін-өзі сыйламау сенімсіздіктің жетіспеуі немесе өзіне-өзі асыра сенушіліктің салдарынан болады. Бұл проблеманы шешуге кірісуге де, идеяны жүзе асыруға да зиянын тигізеді. Өзі-өзі қатты сынау – шығармашылықтың жауы. Дарындылық пен өзі-өзі сынаудың арасында тепе-теңдіктің болғаны жөн. Әйтпегенде, тұлғаның өзін қатты сынауы шығармашылық тығырыққа әкелуі мүмкін [Лук А.Н.. 1978, 71 б].

Тұлғаның өзін-өзі цензурадан өткізуі - оны тежеп отыратын және көпшіліктің алдында ыңғайсыз жағдайда қалмаудың алдын алатын ішкі сезімі. Өзін-өзі цензурадан өткізу адамды қателік жасаудан қорғайтын болып көрінгенмен, шын мәнінде, ішкі шектеуі оның қиялын басып, тәжірибе жасаудан бас тартқызады. Бұл қасиет адамды қателік жасау құқығынан айырып, мүмкіндіктерін шектеп қана қоймай, оны үнемі эмоционалдық күйде ұстайды. Адамның бәрінде кез келген идеяны, мәліметті сүзгіден өткізетін жеке фильтрі бар. Кейде сол фильтр жаңа идеяны немесе тәсілді мойындауға мұрсат бермейді. Фильтрден өту үшін тұлға өзіне-өзі сұрақ қойып идеяны мойындамаудың, қабылдамаудың себебін анықтауы керек. Өзіне өзі есеп бергенде ойын ретке келтіре алады және көптеген креативті идеяларды өткізіп алмауға жағдайтуындайды.

Егер адамның бойында істің бәрін мүлтіксіз орындау (перфекционизм) әдеті болса, онда оған креативтік идеялар тіпті де ұнамауы мүмкін. Себебі креативті идея басында нақтыланбаған, аяқталмаған түрде болады. Перфекционизм креативті идеяларды алдын ала жоққа шығарып, креативті идеяның одан әрі дамуына және толыққанды жүзеге асуына жол бермейді. Мұндай жағдайда, бастысы, назарды бірден нәтижеге емес, креативтік процестің өзіне аударған дұрыс. Күшті барынша креативтік процесті жетілдіругебағыттау қажет. Негізі, істі мүлтіксіз орындауға ұмтылу – жақсы қасиет. Бірақ оны кейде заттарға қатысты, кейде процеске қатысты және қандай процескеқалай қолдану керектігін білген абзал.

Креативтік ойлауға бөгет болатын жоғарыда айтылған эмоционалдық және психикалық кедергілермен қатар *физикалық кедергілер* де бар. Кез келген физикалық дискомфорт немесе бір ауруы адамға танымдық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік бермейді және оның шығармашылық қабілетіне кері әсерін тигізеді. Осы орайда, айта кететін тағы бір маңызды жайт – ол ұйқы. Ұйқысы қанбаған, дұрыстап демалмаған адамның да ерекше идеялар тудыруға жағдайы болмайтыны белгілі. Сондықтан тұлға шығармашылық іс-әрекетпен айналыспас бұрын немесе күрделі мәселені шешуге кіріспес бұрын, ең алдымен, өзінің денсаулығына,ұйқысы мен дұрыс тамақтануына көңіл бөлуі тиіс.Барынша өзін жақсы сезінгенде ғана шығармашылықпен айналасуға шамасы да, көңіл-күйі де, ниеті де болады.

Жалпы адамдардың көбі жанын қинамай «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүргісі келеді. *Қиындықтар* аз болғандықтан, адамның шығармашылық қабілеті де ашылмайды. Қиындықтар тәуекелмен, жанына жақпайтын жайсыздықпен байланысты болғандықтан, адамдар одан қашқақтайды. Негізі, қиындық адам өміріне қажет нәрсе, тек қиындықта адам шыңдалады, оның бойындағы бұрын байқалмаған небір физикалық, шығармашылық қабілеті көріне бастайды, одан әрі дами түседі. Қиындықтарды жеңе білген адам, креативтік іс-әрекеткеқуана кіріседі.

Креативтік ойлаудың басты кедергілерінің бірі – ол *жалқаулық*. «Жалқаудың ертеңі бітпейді» дегендей, адамдардың көбі істегісі келген ісін бастай алмай, созып жүреді. Жалқаулық пен жігерсіздік шығармашылық процесті бастауға және психологиялық инерттілікті жеңуге бөгет жасайды. Кез келген іс үш кезеңнен тұрады: істі бастау, іс жалғастыру және істі аяқтау. Осыларға жұмсалатын күш-жігер де психологиялық жағынан әртүрлі болғанымен, кейбіреуіне істі бастау қиын болса, енді береулеріне оны аяқтау қиынға соғады. Мұндайда адам өзін тәртіпке салып, жаттықтырғанда ғана жалқаулықтан құтыла алады.

2. Когнитивтік кедергілер. Бұған ойлауға, дүниетанымға, когнитивтік дағдыларға қатысты кедергілерді жатқызуға болады.

Функционалдық шырғалану, ой таяздығы - проблеманы шешуде тек айқын тәсілдерді қолдану бейімділігі тұлғаның жайлы аймағынан шыққысы келмейтіндігінен болады. Мұндай бейімділіктің адамның өткен өмірлік тәжірибесіне тікелей қатысы бар. Белгілі бір көзқарасы бар ортада қалыптасқан тұлғаның дүниетанымы да шектеулі болатындықтан, проблеманыңшешімін жан-жақты қарастырмайды. Үйреншікті әдіс-тәсілдер тың нәрсе ойлап табуға, креативтік шешім қабылдауға кедергі болады. Психологиялық инерцияның, дағдылы ойлаудыңсалдарынан соны, тың идеялардың басым көпшілігі жарамсыз деп танылып жатады. Креативтік ойлауды дамытуға қажет басты қадам – ой бұғауынан босап шығуға тырысу.

Тым нақты ойлау, практикалық тұрғыда ойлау креативтілікке кедергі. Одан құтылудың жолы - қарастырып отырған мәселенің осыған ұқсас проблемалармен не болмаса басқа саладағы ұқсас жағдаймен сәйкестігін және айырмашылығын іздестіріп көру. Абстрактілі ойлау нақты ойлауға

қарағанда мәселені жалпылауға мүмкіндік туғызып, басқа проблемалармен байланысы табылады. Ұқсас проблемалардың шешімін өз жағдайыңызға пайдаланып көруге болады.

Биполярлы, балама ойлау. Негізінен адамдар проблеманы қарастырғанда шешімнің екі балама нұсқасымен шектеліп, басқа ықтимал нұсқаларды ескермей, өздерін екі жолдың торабына қояды. Проблеманың бірнеше шешімі болуын ескермеуі, креативті идея табу мүмкіндігінен айырады. *Ойлаудың ригидтілігі* – шешім қабылдау мен мақсатқа қол жеткізуде қолданылатын құралдардың шүбәсіздігі тиімді болатын жаңа тәсілдерді пайдалануға шектеу қояды. Осындай шектеуден өту үшін ой икемділігін дамыту қажет. Ойдың икемділігі міндеттерді шешуде алынған біржақты ескірген тәсілдерден еркін болу ептілігінде, міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерінтез ұйымдастыру немесе таңдауында байқалады[«Қазақ энциклопедиясы», 2011. 400 б].

Қабылдау, зейін, есте сақтау, қиял, сөйлеу сияқты *когнитивтік дағдылардың даму деңгейінің төмендігі* креативтік ойлауды дамытуға бірденбір кедергі. Аталмыш дағдыларды барынша дамытып, толыққанды пайдаланғанда стереотиптіліктен құтылып, шығармашылық шабыттың пайда болуына жаңа мүмкіндіктер ашылады.

На современном этапе развития общества идеалом воспитания должно стать всесторонне развитая, высокообразованная, социально активная и национально сознательная личность, наделенная гражданской ответственностью, высокими духовными качествами, родственными и патриотическими чувствами, носителем лучших достижений национальной и мировой культуры, способной к саморазвитию, самосовершенствованию и творческой деятельности. Учитывая стержневые задачи национальной системы воспитания, в воспитании учащихся существенным является использование теоретической парадигмы национального воспитания через триаду черт личности.

Ведущим звеном воспитательной работы в вузе является формирование мировоззрения учащихся, которое происходит в тесном единстве с воспитанием их высоких моральных качеств.

В системе воспитания общечеловеческое и национальное масс соотноситься как целое и часть, личность индивидуально проходит основные этапы духовного развития человечества. Одной из наиболее важных функций системы образования возникает обучение молодого человека ориентации во всем многообразии духовной сокровищницы человечества и, в первую очередь, национального культурного достояния.

Изучение родного языка, истории, духовной и материальной культуры, обычаев и традиций народа, народных обрядов должно стать не только источником знаний, но и важным средством формирования национального сознания мостом подрастающих поколений.

Реализацияобщественного идеала и задач национального воспитания учащихся в высших учебных заведениях может осуществляться средствами:

- воспитание будущих специалистов на образцах жизнедеятельности авторитетных, высококвалифицированных людей, носителей высокой общей мировоззренческой, политической, профессиональной, правовой, интеллектуальной, социально-психологической, эмоциональной, эстетической, физической и экологической культуры. Следует при этом учитывать известную педагогическую аксиому: только личность может воспитать личность;

- создание необходимых условий для свободного развития личности обучающегося его мышления и общей культуры, путем привлечения к различным видам творческой деятельности (учебно-исследовательской, научной, технической, культурно-просветительской, правоохранительной и др.);

- обогащение жизненного опыта, формирования национального сознания и патриотических чувств обучающихся путем участия их в возрождении забытых и создании новых национально-культурных традиций региона, города, вуза;

- формирование «Я» - концепциилиличности на

основе самообразования, саморазвития, самовоспитания и самосовершенствования;

- распространение принципов здорового образа жизни, профилактика вреда потребления алкоголя, наркотиков, искоренение вредных привычек и предупреждение проявлениядевиантного поведения.

Развивающие задачи обучения в высшем учебном заведении заключаются в формировании личности, и ориентированные на развитие его интеллекта, общих и профессиональных способностей, эмоций, волевой сферы, нравственных качеств

НаДаосском форуме 2015 года бывший президент США Б. Абамаподчеркнул, что «глобализационная экономика, центром которой себя видит США, ценит развитие превыше всего». Канцлер ФРГ А.Меркель по поводу стратегии развития Германии высказалась: «Нас не интересует индустриальный потенциал,нас интересует гуманитарный потенциал общества и интеллектуальный капитал.Мыбудем делать наибольшие инвестиции, ведь именно эти факторы определяют безопасность государства в XXI веке. Задачи развития личности можно конкретизировать с позицийМодели выпускника XXI века, предложенной зарубежными экспертами внедренных в национальное законодательство:

- наличие знаний и умений в области современных информационных технологий (умение получения информации из различных источников, ее систематизация, хранение, анализ и использование);

- владение одним из международных языков на уровне выступления в любой аудитории, желание обладать на уровне общения вторым иностранным языком;

- компетентность в системном анализе и решении проблем - выделение и сбор данных, анализ и синтез, поиски и принятия решения; гибкость и уверенность в применении знаний в нестандартных условиях, в работе с открытыми проблемами, которые имеют множественные решения и т д.;

- умение презентовать результаты исследований в различных формах и видах;

- способность к эффективному сотрудничеству в группе (команде), толерантность и уравновешенность;

- способность формулировать собственное мнение после критического анализа информации из многих источников.

Кроме того, преподавателю необходимо знать связь между уровнем самооценки, уровнем притязаний и их последствиями для формирования личности молодого человека, который должен уметь оказать ему помощь при необходимости коррекции негативных ригативнихвосприятий.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III // http://adilet.zan.kz
2. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.пособие для вузов. – М. 2011. – 415 с.
3. Ильин Е. П. Психология для педагогов. – СПб.: Питер, 2012. – 640 с.
4. Кусаинов А.К., Булатбаева А.А. Методология образовательной деятельности. – Алматы, 2011. – 180 с.
5. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. Авторский коллектив: Отв. редактор М. В. Буланова-Топоркова. – Ростов на Дону. – 2012. – 544 с.
6. Подольская Е. А. Педагогика и психология высшей школы. Учебное пособие. – Харьков, 2013. – 316 с.
7. Психология и педагогика высшей школы: краткий курс лекций. – Саратов, 2013. – 134с.
8. Психология и педагогика высшей школы: Теория. Эксперимент. Практика: коллективная монография. [Л.Г. Тюрина и др.; под ред. В.А. Семыкина, П.В. Лебедева]. – Курск, 2011. – 570 с.
9. Самыгин С.И. Педагогика и психология высшей школы. – Ростов-на-Дону, 2011. – 544 с.
10. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: От деятельности к личности. Учебное пособие. – М., 2014. – 400 с.
11. Завада Г.В., Бушмина О.В. Педагогика высшей школы. Конспект лекций. – Казань, 2011. – 86 с.
12. Кусаинов А.К. Качество образования в мире и в Казахстане. – Москва, 2014. – 204 с.
13. Кусаинов А.К. Качество образования в мире и в Казахстане. – Алматы, 2013.– 193 с.
14. Құсайынов А.Қ. ӘлемдегіжәнеҚазақстандағыбілімберудіңсапасы. – Алматы, 2013.– 195 б.
15. Құсайынов А.Қ., Беркімбаева Ш.К., Бұлақбаева М.К. Жоғарымектеппедагогикасы. – Алматы, 2015. – 150 б.

УДК 387. 147; 53.001. 5(574)

УТЕБАЕВА АРДАК
магистр педагогических наук
Кафедра «Физика»
КазНацЖенПУ

БАЙТУРСЫН НУРАЙ
магистр педагогических наук
Кафедра «Физика»
КазНацЖенПУ

НАУЧНЫЕ ОСНОВЫ КОНТРОЛЯ И ОЦЕНКИ ЗНАНИЯ

Түйін. Педагогикалық процестің синергетикалық заңдылықтарын тағайындадық, білім, білік, дағдыны бақылау мен бағалау әдістері, рейтингтік жүйенің және тестілеудің информациялық мәні, мағынасы ашылды. Ашық жүйелердің жалпы теориясынан, педагогикалық процестің негізгі мақсаты болып табылатын, өзқауым процесінде информациялық энтропия (бейберекеттік өлшемі) кемитіні белгілі. Күрделі ашық жүйелердің өзқауым (самоорганизация) дәрежесінің мөлшерлік белгі-шарты анықталынды.

Түйінді сөздер: синергетика, инфрмация, энтропия, білімді бағалау, өздігінен реттелу.

Резюме. Вопрос о необходимости научных основ педагогических технологии остро стоит в оценке учебной деятельности. По нашему мнению основной причиной оценка качества учебной деятельности является проблемой познание, измерения характеристик сложного объекта, которая не имеет стандартных решений, общепрнятных в мировом масштабе.В первую очередь, научных основ организации и управление многоуровневым обучением и кредит-системой, использования тестовых методов контроля знаний и рейтинговой системы. Мы раскрыли информационную сущность современных методов контрроля знаний, нашли количественные критерии степени самоорганизации сложных открытых систем

Ключевые слова: синергетика, информация, энтропия, оценки знаний, самоорганизация.

Summary. The need for scientific bases of pedagogical technology in the acute evaluation of educational activity. In our opinion, the main reason for assessment of the quality of educational activity is a problem of knowledge, measurement of characteristics of a complex object, which has no standard solutions accepted worldwide. In the first place, the scientific bases of the organization and management of a multi-level training and credit system, the use of test methods of knowledge control and rating system. We have disclosed the information the essence of modern methods of knowledge control, we found the quantitative criteria of degree of self-organization of complex open systems.

Keywords: Synergetics, information, entropy, assessment of knowledge, self-organization.

Реформы, проводимые в стране с целью повышения качества образования, определяют необходимость научного обоснования вопросов, касающихся многих педагогических технологий. В связи с этим, прежде всего, необходимо пересмотреть основы общей педагогики, организовать и управлять учебным процессом с многоуровневой и кредитной системой, использовать содержание обучения и его интенсивные и эффективные методы, использовать тестовые методы мониторинга и оценки знаний, умений и навыков учащихся, систему рейтингов.

В последние годы во всех средних и высших учебных заведениях страны широко используются вышеперечисленные, статистические методы – рейтинговые системы и тестирование, направленные на управление и контроль учебного процесса, проверку знаний учащихся (студентов) и определение его качества, требующие возможности компьютерной техники. Под общим рейтингом понимается сравнительный статистический показатель профессиональной, творческой деятельности. А в тех случаях, когда мы рассматриваем, в качестве рейтинговой системы принимается система непрерывного контроля, которая оценивается многоступенчатым, многослойным баллом [Николис Г., Пригожин И. 1990. - с 152]

Наиболее ценной особенностью и эффективностью этих методов является простота осуществления организации систематического, повседневного контроля, направленного на обеспечение точности знаний учащихся, и исключение его случайных результатов ("сложных" или "простых" вопросов). Но наши исследования в данном направлении показали, что на современном этапе, на практике имеются значительные методологические, методические и техни-

ческие недостатки в внедрении в практику новых технологий и форм управления и контроля учебного процесса.По нашему мнению, главная причина такой ситуации, как педагогический процесс, заключается в том, что проблема качественной оценки и измерения характеристик открытой, сложной системы, до настоящего времени стандартное решение, принятое во всем мире, еще не найдено [ХакенГ.1990. с 68; Климонтович Ю.Л. Янус, 2000. Т.3, - с 123.].

А в настоящее время формируется наука – синергетика, основанная на статистических закономерностях, изучающая процессы взаимодействия и образования структур в образующих ее объектах.

Теория трансформации материи и ее движения (возникновение последовательности от небрежности) называется синергетикой. Он был заложен в последней четверти 20-го века, что продемонстрировало классики методологического научного направления, возможности применения его идей к исследованию систем различной природы, в том числе и социальных систем.

Эффективность применения принципов синергетики в педагогике впервые начала публиковаться в наших трудах [Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Теміркұлова Н.И. 2003. - с123]. Синергетический анализ педагогической системы, по сравнению с другими социальными системами, так как духовные и культурные ценности в человеческих отношениях не меняются в случайных ситуациях, например, в связи с политическими изменениями, в сравнительно небольших количествах. Широкое применение идей синергетики в педагогическом процессе развитие прежних системно-функциональных методов, только здесь, возможно, более глубокое изучение его причин и механизмов, научное прогнозирование и управление ими.

Мы определили синергетические закономерности педагогического процесса, методы контроля и оценки знаний, умений, навыков – раскрыли информационное значение рейтинговой системы и тестирования [Жанабаев З.Ж., 1996, 98 с].

Из общей теории открытых систем известно, что в процессе самовоспитания уменьшается информационная энтропия (неравномерность), которая является основной целью педагогического процесса. Мы определяем количественный признак степени самоорганизации сложных открытых систем: качественные новые уровни соответствуют следующим относительным значениям каких-либо основных характеристик информационной системы.:

$$I_{10} = 0{,}5; \quad I_1 = 0{,}567; \quad I_{20} = 0{,}618; \quad I_2 = 0{,}806, \quad \textbf{(1)}$$

это определяется следующими формулами;

$$e^{-I_1} = I_1; \quad 1 - I_{10} = I_{10}; \quad (I_2 + 1)e^{-I_2} = I_2; \quad 1 - I_{20}^2 = I_{20}. \quad (2)$$

Вместе нормированные значения этих характеристик или информационная энтропия системы относятся к следующим интервалам::

$$I_{10} < S \le I_1; \quad I_{20} < S \le I_2. \quad (3)$$

При этом первый интервал определяет зависимость от настроенной системы, а второй интервал-от нерегулируемой, зависимость от невербальной системы. Здесь называется I_{20} число Фибоначчи ("золотое сечение") и широко используется в механике, физике, математике, экономике и других областях науки. В нашей теории она наблюдается как самостоятельная ситуация[*Жанабаев З.Ж. 1996. №1. С. 98-103.*].

Вышеуказанные синергетические числа позволяют четко и градуировать уровень знаний (качество действий, состояние развития и т. Д. - рисунок 1). $I_{10} \div I_1$ интервал соответствует обычному ("удовлетворительно") уровню знаний, $I_{20} \div I_2$ интервал соответствует самостоятельному ("хорошо") уровню образования, $I_2 \div 1$ - сложному ("отлично") уровню образования. Из схемы видно, что простейший уровень знаний, он имеет несколько качественных различий по сравнению с самостоятельными и сложными уровнями, т. е. между ними существует переменная зона.

КРИТЕРИИ-УСЛОВИЯ ОЦЕНКИ СЛОЖНОСТИ

Шкала инвариантности(%)	Развития системы состояние		Записано приближенным целым числом знак-условия, (%)	Качественное образование	Выбран по качеству условия, (%)	
					Строго конкуренция	Средняя конкуренция
100	Сложный,	Стохастичность и хаос		Очень хорошо	$I - I_2 = 20$ $(19,4)$	
$I_2 = 80,6$ $(I_2 + 1)e^{-I_2} = I_2$	Вероятный	Самоорганизации	80	Хорошо		$1 - I_{20} \approx 40$ $(38,2)$
$I_{20} = 61,8$ $1 - I_{20}^2 = I_{20}$			60		$I_2 \approx 80$ $(80,6)$	$I_{20} \approx 60$ $(61,8)$ Число Фибоначчи "Золотое сечение"
$I_1 = 56,7$ $e^{-I_1} \approx I_1$	Модернизированный	Самоодобное)	50	Удовлетворительное		
$I_{10} = 50,0$ $1 - I_{10} = I_{10}$	Простое, детерминированный, невоспроизводимый				ПравилаПарэто "20÷80"	

Мы определили интервалы предельных величин (интервалы), которые играют важную роль в конкурсных отборах $40\% \div 60\%$ $[(1-0,6) \div 0,6]$ (средняя конкуренция), $20\% \div 80\%$ $[(1-0,8) \div 0,8]$ (жесткая конкуренция). Назначенные отношения имеют практическую значимость, четко отвечают на вопросы, определяющие минимальные требования к конкурсному отбору абитуриентов, бакалавров в магистратуру, докторантуру магистров и т. д. Восприятие в меньшем количестве или более этих предельных величин не имеет научной основы. Вместе с тем, следует отметить, что практическое правило (Правило Парэто), названное «20-80», является одним из основных законов экономики. Еще одно, что говорит о том, что назначенный нами теоретический признак-условие проявлялось с очень высокой точностью в различных физических и компьютерных экспериментах.

Это только исследование многоступенчатой, многоотраслевой системы контроля и оценки баллов на основе вышесказанного подхода, позволяющее раскрыть причины существенных недостатков, допускаемых при применении его на практике, и устранить их. Таким образом, реализация этого важнейшего и сложного вопроса должна строиться на основе следующих принципов:

1. знания-характеризуются структурными, интегральными свойствами мышления человека, следовательно, его нельзя оценивать простым сочетанием отдельных показателей;
2. при анализе уровня знаний, определении его качества нельзя вводить предполагаемые, научно-обоснованные коэффициенты, в соответствии с которыми нельзя использовать систему контроля;
3. результаты конкурсного контроля, тестирования должны быть обработаны наиболее простым и научно обоснованным способом – с использованием элементов теории информа-

ции, ее конечных достижений;

4. показатели уровня знаний (оценка в баллах) должны быть выбраны в соответствии с различными формами, формами контроля.;

5. при назначении уровня знаний, как бы то ни было, нельзя использовать полученные многобальные разъемы (градации).

Эти положения имеют непосредственное отношение к оценке интеллектуального богатства, культурного уровня, мышления каждого члена общества, поэтому в этом направлении должны применяться высококачественные, доведенные педагогические технологии [Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Тынтаева Ш.Б2006. – с125.].

В настоящее время предлагаемая схема (схема) оценки качества образования в соответствии с кредитной технологией обучения(ECTS `(European Credit Transfer System) является интуитивной шкалой, не имеющей строгой научной основы. Например, по данной шкале необходимо выставить студента, набравшего баллы за рубеж "удовлетворительно". Это является чрезмерным повышением значения данной оценки, повышения осведомленности, что говорит только о том, что испытуемый имеет возможность продолжить образование, определяющее приоритет знаний. С другой стороны, напротив, интервал (интервал) баллов, предложенный для выставления оценки" отлично " () очень узкий. При этом не учитывается, что в отличие от простого уровня сложный уровень развития системы должен характеризоваться относительно широким балломом (интервалом).

Многообразие показателей учебной деятельности определяет сумму оценок на разных стадиях контроля, т. е. качественный уровень знаний, итоговый балл. Знания формируются как результат учебно-познавательной деятельности человека, набором данных о сущности, свойствах рассматриваемого объекта и закономерностях его развития. Образованность и непрофильность характеризуются различными функциональными возможностями человека в качественном плане. Самый простой, низкий уровень знаний получают посредством принятия минимального количества информации, элементарного акта.

Характерные особенности процессов приема, обработки и хранения информации в соответствии с умственными способностями каждого человека являются основой формирования в его мозге различных уровней знаний. Следовательно, на различных иерархических уровнях происходит саморегулирование, структурное образование и сжатие (концентрация) информации. Однако, поскольку эти процессы сопровождаются качественными изменениями, их нельзя измерять какой-либо непрерывной шкалой. Закономерности, происходящие в сложных системах, измеряются структурными методами, дискретно. При этом шкала измерения должна выбираться в соответствии с характеристиками уровней саморегулирования (саморегулирования).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Николис Г., Пригожин И. Познание сложного. М.: 1990. - с 344.
2. Хакен Г. Информация и самоорганизация М.: Мир, 1990. – с 240.
3. Климонтович Ю.Л. Статистическая теория открытых систем. М.: Янус, 2000. Т.3, - с 508.
4. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Теміркұлова Н.И. Бейсызық физика практикумы. Алматы: «Қазақ университеті», 2003. - 123 б.
5. Жанабаев З.Ж. Можно ли оценить знание рейтинговой системой и тестированием? // Вестник высшей школы. 1996. №1. С. 98-103.
6. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. Алматы: 2006. – 170 б.

ҒТАХР 14.25.09

ШАЙМАХАНОВА МӨЛДІР КОБЛАНҚЫЗЫ
1 курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі:
САДЫҚОВА РОЗА КАРИМОВНА
филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТРИЗ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Мақалада шетел тілін оқыту кезінде ТРИЗ технологиясының әдістерін қолдану туралы мәліметтер берілген және сол арқылы шығармашылық қабілетті қалыптастыру қарастырылған. Оқушылардың жан-жақты дамуына көңіл бөлу, ойлау-қабілетін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру туралы берілген. Тек біліммен ғана сусындатып қоймай, бүгінгі заман талабына сай заманауи білім жүйесі арқылы баланы өздігінен білім алуын дамыту. Оқушының ТРИЗ арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді жолдары көрсетіліп, тәжірибе жүзінде іске асыру жүзінде мысал келтірілген. Сол тиімді жолдар барысында баланы сыныптастарының алдында өзіне сенімді болуға, өз бетінше бір шешім айта алуға тәрбиелеу сияқты мәселелер мақалада сипатталған.Тақырып бойынша негізгі дереккөздерді жинау, жүйелеу, талдау, қорыту және салыстыру әдістері қолданылды.

Түйінді сөздер: ТРИЗ технологиясы, шығармашылық қабілеттер, ойлау-қабілеті, шетел тілі, педагогика,әдістер.

Резюме. В статье рассматривается использование методов ТРИЗ технологий в процессе изучения иностранного языка, а также формирования творческих способностей. А также как формировать мыслительную способность и развитие творческих способностей, и уделять внимание развитию учеников. В статье говорится о том что нужно не только дать знание ученику, а соответственно развить ребенка получить знания самостоятельно через систему современного образования. Приведены примеры эффективных путей формирования творческих способностей учеников через технологию ТРИЗ, и осуществление на практике. Статье описаны такие проблемы как научить ребенка быть уверенным среди своих одноклассников во время урока и выражать свои мысли самостоятельно. Использовались такие методы, как искать основные источники связаные с темой, а также систематизирование, анализирование, заключение и сравнение собранных материалов.

Ключевые слова: технология ТРИЗ, творческие способности, мыслительная способность, иностранный язык,педагогика,методы.

Summary. The article discusses the use of TRIZ technology methods in the process of learning a foreign language, as well as the formation of creative abilities. And describe how to form the thinking ability and the development of creative abilities, to pay attention to the development of students.Also it is necessary to give not only knowledge to the pupils, but also to develop the child to receive knowledge independently through the system of modern education. Examples of effective ways of forming creative abilities of students through the TRIZ technology and implementation in practice are given. The article describes such problems as teaching a child to be confident among his classmates during the lesson and express their thoughts on their own.Methods such as searching the main sources which related to the topic of the article, as well as systematizing, analyzing, concluding and comparing the collected materials are used.

Key words: TRIZ technology, creative abilities, mental ability, foreign language,pedagogy, methods.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің мұғалімге қойған талаптарының бірі жас ұрпақтарымыздың білімін халықаралық деңгейге жеткізу. Демек XXI ғасырдың мұғалімдері шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру керек. Ал ол үшін мұғалімдер әрқашан ізденісте болуы қажет. Нақтырақ айтсақ оқу барысында инновациялық технологияларды қолданып, оқушылардың қазіргі заман талабына сай білімін, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту қажет. Әрине «Z» ұрпақтарын немесе Инноваторлар ұрпақтарын тәрбиелеу оңай емес. Себебі технология заманында өмір сүретін балаларға сабақ оқытудың бұрыңғы әдістері жарамайды. Оларды тек заманауи технологиялар, әдістер арқылы сабақты қызықты етіп үйретуге болады. Қазіргі заманда баланы сабақ барысында қызықтырып оқыта алмасан, бала сабақты тез қабылдай алмауы мүмкін. Ал біз сабақты қызық-

ты өткізіп,өмірмен ұштастырып, балаға білімнің негізін қалау арқылы оларға сабақты оңай меңгеруге және қабылдауға жол ашамыз.

Болашақ мұғалім ретінде біз бар зейінімізді балаға беруіміз керек. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бала – біздің болашағымыз. Ал баланы өмірлік қажет ақпаратпен қамтамасыз ету –біздің міндетіміз. Бала өмірге барлық қоршаған ортаны танып-біліп келмейді. Әр бала, әр оқушы жеке дарын иесі екенін мұғалім ұғыну керек. Біз оқушыларымызды тек біліммен сусындатып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастырамыз. Көрнекті психолог Выготский: «Шығармашылық – жаңалық ашатын әрекет»- деп атаған**[**Выготский Л. С., 1997, 96 б]. Ғалымның ойыментолықтай келісеміз, себебі шығармашылықтың арқасында осы уақытқа дейін көптеген пайдалы дүниелер ашылды. Ал ол тек шығармашылық, ойлау қабілеті жақсы дамыған адамдар арқылы пайда болған.

Сабақ барысында шығармашылық қабілеттерді дамыту оңай емес, алайда шығармашылық қабілетті дамыту үшін арналған арнайы әдістер мен технологиялар бар. Әрине оны тек сабақта қолдану шарт емес, ол әдіс пен технологияларды әр ата-ана үйде баламен отырған кезде де қолданып, ойын арқылы баласының қабілеттерін дамыта алады. Бірақ біз бұл мақаламызда сабақ барысында шығармашылық қабілетті арттыруға үлкен үлесін қосатын әдістер мен технологияларға тоқталғымыз келеді.

Үкімет университет қабырғасынан бастап жас мұғалімдерді заманауи көзқарасты болуға үйрету қажетдеп ойлаймын. Себебі біздің мемлекет халықаралық деңгейдегі білім беру жүйесіндегі әрбір өзгеріске мән беріп, сол өзгерістерді отандық білім беру жүйесіне енгізу керек деп есептейміз. Жалпы қазір мұғалімдерді дайындау мамандығы көп заманауи талаптарды қажет етеді. Фрумос Флорин өзінің еңбегінде мұғалім мамадығы туралы: «Сабақ беру ынталандыру және алға итермелейтін, өзгерістерді білдіретін мамандық»-деп өз ойын білдірген болатын [Фрумос Ф.,2019, 22 б.]. Осы сөзбен толықтай келісеміз, себебі бұл мамандық үнемі ізденісте болуды талап етеді. Болашақ мұғалімдер заман талабына сай әдіс пен технологияларды сабақ барысында дұрыс әрі тиімді, қолдана білуі керек. Шетел тілі пәнінің мұғалімі ретінде сабақ барысында оқушылар тілді жеңіл әрі тез қабылдауы үшін көптеген әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданғымыз келеді. Мысалы педагогика саласында ТТШТ (тапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) деп берілетін ТРИЗ технологиясы бар. Қазақ тіліндегі аудармасы болғанымен де барлық жерде термин ретінде ТРИЗ деп қолданылады. Сол себепті біз де ТРИЗ деп қалдыруды жөн көрдік. Бұл технологияны ойлап тапқан Генрих Саулович Альтшуллер. Ол бала кезінен жаңа бір дүние ойлап табуға құмар еді. Алғашқы ойлап тапқаны жұмыстары скафандра, зымыран қозғалтқыштарынан жасалған кеме және т.б. Өмірінің 50 жылын ТРИЗ технологиясын зерттеуге арнаған. Сол еңбегінің арқасында ТРИЗ технологиясы әлі күнге дейін шығармашылық қабілетке бағытталған әдістердің негізі болып отыр. Сол себепті ары қарай ТРИЗ технологиясы туралы ақпараттармен таныстырғымыз келді.

ТРИЗ технологиясында тілді меңгеру кезінде қолдануға болатын көптеген әдістері бар. Ол әдістер тілді меңгеруге көмектесіп қана қоймай, баланың тілін дамытуға, шығармашылық және ойлау қабілеттерін арттыруға көп септігін тигізеді. Қытайлық Джао Мин, Ши Шьяопинг, Дуан Хайбоның ТРИЗ туралы жазылған мақалаларында былай айтылады: «Жарты ғасырлық даму кезеңінен кейін, ТРИЗ теориясы бүкіл әлемде танылған және ғылыми зерттеулер мен әдістемелер үшін ғана емес, сонымен қатар кадрларды даярлауда кеңінен қолданылатын инновациялық тәжірибені басқарудың ең жақсы құралы болды»[Джао М., Ши Ш., Дуан Х.,2009, 12 б.].Яғни авторлардың ойынша, қарапайым адам да осы ТРИЗ технологиясы арқылы жаттығып, шығармашылық қабілетін дамыта алады және осы ТРИЗ технологиясы әлемді тану үшін таптырмайтын құрал бола алады деп ойлаймыз. Осы орайда, Владимир Петровтың өнертапқыштық мәселелерді шешу теориясы (TRIZ) – бұл білімнің әр саласында шығармашылық мәселелерді анықтауға және шешуге ғана емес, сонымен қатар шығармашылық (өнертапқыштық) ойлауды дамытуға және шығармашылық тұлғаның ерекшеліктерін дамытуға мүмкіндік беретін ғылым деген көзқарасы қытайлық Джао Мин, Ши Шьяопинг, Дуан Хайбоныңойларын толықтырып тұрғандай [Владимир П.,2019 ,2 б.].

ТРИЗ теориясын зерттеген Джиа Куи былай дейді: «ТРИЗ теориясын енгізу барысында мұғалімдер оқытудың негізгі бағытын, оқыту бағдарламаларын анық көрсетіп, оқыту әдістері мен дағдыларын жетілдіруі керек екендігі, және оқу мазмұнының дизайны әрдайым жетілдірілген табиғатты сақтай отырып, академиялық саланың соңғы зерттеу нәтижелерін уақытылы көрсетіп, сіңіре алады, озық оқу жетістіктерін белсенді түрде біріктіреді, заманауи технология деңгейіне көтеріледі» [Джиа К., 2018, ,445 б.]. Жоғарыда атап өткеніміздей, болашақ мұғалімдердің көзқарасы заманауи талаптар негізінде болуы қажет. Жалпы айтатын болсақ, ТРИЗ технологиясының мұғалімдерге де беретін үлесі өте көп. Оны білу үшін ТРИЗ технологиясымен жұмыс істеп, тәжірибе барысында нәтижесін көргенде ғана мұғалім түсінеді деп ойлаймыз.

Джеус А.В. «Молодежные интенсивные школы инновационной эпохи»атты еңбегінде ТРИЗ технологиясы мен педагогика туралы былай делінген: «ТРИЗ – педагогика, как научное и пе-

дагогическое направление, сформировалось в нашей стране в конце восьмидесятых годов. В ее основу была положена теория решения изобретательских задач (ТРИЗ) советской школы Генриха Сауловича Альтшуллера»[Джеус А.В,2006, 300 б.]. Ал Генрих Альтшуллер өзінің жұмысында: «Форма обучения – учебный диалог на основе субъект – субъектных отношений. Поскольку в результате обучения приемам ТРИЗ требуется активная позиция и ученика и учителя, то в основевзаимодействия между ними возможна только педагогика сотрудничества»-деген[Альтшуллер Г.С., 2007,400 б.]. Осындай ғылыми талдаулар арқылы педагогиканың ТРИЗ технологиясымен байланысының қаншалықты тиімді бола алатынына көз жеткізе аламыз.

Соңғы оңжылдықта педагогика саласында оқушының шығармашылық қабілетін, яғни креативті ойлау қабілетін арттыру үшін ТРИЗ технологиясы қолданылады. Утемисова А.А. еңбегінде былай делінген: «ТРИЗ учит мыслить системно, понимать всю суть происходящих вокруг процессов, искать пути решения возникающих проблемы, поэтому перспективная цель ТРИЗ – педагогики – подготовить обучающегося жить и реализовывать себя в профессиональном плане в динамично изменяющемся мире» [Утемисова А.А.,2019,120 б.]. Утемисова А.А. айтқаны тағы да ТРИЗ технологиясының педагогика саласында алатын орны ерекше екенін көрсетеді және шығармашылық қабілетті дамытудағы оның тиімділігін айғақтайды. ТРИЗ технологиясымен айналысқан Б.Злотин, С.Литвин, А.Любомирски, Ю.Мирашковский, Н.Шпаковский және т.б. мамандар болған. ТРИЗ технологиясына арналған 2015 жылы Сеул қаласында өткен фестивальде Марк Барканның жарияланған мақаласында ТРИЗ-педагогика терминінің пайда болған уақыты туралы былай делінген: «About 25 years ago some TRIZ practitioners, Zlotin, Ivanov, Guin, to name a few, started developing what we call today TRIZ-pedagogic. This methodology is based on TRIZ and just about every other problem solving and idea generation methodology.»[Баркан М.,2015,75 б.] Бұл жерде авторлар ТРИЗ-педагогика термині осыдан 25 жыл бұрын пайда болып, осы кезге дейін оқуүдерісінде алатын орны ерекше екенін айта отырып, маңыздылығы туралы айтылған. Дегенмен 25 жыл бұрын енген ТРИЗ-педагогика термині кең құлаш жайса да, біздің елімізде әлі күнге дейін кеңінен қолданылмайды. Сондықтан мақаламызды осы ТРИЗ технологиясы туралы тоқталдық. Себебі ТРИЗ-педагогика термині біздің де елімізде көп қолданылып, еліміздегі білім беру жүйесіне үлкен үлесін қоса алатынын дәлелдегіміз келеді.

Жалпы ТРИЗ технологиясының әдістерін шетел тілін үйрену кезінде қолданудың қаншалықты тиімді екені туралы ақпараттар орыс тілінде берілгенмен, қазақ тілінде табу жоқтың қасы. Тағы да біздің айтқымыз келгені шетел тілін үйрену кезінде қолданылып жатқан әдістердің ТРИЗ технологиясына жататыны туралы да көбісі хабарсыз. Сол себепті мақаланың жаңалығы ретінде қазақ тілінде берілген ТРИЗ технологиясының әдістері және оларға келтірілген мысалдар деп айта аламыз.Осы орайда мақаламызда ТРИЗ технологиясына,оның әдістеріне және шетел тілін үйрену кезінде ТРИЗ технологиясын қалай қолдану керектігін, ол арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді жолдарын көрсеткіміз келеді.

ТРИЗ технологиясы – зерттеу керек тапсырмалардың шешілу теориясы. ТРИЗ технологиясын ойлап тапқан Генрих негізінде бұл технологияны физика саласына байланысты етіп зерттеген. Алайда уақыт өте келе ТРИЗ технологиясы көптеген салалармен байланысып, енді педагогика саласында да өз орнын тапты. ТРИЗ технологиясы тек біздің елде ғана емес, басқа елдерде де қарқынды даму үстінде. Бұл технологияның қаншалықты дамып, әлемді жаулағанын Интернет желілерінен де байқай аламыз. Сонымен қатар ТРИЗ технологиясына байланысты мәліметтердің бар болуы және оны тәжірбиеде қолданылуы бізді қуантады.

Триз технологиясының мақсаты – «ашық тапсырмалардың» шешімі, яғни бірнеше шешімі бар тапсырмалар. Ашық және жабық тапсырмалар деген түсінік бар. «Жабық тапсырмалардың» формуласы: *нақты шарт + шешу үшін бекітілген әдіс + бір ғана дұрыс жауап*. Ал бекітілген әдістен бөлек шешім (яғни, ойлау қабілеті) - бағаның төмен қойылуына алып келеді. Ал өмір тапсырмаларды әртүрлі шешетін қабілетті талап етеді. Бұл тапсырмаларда нақты әрі түсінікті шарт жоқ, стандартты шешу әдісі жоқ, алайда шешімнің әртүрлі нұсқалары болуы мүмкін. Дәл осындай тапсырмаларды –«ашық тапсырмалар» дейді. ТРИЗ технологиясын қолдану стандартты емес (шығармашылық, кретивті) тапсырмалардың шешімінің ықтималдылығын арттыруға мүмкіндік береді. «ТРИЗ технологиясы «кретивті шешу» емес «креативті мәселені шешуге» арналған теория»[Ли А.,Хан И.С.,2014,77 б.].Демек креативтілікті талап ететін мәселін шешу болып табылады.

Педагогикада ТРИЗ технологиясының алатын орны ерекше. Себебі мұғалім ретінде оқушыларға тек білім беріп, сабақты өтіп қана қоймай, олардың ойлау қабілетін арттыруға көмектесуіміз керек. Сабақ барысында ТРИЗ технологиясы мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Мысалы шетел тілін үйрету кезінде ТРИЗ технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, лексикалық қорын байытып, қызығушылықтарын арттыра аламыз.

Әрине ТРИЗ технологиясының өзінің қойылған мақсаты мен жетістке жету үшін арналған міндеттері бар. Мысал келтіріп, әдістерге тоқта-

мас бұрын сол ТРИЗ технологиясының төрт деңгейден өту арқылы жететін мақсаты мен міндеттеріне тоқталып өтсек. Себебі оны да біліп жүрген абзал деп есептейміз.

ТРИЗ әдістемесі бойынша төрт деңгейден өту арқылы біз мақсатқа жетеміз:

• Алдымызға мәселе аламыз, сол мақсаттың нақтылығын анықтаймыз.

• Қарама-қайшылықтарды анықтау.

• Қарама-қайшылықтарды шешу.

• Қарама-қайшылықтарды шешу үшін баланың алдына амалдарды ұсынамыз.

Ал сол төрт деңгейден тұратын мақсатқа мынандай ТРИЗ әдіснамасының міндеттері арқылы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Олар:

• Оқушының қоршаған ортаны танып білу қажеттілігін дамыту;

• Даму заңдылықтарына негізделген, жүйемен диалектикалық ойлауды (күшті ойлау қабілеті) қалыптастыру;

• Керек ақпаратты өз бетімен іздеп табу қабілетін қалыптастыру;

• Оқушының қоршаған ортадан алатын ақпаратпен жұмыс істей алу қабілетін қалыптастыру;

• Арнайы жеке тұлғалық қасиеттерге тәрбиелеу.

ТРИЗ-педагогика мазмұнын мынандай жиынтықтар арқылы анықтауға болады. Олар: шығармашылық тұлғаның сапасы; күшті ойлау қабілеттері; ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған, өнделген тренингтер мен әдістер; мәселелерді сәтті шешу үшін қажет алгоритмдер және т.б.

Енді осы ТРИЗ технологиясының бастауыш сыныптарда ағылшын сабағында қолдануға болатын дәлелдерді берейік. Сабақтың тақырыбы жануарлар туралы деп есептейік. Оқушыларға қоянның суретін береміз және оған байланысты сәбіздің, түлкінің және орманның суретін де көрсетеміз. Содан кейін балалар үш берілген сурет пен қоянның байланысын айтуы қажет. «Rabbit eat carrot», яғни «Қоян сәбізді жейді» деп айтқаннан кейін мұғалім балаларға «What color is carrot?», «Сәбіздің түсі қандай?», «Carrot is vegetable or fruit?», «Сәбіз жеміс пе әлде көкеніс пе?» деп сәбіз туралы сұрақ қою арқылы оқушыларға қосымша ақпараттар алуға көмектесеміз. Демек бір қоян арқылы біз оқушыларға сәбіз туралы, түлкі туралы, орман туралы қосымша ақпараттар береміз және сол ақпаратты балалар өз беттерінше қабылдайды және қоршаған ортамен танысады. Біз баланы өз бетінше білім алуға, ақпарат іздеуге итермелеуіміз арқылы жеткіншектеріміз жан-жақты болып, болашақта бәсекелестікке қабілетті азаматтар болып шығады. Ал біздің жағдайда шетел тілін үйрену кезінде осыны қолдана отырып,тағы да оқушыларымыздың ағылшын тіліндегі сөздік қорын көбейтеміз. Ал біздің мамандық үшін оқушыларымыздың ағылшын тілінен сөздік қорынын көп болуы біздің жемісіміз болып табылады.

Триз мұғалімдер мен оқушыларға шығармашылықтың құралы мен әдісін береді. Ол арқылы кез-келген адам жасқа қарамастан шығармашылық қабілетті игере алады. Бір ғана құрал арқылы үлкендер мен балалар оңай ортақ тіл тауып, бір-бірін түсіне алады. Бұл ТРИЗ технологиясының тағы бір жақсы жағы деп айта аламын. Бұл жағдайда мұғалім тек бақылаушы, ал оқушы өзінің күшіне, өзінің біліміне және шығармашылық қабілетіне ғана сеніп тапсырманы өздігінше шешеді. Моше Баректың еңбегінде былай делінген: «Оқушыларға осы жұмыста қарастырылған тапқырлықты шешуге арналған тапқырлық курсын үйретудің маңызды аспектісі - бұл сабақта ойлау және проблемалық орта құру. Терминдерді, ойлау сызбалары мен эвристиканы тікелей оқытудан басқа, оқушыларға ойлаудың өзіндік әдістерін құруға және өз идеяларын түсіндіруге немесе негіздеуге уақыт пен мүмкіндік беру керек [Барак М., 2007, 25]. Демек Моше Баректың айтуынша біз мұғалім ретінде оқушыға өз ойларын жеткізу үшін уақыт пен мүмкіндік беруіміз керек. Сол арқылы оқушы шығармашылықтың арқасында жасаған дүниесі туралы өз ойын анық, нақты және сенімді түрде жеткізе білуді үйренеді.

Біздің айтқымыз келгені сабақта шетел тілін үйренгенде ең бастысы ол табысқа немесе сәттілікке жету жағдайын жасау. Бұл көп жағдайда мұғалімге және оның қандай әдіс қолданатынына байланысты. ТРИЗ технологиясы өмірдің заманауи талабына сай жүйе. Осы жүйеде оқушылардың ТРИЗ арқылы негізгі интеллектуалды құралымен игеретін жаңа креативті педагогикалық технологиясы және тапсырманы эффективті түрде шешу үшін тағы да басқа әдістер қарастырылады. Бірақ ең бірінші ТРИЗ технологиясы оқушылардың шығармашылық ойлауын және шығармашылық қасиеттерін ойлап-тапқыштық деңгейінде дамытуға көмектеседі. Корейлік ғалымдардың мақаласында осы технологияның маңыздылығы туралы мынандай пікірлері бар: «Балалар мен жасөспірімдер арасында жоғары деңгейлі ойлау дағдылары мен шығармашылық ойлауды дамытуға көмектесу үшін жаңа өнімдердің пайда болуына және мектептерде таралуына ТРИЗ технологиясы әсер етеді» делінген [Тонг С.И., Ынг Х.Т., 2015,118 б.]. Бұл мақалада балалар да, жасөспірімдер де жаңа дүние ойлап табу арқылы өздерінің ойлау қабілетін, әсіресе креативті ойлау қабілетін ТРИЗ технологиясының көмегі арқылы дамыта алады делінген.

ТРИЗ әдіснамасында оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға арналған көптеген арнайы әдіс түрлері бар. Ол әдістерді сабақ барысында қолданып, балалардың шығармашылық ойлау қабілетін және ағылшын тіліндегі сөздік қорын дамытуға болады. Сонымен қатар оқушылар осы әдістер арқылы сабақты тез меңгеріп, шетел тіліне деген қызығушылықтары арта түседі.

Сол себепті шет тілін үйрену барысында сабақта қолданылатын ТРИЗ технологиясының бірнеше әдістеріне тоқталып өтсек. Солардың ішінде шетел тілінде сөйлеу қызметін оқыту кезіндегі тәсілдерді қарастырайық. ТРИЗ технологиясының әдістерінде айтылу және интонациялық қабілеттерін қалыптастырудың негізгі тәсілдеріне фонетикалық жаттығулар, рөлдік ойындар, дыбысқа бағытталған интонациялық ойындар және т.б. жатады. Мысалы мынандай технологиялар "Ертегі құрастыру", РАФТ (рөл, аудитория, форма, тақырып), "Театрализация", "Суретті жандандыру", "Судың айналасы". Бұл тәсілдер шет тілінде айту қабілеттерін қалыптастыру үдерісі кезінде шығармашылық және коммуникативтік өң береді. Айтылған тәсілдердің ішінен бір-екеуін алып қарастырайық [Лизогуб А.В.,2015,27 б.].

"Ертегі құрастыру"әдісі. Шетел тілінің сөйлеу мәнерін үйрету кезінде алдымен оқушыларымызды ауыз қуысының құрылысымен таныстырған жөн. Ол үшін "Mr.Tongue" - "Тіл мырза" атты ойын ойнатуға болады. Осы ойын арқылы оқушы айнаға қарай отырып, әр дыбысты айтқанда тілдің іс-әрекетін байқайды. Демек олар шет тілінде сөйлегенде ауыз қуысындағы тілдің іс-әрекетін көреді. Бұл тәсіл оқушыларға шетел тілінде дұрыс сөйлеуге, әр әріпті дұрыс дыбыстауға үйретеді. Жалпы біздің ойымызша болашақта оқушыларымызды бірінші осы әдіс арқылы шетел тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйрете аламыз деп ойлаймыз.

«Судың айналасы» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың білімін және олардың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін қолданылады. Осы әдісте арқа сүйер сөз болып оқылып жатқан түсінік немесе құбылыс болады.Ол сөзді бір бағанға жазып, тақырыпқа қатысты әр әріпке зат есімдер (етістіктер, сын есімдер) жазылады.

Мысалы, сабақтың тақырыбы жоғарыда айтылғандай жыл мезгілі болса, онда:

W – Wind
I – Ice
N – Night
T – Town
E – Ear
R – Racing skates

Бұл әдіс түрі жаңа тақырыпты меңгеруге және сол тақырыпқа қатысты сөздерді білуге арналған. Осы арқылы оқушылар сөзді байланыстыру арқылы үйренген жаңа тақырыпта ойларын жеткізеді.

Жоғарыда айтылған әдістер көп жағдайда фонетикалық құрылымды үйрету кезінде қолданылады. Ал лексика - грамматикалық құрылымды үйретуге де бағытталған ТРИЗ технологиясының әдістері бар. Мысалы: "Бином фантазия", "Синквейн", "Экспертиза", "Жұмбақ", "Эйлердің шеңбері", "Қорытынды сұрақтардың әдісі" және т.б.

«Синквейн» әдісі. «Синквейн» сөзі француз тілінде «бес» дегенді білдіреді. Бұл бес жолдан тұратын тақпақтар. ТРИЗ технологиясының бұл әдісін кез-келген тақырыпқа және шетел тілін оқытудың кез-келген кезеңінде қолдануға өте ыңғайлы болып есептеледі.

Оның жасалу ережесі мынандай:

1. Бірінші жол: Тақырыптың аты (әдетте зат есім)

2. Екінші жол: Тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есім)

3. Үшінші жол:Тақырыптың айналасында іс-қимылдарды үш етістікпен сипаттау.

4. Төртінші жол:Тақырыпқа байланысты төрт сөзден тұратын фраза немесе сөйлем.

5. Бесінші жол: Тақырыптың мағынасын білдіретін бір сөзден тұратын синоним.

Мысалыға ағылшын сабағында жыл мезгілдері туралы тақырып болса, оқушыда мынандай жауап болуы мүмкін:

Summer
Warm Sunny
Swimming playing walking
I like summer holidays
Season

Бұл әдісті қолдану арқылы біз оқушыларды тақырыпты толықтай түсінуіне көмектесеміз және олардың лексикалық қорын да осы әдіс арқылы ұлғайтуға болады деп есептейміз. «Синквейн» әдісін мектепте оқитын бастауыш сынып оқушыларына сабақ барысында қолдануға болады немесе кез-келген ағылшын тілін үйреніп жүрген адамдар үшін де жақсы көмек болатынына сеніміміз мол.

«Бином фантазия» әдісі.Аты айтып тұрғандай бұл жерде қиялмен жұмыс жасалады. Бұл әдіс ешкім білмейтін, табиғатта ешқашан болмаған жаңа дүниені жасауға негізделген. Дәл осы әдістің мақсаты сөз құрастыру барысында қолдану. Обьектерді қағаздан, картоннан, пластикадан (мысалы, *геометриялық фигуралардан жануар құрастыру*) жасайды. Мысалы, сабақтың тақырыбы жануарлар туралы болса, оқушыларға тапсырма ретінде табиғатта жоқ жануарды ойлап табуды береді. Оқушы сол тапсырманы орындап, жануарға өзі ойлап тапқан дене мүшелерінің әрқайсысы не үшін керек екенін айтып беруі қажет. Немесе бір обьектіден екінші обьект жасату арқылы оқушыларға ағылшын әріптерінен жеміс-жидек немесе жануар құрастыруға тапсырма беруге болады. Осы әдіс арқылы оқушылар шет тілінде шығармашылық қабілеттерін шыңдап, қиялдау арқылы жаңа бір дүние ойлап табады. Сол арқылы көпшіліктің алдына шығып, өз ойын дұрыстап жеткізуді үйренеді.

Жоғарыда айтылған әдістердің түрлерін қолданудың нәтижесінде оқушылар бастапқы кезеңге қарағанда сөздік қорлары көбейіп, шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында жасалған және өздері ойлап тапқан дүниесі туралы өз ойларын ағылшын тілінде ашық және еркін жеткізуді үйренді. Тағы да сыныптастарының алдында

өздерін еркін ұстап, көпшіліктің алдында сөйлей алатын болды. ТРИЗ технологиясының әдістерін сабақ барысында қолдану арқылы ағылшын тіліне деген оқушылардың қызығушылығы артып, сабақта белсенді қатысу арқылы жақсы көрсеткіштер көрсетеді.

Өздеріңіз байқағандай ТРИЗ технологиясының әдістері көп жағдайда ойын ретінде берілген. Негізі көрсеткіштер бойынша ойын арқылы берілген тапсырмалар оқушылардың жадында қалып, сабақтытез меңгерген. Әдіскер Зайцева Ирина Михайловнаның мақаласында да ойын туралы былай делінген: «Ойын – бұл шығармашылық алаң. Дәл осы ойын кезінде оқушылардың икемділігі мен ойлау қабілеттері жұмыс жасайды»[Зайцева И.М.,2015,27 б.]. Әрине, кішкентай балалар ойын ойнағанды қатты жақсы көретінін барлығымыз білеміз. Сондықтан ТРИЗ технологиясының әдістері бұл жағынан қарағанда да өте тиімді екенін айта аламыз.

Мысал ретінде келтірілген әдістердің барлығы ағылшын тілі сабақтарында кеңінен қолданылады. Осындай әдістер түрлері өте көп және барлығы шетел тілін үйрену кезінде оқушылардың өтіп жатқан жаңа тақырыпты тез әрі оңай қабылдауына, меңгеруіне үлкен үлесін қосады. Тағы бір ТРИЗ технологиясын және оның әдістерінін жақсы жағын айтатын болсақ, ол мұғалімдерге деген көмек. Себебі ТРИЗ мұғалімдердің жұмысын азда болса азайтып, сабақ барысын жеңілдетеді. Болашақта осындай әдістерді, ТРИЗ технологиясын қолданып, оқушыларымды қызықтыра отырып сабақ берсек, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің ойымызша қызықты өткен сабақ әр баланың ойында қалады, демек берген білімді оқушыларымыз жадында сақтап қалары анық. Ағылшын тілінің мұғалімі болғандықтан, тіл үйренушілер ТРИЗ технологиясы оның ішінде әдістері арқылы үйреткен шетел тілін тез меңгеріп, болашақта қолдана алады деп ойлаймыз.

ТРИЗ әдістерін жұмыс барысында үнемі қолданатын балалар өте белсенді, білуге құмар, жиі өз ойын айтатын болады және олардың қиялдау қабілеті байып, ұлғая түседі. «... ,сәби шағында «осыған керек болад-ау» деген ұғыммен білім мен тәрбие алмайды және шартты түрде ұмтылмайды. Үш жасқа дейін «өз жоспары» бойынша, бес-алты жасқа келгенде ғана үлкендердің қозғауымен жүретін есту процесіне саналы түрде қатысады. Ол кезде тәрбиелі жұмысты оның психикалық даму ерекшелігін ескере отырып жүргізілгені абзал» [Манджекова Г.Мамекенова Ұ., 2017,56 б.].Осы оймен біздің айтқымыз келгені балалар жан-жақтағының бәрін зерттеуді бес--алты жастарында бастайды, сол себепті ТРИЗ әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыруға әсер етеді. ТРИЗ әдістері міндетті түрде болашақта өмірлік-тапсырманы шешуге қажет болады. Себебі ТРИЗ технологиясы диалектика мен логиканы қалыптастыруға, ұялшақтықты, тұйықтықты жеңуге көмектеседі.Кішкентай балалар өз көзқарасын айтуды және қиын жағдайларға түскенде өз бетінше шешім тауып үйренеді. Қорытындылай келе, ТРИЗ технологиясы білім беру саласында көп қолданылса зиянынан гөрі пайдасы көбірек болады. Жалпы осы ТРИЗ туралы ақпараттар жас мамандарға көп беріліп, Қазақстандағы білім жүйесінде ТРИЗ технологиясын сабақ барысында қолдану қайтадан жанданса деген ойдамыз. ТРИЗ технологиясының тағы бір жақсы жағы бұрын пайда болғанмен, кез-келген заман талабына сай қолдануға болады, ТРИЗ технологиясы ешқандай жағдайда ескірмей, әрдайым қолданыста бола алатын таптырмас технология түрі. Сондықтан ТРИЗ технологиясын елімізде шетел тілін оқытуда кеңінен қолданылып, білім саласын жақсартуға үлкен үлесін қоса алады деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Выготский Л. С. (1997) Воображение и творчество в детском возрасте. — СПб.: СОЮЗ.-96 с.
2. Frumos F.V.(2019) «Reasons for Teaching and Mid-Term Career Predictions among Future Teachers, Astra Salvensis 2/, VII, no. 14, p. 22 https://astrasalvensis.eu/2019-2/
3. Zhao M, Shi X, Duan H. (2009) TRIZ introduction and practice [M]. Beijing: Science Press, 12p.
4. Petrov V (2019). Review of TRIZ. 10.1007/978-3-030-04254-7_2.
5. Jia C. (2018) The Construction of TRIZ Teaching Curriculum System Based on the Cultivation of College Students' Innovative Ability--A Case Study on the Innovation Teaching of Automobile Specialty, International Conference on Sports, Arts, Education and Management Engineering – 445 p.
6. ДжеусА.В. (2006) Молодежные интенсивные школы инновационной эпохи. Современное научное творчество и изобретательство учащихся / А.В. Джеус, И.В. Романец, Т.В.Погребная,А.В. Козлов, О.В.Сидоркина [Текст] – Красноярск:ИПЦ КГТУ, 300 С.
7. Альтшуллер Г.С. (2007) Найти идею: Введение в ТРИЗ — теорию решения изобретательныхзадач / Генрих Альтшуллер.— М., 400 с. ISBN 987–5–9614–0534–7
8. Утемисова А.А.(2019) ТРИЗ-педагогика как студентоцентрированное обучение. – Байтурсыновские чтения-2019 материалы международной научно-практической конференции.– 120 С.
9. Barkan M. (2015) CREATIVITY AND INNOVATION PROCESS, Proceedings of the TRIZfest-2015 International

Conference. September 10-12, Seoul, South Korea -75 p.
10. Lee A; Han Y.S.(2014): Creative process by applicaion TRIZ, Korea TRIZ festival – 77 c.
11. Barak M.,MesikaP. (2007) "Teaching methods for inventive problem-solving in junior high school," Thinking Skills And Creativity, vol. 2, no. 1, pp. 25.
12. Teong S. Y., Eng H. T.(2015) MYTRIZ JOURNEY IN MALAYSIA, Proceedings of the TRIZfest-2015 International Conference. September 10-12,Seoul, South Korea-118 p.
13. Лизогуб А.В.(2015) -ТРИЗ и РКМ технологии на уроках английского языка.-27 с.
14. ЗайцеваИ.М. (2010) - Развитие творческих способностей учащихся, МОБУ СОШ №2 ст. Калининской.https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tekhnologii/2013/04/09/razvitie-tvorcheskikh-sposobnostey
15. МанджековаГ. Мамекенова Ұ.(2017). – ТРИЗ технологиясының мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытудағы тиімділігі. -56 б.

ҒТАМР 14.25.09

ШОРА ӘНІС
магистрант
Жаратылыстану жоғары мектебі
Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық университеті

ЖОББ МЕКТЕБІНІҢ ОРТА БУЫН СЫНЫПТАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУ

Түйін. Мақалада мектепте математиканы оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселелері мен тәжірибесі қарастырылған. Бүгінгі кезеңде Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін қайта құру идеясы БҒДМБ 2020-2025 сәйкес өзектіленуде. Жаңа жүйенің қалыптасу процесі үшін табиғи қиындықтар туындайды және осы идеяларды практикаға енгізудің кемшіліктері анықталады. Мақалада мұғалім тәжірибесі тұрғысынан мектепте оқытудың ақпараттық білім беру ортасын ұйымдастырудың нақты мәселелері мен қиындықтары келтірілген. Мұғалімге көмек ретінде түрлі қосымшалардың мысалдары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ сабақта және оқудан тыс уақытта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда практикада қолдану келтірілген. Quizizz онлайн сервисін қолдану мысалында материалды бекітуге ықпал ететін оқушылардың оқу материалымен жұмыс істеу үшін стандартты емес тапсырмаларды жасау үшін оның функционалын қолдану нұсқалары қарастырылған. Салыстыру үшін жұмыс бақылау және эксперименталды топтарда жүргізілді. Бұл осы құралды оқытуда қолдану тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: білім беруді ақпараттандыру, мектеп математиканы оқыту әдістемесі, білімдік ақпараттық орта.

Резюме. В статье расматриваются проблемы и практика применения информационно коммуникационных технологий при обучении математике в школе.

На сегодняшнем этапе актуализируются идеи реорганизации системы образования в Республике Казахстан в соответствии с ГПРОН 2020-2025. Возникают естественные для процесса становления новой системы трудности и выявляются недостатки внедрения в практику этих идей. В статье приводятся конкретные проблемы и трудности организации информационной образовательной среды обучения в школе с точки зрения учителя-практика.

Приведены примеры и возможности различных приложений в помощь учителю, а также применение на практике в организации учебной деятельности учеников на уроке и во внеучебное время. На примере применения онлайн сервиса Quizizz рассмотрены варианты применения его функционала для создания нестандартных заданий для работы учеников над учебным материалом, способствующих закреплению материала. Для сравнеия работа проводилась в контрольной и экспериментальной группах, что позволило выявить эффективность применения этого инструмента в обучении.

Ключевые слова: информатизация образования, методика преподавания школьной математики, образовательная информационная среда.

Summary. The article examines the problems and practice of using information and communication technologies in teaching mathematics at school.

At the current stage, the ideas of reorganizing the education system in the Republic of Kazakhstan in accordance with the state program of EDUCATION 2020-2025 are being updated. There are natural difficulties for the process of forming a new system and the shortcomings of implementing these ideas in practice are revealed. The article presents specific problems and difficulties of organizing the information educational environment in school from the point of view of a teacher-practitioner.

Examples and possibilities of various applications to help the teacher, as well as practical application in the organization of educational activities of students in the classroom and during extracurricular time are given. Using the Quizizz online service as an example, we consider ways to use Its functionality to create non-standard tasks for students to work on educational material that help to consolidate the material. For comparison, the work was carried out in control and experimental groups, which allowed us to identify the effectiveness of using this tool in training.

Keywords: informatization of education, methods of teaching school mathematics, educational information environment.

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім ордасы жаңартылған бағытқа бет бұрғаны белгілі. Рухани жаңғырту үшін бұл бағыт өте жоғары деңгейде, және де жастар белсенділік таныту да. Ал бұл алдымен, мектеп оқушыларынан басталады. Жалпы қарас-

тырылатын тақырып ол математикалық бағытта ақпараттық коммуникативті технологияларды сабақ барысында қолдану және жаңа қырларымен танысу. Орта буын сыныпта ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектеп қабырғасында оқып жүрген сынып оқушыларының АКТ-ға қызығушылықтары өте басым болғандықтан визуальды қабылдаулары өте жоғары еске сақталады. Бәріне белгілі бұл жасалып отырған дүние ол заңды,яғни айта кетсек , Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр. Жалпы тұрғы да АКТ өз алдындағы мақсаты мынандай. Мектеп оқытушылары үшін ақпараттық – технологияларды пайдаланудың тиімділі:

– Оқушының өз бетімен жұмысына;

– Уақытын үнемдеуге;

– Білім білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;

– Шығармашылық жұмыстарды орындау , түсіндіру кезінде;

– Қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

– Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі.

Математика пәні ол тек сандық немесе есеп шығару ғана емес ол информатикалық бағыттың бөлігі. Кез келген сабақ – ол оқу үрдісінің бір бөлігі, сондықтан да оқып үйретуді ғылыми танымда нақтылықтың критерийі рөлін атқаратын өмірмен, практикамен байланыстыра білуге, ал оқу процесінде – оқуға ынталылықты, оған оң көзқарасты, айналадағы ортаның құбылыстарын түсіндіру үшін теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағдысына қалыптастыруға тиіс. Компьютерлік желілер технологиясын қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

– Компьютердееркінжұмысжасайды;

– Есеп және формулалармен еркін жұмыс жасайды;

– Ақпараттарды ала алады, өңдейді, сақтайды;

– Әлеуметтік желісімен тұрақты байланыс туғыза алады;

– Өздігіненізденімпаздыққабілетіартады.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңдағы математиканы үйренуге арналған әдіс, тәсілдер сан қилы. Бұлар оқушыларды математика әлемі сіңіп кетуіне көмектеседі және т.б жаңа технологияларды математиканы үйренуде қолдану биік нәтижелерге жетуге көмектеседі. Мен өз қызмет тәжірибемде АКТ–ны қолданып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, қабілеттіліктерін ашуға, қызығушылығы артқан оқушы мен сапалы білім толықтығына бағыттаймын.

Оқушылардың сандық сауаттылығын дамыту үшін әртүрлі платформалар, онлайн-сервистер (Quizizz, Padlet, Qizlet және т.б.), білім беру платформалары қолданылады.

Қазіргі уақытта, әртүрлі елдерде Quizizz онлайн-сервисі жиі пайдаланыла бастады. Quizizz--интерактивті викториналарды жасау үшін тамаша веб-құрал. Сіздерге осы бағдарламаны қолдану арқылы қандай нәтижеге жеткенімді айтқым келеді. Мен алтыншы сыныптар арасында тәжірибе жасадым, бір сыныпқа дәстүрлі математика сабағын бердім, ал екінші сыныпқа осы бағдарламаны сабақтың басында, ортасында, соңында, топқа бөлуде, және үй тапсырмасын беруде жоспар бойынша қолдандым. Осылайша 2 апта жұмыс жасадым, тәжірибе нәтижесінде екінші сыныптың деңгейі бір саты өсті, сабаққа аса араласпайтын оқушылар ынталанып жұмыс жасайтын болды. Осы нәтижені көріп мен екі сыныпқа да осы бағдарламаны енгіздім.

Барлық оқушылар осы бағдарламалармен қызығушылықпен жұмыс істейді, олардың мотивациясы мен танымдық белсенділігі жұмыс формаларының әртүрлілігі, ойын сәтін қосу есебінен артады.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын, атап айтқанда аралас оқыту технологияларын пайдалану мұғалімге сабақты қазіргі заманғы жа-

сауға мүмкіндік береді, педагогтың кәсіби өсуіне әсер етеді, бұл білім беру сапасын айтарлықтай арттыруға ықпал етеді, білім беру саясатының басты міндетін шешуге әкеледі. Мұндай сабақтар мектептегі инновациялық жұмыстың маңызды нәтижесі болып табылады.

Мұғалім өз компьютерінде тест немесе сұрақ-жауап жасайды, ал оқушылар өз мобильді құрылғыларынан сұрақтарға жауап бере алады. Ұпайлар дұрыс жауаптар үшін есептеледі. Оқушылар викторинаға сілтеме арқылы өтіп, берілген ойын кодын енгізе алады. Quizizz көмегімен жасалған викториналар үй тапсырмасы ретінде ұсынылуы мүмкін. Барлық оқушылар бірдей тапсырмалар алады, бірақ олардың әрқайсысы өз ұялы құрылғысында сұрақтардың кездейсоқ кезектілігін көреді және тестпен өзіне тән қарқынмен жұмыс істейтін болады. Оқушының дисплейінде сурет салынған барлық сұрақ пайда болады, оны қалаған уақытта арттыруға болады және жауап белгілері. Мұғалім әр оқушының жұмысын бақылап, сынып жұмысының толық суретін ала алады, сондай-ақ алынған мәліметтерді Excel кестесіне экспорттай алады.

Оқушы мектеп қабырғасында жүріп керек білімін алып, болашақта тек соны толықтырады. Барлық ақпараттық технологиялардың жаңалықтарын ең бірінші қабылдап, үйренетін, онымен қоймай үй- ішіндегілерді де үйретенін сол балалар емес пе? Сол қызығушылығын пайдаланып, олардың сол білімдерін болашақта іске асатындай қылып, жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету мұғалімге байланысты. Кейбір мектеп те шағын жинақты мектептер қатарына жатса да, ұстаздарымыз уақыт талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды өз сабақтарында кеңінен пайдалана біледі. Бірақ көп жағдайда қала мұғалімдерінің мүмкіндіктері көп, ауыл мұғалімдеріне қиындау. Себебі мектептегі бір ғана Интернет нүктесіне барып материалдар іздеу, қала берді «төбелерге» шығып «сеть» ұстау қиынырақ болып тұрғаны. Сонда да жағдай жоқ екен деп отырмай, АКТ – ны толығымен меңгеріп, сабақтарда пайдалана білеміз. Сабақтарымыз қызықты, пайдалы және өзгеше болып өту үшін презентациялар жасап, аудио және бейнероликтер, түрлі – түсті иллюстрациялар, музыка, электрондық оқулықтар пайдаланып отырамыз. Кейде оқушылардың өздері де қызығып, керек материалдарды қалада тұратын туыстары мен достарынан телефонмен WhatsApp арқылы алып жатады. Бұның өзі оқушы үшін де ақпараттық технологияны сабақтарға пайдалану қызық екені көрсетеді. АКТ- ны күнделікті сабақтарда пайдаланып жүргенмен, сабақ мақсатына жетті ме, әлде балалар түсінбей қалды ма деген ой жиі мазалайды. Оның себебі, әрине, ауыл мектептері әлі де болса толықтай қажетті материалдық техникалық базамен жабдықталмаунда, компьютерлердің әлі де жеткізілсіздігінде, ғаламтордың болмауы кері әсерін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасымыздың биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында цифрлық технологияны қолдану туралы айта келіп: «Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту керек.» деген болатын. Жаңатехнологиялар қолжетімдіболсабілімсапасыдаартадыдепойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2017 ж.
2 Аюбаева Т. «Ақпараттық технологиялар оқыту үрдісінде» //Қазақстан мектебі, 2008, №11, 50 б.
3 Бычков В.А «Програмирование-новая грамотность» // Школьные технологии. – 2014, №2.

ХҒТАР14.01.79



ШУИНШИНА ШОЛПАН МЫРЗАҚАСЫМҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

АЛЬПЕИСОВ ЕСЕНБАЙ АШИМАЛИЕВИЧ
тарих ғылымдарының докторы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУ САПАСЫН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ

Түйін. Мақалада болашақ мұғалімнің жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша қалыптасуына қажетті жалпы әдістемелік дағдылар көрсетілді. Сонымен қатар жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын негізгі талаптар, жоғары білім мазмұнын жобалауда кейбір дидактикалық принциптер көрсетілді.

Түйінді сөздер: жалпы орта білім беру, жоғары білім беру, білім беру бағдарламасы, сабақтастық, білім беру сапасы, жаратылыстану-ғылыми пәндер, болашақ мұғалім, дидактикалық принциптер.

Резюме. В статье отражены необходимые общие методические навыки по естественно-научным дисциплинам, необходимые для формирования будущего учителя. Также были продемонстрированы основные требования к подготовке будущих учителей естественно-научных дисциплин в системе высшего педагогического образования, некоторые дидактические принципы проектирования содержания высшего образования.

Ключевые слова: общее среднее образование, высшее образование, образовательная программа, преемственность, качество образования, естественно-научные дисциплины, будущий учитель, дидактические принципы.

Summary. The article reflects the necessary general methodological skills in the natural sciences, necessary for the formation of the future teacher. They also demonstrated the basic requirements for the training of future teachers of science in the system of higher pedagogical education, some didactic principles for designing the content of higher education.

Key words: general secondary education, higher education, educational program, continuity, quality of education, natural sciences, future teacher, didactic principles.

Жалпы орта және жоғары педагогикалық білім берудің оқу бағдарламалары сабақтастығын қамтамасыз етудің негізгі мақсаты - жалпы орта және жоғары білім беру деңгейлерінде жаратылыстану-ғылыми білім беру мазмұнын саралау, жүйелеу, кіріктіру және оның негізінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес болашақ мұғалімдерді дайындауға арналған білім беру бағдарламаларын таңдап алып, сапалы білімді игеруіне мүмкіндік беру болып табылады.

Жоғары педагогикалық білім беру бағдарламасы болашақ мұғалімдердің жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша әдістемелік дайындығын студенттердің мектептегі жаратылыстану-ғылыми пәндердің жаңартылған мазмұнын сапалы меңгеруіне жағдай жасауды және оларды математика, физика, химия, биология және география мұғалімдерінің кәсіби-әдістемелік қызметіне бейімдеуге бағыттауды көздейді.

Әдістемелік дайындық іргелі пәндерді оқытуда мазмұндық бағыттарды іске асыру; оқу жоспарында көзделген базалық және бейімдеуші цикліндегі пәндер; арнайы енгізілетін (әртүрлі тақырыптар бойынша әртүрлі арнайы курстар, соның ішінде интегративті курстар, факультативтер); ұйымдастыру нысандары (курстық, дипломдық, өзіндік және жеке жұмыстар, педагогикалық практикумдар және педагогикалық практика) және бақылау жүйелері (аралық бақылау, емтихан) арқылы дайындықты қамтиды. Бұл дайындық педагогикалық ЖОО-да болашақ мұғалімдерді әдістемелік даярлау жүйесін құрайды.

Болашақ мұғалімнің жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша қалыптастыруға қажетті мынадай жалпы әдістемелік дағдыларды:

- сабақ материалдарын әдістемелік тұрғыдан талдау, синтез, абстрагирлеу, жалпылау, салыстыру, салыстыру, индукция, дедукция, бақылау сияқты ғылыми әдістерді сабақта қолдана білу және қолдана білуді;
- курстың негізгі ұғымдарын, тақырыптарының мазмұнын және логикалық құрылымын талдай білуді;
- жаңа материалды баяндаудың қатаң ғылы-

ми дәрежесін дұрыс таңдай білуді;

- оқушыларды оқулықпен жұмыс істеуге үйретуді;

- оқушылардың нақты тақырыпты зерделеудегі мүмкін болатын қиындықтарды болжай білу және оларды жою бойынша жұмысты ұйымдастыруды;

- оқылатын материалда маңыздысын бөліп, жүйелеуді білуді;

- сабақта шешу үшін таңдалған оқу тапсырмаларын топтастыра білуді қалыптастыру қажет [*Ryzhakov M.V.,2018,153 б.*].

Жүргізілген талдау жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын мынадай негізгі талаптарды ұсынуға мүмкіндік береді:

- болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлығы қазіргі заманғы шығармашылықпен ойлайтын мұғалімді, пән бойынша әдіснамалық, іргелі біліммен, психологиялық-педагогикалық ғылым негіздері мен пәнді оқыту әдістемесінің негіздерін, озық педагогикалық тәжірибемен қамтамасыз етуі тиіс;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік қызметін қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие процесін демократизациялау, ізгілендіру және дифференциациялау бағытында мынадай:

а)болашақ математика, физика, химия, биология және география пәндері мұғалімдерінің интеллектуалдыдамуы;

б) студенттердің болашақ кәсіби қызметке даярлығын қамтамасыз ететін теориялық білім мен әртүрлі қызмет түрлерін меңгерудегі шығармашылық белсенділігі, танымдық дербестігі және олардың синтезі;

в) студенттердің оқу-зерттеу, ғылыми қызметке дайындығын анықтауды болжайтын, олардың шығармашылық белсенділігін, дербестігін және жауапкершілігін дамыта отырып, оқу және оқу-зерттеу қызметінің арасындағы сабақтастықты күшейту жолымен болашақ мұғалімдерді жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша даярлық процесін қарқындатуы сияқты жұмыстар істелуі қажет.

Сонымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарында мұғалімнің әдістемелік даярлығының әртүрлі тұжырымдамалық модельдерінің теориялық негіздерін талдау жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімнің болашақ қызметіне әдістемелік даярлығының мынадай жалпы принциптерін тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- әр студенттің жеке басын шығармашылық еңбек, таным және қарым-қатынас субъектісі ретінде тануды талап ететін ізгілендіру;

-студентке кәсіби білім берудегі бір тұтас жүйе ретінде мұғалімнің әдістемелік дайындығын қарастыруды білдіретін тұтастық: дамудың жоғары деңгейі; шығармашылық тұлғаның алуға мүмкіндіктерінен тұратын әдістемелік даярлықты жетілдіру, оқу-жаттығудағы әртүрлі қызмет түрлері арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру; кәсіби-әдістемелік дайындық компоненттері мен элементтерінің белгілі бір сапалы толықтығы, ішкі бірлігі;

- іргелі теориялық білім негізінде кәсіби-әдістемелік білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін фундаменталдылығы;

-жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша болашақ мұғалімдерді әдістемелік даярлау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пәндік, кәсіби-практикалық және әдіснамалық даярлықтың бірлігі;

- оқыту процесінде кәсіби-әдістемелік қызметті үздіксіз меңгеруді білдіретін үздіксіздігі;

-студенттердің оқу және болашақ кәсіби қызметінің өзара байланысын есепке алуды талап ететін оқытудың контекстілігі;

- әрбір студенттің мүдделерін, уәждерін және құндылықты ұстанымдарын ескере отырып, жалпы және кәсіби қабілеттерін дамытудың тиімді жолдарын іздестіруге педагогтың қызметін бағыттайтын білім алушылардың белсенділігі, бастамасы және шығармашылығы;

- болашақ мұғалімдердің жалпы білім беретін орта мектепте, сондай-ақ математика, физика, химия, биологияны және географияны тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектептерде, лицейлерде, гимназияларда және т. б. жұмыс істеу үшін нақты мүмкіндіктерін қалыптастыруды болжайтын әмбебаптығы.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми дерек көздерге шолу және талдау көптеген ғалымдар өздерінің зерттеулерінде педагогикалық білім беруді дамытудың перспективалық бағыттарын қарастыруына және жоғары мектепте педагогикалық кадрлардың кәсіби және әдістемелік даярлығының әртүрлі мәселелерін жариялауына алып келді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының студент-практиканттары мен түлектері қазіргі мектепте пәнді оқытуда түрлі жағдайларға сәйкес әдістерді қолдануда бірқатар қиындықтарға тап болады (атап айтқанда, оқушылардың дарындылығы мен деңгейі бойынша сараланууы). Олар қолданыстағы білім беру бағдарламалары негізінде заманауи сабақтарды жобалау дағдыларын, яғни ғылыми-жаратылыстану мазмұнын жеткілікті меңгере алмағын көрсетті. Білім берудің жаңартылған мазмұны мен инновациялық әдістерді оқу процесіне енгізу олардан ерекше белсенділік пен дайындықты талап етеді. Жұмыс берішілер мен бітіруші курс студенттері іргелі және кәсіби-әдістемелік дайындықтың маңыздылығын атап өтіп, пәнді оқытудың психологиялық аспектілерін, жаңа материалды беру тәсілдері мен тәсілдерін және тапсырмаларды шешудің, оқушылардың сабақтарда оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруды меңгерудің қажеттілі-

гін көрсетті.

Осылайша, мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес ЖОО білім беру бағдарламаларын жаңартуды, ең алдымен оның мақсаттарын, мазмұны мен технологияларын қоғам мен қазіргі заманғы мектептің қажеттіліктеріне сәйкес келтіруді, пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді, оны оқытудың нысандары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл, өз кезегінде, ЖОО-ның математика, физика, химия және биологияны оқыту әдістемесін, студенттердің меңгеруі тиіс сабақ түрлерін, әдістері мен құралдарын жетілдіруді, сонымен қатар ЖОО-да жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік дайындығын жетілдірудің тиімді жолдарын іздеуді көздейді.

Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша жалпы орта және жоғары педагогикалық білім берудің оқу бағдарламалары сабақтастығын сақтаудағы негізгі мәселе білімнің базалық мазмұнын анықтау және таңдап алу болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларындағы білімнің базалық мазмұны – студенттердің жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер, бейіндеуші пәндердің, оның ішінде жалпы орта білім беретін ұйымдардың меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан, меңгеруге міндетті, орта білім беру жүйесінде қызметін жалғастыруға қажетті және жеткілікті болатын білім мазмұнының құрамы мен көлемі деп түсінеміз[*Sh.Shuinshina, 2019, 271 б.*].

Білім мазмұнын жетілдірудің дидактикалық негізіне оқытуды ұйымдастырудағы тұлғалық-бағдарлық және шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан білім алушыға іс-әрекет субъектісі ретінде (қызығушылығына, әрекеттердің себептеріне, мақсаттарына т.б.) қарап, оны қалыптастыру туралы теориялық принциптер жатады. Осыған орай, жоғары оқу орындарында жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша білім мазмұнын жобалауда бірнеше дидактикалық принциптер жүзеге асырылуы тиіс:

- *ғылыми және жас ерекшелік принципі*. Олберілетін іргелі білімді мұқият іріктеу, қазіргі таңда ғылыми тұрғыдан айқындалған принциптер, ғылымда нақты қолданылатын ұғымдардың енгізілуін көздейді;

- *кіріктіру принципі*. Жоғары мектепте жаратылыстану-ғылыми пәндері қоғамның индустриялдық-инновациялық дамуына байланысты математика, физика, химия, биология, география пәндері мазмұнының бір-бірімен кіріктіріліп келуі. Кіріктіру принципі арқылы дүниенің біртұтастығы, оның құбылыстарының өзара байланыстылығы туралы түсініктер қалыптастыру мүмкіндігі туадыҢ

- *пәнаралық байланыстар принципі*. Бұл принцип базалық және бейінді пәндерден алынған білімді кез келген сабақ барысында кешенді түрде пайдалануды көздейді, яғни мектеп курсы мазмұнын тереңдетіп оқытуға арналған пәндерден алған білімді оқыту әдістемесі пәнінде тиімді пайдалану ұсынылады;

- *жаңартылған орта білім беру мазмұнын жүзеге асыру принципі*. Мектептегі жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша жаңартылған мазмұнды, оқытудың жаңаша тәсілдері мен технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың белсенді оқыту әдістерін пайдалану арқылы студенттерді болашақ мамандығына даярлауға тиісті жағдай жасалады, яғни әдістемелік пәндерді оқытуды ұйымдастыру жаңартылған мазмұнға сәйкес іске асырылады;

- *нәтижелі шығармашылық принципі*. Білім беру бағдарламасының мазмұны тек әр пән бойынша білім мен тәрбие беруге және оны меңгертуге ғана емес, сонымен қатар студенттердің шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған;

- *мәдениеттендіру принципі*. Кез келген пәннің мазмұнында студенттердің жеке басынан бастап оның жалпы мәдениетін көтеру, руханиадамгершілік, қоғамдық санасын жаңғырту, ол үшін отбасының гигиенасынан басталатын түрлі қатынастың біртіндеп, мәдени орталықтарды, адам баласының қай салада болсын Республикамыздың ғана емес, адамзат тарихынан бастап, қолы жеткен жетістіктерін қамту көзделген;

- *экологиялық принципі*. Әр курс сайын студенттің өзін-өзі байқауы, өз әрекетін басқаның тиімді әрекетімен салыстыру, қоршаған ортаға, табиғатқа адами, мәдени қатынас жасауға мүмкіндік беру жағы қарастырылады;

- *өлкетану принципі*. Әр пәннің әр тарауын жергілікті материалдармен байланыстыра оқытуды талап етеді;

- *қолданбалық принципі*. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуды, әр пәннің мазмұнының практикалық бағыттарын жүзеге асыруды, шынайы өмірмен байланысқан жағдаяттарды шешу қарастыруды талап етеді.

Осындай дидактикалық принциптерді сақтай отырып жаңартылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы жоғары оқу орындарында жаратылыстану-ғылыми білім берудің барлық мамандықтарында оқыту мен тәрбие талаптарын қамтамасыз етуге жағдай туады[*Sh. Shuinshina, 2019,1 б.*]. Білім беру барысында осы дидактикалық принциптердің жүзеге асырылуы негізінде болашақ мұғалімдерді сапалы дайындауды қамтамасыз ету мәселесі жүзеге аспақ.

Сонымен, жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша жалпы орта және жоғары педагогикалық білім берудің оқу бағдарламалары сабақтастығын қамтамасыз етудің негізгі мақсаты, педагогикалық жоғары білім беру жүйесінде жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамытудың басымды бағыттары мен мен жүзеге асыру механизмдері, білім мазмұны мен студенттердің дайындық

деңгейіне қойылатын талаптар (оқу нәтижелері мен құзыреттіліктер), білім мазмұнын жобалаудың дидактикалық принциптері негізінде жоғары білім берудің базалық мазмұнын анықтаудың матрицасы құрастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ryzhakov M.V., Abylkassymova A.E., Shishov S.E. About The Lessons on The Development of State Educational Standards in The Russian Federation and The Republic of Kazakhstan //Modern Journal of Language Teaching Methods (MJLTM). ISSN: 2251 – 6204. – Iran. – V.8. – Iss.12. – 2018. –P.153-168.
2 Sh.Shuinshina, Zh.Kopeyev, Y.Tuyakov, A.Mubarakov. Continuity in Education: Definition, Essence, and Analysis of the Problem //AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research. - Czech Republic. – Volum 9, Issue 1. – 2019. – P.271-278. (Web of Science).
3 Sholpan Shuinshina, Yessenkeldy Tuyakov, Botagoz Akhmetova, Yessenbay Alpeissov, Marat Dyussov. Teacher training in natural scientific disciplines in the context of modernization of education in Kazakhstan //DILEMAS CONTEMPORANEOS-EDUCACION POLITICA Y VALORES. ISSN: 2007-7890. E-ISSN: 2007-7890. – MEXICO. -Year VII, Special Edition, October 2019. – No.16. – p.1-30. (Web of Science).

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

АЙТУҒАНОВА САУЛЕШ ШАМШАҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ДАУЛЕТОВА АЯН
магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

АҢЫЗДАУЛАРДА ҚАһАРМАН ӘЙЕЛ ТҰЛҒАСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Түйін. Ауыз әдебиетінің жанрлар жүйесінде аңыздаулардың алатын орны ерекше. Себебі, аңыздауларда қазақ халқының руханиятына қатысты ұлттық танымдар мен мемлекетіміздің даму тарихындағы елеулі оқиғалар және тарихи тұлғалар жайында мол дерек бар. Аңыздауларда әйел тұлғасын бас қаһарман етіп алу – қазақ әдебиетінде қалыптасқан өзекті тақырып екенін көрсетеді.

Түйінді сөздер: Аңыз, фольклор, сақтар, Зарина патшайым, тарихи тұлға.

Резюме. В жанре устной литературы легенды имеют особое место. В легендах встречаются много национальных представлений, касающихся духовности казахского народа, много фактов о значительных событиях в истории развития нашего государства и исторических личностях. Показать женщину главным героем в легендах – указывает на актуальность этой темы в казахской литературе.

Ключевые слова: Легенда, фольклор, саки, царица Зарина, историческая личность.

Summary. Legends have a special place in the genre of oral literature. In the legends there are many national ideas concerning the spirituality of the Kazakh people, many facts about significant events in the history of the development of our state and historical figures. Showing a woman as the main character in legends indicates the relevance of this topic in Kazakh literature.

Keywords: Legend, folklore, saki, queen Zarina, historical person.

КІРІСПЕ

Әр халықтың өз жүріп өткен тарихы мен мыңжылдықтар бойы қалыптасқан әдебиеті бар. Қазақ ауыз әдебиетінің іргелі салаларының бірі саналатын аңыздар мен аңыздаулар халқымыздың отансүйгіштігін, өжет мінезі мен қайсарлықтың өшпес белгісін көрсететін жанры болып табылады. Ел аузында айтылып жүрген аңыздаулар сол халықтың ежелгі рухани мұраларының бірі болып саналады. Аңыздауда халықтың ақыл-ойы, арманы мен тілегі, сол замандағы тұрмыс-тіршілігі анық көрінеді. Сондықтан әдебиеттің төл бастауын ежелгі мәдениет пен әдебиетті зерттеуден бастау дұрыс-ақ.

Фольклордың басқа жанрлары сияқты аңыздаулардың даәртүрлі нұсқалары болады. Оның себебі айқын: жазу-сызу болмаған көне дәуірлердегі оқиғалар бізге ауыздан-ауызға жетіп отыр. Тіпті нақты жазылған нұсқасы жоқтың қасы. Ғылым мен білімнің бастау алатын ошағы саналатын грек тарихшыларының еңбектерінен ғана жазбаша аздаған мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Дегенмен, сөзге шешен, ойға жүйрік қазақтай ұлы халық еліміздің ең көне аңыздауларын ғасырлар қойнауында жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

Аңыз-әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғағаны, бұл жолда жасаған әр алуан істері ел аузында аңыз-әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Олардың аты, ісі ерте кезде жазу-сызу болмағандықтан хатқа түспеген, тек халықтың аңыз-әңгімелерінде сақталған. Сондықтан да әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған [Ғабдуллин М., 1996, 152 б].Аңыздаулардың ауыз әдебиетінде алатын орны туралы

сөз еткенде онда кездесетін тарихи тұлғалардың есімдері ғана айнытпай сақталып, оқиға мазмұнына заман талабына сай жаңа детальдар, өзгерістер де еніп отырғаны басты назарда болуы керек.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті ерекше мол мұраларға өте бай. Халық ауыз әдебиетінің ішінде ең көп тарағаны да, назар аудартатыны да – аңыздаулар болып отыр. Өйткені, аңыздаулар – тарихи шындықпен ұштасып жатқан ерекше жанр, еліміздің өткенін білуге бағыт беретін тарихтың нағыз қайнар көзі деуге болады. Тақырыптың өзектілігі мемлекеттік «*Мәңгілік Ел*» бағдарламасының бағытымен үндес. Аңыздаулардағы оқиғалар тарихта болған тұлғалардың ерлігі жайында баяндалып отырады, белгілі бір тарихи уақыт аралығы көрсетіледі. Бас қаһарманның айналасына сол дәуірдегі ұлттың жалпы жағдайын, әлеуметтік, қоғамдық ахуалын топтастыра баян етеді. Кез-келген аңыздаудың тарихи шындығы бар мұра екені анық. Аңыздаудың мазмұнында айтылатын кейіпкерлердің аты, жер-су атаулары, уақыт өлшемі –тарихилық мән-мағына беріп тұрады. Әдебиеттанушы ғалым Мұхтар Әуезов Л.Соболевпен бірігіп жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» монографиясында: «Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық шығармашылығының ерекше бір саласын құрайды» [Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960, 217 б] деп аңыздардың тарихи шындықпен үндес екенін анық көрсетіп береді. Олай болса, ауыз әдебиетінің ең көне әрі бай мұрасы аңыздаулар болып отыр. Аңыздаулар тек өзінің әдеби, тәрбиелік мазмұнымен ғана ерекшеленбейді. Онда халықтың жүріп өткен жолы жатыр, мыңжылдық тарихы жатыр. Сол себепті аңыздауларды зерттеп, ондағы әрбір мәселеге жіті тоқтау – әдебиеттің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ауыз әдебиетінің қай жанрын алып қарасақ та, ең алдымен оны белгілі бір адамның шығарып, мүмкіндік болған жағдайда хатқа белгілі бір адамның түсіргеніне дау жоқ. Жазу-сызу болмаған біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтарда өмірге келген аңыздауларды біреуден біреу есітіп, келесі ұрпаққа халықтың мүддесіне орай өзгеріске ұшырап,түрлі нұсқамен жетіп отырған. Осылайша әлеуметтік ерекшелік пен халықтық сананың қиылысқан тұсында сол ұлттың тұрмыстіршілігіне, салт-санасына сай ортақ рухани мұра туындайды. Кез-келген шығарма кейіпкерсіз, оқиғасыз болмайтынына орай белгілі бір тұлға тарихи оқиғаның бас кейіпкері етіп алынады да, сол кейіпкердің айналасында заман келбеті баяндалады. Әдетте, ер-азаматтарын биік қойған қазақ елі нәзік жанды ару қыздарының да ерлігі мен қайсарлығын ұмытқан емес. Біздің айтпағымыз сондай аңыздаулардың бірі - сақ патшайымы Заринаның ерлігі жайында болмақ. Аңыздаулардағы оқиғалардың қалай өрбіп, қалай қалыптасқанын, нақты тарихи датасын дөп басып айту қиын. Зарина біздің заманымызға дейінгі 558-518 жылдары өмір сүрген қазақтардың арғы ата-тегі саналатын сақтардың патшайымы, сақ патшасының қызы, Мөрмөр қолбасшының әйелі. Халық аузында Зарина туралы тамаша аңыз қалған.

Сақ тайпасы атауының мағынасы көне парсы тілінде «құдіретті еркектер», «жүйрік атты турлар» деген мағынаны білдіргеніне қарамастан, сақ қоғамында әйел адамдарда да жоғары лауазымға ие болу құқығы болған. Сондай жоғары лауазымды, қаһарман әйелдердің бірі - Зарина патшайым болған. Зарина есімінің сыры көне иран, парсы тілдерінде «алтын, алтын киетін» деген мағынаны білдірген [Жандарбеков Б., 1993, 624 б]. Бұл дерек шындыққа сәйкес келеді. Өйткені, сақ тайпаларында алтын өндіріп, оны өңдеуге байланысты кәсіпшілік пен қолөнер жоғары дәрежеде дамыды. Археологиялық қазбалар мен жазба деректер дәлелдегендей, сақ дәуірінде алғашқы қоғамдық қатынастар ыдырап, әскери демократия құрылысы пайда бола бастаған. Оның дәлелі көшпелілердің әскери жорықтары жиі болып тұрды. Дәл осы жорықтардағы елі мен жері үшін аянып қалмаған батыр тұлға – Зарина патшайымның ерлігі ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келеді. Жауынгерлердің қоғамдық тобынан көсемдер мен патшалар шықты. Ежелгі дәстүр бойынша ең мерген жауынгер өзгелерге билігін жүргізуге құқылы болды. Патшаның қызы болғандықтан Зарина кішкентай күнінен бастап мергендік пен жауынгерлік өнерге жетік машықтанып өскені белгілі. Сондықтан Заринаның ел басқару ісіне тікелей атсалысуына ешқандай кедергі болмағаны анық.

Кең даланы мекен еткен сақ жеріне жасалған жорықтар туралы сөз еткенде әйгілі Кир патша, Александр Македонский туралы аңыздар тілге оралады. Осы қолбасшыларға қарсы тұрып, елі мен жерін жау табанына таптатпаған өжет арулар Томирис пен Заринаның ерліктері де осы тұста көрініс табады [Джандарбеков Б., 1982, 288 б]. Сұлулық пен батырлықтың символына айналған Зарина патшайымның ерлігі туралы аңызда: «Жаугершілік болмаған кезде Зарина патшайым қасындағы қырық қыздан құралған жасағын ертіп, кең далада аң аулап, көңіл көтеріп қайтуға шығады. Алдынан құланның үйірі қашып, оны қуып,қызықтап, байқаусызда алыстап кетіп қалады. Бір төбеден бір төбеге асып, құлан қуып жүргенде, алдынан қаз-қатар тізілген әскер шығады. Олар Заринаның әйел екенін танымайды, дулыға киген жас жауынгерді қолға түсіру үшін қоршай бастайды. Зарина өжеттікпен қоршауды бұзып өтеді. Соңынан жау әскерінің батыры қуады. Бір уақытта Заринаның санына оқ тиіп, жараланып,

аттан құлайды. Ақсаңдап орнынан тұрып, қайта ұмтыла бергенде, басындағы дулығасы ұшып кетіп, төбесіне түйген қолаң шашы жібектей сусып беліне түседі. Қуғыншы Зариналың әйел екенін білген соң, аттан секіріп түсіп, көмектесіп, көтеріп алады. Ай мен күндей сұлу келіншекті ұнатып қалады. Ол Мидия патшасының баласы, ханзада еді.Ханзада Зариналы бір көріп қайту үшін жиілетіп сақтар даласына келіп тұратын болады. Бір күні Зариналың күйеуі Мөрмөрдің қолына түсіп қалады. Ол қолындағы тұтқынын өлтірмекші болады. Мидия ханзадасын өлтірсе, екі елдің арасында жанжал туып, соғыс басталатынын сезген Зарина Мөрмөрді райынан қайтарғысы келсе де, күйеуі оған көнбейді. Зарина нөкерін жұмсап араша түспекші болғанда, тайталасқан Мөрмөр байқаусызда жараланып, ұзамай қансырап өледі.

Мидия ханзадасы еліне кетерінде Зариналға сөз салып, бас қоспақ ниетін білдіреді. «Екі патшалықты біріктіріп, ел болайық», - дейді. Зарина жауабын бірден бермей: «Бір жылдан кейін анығын айтамын!», - деп қала береді. Арада бір жыл өтеді. Зариналың да мидиялық көркем жігітті ұнатып қалған сыңайы бар. Жүрегі лүп-лүп етіп соны ойлайды,қара көзіне мұң толып, алысқа қарайды. Бір күндері болғанда көп әскермен атқа қонып, Мидияның шекарасына жақындайды. Арғы жақтан ханзада күтіп тұр екен. Зарина сабырлы, салқындылықпен былай дейді:

- Армысың, сүйіктім!? Мен сені ғана ұнатамын, бірақ әйелің бола алмаймын. Оның себебі, екеуміз қосылсақ, сен хан боласың, мен ханым боламын. Менімен қоса артымдағы елім де сағаң бағынышты болады. Мен сүйгеніме қосылып, бақытты болғанымменен, елім тәуелсіздігінен айрылып, бақытсыз болады. Мен үшін елімнің еркіндігінен артық ештеңе жоқ. Қош, сүйіктім!

Осы сөзді айтып бола бергенде Зариналың қара көзінен жас тамып кетті. Ханзада мұңға батып, басын төмен салады. Екеуі;

- Қош!

- Қош! - десіп, қимай-қимай тарасады[Геродот, 1972, 13-14 б].

Қазақ тіліндегі аңыздың мазмұны да осымен сарындас [Қыраубаева А., 2001. 224 б]. Зарина сұлудың осы бір оқиғасы кейінгіге аңыз болып қалды. Талай-талай қазақ қыздарына ел намысын жоғары ұстаған Зариналың ерлігі үлгі болды.

Аңыздағы баяндалған оқиға желісінен көшпелі халықтарда ержүрек пен батырлық рухы әйел адамдарға да тән болғаны анық көрінеді. Көшпелі елдің әйелдері мен қыздары тұрмыс ерекшелігіне байланысты ер сауыттарын киіп, садақ асынып, өзін ғана емес, бүкіл бір елді қорғай алатын алапат күшке ие болған. Қазақ қыздарының бойында әйел затына тән инабаттылық пен нәзіктік, анаға тән мейірімділік пен даналық, азаматқа тән өжеттік пен қайсарлық үйлесім тапқандығы осындай аңыздардағы батыр тұлғалы әйелдердің образынан анық көрінеді.

Аңыздың арқауы - екі жастың бір-біріне деген адал сезімдері, сондай-ақ елінің еркіндігін өз бақытынан жоғары қоя білген қазақ қызының саналы шешімі мен даналығында жатыр. Аңыздың бас қаһарманы Зарина патшайымның ақылды, әділетті, намысқой образы бүкіл қазақ аруларының болмысына әсер еткен жиынтық бейне.

Зариналың бейнесінен бір заманның келбетін көре алуға болады. Жауынгерлердің киім кию үлгісі, қазақтың ер-азаматтарымен қоса ару қыздарының да ат құлағында ойнаған шабандоздар екенін, ең бастысы сезімді ақылға жеңдіре білген, ел арманын биік қойған тұлғаның іс-әрекетін көреміз.

Зарина патшайымның бойынан екі егіз мінезді қатар аңғаруға болады. Бірінде ол - өз басының еркіндігін, жүрек қалауын биік қойған еркін бейне болса, екінші жағынан халқы үшін өз бақытын құрбан еткен рухы мықты тұлға болып отыр.

Зарина патшайымның қасына қырық қызды ертіп жүруінің өзінде ұлттық болмысымыздың айқын көрінісі жатыр. Қазақ халқы сандардың киелі қасиеттерін тұрмыстық жағдайда ақылмен-,үлкен парасатпен қолдан білген. Бір ғана «жеті» санының өзіне жеті қазына, жеті ата, жеті жоқ, жеті кие, жеті әлем, жеті нан, жеті жетім сияқты тұжырымды қолданыстарды топтаған. Аңыздағы «қырық» санының көрсетілуі де үлкен тәрбиелік мәнге ие болып отыр. Жаңа туған нәрестенің қырқын сақтауы, жас босанған ананың қырқын сақтауы, қырық күн шілде, қайтыс болған адамның рухына арнап қырық күндік Құран оқу - осының бәрі қазақы тәрбиенің айқын көрінісі.

Зариналың бейнесін сипаттаудағы қолаң шашының сөз етілуінде де үлкен сыр жатыр. Қазақ қыздарының бар сұлулығы да осы қолаң шашында жатыр емес пе? Қос бұрым етіп өрген шаштарына шолпы тағып, қыздың мінезін шолпысының сыңғырынан-ақ байқап отырған қазақы тәрбиенің астарында үлкен мағына бар. Жараланған Зарина патшайымның иығынан сусып түскен қолаң шашы әйел затының, қыз баласының сұлулығына,қазақы тәрбиенің көркемдігіне дәлел екенін аңғарамыз.

Ауыз әдебиетіміздегі елін қорғау үшін ерлік көрсетіп, жауға қарсы аттанатын батырлардың образы көп-ақ. Қай аңызды, қай дастанды алып қарасақ та, бас қаһарман жаумен шайқас үстінде танылады. Зарина патшайым туралы аңыздаудың ерекшелігі де сонда, бұл жерде бас қаһарман әйел образында суреттеледі. Келесі ерекшелігі, бас қаһарманның ерлігі мен ақылы жаумен шайқас үстінде емес, сүйіктісімен кездесу, соңында ақылға сүйеніп, елі мен жері үшін өз бақытынан бас тартумен аяқталады. Бұл элементтер де аңызға басқаша сипат беріп тұр. Патшайымның ішкі толғанысы, психологиясы, болашаққа көзқарасы – әйелдердің тұтас бір көрінісі деп айтуға болады. Мысалы, Зарина патшайымның шешім

қабылдауына бір жыл уақыт аралығын сұрауы – оқиға мазмұнына ерекше реңк беріп тұр. Аз да, көп те емес, қолайлы аралық. Бірақ мазмұны мен салмағы мәңгілікті нұсқап тұр. Аңыздаулардағы оқиға желісін саралай келе, ондағы оқиғалардың дені кейіпкерінің іс-әрекетінен тарихи шындықты көрсетіп тұрады. Оған дәлел ретінде М.Әуезовтің:«Аңыз тарихта болған адамның реал өмірдегі еңбегін суреттеуді басты мақсат етіп, оның өмірбаяны мен нақтылы іс-әрекеттерін түбегейлі көрсетіп береді» [Әуезов М, 1991, 45 б] деген тұжырымдамасын айтуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аңызға арқау болған патшайымның бейнесі ұлттық болмысымызды аша отырып, қазақ қыздарының жиынтық образын өне бойына сыйдырған қаһарман тұлға деп айтуға толық негіз бар.

Әрине, қаһарман тұлғалар жайлы аңыздаулар аз уақыттың жемісі емес. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық, әлеуметтік өміріне байланысты туып, халықпен бірге өмір сүреді. Сол себепті, аңыздаулар даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырап отырған. Әрбір тарихи кезеңнің, халықтың сол дәуірдегі көзқарасына, әлеуметтік жағдайына қарай кейбір мәліметтері өзгеріске ұшырап, кейде аңыз мазмұнынан алыстамай, қосымша мәліметтермен толысып отырған. Дегенмен, Зарина патшайым туралы аңыздан біздің аларымыз мол. Ұлттық сана мен рухани қайсарлықтың үлгісі болған ару қыздарымыздың ерлігі кейінгі ұрпақ тәрбиесінде берері мол тарихи, әдеби мұра болып қала береді.

Зерттеу барысында анықтағанымыздай, қазақ халқының ауыз әдебиеті, оның ішінде аңыздаулар халықтың тұрмысы мен тіршілігіне, тарихына байланысты өте көне замандарда туындаған. Дей тұра, аңыздаулардың мазмұны толық сақталмаған. Сондықтан аңыздаулардың ең алғашқы үлгілерінің жалпы мазмұнын дәлелдеп айту өте қиын. Жазба әдебиеттің кеш қалыптасуына байланысты өте ерте замандарда өмірге келген аңыздауларды зерттеуде көптеген қайшылықтар да туындап отырады.

Елі мен халқын сүйген, мәңгілік ел болу жолында тамаша ерлік көрсеткен тұлғалар жайындағы көне аңыздаулардың ауыз әдебиеті тарихынан алар орны ерекше. Мұндай аңыздаулардың өте ескіліне қарамастан, ғасырлар бойы ұмытылмағаны бұл жағдайды дәлелдей түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. / М. Ғабдуллин – Алматы: «Санат» баспасы, 1996. – 368 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 1960. – 429 б.
3. Жандарбеков Б. Саки: ист.роман-дилогия. – Алматы: Жазушы, 1993. – 62 4с.
4. Джандарбеков Б. Томирис. Историческая повесть. / Б. Жандарбеков – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 288 с.
5. Геродот. История в девяти книгах./Геродот – Ленинград: Наука, 1972. – 600с.
6. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. / А. Қыраубаева – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

ӘӘЖ 17.02.
ГРНТИ:1077751

ДАУТОВА САУЛЕ БАТТЛОВНА
филология ғылымдарының докторы
«Интеллектуалды ұлт» ғылыми орталығының директоры
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ОСПАНОВА БАЯНДЫ РАМАЗАНОВНА
«Интеллектуалды ұлт» ғылыми орталығының қызыметкері
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН СЕМАНТИКАСЫН ЮНЕСКО ҚАҒИДАТТАРЫМЕН СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТҮРДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛАНДШАФТТЫҚ ОРТА АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСЫ

Түйін. Мақалада қазақ әдебиетінің типологиясы мен семантикасын ЮНЕСКО қағидаттарымен синергетикалық түрде қалыптастыруға қатысты тарихи-мәдени және ландшафттық орта арасындағы байланыс айқындалды; әдеби трансферт және өркениеттік шекаралар теориясының ЮНЕСКО-ның гуманитарлық принциптері арқылы қазақ әдебиетінің негізі ретінде көрсетуге қатысты мәселелер анықталды; ұлттық тәжірибе қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері арқылы мәдениетаралық байланыс жағдайындағы адамзаттың мәдени-тарихи тәжірибесінің бейнесі негізінде қарастырылды. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері ЮНЕСКО ұстанымдарымен үндестікте теориялық мәселе ретінде қарастырылып, әдебиет феноменінің жаңа гуманитарлық білімді қалыптастырудағы мән-мағынасы ашылды; ұлттық болмыстың тұжырымдамасын анықтау мақсатында әдеби феномендердің құндылық мәністерінің көркем-эстетикалық көрінісінің көркем шығармадағы маңызы анықталды. Қорыта айтқанда, әдебиеттің көркем феномендері отандық әдебиеттануда алғаш рет ЮНЕСКО ұстанымдарымен үндестікте зерттелді, осының негізінде қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері қазіргі ғылыми тұжырымдарға сәйкестендіріліп зерттелді.

Түйінді сөздер: көркем-эстетикалық феномендері, әдебиет, мәдениет, ЮНЕСКО ұстанымдары, көркем шығарма, синергия

Резюме. В статье рассматриваются типология и семантика казахской литературы в контексте историко-культурного и ландшафтного подхода к формированию синергетической основы в соответствии с принципами ЮНЕСКО; вопросы, связанные с изложением теории литературной трансцендентности и границ этнической принадлежности как основы платной казахской литературы, гуманитарного принципа ЮНЕСКО; Национальный опыт является основой образа культурно-исторического опыта человечества в контексте платного межкультурного общения в многогранном феномене казахской литературы. В то же время многогранный феномен казахской литературы, гармонирующий с принципами ЮНЕСКО, рассматривается как теоретическая проблема, и формируется новое гуманистическое знание феномена литературы; Для определения понятия национальной идентичности было выявлено значение многогранной эстетической ценности литературных явлений во многих произведениях. Вообще многие литературные явления в отечественной литературе впервые были изучены в соответствии с принципами ЮНЕСКО, на основании которых научная литература казахской литературы является наиболее популярной.

Ключевые слова: художественно-эстетические феномены, литература, культура, принципы ЮНЕСКО, произведение, синергия

Summary. The article deals with the typology and semantics of Kazakh literature in the context of the historical-cultural and landscape approach to the formation of the synergistic basis in accordance with the principles of UNESCO; issues related to the presentation of the theory of literary transcendence and the boundaries of ethnicity as the basis of the paid Kazakh literature, the humanitarian principle of UNESCO; The national experience is the basis of the image of the cultural and historical experience of mankind in the context of paid intercultural communication in the multifaceted phenomenon of Kazakh literature. At the same time, the multifaceted phenomenon of Kazakh literature, in harmony with the principles of UNESCO, is considered as a theoretical problem, and a new humanistic knowledge of the phenomenon of literature is formed; In order to define the concept of national identity, the importance of the multifaceted aesthetic value of literary phenomena in many works was identified. In general, many phenomena of literature in the domestic literature were first studied in harmony with the principles of UNESCO, on the basis of which the scientific literature of the Kazakh literature is the most popular.

Keywords: artistic and aesthetic phenomena, literature, culture, UNESCO principles, artwork, synergy

Қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері – адамзаттың мәдени-тарихи тәжірибесінің бейнесін айқындайтын адамның әлеуметтілігінің ең жоғарғы көріністерінің бірі. Көркем шығармадағы жазушы бейнелеген құндылықтардың мақсаттар мен идеалдар ретінде бағалануы адамның мақсатты іс-әрекетке қабілеттілігімен байланысты. Жалпы, мақсаттар және идеалдар ажырамас дүниелер ретінде адамды өмірдегі мәртебесі арқылы ерекшелеп көрсетеді. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, Қазақстанның қазіргі ұлан-ғайыр территориясын, өзіндік мәдениетіміз бен өмірді қабылдау мен танудың ерекше рухын бізге мұра қылып тастап кетті. Еркіндік сүйгіш пен дала ерлігінің рухын тарихтың қиын-қыстау кезеңдерінде де жоғалтқан емеспіз, оны бастарынан көптеген сынақты өткізген келешек ұрпақ үшін сақтап қалды» [*Назарбаев Ә.Н., 2018,*http://www.akorda.kz] деп атап өтті. Жазушы – өз шығармасында ұлттық мәдениеттің құраушы бөлігі ретінде ұлттық көркемдік эстетикалық мәселенің өзектілігін айқындаушы тұлға. Ұлттық көркемдік сананы анықтаудағы, «этностың рухани мәдениеті», «халықтың эстетикалық мәдениеті» ұғымдарының мазмұнын ашудағы көптеген әдіс-тәсілдер бұл тақырыптың әлі де зерттелу қажеттігін көрсетеді. Сондықтан қазақ халқының эстетикалық танымының мәселелерін ұлттың тарихи өткенімен қатар, даму барысындағы басымдылықтар мен перспективаларды ескере отырып, синхронды жақтан одан әрі филологиялық, тарихи, философиялық мәдениеттанулық тұрғыдан зерделеу өзекті болып табылады. Р.Ф.Мухаметшина мен А.Ф.Галимуллинаның еңбектерінде көптілдік білім беру жүйесіндегі оқыту әдістемесінде бименталды тұлға ұғымы алғаш рет негізделген [*Галимуллина А.Ф.,* 2018,*13с.*]. Қазақ әдебиетіндегі әсемдікке баулитын дәстүрлі мәдениетінің бірі – той мен жиындар. Өйткені адам баласы шыр етіп дүниеге келіп, қартайған шағына дейін сан алуан ойын-сауықтар мен сән-салтанат аясында өмір сүреді. Халық оларды мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер, жұмбақтар, эпостық жырлар, дастандар және т.б. көркемдік мәдениетті қалыптастыруда өте ұтымды пайдаланды, мүмкіндіктерін жоғары бағалады. Ұлттық көркем мәдениет адамдарды тек ұлттық мәдениеттің негіздеріне ғана жақындатып қоймай, жалпыұлттық мәдениетке де жақындата түседі, дәлірек айтсақ, әрбір мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарға бейімделеді. Махаббат, сенім, қайырымдылық, сұлулық өз кезегінде түрлі ұлттардың көркем шығармаларында ұқсас тұстар мен сюжеттердің пайда болуына алып келеді. Мысалы, әлемдегі барлық аналар балаға мейірімділікті бесіктен бастап үйретеді. Бір қызығы, бесік жырын бірдей айтады, барлық батырлық жекпежектер, танылмаған балалармен, бауырлар мен апалармен кездесу бір-біріне ұқсап жатады, демек, әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің «тоғысуы» ұқсас жанр болып табылады. Сондықтан ұлттық көркем мәдениет халықтарды жақындата түседі, мәдениеттер сұхбатына негізделген өзара түсіністікке, өзара танымға үлесін қосады. Бұл мәдени жақындықты білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар халықтардың мәдениеттерінің өзара баю үрдісін көрсетеді.

Әлемнің осы бейнесінің негізгі сипаттарының бірі – оның әрекеттік ұстанымы; ол мінез-құлықтың белгілі бір құндылықтық бағыттары мен үлгілерін қалыптастыруға бағытталады. Қазақ әдебиетінің рухани әлемі адамның табиғатпен, адаммен, қоғаммен қатынастарын үйлесімді етуге, тіршілік қауіпсіздігін сақтаудың тиімді түрлері мен тәсілдерін іздестіруге, оларды дамытуға негізделгендігін ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан шығармалар арқылы білеміз. Қазақ халқының әлемді қабылдаудағы Тәңір – аспан туралы түсінігінің орны ерекше. Ерте көшпенділер мен ежелгі түркі тайпаларының ақындық тәжірибесі Шығыстың әлемді көркем жолмен қабылдаудың біртұтас тарихи бейнесінің қалыптасуындағы маңызды және ерекше сатысы болып табылады. Орасан зор кеңістіктегі үздіксіз арпалыс пен қажетті келісім жасау жағдайында өмір сүрген ежелгі көшпелі халықтар әлемді үйлесімді енетін және оның жалғастырушысы болып табылатын өнерді қалыптастырды. Көшпенділер қоршаған орта табиғатымен, аса бай сезімдермен, түсініктермен және күйзелістермен өмір сүрді. Ежелгі түркі әдебиетінде түсініктері бойынша, әлемдегі ең жоғарғы биіктік Хан Тәңірі деп аталуы да кездейсоқ емес. Табиғатты тұтасынан көркемдік таным аясына сыйғызған халықтық көркемдік эстетиканың түпмәнді құбылыстарының бірі – Тау. Тау бізге мәлім көркемдік образдары жыраулар поэзиясындағы көріністерден бастап, бүгінгі күнге дейін сабақтасқан өлең жолдарынан немесе бүгінгі бейнелеу өнеріміздегі «тауқұмарлық» композициялардан анық байқалады. Мысалы, Сақ қорғандары Үлкен таудың Кіші моделі іспетті. Ол бастапқыда сұлбасы мен пішіні жағынан пирамидаға, тауға ұқсастырылғандықтан, ұшы үшкір болған, кейіннен, ғасырлар қойнауы мен дала табиғатының әсерінен, үшкір ұшы дөңестеніп кеткендігі – өздігінен-ақ түсінікті жайт. Осы тау мен әскери рухтың байланысы – «Ер Тарғын» жырындағы: «Бұлғыр да, бұлғыр, бұлғыр тау, Бұлдырап тұрған құрғыр тау» [Ер Тарғын. Батырлар жыры. *Күмісбаев Ш. 2019, 176.*] деген эстетикалық мәнді жолдардың түпмағынасы арқылы нақтылана түседі. Түркі халықтарының әдебиетінде таудың сипаты тәңіршілдікпен, шамандықпен байланысты өзіндік бір асқақ сипатқа ие. «Көкпен таласқан» деген ұғым «Тау» мен «Тәңірдің» ішкі үндестігін паш ете алады. Сондықтан «Хан тәңірі» шыңы – белгілі бір деңгейде таудың

ғарыштың болмысын бейнелейтін атау. Бірақ Тәңір тауда мекендейді деген Грек мифологиясындағы түсінік түркі–қазақ дүниетанымында кездеспейді. Себебі Тәңірі тау емес және ол Жердің бөлшегі тауға табан тіремейді, ол – тұтас ғарыш, яғни, «көк» болып табылады. Осының тағы бір сыры әдебиеттегі латшафттық мағынадағы жер-су атаулары өзара байланысты бейнеленіп қана қоймайды, олар «Тәңірге» қарсы көлденең жазықтық ретінде көрінді.

Қазақ әдебиетіндегі тағы бір мәселе – адамның рухани әлемін көшпенді және отырықшы болмыстың бірлігі. Үнемі көшпелі жағдайда өмір сүрген адамдар әрқашан қоршаған айналасында түрлі мәселелерге тап болып отырды. Сондықтан ата-бабамыз табиғаттан қайсарлықты, ержүректікті, баттылдықты, өміршеңдікті үйренді және осының бәрі көркем әдебиетте жырланды, әдебиет арқылы дәріптеліп келеді. Яғни адам өзінің әлемді қабылдауына қатысты білімін кеңейте отырып, әлемдегі орнын иеленді. Әлем адаммен салыстырғанда орасан зор болғанмен, адам бұл шексіз дүниенің кішкентай бөлшегі емес, керісінше, жазықтық дала сияқты дүниенің шексіз және орасан зор бөлігі болып табылады. Әдебиетте ЮНЕСКО ұстанымымен астарлас мәселе – «Атамекен» концептісі «дала», «туған жер» ұғымдарымен сипатталады. «Атамекен», біріншіден, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Себебі,Тудым, өстім, есейдім, Ен далам – анам, мен – балаң. Ен далам – анам, мен – балаң Туған, өскен есейген, Еңбек тулы ел – балаң (І. Жансүгіров. «Дала» поэмасынан) [*Жансүгіров, 2004, 40*8б]. Екіншіден, «атамекен» – тыныштық, мәңгілік орын. «Дала» – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. «Дала» сөзі – ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғым ақын дискурсында одан әріге тереңдеген. Мысалы, «Қарындас пен қара орын, Қалғаннан соң, дариға, Қара көзден мөлтілдеп, Жас келеді» деген күн. («Дала» поэмасынан). Академик Р. Сыздық бұл өлең жолдарындағы «қара орын» сөзін М.Қашғари сөздігіне сүйене отырып, «ағайын–туыстар мен ата-бабаның сүйегі жатқан жер» деп түсіндіреді [*Жансүгіров І.,2004, Үшінші том. Поэмалар.85 б.*]. «Атамекен» – «рухани кеңістік». Көшпелі түркі халықтары үшін рухани кеңістік – дала. Қазақ әдебиетінде «дала» ұғымы кеңдік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ол көбіне кең дала, қу дала, ен дала, боз дала, сар дала, кер дала, жапан дала, кеңесті дала, құм дала сынды бейнелі тіркестермен келіп, «атамекен» концептісін құрайтын тілдік бірліктер ретінде танылады. «Атамекен» концептісі «Жердің құты», «Құтты қоныс мекен», «Қара орын» сияқты мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Ал «ауыл», «жайлау» «құтты қоныс», «құтсыз қоныс» ұғымдары көшпелі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «атамекен» концептісін танытудағы өзек концептілер болып табылады. Осы мәселемен үндес тағы бір жайт – Еуразияның негізгі ландшафтық уәжі – шексіз кең байтақ дала шартты түрде «жазық» деп аталатын кеңістік түсінігінің пайда болуына ықпал жасады. Бұл түсінік тарихи тұрғыдан бұрынғы кезеңдерге қолданылған және географиялық мағынасы кең болған. Әртүрлі халықта ол түрлі мазмұнмен толығып отырды. Орыс халқының тарихында көшпенді халықтар – «қыпшақтар» («половцы»), яғни «далада тұратын адамдардың» жері мағынасын беретін «Поле» ұғымы қалыптасқан. «Поле» ұғымының кеңістіктік сипаттамасы анық – «үлкен жазық орын». Бұл терминнің қазір жаңа баламасы бар, ол – «степь». Славян мифопоэтикалық түсініктер контексінде «поле», «степь» ұғымдары адамның сопылыққа қарсы, ішкі тыйымдарынан арылудың синонимі болып табылады. Л.Н. Толстойдың «Живой труп» пьесасының кейіпкері Федя Протасов мінез-құлықтың мұндай түрін сипаттай отырып былай дейді: «Бұл – дала, бұл оныншы ғасыр, бұл бостандық емес, еркіндік». «Дала» терминінің шығуының әлі де болса бірмағыналы түсініктемесі жоқ. Бұл сөз көптеген жалпы еуропалық тілдерде кездеседі: «step» – «жазық, тегіс болу». Латыш тілінде stiept – «созылып жату» дегенді білдіреді. Әзербайжан тілінде «tap» – «ашық, тегіс орын», хинди тілінде tap – «алаң, иен жер». Әртүрлі құрлықта дала әр қилы аталады: Солтүстік Америкада – прерия (көгалды, шалғынды аймақ); Оңтүстік Америкада – «пампа» немесе «пампас», ал тропиктерде – «льянос». Оңтүстік американдық льяностың Африкадағы және Австралиядағы баламасы саванна болады. Жаңа Зеландияда даланы «туссоки» деп атайды. Ғалымдар бұл терминді біресе «тепу, тепи – бью (соғамын), бить (соғу), рублю (шабамын), рубить (шабу)» сөзімен байланыстырады – ендеше «соғылған, шабылған орын», біресе топот (дүбір), топтать (таптау) сөзімен жақындастырады, бұдан степь–дала – «тапталған орын – вытоптанное место» деуге болады. Оны латыштың Stiept – «созылып жату» сөзінен шықты деп те айтады. Мұның бәрі сөздің этимологиясын анық ашып бере алмаса да, көркемдік жағынан түсінік береді: «дала» – өте үлкен «кең жайылған», «тапталған» және «шабылған» жер. Географиялық әдебиетте дала мен оның түрлеріне берілген ондаған анықтама бар. Қазіргі географиялық анықтамалар мен энциклопедиялар дала табиғатына төмендегідей сипаттамалар береді: «Дала» – солтүстік және оңтүстік жарты шарлардың қоңыржай және субтропиктік зоналарында шөптесін өсімдіктер өскен жазық. Ағашсыз кеңістікте тығыз немесе жартылай тығыз жабыны бар, шөп басқан, өсімдік түрлеріне өте бай тип. Қоңыржай географиялық белдеудің континентальды бө-

ліктеріндегі ландшафт түрі. Дала климатының ерекшелігі кең температуралы диапазон болып табылады, жазы өте ыстық, қысы суық, сонымен қатар ылғалдылығы төмен. Даланың табиғат әлемінің көптүрлілігі ғалымдарға даланы аймақшаларға бөлуге мүмкіндік берді. Алайда бұл аймақшалардың барлығын біріктіретін өзіндік ерекшеліктері мыналар: ағаштың жоқтығы, шөптесін өсімдіктердің басым болуы, ал жануарлар әлемінде кемірушілердің көптігі. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «дала» – «шөптесін өсімдікті кеңістік; жайылым». «Кеңістіктің» семантикалық үлесі қарастырып отырған лексикалық мағыналарды біріктіреді. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде мынадай түсініктеме келтірілген. Дала – 1. Кең-байтақ жазық өңір, құла түз. Сусыз шөл дала. 2. Есік алды, тыс. 3. Ауылды жер, қыр [Қашқари М. Түрік сөздігі. 3–том. 2017, *13б.*]. Дала қосы – науқан кезіндегі уақытша баспана. Дала поштасы – әскери бөлімнің далаң жердегі поштасы. Далаға айтты – сөзі зая кетті. Далаға тастады – а) қараусыз қалдырды, қадірлемеді; ә) шаңына да ілеспеді, маңайламады. Даланы басына көтерді – қатты сөйлеп даурықты. «Дала» сөзі қазақтың тілдік санасында сөздік мақалаларының түсіндірмесінің мағыналарынан әлдеқайда кең. Бетегелі далаларда «қан майдан ұрыс» болып, халықтың тағдыры шешілді. Дала – тарих сияқты, эпикалық мағынасы бар сөз. Дала кеңістігінің «шексіздігі» бұрын–соңды даланы көрмеген адамдарға қатты әсер еткен. Осындай қасиеттермен сипатталатын объект ретінде дала қазіргі кезде концептуалды ұғымдарға жатқызылады. Классикалық прозада шексіз дала бейнесі Н.В. Гогольдің «Тарас Бульба» повесінде көрсетіледі. Ю.М. Лотманның айтуынша, бұл туындыда әлемге деген екі көзқарас бір-біріне қарама-қайшы қойылады. Қазақ әдебиетінде оларды «заттар әлемі» және «аспан мен дала әлемі» деп белгілеуге болады. Екі көзқарастың өзара қатынастары «бөлінетін» және «бөлінбейтін» болып белгіленген. Заттар әлемін жеңіл жолмен мүшелеуге, бүлдіруге, және бұзуға болады. «Бөлінбейтін әлемде» кеңістіктің белгісі сияқты үздіксіздіктің топологиялық ұғымының баламасы түрінде көрінеді. Сондықтан кеңістік ұғымына адамдарды үздіксіз, бөлшектеуге келмейтін тұтастыққа біріктіретін музыка, би, той, қырғын, серіктестік сияқты «бөлінбейтін» құбылыстар жатады» [*Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі*]. Саяхатшылардың хаттары мен күнделікті жазбаларындағы континенталды климатта орналасқан дала мен шөлді сипаттау Н.В. Гогольдің суреттеуінен ерекшеленеді. Олардың айқындығы мен бейнелілігі кем түспейді, алайда бұлар – басқа «далалар». Еуразияның орталығында орналасқан далалардың сипаты мүлдем өзгеше. Зелинский өзінің «Степи» поэмасында қазақ даласының бейнелерін төмендегідей жырлаған: «Видел ли ты степи? Когда весенним утром с юга потянет приятным ветерком. А травки, которые таились в земле, брызнут – схватят майское дыхание, И увядшее лоно родительницы закроют зеленым убранством молодости. Если ты видел это, склони гордоечелопредтем, что ввелотебя в этот кругчудес...». Шөл даланың шексіз жазық кеңістігі туралы көркем түсініктер дәстүрлі қазақ мәдениетінде кездеседі. Даланың шексіз жазығында бүкіл өмірін өткізген көшпелі–мал өсіруші даланы музыкалық және поэзиялық туындыларында жырлайды. Даланың айбынды бейнесі Тәттім беттің «Саржайлау» күйі сияқты музыкалық туындылардан көрінеді. Құрманғазы шығармашылығының биік шыңы таза үндестілікке толы, қазақ даласының шексіз жазығының бейнесін суреттейтін «Сарарқа» («Кеңдала») күйі, Ә.Тәжібаевтың, Ғ.Қайырбековтың «Дала қоңырауы» шығармалары болып табылады.

О. Сүлейменов шығармаларындағы «дала» ұғымы үнемі көшпенділердің мекен еткен орнымен байланыстырылады. Ақын даланың жағдайын жылдың ең ыстық кезінде жазады, соның салдарынан ол құрғақ, аптап, үнемі ыстық, ормансыз, шөлді жазық, күйіп кеткен және т.с.с. түрде бейнеленеді. Дала пейзажы сараңдығы және бір түрлілігімен ерекшеленеді. Оның жамылғысы – сор-тақыр, саз, құм, тас. Өсімдіктерден қарағаш, тал, бетеге, жусан өседі. Негізгі түстері – сарымен жасыл. О. Сүлейменов поэзиясында шыдатпайтын ыстығына қарамастан, дала өз түстерін сақтап қалады. Пейзаж бір түсті емес, ол – жасыл шөппен әрі «күрең сары», «күрең жасыл» қырандар және бүркіттермен ойнайтын күн сәулесінің алтын нұры өткен, жарқыраған әсем көрініс. О. Сүлейменовтің пікірі бойынша, дала кеңдік, маңғаздылық, асықпаушылық және немқұрайдылыққа дейін жеткізетін тыныштықты білдіреді. Бірақ бұл тыныштық тіршіліктің жоқтығын білдірмейді. Керісінше, табиғат әлемі қарқынды және әркелкі тіршілік кешуде. Шексіз жазық далада жүген-құрық тимеген жылқылар табынымен отар-отар қойлар мекендейді, түйелер жайылып, кесірткелер шапшаң жорғалайды. Ұшы-қиыры жоқ даланы ақын қырат–үстірттері жоқ «дөңгелек жазық» түрінде көреді, өйткені «дала биіктауларды сүймейді». Дегенмен, кішігірім төбешіктер, қорғандар даланың әсем көрінісін бұзбай, оған үйлесімді кірігіп тұрады. О.Сүлейменовтің шығармашылығын зерттеген А. Жуминова ақынның даласы тау тізбектерімен су көздерінің ландшафтыларын қамтитын Отан, сүйікті өлке ретінде ұғынылады деген қорытындыға келеді: «Вернименя в родныестепи, хочутуда, где солью Балхашумывал, где плыл Каратал. Я сижу в эпицентре великой Голодной степи», бұл жерде голодная степь – «Бетпақ-Дала» шөлінің тура аудармасы – оның тұрғындарының жинақтаушы белгісі ғана емес: «Степь гуляла в победе, забыв обо мне», сонымен қатар «аналық» ұғымымен аталады: «матерью – степь мы называем».

Эпикалық ұлттық дәстүр бойынша О. Сүлейменовтің далаға деген көзқарасы ерекше: «в ней «захоронена радость», она «тянет к себе, так что ноги под тяжестью гнутся», на ней «бездонны озера», лежащая «огромным аэродромом», которая «может пулю ту перехватить, расплавить в себе, остановить», ее «не забудешь», и кто к ней не вернулся, тот «жизнь утратил»[*Сулейменов О.,2012, 30 с*].. Ақын үшін дала – оның туған жері мен халқының тарихы [*Лотман Ю.М., 1992, 123с.*]. Даланың семантикалық баламасы – шөл. Шөл пейзажының дала көрінісінен айырмасы шамалы, ерекшелік тек «майда тас» – құмның көптігі мен бүкіл шөлді әлемді өз бойына тартатын жалғыздықта деуге болады. Талданған материалдарда тарихи-мәдени және ландшафттық орта арасындағы байланыс қазақ әдебиетінің ЮНЕСКО қағидаттарымен синергетикалық түрде қарастырылды. Ауыз әдебиеті шығармашылығының ақындық саласында да әсемдік табиғатқа да, адамға да тән болды.

Аталған этномәдени нақышы негізінде ұлттық антропонимдер жүйесінің қалыптасқандығын айта кеткен орынды: Гүлбаршын, Гүлжан, Гүларай, Гүлім, Гүлжайна, Жайнагүл, Қызғалдақ, Раушан, Райхан, Гүлден, Гүлнұр, Нұргүлжәне т.б. Берілген ұлттық антропонимдер жүйесі «гүл» концептісінің мәдени-бағалауыштық сипатын айқындай түседі. Көбінде көркем шығармаларда пейзажды бергенде гүлсөзі қызыл түспен бейнеленеді. Ал қызыл түс қазақ халқының ұлттық санасында, ең алдымен, қанның түсін бейнелейді. Қазақ өрнектерінің ішіндегі орталық бейне деп те айтуымызға болатын нақыштардың бірі – «қошқар мүйіз» деп аталатын ою. Бұл бүгінгі күні де халқымызда қазақ ұлтының руханияттық «бренді» ретінде әлемге әйгіленіп жүр. Бұл образда да қаһардың мазмұны сұлулықтың формасымен келіп түйіседі. Жалпы алғанда, тым көне әлемдік мистериядағы мүйіз фетиші қазақ халқында да – жігер мен қуаттылықтың, күш пен намыстың, қару мен айланың және т.б. ұғымдардың тұтастандырылған жиынтығы ретінде концептуалданады. «Қазақ тілінде мүйіз деген сөз – күш-қуат, ерлік, батылдық деген ұғымдардың баламасы. Мүйізге ұқсас түрлі бейнелер мен заттар ертеде дәстүрлі салт–жоралғыларда кең пайдаланылған, әскери байрақтардың таяқтарының ұшар бастарындағы киелі белгілер ретінде ұстанған», – деп оның концепттік мағынасын байыптаған пікірлер [*Қасиманов С., 2013, 187 б*] – осының айғағы. Сондықтан қошқар мүйіз, бір қырынан, осы айбарлылық пен қаһарды рәміздейтін образ болса, екінші бір қырынан, әсемдік қамтып жатады. Барлық мүйіздерді шақша, пышақтың сабы сияқты тұрмыстық бұйымдарда қолданады. Ал қошқардың, арқардың мүйіздері өзінің басқалардікіне ұқсамайтын оратылған ерекше көрінісі арқылы диалектикадағы шиыршықталған дамуды елестетеді. Казақ әдебиетіндегі «Зар заман» ақындары аталған Бұхар, Асанқайғы, Қазтуған, Шортанбай, Дулат және т.б. жыраулардың толғауларының мәні де осы тұрақтылықты сақтау болаған. Тұрақтылықпен байланысты осындай ұлттық әдебиетте ұстанымдарды тұтастыратын және жинақтайтын негізгі ұғым «қастерлілік» сөзі. «Қастерлілік» аялау, құрмет тұту, қасиеттілік пен бағалаушылық, қалыптасып қалған құндылық және т.б. арқылы айшықталады. Жоғарыда атап өткен, «тұрақтылық» сөзі «қастерлілік» ұғымымен толығады. Яғни тұақтылықты қастерлеу ЮНЕСКО құндылықтарымен де астарласып жатыр. Сұлулықты әркім әртүрлі түсінеді. Табиғаттың сұлулығына шексіз сүйсініп, таңғалып тамсанамыз, содан ерекше ләззат аламыз. Ал адамның сыртқы сымбат сұлулығы кімге де болса ұнайды, қызығамыз, кейде іштей қызғанамыз. Әр адамның бет-бейнесі, кескін-келбеті, мінез-құлқы әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Кейбір адамның бет-бейнесі айта қаларлықтай сұлу болмаса да, өзіне тартып тұратын бір қасиеті болады. Ол қасиет – адамның адамгершілік қасиеттерімен тығыз байланысты ішкі жан дүниесінің сұлулығы. Өмірде сұлу адамдар өте көп, бірақ жаны сұлу адамдар көп деп айта алмайсың. Нағыз сұлулармен сөйлесе келе, олардың жан сұлулығының таяз екендігін көрсең, оның сұлулығының еш мәні қалмайды. Жан сұлулығы, сөзсіз, сана-сезімнің жоғарылығынан туындайды. Адамның өнер-білімге, өмір сүруге құштарлығы, айналасындағы сұлулықты жоғары бағалауына, сүюіне ықпал етеді. Мәселен, кешегі өткен Тұран патшайымы – Томирис, Шыңғыс ханның әйелі – Бөрте, Қабанбай батырдың жары – Гауһар, Олжабай батырдың анасы – Есенбике, Абылай ханның қызы – Айтолқын, Кенесарының қарындасы – Бопай ханшайымдар ерекше көркем бейнеленген. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» дастандарындағы Мамыр мен Еңлік махаббатың мәңгілік символы ғой. Ал Домалақ ана, Қалампыр ана, Қарашаш, Абақ, Шашты, Зере, Ұлпан, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршын, Айғаным, Бопай сияқты аналарымыздың тағдыры мен өмірі, болмыс бітімі, адамзатқа үлгі болмақ. Бұлардың әрқайсысы – көрегенділікті, тапқырлықты, адалдықты, махаббат пен сұлулықты үйлестіре білген ақыл-парасатың иелері. Осыдан қазақ қызының инабатты, ізетті, сыпайы, көркем мінезді болғанын көреміз. Әйелдерді бейнелеу Шал ақында көптеп кездеседі: «Дос болма майда тілді күлгенменен, сырты ғана жылтырап жүргенменен» [*Қамзабекұлы Д.,Омарұлы Б., Шәріп А., 2013. 45б.*]. Асан қайғы толғауларында қазақ даласының сұлулығы, жер байлығы, аң-құстар тыныс-тіршілігі, олардың географиялық мекен-жай күйі тілге тиек болады. Қазтуған жыраудың шығармашылығындағы көркемдік әлем мәселесі – оның туған жермен қоштасу жырынан көреміз: «Алаң да алаң, алаң

жұрт, Ағала ордам қонған жұрт, Атамыз біздің Сүйініш Күйеу болып барған жұрт, Анамыз біздің Бозтуған Келіншек болып түскен жұрт, Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт, Кіндігімді кескен жұрт, Кір-қонымды жуған жұрт» *[«Бес ғасыр жырлайды» 1989, 32б.]*. Бұл жолдарда адамды баурап алар ерекше бір күш, адамды елітіп, ерітетін нәзік бір сезімге бөлейді.

Ойымызды қорыта айтқанда, көркем әдебиеттегі рухани тәжірибелер үрдісінде өмір сүру үшін этностар дүниетанымдық принциптерін мәдени формада құрады. Олардың рухани жады табиғат, кеңістік пен уақыт, моральдық адамгершілік құндылықтар, ел мен жер, намыс пен арождан, тілі мен дін, қасиет-кие сияқты ұғымдарды айқара қамтитын, көркем айшықты эстетикалық таным-талғаммен, рәміздік құбылыстармен айшықталады. Рәміз халықтардың рухани және материалдық мәдениетінің ақиқат болмысын айқындайды. Адам баласы рәміз бен семиотикалық таңбалар арқылы кез-келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Назарбаев Ә.Н. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. 21 қараша 2018. http://www.akorda.kz.
2 Галимуллина А.Ф. Специфика воплощения татарского национального культурного кода в художественном мире Роберта Миңнуллина. //Научно–техническая конференция по итогам совместного конкурса фундаментальных исследований РФФИ в 2018 г.. – Казань: Изд.-во «Фэн« АН РТ. –154 с.
3 Ер Тарғын. Er Targyn. Батырлар жыры. Күмісбаев Ш. Алматыкітап 2019. –104 с.
4 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Қазығұрт,– 2004. Үшінші том. Поэмалар. –408 б.
5 Қашқари М. Түрік сөздігі. 3–том. /Аударған А. Егеубай. – А: Арда+7, 2017. – 600 б.
6 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. kazneb.kz
7 Лотман Ю.М. Заметки о художественном пространстве Путешествие Улисса в «Божественной комедии» Данте. //Избранные статьи: В 2–х т. –Таллинн: Александра, 1992. – Т.1. – С. 463.
8 Сулейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алмаы. 2012. –304 с
9 Қасиманов С. Алтай аңыздары. – Алматы: Атамұра 2013. –187 б
10 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна, 2013.–149б.
11 «Бес ғасыр жырлайды» атты жинақтарда жарық көрген. Алматы: 1989. -299 б.

ӘОЖ 070
МҒТАР 19.41

ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА РИММА СЕРІКӘЛІҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

САҒИ ӘСЕМ ӘЛМАХАНҚЫЗЫ
магистрант
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ЖУРНАЛИСТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Түйін. Ғылыми мақаладажурналист шығармашылығындағы тіл тазалығы мен әдеп нормаларының сақталуы, журналист этикасындағы заманауи талаптар мен міндеттер сарапқа салынады.

Түйінді сөздер: журналистика,газет-журнал, тіл тазалығы, мақала, ақпарат, журналист этикасы, мәдениет, мораль, сөз, сайт, интернет.

Резюме. В научной статье анализируются чистота языка и нормы поведения, современные требования и обязанности в журналистской этике творчества журналиста.

Ключевые слова:журналистика, газета-журнал, чистота языка, статья, информация, этика журналиста, культура, мораль, слово, сайт, интернет.

Summary. The scientific article analyzes the purity of language and norms of behavior, modern requirements and responsibilities in the journalistic ethics of a journalist's creativity.

Keywords: journalism, newspaper, language purity, article, information, journalist ethics, culture, morality, word, website, Internet.

КІРІСПЕ

Тіл – әр түрлі адамдар арасында өзара түсінушілікті орнататын қайталанбас құрал. Тілдің құдіреті оның тек қана ойды жеткізе алу қасиетінде емес, ең алдымен тіл арқылы қоршаған орта жөніндегі адамның ойын анықтауға, танымын байқауға болатын мүмкіндігінде. Екінші жағынан, тіл – ұлттық мәдениеттің айнасы, оны сақтаушы да келесі ұрпаққа мұра етіп жеткізуші де құрал. Ғалым Э.Сепир: «...тіл – мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерттеп-тануға мүмкіндік беретін ең басты алғышарт болып табылады»,-деп тұжырымды пікір білдіреді [Жолмұрат Ж., 2010,382 б]. Зерттеуші Г.В.Колшанский: «Тілде адамның шығармашылық танымдық (әлеуметтік және жеке) әрекетінің бейнесі көрінеді. Тілдік әрекет арқасында адам ақпаратты топтайды, білдіреді, басқа адамдар тәжірибесін үйреніп, игереді»,-десе,Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров сынды ғалымдар тіл мен мәдениеттің тікелей байланысын дәлелдей отырып, тіл – ақпаратты сақтаушы, ұлттық мәдениеттің айнасы деген өзіндік тұжырымдарын айтқан [Әлқожаева Н., 2006, 98 б]. Яғни,тілдік тұлғаны қалыптастыруда басты мақсат– жалпыадамзаттық және ұлттық, отандық құндылықтарды тұтынушы, өзінің және басқа халықтардың мәдениетін сыйлайтын және адамгершілікті адамды тәрбиелеу.

Тіл – халықтың сан ғасырлық санасы мен зердесінен сүзіліп өтіп, шыңдалудан танбаған, тарихтың жауындары мен дауылдарынан да желкенін жықпай өтіп, халықпен бірге жасасып келе жатқан құдіретті құбылыс, тақымына талайды басып, талайды шаңына көмген тарихтың өзі тәнті боларлық киелі қасиет. Өмірдің ажырамас арқау тіліне айналған тіл – сөйлеумен шектелмейді, әрбір қоғамдық өзгерулердің өнбойынан табылып, оның өркенді міндеттерін шешуге құралы – үні де бола біледі. Қазақтың әдеби тілі – стильдік жүйесі сараланған, қалыптасқан тіл. Әр тілдің тек өзіне ғана тән сөйлеу заңдылықтары болады, соған сәйкес қазақ тілінің де өзіне тән сөйлеу заңдылықтары бар. Сөйлеу мәдениеті бүгін күн тәртібіне ерекше қойылуы керек, себебі сөздің дұрыс жазылуы, сөзді орнымен қолдану қандай сауаттылықты қажет етсе, дұрыс айту нормасы, сөйлеу мәдениеті де сондай сауаттылықты талап етеді. Тілдің табиғи заңдылығын бұзып сөйлеуге жол берілмеу керек. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар жүгі орасан зор. БАҚ стилі, тілі журналистердің білімі мен мәдени деңгейіне байланысты. Ой дәлдігі, ой әсерлігі арқылы терең мағына танылады, ал сөзді дұрыс саптау, сөйлеу ырғағы мазмұнды оймен қоса тыңдаушысын баурап алуы – тілдің басты мақсатының бірі. Сөз мәдениеті туралы мәселеге көңіл бөлу – күн тәртібінің негізгісі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің «Ана тілімізді ардақтайық!» атты мақаласында: «Көркем әдебиет, ең алдымен қай тілде жазсаң, сол тілді жақсы білуді талап етеді. Соңғы 20 жылдың ішінде біздің ана тілімізді жақсы білуден гөрі

«білемін!» деушілер көбейіп барады. Сөйте отырып, ана тілін менсінбейтін, қалай болса солай бұралай беретін жауапсыздықтарын жасыра да алмайды. Жауапсыздықтың екінші аты – талантсыздық. Талантсыздық пен жауапсыздық, өтірік пен шындық, көлгірсу мен жанашарлық бір жүректе сыйыса алмауы керек, жүрек – тазалық мекені, сұлулық мекені, ерлік мекені, әділет мекені...»,-деп жазады [Мүсірепов Ғ.,1987. 219 б]. Бұл пікірълт зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың: «Ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу»,- деген тіл тазалығына қатысты пікірімен астасып жатыр [Байтұрсынов А., 1991. 464 б].

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің«Авгейдің ат қорасынан бастайық» атты мақаласыныңаталуына негіз болғанАвгей туралы мынадай дерек бар: «Ежелгі Грек мифологиясындағы күн нұрлы Гелиостың ұлы Авгей шалқығаң байлыққа ие болса да, қорасы бір жиналмайды екен. Сол кезде Геракл Алфея мен Пеная атты екі өзеннің арнасын қораға бұрып, жарқыратып қойған екен деседі». Осы аңыздан кейін тазаланбай жатқан жерлерді осылай ауыспалы мағынамен атап кеткен. Ғабит Мүсірепов мақаласына арқау болған – тіл тазалығы қазір де өзекті, әлі толыққүрмеуі шешілмеген мәселе. Әдебиеттегі тіл тазалығы жөнінде жазушы: «Ана тілі ғасырлар бойында жасала береді, жасара береді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады»,-деп толғанады[Мүсірепов Ғ., 1976. 3 б]. Бүгінде көптеген жастардың күнделікті сөз арасында: «болатұғын», «қойшиш», «ән жерде, мін жерде», «барғам, жазғам, айтқам», «келатырмын, баратырмын», нестепатсың?» т.с.с. сөздер мен сөз тіркесін орынсыз қолданып жүргенін кездестіреміз.

Мақаланың келесі бір тұсында жазушының айтқан мына пікірі де әлі күнге дейін шешімін таппай отыр: «Бұрын райкомтұғын. Осы күні совхоз боп қапты ғой, «болатұғын» деген сөздің бас жағы кесіліп қалыпты да, «болып қалыпты» делінетін сөздер ортасынан омырылған. Тегінде, осы «тұғынды» тастап, болатын, келетін деп жазу дұрыс-ау деймін»[Мүсірепов Ғ.,1976. 3 б]. Өйткені,-қазіргі таңда Қызылорда, Шымкент өңірлерінде «тұғын» сөзін жиі қолданады. Ғабит Мүсірепов айтпақшы: «Елеусіз кірген дерт енді елемесе есейе бермек». Сондықтан, мұндай олқылықтарды елемеске болмайды. Авар елінің даңқты ақыны Расул Ғамзатов: «Ертең тілім құритын болса, мен бүгін-ақ өлуге дайынмын», - дегендей, тілдің тағдыры халықтың тағдырымен тығыз байланысты екендігін естен шығармаған жөн.

2013 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде қоғам қайраткері Қорабай Шәкіров араға біраз уақыт салып бұл мәселені «Авгейдің атқорасына қайта оралайық» деп қозғап, Ғабит ағамыз айтқан: «Өгей ұлдар» мен «Өгей қыздар» қоғамымызда әлі жүргендігін сынап жазды. «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» сынды газеттерде, «Қазақ әйелдері» журналында сөз қолданысынан кеткен қателіктерге орынды сынын, салиқалы сөзін, келелі ойын нақты дәлелдемелермен негіздеп береді [Шәкіров Қ., 2013. 9 б].

Публицист Қайнар Олжай «Қайнар Олжайдың сабақтары» атты әлеуметтік желідегіфейсбук парақшасында сөздерді орынды пайдалану, мәтінді редакциялау, түрлі аударма мәтіндерінің қыр-сырын нақты мысалмен бүге-шігесіне дейін талқылайды. Мысал келтірсек: «Барлық адамдар», «бәрілеріңіз», «екеулерің», «біздер» деген сөздерді күнделікті ауызекі тілде қолдануды шығарып алды. «Барлық» деген соң оның жалпылама сөз екені анық. Онсыз да көпше түрде айтылып тұрған сөзге көптік жалғауын қосудың қажеті жоқ. Бұл сөздер «барлық адам», «бәріңіз», «екеуіңіз», «біз» болып қолданылады.

Тағы да мына диалогқа зер салайық:

«Күлкің келеді ме», деп сұрады досы.

«Ия, күлкіні шті», «дид» Асқар.

«Рахмет», деп жылы жауап «берет» оған досы.

Үш-ақ сөйлем. Алты қате. Осылай жазатындарды күнде көріп те, оқып та жүрміз. Әбден етіміз үйреніп те кетті деуге болады. Енді осы сөйлемдерді қазақша сауатты жазып көрелік:

«Күлкің келе ме», деп сұрады досы.

«Иә, күлкілі», дейді Асқар.

«Рақмет», деп жылы жауап береді оған досы.

Көріп тұрғандарыңыздай, сөздердің қолданылу айырмашылығы жер мен көктей. Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөз қадірі кетеді. Хакім Абай айтпақшы: «Көңілдегі көрікті ойын айтуы келіспесе түкке тұрмай қалады» [Қайнар Олжай сабақтары. 2016].

Қайнар Олжайдың өзі бұл жөнінде былай деп баяндайды: «Әлеуметтік желіде «Қайнар Олжайдың сабақтары» деген парақшам бар. Басқалары осындай парақша ашу арқылы пайда тауып жатыр. Менің ешқандай табыс табайын деген ниетім жоқ. Әлеуметтік желідегі парақшам тегін, кез келген адам мүше бола алады. Сабақ екі түрден тұрады. Біріншісі – теориялық сабақ. Әлеуметтік желідегі өткізетін теориялық сабағымда нақты өзімнің ойларымды айтып келе жатырмын. Екіншісі — практикалық сабақ. Практикалық сабағымда тұрақты тіркестерді, сандарды қолданудағы олқылықтар, сөйлем құру мен сөздерді ретімен жазу, айтылар ойдың көмескіленуі, артық сөздерге қатысты қателерді айтамын»[Олжай Қ. 2018].

Ақын Гүлнар Салықбай: «Қайырлы күн», «қайырлы таң», «қайырлы түн» деп амандасуды Ресейдің фильмдерінің қазақша аудармасы екенін

айтады. Өзіміздің төл тілімізде «Кеш жарық!» деп атаймыз. Орыс тілінен ауысқан тағы бір сөз «ол». Бастауышы да, баяндауышы да атау тұлғалы зат есімнен тұратын сөйлемдерге «ол» деген сөзді қыстыру. Мысалы, «Тәуелсіздік, ол – бақыт». «Независимость, это...», - деген сияқты [Гүлнар Салықбай туралы 10 дерек. 2019]. Журналистің сөз әдебі – адам үшін тәрбие құралы, білім, мәдениет, өнер бастауы. Сөйлей білу – үлкен өнер. Ол арымай-талмай, шешендік сырын зерттеуді, жаттығуды, мол білімді, ой-өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді.

Кейінгі жылдары бұқаралық ақпарат құралдары жайлы сөз қозғалғанда журналистік этика, баспасөздің этикалық әдебі, яғни кәсіптік әдеп туралы сөз сирек те болса айтылып жүр. Бұрын журналист «үгітші, насихатшы, ұйымдастырушы» деп аталып келді, енді оның қызметі – қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету. Әрбір журналист өзі үшін өзі жауапты болады. Журналистиканың даму деңгейі, қоғам арасындағы беделі әрбір басылымның, жеке журналистің қызметіне, баспасөз бостандығының қандай дәрежеде пайдаланып жүргеніне тікелей байланысты. Демек, біздің елде демократия орнады деп сөз бостандығын теріс пайдаланып, кез-келген ақпаратты жария етуге болмайды. Мұнымен қатар, журналист жеке басының тәрбие деңгейін, мәдениеттілігін, әдептілігін қоғам алдындағы парызын қалай түсінетіндігін аңғартатын этикалық мәселелер бар. «Ана тілің– арың бұл...», «Тіл тағдыры – ел тағдыры», -деп мәртебемізді биіктеткендей боламыз, алайда сөз асылын терген журналистердің өзі кейде бұқаралық ақпарат құралдарында сөздерді қате қолданып жүреттінін байқаймыз. Мәселен, «Назарларыңызға рақмет!»– дұрысы: «назар салғандарыңызға немесе аударғандарыңызға рақмет!». «Түрмеге тоғытылды»–(адамға қарата айтуға болмайды) дұрысы: қой тоғыту, май тоғыту. «Бешбармақ» – дұрысы: ет асу, ет пісіру, ет жеу. «Жаңбыр жаууы күтілуде» – дұрысы жаңбыр жаууы мүмкін, синоптиктер жаңбыр жауады деп болжам жасап отыр. «Атқа отырды» – дұрысы: атқа мінді. «Үлкен рақмет!» – дұрысы: Көп рақмет! «Алаңдаушылық білдіріп отыр»– дұрысы: Алаңдап отыр.«Өз кезегінде» – дұрысы: Реті келгенде. «Танымалдылыққа ие болды»– дұрысы: танымал. «Айтатын боламыз, жазатын боламыз, баратын боламыз»– дұрысы: айтамыз, жазамыз, барамыз.

Журналист этикасы – қоғамда, әлеуметтік ортада БАҚ өкілінің ұстанымымен қызметімен, сондай-ақ, белгілі тұлғалар, ұжымдық топтармен тікелей байланысты болғандықтан кәсіби шеберлікке де ықпал етуші негізгі фактор бола алады. Қоғам мен халық арасындағы үлкен жауапкершіліктің өзі журналистке моральдық-этикалық және имани игі қасиеттерді игеруін талап етеді. Телеарнадан таралатын бағдарламаларға да олқылықтар кездесіп жатады. «Астана» арнасынан көрсетілетін «Ел аузында» бағдарламасында (2 қараша 2019 жыл) эфирде этикалық заңдылықтарға сәйкес келмейтін сөздерді қолданған. Яғни, кадр сыртындағы журналист: *«Қазіргі заманда шешіну ғана емес, ашық сүйісу де сәнге айналды»,* - деп «шешіну», «сүйісу» деп анайы сөздерді қолданады. Осы бағдарлама санында: *«Ел аузында жүретін әзілкештерге көбісі ойлағандай оңай емес. Себебі олардың жұмысы мен күнделікті өмірін халық айыра білмейді»,* - деп «айыра» сөзін ерсі қолданған, оның ауыспалы мағынасы «ажырата білмейді» деп айтылады. Бірде «Hit.tv» арнасының «Менің өмірім» бағдарламасында жүргізуші келген қонаққа: «Көзден кетсе көңілден кетеді деген әңгіме бар...» , - деп сұқбатын жалғастырды. Бұл жерде «әңгіме» деуі дұрыс емес. Мұндай әңгімені өз басымыз көрмедік де, естімедік. «Көзден кетсе көңілден кетеді», -деген халық арасында айтылатын сөз. Тележурналистикадағы тележүргізушінің сөйлеу мәдениеті де келелі мәселелердің бірі. Сөйлеу мәдениетінің ең басты қағидасы– сөз қадірін білу, ал сөз қадірін білу үшін өмірді терең зерттеп білу, оның қыр-сырын жан-жақты талдап түсіну, әрбір айтылған сөз үшін жауапкершілікті сезіну, үнемі іздену қажет.

Журналистік әдептің тағы бір мәні журналистің өзіндік ұстанымына келіп жалғасады. Көрермен таласа көретін хабардың, оқырман тұшына оқитын мақала мазмұны да оның қалай жасалып, жазылатынына байланысты. Түптеп келгенде, әдеп ұстанымы – журналистің әдептен озбай үшін белгілі бір бағыт ұстауы. Егер журналист дерек пен материалға атүсті қараса, онда әдептің бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтан, адал әрі әділ болу, өмірдің объективті шындығын жеткізуші, сол арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырушы журналистке өтірік айтуға, жалған ақпарат таратуға, әдептен озуға еш құқығы жоқ. Журналистің әдебі, сөз мәдениеті оның жазбасынан да көрініп тұрады. «Қазақ әдебиеті» газетінің 2019 жылғы 15 қазанында «Жалыннан туған тас мүсін» мақаласы былай басталады: «**Алматының Достық даңғылын бойлай жүргенде Жамбыл ескерткішін көрмеу мүмкін емес. Текшелене қаланған тастан сылдырай аққан су, домбырасын ұстап, малдас құра отырған «дала Гомері» атанған жыр алыбының бейнесі қала табиғатымен композициялық үйлесім тапқан. Бұл – мүсінші Бақытжан Әбішевтің шоқтығы биік туындысының бірі. Сәтті шыққаны сонша, көргенде бойыңа тыныштық сыйлайды. Атамыз мейлінше қарапайым, ойлы, шынайы бейнеленген». Осы сөйлемдегі *«бойыңа тыныштық сыйлайды»* деген сөз дұрыс қолданылмай тұр. Дұрысы: *«жанға жайлылық немесе тыныштық»* деп қолдану керек.**

«Қазақ әдебиеті» газетінің 2019 жылғы 28 қазанында **«Қап, келісілген уақыттан кешігіп қалғанымды-ай...». Кейіпкерім мені тілші-**

лер бөлмесінің алдында күтіп тұр екен. Сұңғақ бойлы, тіп-тік, жүзінен нұры төгілген актер күлімдеп қарсы алды. Шікірею, сыздана сөйлеу, реніш білдіру деген жоқ. Сыпайы, мәдениетті, қарапайым. Ағаны сұхбат өтетін бөлмеге кіргіздім де, әлдебір шаруамен сыртқа шығып кеттім. Қайтып келсем, маған төр жақтағы орындықты қалдырып, өзі шетке жайғасыпты. Бекзаттық деген осы болар... Өз-өзінен көңілім жабырқап, жүрегімді мұң шымшылап сала берді. Тілімнің ұшында бір сауал: «Неге біз осы...».Мақалада: «кіргіздім де» сөзінің *«де»* жатыс септік жалғауын қолдануы артық, сөйлемнің мағынасын өзгертіп тұр. Сөйлемді былай жазсақ оқырман жылы қабылдайды: «**Ағамызды сұхбат өтетін бөлмеге кіргізіп, әлдебір шаруамен сыртқа шығып кеттім».** «Мұң шымшылап» сөзі дұрыс емес, яғни «мұң ұялатты», «мұңайдым» десе де бола еді. «Тілімнің ұшында бір сауал» емес, «ойда туындаған сауал» деуі орынды.

Көптеген басылымдарда журналистер «Орын алды» сөзін жөнсіз, қисынсыз қолданып жүр. «Егемен Қазақстан» газетінің «Шарайна» айдарында(4 тамыз 2012) «Орын алған осы табиғаттан»..., «Су тасқыны орын алмай тұрған шақта»..., «Ағаджан Абиев бокс турнирінде орын алған судьялық даудан кейін»..., Мәмед Абдулғалимов ойынында орын алған»... десе, «Айқында» (30 қазан 2009) «Павлодарда оқушылар уланып қалды» мақаласында: «Оқиға жергілікті уақыт бойынша 10 сағат 53 минутта орын алған», ...Атап айтқанда карбит пен кальцийдің өзара химиялық араласуынан жарылыс орын алған, -деп жазады.

«Жетісу» газетінде (19 қазан 2013) «Ел мүддесін көздеп, жарғақ (?) құлағы жастыққа тимей»,- деп жазды. Қазақ «Жар құлағы жастыкка тимей» деуші еді. Сол жарға теңеген асыл құлағы енді жарғақ болыпты.Жарғақ – жас құлынның, қозының, лақтың жүні қырылған жұқа, кепкен терісі, тулақ. Бұл да сол сөздің мағынасын түсінбей, ойына келгенін жаза салудың салдары.

«Айқын» газетінің 2010 жылғы 24 ақпанында «Алматы облысының бірқатар елді мекендерінде ондаған үйді қатты жауған жаңбыр мен еріген қардың суы шайып (?) кетті»,- деп жазды. «Жас Алашта» (16 наурыз 2010) «Адам қолымен жасалған апат» деген мақалада: «Су бөгені жарылып, 10 метр биіктікке көтерілген су тасқыны ауылды түгел шайып кетті»,- (?) деп жазды.Сонда «ондаған үйді», «ауылды түгел шайып кетті» дегенді қалай түсінуге болады? Тасыған су, (сел) үйлерді, ауылды алып кетіп, жойып жіберген жоқ, әшейін шайып тазалап кеткен бе? Мүлде дұрыс емес! Сел, жойқын тасқын «шайып кетпейді», орып, жойып, сыпырып алып кетеді! Шайып кету деген – жуып-шайып, тазалап кетті деген мағына береді.

Журналистің сұхбат жанрында орынды сұрақ қоя білуі де – өнер. «Жұлдыздар отбасы» журналынан бірнеше мысал келтірсек, «– Топтан шығып кеттіңіз. Не үшін топтан «қуылып» кеткеніңіз бізге беймәлім (Жұлдыздар отбасы. №2. 2009. Б.Досыбаевқа қойылған сауалдан үзінді), «– Сұхбатты бастайын десем сұрыңызды бөтенсіп отырғаным. Мына сақал-мұртыңызбен бетіңізге қарап сөйлеудің өзі ыңғайсыз екен...) (Жұлдыздар отбасы. №2. 2010. Актер Ж.Байтековке қойылған сауалдан үзінді). Таза сұхбат жанрынан тұратын журнал болғандықтан «Жұлдыздар отбасында»: «ұзынқұлақтан естуімше», «сондай өсек бар», «құлағым шалды», «солай дейді ғой» т.с.с. дерексіз, тексерілмеген дүниелерден туындап жататын бірсыпыра сұрақтар аясын байқалып қалады. Бүгінде «Жұлдыздар отбасы» журналы белгілі себептермен шықпайды. Алайда, жалпы, халыққа арналған, сұранысқа ие, таралымы мол басылым ретінде қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасымен қалатындығына шүбәміз жоқ. Өйткені, журналдың бас редакторы, білікті журналист Жарылқап Қалыбайдың өзі былай дейді: «Егер біздің журналистеріміздің 50 пайызы үйлі-күйлі болса, журналдың сапасы да тағы 50 пайызға артар түсер еді... Қазіргі таңда біздің елдегі басым тіл – орыс тілі. Қазақ тілінің жағдайы жылдан-жылға мүшкіл болып барады... Қазақ тілін ғылым мен техника, саясат пен бизнес тіліне көшіруге тырысайық. Сонда ғана қазақ басылымдарының таралымы 73 мың ғана емес, 730 мың дана болады...».

Қазақ журналистері ғаламдық ақпаратты орыс тілді ақпараттардан алып, уақыттан ұтылып отырғандары жасырын емес. Сөйтіп, орыс ақпарат көзінен айналып шықпай, кейде аударма берумен шектелетін жағдай да кездеседі.

Көшедегі жарнама баннеріне қарасаңыз, «Яндекс таксидің» жарнамасын байқайсыз. Орыс-шадан тікелей аударған сөйлемге мән берсеңіз, «Тапсырыс жеткізу 15 минут» делінген. Өте өрескел қате. Ондай қателер жетерлік. Жарнама агенттіктері осындай қателермен дұрыстап жұмыс жасауы керек. Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Сол себепті де осындай ірілі-ұсақты қателерді жөндеп, сөзімізді түзесек тез арада құтылуға болатын «қатер» деуімізге әбден болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Баспасөз зерттеушісі В.М. Теплюк: «Журналист үшін ең маңыздысы – азаматтылық, адамдардың өмірін жақсартуға тырысу»,-деп жазады Теплюк [В.М., 1980. с.37]. Бүгінде журналистерге мынадай жауапкершіліктер жүктелгенін атап көрсету қажет:

1. Қоғамға қатысты барлық құндылықтарды сақтап, қорғау. Барлық жағдайда дұрыс азаматтық көзқарастар қалыптастыру.

2. Демократиялық қоғам институттарымен санасып, елінің халықаралық және құқықтық заңдылықтарын сақтау.

3. Кез-келген адам баласының ар-ұяты мен

намысына сыйластықпен қарап, өзін-өзі тәртіпті ұстау. Сондай-ақ, ортақ қабылданған этикалық-моральдік заңдылықтарды сақтау.

4. Барлық кәсіби жұмыстарды тек жоғары деңгейде және шынайы орындауға міндетті.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде журналистік этика мәселесі ақпараттық бағдарламаларға тән түйткілдердің бірі. Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, шетелдердің ірі ақпараттық холдингтарында бұл мәселе «корпоративтік этика кодексінің қабылдануымен оңтайлы шешілген» [Есенбекова Ұ., Жанпейісова Қ.,2019. 135 б].

Көрнекті жазушы, журналистШерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесінде»:«Ұятсыз болма!» - деп айтатын тұсын білеміз. Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреуі өсе келе, ұяттан жұрдай болады. Бүгінгі жас журналистерге Шерағаңның мықты қағидасын ұстаным ретінде алу қажет сияқты. Ойымызды белгілі публицист Нұртөре Жүсіптің мына бір ойымен қорытуды жөн көрдік: «Жазудан жалықпаңдар. Мықты журналист жазғанда өзін аямай жазуы керек, мол жазуы керек. Сонда ғана өзіндік стилдерің қалыптасады. Американдық әлемге әйгілі жазушы, журналист Джек Лондонды бәрің білесің. Сол кісінің алғашқы кітабын баспадағылар 600-рет қайтарып тастап отырған екен. Бірақ ол сонда да беті қайтпаған екен. Мұндай қайсарлық, жанкештілік сіздерге де тән болсын. Сонда ғана журналистік машықтарың ұшталады, өрелеріңіз өседі. Екінші бір айтарым, танымал адамдар туралы досье жинауға әдеттеніңдер. Ол жүйелі түрде болуы керек. Досьеге қарап отырып, терең талдау жазуға машықтаныңдар. Досье ол бір мәліметі мол дереккөз ғой. Ауқымды, іргелі іспен айналысуға жүрексінбеңіздер. Жас кезде батыл болыңыздар. 13 жасында елге билік етіп, төрелігін айтқан Қазыбек би қаперіңізде болсын. 13 жасында ол Тайкелтір би бастаған қазақ елшілері құрамында қалмақ ханы Қонтажыға барып, батырлығымен, шешендігімен көзге түскен. Мотивацияны көп айтасыңдар ғой. Нағыз мотиватор – Қазыбек би»[Жүсіп Н., 2019].

Ана тіліміз – мұхиттай терең, өлшеусіз. Рухани құлдырағанымыз соншалық, бай мұрамыздың мәнісін ашып, игеруге қауқарымыз жетпей жатады. Мағынасын ұғынбағандықтан, қай жерде қалай айтарымызды білмей, асыл сөздің құнын түсіріп жатамыз. Алайда жауһар тасты қашаған сайын сүйіктеліп, қырланып, қолжетпес қазынаға айналатынын ұмытпауымыз керек. Мұстафа Кемал Ататүрік: «Қорғанудың ең жақсы тәсілі – шабуыл. Олай болса, тіл саласында пайда болған жат нәрселерге шабуыл жасайық, ағашты бір рет сілкіп байқайық. Қандай шіріктердің түсетінін, қалған бүтіндердің қаншалықты екенін көрейік...»,-дейді. Қазақ журналистикасының қауқары әлі талай биікті бағындырады деп сенейік!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жолмұрат Ж. Әлеуметтік фразеологизмдерді салыстырудың теориялық негіздері //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. -№5 (78). -2010. -382 б.
2. Әлқожаева Нұргүл. Тілдік тұлға қалыптастырудың кейбір мәселелері//Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жедел жаңаруы жолында /Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорларының XXXVI ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. I кітап. -2006. -98 б.
3. Мүсірепов Ғабит. Кездеспей кеткен бір бейне. –Алматы: Жазушы. -1987. -219 б.
4. Байтұрсынов Ахмет. Ақ жол. –Алматы: Рауан. -1991. -464 б.
5. Мүсірепов Ғабит. Авгейдің ат қорасынан бастайық //Социалистік Қазақстан, -1976. -28 қараша. -3 б.
6. Шәкіров Қорабай. «Авгейдің атқорасына» қайта оралайық //Қазақ әдебиеті. -2013. -19 сәуір. -9 б.
7. Қайнар Олжай сабақтары. -2016. /https://www.facebook.com/groups /.
8. Олжай Қайнар. Жұмбақ жанға деген махаббат журналистикаға әкелді. -2018. -15 ақпан. /https://aqtobegazeti.kz/?p=63232
9. Гүлнар Салықбай туралы 10 дерек. -2019. -7 наурыз. /https://adebiportal.kz/kz/news/view/gulnar_salikbai_turali_10_derek_21430
10. Теплюк Виктор Михайлович. Этика журналистского творчества. –М.: Мысль. -1980. С.-37.
11. Есенбекова Ұлмекен., Жанпейісова Қ. Ақпараттық дәуір медиалары: тілдік орта мен моральдық-этикалық нормалар туралы //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№8 2/. -2019. -135 б.
12. Жүсіп Нұртөре. Өзіңді аямай жазу керек немесе брэнд пен трэнд. -2019. -31 қаңтар. /presidentlibrary.kz/kk/news/nurtore-zhusip-ozindi-ayamay-zhazu-kerek-nemese-brend-pen-trend.

УДК 372. 881.161.1

ЖУМАШЕВА АНАРА ШАРИПОВНА
доктор филологических наук, доцент педагогики, профессор
Кафедры дошкольного и начального образования
Павлодарского государственного педагогического университета

САМЕТОВА ФАУЗИЯ ТОЛЕУШАЙХОВНА
кандидет филологических наук, ассоциированный профессор
Казахского Национального женского педагогического университета

УЧЕБНИК РУССКОГО ЯЗЫКА НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ: АНАЛИЗ И ОЦЕНКА

Түйін. Мақалада бастауыш мектептің 3-сыныбына арналған «Орыс тілі» оқулығының тұжырымдамасы, мазмұны мен құрылымы талданады. Автор бұл оқулықтың ерекшелігі ретінде оның жаңалығын айқындайды, оқытудың жаңа технологияларына, оқыту мен бағалаудың формалары мен әдістерін енгізуге ықпал ететін оқытудың мазмұнына тоқталады.

Түйінді сөздер: білім беруді модернизациялау, жаңа буын оқулығы, функционалдық сауаттылық, тіл, лингвистикалық, коммуникативтік құзыреттілік, сөйлеу әрекетінің түрлері.

Резюме. В статье рассматривается концепция учебника «Русский язык» для 3 класса начальной школы Казахстана, дается анализ и оценка его содержания и структуры. Автор приходит к выводу о том, что отличительной особенностью данного учебника является ее новизна, инновационный комплексный подход к содержанию обучения, способствующих внедрению новых технологий, форм и методов обучения и оценивания.

Ключевые слова: модернизация образования, учебник нового поколения, функциональная грамотность, языковая, лингвистическая, коммуникативная компетенция, виды речевой деятельности.

Summary. The article discusses the concept of the textbook «Russian language» for the 3rd grade of a primary school in Kazakhstan, analyzes and evaluates its content and structure. The author comes to the conclusion that the distinctive feature of this textbook is its novelty, an innovative integrated approach to the content of training, contributing to the introduction of new technologies, forms and methods of training and assessment.

Keywords: modernization of education, a new generation textbook, functional literacy, language, linguistic, communicative competence, types of speech activity.

Модернизация образования, происходящая в современном Казахстане, требует обновления содержания образования на всех уровнях. Не исключением является и начальное образование. Так, в соответствии с требованиями времени АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» совместно с Национальной Академией образования имени И.Алтынсарина, учеными высших учебных заведений и учителями общеобразовательных школ был разработан пробный вариант Учебной программы для начальной школы для апробации в 30-ти пилотных школах [*Учебная программа, 2016, с.1*].

В отличие от традиционной, учебная программа в рамках обновленного содержания начального образования построена на использовании принципиально новых педагогических подходов к обучению, что является очень актуальным в условиях модернизации и переосмысления системы образования современного Казахстана [*Учебная программа, 2016, с.4*].

Көне дүниетаным бойьшша, өлу – басқа әлемге ауысу ғана емес, басқа сипатта қайта туу. М. Бахтинша айтқанда, туу мен өлімге байланысты рәсімдердің*«амбивалентті»* болатыны сондықтан. Адамдардың болмысын өзгерту үшін өліп, кайта туу керек. Яғни, патша, абыз, әулие, бақсы, ақын-жыраулық қасиетке ие болу – өліп, кайта туумен барабар. Демек, өлімге байланысты ғұрыптар – қос тінді, М.М. Бахтинше айтқанда, «амбивалентті». Ол – бір жағынан өлімді бейнелесе, сонымен қатар тууды, жаңғыру, жанаруды бір сипаттан екінші сипатқа, бір әлеуметтік мәртебеден екінші әлеуметтік мәртебеге ауысуды бейнелейді. Сондықтан ол жоралғыларбірде бала тууға, бірде қыз ұзатуға, енді бірде жаңғыру, жаңаруға байланысты басқа ғұрыптарда көрініс тауып жатады.

Біз қарастырған әлемдік фольклортану ғылымында *«ортақ тұстар»* (общие места) деп аталып кеткен мұндай ғұрыптық параллельдер фольклор поэтикасының этнографиялық бастауларын зерттеудегіаса маңызды детальдар. Этнографиялық және фольклорлық материалдар тұтастығы арқылы ежелгі дүниетаным, мифологиялық сана іздеріне жетелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗМІ:

1. Арнольд ван Геннеп.Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. Москва, 2002, – 198с.
2. Қазақтыңәдет-ғұрыптары мен салт-дәстурлеріөткендегісі және бүгінгі, Алматы, 2001.– 428б.
3. Тал бесіктенжербесікке дейін. Қазақтыңотбасылқғұрыпжырлары. Алматы, 1996. – 272 б.
4. Нестеров С.П.Конь в культах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. Новосибирск, 1990. – 143с.
5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы, 1985, Т. 2, – 416 с.
6. Бахтин М.М.Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и ренессанса. Москва, 1990.– 543 с.
7. Арғынбаев Х.А.Қазақстандағы семья мен неке. Алматы, 1973. – 327 б.

ХҒТАР 17.09.91

МЕШИМБАЕВА БАТИМА
педагогика ғылымдарының кандидаты, ЖАК доценті
Қазақстан-Американдық еркін университеті

НУРЛАНОВА АСЕМ НУРЛАНКЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан-Американдық еркін университеті

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Түйін. Сан ғасырлар бойы жасап келе жатқан біздің әдебиетіміз өзінің бойына қазақтың тарихын, мәдениеті мен дүниетанымын, ұлттық бет-бейнесі мен идеологиясын сыйдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізіп келе жатыр. Қазіргі жаһандану дәуірінде әр ұлттың өзіндік ұлттық сипатын, ұлттық рухын сақтап қалуы өте маңызды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мақалада бүгінгі күн үшін өзекті болып отырған тақырып – көне түркілер заманында жазылған әдеби туындылар арқылы қазақтың ұлттық рухын жандандыру, рухани жаңғыру, әдебиет арқылы ұлттық идеологияны сіңіру мәселесі қарастырылады. Авторлар ежелгі дәуір әдебиеті туындылары – «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабын», «Оғыз қаған жыры» және «Құтты білік дастанынан» мысалдар келтіре отырып, әдебиет тарихын ұлттық құндылық мәселесімен байланыстырады.

Түйінді сөздер: ұлттық рух, ұлттық идея, көне түркі әдебиеті, ұлттық құндылық.

Резюме. Наша многовековая литература, объединяет в себе историю, культуру и мировоззрение казахов, национальную личность и идеологию, передавая из поколения в поколение данное наследие. В эпоху современной глобализации очень важно сохранить национальный характер, национальный дух каждой нации. С этой точки зрения, в статье рассматривается проблема возрождения казахского национального духа, духовного возрождения, пропаганде национальной идеологии посредством художественной литературы. Авторы связывает историю литературы с проблемой национальных ценностей, приводя примеры произведений древней литературы – «Культегин», «Билге Каган», «Тонукок», «Книга Коркытата», «Эпос Огуз Кагана» и «Кутты билик Дастаны».

Ключевые слова: национальный дух, национальная идея, древнетюркская литература, национальная ценность.

Summary. Our centuries-old literature combines the history, culture and worldview of the Kazakhs, national identity and ideology, transmitting this heritage from generation to generation. In the era of modern globalization, it is very important to preserve the national character, the national spirit of each nation. From this point of view, the article considers the problem of the revival of the Kazakh national spirit, spiritual revival, the promotion of national ideology through fiction. The author connects the history of literature with the problem of national values, giving examples of works of ancient literature – "Kultegin", "Bilge Kagan", "Tonykok", "Book of Korkyt ata", "Epos Oguz Kagan" and "Kutty bilik Dastany"..

Keywords: al spirit, national idea, ancient Turkic literature, national value.

КІРІСПЕ

Қазақ жері, қазақтың елі кеше ғана тарих сахнасына келген жас ел емес, Еуразия континенті орналасқан көне өркениеттердің орнындағы мекен. Бұл жерде ғасырлар бойы жаңа мемлекеттер туып, қаншама империялар құлдырады. Сол империялардың бірі сақтардың өзі Үндістанды, Ауғанстанды, Орта Азияны және Қазақстанның жерін қамтитын кең-байтақ аумақты қамтыған. Сақтар өркениетінің орнына келген біздің ата-бабаларымыз ғұндардың жері Памирден Дунайға дейін созылып, олардан қорғану үшін Қытай Ұлы қорған салды. Ғұндардың тұлпарының дүбірі мәңгілік ел – Рим империясының құлауына себепкер болды. Олардың мұрагері, тарихтағы ең ірі мемлекеттердің бірі – Түркі қағанаты күшейген уақытында Қытай, Монғолия, Алтай, Орта Азия, Қазақстан және Қавқаз аумақтарына иелік еткен. Қыпшақтар болса, қазіргі Қазақстаннан, Кавказ, Ресей, Украина, Каспий менен Қара теңіз маңындағы жерлерге, Днепр, Днестр, Дунай өзендерінің төменгі ағымдағы жағалауына, тіпті Венгрия даласына дейінгі жерлерге иелік етті.

Бұл жерлерден батыс пен шығысты байланыстырған сауда жолдары өтті. Бұл өркениеттердің барлығы қазақтың этнос ретіндегі ұлттық кодының қалыптасуына әсер етіп, мінез-құлқы, ділі, тілі, дәстүрінде ізін қалдырып кетті, қазақтың әдебиетінде, ұлттық рухында ізін қалдырды.

Әдістеме. Ұлттық рух, ұлттық идея – ұлт үшін түп негіз. Ол халықтың көне сенімінде туындап, ұлттық дүниетанымы, мінез-сипатымен бірге қалыптасып, оның тарихымен бірге бітісіп жүреді. Ұлттық идеологияның мәдениетпен қатар

дамығаны маңызды, себебі халықтың мәдениетінде ғана ұлттық дүниетаным тұмадай таза түрде сақталады. Бірақ, ұлттық идея тарихтың тырнағына, кейбір тарихи тұлғалардың тезіне, саясаттың сүзгісіне ілінген кезде немесе әлеуметтік катаклизмдер орын алған жағдайда өзгеріп, таза қалпын сақтай алмай, ұлттық мүддеден тыс идеяларға қызмет етіп кетеді. Саясат ұлттық құндылықты аяқ асты етіп, басқа бір елдің, бөгде қоғамның үлгісін ұлттық сипатқа сыйдыруға тырысады. Одан да сорақысы – басқа идеологияны халықтың санасына сіңіреді. Сондықтан, ұлттың мәдениеті мен тарихына, әдебиетіне ерекше ыждағаттылықпен қарап, ұлттық идеяны сол бастаудан іздеген ләзім.

Әдебиет, жалпы көркемдік әлемі қиял қанатын алысқа сермейтін еркіндікті, кеңдікті қажет ететін ұғым. Жетпіс жыл бойы қаламгерлер бір ғана идеяға – сол кездегі жүйенің белгілі бір құндылықтарын насихаттауға қызмет ету керек деген пікір қалыптасқан біздің елде әдебиетті ұлттық идеологияны қалыптастырудың бір түрі ретінде қарастыруға үрке қарадық.

Рухани жаңғыру мәселесін көтеріп отырған бүгінгі күні ұлттық рухты алыстан емес, өз тарихымыз бен әдебиетімізден іздейік. "Өйткені, ұлттық рух тілде, мәдениет және әдебиетте сақталады. Тарихтың талай-талай талқысына түскен, сан ғасырлардың соқтықпалы – соқпақсыз, сүреңсіз сүрлеуінің соққысын көрген халқымыз бүгінгі тәуелсіздік таңында өткен дәуірлердің сан ғасырлық жолынан сабақ ала отырып, кемел келешекке алға басуда. Сол тарихпен бірге жасасып келе жатқан туған әдебиетіміз көптеген көне сырларды бойына бүгіп жатқаны белгілі"[Нурланова А.Н., 2019, 340 б.].

Қазақтың мәдени-рухани болмысы ізгілік, әдептілік, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған.

Біздің дана халқымыз немерелерін ата-әжесіне бақтырып, тәрбиелетіп үлкен көрегендік жасаған. Ата мен әже немересіне бесік жыры, ертегі, қисса-дастандарды айтып, тыйым сөздерді құлақтарына сіңіріп, өздерінің қолдарынан келетін өнерін солардың бойына сіңіріп отырған. Сөйтіп, дәстүр жалғастығы, ұрпақтар сабақтастығы туады.

Қазақ әдебиеті – тұнып тұрған тәрбие көзі, өсиет, насихат. Батырлық та, елжандылық та, отбасыға, үлкенге құрмет те, кішіге ізет те, қонақжайлылық та, бүкіл жақсы адами қасиетті дәріптеу де осында. Осыларды құлағына сіңіріп, бойына жиып, санасына түйіп өскен жастардың рухы әрдайым биік болары хақ. Ұрпағын елін сүйіп, жұртын қадірлейтін ұлан етіп шығарғысы келетін әр азамат әдебиетке жүгінуі керек.

Нәтижелер. Біздің ата-бабаларымыз тарихын таспен жазып, келешек ұрпаққа деген аманаты – ел мен жерді қорғауды, ел намысы мен ер намысын таптатпауды найзадай өткір жырларына сыйдырып айтып кеткен. Оған дәлел – көне ескерткіштер, бағзы әдебиет үлгілері.

Түркілердің өркениетіндегі маңызды кезең – VI-IIX ғасырларда мемлекеттік институт нығайып, Түркі қағанаты гүлденді. Осы кезде дүниеге келген көне түркі ескерткіштері – сайын даланы мекендеп, тұлпар мініп, ту алған ата-бабаларымыздың өмірін жыр еткен түркілердің асыл мұралары. Міне, осындай ескерткіштер қатарында «Күлтегін», «Білге қаған», «Тонықөк» жырлары бар. Ежелгі түркілердің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін бейнелеген бұл ескерткіштер жазба мәдениеттің ғана емес, « «қағаны алып, ақылгөйі білгір» сол замандағы саяси ойдың да асыл мұрасы, ұлттық рухтың көрінісі.

«Күлтегін жазуындағы»:

Бастыны еңкейткен,

Тізеліні бүктірген...

...Алып қағандар екен...

Бектері де, халқы да сенімді екен.

Сол үшін елін сонша (ұзақ)

Билеген екен [Нысанбаев Ә., 2000, 28 б.],-деген жолдар сол есте жоқ ескі замандардағы түркілердің батыр рухын, мықтылығын көрсетеді.

Әдебиетші ғалым Х.Сүйіншәлиев «Ескерткіш жазуында түркі қоғамының ерлік күрес дәстүрі үлгі етіледі, кейінгі жастарды ерлікке, бірлікке шақырады», – деп көне түркілік әдебиеттің бүгінгі замандағы мәнін баса көрсетеді[Сүйіншәлиев Х., 1997, 31 б.].

«Тонықөк» жырында алдымен қағандар туралы айта келіп, елі мен жері үшін қызыл қанын төккен, күш-қуатын сарқып берген құдіретті қауымды паш етеді де, бірлік пен ынтымақта өмір сүретін түркі халқын жеңетін күш жер бетінде жоқ екені баяндалады.

Бұл мұралардың негізгі түйіні – тәңірден жаралған көк түркілер ел деп туады, ел деп өмір сүреді, ел деп соғысып, ел деп өледі.

Қазақтың ұлттық рухын көтерудің тұжырымдамасы әдебиетте ежелгі кезеңдерден бар. Соның бір дәлелі – XI ғасыр мұрасы бойып табылатын «Қорқыт ата кітабы». Есімі түркі тектес халықтар арасына кеңінен мәлім Қорқыт оғыз тайпаларында бар мәселенің басында тұрған, қандай қиын істе болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа кіріспеген. Ел оның барлық өсиетін, билігін бұлжытпай орындаған. Ғалым Х.Сүйіншәлиев «Қорқыт кітабында халыққа тән ерлік, өз еліне деген сүйіспеншілік өте сенімді суреттеледі», – дейді[Сүйіншәлиев Х., 1997, 55 б.]. Бұл жырда оғыз-қыпшақ дәуірінің адамгершілік, әдептілік, кішіпейілділік, ерлік сияқты көптеген моральдық және этикалық талаптары әңгіме болады. Шығарманың негізгі идеясы –ізгілік пен ерлік әлі әр адамға қажет егіз қасиет екені даусыз.

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірінің бір өкілі Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанында сол ата-баба мекенінің азаттығын, ата тегінің тазалығын,

түрік ұлтының рухани дәстүрлік, тілдік тәуелсіздігін сақтауға үндеп, басты қасиет ретінде ұстап, «Ақыл қайда болса, ұлықтық (сонда) деп» уағыз айтып кетті. Ол ел басқарудағы жалғастықтың үзілмеуін, дәстүрлердің жойылмауын ескертеді. Яғни, тәуелсіздікті ұстап тұрар татулық, бірлік мәселесі, түркілерді бірлестіру мәселесі тарих сахнасынан қай кезде де түскен жоқ.

Талқылау. Ежелгі дәуір әдебиетінде қазіргі қоғамда да ұлттық құндылық деп қарастыруға болатын ұғымдар бар деп айтуға болады. Айталық, түркілік ұғымда Ана, Әйел – ошақтың иесі, үйдің ұйытқысы. Сонымен қатар, олардың бойында ерлік рух бар. Яғни, түркілік түсініктегі әйел шығыс пен батысқа ұқсамайтын ерекше образда. Түркінің әйелдері ерлермен қатар ел қорғаған. Түркітанушы Л.Н.Гумилев Күлтегін ескерткішін сипаттағанда оның әйелінің түрінен күш-қайраттың ізі білінетініне тоқталады [Гумилев, 1999]. Халық ауыз әдебиетінде батырлармен қатар олардың сенімді серік, ақылшылары Құртқа сұлу мен Назым, Гүлбаршындардың есімі қатар айтылса, «Оғыз қаған жырында» да Ай Қаған бейнесіне ерекше орын берілген.

Ортағасырлық батыс әдебиетінде ондай ұғым жоқ. Әрине, түркілік түсінікте ер адам бейнесі – отан қорғаушы, биліктің тізгінін ұстаушы. Дегенмен, әйелдің мәртебесі төмен деп айтуға болмайды. Әйел-Анаға деген құрмет бөлек.

*Өздерін көк бөрінің ұрпақтары деп өсиет еткен түркілер шыққан түбін мақтан етеді, өздерін көк бөрінің ұрпақтары деп біледі. Өйткені, б*өрі – тектілік ұғымы. Ол кез келген халықтың танымында бола бермейді.

Бағзы замандарда Алтай жерінде пайда болған түркілердің ұрпақтары кейін Балқаннан Балқанға дейінгі жерді иеленіп, бүкіл түркі тайпаларына бастау болды. Кейіннен олар құдыретті Түркі қағанатының қол астына жиналып, бір тудың астына бірікті, өздерін көк бөрінің ұрпақтары деп санады. Аңыз бойынша, түркі тайпаларының түбі бөріден туған Ашинадан тарайды. Академик Ә.Марғұлан түркілерге бөрі тотемі ұндардан ауысқан дейді[Маргулан А.Х. , 1997, 9 б.].

Білге қаған өзінің әкесінің әскерлерін бөріге теңеген. «Оғыз-қаған» жырында көк бөрі Оғызды жорыққа бастап жүреді:

Таңертең болғанда
Оғыз қағанның шатырына
Бір жарық түсті.
Ол жарықтан
Арлан көкжал бөрі шықты.
Осы бөрі Оғыз қағанға
Былай деп, тіл қатты:
«Ай, ай, Оғыз!
Үрім үстіне сен аттанар боларсың!
Ай, ай, Оғыз!
Қызметіңде мен жүрер болармын!»
Оғыз қаған одан соң
Шатырын жинатып,
Жүріп кетті.
Бөрі шеруді бастап жүрді
Бөрінің жолын қадағалап,
Артынан жүріп отырды»[Нысанбаев Ә., 2000, 24 б.].

«Шу батыр» дастанында «Тізе бүкпей тік тұрды, көк бөрінің ұлдары» деп тәңірінің өзі қолдаған бөрітекті ұлдарын мақтан [Нысанбаев Ә., 2000, 22 б.].

Сүйінбай ақын:

Бөрі басы ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсем,
Қозып кетер қайдағым [Нысанбаев Ә., 2000, 203 б.], – деп айтқандай, көздерінен от ойнап, бөрілі байрақ көтерген көк бөрінің ұрпақтарын рухтандырар тұстар көне әдебиетте көп.

Келесі бір құндылық – біздің ата-бабаларымыздың еркіндікке, кеңдікке, тәуелсіздікке ұмтылысы.

Есімі аңызға айналған сақ ғұламасы Анахарсиске жүгінейік:

Сенің сенгенің –
Сыбызғы сырнай пен ақшалы әмияның,
Менің сенгенім –
Садақ пен жебе.
Сондықтан да сен – сауықшыл дүниенің құлысың,
Ал мен – еркін азаматпын.
Сенде жау көп,
Ал менің дұшпаным жоқ.
Егерде сен, асыл тастарыңды
Лақтырып тастап,
Садақ пен қорамсақты ғана асынып,
Сақтардың ішінде ғана өмір сүрсең,
Онда мен сияқты
Сен де еркіндікте жүрер едің[Нысанбаев Ә., 2000, 17 б.]. Осы жолдардан көретініміздей, сақ ұлы өзінің еркіндігін, бостандығын асыл тасқа да айырбастамайды, керек болса садақ пен жебе алып қорғанудан еш қашпайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаладаежелгі дәуір әдебиетінің кейбір туындыларына талдау жасай отырып, ол шығармалардағы ұлттық рух, қазақтың бүгінгі ұрпағына қажетті ұлттық идеяны көрсетуге тырыстық. Көне замандардың қабатынан аршып алған шығармалардан қазіргі күнде де өзекті құндылық көруге болатынын жеткізуге тырыстық.

Тарих көрсеткендей, ұлттық рух мықты болған жағдайда ғана халық қиындықтарға төзіп, болашаққа нық қадам баса алады. Ұлттық рух қана елді біріктіріп, оның күш-қуатын таныта алады. Ендеше, сол ұлттық рухтың қайнар көзі – әдебиет, ұлттық әдебиет деген қорытындыға келеміз.

Әдебиетші ғалым С.Қирабаев айтқандай, «Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болуы – біздің жаңа трихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің

құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке жетуіміздің заңды жолын көрсетуіміз керек. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды қажет етеді...»[Қирабаев С.,1998, 5 б.]. Олай болса, жаңа ғасыр ұланын ескіні ұмытпай, көненің көзін құрметтеу арқылы өнегелілікке тәрбиелеп, олардың бойына «ұлтым», «елім», «жерім» деген рухты сіңірту үшін бұл бағыттағы зерттеулер жалғасын табу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Гумилев Л.Н. Древние тюрки [Электронды дереккөз]. – 1999. – URL: http://gumilevica.kulichki.net/OT/index.html (кірген уақыт – 13.03.2019)
2 Екімыңжылдықдалажыры / БасредакторӘ.Нысанбаев. – Алматы: Қазақэнциклопедиясы, 2000. – 752б.
3 Қирабаев С. Кеңесдәуіріндегіқазақәдебиеті / С.Қирабаев. – Алматы: Білім,2003. -288б.
4 Маргулан А.Х. Мир казаха / А.Х.Маргулан. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1997. – 57с.
5 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық / Х.Сүйіншәлиев. – Алматы: Санат, 1997. – 928б.

УДК 811.512.122.

МУХАТАЕВА ҚОҢЫР
филология ғылымдырының кандидаты, доцент
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУДЕ -ҒАЛЫМ ЫСҚАҚ ТӘКІМҰЛЫ ДҮЙСЕНБАЕВ

Түйін. Мақалада ғалым Абай шығармаларын зерттеу ісіне қомақты үлес қосқаны туралы айтылады. Зерттеуші 1957 жылы М.Әуезовтің басшылығымен дайындалып, жарыққа шыққан ұлы ақынның екі томдық академиялық жинағын құрастыруға тікелей қатысқан.Сонымен бірге 1977 жылы жарық көрген екі томдық жаңа академиялық басылымына әрі басшылық етіп, әрі өзі текстологиялық зерттеу жүргізген, ақын шығармаларының канондық нұсқаларын жасауға көп күш салып, ғылыми тұрғыда өте бағалы алғы сөз жазып,абайтанудың өзекті мәселелерін зерттейді, әр жылдардағы басылымдарды өзара салыстыру арқылы Абай шығармаларының тұрақты мәтіндерін жасауға елеулі үлес қосқандығы баяндалады.

Түйінді сөздер: мәтін, Ы.Т.Дүйсенбаев,текстология,Абай, аударма.

Резюме. В статье говорится, что ученый внес значительный вклад в изучение литературного наследияАбая. Принимал непосредственное участие в составлении двухтомного академического сборника великого поэта, подготовленного и изданного в 1957 году под руководством М. Ауэзова, Он является руководителем нового двухтомного академического издания, опубликованного в 1977 году, и проводит исследования в области текстологии,он приложил немало усилий для создания канонических версий произведений поэта, написал очень ценное предисловие, изучил актуальные вопросы изучения Абая и внес значительный вклад в создание канонических текстов произведений Абая, сравнивая публикации разных лет.

Ключевые слова: текст, Е.Т. Дуйсенбаев, текстология, Абай, перевод.

Summary. The article says that the scientist made a significant contribution to the study of the work of Abay. He was directly involved in the compilation of the two-volume academic collection of the great poet, prepared and published in 1957 under the guidance of M. Auezov, he is the head of the new two-volume academic publication, published in 1977, and conducts research in the field of textology, he made a lot of efforts to create canonical versions of the poet's works, wrote a very valuable preface, studied topical issues of the study of Abay and made a significant contribution to the creation of canonical texts of the works of Ab I'm comparing the different years of publication.

Key words: text, E.T. Duysenbaev, textology, Abay, translation.

XX ғасырдың1960-1970 жылдары қазақ әдебиеті тарихының жеке кезеңдері мен көкейкесті мәселелеріне, проза мен поэзияның көрнекті өкілдерінің шығармашылығына байланысты тыңнан жазылған әдебиеттанушылық еңбектер жарық көрді. Осы кезеңде академик-жазушы М.Әуезов қалаған абайтану ілімі ұлттық әдебиеттану ғылымының жетекші саласы ретінде орнығып, Абайдың ақындық шеберлігі мен талант қырларын тереңдеп ашқан көптеген тың ғылыми зерттеулер жазылды. 1970 жылдары әуезовтану ғылымы да қалыптасып, өзіндік өрнегімен дами бастады.

Осы абайтану ғылымының негізін салушылардың бірі – ғалым Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев. Ғалым абайтануға келген жолын ұлы ақын шығармаларын жарыққа шығара отырып, текстолог ретінде бастады. Мұхтар Әуезовтің басшылығымен дайындалып, 1957 жылы жарыққа шыққан Абайдың академиялық екі томдығына тікелей қатысқан (Құнанбаев А.,1957)**.**"Бұл басылымның, – деп жазады академик Зәки Ахметов, – құндылығы – алдымен Әуезовтің текстологиялық жұмыстарға тікелей қатысуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Жинақты баспаға дайындау барысында Абайдың өлеңдері, поэмалары, қарасөздері бұрынғы басылымдармен барлық белгілі қолжазбалармен салыстырылып, мұқият тексеріліп бірталай сөздерге түзетулер енгізілді. Қай сөздің қандай негізге сүйеніп алынғаны әр шығармаға берілген түсініктемеде көрсетілген(-Құнанбаев А.,1957,90 б). (Бұл жинақты баспаға дайындап, текстологиялық жұмыс жүргізгендер – З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, Ғ.Әбетов).Абай шығармаларының текстологиялық тұрғыдан зерделеуге Ысқақ Тәкімұлы 1977 жылы тағы соққан. Сол жылы жарық көрген Абай шығармаларының академиялық 2 томдық жинағына әрі басшылық етіп, әрі өзі текстологиялық жұмысты атқарып, ақын шығармаларының конондық нұсқаларын жасауға көп күш жұмсады, өте бағалы алғы сөз жазып, абайтанудың өзекті мәселелерін де көтерді (Құнанбаев А.,1977,5-23 б)**.** Бұл алғысөзде сөз болған текстологиялық, әдеби-ғылыми проб-

лемалар, Ысқақ Тәкімұлының Абай мұрасын көп уақыт және түбегейлі зерттеудің нәтижесінен туғаны күмән туғызбайды.

Оған дәлел ретінде ғалымның докторлық диссертациясы мен "Ғасырлар сыры" кітабын атауға болады. Енді сол кітаптағы Абайға арналған бөлімді қарастырайық (Дүйсенбаев Ы.,1970). Шынын айтқанда, Абайдың поэзиясы бізге аз зерттелмеген, оған арнап әр алуан үлкенді-кішілі еңбектер жазылған. Алайда автор осыған орай әрбір жаңа ұрпақтың Абайды өзінше түсініп, одан өзінше жаңа өрнек, тың әшекейлер табатынындай, әрбір әдебиетші де ұлы ақынды өзінше бағалап, өзінше пікір айтуы мүмкін екенін ескертеді. Сондай-ақ ол бұл мақсатта кейбір орын тепкен теріс көзқарас, жаңсақ пікірлерге лайықты жауап бермек болғанын да ашып айтады. Осы талаптарға сәйкес Ы.Дүйсенбаев Абай шығармашылығының ішінен оның поэзиясын төрт ірі салаға бөліп, "Абайдың жас шағында шығарған өлеңдері", "Абайдың лирикасы", "Абайдың поэмалары", "Абай аудармалары" деп жіктеп талдайды.

Алғашқы бөлімде зерттеуші Абайдың Шығыс үлгісіндегі жырлары ("Фзули, Шәмси, Сайхали", "Әлиф-би", "Иузи рәушан") мен жастық шақтан қол үзген "Сап, сап, көңілім" өлеңіне ден қойып, бұлардың бәрінің жазба әдебиет туындысы екенін айтады. Абайға Шығыс әдебиетінің ықпал-әсерін көп уақытқа дейін ашық айтпай, мәселені үстірт қарап, немесе ондай әсер болмаған деп те айтылғанын еске салады да, ғалым енді-гі жерде бұл мәселені арнайы зерттеу қажеттігі туғанын, бұл іс өте қиын әрі көп те, жан-жақты ізденіс жүргізуді талап ететінін ерекше мән беріп айтады. Абайдың жас кезде шығарған өлеңдері – "шығысқа сырттай еліктегенінен" туған, сондықтан классикалық шығыс поэзиясының теңеулерін, ырғағын, ритмикасын сол қалпында сақтауды мақсат тұтқан"– деген пікір айтып, оны нақты мысалдармен дәлелдейді (Дүйсенбаев Ы., 1970,85-86 б).

Зерттеуші ұлы ақынның үйрену, толысу, кемелдену кезеңдерін сөз еткенде "Сап, сап, көңілім" өлеңін өзгелерден бөліп алып қарап, мұның араб, парсы сөзін қолданбай, таза қазақ тілінде жазылғанына, жас жігіттің босқа өткен қарапайым тіршілігіне өзінше баға бергеніне, өзіне де тоқтау айтқанына көңіл аударады. Бұл өлеңді ғалым "Абайдың алғашқы жазғандарына қорытынды жасаған, ақындық өнеріне шындап бет қойған өлеңі" – деп санайды (Дүйсенбаев Ы.,1970).

Абайдың лирикасына орай зерттеуші ақынның ең бір жемісті жылы деп саналатын 1886 жылға дейінгі "Қан сонарда бүркітші шығады аңға", "Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы", "Жасымнан ғылым бар деп ескермедім" атты үш өлеңіне арнайы тоқталып, бұлардың тақырыбы мен мазмұны жағынан құрылысы бөлек екенін айтады. Бірі – аңшылық жайында, екіншісі – сұлу әйелдің сын-сипаты, үшіншісі – өзінің ғылымнан жастай махрұм қалғандығына өкініш білдіру туралы болып келеді. Алайда бұлардың басын қосып тұрған жәйт: ұлы Абайдың өзіне дейінгі ақын, жыраулардай емес, жазба әдебиет өкілі екендігінде деп ой түйеді. Сол арқылы ол Абай реализмінің қыр-сырларын ашуға ден қойып, ақынның өмірді барынша шындыққа сәйкес суреттегенін нағыз реалистік суреттеудің үздік үлгісі ретінде көрсетеді. Осының бәрі сондағы өзара астасқан тіл өрнегінің байлығы мен көркемдік сипаттарына тікелей байланысты екенін де атап өтеді. .

Ы.Дүйсенбаев Абайдың 1886 жылдан кейінгі лирикалық шығармаларын негізінен үш топқа бөліп қарастырады. Алғашқысы аса бір мол сала болумен қатар, мұнда сол тұстағы ел өміріне, сондағы ұсқынсыз көріністерге арналып, қазақ болмысындағы кертартпа салт-сана мен надандықты, өтірік-өсек пен мешеулікті, әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты бейнелейтін "Қартайдық, қайғы ойладық", "Қалың елім, қазағым", "Көңілім қалды", "Адасқанның алды жөн ...", т.б. туындылардың мән-мазмұны мен сыншылдық белгі-ерекшеліктерін ашып даралайды. Ал, екінші топтағы өлеңдердің ("Интернатта оқып жүр", "Ғылым таппай мақтанба", "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат", "Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық", т.б.) ақыл-нақылдық, насихаттық сыр-сипаттарын талдайды. Үшінші топқа "Патша құдай, сиындым", "Өкінішті көп өмір кеткен өтіп", т.б. өлеңдерін жатқыза отырып, бұлардағы ақынның көңіл-күйі мен ой-сезімін бейнелейтінін айтады (Дүйсенбаев Ы.,1970).

Ғалым солармен қатар адам мінез-құлқын сынайтын "Сабырсыз, арсыз, еріншек" секілді өлеңмен қатар, жалпы поэзияға қойылатын ақындық биік талап, эстетикалық талғамын білдіретін "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы", "Күз", "Қараша, Желтоқсан мен сол бір- екі ай", "Қыс" іспетті мезгілдік жырларын үлкен ізденіс жемісі тұрғысында алып қарастырады. Осыған орай ол ұлы ақынның:

Өлең– сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы–

деген белгілі шумақты келтіріп, Абайдың жалпы эстет ақындардан өзгешелігін көрсетеді сөйтіп, Абай ұғымында көркемдік пен мазмұнның бірлігінсіз шын поэзия тумайды, – деген ой түйеді(Дүйсенбаев Ы.,1970).

Жылдың төрт мезгілін жырлаудағы ақынның ұстанған көркем-тәсілдерін сипаттай отырып, "Күз", "Қараша, Желтоқсан мен сол бір- екі ай", "Қыс", "Жаз" өлеңдерін ақынның тек пейзаждық мәнді ашу үшін ғана емес, соған орай ел өмірінің әр алуан көріністерін де шындық күйінде суреттеу мақсатында жазылғанын дәлелдейді. Әсіресе, "Қыс" өлеңінде Абайдың қысты кәрі шал, адуын-

ды ескі құда түрінде алып, орыс әдебиетіндегі Аяз Атаны өз оқушысына кәнігі ескі танысындай етіп қазақылап бейнелеуіне мән береді.

Абайдың ақындық шеберлігін кеңінен талдай отырып ("Желсіз түнде жарық ай", т.б.), оның "Болыс болдым мінеки" атты сатиралық өлеңіне арнайы тоқталады. Бұл образдың бүкіл қазақ даласындағы болыстардың іс-әрекет, зұлымдық, бетбейнесінен алынып жинақталған бейне екені айтылады. Сөйтіп, қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған кейіпкердің өзін-өзі әшкерелеу тәсілін тапқанын үлкен поэтикалық табыс деп бағалайды. "Мәз болады болысың", "Күлембайға", т.б.).

Ы.Дүйсенбаев Абайдың қазақ поэзиясына жаңа мазмұн әкеліп қана қоймай, оның түр-құрылысына, түзіліміне де үлкен өзгеріс енгізгенін "Сен мені не етесің", "Қор болды жаным" сияқты өлеңдерін талдау арқылы көрсетеді. Мұндағы тың нақыш, әсем бояуларды нақтылықпен зерделей отырып, бұлардың көркемдік мазмұнмен тікелей байланысты екенін дәлелдейді. Бұлардан тыс зерттеуші ақынның іздену, кемелдене толысу кезеңдерін белгілейтін өзге де лирикалық шығармаларына жеке-жеке тоқталып, бұлардың ортақ әрі ерекше белгілерін ашады. ("Ем таба алмай", "Не іздейсің, көңілім", "Жүрегім, ойбай, соқпа енді", "Қарашада өмір тұр", т.б.).

Зерттеуші Абайдың ақындық шабыт, түр мен мазмұн бірлігі туралы ізденістерін сөз еткенде, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин дәстүрін молынан қабылдап, соны игеруде, өмірде ұтымды қолдануда мол нәтижеге жеткенін оның жаңалығы ретінде алып қарастырады. Алайда бұл тұста ол Абайға Шығыс әдебиетінің еткен ықпал-әсерін әдейі айтуға бара бермейді. Бұл мәселенің саяси тұрғыдан ол кезде шектеулі болғаны мәлім, сол себепті де зерттеуші бұл даулы тақырыпқа дендеп ене қоймаған.

Ы.Дүйсенбаев Абайдың поэмаларына сөз кезегі келгенде, сол тұста төл қазақ поэмаларының (Европа түсінігіндегі) әлі толық қалыптаса қоймағанын айтып, біздегі өзіміздің эпикалық жырлардың сондай-ақ шығыстан келген халық дастандары мен діни қиссалардың еуропалық мағынадағы поэмаға сай деуге келмейтінін ерекше бөліп айтады. Ал, Абай қазақ поэзиясының түр мен мазмұны жағынан жаңа белеске көтерілуіне айтарлықтай елеулі үлес қосса да, поэма жанрына онша белсене кіріспегені жазылады. Ол өз шәкірттеріне (Шәкерім, Ақылбай, Мағауия,т.б.) түрліше тақырыптар беріп, олардың поэма жанрында туындылар дүниеге келтіруіне жағдай жасаған. Ал, "Ескендір", "Масғұт", "Әзім әңгімелерінің" Шығыс сюжетіне құрылып, ақынның адамгершілік туралы ойларымен терең үндескеніне назар аударады. Сөйтіп, ұлы ақын аталған дастандарында "адалдықты, еңбекқорлықты арамдық пен аярлыққа қарсы қойғаны" аңғарылады.

Зерттеуші "Ғасырлар сыры" кітабында Абай аудармаларына да біршама мол орын берген. Ол Абайдың аудармамен айналысқан он бес жылының ішінде 53 шығарманы орыс тілінен қазақшаға аударғанын ескертеді. Сонда ол А.С.Пушкиннің "Евгений Онегин" атты өлеңмен жазылған әйгілі романынан жеті үзінді, М.Ю.Лермонтовтан 28 шығарма, И.А.Крыловтан 11 мысал, басқа ақындардан 7 өлең аударғанын атап өтіп, бұларға арнайы тоқталады.

Ы.Дүйсенбаев А.Пушкин мен М.Лермонтов аудармаларына арнайы тоқталып, бұларының кейде аударма, кейде үндес төл туынды болып келетінін ерекше атап көрсетеді. Осыған орай ол: "Абай кейде бір өлеңнің (мейлі Пушкиннің, мейлі Лермонтовтың делік) бас жағын аударып келе жатады да, кенет өз тақырыбына көшеді де, өзінше толғап кетеді. Мұны аударма қатарына жатқызайын десеңіз, сол Пушкин мен Лермонтовтан тым алшақтап, мүлде алыс кеткен, ал, ақынның төл шығармасы деуге бастапқы жолдарының шын аударма екенінде күмән жоқ... Ендеше бұл мәселені дұрыс шешудің бір ғана жолы бар секілді. Демек, аударушы ақынның өз жанынан қосқан тың жолдары түпнұсқаның сарынымен кетсе, немесе сонда көтерілген идеяны дамытатын болса, ол уақытша мұндай еңбекті аударма деп атағанмен "Пушкиннен (немесе Лермонтовтан) яки "Пушкин ("Лермонтов") бойынша" деген ескертпе берген жөн. Ал егер де сол жоғарыда аталмыш орыс классиктерінің шығармалары әуел баста Абайға әсерін тигізіп, өлеңдерін аударуға кіріссе де, кейін өзінше шешіп, соны тақырыпқа түсіп кеткендей болса, мұндай туындыларды аударушы ақынның төл шығармалары қатарына қосқан жөн" – деген тұжырым ұсынады (Дүйсенбаев Ы.,1970,135 б). Мұны аударма жөнінде айтылған барынша әділ әрі дұрыс баға дей аламыз. Автор, ең соңында, Абайдың көптеген тума өлеңдерін аударма деп санаған кездеріміздің болғанын өкінішпен атайды. Сөйтіп ол ұлы Абайдың аудармаларын осы бағыт бойынша зерттеп бағалаудың дұрыстығын алғашқылардың бірі болып дәлелдеуге өзіндік үлес қосты.

Зерттеуші Абай туындыларының сөз болып отырған кезге дейін, яғни Кеңес үкіметі тұсында таңдамалысы бар, толық жинақтары бар қазақша 20 рет басылғанына тоқталып, бұлардың негізгісі ретінде 1909, 1933, 1945, 1957 жылдарғы басылымдарын бөліп атайды. Абайдың өз қолжазбалары бізге келіп жетпегендіктен, Мүрсейіт Бікейұлының Қазақстан Ғылым академиясындағы Орталық ғылыми кітапханасы мен М.Әуезов атындағы әдеби-мемориалдық музейіндегі көшірмелерін (1905, 1907, 1910 жж.) басты дерек ретінде қабылдауды жөн санайды. Сол арқылы ақынның қалыптасқан (канондық) мәтінін жасаудың қажеттігін басты міндет етіп қояды. Осы биік мақсат, игі талаптарға сай алғашқы адым ретінде ұлы Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріне ғылыми мәтіндік жұмыстарға басшылық жасап, бұл өте жауапты істің мұрындығы бола білді. Бұ-

ған Ы.Дүйсенбаев басшылығымен жарық көрген Абай туындыларының 1977 жылғы екі томдық толық жинағындағы сан қырлы мәтіндік жұмыстар айқын дәлел бола алады

(Құнанбаев А.,1977)

Аталған жинақтағы мәтіндік жұмыстарға Абайтанушы белгілі мамандар мен институттың ғылыми қызметкерлерін қатыстыра отырып, жоғарыдағы негізгі деректермен қатар, М.Әуезов басшылығымен құрастырылған әр кездегі басылымдарды түгелдей өзара салыстыру арқылы Абайдың тұрақты мәтінін жасауға елеулі үлес қосты.

Ы.Дүйсенбаев Абай мұрасының барынша таза, қоспасыз болуына айрықша мән берді. Ол бұл тұста әйгілі ғалым, Абайтанудың негізін қалаған М.Әуезовтің қағидалы ой-пікірлерін басшылыққа алып отырды. Белгілі зерттеуші Зәки Ахметов пен өзіне М.Әуезовтің Абай туындыларына құнсыз, сапасыз қоспалардың еніп кетпеуін талай рет арнайы тапсырғанын айта келіп, қатал талап қойғанын да ескертеді. Осыған орай ол өз ойын: "Абай шығармаларының қайтсе де санын көбейту, толықтыра түсу қажет. Тегі, мұндай тілек ел арасында "Абайдікі-мыс" саналған өлеңдердің әлі күнге дейін орын теуіп келгендігінен болса керек. Ақынның дүние салғанына 70 жылдан асып кетсе де, ауыз әдебиеті дәстүрінің әсерімен қанатты сөздерді, әсем шумақтарды яки түгелдей жыр-толғауларды Абай есіміне таңу тоқталмаған... Дегенмен есте тұтатын ақиқат бір шындық бар: санын көбейтеміз деп жүріп, сапасын тым құлдыратып алмалық. Өте жақсы саналған шығармалардың өздерін, егер олар Абайдың көксеген арманына қайшы, ақындық өнеріне жанаспаса, бет алды қызығу арқылы Абайдың алтын мұрасын бөгде қосындымен былғамалық. Алдажалда "осы бір шығарма Абайдікі-ау" – дегеннің өзінде ақын мұрасымен жете таныс мамандардың қатысулары бойынша әбден талқылап, бір тұжырымға тоқтаған соң ғана "Абай мұрасы" деп қабылдаған дұрыс. Бұл ретте алдын ала арнайы кеңестер шақырған, ғылыми айтыстар ұйымдастырған жөн. Біздің топшылауымызша, бірден-бір айқын жол осы ғана, басқа ешбір лаж жоқ секілді",– деп жазды (Құнанбаев А.,1977,7-8 б). Осы талаптар тұрғысынан қарағанда, солардан кісі аттарына берілген түсініктерден тыс, бірінші томға енген өлеңдер мен поэмаларға 80 беттік, ал, екінші томға (аудармалары мен қара сөздеріне) 60 бет мәтіндік түсініктер берілген.

Зерттеуші, ең алдымен, жалпы текстология ғылымының міндет-мақсаттары туралы сөз қозғап, біздегі бұл ғылымның әлі толық қалыптаса қоймағанына тоқталады, сөйтіп, өз ойын орыс ғылымындағы осы саланың білікті өкілі Д.С.Лихачев пікірімен астастыра дәлелдеуді мақсат етеді. Ғалым өзінің "Текстология" деп аталатын очеркінде қарапайым оқушы мен текстолог-зерттеушінің мәтінге деген көзқарас-танымында үлкен айырмашылық бар екенін атап көрсетіп, оның себеп-салдарын ашады. Д.С.Лихачев пікірінше, алғашқы оқушы мәтінді ешбір үзіліс, өзгеріссіз қағаз бетіне түскен деп санаса, зерттеуші-текстолог сондағы өзгерістердің түп-төркіні мен жазылу жолдарындағы әр түрлі құпияларын ашып береді деп пайымдайды. Осыған орай Ы.Дүйсенбаев кейінгі зерттеуші-текстолог мәтіннің өзгешеліктерін табумен қатар, варианттарын мұқият тексеру арқылы қалыптасқан (канондық) мәтінді ұсынуға талаптанады деп жазады. Осы мақсаттар тұрғысынан алғанда, ол бізде мәтіндік ғылым кең көлемде дамып өрістемесе де, классик ақын, жазушылардың, атап айтсақ, Абай, Сұлтанмахмұт, Махамбеттің өлең, туындылары түпнұсқа күйінде бізге жетпесе де, қолда барды пайдаланып, біршама сәтті мәтіндік жұмыстар іске асырылғанын жетістік ретінде көрсетеді. Зерттеуші осы талаптарға сәйкес бастан-аяқ мәтінге арналған кейбір еңбектерге шолу жасайды., Бұл орайда ол, ең алдымен, Қайым Мұхамедхановтың 1959 жылы жарық көрген "Абай шығармаларының текстологиясы жайында" атты еңбегіне тоқталып,ғалымның Абай шығармаларын зерттеуге, әсіресе, мәтініне орай еңбектер жазып, елеулі үлес қосып жүргенін айырықша атап өтеді(Мұқаметханов Қ., 1959).

Сонымен, жоғарыда айтқандарын жинақтай келе Ы.Дүйсенбаев мынадай ойлар ұсынады: біріншіден, ұлы Абай мұраларын жинау, жариялау, зерттеу жұмысы ондаған жылдар бойы үзілмей жалғасын тауып келеді. Ғылымда "Абайтану" аталатын жаңа сала пайда болды, оның негізін қалап ерекше еңбек сіңірген М.Әуезов еді дей келіп, ұлы ақын шығармалары әлі де мәтіні жағынан теориялық тұрғыда тереңірек зерттеле түсуі қажет деп санайды.

Екіншіден, Абай шығармаларының тұрақты (канондық) мәтінін жасау, бұған 1957 жылғы және осы 1977 жылғы басылымды негізге алу мәселесі. Үшіншіден, Абай қара сөздеріне тағы да оралып, оларға текстологиялық жұмыс жүргізіп, ғылыми талдау жасауды жалғастыру қажет, өйткені бұл іс әлі күнге дейін әр түрлі сылтаумен қолға алынбай келеді, мұны соза беруге болмайды деген ой ұсынады. Төртіншіден, Абай шығармаларының сыр-сипаты, реализмін кеңірек зерттеп, ақынның Шығыспен байланысын жанжақты ашуды іске асыру. Бесіншіден, Абай туындыларын өзге тілдерге, әсіресе, орыс тіліне аударудағы орын теуіп келген кемшіліктерден арылуды ойластыру. Алтыншыдан, орыс әдебиетінің Абайға еткен әсер-ықпалын тереңірек қарастыру мәселесін алға тартады.Ғалымның бұл айтылған ой-ұсыныстары күні бүгінге дейін өзектілігі артпаса, кеміген жоқ десек артық айтқандық емес. Ақынның туғанына 175 жыл толуына орай, Абай мұрасын тануда, бағалауда өзіне тән үлес қосқан зерттеушілерін, абайтану ғылымының негізін салушыларды да ұмытпаған жөн шығар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.- Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы,1957.
2. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы, 1977. –454 б. Т.2.309 б.
3. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, Жазушы,1970 – 191 б.
4. Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларыныңтекстологиясыжайында. – Алматы, 1959. – 143 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 260 б.
6. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының бір томдық толық жинағы – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы,1961
7. Дүйсенбаев Ы.Мұхтар Әуезов.Мақалалар, естеліктер. –Алматы: Қазақ ССР Ғылымбаспасы,1974. –219 б.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. 2-кітап. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Жалпы редакциясын басқарған Т.Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1965. – 523 б.
9. История казахской литературы в 3-х томах. Т.2. Дореволюционная казахская литература. Под ред. И.Т.Дюсембаева. – Алматы: Наука, 1979. – 338 с.
10. Каскабасов С.Колыбель искусства. – Алматы,1992.-365 с.
11. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма.2002. – 580 б.
12. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.-167 б.

УДК 37.026.6

ОРЫНХАНОВА ГИБАДАТ АМАНЖОЛОВНА
кандидат филологических наук, и.о. ассоциированный профессор
Казахского Национального женского педагогического университета

САМЕТОВА ФАУЗИЯ ТОЛЕУШАЙХОВНА
кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Казахского Национального женского педагогического университета

ИЗУЧЕНИЕ РАССКАЗА «СТАРУХА ИЗЕРГИЛЬ» В ВУЗЕ

Түйін. Мақала М. Горькийдің «Старуха Изергиль» әңгімесін оқып-зерделеуге арналған. Онда Максим (баяндаушы) мен Изергиль (әңгіме айтушы) дауының мәні, әңгіменің жалпы композициясындағы дау-диалог орны, даукестердің ұстанымдары, Изергильдің ағынан жарыла айтқан әңгімесі және өмірлік философиясы, кейіпкердің егжей-тегжейлі портреттік сипаттамасы, әңгімедегі басты кейіпкерлердің «триадасындағы» Изергильдің орны жан-жақты қарастырылады. Авторлардың таңдаған әдістемелік тактикасы студенттерге шығарманың көркем әлемінің мәселелері мен ерекшеліктерін ұғынуға мүмкіндік береді. Шығарманы жан-жақты егжей-тегжейлі талдау «идеал және шындық» мәселесін және оның әңгімедегі шешімін ұғынуға ғана емес, сонымен қатар «Старуха Изергиль» әңгімесіндегі баяндауды ұйымдастыру қағидасын көрсетуге, барлық үш аңыздың ішкі мағыналық байланысын түсінуге көмектеседі. Тапсырмалар мен сұрақтар білім алушыларға әңгіме сюжетінде іске асырылған қақтығыстардың мәнін түсінуге көмектеседі.

Түйінді сөздер: әңгіме, «Изергиль кемпір», М. Горький, ЖОО-нда оқыту.

Резюме. Статья посвящена изучению рассказа М. Горького «Старуха Изергиль».В нейподробно рассматриваются суть спора Максима (повествователя) и Изергиль (рассказчицы), место спора-диалога в общей композиции рассказа, позиции спорящих, исповедь и жизненная философия Изергиль, детали портретной характеристики героини, место Изергиль в «триаде» главных героев рассказа. Избранная авторами методическая тактика позволяет студентам сориентироваться в проблематике и особенностях художественного мира произведения. Подробный разбор произведения помогает не только осмыслить проблему «идеал и действительность» и ее решение в рассказе, но и показать принцип организации повествования в «Старухе Изергиль», понять внутреннюю смысловую связь всех трех легенд. Дается в статье анализ трех легенд, как трех «картин» в «рамках». При этом между самими легендами, между «картинами» и «рамами», между повествователем и рассказчицей идет непрерывный и интенсивный диалог. В рассказе писатель утверждает философию «жизни-горения» как высокий идеал, который может и должен вывести людей из мрака серого, унылого, куцего существования. Задания и вопросы помогают учащимся понять суть конфликтов, реализованных в сюжете повествования.

Ключевые слова: рассказ, «Старуха Изергиль», М. Горький, изучение в вузе.

Summary. The article is devoted to the study of the story of M. Gorky “The Old Woman Isergil”. It discusses in detail the essence of the dispute between Maxim (narrator) and Isergil (storytellers), the place of the dispute-dialogue in the overall composition of the story, the position of the arguing, confession and life philosophy of Isergil, details of the portrait characteristics of the heroine, the place of Isergil in the “triad” of the main characters of the story. The methodological tactics chosen by the authors allows students to navigate the problems and features of the art world of the work. A detailed analysis of the work helps not only to comprehend the problem of “ideal and reality” and its solution in the story, but also to show the principle of organizing the narrative in “The Old Woman Isergil”, to understand the inner semantic connection of all three legends. Assignments and questions help students understand the essence of the conflicts realized in the plot of the story.

Keywords: short story, “Old Woman Izergil”, M. Gorky, studying at a university.

ВВЕДЕНИЕ

«Старуха Изергиль» – одно из наиболее совершенных произведений писателя. Этот рассказ есть в некотором роде «знаковая» вещь, характеризующая сущность творчества раннего Горького.

Необходимо обратить внимание студентов на самобытность созданной Горьким жанровой формы «рассказ-легенда» и тем самым сориентировать их на поиски взаимосвязи между реалистической и романтической структурами в художественном мире рассказа «Старуха Изергиль». Первые наблюдения над текстом приоткрывают перед студентами особую, «неоромантическую» структуру образа мира в произведении Горького: романтический мир представлен в

«оправе» мира реалистического, романтический мир легенд целиком соотнесен с миром реальной повседневности.

ЦЕЛЬ ИССЛЕДОВАНИЯ

Как показывает опыт, студенты всегда констатируют своеобразие повествования в «Старухе Изергиль» – ужеизвестную им форму «рассказ в рассказе», но существенно усложненную, ибо здесь есть и личный повествователь – слушатель(Максим), и героиня- рассказчица (Изергиль). При этом студенты отмечают стройность и оттого особую выразительность общей «конструкции» произведения – симметричностирасположения легенд, обрамлений, входящих в них компонентов (пейзажей, портретов, диалогов). Горький не случайно гордился стройностью своего рассказа. «Здание» получилось и в самом деле красивое: не просто легенда и ее обрамление, а три легенды в общей «раме», и каждая из легенд, в свою очередь, имеет еще свою «раму» со своим вступлением и своим эпилогом. Три легенды, как три «картины» в «рамках». При этом между самими легендами, между «картинами» и «рамами», между повествователем и рассказчицей идет непрерывный и интенсивный диалог.

МАТЕРИАЛ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Работа над текстом рассказа начинается с анализа обрамления («рамы»). Вчитываясь в «увертюру», студенты отмечают плавный и почти незаметный переход от реальности к сказке. Начало его: «Я слышал эти рассказы под Аккерманом, в Бессарабии, на морском берегу» – прочитываетсякак эпически-повествовательный дискурс, так как содержит название конкретного места, где услышаны легенды. Но в то же время это звучит и как зачин легенды, так как обстоятельства места (Аккерман – Бессарабия – морскойберег) расположены не по степени уточнения – конкретизации, а по степени все большего отдаления от конкретности. «Берег моря» – последнее в ряду – это, по Горькому, место, где рождаются легенды. Подобное же движение от конкретного к условному наблюдается и в следующих повествовательных периодах (абзацах): силуэты молдаван, с которыми Максим работал на виноградниках, «тают в голубой мгле ночи», ветер «развевал волосы женщин в фантастические гривы», что «делало женщин странными и сказочными». «Ночь и фантазия» превращают обыкновенных рыбаков с виноградников в героев сказки. На них отсвет моря, ветра и солнца – онибронзовые. У мужчин «пышные черные усы и густые кудри до плеч», «женщины и девушки – веселые, гибкие, с темно-синими глазами». Горький использует сочные, насыщенные тона, чтобы нарисовать не только портреты людей, но и пейзаж. «Все это – звукии запахи, тучи и люди – былострanно красиво и грустно, казалось началом чудной сказки». В красоте этих людей, в их умении чувствовать, петь и смеяться угадываются недюжинныедушевные возможности.

Обращаясь к финальной части обрамления (это последние абзацы рассказа), мы наблюдаем обратное движение – возвращениеиз сказочного мира в серую реальность: «В степи было тихо и темно. По небу все ползли тучи, медленно, скучно... Море шумело глухо и печально». (Комментируя этот пейзаж, обращаем внимание студентов на то, что наряду со зрительными и звуковыми эпитетами, наполненными негативной экспрессией, здесь есть и эпитет чисто оценочный – «скучно», который входит в число ключевых, сквозных эпитетов рассказа.)

Из анализа обрамления делаем вывод о том, что плавность и естественность перехода из мира реальности в мир легенды, не сглаживая противопоставленности этих двух миров, вместе с тем выявляет их глубинную связь. Значит, по Горькому, высокий идеал, воплощенный в мире легенд, и повседневная реальностьне разделены непроходимым рвом. Значит, можно и следует искать «переходные мостки» между ними.

Далее студенты устанавливают, что все «увертюры» (как общая, так и к каждой легенде) непременно включают: экспрессивныйпейзаж, создающий необходимый эмоциональный фон; диалог между Изергиль и Максимом; детализимволы и понятия-символы.Функцию «увертюр» можно определить так: в каждой из них задаётся «базовая» проблема соответствующей легенды. Например, в пейзаже предваряющем легенду о Ларре, есть образ-символ – тени; и в одной из них, «темней и гуще, чем другие», Изергиль увидела Ларру: «Он уже стал теперь как тень(...) Вот что может сделать бог с человеком за гордость!..» В пейзаже, предваряющем легенду о Данко появляются «маленькие голубые огоньки», которые напомнят Изергиль «искры от горящего сердца Данко». Эти образы-символы, как камертон,задают эмоциональный настрой, которым будет пронизана легенда.

РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ИХ ОБСУЖДЕНИЕ

После этого начального наблюдения студенты при поддержке учителя приступают к детальному анализу пейзажа. Они отмечают что картины природы во всех « увертюрах» состоят из устойчивых образов – море, степь, луна, ветер, тучи, звезды. Традиционно эти образы служат воплощением вечной жизни природы, бесконечности вселенной. Но у Горького каждая из этих стихий к тому же предстаетолицетворенной, что усиливает эмоционально-экспрессивное звучание пейзажа. Особенно значима экспрессивная функция образа моря.Море активно реагирует на то,что рассказывает Изергиль.Образ моря создаёт пространственное границы повествова-

ния:первая фраза – «Я слышал эти рассказы(...)на морском берегу», «Морешумело глухо и печально» – последняяфраза.И вместе с тем образ моря размыкает границы повествования, выводя его смыслы в бесконечный простор.

Далее студенты отмечают и постоянное присутствие в каждой из «увертюр» музыкальной темы. Эта тема начинается еще в общем вступлении («Кто-то играл на скрипке...девушка пела мягким контральто, слышался смех...»),вместе с другими составляющими вступления образ музыки помогает реальному стать «странным и сказочным».А вот какое «музыкальное завершение» даётся легенде о Ларре. Хотя Изергиль «конец рассказа вела таким возвышенным, угрожающим тоном, а все-таки в этом тоне звучала боязливая, рабская нота». Но словно в споре с «боязливой, рабской нотой»,в рассказ врывается, набирая силу, целый хор мужских и женских голосов. Голоса женщин сравниваются с «разноцветными ручьями», а голоса мужчин – с «густыми волнами». Этот могучий хор человеческих голосов, за которым даже «шума волн не слышно было»,выступает эмоциональной антитезой мрачной истории о Ларре и одновременно служит музыкальным прологом к истории «мятежной жизни» самой Изергиль. Смысл музыкальной темы выражен в изречении рассказчицы: «Те,которым жизнь мила, вот – поют». Таким образом, тема музыки в структуре повествовательных увертюр воплощает особый дар людей жить «удесятеренной жизнью»(А.Блок).

Теперь преподаватель вместе со студентами делает общий вывод об эстетической функции «увертюр» в рассказе. Ими создаётся особая романтическая атмосфера – атмосфераожидания чудесного, выходящего за пределы обыденного здравого смысла. Вместе с тем в каждой из них представлен «строительный материал», необходимый для возведения мостков между реальным и идеальным мирами.

Анализ конфликта в легенде о Ларре – следующийэтап занятия.

Студенты обращают внимание на то, что племя, которому принадлежала мать Ларры, было «могучим» и жило, по выражению Горького, на «щедрой земле». Это даёт нам основания предполагать, что не в последнюю очередь своим могуществом и благополучием племя было обязано законам содружества, выработанным веками. Появление Ларры, сына орла и женщины, грозит разрушить лад между людьми. Ларра сразу противопоставляет себя всем. Его гордыня всячески подчёркивается повествователем. И в портрете: «Все (...) видели, что он ничем не лучше их, только глаза его были холодны и горды, как у царя птиц». И в его позе: «...стоял один против всех, рядом с ней (убитой им девушкой) и был горд, – неопустил своей головы, как бы вызывая на неё кару. И в отношении к старейшинам: «А когда пришли старейшие племени, он говорил с ними, как с равными себе». Конфликт между Ларрой, который «считает себя первым на земле и, кроме себя, не видит ничего», и племенем, соблюдающим законы сообщества, неизбежен.

Summary. This article is devoted to the study of the toponymic spectrum of the North Kazakhstan region. The author emphasizes the special role of ethnotoponyms and anthropoponyms in the toponymic system of the studied region, notes the abundance of ethnotoponyms of Turkic origin, which help to trace the area of the settlement of certain tribes in the past. The loan words in toponyms are identified and systematized.

Key words: toponym, ethnonym, anthroponym, ethnotoponym, anthropotoponym.

ВВЕДЕНИЕ

Территория Северного Казахстана обширна и многогранна. Находясь на стыке России и Казахстана, она с незапамятных времен представляет собой зону тесных этнических и лингвокультурных контактов. Тем самым дает возможность практически увидеть те или иные закономерности взаимодействия двух столь разных этнокультур. «Лингвоэтнокультура – тот неисчерпаемый родник, из которого языковая личность пополняет арсенал своих жизненных смыслов, через языковую картину мира выстраивает ценностно-оценочную иерархию своего бытийного пространства» *[Алефиренко Н.Ф., 2018, с. 14]*.

Проблемы взаимодействия языков, этносов, национальных культур, их взаимопроникновение неоднократно освещались в работах отечественных лингвистов. Так Шаймерденова Н. Ж. отмечает: «Труды В.Н. Поповой сфокусированы в области древнейших этноязыковых контактов и лексикографических исследований топонимов Казахстана. Отдельные постулаты приняты уже как аксиома, а некоторые этимологические разыскания являются дискуссионными, но вместе с тем открывают новые исследовательские горизонты». *[Шаймерденова Н.Ж., 2017, с. 144]*.

Такие ученые как А.К. Колпенова, Б. Шалабай, анализируя научные работы А. Абдрахманова, О.А. Султаньяева, справедливо отмечают, что «… этимология топонимов и этнонимов исследуется как объект этнолингвистики. Этнонимы и этнотопонимы сформулированы как взаимосвязь культурной и языковой преемственности тюркских народов». *[Колпенова А.К., Шалабай Б, 2018, с. 85]*. Они справедливо считают, что этнонимы необходимо рассматривать в качестве этнокультурных ценностей и языкового феномена в определении взаимосвязи культуры тюркских народов. *[Колпенова А.К., Шалабай Б, 2018, с. 85]*. Все это подтверждает утверждение: «Географические названия являются носителями культурного наследия, среди них можно выделить большую группу топонимов – реалий, которые связаны с какими – либо событиями в жизни народа – носителя языка и культуры и выполняют в языке, кроме своей основной функции, наименования географического объекта – ряд дополнительных функций». *[Исанова А.Е., Бижкенова А.Е., 2018, с. 90]*.

Проблемы функционирования топонимов в разное время освещали такие видные ученые как: Жанузаков Т. Ж., Копыленко М. М., Попова

В. Н., Султаньяев О.А., Абдрахманов А. А., Мадиева Г. Б., Керимбаев Е. А., Конкашпаев Г. К. и др.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Все эти явления находят свое отражение в топонимическом спектре представленного региона, где каждая этническая группа вносит свою специфику номинации в общую топонимическую систему.

Топонимами онимического происхождения мы называем наименования населенных мест, образованные от имен собственных (онимов). Все топонимы онимического происхождения можно подразделить на три группы: топонимы, образованные от антропонимов; топонимы, образованные от этнонимов; топонимы, образованны от других топонимов (оронимов, гидронимов, микротопонимов и ойконимов).

Класс онимов, образованных от личных имен, широко представлен в топонимическом спектре Северо-Казахстанской области. В основу антропонимических топонимов положены имена и фамилии представителей народа, населявшего местность в разные исторические эпохи. Мотивы таких номинаций могут быть самыми разными. Топоним может указывать на первопоселенца населенного пункта, его владельца, он может быть посвящен другому лицу. Например:

нп. Джамбул (каз. Жамбыл) назван по имени великого казахского певца-акына, одного из крупнейших представителей устной народной поэзии Джамбула Джабаева;

нп. Амангелъды назван в честь Амангельды Иманова – активного участника установления Советской власти на территории Казахстана, одного из руководителей национально-освободительного движения 1916 года;

нп. Канжигалы назван в честь одного из самых знаменитых батыров Аблайхана;

нп. Ернозар назван по имени старейшины Ернозара;

нп. Тамабай назван в честь старейшины, который носил прозвище Тамамбай.

Имена старейшин носят также названия аулов: нп. Тулебай, нп. Кудайберды, нп. Мурзагул, нп. Шакан (по имени аксакала Шакана).

Основу наименований географических объектов, образованных от антропонимов, могут составлять как полные имена (Бижан, Калдаман, Жамбыл, Амангельды, Алтыбай, Бекбай, Даумбай, Айтуар, Тугульбай, Темирбай, Толубай, Аманжол, Аманбай, Ахметжан, Аймжан, Даженбай, Джазылбай, Джандубай, Калимбет, Кинетбай, Кожеберген, Кудайберды, Кусаин, Косбулат, Молдабай, Мурзагул, Ногайбай, Ольджибай, Самамбет, Таксатбай, Тамамбай, Шигамбай, Чурубай, Элимбай, Эндыбай и многие другие), так и сокращенные: Ибрай – полное имя Ибрагим, Дюсеке – полное имя Дюсембай и др.

Некоторые топонимы антропонимического характера восходят к личным прозвищам: «... в дореволюционном казахском ауле каждый человек имел, кроме имени, прозвище, указывающее на положительные или отрицательные черты характера его носителя, на наклонности и физические недостатки и т.д.» *[,Жанузаков Т, 1965, с. 296]*.

Например:

нп. Аксакбай восходит к прозвищу аксакбай, где аксак «хромой»;

нп. Джакоб Сасык, где «сасык» буквально значит «тухлый», «вонючий», «зловонный», однако «сасык», возможно, является этнонимом аргынов;

нп. Тамамбай от прозвища старейшины аула, где «богач» + тамам «много» (данные архива СКО – Северо-Казахстанская область);

нп. Тулебай – прозвище *тулебай* давалось старейшине аула за его жадность и скаредность (данные архива СКО). Прозвище происходит от «туле», что означает «плати».

Среди топонимов Северо-Казахстанской области, восходящих к антропонимам, выделяется группа наименований, в которых антропоним, положенный в основу наименования, восходит к этнониму. Например:

нп. Данияр Садыр («садыр» этноним найманов);

нп. Джакоб Сасык («сасык» этноним аргынов).

Помимо этого, на территории Северо-Казахстанской области можно обнаружить многочисленные топонимы, образованные от названия казахских родов. Этот пласт наименований особенно ценен в топонимическом спектре, так как помогает проследить ареал проживания тех или иных племен, характер расселения племенных и родовых групп в регионе. Анализ показал, что основная масса этнотопонимов происходит от названий казахских родов ***Среднего жуза***.

Приведем примеры данных наименований:

Стойбище ***Айбас***, от «айбас» – родовой клич племени *кипчак;*

стойбище ***Аксары***, от «аксары» – подрод племени *Керей;*

стойбище ***Аргын*** (племя Среднего жуза);

стойбище ***Даут***, от «Даут» – имя батыра, род которого впоследствии стали называть *атыгаями* (подрод племени Аргын);

стойбище ***Жауар***, от «жауар» – отделение рода *карауыл* племени *аргын;*

стойбище ***Байкожа***, от «байкожа» – подрод от рода *Балта* в составе *ашамайлы* племени *кереев;*

стойбище ***Даулет***, от «даулет» – название рода в составе племени *найманов;*

стойбище ***Кулсары***, от «кулсары» – подрод племени *керей;*

стойбище ***Майкоткел,*** от «*өткел*» с казахского – «переправа, брод» и «*майкы*» – подрод рода *каракесек* в составе племени *аргын;*

стойбище ***Кыдыр***, от «кыдыр» – подрод рода *тараkты*;

стойбище ***Маймак***, от «маймак» – подрод рода *атыгай* племени *аргынов;*

аул ***Карамырза***, от «карамырза» – подрод в составе племени *уак;*

стойбище ***Уакарай*** (Айыртауский район), от «уак» – название племени;

аул ***Курлеут***, от «курлеут» – подрод племени *кипчаков;*

аул ***Карсак*** и аул ***Куба***, от «карсак» и «куба» (куман) – подроды рода *кара кипчак* в составе племени *кипчак;*

Аул ***Уак***, от «уак» – племя в составе Среднего жуза

гидроним ***Аманбай***, от «аманбай» – подрод рода котенши племени *конырат;*

гидроним ***Атыгай***, от «атыгай» – подрод рода *момын*;

гидроним ***Жанаттын карасуы***, от «жанат» – подрод из племени *кереев;*

гидроним ***Ашамай***, от «ашамай» – знак рода *балта*;

гидроним ***Байсары***, от «байсары» – род племени *уак;*

гидроним ***Мамбет***, от «мамбет» – род племени *найман;*

гидроним ***Уаккамысты***, от «камысты» – камышиное и «уак» – название племени.

Анализ этнотопонимов, исследуемого региона, показал, что помимо этнонимов Среднего жуза здесь присутствуют наименования, в состав которых входят этнонимы, связанные с названиями родов других жузов.

Этнотопонимы от наименований родов ***Младшего жуза***:

стойбище ***Айдар***, от «айдар» – подрод рода *тама* в составе племени *жетыру*;

гидроним ***Байкошкар***, от «байкошкар» – подрод *аккете*;

гидроним ***Бузау***, от «бузау» – подрод рода *адай* племени *байулы*;

гидроним ***Жабагы***, от «жабагы» – подрод рода *кердери* (поколение Байулы), племени *жетыру.*

Исследуя топонимы Северо-Казахстанской области, мы выяснили, что в основе наименований географических объектов исследуемого региона, представлены как тюркские, так и заимствованные имена. Зафиксировано незначительное количество онимов нетюркского происхождения.

Во-первых, это наименования, образованные от антропонимов арабского происхождения. Например: нп. Ибрай, нп. Кусаин и др.

Наименования этой группы могут включать в свой состав следующие компоненты арабского происхождения:

аман-

ойконим Аманжол;

ойконим Амангельды;

ойконим Аманбай;

ахмет-

ойконим Ахметжан;

гидроним Ахметжан;

микротопоним (стойбище) Ахметжан.

Во-вторых, это наименования, образованные от антропонимов, включающих в свой состав основу или элемент персидского происхождения, например:

ойконим Кудай-Берды;

ойконим Косбулат;

ойконим Мурзагул;

ойконим Мурза-Кельды;

ойконим Аймжан;

ойконим Аюкан и др.

Антропонимы, входящие в состав топонимов, могут включать в свой состав неоднородные в языковом отношении компоненты. В зависимости от языкового происхождения этих компонентов можно выделить следующие группы.

Онимы, состоящие из персидских и тюркских компонентов, например:

ойконим Мурза-Кельды, где мурза – элемент персидского происхождения, а кельды-тюркского;

ойконим Мурзагул (мурза перс. + гул тюрк.), нп. Косбулат (кос тюрк. + булат перс.);

ойконим Кудай-Кудук (кудай перс. + кудук тюрк.);

ойконим Акжан (ак тюрк. + жан перс.).

Наименования географических объектов, включающие в свой состав элементы арабского и тюркского происхождения, например:

ойконим Амангельды (аман элемент арабского происхождения и гельды-тюркского),

ойконим Аманбай (аман араб. + бай тюрк.),

ойконим Аманжол (аман араб. + жол тюрк.).

микротопоним Аманжол Кумбези

микротопоним (стойбище) Амантай.

Группа топонимов, включающая арабский элемент -аман, на территории Северо-Казахстанской области представлена пятью наименованиями с компонентом -аман: три одноименных наименования населенных пунктов: Амангельды (Аманкельды) и по одному – нп. Аманжол (Аманджол) и нп. Аманбай.

Выделяются также онимы, состоящий из компонентов персидского и арабского происхождения нп. Ахметжан, где Ахмет- элемент арабского происхождения, жан- персидского, используемый в значении «душа», «счастье», «богатство».

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Проведенное исследование позволяет сделать следующие выводы: антропонимы являются одной из самых многочисленных групп среди названий населенных пунктов Северо-Казахстанской области. Большинство топонимов, от которых образованы наименования географи-

ческих объектов, исследуемого региона, произошли от казахских имен собственных. В редких случаях источником наименования географических объектов стали сокращенные имена или прозвища местных жителей.

Антропонимы в составе топонимов могут быть тюркского, арабского, персидского, тюрко-арабского, тюрко-персидского арабо-персидского происхождения; антропонимы в составе топонимов могут указывать на первопоселенцев, на владельцев земельным наделом, носить мемориальный характер; в основу антропотопонимов могут входить также этнонимы и патронимы.

Топонимический спектр русских наименований представлен совсем незначительным количеством этнотопонимов:

гидроним (река) Башкирка;
гидроним (озеро) Башкирское;
гидроним (река) Киргизская;
микротопоним (стойбище) Киргизские земли;
микротопоним (стойбище) Киргизские колодцы;
микротопоним (стойбище) Киргизский колок;
микротопоним (стойбище) Киргизское болото.

В данных наименованиях прослеживается прямая связь: этноним – этнотопоним.

Однако хотелось бы заметить, что в топонимическом спектре исследуемого региона есть наименования географических объектов, где связь не прямая «этноним – топоним», а опосредованная – «этноним – базовый топоним – новообразованный топоним». Это можно обнаружить в таких топонимах как:

ойконим Украинка;
ойконим Украинское;
ойконим Новоукраинка;
ойконим Поляковка;
ойконим Муромское;
ойконим Славянка.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Алефиренко Н.Ф. Ценностно-смысловые горизонты этнокультуры // Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш Уалиханова. Серия филологическая. – 2018. – № 1(1). – С.13 – 21.
2. Жанузаков Т. Из истории развития ономастики казахского языка. // Питания ономастики. Киев, 1965. – С. 296.
3. Исанова А.Е., Бижкенова А.Е. Ономасиологические особенности гидронимов Казахстана // Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш Уалиханова. Серия филологическая. – 2018. – № 1(2). – С.69 – 73.
4. Колпенова А.К.,Шалабай Б. Преемственность тюркских народов: культурно–языковые этнонимы (по научным работам А.Абдрахманова, О.А. Султаньяева) // Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш Уалиханова. Серия филологическая. – 2018. – № 1(2). – С.79 – 85.
5. Шаймерденова Н.Ж. Ономастическое пространство Казахстана в архивах и лицах: профессор ЮКГПИ В.Н Попова //Вестник Южно-Казахстанского государственного педагогического института. – 2017. – № 3. – С.142-148.

УДК 378:81»271
МРНТИ 16.21.25, 14.35

САБИТБЕКОВА МАЙРАШ МҰРАТҚЫЗЫ
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, аға оқытушы
Тілдер кафедрасы
М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

ҚОЖАБЕКОВА ЖҰЛДЫЗ ҚАЗИХАНҚЫЗЫ
филология магистрі, оқытушы
Тілдер кафедрасы
М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

МЕДИЦИНАДА ТІЛДІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР

Түйін. мақалада тіл мәдениетін қалыптастырудың кезеңдері мен талаптары, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестермен байланыс және қарым-қатынас түрлері талданады. Зерттеу жұмысында коммуникативтік қабілет, коммуникативтік құзіреттілік пен қабілеттілік, эмоционалды тұрақтылық, коммуниткативтік білгірлік ұғымдары жан-жақты сипатталып, медицина қызметкерінің тілдік мәдениеті мен сөздік қорын байытудағы аталған ұғымдардың маңыздылығы зерттелген.

Түйінді сөздер: тіл мәдениеті, коммуникативтік дағдылар, коммуникативтік құзіреттілік.

Резюме. В данной статье анализируются этапы и требования к формированию языковой культуры, различные формы общения и связь с коллегами, больными и их родственниками. В исследовательской работе подробно описаны понятия коммуникативные способности, коммуникативные компетенции и способности, эмоциональная устойчивость, коммуникативная эрудиция, изучена значимость данных понятий в обогащении словарного запаса и языковой культуры медицинского работника.

Ключевые слова: культура речи, коммуникативные навыки, коммуникативная компетентность.

Summary. One of the main qualities –accessibility and clearance of the speech, mood and ability to listen to the patient. This skill is formed at the university up to the formation of the future medical professional. The work is directed at the enrichment of the students' vocabulary, formation of communication skills in the professional activity.

Key words: speech culture, communication skills, communicative competence.

Тіл тазалағы – қазақ халқының ұлттық табиғатының ерекше бір белгісі. Қазақ халқы тілге шешендікті шеберлік санаған және мемлекет ісі, ел басқару жағдайында ғана емес, өзара қарым-қатынас, өмірлік толғам, ақыл-өнеге, қағидалы сөздерін кейінгі ұрпағына аманат етіп тастап отырған. Халқымыздың рухани-мәдени өміріндегі ең бір биік өрелі көкжиегін танытатын басты белгісі – әдеби тілде сөйлей білу қасиетінде. Зерттеуші М.Балақаев: «Тіл мәдениетінің тірегі – әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелерін сақтау» [Балақаев М., 2008. 58б.] болмақ деп атап көрсеткен. Бұл – дұрыс тұжырым. Шешендіктіктің бір қыры – тіл, сөз мәдениетімен байланысты десек, осы тіл мәдениетін дамытуда коммуникативтік дағдылардың маңызы зор. Медицина саласында қызмет атқаратын маманның тілдік мәдениеті оқу орнында қалыптаса бастайды. Болашақ жәрігердің сөзге шешендігі ой тереңдігінен, айқындылығынан, дәлелділігінен, нанымдылығынан аңғарылады. Негізі қазақ тілінде тілге шешен адамдардың сөздері эмоциялық әсерінің күштілігінен, бейнелі нақыштарының молдығымен елеулі болса, медицина қызметкерінде ол керісінше эмоцияның тұрақтылығымен, эмоционалды-экспрессивті сөздердің аздығымен ерекшеленеді. Себебі нағыз кәсіби маманның артықшылығы тіл мәдениетін меңгеріп қана қоймай коммуникативтік дағдыларды да нақты қолдана алуынан айқын көрінеді.

Коммуникативтік дағдылар – тиімді қарым-қатынас дағдылары. Күнделікті қарым-қатынас барысында адамдар арасында сөйлеудің үздіксіз үдерісі жүреді. Бұл туралы бірнеше зерттеулер де бар. «...Сөз қолдану мәдениетіндегі қалыптасқан терминдердің бірі – тіл тазалығы. Тіл үнемі даму үстіндегі үрдіс. Сондықтан да сыртқы бөтен тілден сөз алмай, таза бір тілдің негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл болмайды. Тіл ұлттың жаны дегенді еске алсақ, жұртты құрметтеу – оның тіліне қояр талаптарды орындау. Жаһандық үрдістер қазақ тіліне деген өзгеше көзқарастарды қажет етеді. Себебі әлемдегі кең таралған ағылшын, қытай, араб, француз, испан, орыс тілдерімен қатар тұрып, дүние-ғаламның бар сырын бір тілде – өз тілінде жеткізу міндеті – кез келген тіл үшін де бүгінгі ғаламдасу әкеліп отырған күрделі сындардың бірі. Оймен біріккен сөз ғана қоғамда ұтымды қолданыс ретінде сақталады» [Қапасова Б.Қ., 2014. 7б.]. Бұл дегеніміз сөз мәдениетіне

қарым-қатынастың тікелей әсері бар екенінің айғағы. Мақаланың мақсаты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дамыту кезеңдеріндегі коммуникативтік дағдылардың тиімділігіне сараптама жасау, тұжырымды ой қорыту.

Зерттеудің негізгі өзегі, мақаланың дереккөзі ретінде болашақ медицина мамандарының тілдік мәдениетін дамытудағы қарым-қатынас дағдыларына аналитикалық талдау жасалынды. Атап айтқанда, болашақ дәрігер мен мейірбикенің, дәрігер мен науқастың, олардың туыстары мен жақындарының, медициналық мекеме басшылары мен қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынаста тіл мәдениетін сақтау қағидалары айтылады.

Осы орайда №2 Ақтөбе қалалық емханасы мен Ақтөбе облыстық кеңес беру және диагностикалық емханасы қызметкерлерінің сөйлеу әдебіне аналитикалық талдау әдісімен зерттеу жүргізілді. Аталған емханалардағы медицина қызметкерлеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнама медицина қызметкерлеріне «Науқастарға қай тілде қызмет көрсетесіз? Науқас күйгелектеніп, эмоцияға берілгенде, өзіңізді қалай ұстайсыз? Науқаспен қарым-қатынас барысында қай әдісті қолданасыз? т.с.с» сұрақтар қамтылды. Бес учаскелік дәрігер, екі ресепшн менеджер, жеті мейірбике қатысқан сауалнама қорытындысы бойынша медицина қызметкерлерінің 15%-ы қазақ тілінде қызмет көрсетуге қиналатынын, 5%-ы «науқас эмоцияға берілгенде өзіңізді қалай ұстайсыз» деген сауалға «қиналамын деп жауап берген. Ал медицина қызметкерлерінің 90%-ы науқаспен қарым-қатынаста диалогтық әдісті таңдаған, ал 10%-ы императивті қарым-қатынас әдісін таңдаған. Осы орайда императивті және диалогтық қарым-қатынас модельдеріне тоқталып өткенді жөн көрдік. Науқасқа авторитарлық және директивтік әрекет жасау бұл императивті қатынасты білдіреді. Бұл әдістің мақсаты – науқасты белгілі бір әрекет жасауға мәжбүрлеп, оның күн тәртібін қатаң бақылауда ұстау. Бұл қарым-қатынас түрінде науқасты мәжбүрлеу жасырын емес, ашық түрде жүргізіледі. Мұнда бұйыру, нұсқау беру, талап ету науқасқа әсер ету құралдарына жатады. Бұл негізінен төтенше және жедел жағдайларда өзінің нәтижесін көрсетеді. Ал дәрігердің тілдік мәдениетіне тікелей әсер ететін диалогтық қарым-қатынас түрі медицина қызметкерлері мен науқас арасында өте жиі қолданатын әдіс. Бұл арақатынасты дәрігер тарапынан науқасқа және оның туыстарына салқынқандылық, ұстамдылық көрсетіліп, тепе-теңдік жағдайы жасалады. Диалогтық қарым-қатынаста нәтижеге жету үшін науқастың назарын өзінің жағдайына толығымен аудару, науқастың әрекеттеріне априорды сенім білдіру, науқасқа шешім қабылдауға құқық беру, қатыснасуды жеке тұлғалау әдістерін қолдану қажет. Аталған екі қарым-қатынас түрінде де тілдік мәдениеттің маңыздылығы зор, ол медицина қызметкерінің коммуникативтік білгірлігіне тікелей байланысты. Медицина қызметкерінің кәсіби маңызды қасиетінің бірегейі – *коммуникативтік білгірлігі*. Науқастың көзқарасы бойынша дәрігердің жүріс-тұрысының негізгі факторларын оның қарым-қатынас стилін науқасқа бағытталған деп сипаттауға мүмкіндік береді. Адамдармен, жалпы қоғаммен науқастармен және олардың туыстарымен, жақындарымен, басқадай медициналық қызметкерлерімен (дәрігер, әріптестері, мейірбикелер, кіші мейірбикелер, мекеме әкімшілігімен т.б). үнемі әрі тығыз қарым-қатынас жасау медициналық қызметкердің мамандығына тікелей байланысты компоненттің бірі болып табылады. Адамдармен қарым-қатынасын, сөйлеу мәдениетін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру арқылы медицина қызметкері мамандығы бойынша тиісті дәреже мен табысқа жетуге мүмкіндік алады. Науқас туралы нақты және толық мәлімет жинастыру үшін тиімді психологиялық жанасу мен сөз этикетінің маңызы зор. Медицина қызметкерінің қарым-қатынас икемділігі мен коммуникативті білгірлігі және тіл мәдениетін сақтауы науқас адамның сенімділігінің және алдында тұрған мәселелердің нәтижелі шешілуінің нақты көрінісі. Дәрігердің ақпаратты алу және жеткізе білуі мен коммуникативті дағдылары – табысты емдеудің негізгі шарты. Тілдесудің коммуникативті жағын қарастырғанда коммуникативті үрдіс пен комуникативті дағдыларға нақты тоқталу қажет. Ортақ әрекеттесудің қажетті шарты – ара қатынас жасау арқылы адамдар арасында жанасу бекітіліп, дамуы, ақпарат алмасуы, бірін-бірі тануы және қоса әрекеттесуі өтеді. Ара қатынастың негізінде жататын коммуникативтік үрдіс, яғни ақпараттың бір адамнан басқа адамға немесе бір топқа тасымалдануы және бұл хабарды басқалардың қабылдауы үшін ең бірінші – сөздік қордың болуы маңызды. ... Қарым-қатынастың пациентке бағытталған стилін қолдану барысында пациенттердің медициналық қызметке деген қанағаттанушылығы көтеріледі. Медициналық қызметкердің адамгершілік, мамандығын сүю, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілікпен қатар сөз мәдениетін сақтау қасиеті мен коммуникативтік дадыларды меңгеру қабілеті науқас тарапынан үлкен бағаға ие болады. Ауру адамды дұрыс түсініп, оның ойы мен көңіл-күйіне, сөзіне орай әрекет етуі медициналық қызметкердің тиімді қарым-қатынасы. Бұл орайда тіл мәдениетінің ықпалы өте зор. Себебі егер науқастың көңіл-күйіне қарамай, оның ашулы, ызалы, қайғылы, қобалжу және өкінішті жағдайлы болуында да, медициналық қызметкер онымен әрекет жасай білу және қарым-қатынас құруға даяр болу үшін ең маңыздысы науқасты тыныштандыратын, сабырға шақыратын сөздерді орнымен қолдана білу, сөйтіп өз мамандығының мәселелерін шешеді. Дәрігерлер науқастардың өз ауруы бойынша идеялары және ойларына көңіл бөлмейді. Емдеудің дұрыс нәтиже бермеуі бұл жағдаймен де тығыз байланысты екенін ұмытпауымыз керек. ...Дәрігердің позициясында «Дәрігер ортада» моделі артта қалып, қазір дәрігер мен науқастың тиімді коммуникациясын көздейтін «Науқас ортада» моделі алға жылжуда.

Дәрігер мен науқас арасында кикілжің, қақтығыстар туындағанда, дәрігердің коммуникативтік білгірлігі ғана барлық мәселені шеше алмайды. Осыған байланысты медициналық қызметкерінің ең маңызды кәсіби қасиеті *коммуникативтік толеранттығы*, яғни төзімділігі қалыптасады. ...Медицинадағы коммуникативті дағдыларға жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша кеңес берудің 50%-ы дәрігер мен науқастың арасында шағымдар туындағанда ойлары бір жерден шықпайды [Денисов И.Н., 2012. 18-216.]. Осы орайда науқас қандай жағдайда болғанда да, дәрігер өзінің кәсібінің қыр-сырын меңгерген шебер маман болса, ол қажетті коммуникативтік толеранттылықты да, сөйлеу мәдениетін де тиімді пайдалану арқылы бұл мәселені оңай шешеді.

Науқастар ауырып бастағанда, әрине алғашқы көмек көрсететін дәрігерлердің көмегіне жүгінеді, сондықтан да дәрігер мен науқастың арасындағы коммуникация оның әрі қарай жүретін емге бейімделуіне, оны енгізу тактикасына, кейіннен оңалуына байланысты [Денисов И.Н., 2012. 18-216.].

Тіл мәдениетінің негізгі дереккөзі – орфоэпиялық норма. Дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидалары – сөйлеу әдебі мен тыңдай білу әдебі ескерілуі тиіс.

Сөйлеу әдебі кезінде ескерілуі тиіс нормалар:

1. Орфоэпия заңдылықтарына сай сөзді орынды қолдану.

2. Қолды сермеу, қатты күлу, мәнсіз майысу, аса қатты сөйлеу немесе міңгірлеу сөйлеу әдебін бұзады.

3. Өзің білдмейтін ақпарат туралы қызбалықка салынып айта беру немесе әр әңгіменің басын өзіңнен бастау – әдепсіздік.

4. «Сұрағына қарай жауабы» тәсілін дәрігерге қолдануға болмайды. Қатты тонмен сөйлеп тұрған науқас адамға қатты жауап берудің аса қажеті жоқ, байыппен, сабырмен, орнымен сөйлеу дәрігер үшін өте қажет.

Тыңдай білу әдебі. Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек:

Науқас кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, "ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлемін" деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Бұл қарым-қатынас кезінде дәрігердің бойында болу керек қасиеттер. Тыңдау екі түрлі болады:

1. Науқастың сөзін бөлмей, үнсіз тыңдау.

2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез- құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс. Жоғарыдағы сөйлеу әдебі мен тыңдай білу әдебі, әсіресе медицина қызметкеріне өте қажет қасиет. Себебі науқастың көңіл-күйінің құбылмалы болуы, қорқынышы, ақпараттарды анықтауға ұмтылуы т.с.с қасиеттері дәрігердің не медицина қызметкерінің қарым-қатынасына, сөйлеу әдебіне, тыңдай білуіне нақты байланысты. Бұл теріс көрінуі мүмкін, алайда талдаулар мәліметтеріне сәйкес, науқастар медициналық көмекке жүгіне отырып, бірінші кезекте адами тілдесуге және әріптестік қарым-қатынасқа сенеді, олар тексеру немесе емдеуге қарағанда осыған көп қызығушылық танытады.

Осы сөйлеу мәдениеті мен тыңдай білу мәдениетін айтқанда коммуникативтік байланыстың тағы бір ұғымы қалыптасады. Медициналық қызметкердің мүмкіндік сапасын анықтау коммуникативтік потенциалын білдіреді. Қарым-қатынаста медициналық қызметкердің құзіреттілігі екі құрама бөліктен тұрады: тұлғаның коммуникативтік қасиеті – қарым-қатынасқа қажеттілігін сипаттайды, сұхбаттасуға және коммуникация жасауға қабілеттілігі – науқаспен сұхбаттасу, жанасу кезінде жағдайды өз қолында ұстай білу қасиеті, белсенділікті көрсете білу қабілеттілігі, науқас жағдайына эмоционалды көмектесе алуы, өзінің алдындағы жекеше іс-әрекетінің бағдарламасын орындай білуі.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» — қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) — қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды [Әлметова Ә. 2007. 456.].

К*оммуникативтік қабілеттілік* – медициналық қызметкер мен науқастың сұхбаттасуы кезінде анық байқалады. Науқастың жеке басын сыйлау, тұлға аралық коммуникацияға шеберлік, бір-бірін қабылдауға түсінуге тиісті лексикондарды таңдау, тұлға аралық әсер ету шеберлігі, науқастың эмоционалды жағдайын түсіне алу шеберлігі, мәліметті бере алу шеберлігі, мәліметті беру кезінде вербальды және вербальды емес тәсілдерді қолдана алу шеберлігі, науқасты белсенді тыңдауы, оның пікіріне құрметпен қарауы – бұлардың барлығы медицина қызметкерінің тлдік мәдениетін дамытуға әсер ететін коммуникативтік шеберлігін шыңдай түседі. Осы орайда медицина қызметкеріне коммуникацияда тағы да қажетті қасиеттің бірі – *эмоционалды тұрақтылық*. Эмоционалды тұрақтылық – көңіл күй тұрақтылығы. Медицина қызметкері әрдайым салмақты болып, біркелкі күйде өз эмоцияларын сақтауы тиіс. Бұл тілдік мәдениетте де көрініс табуы керек. Эмоционалды-экспрессивті сөздерді сөздік қордан алып тастау, не көңіл күйді білдіретін лепті сөйлемдерді (қапа болу, жеку, реніш, өкпе, қатты қуану т.с.с), осы ниеттегі сөйлемдерді қолданбау. Ішкі көңіл күйін тілі арқылы білдірмеу. Салқынқандылық танытып, науқастың ауруы туралы құпияны сақтау. Күшті эмоциялық реакциялар науқастың сенімін жоққа шығаруымен қатар, оны қорқытып, сескендіреді, шаршатады. Керісінше, медициналық қызметкердің көңіл–

күйінің тұрақты болуы, оның қайырымдылығы, эмоциялық ұстамдылығы пациенттің үмітін асырып, сенімділік бағытта қарым-қатынас құруға ықпал етеді.

Медициналық қызметкердің тұлғалық қасиеттерінің жүйесі ретінде шығармашылықты түрде ойлай білу, сөз сөйлеуінің әсер ету мәдениеті, қимыл және пластикалық қозғалыс мәдениеті, науқастың коммуникативті іс әрекетін қабылдау мәдениеті, тіл мәдениеті, эмоционалдық мәдениеті *коммуникативтік мәдениетіне* жатады. Бұл орайда қарым-қатынастың әр түрлі стильдерін қолдану маңыздылығы артады. ...Авторитарлық саяси және әлеуметтік дәстүрлі елдерді науқастары қарым-қатынастың науқасқа бағытталған стилін қолдануға ұмтылатын дәрігердің әрекетін емдеу нәтижелерінен өз жауапкершілігін алуға талпыныс ретінде қабылдауы мүмкін, ал бұл дәрігерге деген сенімді айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдік мәдениетті дамыту үшін адам басқа адамдармен, жалпы қоғаммен қарым-қатынасқа түсетінін айттық.. Коммуникативтік қарым-қатынас түрлерінде қазіргі қоғамдағы адамдар арасында ораторлық қасиетті қалыптастыруда төмендегідей әдістер бар: 1) Монолог, диалог құра білу әдістерін меңгеру; 2) Пікірталас, ойталқыға қатысу; 3) Сөз мағынасын түсіну және түсінік бере білу; 4) Заттар мен құбылыстарға сипаттама беру. Зерттеуші Дейл Карнеги шешендік шеберлікті қалыптастыру үшін 4 ережені атап көрсетеді: 1) Кез-келген сөзді мақсатқа жету жолындағы құштарлықпен бастау; 2) Әрқашан дайындықпен келу керек; 3) Өзіңе деген аса зор сенімділік болуы қажет; 4) Көп машықтану және тәжірибе керек – дейді. Оратор С.А.Шипунов аудиторияның 7 %-ына сөз, 38%-ына дауыс ырғағы, интонация, 55%-ына оратордың қимылы, тұрысы да әсері ерекше [Шипунов С.А., 2014. 2016.], – деп өте орынды атап көрсетеді. Осы қасиеттің бәрі медицина қызметкерінің бойынан табылғанда, дәрігер мен науқас, науқастың туыстары, әріптестер арасындағы коммуникацияда бір ізге түседі. Қарыс-қатынастың императивті және диалогтық түрлерінің нәтижелі болуы үшін де дәрігер- науқас арасындағы модельде дәрігер оратор, көп тіл білетін (Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, науқастың ұлтына орай)полиглот болуы тиіс.

Медицина саласында коммуникативтік дағдыларды дамытудың тиімділігін арттыру үшін күнделікті тәжірибедегі дәстүрлі қарым-қатынас жеткіліксіз, медицина қызметкері (басшы, дәрігер, мейірбике, кіші қызметкерлер) өзін дамытып, ораторлық шеберлігін шыңдап, крммуникацияның түрлерін білуге міндетті. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасында пациенттермен өзара әрекеттесу технологияларын түзету мен дамытудың практикалық модульдері болуы керек. Сол практикалық модульдер ішінде міндетті түрде коммуникативтік қарым-қатынас пен сөйлеу мәдениетіне қатысты шаралардың енуі қажет. Медициналық қызметкердің коммуникативті білгірлігі – бұл өнер, аурулармен араласып, қарым-қатынас жасау икемділігі. Бұл қабілет – болашақ медициналық қызметкердің оқу орнында оқып жүрген кезден қалыптаса бастап, кейін өз бетімен маман ретінде қарым-қатынас жасағанда әрі қарай дамиды. Шетелдік зерттеулдер көрсеткендей, өзінің коммуникативтік дағдыларын дамытқан дәрігерлер кәсіби тоқырауға аз ұшырайды. Себебі, дәрігер мен пациенттің ынтымақтастығы медициналық диагностикалық процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әсіресе түрлі ауру адамдармен қатынас жасағанда, медициналық қызметкердің білгірлік тәжірибесі өсе түседі: психологиялық қасиеті әртүрлі, әр жастағы, әр білімді, әр мамандықтағы және әлеуметтік жағдайы әрқандай адамдармен араласу медициналық қызметкердің тәжірибесін толықтыра түседі. Дәрігердің коммуникативтік құзіреттілігі науқаспен қарым-қатынастың әріптестік стилін қалыптастырудағы маңызды фактор болып табылады.

Қорыта келгенде, медицина қызметкерінің коммуникативтік дағдыларын дамытуда тілдік мәдениеттің маңызы зор. Қазіргі уақытта дәрігер мен пациент арасындағы пациентке негізделген қарым-қатынас стилін қолданудың артықшылықтарын растайтын жеткілікті ғылыми деректер жинақталған. Тілдік норма мен коммуникативтік норма қатар қолданылғанда ғана медицина қызметкері кәсіби шеберлік тұғырына көтеріледі. Дәрігердің сөйлеу мәдениеті мен психологиялық -лингвистикалық нормасы бір арнаға түскенде кәсібі де көркейеді. Тақырыптың тереңділігін зерделеу келешектегі кезек күттірмес мәселелердің бірегейі болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: 2008, -592б.
2. Денисов И.Н. Коммуникативные навыки врачей в амбулаторной практике / И.Н. Денисов,А.Г. Резе, А.В. Волнухин // Коллектив авторов. – 2012, №4.18-21б.
3. Әлметова Ә. Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту (Әдістемелік құрал). Алматы: Арыс,2007. -114б.
4. Шипунов С.А. Харизматичный оратор. Руководство к курсу Словесная импровизация. 2014. -288б.
5. Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер: Оқулық. Алматы, 2014. – 224б.

УДК 811.111

САДЫРБАЕВА БАХЫТЖАМАЛ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ
магистр, аға-оқытушы
Шетел тілі кафедрасы
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті

БЕРКУТБАЕВА МАХАББАТ ЗАКАНҚЫЗЫ
магистр, аға-оқытушы
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті

АҒЫЛШЫН ЕСІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түйін. Қарым-қатынас жасаушыларды аталғандай жағдайда берілген ортада сөйлеудің жалпы нормаларын ұстануға мәжбірлейді. Ағылшын тілінде бейтаныс адресатпен қарым-қатынас жағдайында регламенттік және этикеттік сөздер көбірек әрі жиі қолданылады.

Түйінді сөздер: бейтаныс адресат, бейресми, қаратпа, лауазым, туыстық терминдерін, этикеттік сөздер.

Резюме. Их использование в английском языке является, прежде всего, традиционным, оно не связано с какими-либо конкретными социально- политическими процессами.

Ключевые слова: адресат, регламентные, этикетные, вокативные высказывания, традиционные формы.

Summary. Their use in the English language is , above all, traditional , it is not related to any specific socio- political processes.

Keywords: destination unknown, routine, etiquette, vokativnye statements, the traditional forms.

Ағылшындар – Ұлыбританияның тұрғындары. Бұл этноним ағылшындардан басқа шодландықтар, валлийлықтар тұратын мемлекеттің барлық халқына қатысты қолданылып кеткен. Анығында ағылшындар (сөздің тар мағынасында) – көптеген этникалық компоненттердің: көне иберия халқының индоевропа тектес халықтармен (бірнеше кельт тайпалары, неміс тайпалары, сакстар, фриздар, юттар, біршама деңгейде скандинавтар, ал соңында франко-нормандар да) араласып кетуінен пайда болған. Бүгінгі таңда Ұлыбритания халқы 44,7 млн. ағылшыннан, 5,15 млн. шодландтардан, 350 мың ирландтардан (негізінде Ольстерде), 0,9 млн. валлийлықтар және аздаған басқа ұлттардан (корнуэльдықтар, еврейлер, үндістер, пакистандықтар, француздар және т.б.) тұрады. Көптеген ағылшындар, шотландықтар мен ирландықтар негізінен АҚШ-қа, Канадаға, Австралияға, Жаңа Зеландияға және басқа да елдерге қоныс аударған [Brewer's Dictionary of Names,1997,206].

Кісі аттары ежелгіегипед, ежелгігрек, ежелгірим ғалымдарының назарын аударған жүйе. XIX ғасырда кісі аттарының қыр сырымен айналысқан бірінші ағылшын ғалымдарының бірі Дж. Ст. Милль және Х. Джозеф болды. Кісі аттарына қатысты мәселелерді шешуге ағылшын ойшылы Джон Стюарт Миллдың (1806—1873) қосқан үлесі көп. Оның ойынша адам аттары мағынасыз бірліктер, тек бір затты бір заттан айыратын деп тұжырымдады. Келесі ағылшын ғалымы Х. Джозеф онымен келіспей, оған қарсы тұжырым келтірді. Оның пікірінше кісі аттары мағынасы бар деп айтты. XX ғасырда бұл теорияны ағылшын философы Бертран Рассел (1872—1970) жалғастырды.

Бүгінгі күндегі ағылшын жалқы есімдерінің номенклатурасы құрылымы мен семантикалық сипаттары жағынан ерекшеленетін және жаңа, таза ағылшындық және өзге тілдерден енген, дәстүрлі және ойдан шығарылған есімдердің қызықты жиынтығы ретінде көрінеді. Abraham ер адам есіміне, мысалы, 4000 жыл, әрі ол ағылшын тілді елдерде бірнеше ғасырлар бойына қолданылып келеді (бүгінгі таңда негізінде АҚШ-та таралған). Англосакстар басқа да көне герман тайпалары сияқты тек құрылымы жағынан қарапайым (Froda – «дана, қарт») және күрделі (Aethel-Beald — «текті, тамаша, үздік + батыл, батылдық; Eadgar — «меншік, иелік, дүние, бай + найза» және т.б.) болып келетін бір ғана есімге ие болған. Күрделі, екі компонентті есімдер ақырындап қарапайым есімдерді ығыстырды; XIII ғасырдан кейін олар ағылшын жалқы есімдері номенклатурасында кездеспейді.

Мағыналық деңгейде кейбір көне ағылшын күрделі есімдері құрайтын компоненттердің мағыналарының қосындысынан мағынасы шықпайтын өз алдына бөлек экзоцентрикалық композиттер ретінде көрінеді. Мысалы, Frithuwulf — «әлем + қасқыр», Wigfrith — "күрес, соғыс + бейбітшілік". Қазіргі оқырман көне ағылшын күрделі есімдерін оңай түсіне алады, мысалы, Aethelstan — "текті, үздік, тамаша + тас", Maerwine — "әйгілі, атақты + дос". Бұл есімдер енді эндоцентрлік немесе идиомалық емес күрделі сөздермен берілген [Blanar V., 1970,45 б].

Күрделі есімдер компоненттері көне ағылшын тілінің атаулық сөздерінің ерекше қорынан алынған. Англосакстар «жақсылық тілейтін» атаулық сөздердің есім иесіне қорғаныс, байлық, денсаулық, жақсылық, батылдық, атақ, құрмет және т.б. беретін сиқырлық қасиетіне сенген. Мұнда, мысалы, келесі көне ағылшын сөздері: aelf — эльф; beorht — ашық, жарқырағаң, жарық; beorn — адам, жауынгер, батыр; eald — көне, қарт, бұрынғы; gar — найза; gifu, gyfu — сый, сыйлық; god — жақсы, жақсылық, сый; goldleof — қымбат, сүйікті, жағымды; maere — әйгілі, атақты; raed — кеңес, шешім; rice — мықты, жоғары шенді, бай; sae — теңіз, көл; sige — жеңіс; stan — тас; sunu — ұл; weard — күзет, қорғаныс, қорғаушы; wig — күрес, соғыс, батырлық, әскери күш; wine — дос; wulf — қасқыр және т.б. жатады.

Бұл сөздердің кейбірінің күрделі есім ішінде қатаң сақталатын белгілі бір орны болған болуы керек, яғни олар есімнің тек бірінші, немесе тек екінші компоненті бола алған, ал атаулық сөздердің бір бөлігі осы екі орынның біріне орналасуы мүмкін болған. Мысалы, aelf, athele, ead, eald, god, gold сөздері композиттің тек бірінші компоненті ретінде ғана, beald, gar, gifu, raed, rice, stan, weard сөздері — екінші компонент ретінде, ал beorht, leof, maer, sige, wig, wine, wulf сөздері күрделі есімдердің кез келген компоненті ретінде қолданылған.

Жеке адамдардың белгілі бір отбасына жататыны аллитерация жолымен жасалған, немесе ата-анасының есімдерінің компоненттерін қосу арқылы жасалған мотивацияланған аллонимдерді қолдану арқылы көрсетілген.

Ағылшын ономатологы Уитикомб дауыссызының аллитерациясымен аллонимдердің келесідей қызықты мысалын келтіреді. Англосакстың үш қызы: Merewald, Mildthryth — «жұмсақ, момын, қайырымды + күш» (қазіргі замандағы әйел есімі Mildred), Mildburh — «жұмсақ, момын, қайырымды + қорғанның арғы жағында өмір сүру, қорған, сарай» және Mildgyth — «жұмсақ, момын, қайырымды + соғыс, шайқас» есімді. Туыстық қатынасты көрсету үшін ата-анасының есімдерінің компоненттерін қосу ағылшынның басқа белгілі ономатологы Перси Ринидің келтірген мысалдарынан да жақсы көрінеді. VII ғасырдың басында Нортумбрия патшасы Эдвин Hereric-тың жиені — «әскер + мықты, биік атақты, бай» және оның әйелі Breguswith — «көсем, мырза, патша + күшті, қатал, мейірімсіз, қайраткер» қыздарының атын Breguswith — «көсем, мырза, патша + мықты, қатал, мейірімсіз, қайраткер» деп қойған.

Құрылымдық және мағыналық белгілері жағынан көне ағылшын тіліндегі әйел есімдері ер адамдардың есімдерінен ерекшеленбеген. Тек әйел есімінің көрсеткіші болып екінші компонент табылатын. Ер адамдардың есімдерінде ол ер текті зат есімдермен берілген: gar — найза; hafoc — қаршыға; helm — бас киім; here — әскер; man — адам, raed — кеңес, шешім, себеп, құрал; sige — жеңіс; stan — тас; sunu — ұл бала; weard — күзетші, қорғаушы; wig — күрес; wine — дос. Әйел есімдерінің екінші компоненті, сәйкесінше, әйел тегі зат есімдерінен тұрады: burg, burn — қорған сыртында өмір сүру, қорған, сарай; frithu — бейбітшілік; gyfu, gifu — сый, сыйлық; guth — ұрыс, соғыс; hen — тауық; run — құпия, құпия кеңес. Екінші компонент ретінде, сонымен қатар, сын есімдер де қолданылды. Ер адамдар есімдерінде бұл, әдетте, қоғамдағы орнын нұсқайтын және есім иесінің мінез ерекшеліктерін меңзейтін сын есімдер: beald — батыл, сенімді, мықты; beorht — ашық, жарқырағаң; heah — биік; heard — қатты; maëre — атақты, әйгілі, керемет; rice — мықты, жоғары шенді, бай.

Екінші компонент ретінде көптеген әйел есімдерінде leof — қымбатты, сүйікті, жағымды сын есімдері болады. Скандинавтардың (даттар мен норвегтар) Англияға VIII ғасырда басталып, XI ғасырға дейінгі жүзжылдықтардағы жорықтары (1042 ж. даттардың саяси билік, күштері жойылды), шамасы, англосакстардың сол уақыттағы қалыптасқан есімдер жүйесіне айтарлықтай әсер етпеген. Скандинавтар «Дат заңы аумағын» құрып, Англияның шығыс, орталық және солтүстік бөліктерінде (Эссекс, Шығыс Англия территориясы, Мерсей және Нортумбрия территориясының бір бөлігі) тұрақтады. Олар салт-дәстүрлерін, тілін, дінін, қоғамдық тәртібін меңгере отырып, англосакстармен салыстырмалы түрде тез араласып кетті.

Ағылшын халқы мен ағылшын тілінің ары қарайғы дамуына әсер еткен ірі тарихи оқиға болып Англияға Францияның солтүстік аймағы – Нормандия халқы нормандардың Англияға басып кіруі табылады. 1066 жылы Гастингтың тұсында англосакстар әскерінің талқандалуынан кейін Нормандия герцогы Вильгельм Англия патшасы болып жарияланды. Жоғары азаматтық және шіркеулік қызметтерге сонымен бірге келген норман-француз тілі – ескі француз тілінің бір түрінде сөйлейтін, кейін қоныс аударған шенділер мен дін өкілдері келді. Жаулап алушылар кейіннен англосаксон есімдерін ығыстырған өз антропонимдерін ала келді (бүгінгі таңдағы William, Robert, Richard, Ralph, Roger, Hugo есімдері және т.б.). Жаңа есімдерді қабылдау басқарушы ортада қарқындырақ жүрді. Сол уақытта англосаксонның тек санаулы есімдері ғана сақталып қалды. Мысалы, қазіргі есімдер Alfred, Edgar, Edmund, Edward, Ethelbert, Hilda, Mildred және т.б [Blanar V. 1970,456].

Пұтқа табынушы англосаксон есімдерінің ығыстырылуына, сонымен қатар Англия VII ғасырда қабылдай бастаған христиан дінінің ықпалы болды. Англияға Ұлы Григорий папасының миссионерлері Римнен VI ғасырдың аяғында келе бастады. Оларға патшалық тарапынан қолдау жасалып, жаңа діннің таралуы айтарлықтай

қарқынды жүрді. Оқу латын тілінде жүретін монастыр мен мектептер ақырындап ежелгі грек және рим пұтқа табынушылық және христиан мәдениетін таратудың орталықтарына айнала бастайды. Осы кезде жалқы есімдер номенклатурасы халықтың негізгі бөлігіне түсініксіз інжіл есімдерімен толыға бастайды. Патша отбасының өкілдері мен жоғары шен иелері канондық христиан есімдерімен атала бастайды[Blanar V. 1970ж.456]. Алайда, халықтың төменгі табы бұрынғысынша өздеріне түсінікті есімдермен атала берді. Солайша XVI ғасырға дейін інжіл есімдері ағылшын жалқы есімдері жүйесінде басым орынға ие болған жоқ.

Уитикомб көрсеткендей, XII ғасыр аяғында қолданылу жиілігіне қарай, William, Robert, Ralph және Richard есімдеріне бірінші орындарды қалдыра отырып, інжіл есімі John тек бесінші орында болған. Ал библия есімдері Mary, Anne, Joan және Elizabeth ең алғаш XIII ғасыр басындағы жазба ескерткіштерде аталады.

1382 – 1384 жж. Інжілдің Джон Виклиф орындауында орта ағылшын тіліндегі аудармасы пайда болды, ал 1538 ж. Англияда шоқындыру кезінде есім мен фамилияға ие болған балаларды тіркеу міндетті болды. Шіркеу дәл осы кезеңнен бастап канондық христиан есімдерін интенсивті және кең түрде таратуға қол жеткізе бастаған болуы керек. XVI—XVIII ғасырларда ең кең тараған ерлер есімдері William мен інжіл есімдері John мен Thomas, ал анағұрлым белгілі есімдер інжіл есімдері Elizabeth, Mary мен Anne болды.

Дәл осы кезде Көне өсиет есімдері кең таралды: Amos, Benjamin, Elijah, Hannah, Jacob, Joseph, Samuel, Sarah, Susan және т.б. Есім – қозғалыстың анағұрлым радикалды түрде оқталған жақтастары, пуритандардың шығармашылық қиялдары сол кездің номенклатурасын «адамгершілікті» есімдермен толықтырды. Charity, Faith, Hope, Prudence және т.б [Bakken K. 1997, 45 б].

Пуритандардың қатаң құдалауларға ұшырағаны және XVII ғасырдың бірінші жартысында олардың Солтүстік Америкадағы ағылшын отарлығына қоныс аударуға мәжбүр болғаны белгілі. Бүгінгі күнде АҚШ-та көне өситеттегі інжіл есімдері Abraham, Adam, Benjamin, Daniel, Elihu, Ira, Isaac, Samuel және т.б. Англиядағыға қарағанда анағұрлым жиірек қолданылады. Бұл құбылыс Американың отарлануы мен АҚШ-тың құрылуына тұспа-тұс келетін кезеңдегі салт-дәстүрлермен түсіндіріледі [Bakken K. 1997,206].

Ағылшын жалқы есімдері жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал еткен фактор елдің әлеуметтік-саяси тарихымен тығыз байланысты әдебиет болып табылады. Оның қоғамдық сананы, қоғам мүшелерінің әдет-ғұрыптары мен талғамдарын қалыптастырудағы рөлін айтып жеткізу қиын. Англияда Чосер, Сидней, Спенсер, Шекспир, Мильтон, Дефо, Свифт, Ричардсон, Филдинг, Смоллет, Стерн, Скотт, Диккенс, Теккерей, Бронте, Элиот, Теннисон, Голсуорси және Шоу, АҚШта Купер, Хоторн, Бичер-Стоу, Твен, Драйзер мен Льюис ағылшындар мен американдардың көптеген ұрпақ бойы балаларына қойып отырған әдеби қаһармандар есімдерінің галлереясын жасады.

Ағылшын жалқы есімдері ішінде бұрынғысынша ойдан шығарылған есімдер әлі де жиі орын алуда: Pamela — Сиднея «Аркадий» (1590) романының кейіпкері; Stella — "Астрофель мен Стелла" (1591) сонеттерінің кейіпкері; Claribel — Спенсердің "Перизаттар ханшайымы" (1589—1596) поэмасының кейіпкері; Vanessa — Свифттың "Каденус пен Ванесса" (1726) поэмасының кейіпкерінің есімі. Вальтер Скоттың тарихи романдары мен Теннисонның «Патшалық рахат өмір» (1859— 1885) романы көптеген ұмыт қалған есімдерге қайта өмір бітірді: my, Enid, Gareth, Geraint, Guinevere, Guy, Lancelot, Nigel және т.б. Ұмытылып кеткен әйел есімі ALICE XIX ғасырдың екінші жартысында Льюиса Кэрроллдың «Алиса таңғажайыптар әлемінде» (1865) ертегілері жарық көргеннен кейін аса белгілі есімге айналды [Blanar V. 1970,456].

XIV—XVI ғасырларда Англияда екі бірдей жалқы есімі бар адамдар сирек кездесетін болған. Мысалы, John William Whytting, John Philip Capel, Thomas Maria Wingfield және т.б.

XVII—XVIII ғасырларда екі немесе одан да көп есімдермен атау, әсіресе қыздарда айтарлықтай кең тараған құбылыс болды. Алайда қос есімдер Mary Anne, Mary Jane, Sarah Jane және т.б. ол уақытта да тек бір ғана жалқы есім ретінде қарастырылған. Қазіргі кездегі екі есімнің бөліктерінен құралған әйел есімдері, мысалы, Anella (Ann (E) + Ella), Marianne (Mary + Ann (E)), Saralinda (Sara (H) + Linda) және т.б. айналымға біраз кейінірек енген болуы ықтимал. Бүгінгі күні де өнімді құбылыс болып табылатын есімдерді контаминация жолымен жасау құлаққа жағымды естілетін, барынша қысқа әрі тұтас болуына ұмтылудан туындаса керек.Ақырындап контаминацияланған есімдер қыздарға Mary Anne, Mary Jane және т.б. сияқты екі есім беру үрдісін ығыстырып тастады, сол себепті бүгінде ағылшындар мен американдарда екі есімнің болуы сирек жағдай [6,20-б].

Жеке куәліктерінде иелерін атауға қолданылатын, ресми және салтанатты жағдайдағы адамдарға қаратыла айтылатын толық немесе туынды есімдердің даму жолы осы уақытқа дейін сөз болып келді. Толық және туынды есімдер туынды формалар немесе дериваттарға ие. Олар, негізінен, адамдарды бейресми жағдайда, таныс адамдар, жолдастар, жақын, туыстар арасында қолданылады.

Дериваттардыңсанын нақты айту мүмкін емес. Бұл олардың қызмет ету сипаттарымен түсіндіріледі: Ойлап шығарылғаны есімдердің арасында достарына, сүйіктілеріне, жақындарына, туғандары мен балаларына арналған аттары

шексіз, әрі толықтай шолып шығуға келмейді. Ағылшын дериваттарын жасаудың басым моделі болып қысқарту мен аффикстық сөзжасам табылады. Қысқарту жолымен жасалған қысқарған есімдер: Ben (Benjamin), Dan (Daniel) және т.б. Ал аффикстық сөзжасам гипокористикалық есімдер үшін кеңінен қолданылады: Danny (Daniel), Jimmy (James) және т.б.

Дериваттарды жасаудағы қысқарту есімнің бастапқы түрінің басы, ортасы және соңына қатысты болады:

а) аферезис, мысалы: Ness (Agnes), Tony (Ant (h)ony), Tina (Christina) және т.б.;

б) синкопа, мысалы: Austin (Augustin), Aline (Adeline) және т.б.;

в) апокопа, мысалы: Alec (Alexander), Alf (Alfred), Ag (Agnes) және т.б.

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдер жүйесіндегі деривацияның ерекшелігі аффиксацияның қысқартуға қатысты деривация ретінде көрінуі болып табылады, сонымен бірге онсыз, әдетте, қолданылмайды. Осылайша ағылшын дериваттарының жасалу жолын келесі түрде көрсетуге болады: толық немесе бастапқы, мысалы, Daniel және Theodore есімдерінен алдымен қысқарған Dan және Ted есімдері, ал одан кейін барып олардан гипокористикалық Danny, Teddy есімдері жасалады. Сондықтан да қысқарған есімдерді бірінші дериваттар, ал гипокористикалық есімдерді толық есімдердің екінші дериваттары деп қарастыруға болады.

XV ғасырдан бастап ерлер мен әйелдердің есімдері -ie, -y продуктивтік жұрнақтары көмегімен жасалды, мысалы, Betie, Betty (Elizabeth), Johnny (John), Peggy (Margaret) және т.б. Шотландияда пайда болып, бұл суффикстар жалқы есімдер аясынан ақырындап жалқы есімдер аясына енді: lassie, granny, birdie, doggie, bookie, nightie және т.б. Бүгінгі күні, сонымен бірге, ресми жағдайда, мәжілістерде, отырыстарда, баспасөз-конференцияларында, халық алдында сөз сөйлегенде, баспада және т.б. дериваттарды пайдалану тенденциясы байқалып отырғандығын айта кету қажет. Дериваттар ақырындап honorable — құрметті, reverend — қасиетті, doctor — доктор (ғылыми дәреже), mister — мистер, мырза және т. б., сыпайылық сөздерімен қатар жүретін заңды, ресми есімдер болып келе жатыр, мысалы, Dr. (doctor) Billy, Hon. (honorable) Jimmie, Rev. (reverend) Ikie, Rev. (reverend) Tommy және т.б [Brewer's Dictionary of Names 1997,20 б].

Қазіргі кездегі ағылшын есімдері номенклатурасын толтыруда тегінің рөлі маңызды атқарады. Бүгінгі күндері тегінен жаңа кісі есімдерін жасау Ұлыбританияға қарағанда АҚШ-та кеңірек тараған. Ұрпақтарын тегімен атау тәжірибесі, ақсүйектер отбасында XVII—XVIII ғасырларда болғанымен, Англияда XIX ғасырда анығырақ көрінеді. Осы тәжірбие бойынша кең тараған әйел есімі Шарлотта Бронтеның аттас романының кейіпкерінің есімі – Shirley қарапайым мысал бола алады (1849). Сөздікке тегінен туындаған көптеген есімдер енген, мысалы: Bradley, Chester, Clifford, Clifton, Courtenay, Coventry, Digby, Dudley, Dwight, Egerton, Graham, Grant, Hamilton, Lincoln, Melville, Morton, Seymour, Stewart, Talbot, Wallace, Washington, Warwick, Winston, Winth-Rop және т.б.

Кең таралған әйел есімдерінің ішінде этимологиялық жағынан гүлдер мен өсімдіктердің атауларымен және сонымен қатар бағалы тастардың атауларымен байланысты салыстырмалы түрде жаңа есімдердің екі тобы ерекшеленеді:

а) Blossom — түс, гүлдеу; Buttercup — сарғалдақ; Clover — жоңышқа; Daffodil — сарғыш наркес; Flower — гүл, гүлдеу; Heather — аршагүл; Ivy — мақпал; Lilac — жұпаргүл; Magnolia — магнолия; Pansy — анютаның көздері; Poppy — көкнәр және т.б.

б) Amber — кәріптас; Beryl — сутас; Coral — маржан; Diamond — гауһар; Opal — жылтыр тас; Pearl — інжу; Ruby — лағыл және т.б.

Екінші жағынан, ерлер есімдері ішінен саны жағынан аса көп емес, этимологиялық жағынан түрлі лауазым, атақтармен байланысты «ізгі есімдер» тобы ерекшеленеді: Baron — барон; Count — граф; Duke — герцог; Earl (e) — граф (ағылшындарда); King — патша; Marquis — маркиз және т.б.

Blossom, Buttercup, Clover және т.б. әйел есімдерінің және ерлердің «ізгі» есімдерінің келесі ағылшын есімдерінің туындауына үлгі болған: Susan (еж.-евр. "лалагүл"), Anthea (грек. "гүл"), Daphne (грек. "лав"), Viola (лат. "шегіргүл"), Basil (грек. "патшалық"), Canute (еж.-сканд. "текті адам"), Cyril (грек. "мырза, билеуші"), Cyrus (еж.-перс. "тақ") және т.б. қалыптасқан оған дейінгі нұсқалары бар.

Ағылшын газеті «Таймста» жыл сайын ең кең тараған есімдердің тізімі жарияланып отырады. Бұл шамамен болса да бүгінгі күндегі ағылшын антропонимдерінің даму сатыларын көруге мүмкіндік береді. 1949 жылы мысалы, ең көп тараған ерлер есімдері: 1) John, 2) Richard, 3) Peter, 4) David, 5) Charles, 6) Michael, 7) William, 8) Robert, 9) Christopher және 10) James болды. Белгілі әйел есімдерінің бірінші ондығына сол кезде 1) Ann (e), 2) Mary, 3) Elizabeth, 4) Jane, 5) Susan, 6) Margaret, 7) Sarah, 8) Caroline, 9) Jennifer және 10) Frances енді. 1966—67 жылдары ерлер және әйел есімдері ондығында біраз өзгерістер орын алды. Ерлер есімдері келесідей орналасты: 1) James, 2) John, 3) Charles, 4) David, 5) William, 6) Andrew, 7) Richard, 8) Edward, 9) Robert және 10) Mark. Әйел есімдері сәйкесінше келесідей орналасты: 1) Jane, 2) Mary, 3) Louise, 4) Elizabeth, 5) Ann (e), 6) Sarah, 7) Emma, 8) Lucy, 9) Clare және 10) Catherine. Сыпайылық формалары бейтаныс адамдар ер адамға сөйлегенде фамилиясының алдынан mister – мырза сөзін, қыз балаға – miss

«қыз бала»,әйел адамға – «mistress» «ханым» сөздерін қосуды талап етеді (жазғанда — Mr., Miss және Mrs.).

Бұл терминдерді фамилиясысыз қолдану қаратпа сөзге дөрекі бояу дарытады. Жақсы таныс адамдар, мысалы бірге жұмыс істейтіндер, бір біріне сөйлегенде тек фамилиясын немесе есімін қолдана алады. Біріншісі, алайда, біраз ресми түрде болса, екіншісі достық қарым-қатынасқа тән. Отбасында ата-анаға қатысты туыстық терминдерін қолданады,балаларды есімдерімен атайды, туысқандарға есімдерін атайды немесе туыстық терминдері мен есімдерін қолданады: aunt Agatha, uncle James. Есімін білмейтін адамға қатысты ер адам болса sir "сэр" сөзі, әйел адам болса madam "мэдэм"сөзі қолданылады. Бірақ мұнда шаштаразда, салонда т.б. тұтынушыларға сөйлегенде қолданылатын екінші «а» әрпі созылыңқы келетін madame ("мэдэм") сөзімен салыстырғанда, екпін бірінші буынға түседі[Blanar V. 1970ж. 45б].

Кромвель дәуірінің атақты уағыздаушыларының бірі тақуалық есімге ие болған: Құдайды-Мадақта Бэрбоун (Praise-God Barebone). Оның есімдері Құдайдан-Қорық Бэрбоун (Fear-God Barebone), Иисус-Христос-Әлемге-Келді-Оны-Құтқару-Үшін Бэрбоун (Jesus-Christ-came-into-the-world-to-save Barebone) және Егер-Христос-Сен-Үшін-Өлмегенде-Сені-Қарғыс-Ататын-Еді Бэрбоун (If-Christ-had-not-died-for-thee-thou-hadst-been-damned Barebone) болып келген үш ағасы болған. Соңғысы есімін жай ғана "доктор Қарғыс атқан Бэрбоун" (Dr. Damned Barebone) деп жазатын болған.

Құдайды-Мадақта Бэрбоун ағасының құрметіне болу керек, баласын Иисус-Сен-Үшін-Өлгенге-Дейін-Сені-Қарғыс-Атқан (Unless-Jesus-Christ-Had-Died-For-Thee-Thou-Hadst-Been-Damned) деп атаған.Бірақ ұлы тақуа уағыздаушы әкесінің таңдауына көңілі толмай, өзінің ерекше есімін нәтижесінде «адамша» атқа – Николас деп өзгертіп алған.

Қазіргі кездегі есімдер. Уақыт өте келе сәнге айналған тақуалық есімдердің дәурені өте бастады. Ағылшындар мен американдар оны басқа тілден енгендер мен жаңадан шығарылған есімдермен байыта отырып, есім қоюдың дәстүрлі жолына қайта көшті. Жаңа толқындар негізінен әйел есімдеріне әсер етті: XIX ғасырдан бастап қыздарды Эмбер (кәріптас), Эйприл (сәуір), Берил (сутас), Рубин (лағыл), Джесмин (ақтамақгүл), Дэйзи (түймедақ) деп атай бастады. АҚШ пен Ұлыбританияда француз, испан, итальян есімдері көп қолданыла бастады: Jacqueline (Жаклин немесе, ағылшынша, Джеклин), Michelle (Мишель), Anita (Анита), Angela мен Angelina (Анджела, Анджелина). Ағылшын тіліндегі есімдердің шетелдік формаларын алуға деген қызығушылық басым. Mary орнына Marie, Catherine орнына Katrina, Julia орнына Julie (соңғысы бірақ французша- Жюли емес, ағылшынша – Джули деп айтылады). Кей кезде ата-аналар есімді ерекшелеу мақсатында оның жазылу ретін әдейі өзгертеді: Olivia-ның орнына Alivia, Alicia-ның орнына Alysha, Abigail-дың орнына Abigayle.

Алдында айтқанымыздай, ағылшын тілді елдердің көпшілігінде кез келген сөз баланың есімі бола алады. Кей ретте ата-аналарының ерекшеленуге деген ұмтылыстары шектеу дегенді білмей кетеді: мысалы, Microsoft-тың вице-президенттерінің бірі Бил Симсер өз қызының атын Windows Vista мен Windows Presentation Foundation-ның кодтық сөзі – Avalon-ның құрметіне Виста Авалон деп қойған. Фотомодель Спонтаниэс Гранттың есімі медицина термині spontaneous delivery сөзінен шыққан (ағыл. "өздігінен туу"): кезінде қыздың анасын ауруханаға апарып үлгермей, толғағы дәл көліктің ішінде басталған. Ал режиссер Кэвин Смит жаңа туылған қызының есімін Бэтмен туралы комикстардың кейіпкерінің құрметіне Харли Квинн деп қойған.

АҚШ-тың мемлекеттік хатшысының есімін тіптен адамның сауатсыздығының ескерткіші деп атауға болады: кезінде оның ата-анасына музыкалық термин «con dolcezza» («кон дольчецца» деп айтылады) ұнаған, итальян тілінен аударғанда «нәзік, ақырын ойнау» дегенді білдіреді. Сол себепті қыздың есімін Condolcezza деп қоймақ болады, алайда құжат толтыру кезінде біреу екінші «с» әрпін «е» әрпімен шатастырып алған. Нәтижесінде американша «Кондолиза» деп айтылатын ешкім естімеген Condoleezza есімі пайда болған.

Есімдері ерекше көптеген адамдар кәмелеттік жасқа толғаннан соң оны өзгертіп алады. Джизес Крайст Аллен (Jesus Christ Allin) деген бір адам, өмірінің жартысы бойы дінге беріліп кеткен ата-анасының қиқарлығынан қиындық көріп, ақыр соңында есімін Кэвин Майклға өзгертіп алған. Литтл Пикси Гелдоф (англ. "кішкентай пикси"), музыкант Боб Гелдофтың қызы, есейген шағында өзін жай ғана Пикси Гелдоф деп атайтын болған. Жаңа Зеландияда туылған, ата-анасы есімін Number 16 Bus (" №16 автобус") деп қойған бақытсыз балаға да атын өзгертуі керек шығар [Ling, L.E. 2005,243 б].

Тілдік және тілдік емес факторлардың айқын өзара әсерлесуі американдық антропонимдер жүйесінде көрінуі мүмкін. Вашингтондағы Американдық Университет, халықаралық қатынастар факультеті мұғалімі Гэри Вивер «Американдық мәдениеттің әшекейі» мақаласында, үлкен мәдени әртүрлілікке қарамастан, АҚШ-та үстем мәдениеттер болған және әлі де бар екенін айтады. Әрбір жаңа көшіп келушілер үстем болған мәдени қоғамға үйлесу үшін, өздерінің көптеген ерекшеліктерін артқа тастап, осы мәдениеттің бір бөлігіне айналды. Үлгі ретінде дайын мәдени қалып – белгілі бір сипаттамалар жинағы қолданылды: ақ тәнді, англосакс, протестант, еркек.

Көшіп келуші ақ тәнді еркектер ағылшын аттарын иеленіп, протестантизмге өтіп, осы үлгіге тез бейімделетін болған. Сондықтан, американдық есімдердің негізгі қаңқасын ағылшын аттары құраған, олар кельт, датчан, нормандар және британдардан кірітілген, сонымен қатар ескірген және інжілдік есімдерден алынған, бұлар қазіргі күнге дейін Американдағы әйгілі есімдердің алғашқы ондығына кіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет.
2. Тіл білімі терминдерінін түсіндірме сөздігі — Алматы. "Сөздік-Словарь", 2005.
3. Жанузаков Т.Дж. Лично-собсвенные имена в казахском языке. Автореферат дисс. кан. филол. наук. –Алма-Ата, 1960. – С. 56, 45.
4. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – С.59,86.
5. Brewer's Dictionary of Names (people and places and things). London.1997-206.
6. Bakken K. Form and Meaning//You Name it/. Perspectives on Onomastic Reasearch.1997-456.
7. Blanar V. The Problem of System of Personal Names.// Onomastica. Wroslaw-Warscawa-Krakov, 1970-456.
8. Ling, L.E. An Introduction to Singapore English / L.E. Ling, A. Brown. – Singapore: McGrawHill, 2005-243 б.
9. Longman Dictionary of English Language and Culture-Pearson Education Limited, England, 2005 – 1626.

ҒТАХР 16.21.49

САЙЛАУКЕНОВА ӘЙГЕРІМ ЕРЛАНҚЫЗЫ
1 курс магистранты
Қиыр Шығыс кафедрасы
Шығыстану факультеті
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

БЕЛЯЛОВА АЙГЕРИМ ЕРМЕКОВНА
PhD, педагогика ғылымдарының докторы
Қиыр Шығыс кафедрасы
Шығыстану факультеті
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«КӨҢІЛ-КҮЙ,СЕЗІМ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ КОРЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ МЕН ПАРЕМИЯЛАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Түйін. Қазақ және корей тілдері типологиялық агглютинативті тілдер болып табылады және екі тіл де алтай тілдер тобына жатады. Осылайша, олардың жүйелі түрде көптеген синтаксистік және морфологиялық ұқсастықтары бар. Осы фактілерді негізге ала отыра, бұл зерттеудің мақсаты – адамның дене мүшелері атауларынан құралған эмоцияларды білдіретін паремияларды салыстыру арқылы екі тіл арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтап салыстырмалы талдау жүргізу. Мақалада көңіл-күй, сезім тақырыбындағы паремиялар қуаныш, қайғы, махаббат, ашу-ыза және қорқыныш сынды бес негізгі эмоционалдық топқа бөлініп қарастырылады. Адамның дене-мүшесіне қатысты немесе тілге тірек ету арқылы жасалатын паремиялар мен фразеологиялық бірліктер тек дененің бір бөлігін ғана емес, сондай-ақ ол арқылы түрлі адам эмоцияларын, іс-қимылдар мен өмір салтын білдіреді. Бұл зерттеудің нәтижелері корей және қазақ тілдеріндегі паремиялар мен фразеологиялық бірліктерін игеру мен оларды одан әрі зерттеушілерге көмек болады деп үміттенеміз.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, корей тілі, паремиялар, фразеологиялық бірліктер, толық эквиваленттер, ішінара эквиваленттер.

Резюме. Казахский и корейский языки по типологии являются агглютинативными языками и оба языка относятся к группе алтайских языков. Таким образом, они систематически имеют множество синтаксических и морфологических сходств. Основываясь на этих фактах, целью этого исследования является сопоставление паремий, выражающих эмоции с использованием частей тела человека, путем их сопоставления сходства и различия между двумя языками. В статье рассматриваются паремии на тему эмоций, чувств, разделяемые на пять основных эмоциональных групп, таких как радость, печаль, любовь, гнев и страх. Паремии и фразеологические единицы, которые состоят из названий частей тела человека представляют собой не только часть тела, но и различные человеческие эмоции, действия и образ жизни. Мы надеемся, что это результаты данного сравнительного анализабудут способствовать изучению и дальнейшим работам исследователей паремий и фразеологических единиц в корейском и казахском языках.

Ключевые слова: казахский язык, корейский язык, паремии, фразеологические единицы, полные эквиваленты, частичные эквиваленты.

Summary. Kazakh and Korean languages are typologically agglutinative languages and both languages belong to the group of Altai languages. Thus, they systematically have many syntactic and morphological similarities. Based on these facts, the purpose of this research is to compare paremias expressing emotions using parts of the human body, by comparing the similarities and differences between two languages. The article discusses paremias on the topic of emotions, feelings, divided into five main emotional groups, such as joy, sadness, love, anger and fear. Paremias and phraseological units, consisting ofnames of human body parts, represent not only a part of body, but also various human emotions, actions and lifestyle. We hope that the results of this comparative analysis will promote studyand further worksof paremias researchers and phraseological units in Korean and Kazakh languages.

Keywords: Kazakh language, Korean language, paremias, phraseological units, full equivalents, partial equivalents.

Соңғы уақытта Корея мен Қазақстан арасындағы экономикалық, мәдени және саяси қатынастар нығайып,іскерлік әріптестіктің зор әлеуеті күн сайып кеңейіп келеді.2017 жылдың 27 наурызында Корея Республикасының Білім министрлігі мен Халықаралық білім беру ұлттық институты

2017-2021 жылдар аралығында арнайы шет-тілдерін оқыту жоспарын(First Special Foreign Language Education Promotion five-year basic plan for 2017 ~ 2021)жариялады. Бұл жоспар бойынша қазақ тілін қоса алғанда 53 елдің тілін оқыту басты назарға алынып,мемлекетаралық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту үшін әр салада білікті мамандарды даярлау қажеттігін атап өткен еді. Қазіргі жаһандану дәуірінде екі тілде де еркін сөйлейтін мамандарға деген қажеттілік күн санап арта түсуде, сондықтан лингвистика саласында да екі тілді салыстыра және салғастыра талдау әдістері арқылы жасалып жатқан зерттеулер белсенді түрде дамып келеді.Тиісінше, екі елдің тілін оқып-үйрену кезінде лингвистика тұрғысынан елдің мәдениетін, сондай-ақ сөздік қорын және грамматикасын көрсететін фразеологиялық бірліктерді үйрену өте маңызды деп айтуға болады. Кез келген тілді мақал-мәтелдер, идиомалар, тұрақты сөз тіркестері арқылы зерттесе, онда сол тілде сөйлейтін халықтың менталитетін, ой-өрісінің ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарын, әлемге немесе басқа ұлттарға, халықтарға деген көзқарасын білуге болады. Сондай-ақ кез келген шет тілін білетін аудармашы үшін шет тіліндегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді біліп, орынды қолдана алуы оның тілді қаншалықты жоғары деңгейде меңгергенінің дәлелі болары хақ.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап паремиялар жеке ғылым ретінде паремиологияның зерттеу нысаны болып қарастырыла бастағанымен, жалпы тілтанымдық зерттеулерде оларды құрылымдық-мағыналық тұрпат және коммуникациядағы қызмет тұрғысынан фразеологизмдерге ұқсауы себебінен бұл мақалада фразеологиялық бірліктер деп қарастыруға шештік. Паремиялар мен фразеологиялық бірліктер әрбір тілдің бірегей аспектісі ретінде сол тілде сөйлейтін ұлттың сипатын жақсы түсіну үшін ең негізгі және қажетті құрал болып табылады[Ә.Сайлаукенова, 2020, 109 б]. Мақал-мәтелдер «халық даналықғының қоры» және ол «ескі дүние» мен «заман талабына сай жаңғыратын жаңа ұғымдармен толығып отыратын» екі жақты тілдік процесстердің «ұйытқысы» ретінде айқындалады[Исаева Ж.И. 2014, 232 б].Бұл зерттеудің мақсаты – корей және қазақ тілдеріндегі паремиялар мен фразеологиялық бірліктерді талдау негізінде екі тіл арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін эмоцияны білдіретін паремиялар мен фразеологиялық бірліктер салыстырмалы талдау нысанына алынды. Осындай тілдік бірліктерге қатысты жарияланған зерттеулер мен ғылыми мақалалардың көптігі бір жағынан паремиялар мен фразеологиялық тіркестердің құрылымын зерттеудің теориялық, тәжірибелік тұрғыдан өзектілігін айғақтаса, екінші жағынан, бұл мәселенің тіл білімі үшін маңыздылығы мен аса күрделілігін де көрсетеді.

Корей және қазақ тілдері типологиялық классификация бойынша агглютинативті тілдер қатарына жатады және екі тіл де алтай тілдер тобынан болады.Себебі сөйлем құрылымы, яғни, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі ұқсас, агглютинативті тұрпаттағы сипаты бойынша сөз түбіріне бір аффикстен соң бірнеше аффикстердің бірінен соң бірінің жалғануы, фонетикалық сипат бойынша дауыс ырғағы мен екпіннің қойылуы да ұқсас келеді.Осыған байланысты, екі тілдің жүйелі ұқсастығы бар екенін мойындай отырып, бұл зерттеуде паремиялар мен фразеологиялық бірліктерді морфология мен семантика тұрғысынан талдап, екі тіл арасындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды салыстыратын боламыз.

Екі тілді грамматикалық тұрғыда салыстырып, сараптама жасаған зерттеушілер көп[G. Batyrkhanova, 2013; A.Kadyrova, 2014;Song Sooyoung,2016; Jung Ta-mi,2016], дегенмен эмоцияны білдіретін паремиялар мен фразеологиялық бірліктерді зерттеген еңбектер мен ғылыми мақалаларсаусақпен санарлық. Зерттеудің осы қиындықтарының орнын толтыру үшін қазақ және корей тіліндегі фразеологиялық сөздіктерді, сонымен қатар онлайн деректер базасы қолданылды. Біріншіден, корей және қазақ сөздіктеріне шолу жасалды, Пак Ен Джун және Чхве Кен Боннының(1996)«Фразеологиялық сөздігі», Корей тілі ұлттық институтының «Стандартты корей тілі сөздігі»(2008), ал қазақ тіліндегі сөздіктерден Ісмет Кеңесбаевтың(2007) «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»негізгі деректер ретінде қолданылса, паремияларға салыстырмалы талдау жасалынған ғылыми мақалалар, сондай-ақ паремиялар мен фразеологиялық бірліктер туралы жазылған ғылыми зерттеу жұмыстары қосымша деректер ретінде қолданылды.Зерттей келе адамның эмоциясын білдіретін паремиялар мен фразеологиялық бірліктер көп жағдайда мынадай дене мүшелерінің қатысымен жүзеге асатыны анықталды: бас, көз, құлақ, бет, мұрын, ауыз, тіл, қол, аяқ, кеуде, иық, арқа, бауыр, жүрек және т.б.

Дене мүшелері атауларымен байланыстымақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тек дене бөліктеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар олар арқылы түрлі эмоциялар мен сезімдер, мінез-құлық, тіпті, адамның өмір салтын дабілуге болады[A.Belyalova, 2017, 155 б]. Бұл зерттеуде екітілдегі эмоция, көңіл-күй, ішкі сезімдерді білдіретін паремияларды салыстыратын боламыз. Және осы зерттеу жұмысы алдағы зерттеулерге бастау болады деп сенеміз.

Әдетте, тіл білімінде екі немесе одан да көп сөздер бірдей немесе ұқсас мағынаға ие болса, синонимдер деп аталады. Жалпы алғанда лингвистикада бүгінде толық синоним бола алатын лексикалық бірліктер жоқ. Сондықтан «синоним» дегенге қарағанда, мағынасы ұқсас сөздерді ма-

ғыналас сөздер деген әлдеқайда дұрысырақ болады деген ойдамыз.Бұл жұмыстағы негізгі мақсат корей және қазақ тілдері арасындағы нақты айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу болып табылады, сол себептіформасы мен мағынасы бойынша ұқсас «толық эквиваленттер» мен «ішінара эквиваленттер» әдістері арқылы аударуға келетін фразеологиялық бірліктерді қарастырамыз. Осы тұста, «ішінара эквиваленттер» әдісінің екі түрлі формасы бар екенін айта кеткен жөн. Оның біріншісі – формасы әртүрлі, мағынасы бір фразеологиялық бірліктер болса, екіншісі – формасы бір, мағынасы әртүрліфразеологиялық бірліктер болып табылады. Оларға сәлден соң нақтырақ анықтама беріп тоқталатын боламыз, алдымен «толық эквиваленттерді» қарастырайық.

Толық эквиваленттер. Толық эквиваленттер – формасы да, мағынасы да бірдей фразеологиялық бірліктер. Лингвистикалық және материалдық тұрғыдан алғанда, қазақ және корей тілдерінің арасында ішінара бірдей элементтерді қоспағанда, біршама айырмашылық бар[A. Belyalova, 2017, 163 б]. Бұл зерттеуде семантика мен морфология тұрғысынан екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылықтарының зерттеу пәні ретінде қаралғанфразеологиялық бірліктер бес негізгі эмоциялық диапазон шеңберінде талданды. Сондай-ақ біз бұл жерде күнделікті өмірде жиі қолданатын паремиялар мен фразеологиялық бірліктерді негізге алдық. Алдымен қазақ тілі мен корей тілінің ұқсастықтары анық көрінетін толық эквиваленттерді қарастырдық.

1-кесте. Толық эквиваленттер кестесі(формасы да, мағынасы да бірдей)

Қазақ тілінде	Корей тілінде	Мағынасы	Эмоция түрі
Көз жасы шығу	눈물이나다	Қуаныштан/қайғыдан көзіне жас алу	Қуаныш/қайғы
Басын салбырату	고개를숙이다	Жерге қарады, тұнжырады/	Қайғы
Жүрегі алып ұшу	가슴이설레다	Ғашықтықтан жүрегі дүрсілдеу	Махаббат
Тісін қайрау	이를갈다	Қатты ашулану	Ашу
Беті ағару	얼굴이하얘지다	Қатты шошу	Қорқыныш
Жүрегі лүпілдеу	심장/가슴이뛰다	Жүрегі қаты соғу	Махаббат
Көз алдында тұру	눈(앞)에선하다	Түрі есінен кетпеу	Махаббат
Жүрегі ауыру	가슴이아프다	Қайғыру, жаны ашу	Қайғы
Жүрегі жарылу	가슴이찢어지다	Қайғы-мұңан жүрегі қатты ауыру	Қайғы
Көзін алайту	눈을부릅뜨다	Ашулы көзбен қарау	Ашу
Алақан ұру	손뼉을치다	Шаттану, қол соғу	Қуаныш
Белін жазу	허리를펴다	Серпілу, ұзақ уақыт қайғыдан кейін жақсылықтың болуы	Қуаныш

Толық эквиваленттер кестесінде көрсетілген эмоцияны білдіретін фразеологиялық бірліктер мағыналары бір-біріне сәйкес келетін, аударма кезінде аса қатты қиындықтар туғызбайтын күнделікті өмірде жиі кездесетін тұрақты тіркестер болып табылады. Алайда кейбір фразеологиялық бірліктер екі түрлі мағына беретіндіктен контекстке байланысты аударуға тура келеді. Яғни, «көзінен жас шығу» «қуаныштан» немесе «қайғыдан көзіне жас алу» сынды екі түрлі эмоцияны, «қуаныш» пен «қайғыны» бірдей білдіреді. Екінші жағынан, бір эмоцияны әртүрлі фразеологиялық бірліктер арқылы бейнелеуге болады. Толық эквиваленттер кестесіне сүйенсек «қуаныш» эмоциясын «көз жасы, алақан, бел» сынды дене мүшелеріне байланысты паремиялар арқылы өрнектеуге болады. Ескерте кететін жай, бұл жердегі «белге» байланысты паремия тек «қуанышты» ғана білдіре алады. Ал «қайғы» эмоциясы «көз жаспен» қоса «бас» пен«жүрекке» қатысты паремиялар арқылы беріледі. Сол сияқты «махаббат» сезімін білдіретін тұрақты тіркестер көбінесе «жүрек, кеуде, көзбен» байланысты.«Ашуға» келетін болсақ, қарсыластың үрейін тудыратын қару ретінде «көз» бен «тісті» пайдалану арқылы өрнектеледі. Соңғысы ол – «қорқыныш» сезімі. Оны көбінесе «бетке» байланысты тұрақты тіркестер арқылы береді. Адамдар қорыққан кезде, олардың бетінде эмоциялар пайда болады және оларды қазақ тілінде де, корей тілінде де бірдей бет терісінің түсі өзгеру белгілері арқылы түсіндіреді.

Осылайша адамдардың сыртқы факторлардың әсерінен бастан кешіретін психологиялық

феноменді «эмоция» деп атайды[A.Belyalova, 2017, 165 б]. Эмоциялар сананың өзгеруін сезініп, ақыл-ойдың түрлі жағдайларын өрнектейтін дене бөліктеріне қатысты паремияларды зерттеудің негізі болып табылады. Демек, толық эквиваленттердің бар болуы қазақ және корей тілдерінің ұқсастығының бар екенін растайтын факт. Ол мәдениеттен бастау алатын екі ұлттың ұқсас психологиялық когнитивті моделге ие екендігіне байланысты деуге әбден болады. Толық эквиваленттер кестесінде көрсетілгеннен басқа, пішіні мен мағынасына бірдей көптеген паремиялар бар, алайда біз ең жиі кездесетін паремияларды мысал ретінде алдық.

Ішінара эквиваленттер. Ішінара эквиваленттер – формасы әртүрлі, мағынасы бір фразеологиялық бірліктер. Екі тілдегі паремияның мағынасы бірдей болғанымен, құрылымы мен пішіні жағынан әртүрлі болуын ішінара эквиваленттер деп айтады. Мысалы, қазақ тіліндегі «аяғын тұсау» және корей тіліндегі «тобығын/ тобығынан ұстау» деген паремиялардың сөздік құрамы сәйкес келмегенімен, екеуі де ауыспалы мағынада «ісі алға баспай, бір орында тұрып қалу» дегенді білдіріп тұр.

2-кесте. Ішінара эквиваленттер кестесі (формасы әртүрлі, мағынасы бір)

Қазақ тілі	Корей тілі	Мағынасы	Эмоция түрі
Кеудесі көтерілу	어깨가올라가다 (иығы көтерілу)	Көңіл-күйі көтеріңкі болу	Қуаныш
Жүрегіне жара салу	가슴에못을박다 (жүрегіне шеге қадау)	Жанына жаралады, қинады	Қайғы
Көзін қысу	눈이맞다 (көзі түйісу)	Махаббат сезімін бөлісу	Махаббат
Көзі шығу	눈이둥그레지다 (көзі дөңгелену)	Қорқыныштан немесе шошығаннан көзін кеңінен ашу	Қорқыныш

Ішінара эквиваленттер кестесінде көрсетілген паремиялар құрылымы жағынан бір-біріне сәйкес келмегенімен, семантика тұрғысынан екі тілде де бірдей мағынаға ие болып тұрғаны белгілі. Яғни, қазақ тіліндегі «кеудесі көтерілу» тіркес пен корей тіліндегі «иығы көтерілу» деген тіркестердің мағынасы бір-біріне сәйкес келіп, құрамындағы сөздер әртүрлі болғанымен, екеуі де көңіл күйі көтеріңкі болу» деген мағынаны беріп тұр. Келесі салыстыратын фразеологиялық бірліктер ол қазақ тіліндегі «жүрегіне жара салу» мен корей тіліндегі «жүрегіне шеге қадау». Бұл екеуі де «ЗАТ ЕСІМ-не+ЗАТ ЕСІМ+ЕТІСТІК» формасында тұрғанымен құрамындағы «жара», «шеге» сынды сөздері әртүрлі. Дегенмен екі тілде де «жанын жаралау» деген мағынада қолданылады.

Жоғарыда айтылғандай, сүйіспеншілік пен махаббат сезімдерін білдіретін тұрақты тіркестердің көпшілігі «жүрек, көз және кеуде» сөзері арқылы құралады. Ішінара эквиваленттерде де құрамында «көз» сөзі кездесетін фразеологиялық бірлікті кездестіруге болады.Сәйкесінше, «көзін қысу (ЗАТ ЕСІМ-н+ЕТІСТІК) мен «көзі түйісу»(ЗАТ ЕСІМ+ЕТІСТІК) деген қазақ және корей тілдеріндегі тіркестер махаббат сезімін білдіреді. Ал қорқыныш эмоциясын «көз» лексикалық бірлігі құрамында бар тұрақты тіркестер арқылы білдіруге болады. Корей тіліндегі «көзі дөңгелену» тіркесі қазақ тіліндегі «көзі шығу» деген тіркеспен сәйкес келіп, екеуі де «қорқыныш» сезімін білдіру мақсатында қолданылады.

Ішінара эквиваленттер. Ішінара эквиваленттер – формасы бір, мағынасы әртүрлі фразеологиялық бірліктер. Екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің құрылымы немесе мағынасы жағынан айырмашылығы болуының ең негізгі себебі психологиялық факторлар болып табылады.Атап айтсақ, формасы бірдей фразеологиялық бірліктер бір тілде заттардың ұқсастығын білдіретін метафора немесе тілдер арасындағы жақындыққа сәйкес пайдаланатын метонимияны қолдана отырып, фразеологиялық мағына құру үшін қолданылады және мұндай тіркестердің мағыналары бірдей немесе әртүрлі болады[A.Belyalova, 2017, 166 б.]. Қазақ және корей тіліндегі формасы мен құрылымы бірдей, бірақ мағыналары бөлек фразеологиялық бірліктер төмендегі кестеде көрсетілген.

3-кесте. Ішінара эквиваленттер кестесі (формасы бір, мағынасы әртүрлі)

Қазақ тілі	**Мағынасы**	**Корей тілі**	**Мағынасы**
Іші ауыру	Өкіну	배가아프다	Қызғану
Беті ашылу	Ұяты кеткен	얼굴이펴지다	Уайымы жоғалу
Жанын беру	Біреу үшін жанын қию, өлу	마음을주다	Жақсы көру
Беті қату	Ашулану	안색이굳어지다	Қобалжу
Іші күю	Қызғану	속이타다	Уайымдау

3-кестеде көрсетілген формасы бір мағынасы бөлек фразеологиялық бірліктер қазақ және корей тілдері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсететін екі негізгі факторды анықтайды. Біреуі «объективті фактор» болса, екіншісі «субъективті фактор». Бұл жердегі объективті фактор – ол басқа тілдер мен этникалық мәдениеттерде жоқ, тек бір ғана елдің тіліне тән табиғи немесе мәдени шынайылық, ал субъективті фактор дегеніміз керісінше екі елдің тілі мен мәдениетіне тән шынайылықтар олардың фразеологиялық бірліктерінен көрініс табады.Бұл зерттеуде біз «қуаныш», «қайғы», «махаббат», «ашу» және «қорқыныш» сынды негізгі эмоциялық диапазондар шеңберінде эмоциялар мен сезімдерді сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді салыстырып, олардың семантикалықжәне морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жасадық.

Бұл зерттеудің мақсаты – адамның дене мүшелері атауларына байланыстыкөніл-күй, эмоцияларды сипаттайтын паремияларды салыстыру арқылы қазақ және корей тілі арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтап салыстырмалы талдау жүргізу болды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біз алдымен, фразеологиялық бірліктерді аударудың әдістерін түсіндіріп, кейін екі тілдің түсіндірме сөздіктері мен фразеологиялық сөздіктердің, ғылыми мақалалардың көмегіне жүгіне отырып қазақ және корей тілдеріндегі эмоцияны білдіретін паремияларға салыстырмалы талдау жасадық. Эмоцияны білдіретін паремиялар «қуаныш», «қайғы», «махаббат», «ашу» және «қорқыныш» сынды 5 түрлі эмоциялық диапазон шеңберінде және 3 түрлі фразеологиялық аудару тәсілінің негізінде қарастырылды. Олар: толық эквиваленттер және ішінара эквиваленттер(формасы әртүрлі, мағынасы бір/формасы бір, мағынасы әртүрлі). Салыстырмалы талдау нәтижесінде бұл екі тілде де «мәні, құрылымы, компоненті және эмоция түрі» сияқты критерийлер бойынша салыстыруға келетін паремиялар мен фразеологиялық бірліктердің бар екендігіне анық көз жеткіздік. «Жүрегі алып ұшу», «басын салбырату», «көз жасы шығу», «тісін қайрау» сынды фразеологиялық бірліктер осыған мысал бола алады. Сондай-ақ құрылымдық сипаттамалар мен формалар бойынша ішінара ұқсас фразеологиялық бірліктер де болды. Ол әрине екі тілдің лингвистикалық ерекшеліктерін көрсететін факт. Бұл лингвистикалық ерекшеліктердің болуы корей және қазақ фразеологиялық бірліктерінің арасындағы екі негізгі факторға байланысты: «объективті факторлар» және «субъективті факторлар». Корей және қазақ тілдерінің бұл паремияларын салыстыра талдай отырып, әр елде мәдени тұрғыда әртүрлі қабылданатын эмоционалдық формалардың сипаттамасын білдік. Жоғарыда айтып өткендей бұл зерттеу жұмысы, сөздіктер мен ғылыми мақалалар аясында жазылды. Келешекте зерттеу жұмысының аясын қазақ және корей тілдерінде жазылған әдеби шығармаларды сараптауға дейін кеңейтетін болса, онда екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын одан әрі тереңірек түсініп, сондай-ақ әрбір тілге тән ерекшеліктерді де молынан анықтауға болады деп сенеміз. Паремиялар мен фразеологиялық бірліктерді зерттеп жүрген көптеген ғалымдар айтқандай, шет тіліндегі әртүрлі ұғымдарды қамтитын мақал-мәтелдерді түсіну оңай болмайды. Алайда, әртүрлі тақырыптағы паремия концептілеріне, тұрақты тіркестерге салыстырмалы талдау жасау арқылы олардың зерттеу аясын кеңейте аламыз. Себебі олардың семантикалық, мағыналық сипатымен қатар, құрамындағы лексикалық бірліктер мен басқа да грамматикалық компоненттерінің этимологиялық шығу тегін зерттеп білу де маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сайлаукенова Ә.Е., «Оқу, білім» тақырыбына қатысты корей мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударудың фразеологиялық әдісі// Фараби әлемі:халықаралық ғылыми конференция материалы, Алматы, 2020. – 109-112 б.
2. Исаева Ж.И. Паремиялар құрамындағы «тірек» сөздердің ішкі құрылымдылық мағынасы // Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». – Астана, 2014. № 6 (27) – 231-236 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
4. Belyalova, A. (2017). A comparative study of emotional expression idiomatic phrases in Korean and Kazakh languages. The Linguistic Association of Korea Journal, 25(3), 153-171 p.
5. Jung Ta-mi. (2016). A Study on the Acquisition Patterns of Korean Sub-Terms: Focusing on Kazakh Learners. Master's thesis. Hankuk University of Foreign Studies. Republic of Korea.
6. National Institute of Korean Language. (2008). Standard Korean Dictionary. Seoul. Republic of Korea.
7. Park Young-jun, Choi Kyung-bong. (1996). Idiomatic Dictionary, Paju,Taehaksa. Republic of Korea.
8. Song Sooyoung. (2016). A study on Korean unit noun education plan for Kazakh learners. Master's thesis. Kyunghee Cyber University. Republic of Korea.

УДК 1751

СЕЙДЕХАНОВ САНАТБЕК АЗАТБЕКОВИЧ
PhD докторант 3 курса
Кафедры общего языкознания и европейских языков
Факультета филологии и мировых языков
КазНУ им. аль-Фараби

ДОСАНОВА АЛЬБИНА МАРАТХАНОВНА
PhD, старший преподаватель
Факультета филологии и мировых языков
КазНУ им. аль-Фараби

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОПИРАЙТИНГА И РЕРАЙТИНГА В СФЕРЕ ТЕКСТОВОГО КОНТЕНТА ДЛЯ КОРПОРАТИВНЫХ САЙТОВ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ И ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ

Түйін. Мақалада авторлар Интернеттегі мәтіндердің қазіргі заманғы проблематикасын қарастырады, корпоративтік сайттар мен корпоративтік блогтар үшін мәтіндерді жасау бойынша қызмет талданады, мәтіндерді копирайтинг және рерайтинг өніміретінде олардың когнитивтік тиімділігі тұрғысынан талдау әдісі ұсынылады, сайттарды органикалық жылжыту контексінде іздеу жүйелерінің жұмыс істеу принциптері мен мәтіндердің өзара әрекеттесуі сипатталады, копирайтингтің лингвопрагматикалық және психолингвистикалық аспектілеріне талдау жасалады.

Түйінді сөздер: копирайтинг, reauting, интернет-контент, маркетингтік дискурс, контент-маркетинг, коммуникативтік стратегия, коммуникативтік тактика, латентті-семантикалық индекстеу, іздеу оңтайландыру.

Резюме. В статье авторами рассматривается современная проблематика текстов в Интернете, анализируется деятельность по созданию текстов для корпоративных сайтов и корпоративных блогов, предлагается метод анализа текстов как продукта копирайтинга и рерайтинга на предмет их когнитивной эффективности, описываются принципы работы поисковых систем и взаимодействия текстов в контексте органического продвижения сайтов, дается анализ лингвопрагматических и психолингвистических аспектов копирайтинга.

Ключевые слова: копирайтинг, рерайтинг, интернет-контент, маркетинговый дискурс, контент-маркетинг, коммуникативная стратегия, коммуникативная тактика, латентно-семантическое индексирование, поисковая оптимизация.

Summary. In the article, the authors consider the modern problems of texts on the Internet, analyze the activity of creating texts for corporate websites and corporate blogs, propose a method for analyzing texts as a product of copywriting and rewriting for their cognitive effectiveness, describe the principles of search engines and interaction of texts in the context of organic website promotion, and analyze the linguistic and psycholinguistic aspects of copywriting.

Keywords: writing, rewriting, Internet content, marketing discourse, content marketing, communication strategy, communication tactics, latent semantic indexing, search engine optimization.

МЕСТО КОПИРАЙТИНГА И РЕРАЙТИНГА В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ КОММУНИКАЦИЙ ИНТЕРНЕТЕ

Современный Интернет в основе своих технологий и принципов, направлен, прежде всего, на удовлетворение потребностей аудитории в качественной и полезной информации (контенте). В основной своей массе интернет-контент представлен текстовыми материалами (преимущественно статьями), видео и фото. При этом наиболее распространенным информационным форматом в Сети являются статьи, или, как их называют в маркетинговой среде, статейный контент. Это особенно заметно в тех тематических сферах, где для интернет-пользователя важны практически полезные знания и прикладная информация. Причина такого преобладания статейного контента кроется в относительно низкой, в сравнении с видеопроизводством, стоимостью его создания, в удобстве использования. Кроме того, интернет-пользователи с развитым читательским мастерством (наиболее активная экономически и актуальная для владельцев сайтов аудитория) часто предпочитают читать тексты будучи в поисках нужной информации, нежели смотреть видео. И конечно же, третьим и технически наиболее важным аспектом статейного контента служит возможность улучше-

ния ранжирования сайта в поисковых системах посредством регулярного размещения на нем уникальных и качественных статей, релевантных тематике сайта и соответствующих интересам его аудитории.

Сферами применения статейного контента служат сайты различной направленности. Также небольшие статьи размещаются в аккаунтах некоторых социальных сетей и в мессенджерах (примеры:Facebook, Telegram). Однако, стоит особо отметить тот факт, что для веб-сайтов статейный контент имеет существенно большую значимость, поскольку алгоритмы поисковых систем построены таким образом, чтобы индексировать интернет-ресурсы по степени уровня качества текстового и, особенно, статейного контента. Опять же, делается это в угоду интересам пользователей Сети.

В данной статье мы рассматриваем копирайтинг и рерайтинг как процесс создания маркетингового дискурса, разновидностью которой является контент-маркетинговый дискурс и являющийся его неотъемлемой частью вид деятельности в контексте создания и потребления именно статейного контента , размещаемого на сайтах. Актуальность данной темы обусловлена тем, что для сайтов, в отличие от аккаунтов в социальных сетях, текстовый контент, в частности, статейный, служит инструментом влияния на их индексацию и ранжирование в поисковых системах. Благодаря важности статей для веб-ресурсов как инструмента формирования лояльной аудитории и органического (то есть бесплатного) продвижения в поисковых системах в публикациях на тему маркетинга и копирайтинга часто встречается термин «статейный копирайтинг», указывающий на существование отдельного вида копирайтинга, связанного исключительно с написанием статей. Кроме того, важным аспектом статей на сайтах как медийного контента является возможность выполнения сайтом роли СМИ, ориентированного на удовлетворение информационных потребностей аудитории сайта [Загоруйко И.Н., с. 58, 2012].

КОПИРАЙТИНГ И ПОИСКОВЫЕ СИСТЕМЫ

Глобальное развитие интернет-коммуникаций идет рука об руку с формированием специфической информационной инфраструктуры, которая в значительной мере трансформирует информационное пространство в целом. Поскольку современный Интернет все еще остается преимущественно пространством с доминированием письменной речи (об этом можно судить по количеству результатов поисковой выдачи по самым разным запросам), то есть печатного текста, то на первый план выходит текст. По этой же причине поисковые системы более всего ориентированы на работу с текстовой информацией. Однако с лингвистической точки зрения нас интересует именно процесс понимания текста как такового читателем-человеком, поскольку поисковые машины стремятся, так сказать, «подражать» человеческому восприятию в данном контексте. К слову, поисковые роботы понимают поисковые запросы (также являющиеся текстами) и собственно текстовый контент сайтов на естественном языке, Например, ключевые слова и фразы они оценивают в контексте вашего персонального поискового дискурса, т.е. предыдущих запросов, а также по смыслу и интенции длинных запросов. Не секрет, что часто пользователи вводят в строке поиска достаточно длинные фразы для того, чтобы дать поисковику достаточное количество семантических «зацепок» для поиска. Причем в таких запросах зачастую не встречаются ключевые слова, на которые рассчитывают администраторы веб-ресурсов [Прокофьева А.В. 2017, с. 26]. Отсюда возникла проблема понимания поисковых запросов и это, прежде всего, лингвистическая задача в поисковом дискурсе. Так были созданы специальные алгоритмы поисковых систем. В настоящее время специалисты в данной области все чаще оперируют термином LSI (англ. LatentSemanticIndexing – латентное семантическое индексирование). Это метод индексирования скрытой семантики, меняющей значение в зависимости от контекста. Именно благодаря LSI поисковики учатся понимать естественный язык запросов. Робот не просто цепляется за ключи как якоря, а сканирует и анализирует все содержание (контекст), что делает его оценку близкой к оценке человеком. Данная технология зародилась в 2011 году с созданием алгоритма Panda. Этот алгоритм Google использовался для борьбы с некачественными текстами в Интернете и для оценки взаимодействия пользователя (читателя) с сайтом. Также он оценивал степень вовлеченности читателя (involvement) при просмотре содержимого веб-страницы. Далее, в 2013 году был внедрен алгоритм “Колибри” (Hummingbird). Теперь машина могла полностью перефразировать ключевой запрос пользователя в соответствии с общим предполагаемым смыслом. По контексту, истории поиска – например, запрос «где их купить» преобразовывается в «где купить фиалки», поскольку до этого именно ими интересовался пользователь. По семантике – в простейшем случае речь идет о возможности замены, например, «снимок» на «фото» или «авто» на «машина», если по контексту запроса эти слова признаются синонимами. В 2019 году Googleвнедрил новый алгоритм BERT, который на самом деле является не алгоритмом ранжирования сайтов, а технологией понимания смысла длинных поисковых запросов пользователей. Все это позволяет сегодня поисковым машинам быть умнее и обладать когнитивными способностями, близкими к человеку.

В данной статье авторы рассматривают текстовый контент, который регулярно обновляется и не является базово-презентационным, к которому, в свою очередь, можно отнести текст главной страницы, текст о компании или проекте, текст страницы контактов и пр. Такой тип контента применяется в специальных разделах корпоративных сайтов, как правило, именующихся «Новости», «Статьи» и т.п. В сущности, подобные разделы, содержащие публикации, касающиеся общей тематической направленности сайта, являются корпоративными блогами. Известно, что корпоративный блог бывает как самостоятельным и со своим доменом первого уровня (standaloneblog), так и составной частью (разделом) корпоративного сайта. Термин «статья» в данном контексте является унифицирующим, скорее используемым для удобства. На самом же деле, с научной точки зрения, статья есть отдельный жанр публицистики. По этой причине в маркетинговом дискурсе нередко вместо термина «статья» встречается термин «пост», что означает публикацию того или иного типа. В целом, текстовый контент регулярного типа является важнейшим элементом контент-маркетинга [Гульшина А.Е., 2012, с. 47].

Как мы уже упоминали выше, условно все тексты корпоративных сайтов можно разделить на базовые и регулярные. Базовые тексты являют собой по сути описание тех или иных разделов (страниц) сайта. К ним относятся, по большому счету, тексты главной страницы, тексты о самом сайте/организации/проекта (то, что часто обозначается как «О нас», «О компании», „Aboutus“), тексты разделов о продуктах/услугах и т.д. К регулярным текстам следует относить тексты разделов статей, новостей организации. Все эти типы текстов играют существенную роль в органическом продвижении сайта. Если они уникальны, релевантны тематике сайта и качественно написаны, то это очень хорошо отражается на поисковой оптимизации веб-ресурса (SEO). Почему так важна уникальность (оригинальность) статьи? Потому что поисковые системы индексируют веб-ресурсы и отдают предпочтение тем из них, которые содержат именно оригинал текста статьи (это указывает на важность индексации сайтов, что является темой для отдельной публикации). И если на двух проиндексированных сайтах размещены одинаковые статьи, то поисковик отдаст приоритет в ранжировании тому сайту, на котором данный текст появился раньше, тем самым, считая его источником оригинальной статьи. Второй же сайт будет игнорироваться роботом при выдаче соответствующих поисковых запросов.

КЛЮЧЕВОЙ ВЫЗОВ ДЛЯ СОВРЕМЕННЫХ КОПИРАЙТЕРОВ И РЕРАЙТЕРОВ В ИНТЕРНЕТЕ

Сразу скажем, что этот вызов происходит не от поисковой системы, т.е. читателя-робота, а от читателя-человека. Современный мир интернет-коммуникаций характеризуется изменением качества читателя-человека. Данное явление способствовало формированию целой проблематики длинного текста в цифровой среде. Вместе с развитием поп-культуры и клипового сознания, возникли поколения малочитающих людей, чей уровень читательского мастерства требует от авторов текстов новых профессиональных навыков. Как отмечает Цветкова М., у нечитающих людей (коих в наше время огромное количество, если не сказать большинство) мозг работает по-другому: они не могут воспринимать крупные тексты, их внимание сильно дезорганизовано и рассеянно, они нетерпеливы и склонны перескакивать с одной информации на другую, у них плохо развито воображение, они обладают формальным мышлением, теряют способность к сложным логическим функциям и углубленному анализу. Столкнувшись с переизбытком цифровой информации, такие люди склонны расходовать все меньше и меньше интеллектуальных усилий для ее восприятия и, естественно, у них падает мотивация к осмыслению слоев смысла того, что они читают [Борисова Е.Г., 2016 с. 64].

Такая проблема характерна для текущей эпохи цифровизации, когда мир переходит от “цивилизации текста” к “цивилизации образов”. Психотерапевт Андрей Курпатов приводит в качестве иллюстрации эксперимент, при котором аудитории показывали слайд, на котором слева изображался документ с длинным сплошным напечатанным текстом, а справа – скриншот инстаграм-аккаунта известной телеведущей и певицы Ким Кардашьян. Отмечалось, что все респонденты больше рассматривали правую часть слайда. Человеческое сознание устроено таким образом, что мы всегда интересуемся информацией, которая требует от нас меньших затрат усилий головного мозга. Ведь, занимая всего 3% от веса всего тела, мозг один потребляет 30% всей энергии организма. Являясь самым энергозатратным органом в теле, мозг инстинктивно стремится экономить энергию и не совершать лишних усилий.

Сегодня в современном цифровом обществе мы имеем как минимум уже два поколения людей, выросших в культуре нового типа, для которой характерно так называемое клиповом сознание, клиповое мышление. Для данного явления характерно неспособность, либо низкая способность концентрировать внимание. Психотерапевт Андрей Курпатов приводит интересный факт: в результате экспериментов было установлено, что сознание человека, в среднем, нуждается в 23 минутах на то, чтобы полностью сосредоточиться на изучении чего-либо. Например, сфокусировать свое внимание на чтении книги. Если индивид способен заставить себя погрузиться в информацию на 23 минуты и при этом не отвлекаться на мессенджеры, видеоро-

лики, социальные сети и пр., то результатом может стать эффективная работа мозга над потреблением и обработкой информации. А. Курпатов также приводит статистику, согласно которой, в среднем, современный человек отвлекается на смартфон по 4 раза в течение часа. Получается, что каждые 15 минут он проверяет сообщения и новости, получаемые посредством мобильных гаджетов. И это практически лишает его шансов сосредоточиваться на чтении каких-либо серьезных текстовых документов. Человеческому сознанию свойственно упрощать всё сложное. И это, в первую очередь касается речевой коммуникации. Немецкий специалист по рекламе Вальтер Шенерт (Шенерт В. "Грядущая реклама") приводит пример из жизни, который иллюстрирует вышеприведенное нами явление. Жена по причине своей занятости отправила мужа одного в церковь на воскресную проповедь. В тот день священник вел речь о разводах и их пагубном влиянии на общество. Через несколько часов муж пришел домой и, как обычно, был немногословен. Жена спросила у него: "О чем рассказывал священник?" Супруг ответил: "О разводах". Жена продолжала любопытствовать: "И что же он сказал?" Муж ответил коротко: "Он против разводов".

ТИПОЛОГИЯТЕКСТОВОГО КОНТЕНТА ДЛЯ КОРПОРАТИВНЫХ САЙТОВ

Условно все тексты корпоративных сайтов можно разделить на базовые и регулярные. Базовые тексты являют собой по сути описание тех или иных разделов (страниц) сайта. К ним относятся, по большому счету, тексты главной страницы, тексты о самом сайте/организации/проекта (то, что часто обозначается как «О нас», «О компании», „Aboutus"), тексты разделов о продуктах/услугах и т.д. К регулярным текстам следует относить тексты разделов статей, новостей организации [Борисова Е.Г., 2016, с. 62]. Все эти типы текстов играют существенную роль в органическом продвижении сайта. Если они уникальны, релевантны тематике сайта и качественно написаны, то это очень хорошо отражается на поисковой оптимизации веб-ресурса (SEO). Многие владельцы сайтов недостаточно упускают из виду чаще всего такой вид текстового контента, как статьи. Между тем, сайты с надлежащим образом наполняемыми разделами статей ранжируются поисковиками заметно выше [Варфоломеева Ю.Н., 2016 с. 54]. Ниже приведены виды статей для сайтов, которые встречаются в Интернете часто ввиду своей полезности и интересности для аудитории. Каждый из вышеперечисленных видов публикаций на сайте имеет свои жанровые признаки и заслуживает отдельного исследования. В данной работе авторы решили привести этот список для того, чтобы показать разнообразие жанров так называемого в среде практикующих копирайтеров и контент-менеджеров статейного контента. Стоит отметить, что применяемый в данном случае термин «статья» на практике используется в качестве универсального определения текстовых произведений любого типа в большей степени для удобства.

- Рекламные статьи (адверториалы)
- Имиджевые статьи
- Обзоры продуктов
- Опросы
- Эксперименты
- Увлекательные истории
- Новостные заметки
- Статьи-инструкции
- Статьи-памятки
- Проблемные статьи
- Обучающие статьи
- Кейс-стади
- Статьи-подборки (идей, инструментов, рецептов, источников)
- Статьи-чеклисты
- Познавательные статьи
- Очерки
- Репортажи
- Интервью

При этом важно отметить, что публикации в целом бывают простыми и мультимедийными. Простые характеризуются тем, что состоят из текста и дополнительно какой-либо статичной визуализации, как то: фотография, рисунок или график. Мультимедийные же публикации отличаются наличием различных медийных форматов: тексты, фото, видео, инфографика, эффекты типа параллакс (это графический эффект, при котором фон изображения двигается медленнее фигур). Важна также и жанровость текстов, поскольку в зависимости от цели коммуникации понимание условной роли копирайтера и адресата (и его ситуации) влияет на конечный результат, Эти экстралингвистические факторы, с одной стороны, формируют текстуальные паттерны и, с другой стороны, за ожидаемое содержание жанра [UrsulaDoleschal, SonjaKuri, 2016, с. 10].

КОММУНИКАТИВНАЯ СТРАТЕГИЯ КОПИРАЙТИНГА В ИНТЕРНЕТЕ

шының көзі мен көңілінен суарылып шығып, бар бояуымен алдымызға жайылғанда жанды толқытады, қанды шымырлатады. Өйткені, қаламгер прозасы өмірдің шындығын ашады, өмірдің қатыгездігі мен әділетсіздігін, сонымен қоса, тәттілігі мен тұщылығын тұнық қалпында кестелейді" [*Дәуренбеков Ж., 1994, 10 б.*].

Б. Мұқайдың осындай өмірдің тұңғиығына үңіліп, ішкі рухани әлемінің қатпарларына сүңгіп, жазған шағын туындысы – "Тіршіліктің жүрегі" деп аталады. Шығарма – философиялық толғамдарға толы.

Әңгіменің мазмұны мен сюжеті жоғарыда біз сөз еткен шығармаға қарама-қарсы. Әлеуметтік мәселелерді психологиялық талдаумен шебер қиюластыра білген жазушы тағдыр тауқыметін көп көрген қарт ананың өмірге көзқарасын, көрген бейнеті мен кешкен қиыншылығын зерделей отырып, адамгершілік мәселе иірімімен бедерлейді. Кейіпкердің басындағы тауқыметін авторлық баяндаулармен жеткізе отырып, ішкі монологпен қабыстырады. Жалғызілікті кемпірдің сәби деп елжіреген жан-дүниесі әрқилы детальдармен бейнеленген. Перзент аңсаған қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы ұлттық жан-дүниесін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған.

Көрші балалардың әженің туған күніне жиналып, арнайы өлеңдер, тілектер жаттап, қолдарынан келген сыйлықтарын сыйлап құрметтеуі оқушының жүрегін жылытса, бұл жайтты автордың тегіннен – тегін алып отырған жоқ, әрине. Өмір құбылысының бір ғана сәті арқылы автор кейіпкер характерінің болмысын аша түседі. Қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы адамдық келбетін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін дәріптеп, қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған. «Әлеуметтік талдау жеке адам характерін ашуға қызмет етсе» [*Мұқай Б., 1993, 29 б.*], суреткер алып отырған туындысында әлеуметтік мәні терең өмір мәселесін алға тартады. «Қара талқан» әңгімесінде жалғыз ұлынан жылылыққа зор болған қария бейнеленсе, бұл әңгімеде жөргек иісіне зар қарт әженің образы сомдалады. Өзгенің баласын бауырына еркін тартып құшуға қашанда құштар әженің жан-дүниесі алай-дүлей. "Тас емшегі жібімесе де әйел деген аты бар, кішкене сәбиді көргенде емешегі езіліп, бауырына басып еміренгісі келіп кететін" [*Мұқай Б., 1993, 8 б.*]. Өз үйінің кең бөлмесін босатып, жанына жақын тартқан Қанат пен Гүлсім қыздары Жанаттың кемпірге жақындағанын қаламайды. Әрине, әркімнің өз перзенті өзіне. Дегенмен, бауырына тартып, бар мейірімін төге қарайтын кемпір шіркінге осыны артық көрген ақылсыз ата-ананың бейнесі оқырман көңіліне ұнамайды. Бұл безбүйрек ата-ананың жинақталған образдары. Автордың аталмыш әңгімесіндегі әлеуметтік мәселенің мәні тереңде. Маңдайына жаратушысы жазған тағдырды кешіріп, әйел біткеннің бұл жалғандағы ештеңеге айырбастамайтын ең асыл бақыты – ана болуды көре алмаған бейбақ қарттың жүрегіндегі мейірім мен шуақ арқылы тұлғасы биіктей түседі. Ол алғашқы әңгімедегі Жәнібек образы мен осы әңгімедегі Қанат пен Гүлсім бейнелерінен өзінің сезім тереңдігімен, адамға деген махаббатымен биік тұр. Қаламгер жазған әңгімелері қилы жағдайды қамтығанымен, мазмұнының мәні терең де жатыр. Иә, әңгімедегі суреттелген уақыт жазушының өзі өмір сүріп отырған орта мен заман. Ендеше автор өзі өмір сүріп отырған кезеңнің әлеуметтік проблематикасын көркемдік деңгейде оқушыға шынайы жеткізіп отыр. Баққожа Мұқай әңгімесінде алынған тақырып әр қилы көркемдік шешім тауып, әрине, жазушының характер сомдауындағы ізденісі мен өмір шындығын көркем шындыққа шебер айналдыра білуімен шебер ұштасып жатуы. Мінезі мен адамдық қасиетінің нанымдылығымен ерекшеленетін Сәния әжейдің көрші балаларды алданыш тұтып, оларды қуантуға тырысып отыруы шынайы суреттелетін сәттері оқушы көз алдына оның қайсар да қайырымды бейнесін әкеледі. Ал, қатыгез Қанат бейнесі шығарманың ортасында терең ашылады. Туған күніне дайындық жасаған әжейдің сол қуанышы болар сәтте жүктерін жинап, машинаға салып, жеке бөлініп шығып қана қоймай, өзіне де, балаларына да аналық мейірімін аямаған кейуанадан құтылғанына қуанышты сәттерін беру арқылы кейіпкердің нағыз характерін ашып береді. Бұл көркемдік детальдар арқылы өте ұтымды беріледі. Соңында қызы Жанаттың қоштасып тұрған сәтін де көп көріп, "Жанат үйге кір! – деді балконға шыққан Қанат зілді үнмен. Сәнияның жүрегі ине шаншылғандай шым ете түсті. – Ал, Сәке, сау болыңыз! Жаңа қонысыңыз құтты болсын!" [*Мұқай Б.,1993, 9 б.*] деген кейіпкер сөзі, әңгіме басындағы басты образ Сәнияның "Неткен жұмбақ адамдар?" Бетіне қарасаң жымиып күліп тұрады, бейне бір жаны бар қуыршақ тәрізді екеуі де. Күлкісі бірақ адамның жүрегін жібітпейді" [*МұқайБ., 1993, 8 б.*], деген ішкі монологы арқылы берілген ойы оқырманға ой тастайды.

Автор осы әңгімеде замана мәселелерін барлық қырынан бейнелеп, кейіпкерлер келбетін жекелеген мінездеу, мүсіндеулерді жарқырата ашып көрсетуде ең алдымен күрделі көркемдік компонент – диалогты пайдаланады. "Диалог арқылы сыртқы әлем бейнеленеді, пейзаж бен портрет сипатталады, предметтік заттық орта, жекелеген кейіпкерлер, субъективті түйсінулер әрекетімен суреттеледі. Драмадағы диалогтың бұл қызметі шындықты объективті тұрғыдан пайымдау міндетін толық атқара алмағанымен, көрермен, тыңдаушыларға оқиға, құбылыстар сырын дұрыс ұғуға біршама жол сілтейді. Көркем проза жүйесіндегі диалогқа тиісті үлес, салмақ та зор" [*Балтабаева Г., 1999, 244 б.*], дер болсақ, автор пайдаланған жоғарыдағы Қанат диалогы оқырманға оның ішкі әлемі бейнесінің бар бол-

мысын жайып салады. Бұл шығармадағы осы диалогтан сарказмның ащы ирониясын көруге болады.

Автор ұлт болашағының келелі мәселесін алға тартып отыр. "Нағыз жазушы әлеуметке ортақ өз кезінің таза моральдық атмосферасының рухани бейнеленушісі болумен қатар, өмірдегі келеңсіздікті батыл айыптаушы, жалпы адамзатқа ортақ гуманистік моральдық насихатшысы, әрі берік қалыптастырушысы қайраткер екенін ұмытпаған жөн. Сонда ғана заман мен замандастар алдындағы суреткер парызы өтелмек" [*Әлімбаев М., 1976, 79 б.*] – деп М. Әлімбаев тұжырымдағандай Б. Мұқай күнделікті өмірдің ащы шындығын оқырман жүрегіне барынша жеткізіп, жеке адам сезімін өмірлік мұраттарын толық танытуға тырысады. Басында апалап бауырына кіріп, өз қолдары ауыздарына жеткен соң алғыс тұрмақ жылы сөз айтуға жарамаған ата-ананың тәрбиесін көрген бүлдіршін Жанаттың болашақта қандай болып өсері туралы ой тастайды. Автордың алғашқы әңгімесіндегі Жәнібек пен Рауза мен Гүлсім мен Қанат бейнелері ұқсас. Себебі, бұлар нағыз адамға тән адамгершілік қасиеттерінен жұрдай, жанашырлық, үлкенді құрметтеу, ата-ананы аялау, мейірімділік, т.б. қасиеттерден құр қалған, ешбір жанға тигізер септігі жоқ, қарақан басын ғана ойлайтын адамдар бейнесі. Бұл ұлттық мінез бен санаға қабыспайтын зиянкес адамдардың жинақталған бейнелері. Автор осындай жандардың шынайы келбеті мен жан-дүниесін ашуда көркемдік компононттерді сәттілікпен қолдануға қадамдар жасаған. "Апыр – ау, осы Қанат пен Гүлсім неге кісікиік! Кінәсі бар кісілердей ешкімге жуымайтыны, көрші болып араласып тұрмайтыны қалай? Неткен жұмбақ адамдар өздері?!", – деп ойлады Сәния" [*Мұқай Б., 1993, 8 б.*]. Екі түрлі ұғым мен түсініктің соқтығысы арқылы жазушы қоғам, адам өзгерісі жөнінде ой сабақтайды. Автордың көркемдік тәсіл ішкі жан толғанысындағы көзқарасы тұрғысымен оқырман Қанат пен Гүлсім туралы пікір қалыптастырады. "Ішкі монолог ой сезімін жеткізетін автор сөзі тұрғысында берілуі мүмкін немесе тура кейіпкердің өз атынан айтылуы да ықтимал" [*Пірәлиева Г., 1996, 16 б.*] деген, зерттеуші Г.Пірәлиеваның тұжырымы біз сөз етіп отырған шығармадағы көркемдік барысын айқындайды.

Қаламгер шығармасына негіз болатын тақырып пен идеяны халықтың ортасынан алып, психологиялық мәнді шығарманы қоғамдық жағдайларға сәйкестендіре суреттеуі туындының эстетикалық мәнін аша түседі. Жазушы өзі өмір сүрген уақыт тынысымен ілесіп, проблемалық мәселе көтеріп отыр.

Белгілі ғалым-сыншы Ж. Дәдебаев "Көркем әдебиет өмір шындығын образ, адам образы арқылы танытады. Көркем әдебиеттің басты пәні – адам өмірінің шындығы. Көпке белгілі осы қағидаға орай, шығармада адамдардың азаматтық-әлеуметтік өмірі ғана емес, от басы, ошақ қасы, тіпті түрлі "бармақ басты, көз қысты" ұсақ-түйек істері де кеңінен суреттеледі. Жазушы бұл ретте де адам өмірінің шындығын суреттейтініне сөз жоқ. Алайда, бұл шындық қаншалықты мән-мағынаға иеленеді, қалай суреттеледі. Көркемдіктің басты мәселесі осы төңіректе анықталуға тиісті" [*Дәдебаев Ж., 1992, 38 б.*], – дегенді бүгінгі күндегі жазушылардың шығармаларындағы замана мәселелерінің суреттелу деңгейіне байланысты айтса керек. Сондықтан да, Баққожа Мұқай жазушылық жолында кейіпкер бойындағы заман рухына лайық болмыс бітім мен адамгершілік сапаларды көре біліп, оны бейнелеуде жаңаша суреттеу ерекшеліктермен дараланатындығын айта кету қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қирабаев С. Шындық және шығарма // Таңдамалы: 2т. – Алматы: Жазушы, 1998. – 1т. – 120-145 бб.

2. Мұқай Б. Жазушының жан сыры // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 6 қаңтар.

3.Мұқай Б. Алғашқы махаббат: Хикая мен әңгімелер. – Алматы: Рауан, 1993. – 184 б.

4.Виноградов В.В. О языке художественной прозы. – М.: Наука, 1980. – 360 с.

5.Дәуренбеков Ж. Маздайды шабыт шырағы // Жас алаш. – 1994. – 5 ақпан.

6.Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-1990): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 120 б.

7.Әлімбаев М. Қалам қайраты. Эсселер, сын, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 22 б.

8.Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1996. – 289 б.

9.Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Жазушы, 1992. – 210 б.

СЕЙСЕНБАЕВА ЖАНАР АЙТБЕРГЕНҚЫЗЫ
қауымдастырылған профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты
Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Ғылыми мақалада қазақ әдебиетіндегі замана шындығын суреттеудегі көркемдік құралдар мен әдістердің рөлі сөз болады. Көркем туындылардағы өмір шындығының көркем шындыққа айналу жолындағы бейнелеуші әдіс-амалдардың негізгі қызметін баса көрсетіп, суреттелген кейіпкерлердің адами болмысының барынша ашылуына айрықша көңіл бөліп, көркемдік тұрғыдан тұжырымдалуы туралы сараптама жасалды. Мақаланың мақсаты қазақ көркем прозасындағы өзіндік болмысы мен дара қолтаңбасы айқындалған шығармалардың шындықтың әсерлі көркемделуіне, ой мен образға, адамгершілік парасаттылыққа, терең философиялық мәнін ашуға бағытталған.

Түйінді сөздер: көркем шығарма, образ, тарихи тұлғалар, замана шындығы, сөз өнері, ұлттық характер, патриотизм, сюжет .

Резюме. В научной статье рассматривается роль художественных средств и методов в описании реалий современной казахской литературы.Анализ художественной формулировки реальности жизни в произведениях искусства, подчеркивающий главную роль визуальных методов в преобразовании художественной реальности, с особым акцентом на максимальное раскрытие человеческой натуры изображаемых персонажей.Целью статьи является впечатляющая иллюстрация реальности, мышления и образа, морального разума, раскрытие глубокого философского значения произведений казахской художественной литературы, которые имеют свою индивидуальность.

Ключевые слова: художественная литература, образ, исторические личности, реалий времени, риторика, национальный характер, патриотизм, сюжет .

Summary. In the scientific article, modern artistic means and methods are available in the description of modern Kazakh literature. Analysis of artistic reality, which focuses on the disclosure of the human nature of the characters depicted. Disclosure of the deep philosophical significance of the works of Kazakh fiction, which have their own personality.

Keywords: fiction, image, historical figures, realities of the time, rhetoric, national character, patriotism, plot.

Ұлттық әдебиетіміздің тереңнен тамыр тартқан тарихымен бірге бүгінгі кескін-келбетін айқындауда да қаламгерлік қабілетпен талант даралығының маңызы зор. Неғұрлым талантты жазушылар мол болса, ұлттық әдебиеттің керегесі кеңейіп, күмбезі көркейе түсері анық. Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан жазушылардың шығармаларын оқытып, заман шындығын суреттеу, оның көркемділігін түсіндіру – әдеби дүниеге деген қызығушылықты арттыратыны сөзсіз.

Білім мен ғылымның даму бағдарында, қазақ руханиятының көркею деңгейінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Бұл әдеби, мәдени және рухани жоба ертеңіміз, еліміздің болашағы, кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде бүгінгі күні білім алып жатқан күллі студент жастар көркем әдебиетке деген сүйіспеншіліктері артып, сол шығарма бойынан рухани мәдени болмыстарын қалыптастырса. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Адам баласының бүкіл ғұмырындағы ең сенімді және ең сабырлы серігі – кітап»[*Назарбаев Н.Ә., 2007,15 б.*], – деп атап өткеніндей, студент жастардың кітап оқуға ден қоюы бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Көркем шығарманың басты сипаты – адамгершілік қасиеттерге барып тіреледі. Адам мінезін, жан-дүниесін рухани ұлылыққа дейін шыңдау – көркем әдебиеттің негізгі қызметі екені даусыз. Көркем әдебиет ең алды-мен адамның ішкі ойының дөп басып, нақ қалпында нанымды суреттеліп, оқушы жүрегіне жол табуын ескереді. Шығарма бойында адам жанын тебірентерлік шынайы адамгершілік пен ар-ождан философиялық толғам-дармен көмкеріліп жатса, ол жазушылар қауымы ізденісінің жемісі.

Әрбір ұлттың ұлттық құнды қасиеттері сол ұлттың ұлттық тәрбиесіне (халық педагогикасына) байланысты қалыптасып отырады. Ұлттық тәрбие, халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиетте шығарма кейіпкерлері арқылы олардың тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін көрсету арқылы үлгі ретінде баяндаса, содан кейін оны көркемдеп көрсету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, сана сезімін арттыра түседі. Ал, ұлттық салт-дәстүрлер игі әдеттердің әдет-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрініс), әдептен дәстүр (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрінісі), дәстүрден салт (дәстүрдің

ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсетіп, жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады.

Әдебиет – адам психологиясына әсер ететін дүние. Жақсы жазылған көркем дүние адамды өзіне баурап, дуалап алғандай болады. Ол сөзбен салынған сурет іспетті. Ол тілмен бірге дамиды, тілден әдебиетті бөліп-жара алмайсың. Әдебиетке жақын адамның жаны, рухани жақтан бай болады. Әдебиет арқылы бізді әлем таниды. Әрине ол тілі мықты орныққан, дамыған ел болса. Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында халқымыздың отбасы тәрбиесіндегі әке мен ананың рөлін ұғындыратын төмендегідей тағылымды эпизод бар. «...Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі». Мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағау деп ұғынғанымыз абзал.

Ә. Нұршайықовтың жазушылық кеңістігіндегі қамтыған тақырыптары адамзат үшін әрқашан өзекті мәселе: достық, махаббат, адамгершілік, тазалық пен адалдық төңірегінде болды. Сонымен қатар, Ұлы Отан Соғысына қатысқан бұрынғы жауынгер, қазіргі ардагер Отанды сүю, ерлік пен батырлықты үлгі ету мәселесін де басты қағида еткен. Сондай-ақ, еңбек адамдарының ауыр тірлік жолындағы жан аямас ерлігі мен өзіне қойған қатаң талабын – еңбекқорлығын да өз очерктерінде оқырмандарына шебер де сенімді жеткізе білді.

Оның қаламгер ретінде халқына қалдырған көлемді туындыларының бірегейі саналатын еңбектері: «Махаббат жыры», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Автопортрет», «Өмір өрнектері», «Қалам-гер және оның достары», «Халима», «Боздақтар», «Мәңгілік махаббат жыры», балаларға арналған «Батырдың өмірі», «Алтын соқпақ» және т.б.

Тәлімгер-жазушы өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне де салауатты үн қосудан қалыс қалмады. Өзінің шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеяларды заманның тарихи-саяси, идеологиялық ықпал-дарымен ғана тудырмады, оған өмірлік тәжірибесін, халқының тәлімі мен мәдениетін арқау етіп, адамзатқа мәңгілік тақырыптарды шығармашылық нысанына айналдырды.

Сондай-ақ, ұлттық қаһарманымыз Б. Момышұлы туралы жазған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы арқылы батырды халық алдында биіктетті. Оның шығармалары – жастарды ерлік пен отансүйгіштікке шақыратын тәрбие құралы. Роман-сұхбатында Бауыржан Момышұлы өзі көріп, куәсі болған жайттарды байыпты саралып, жүйелі сөз етеді. «Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал, отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырлармен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отаншыл болады» [*Нұршайықов Ә., 1976, 85 б.*] – деп, тәрбиенің ұғымдарына нақты анықтама бере отырып, оның мағынасын адами мінез бен іс-әрекет, қарым-қатынас пен мәдениет, ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан да жан-жақты ашып көрсете біледі. Сол сияқты патриотизм ұғымын да батыр оқырманға түсінікті тілмен ашады: «... Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген – осы, патриотизм осыдан басталады».

Бауыржан Момышұлының болмысы мен қаһармандық ерліктері әр алуан оқиға, түрлі шегіністер, дерек пен дәйек көздері, тәлім-тәрбие арна-лары негізінде ұлттық құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Жазушы Ә.Нұршайықовтың «Ананың абзал қасиеттері, әдептілік пен ақылдылық, сыпайылық пен сыйласа білушілік туралы, жалқаулық – жаман әдет, шарапқорлық – бойға қорлық, темекі – тәннің жауы екендігі жайында жұртқа ғибрат боларлық мақалалар көбейсе, қыздар тәрбиесіне келтірер пайдасы көп болар еді деп ойлаймын» деген пікірі – бүгінгі қоғам тәрбиесіне өзіндік үлес қосуға жанашырлығы. Қазақтың қыз бала тәрбие-сіндегі өзіндік ерекшеліктерін жазушы шығармалары арқылы ұтымды пайдаланады. Меңтайдың «Апамның айтқандары» деп аталатын дәптерді қыз балаға қатысты қазақ халқының ұлттық педагогикасындағы өнеге-өсиет ретінде шығарманың тәрбиелік сипаттын арттыру мақсатында ұсынады.

Кейінгі белес жазушыларының бірі Б. Мұқайдың өмірдің тұңғиығына үңіліп, ішкі рухани әлемінің қатпарларына сүңгіп, жазған шағын туындысы – «Тіршіліктің жүрегі» ұлттық болмысты суреттеуге арналған туындылардың бірі. Шығарма – философиялық толғамдарға толы. Әңгіме-нің мазмұны мен сюжеті әлеуметтік мәселелерді психологиялық талдау-мен шебер қиюластыруымен қатар тағдыр тауқыметін көп көрген қарт ананың өмірге көзқарасын, көрген бейнеті мен кешкен қиыншылығын зерделей отырып, адамгершілік мәселе иірімімен бедерленген. Жалғызілікті кемпірдің сәби деп елжіреген жан-дүниесі әрқилы детальдармен бейнеленген. Перзент аңсаған қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы ұлттық жан-дүниесін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін

қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған. Қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы адамдық келбетін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін дәріптеп, қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған. Мәселен, «Тас емшегі жібімесе де әйел деген аты бар, кішкене сәбиді көргенде емешегі езіліп, бауырына басып еміренгісі келіп кететін». Қазақ қауымындағы әйел ананың балаға деген мейірімі мен шынайы сүйіспеншілігі арқылы ұлттық болмысты көркемдей білген осындай туындыларды білім алушыға ұғындыра білсек, қоғамдағы бүгінде белең алып жатқан келеңсіз жайттардан арылтуға үлес қосқан болар едік.

Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің ұлттық болмыс сипатымен ерекшеленген мінез-құлығы, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешеліктері болады. Ұлттық болмыс – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайларғасәйкес қалыптасып отырады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесіндегі бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды. Сондықтан шығармада ұлттық характер жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет ғұрыптарын тағы да басқа қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияғасәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», – деген ой айтады. Мысалы «Игорь полкы туралы жыр» орыстардың, «Махабхарата» Индия халқының, «Нибелунга туралы жыр» немістердің, «Манас»жыры қырғыздардың, «Ер Тарғын» жыры қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын шығармалар.

Қазақ әдебиетіндегі қалыптасқан, өз дәстүрі мен арналы асуы бар әңгіме жанрына: "Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделеген, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде, әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиғаайтылады. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктеріалдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесіарқылы айқындалады" [*Қабдолов З., 1996, 56 б.*], – деп «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» анықтама берілген. Ал, жанр табиғатын академик З. Қабдолов былайша тұжырымдайды: "Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден баурап әкетуі үшін, сол шағын көлемдегі шағын өмір эпизодының өзіндік тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжеткеене бастаған беттен-ақ оқырманның көз алдынаіші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы тиіс. Адам тұл көрінбейді, оның өзін, қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы шарт. Әлгіадам – соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет. Осылардың бәрі жазушыдан өмірді терең білумен қабат, шұрайлы сөз байлығын, жіті байқампаздықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамашасуреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзінеайналдырар нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді" [*Кәкішев Т., 1985, 230 б.*]. Әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда, өте қысқа, әрі терең талант пен шынайы шабытты талап ететін әңгіме – әрбір қаламгердің жазушылық жолындағы шеберлік мектебі болып саналады. Сондай-ақ, әңгіме – бір оқиға немесе жекелеген өткір тартыста қоғам өмірінің заңдылықтарын ашып көрсетуге бірден-бір ыңғайлы жанрдың әрбір кезеңдердегі даму жолы әркилы болды. Қазақ прозасындағы әңгіме жанры, әсіресе, жетпісінші жылдарда эстетикалық тұрғыдан кемелденіп, толыса бастады. Осы уақытта жазылған әңгімелердің қайқайсысында дастильдік, тілдік, тақырыптық тұрғыдан тың ізденістер көрінді. Кез-келген жанр секілді әңгімеде де өмір шындығы шашыраңқы тізбектелмей, таңдап, талғап алынып, қоғамдық-әлеуметтік шындыққасай жинақталып, көркемделуі шарт. Соның ішінде өмір мәселесін, заманаақиқатын шағын ситуациямен көрсетіп, бейнелейді.

Көркем шығарма дарынды жүректен туған болса, ол міндетті түрде өз заманы мен уақытында тұрған ең маңызды қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шыншылдықпен, суреткерлікпен бейнелеп береді және сонысы арқылы өз мезгілінің рухын оқырманға айнытпай жеткізеді. Өз заманының мұңы мен мұқтажын суреттеуді мақсұт тұтқан жазушыдан оқырманның күтетіні – ең алдымен шындық. Әрбір шығарманың негізгі көтерер жүгі шындық. Шындық болғанда да заман туғызған, қоғам туғызған ақиқат.

Көркем шығармада кейіпкер характерін жанжақты сомдап, даралау жолында қазақ әдебиетінде қыруар еңбектер жасалуда. Оқырман назарын аударалықтай бейне жасау нағыз суреткердің ғана қолынан келерісөзсіз. Өмір құбылыстарынан поэтикалық шығарма жасап, классикалық үлгіде ұсыну қазіргі күнде жазушылар ізденісіне тән. Қаламгерлер өз туындылары арқылы күнделікті өмірдің мәселелерін әлеуметтік проблемаларымен ұштастырып, оқырман көкейіндегі көптеген сауалдарға жауап беруге тырысады.

М. Горький: "Әдебиетші тек қаламмен жазбайтынын, сөзбен сурет салатыны өзі түсінуі

керек. Және де ол живописьтің шебері сияқтанып, адамды қимылсыз суреттемейді, тынымсыз қозғалыс, ұдайы әрекет, өзара қақтығыс үстінде таптардың, топтардың, жекелеген күресі жағдайында суреттеуге тырысады. Ал, әлемде қарсылық жүрмейтін қозғалыс жоқ" [Горький М., 1984, 317 б.] – дейді.

Әдебиетте өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, өрнек-айшығы, оқшау тәсілімен дараланған жазушы сөз өнерін жаңа образдар мен соны ізденістерімен байытты. Оның сомдаған кейіпкерлері күнделікті өмірде кездесетін, өмір шындығынан жаралған шыншыл бейнелер. Автор шығармашылығының барлығы дерлік тақырыптық-идеялық, проблемалық мәселелерден туындайтын автордың ізденіс жүйесін танытады, қаламгердің стильдік даралығын айқындайды.

Әрбір қаламгер – өз дәуірінің айнасы ғана емес, жоқшысы болып та саналады. Бұл жазушылардың ұлт болашағын тереңнен ойлайтын қайраткерлік тұлғасын даралай түсумен қатар, өз шығармалары арқылы ұлттық болмысты қалыптастыруға қосқан үлесі деп бағалауымыз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Назарбаев Н.Ә. «Көркем шығарма оқымауға болмайды». /Қазақ әдебиеті. – 2007, 13 сәуір
2 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы: Жазушы,1976. –350б.
3 Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 254 б.
4 Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 439 б.
5 Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 424 б.

ӘӨЖ 951/959

ТАШИМБАЕВА САКЫПЖАМАЛ ЖАЯНОВНА
аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПОЭЗИЯ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ СЫН-ПІКІРЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу-Насыр әл-Фарабидің әдебиеттануға қатысты еңбектері талданған. Оның поэтика, образ, ақын типі, жанр түрлері, стиль, шеберлік жайлы айтылған пікірлеріне талдау жасап, қазіргі әдебиет теориясындағы орнын айқындаған. Ғалымның барлық ғылым саласын талдай келе, логиканың саласы ретінде көрсеткен поэтика бөліміне жалпы әдебиеттану, сын тұрғысынан анализ жасалған. Ғалымның ой-пікірлері қазақ әдебиеті сынының бастау арнасындағы құнды ой-еңбектер болып табылады. Тек қазақ әдебиеті сыны емес, жалпы әлемдік сын тарихында әл-Фарабидің ойлары арна басында тұратын құнды пікірлер болып табылады.

Түйінді сөздер: поэтика, ақын, жанр, стиль, трактат.

Резюме. В этой статье анализируются работы Абу Насира аль-Фараби, второго учителя мира. Он проанализировал свои взгляды на поэтику, образ, тип поэта, жанры, стиль, мастерство и определил свое место в теории современной литературы. Анализируя все отрасли науки, отдел поэтики, который ученый определил как раздел логики, был проанализирован с точки зрения общей литературной критики. Взгляды ученого являются ценными работами начала критики казахской литературы. Мысли Аль-Фараби ценны не только в истории казахской литературной критики, но и в истории мировой критики.

Ключевые слова: поэтика, поэт, жанр, стиль, трактат.

Summary. This article analyzes the work of Abu Nasir al-Farabi, the second teacher of the world. He analyzed his views on poetics, image, type of poet, genres, style, craftsmanship and determined his place in the theory of modern literature. Analyzing all branches of science, the poetics department, which the scientist defined as a branch of logic, was analyzed from the point of view of general literary criticism. The views of the scientist are valuable works of the beginning of criticism of Kazakh literature. Al-Farabi's thoughts are valuable not only in the history of Kazakh literary criticism, but also in the history of world criticism.

Key words: poetics, poet, genre, style, treatise.

Шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби – әлемнің екінші ұстазы ретінде танылып, еңбектерінде Аристотельдің пікірлерін талдап, талқылап, қалың жұртшылыққа таныстырды. Оның екінші ұстаз болуының себебі – әлемнің алғашқы ұстазының еңбегін қайта таратуында еді. Өйткені Аристотельдің еңбектері түсінуге қиын, кез келген адамның өресі жете бермейтін, оқып-талдауға ауырға соғатын дүниелер еді. Ал әл-Фараби осы Аристотельдің еңбектерін ұғынықты тілде қайта жазып, халыққа қайта қауыштырды. Сол себепті екінші ұстаз болатыны сондықтан. Әбу Насыр әл-Фараби – өзіміз білетіндей, көптеген еңбектердің авторы. Ол логика, астрономия, метафизика, математика, философия, психология, поэтика – жалпы барлық саланы меңгеріп, осы бағытта көптеген өлшеусіз мұралар қалдырды. Жалпы саны 150-ге тарта еңбектерінде осы тақырыптар қамтылып, ой-пікірлері қазіргі ғылым жүйесіне етене кірігіп, осы бағытта түрлі ғылым салалары дамып, негізін осы еңбектерден алады. Соның бірі ретінде әдебиеттану ғылымын алатын болсақ, ғалым қалыптастырған теориялық пайым-тұжырымдар жалпы әдебиеттанудың негізі болып табылады. Жалпы, поэтика, әдебиеттану ғылымы бойынша ол "Өлең өнері туралы трактат", "Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат", "Әдебиеттегі пікірталас туралы трактат", "Риторика туралы трактат", "Аристотель "Риторикасына" түсіндірменің үлкен кітабы" секілді еңбектерін жазды. Ол «Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында» жалпы ғылым атауларына түсінік бере келе, логика атты ғылым негізіне сүйеніп, оны жіктеп, саралай келе, сегізінші саласы ретінде поэтика бөлімін айтады. Поэтика ұғымы – өте кең ұғым, жалпы біздің қолданып жүрген әдебиет теориясы саласы осы ұғымға келіп саяды негізінен деп ойлаймыз. Осы сала бойынша жазылған ең көлемді туындысы – «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» шығармасы. Еңбектің кіріспесінде ол Аристотельдің «Поэтика» еңбегін талдап, соған түсініктеме беруді жөн көргенін айта да кетеді. Осылайша ол бұл еңбекте барлығын талдап, соңына дейін жеткізіп, талқылап, ғылыми негіз жасамайтынын, тіпті әйгілі деген философтардың өзі философияның софистикасын толық талдамағанын алға тарта келе, тек мысалдармен, жалпы поэтикаға түсінік беріп, мағлұмат беретінін айтады. Әл-Фарабидің мына бір поэтикалық пайымдауын мысалға алайық: «Сөздің мағынаны

жеткізе алуы да, жеткізе алмауы да мүмкін. Мағыналы сөз жай немесе күрделі болады. Күрделі сөздерді "пайымдаулар" немесе "пайымдауға жатпайтындар" деп бөлуге болады. Пайымдаулардың кейі – айқын, кейі – бұлыңғыр. Айқын пайымдаулардың кейі – шынайы, кейі жалған болады. Жалған пайымдаулардың бір бөлігі қарастырылып отырған затты тыңдаушы санасында айқын бейнелесе, екінші бір бөлігі олардың ойында затқа еліктеу туғызады, осы соңғысы поэтикалық пайымдаулар болып табылады. Мұндай еліктеулердің кейбірі – кемел, кейі толыспаған болып келеді. Олардың толысу-толыспауының табиғатын зерттеп-зерделеу – ақындардың немесе түрлі тілдер мен диалектілердегі поэзияларды зерттеп, солар туралы еңбек жазып жүргендердің үлесіндегі дүние» [Әл-Фараби., 1975, 528-б.]. Бұл пікірінде ғалым сөздің құдіретін түсіндіреді, сөздің діттеген ойды жеткізуі де жеткізбеуі мүмкін, алайда ол сөзді кімнің және қалай қолдануында. Күрделі сөздерді пайымдаулар және пайымдауға жатпайтындар» деп бөліп, олардың кейбірі жалған, кейбірі шынайы болатынын айтады. Ғалым қолданысындағы «еліктеу» сөзіне назар аударатын болсақ, ол қазіргі әдебиеттану ғылымында «образ» сөзімен байланысты деп қарай аламыз. Аристотель де осы еліктеуді өнер түрлерінің (би, мүсін, музыка, кескін) негізгі атрибуты ретінде қарады. Ал әл-Фараби осы ойды жалғастыра келе, еліктеу сөзін образ ұғымымен алмастырды. Фараби сондай өлшем мен мазмұн мәселесін де жіті қарастырады. Ол өлшем бойынша жіктеулерді көбінесе музыканттардың саласына қарай негіздеп, тәл мен әуеннің негізіне жататынын айтады. Ал мазмұн жөніндегі түсініктерін поэзия талдаушы өкілдерге, мектептерге қалдырады. Фараби көп халықтарда өлшем мен мазмұнның араласып, кірігіп кеткенін, тек қана грек поэзиясы осы қағиданы негізге ұстанғанын айтады. Грек поэзиясын негізге алуы оның осы халық поэзиясын жақтап, дұрыс деуінде емес, тек барлық халыққа ортақ классикалық дүниелер болғасын, талдау үшін ыңғайлы болғандықтан, осы грек поэзиясын негізге ала отырып жіктейді. Осылайша, ол поэзияның жанрлық түрлерін бөле отырып, түсініктерді ортаға тастайды [Аль-Фараби., 1993, 345-б.]. Осылайша ғалым, осы поэзиялық түрлердің даму сатысын, жетілуі уақытын, жалпы поэтикасын кең зерттей келе, нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Мәселен, осы терминдердің арасындағы амфигенезис ұғымының қалай пайда болғанының төркініне тоқталады. Ежелгі мәдениет пен ғылым-білімнің енді дамып, қарыштап жатқан дәуренінде басқа ғылым салалары өзінің тұжырымдарын поэзия түрінде жазған. Мәселен, ибн-Синаның «Емшілік өнері жайлы трактаты» поэзия түрінде жазылып, халыққа өтімді, ұғынықты әрі әсерлі болуы үшін осы кейіпте танылған. Міне, осы тұста поэзия өнерінің басты қағидаттары негізге алынуы керек, поэзия осындай мақсатта сауатты түрде жүзеге асуы керек ойды алға тастайды ғалым [Аль-Фараби., 1993, 354-б.]. Бірақ сол кездерде осы жаратылыстану бағытындағы ғылым салаларын өлеңмен жазамыз деп жүргенде, өлеңнің, поэзияның құны түсіп, өлшемі мен мазмұнына дақ кіріп, өзіндік бояуын жоғалтып алды дейді. Ғалымның болжауынша, өлең – кез келгеннің қаруы емес, кез келгеннің қолжаулығы емес, кез келген тыға беретін зат емес, оның өнер екенін, оның тек өлшемі мен мазмұны ғана емес, көркемдігі, жеткізілу мәнері болатынын да ескертеді. Оның осы амфигенезиске берген бағасына қарап-ақ поэтика саласындағы талғампаздығын көреміз.

Сондай-ақ трактатта ғалым ақындарды үш топқа жіктейді. Бірінші топқа дарынды ақындар, яғни өлең өлшемдерін толық меңгермесе де, табиғатынан өлең болмысын туып, тумысынан логикалық жүйесінің әсерінен өз дарынымен көкірегі танып тұратын ақындарды жатқызады. Екінші топқа өлең өлшемін жетік меңгерген, барлық қыр-сырын білетін, көркемдегіш құралдарды өте сауатты пайдаланатын, бір сөзбен айтқан, өлең техникасын жетік меңгергендер. Ал үшінші топтағы ақындар – екі топқа да еліктеп, бірақ иа дарыны, иа өлең техникасына қабілеті жоқ, сол себепті екі кеменің құйрығын ұстап, жиі қателік жіберетіндер. Фараби осылайша жіктеуінің құны әлі мәні кеткен жоқ, қазіргі поэзиямызда да осы үш топ ақындарының өмір сүріп жатқандығы белгілі. Ғалым шығармашылықтағы ең басты ұстанатын қағида – еркіндік дейді. Еркіндік болған жағдайда ғана нағыз өнер туындысының туатынын айтады. Еркіндік деген – ой, қиял, шеберлік еркіндігі. Осындай шеберліктің аясында ол түрлі көркемдегіш тәсілдер – теңеу, эпитет, метафора, шендестіру, параллелизм секілді ұғымдарға да түсінік береді. Автор осы бір трактатының соңын жалпы өнер атаулыға тән ортақ белгілерді атап, өнер ұғымын синкретті құбылыс деп қарайтынымен аяқтайды. Кез келген өнер болсын, кескін, сурет, би, музыка, сөз – бәрінің ортақ қасиеті – еліктеу тудыру, оқырманға ләззат сыйлау, иландыру деп келе, барлық өнер саласының арасында байланыс болу керек дегенді айтады.

Фараби ғалымның әдебиеттану ғылымына, жалпы поэтикаға қатысты келесі бір еңбегі – «Поэзия өнері туралы трактат». Бұл еңбектің кіріспесінде ол араб өлеңінің құрылысы, пішімі, жалпы жүйесі туралы сөз қозғап, талдайды. Осы ретте ғалым өлең мен әуен мәселесіне жіті назар аударады, кей халықтар поэзиясы музыка мен өлең ажырамас тұтастықта жырланатын айта келе, олардың арасына «абай» болу керектігін теориялық тұрғыдан жіктеп береді. Ал «Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында» логикадан поэтиканы таратып, оның қарастыратын мәселесі үшеу деп қарастырады. Олардың біріншісі бөлімі – қарапайым және күрделі өлең өлшемде-

рін, буын мен бунақтың дыбыстық құрылымын, толымды және толымсыз өлшемдерді, олардың өзіндік ерекшеліктерін қарастырса, екінші бөлімі әрбір өлшемге тән ұйқас түрлерін, ұйқас құрамындағы дыбыс сандарының өзгеру ерекшеліктерін, толымды, толымсыз, моноримдік ұйқастар мәселесін қамтиды. Ал үшінші бөлімде поэзияда ғана қолданып, прозада қолдануға болмайтын сөздер зерделенген. "Әл-Фараби және Абай" атты еңбегінде көрнекті ғалым А.Машанов Әл-Фарабидің дүниенің сегіз сипатын математикалық тұрғыдан дәлелдегенін жаза келіп, осы сегіз сипатты Абайдың адам бойынан іздеп, өзі тудырған өлең түрін "Сегізаяқ" деп атағаны жайлы ой айтады [Машанов А., 1994, 105-б.]. Шын суреткердің көркем бейне тудыруы – қашан да адам қатынасымен, қайғы-мұң, қуаныш-сүйініш сияқты көңіл-күй әсерімен қанаттанған шынайы өнер туындысы дейміз. Қандай суреткер болмасын, оның қиялынан туған ой, ұғым, бейне қай жанрда да бағалы, көрнекі болады. Қаламгердің рухани жан байлығы, ойшылдығы, тереңдігі қоршаған орта, дүниені, жаратылыс мәнін ойнақыландыра ашуға жан-жақты көмегін тигізеді. Жеке тұлға – тек психологияның ғана емес, көркем әдебиеттің нысаны. Өйткені әдебиеттің басты пәні – адам дейтін болсақ, әдебиеттің күші мен қуаты адам игіліктеріне, яғни антропологиялық сипатқа ие. Кез-келген өнер туындысында адам бейнесінің сомдалуы, оның жан-жақты шынайы ашылуы неғұрлым жұртшылыққа айқын жетсе, бұндай басты ерекшелік әдебиетті соғұрлым жоғары нәтижелі белеске шығуына кепіл бола алады. Қандай өнер атаулы болмасын, оның басты мұраты – адамзат баласына қызмет ету. Өйткені шартараптағы, бүкіл дүние жүзіндегі барлық істер адамдардың игілігіне байланысты болғандықтан, өнердің жалпы тақырыбы – адам тағдыры болып есептеледі.

Адам мәселесі қай кезде болмасын, сол қоғамдағы көзі ашық, көкірегі ояу қайраткерлердің көзқарасындағы негізгі мәселе болатыны сөзсіз. Адамның тұрмысы мен тіршілігі үшін, тағдыры мен бақытты өмірі үшін күресе біліп, оны жырларына арқау ету – халқы дегенде жүректері қарс айырылатын ұлдардың жырларындағы маңызды мәселе. Дегенмен, заманына қарай адамы сәйкестенетіндей, адам мәселесін әр қаламгер өзінше қарастырады. Философияда адам өміріне, оның дамуына қатысты пікірлер де аз емес.

Адам – дүниедегі ең саналы, асқақ рухты, ардақты есім. Ал сол адамның басты қасиеті – адамгершілік мәселесі- мәдениеттану мен этиканың мәні мен өзегі. Адам адам болғалы оларға қойылатын негізгі талап – адам болу проблемасы. Адам өзінің адамгершілігімен, өмір сүру ерекшелігімен, өзін қоғамдағы орнын белгілеуімен, олардың танымдық, мәдени, психологиялық әрекеттерімен айқындалады. Қандай зерттеушіні алып қарасақ та, оның шығармашылығының ең өзекті мәселелерінің бірі – адамды жырлау, яғни адамтану мәселесі. Мұны ақынның идеялық мұрасын философиялық, қоғамдық, этикалық, саяси, танымдық, психологиялық, мәдени, ұлттық жағынан талдап, зерттеу арқылы аңғаруға болады.

Әл-Фараби мұрасының жалпы адамзат ғылымында алар орны ерекше. Оны біз З.Қабдоловтың мына бір пікірінен байқаймыз: «Осы трактаттарының қай-қайсысында болсын, ұлы ғалым өнер атаулының ақиқат өмірден ғана туатынын терең білгірлікпен тап басып, дәл түйген. Бұдан мың жылдан астам бұрынғы «соқтықпалы, соқпақсыз» бұлыңғыр дәуірде мұншалық сара ой-сана иесі болу адам баласының парасат тарихында дара туған даналардың ғана үлесіне тиген» [Қабдолов З., 1983, 62-б.]. Сайып келгенде, әл-Фарабидің мұрасы – ұшан-теңіз, біз тек әдебиеттану тұрғысынан ой-түйгенімізді атап өттік. Оның барлық ғылым салалары ғана емес, бір ғана поэтикасы бойынша біршама еңбектер жазуға болады, оның әдеби мұрасының өзі, бізге жеткен өлеңдерінің өзі бір төбе. Ғалым және оның мұрасы қазақ ойшылдарының басты үлгі тұтары болды десек қателеспейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әл-Фараби. Логикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 600 б.
2. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, стр. 368.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. –Алматы, 1994. – 192 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1983.

ББК 81’367



ТЫМБОЛОВА АЛТЫНАЙ ОРАЗБЕККЫЗЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ



ДӘРМЕНҚҰЛОВА РАЯ НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ тіл білімі кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕҢГЕРУ АМАЛЫМЕН ҚҰРЫЛҒАН ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕР НОРМАСЫ

Түйін. Мақалада қазақ тіліндегі меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестердіңжұмсалу ерекшеліктері мен нормалық сипаты қарастырылған. Меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестердің жарыспа вариантары талданып, олардың қолданыстағы көрінісі, құрылымдық жайы айтылады. Тіліміздегі жарыспалы вариантта жұмсалатын меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестердің жасалуына қатысты тұжырымдар беріледі.

Түйінді сөздер: әдеби норма, меңгеру, құрылым, сөйлеу тілі, жүйе.

Резюме. В статье рассматриваются нормы и особенности использования глагольных словосочетаний в казахском языке, образованных методом управления. Анализируются аналогичные варианты глагольныхсловосочетаний, образованных методом управления, а такжеих структураи применение в речи. Сделаны выводы о способах образования глагольныхсловосочетаний, созданных путем управления ииспользуемых в речи в аналогичных вариантах.

Ключевые слова: литературная норма, управление,структура, разговорная речь, система.

Summary. The article considers the norms and features of the use of verbal phrases in the Kazakh language, formed by the assimilation method. Similar variants of verbal phrasesformed by the assimilation method, as well as their structure and application in speech are analyzed. Conclusions are drawn on the methods of forming verbal phrases created by control and used in speech in similar variants.

Keywords: literary norm, control, structure, colloquial speech, system.

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің сөз тіркесіндегі құрылымдық өзгерістерді, жұмсалуындағы ерекшеліктерді анықтау, ондағы тіркесімдердің жүйелік және құрылымдық даму үдерісін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің қат-қабат жүйесінде сандық, сапалық өзгерістер болуымен қатар, грамматикалық құрылымның жетілуі ыңғайында кейбір тұлғалардың орындарының алмасып қолданылуы кездесіп жатады. Бұл көбіне меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестерінен көрінеді.

Тілдің синтаксистік жүйесінің даму барысында меңгеріле байланысқан сөз тіркестер құрамындағы өзгерістер туралы айтқан К.С. Горбачевич, «Меңгеру – бұл лексикалық және грамматикалық факт, форма, бұл жерде, әсіресе, сөздің негізгі мағынасы мен табиғатына, белгілі бір синтаксистік потенциясына тығыз байланысты» деген пікір білдіреді *[Горбачевич К.С.,1978,162-б.*].

Қазіргі тіл білімі тілдің бірізді жүйені құрап қоймайтындығын көрсетіп отыр. Тіліміздe қолданылу аясы жағынан жіктелетін параллель амалдар көп, ондай ұқсастық болмағанның өзінде де форма жүйенің әлеуметіне қарай кең ауқымда қолданылмай, белгілі бір нормаларға бағынып, лексикалық топтармен, грамматикалық көлеммен шектеледі. Осы тұста профессор Р.С. Әмірдің сөз тіркесі жүйесіндегі өзгеріс-құбылыстардың орнымен болуы туралы айтқан пікіріне назар аударайық: «Сөз тіркестерін орнымен дұрыс жұмсау – оның әр түрінің ішкі мағыналық, функциялық топтарын тілдік фактіге орай дәл тануға байланысты. Бірақ бұл оңай емес. Өйткені әр типтегі сөз тіркестері белгілі бір грамматикалық амал бойынша жасалады *[Әмір Р.С.,1997,9-6.]*. Тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, норма тұрғысынан зерттеу стильдік талғам мен тіл мәдениеті дәрежесінің артуына ықпал етеді.

А.М. Щербак түркі тілдеріндегі септік жалғау-

ларға сипаттама бере отырып, олардың өзара алмасып жұмсалуы туралы өз көзқарасын былай білдіреді: «Септіктердің өзара алмасып жұмсалуы немесе бір септіктің орнына басқа бір септікті қолдану – өте сирек құбылыс. Бұл әр түрлі жағдайға байланысты, өзінің тарихи дамуының ішкі жағдайына, тілдік қатынасқа және септіктердің болмашы семантикалық ажыратылуына байланысты» *[Щербак А.М.,1972, 8-б.]*. Сондай-ақ септік жалғауларының алмасып жұмсалуы орыс ғалымдарының (К.С.Горбачевич, В.Е.Ицкович т.б.) еңбектерінде де айтылады. Л.К. Граудинаның пікірінше, барлық грамматикалық формаларда септік жалғауының вариантарынан стилистиканың түрлерінің өзара әсерін байқауға болады *[Граудина Л.К.,1977,164-б.]*.

Тіліміздегі жекелеген қосымшаларды көптеген сөзге жалғап айтуға болғанымен, олардың көбінің жалғану шегі бар. Сөйлемдер құрылысы мен сөздердің синтаксистік байланысының белгілі жүйесі болады. Сөз тіркестерінің ішінде бағыныңқы сыңарға қосылатын септік жалғауларының жалғану тәртібі бар.

Септік жалғаулары сөйлем құрамына енген сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды өзара синтаксистік қатынасқа түсіруде шешуші рөл атқарады. Әдетте, септік жалғаулы сөздер сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болып келеді. Мысалы: көлге (*барыс септік*) барды, ағасымен (*көмектес* септік) сөйлесті, ауруды (*табыс септік*) емдеді. Зат есім және субстантивтенген басқа сөз таптары да септеліп, сөздердің байланысуына септігін тигізеді. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен жақсы байланыста болуы мен ойды дұрыс жеткізуде септік жалғауының орны ерекше.

Профессор М. Серғалиевтің «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» атты оқу құралында қазіргі қазақ әдеби тіліндегі синтаксистік (еркін) сөз тіркестерінің синоним болу мүмкіндіктері қарастырылған. Мұнда, әсіресе, септік жалғаулырының бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним тудыру ең өнімді тәсіл екенін мысалдармен дәлелдеген *[СерғалиевМ. С.,1991]*.

Тілші ғалымдарды меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары мен басыңқы сыңарларының байланысу дәрежесінің біркелкі болмайтындығы ертеден-ақ ойландыра бастады. Көп жылғы зерттеулердің қорытындысы меңгеруді іштей «берік және әлсіз меңгеру» деп бөлуге жол ашты.

Берік меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарының белгілі бір тұлғада (септік жалғауында) тұруы басыңқы сыңардың тікелей лексика-грамматикалық мағынасына байланысты болады. Ал *әлсіз* меңгеруде бағыныңқы компоненттің белгілі бір септік жалғауында тұруы айтылмақшы ойға, сөйлемнің мазмұнына, басқаша айтқанда меңгеруші сыңардың қосалқы грамматикалық мағынасына қатысты болады. Байланысқан сөз тіркестерінің берік және әлсіз меңгеру түріне қарап, берік меңгеру дәстүрлі нормаға лайық байланыстар тобын құрайды. Әлсіз меңгеріле байланысқан сөз тіркестердің ішінде басыңқы сыңар қызметіндегі сөздер арқылы нормалық көрінісі әр қырынан танылатындары бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіліміздің фактілеріне сүйенсек орын, мекен мағынасын көрсететін сөз тіркестерде барыс, жатыс, шығыс септіктерінің бірінің орнына бірінің жұмсалатынын байқауға болады. Грамматикалық тұлғалардың нормаға түсу процесі ұзақ уақытты, ұзақ қолданылу дәстүрін қажет ететін құбылыс екендігін ескерсек, бүгінге дейін етістіктердің меңгеру жүйесі толығымен аяқталды деп айта алмаймыз.

Септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, көркем шығармалар тілінде де ұшырасады.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары мен басыңқы сыңарларын шартты таңбалармен белгілейміз және бұдан былай солай жазылады. **ME** – меңгеру амалы арқылы құрылған етістікті сөз тіркестері, $\mathbf{М_бЕ}$, $\mathbf{М_тЕ}$, $\mathbf{М_жЕ}$,$\boldsymbol{М_шЕ}$, $\boldsymbol{М_кЕ}$ *мұндағы б- барыс септік, т- табыс септік, – жатыс септік, ш-шығыс септік, к-көмектес септік*. Құрылымдық типі (бұдан былай шартты түрде осылай беріледі) $\mathbf{М_бЕ}$болып келген сөз тіркесі былай оқылады: барыс септіктегі сөзді меңгерген етістік.

Септіктердің даму ерекшеліктері, олардың бір-біріне қатысы жөніндегі мәселелелер арнайы зерттеуді қажет етсе, қай жұмсалым нормаға лайық, қайсысы нормаға жатпайды деген мәселе де тереңірек мән беруді қажет етеді. Зерттеу жұмысымызда меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестерінің қолданыстағы нормалық деңгейін арнайы қарастыру мақсаты көзделеді. Сондай-ақ олардың негізгі, басты нормаға лайық жұмсалымын табу, синоним варианттардың мағыналарын саралап, оларды бір-бірінен ажырата білу мәселелері де назардан тыс қалмайды.

Кез келген септік бірінің орнына бірін ауыстыруға көнбейді. Мәселен, *дәрігермен сөйлесті, суретті көрді, үйге кетті, есікті ашты* тіркестеріндегі бағыныңқы сөздерді басқа септікке қойып осы объектілік қатынасты сақтай алмаймыз. Тіліміздің фактілеріне сүйенсек орын, мекен мағынасын көрсететін сөз тіркестерде барыс, жатыс, шығыс септіктерінің бірінің орнына екіншісінің жұмсалатынын байқауға болады. Грамматикалық тұлғалардың нормаға түсу үрдісі ұзақ уақытты, ұзақ қолданылу дәстүрін қажет ететін құбылыс екендігін ескерсек, бүгінге дейін етістіктердің меңгеру жүйесі толығымен аяқталды деп айта алмаймыз.Септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуы сөйлеу

тілінде ғана емес, көркем шығармалар тілінде де ұшырасады.

I. Барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестері. Барыс септік жалғауы жатыс, табыс, шығыс және көмектес септік жалғауларына алмасып жұмсалады. Оны мына мысалдардан көруге болады.

Септіктер		
Жатыс	***Табыс***	***Көмектес***
Айт намазы кезінде мешітке жұрт сыймай *далаға оқыр еді* *(*С. Мұқанов).	Ауылда жүргенде іші пысып *қалағааңсаса*, енді *ауылғааңсады* (Ғ. Мұстафин).	Ал Вотинцевке келіп сәлемдесуден бұрын Бейми Ташкенттегі АҚШ консулы Тредуэлл *мырзаға жолығып шыққан* (Ш. Мұртаза).

$М_6Е \rightarrow М_жЕ$ сөз тіркестері.

Барыс, жатыс септіктері алмасып қолданылғанда мекендік, мезгілдік мағына береді. Өздерінің мағынасына орай мекенді білдіретін сөз тек жатыс септік тұлғада меңгерілуге тиіс болып көрінгенімен, бірқатар етістіктер тілімізде барыс септік тұлғасында да тіркеседі: *суда шомылды- суға шомылды, далада ойнады- далаға ойнады*. Қазір тілімізде осылай айтыла береді. Дегенмен, әрбір сөз бен грамматикалық тұлғаның мәнін, қызметін саралап отыратын жазба тілде мұндай параллельдерге талғаушылықпен қарау бар. Екеуі де пысықтауыштық қатынаста жұмсалса да, қазіргі әдеби нормада бағыныңқы сыңары барыс септік жалғауында келетін тіркестер басым орын алады. Махмуд Қашқари сөздігінде мынадай фактілер де ұшырасады: сөз барыс жалғауында қолданылса да, жатыс жалғауын қабылдаса да, оның синтаксистік құрылым құрамындағы қызметі де мәні де өзгермейді: *оғлан сувда чөмді- бала суға сүңгіді*.Бұл құбылысты Е. Ағманов екі септіктің де бір күйде қалыптасу сыры сол меңгеруші етістікте болу керек деп есептейді *[Ағманов Е.,1992,16-б.]*.

3. Кукушева Н.Э. Мультикультурализм как теория нациестроительства в Казахстане.// журнал "Грамота"Омский государственный педагогический университет – 2016. – № 12 (74), часть 1. – с. 117-120
4. Сарым А. О нациестроительстве Казахстана. // Сборник эссе Центральной Азии. Программа изучения Центральной Азии Институт европейских, российских и евразийских исследований Школа международных отношений им. ЭллиоттаУниверситетДж. Вашингтона. – 2017. – с. 48-52
5. Чотаева Ч.Д. Мультикультурализм города Бишкек: этничность и язык в советский и постсоветские периоды. // Народы и религии Евразии. – 2018. – №3 (16). – с. 75-88
6. Арутюнова М.А. Языковая политика и статус русского языка в СССР и государствах постсоветского пространства // Вест. Моск. ун-та. Международные отношения и мировая политика. – 2012 – №1(25) – с. 155-177
7. Садыков С. Зарождениеказахской периодической печати и вопросынациональной самоидентификации // Международный научно-популярный журнал "Наука и жизнь Казахстана" – 2014. – № 6 (27) – с. 222-226

УДК: 81-22



ШЫНЫБЕКОВА АЙЖАН САХАНОВНА
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
«Шетел тілдері және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті



ТҰРАБАЙ ГҮЛДАНА КЕЛІСҚЫЗЫ
магистр, оқытушы
«Шетел тілдері және аударма ісі» кафедрасы
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

СӨЙЛЕУ ЭТИКЕТІНДЕГІ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТАР

Түйін. Бұл мақалада автор қазақша сөйлеу тіліне тән формулалардың әмбебап табиғатын ашатын тілдік белгілерді, драма тіліндегі сөйлесімнің ұлттық ерекшеліктерін айқындауға тырысқан. Сонымен қатар, сөйлеу этикетінің микрожүйесі – тілдік қатынас барысында әлеуметтік-реттеу қызметін атқаратын тілдік амалдардың жиынтығы. Бұл жүйенің екі жақты бағыты бар, біріншіден, сөйлеу этикеті тілдік жүйеге жатады, оның бірліктері тілдік нормаға тәуелді. Ал, екіншіден, сөйлеу этикеті жалпы этикеттің құрамдас бөлшегі ретінде адамның тәртібін басқаратын басқа формалармен тығыз байланысты екенін түсіндіріп, . объективті шарттар адамдардың әрекетін реттейтін болғандықтан, мұндай әрекетті өзіне сай ережелер, нормативтер бақылауын көрсетті.

Түйінді сөздер: тіл, тілдік қатынас, сөйлеу этикеті, этикет формулалары, сөйлеу тіліне тән импликатуралар, тіл мәдениеті, әлеуметтік этикет, хабардың семантикалық пресуппозициясы.

Резюме. В этой статье автор рассматривает универсальную природу языковой единицы, национальные особенности речевых актов в драматическом произведении. Так же, обьясняет что микросистема речевого этикета – совокупность языковых действий, выполняющих социально-регулятивные функции в процессе языкового общения. Эта система имеет двустороннюю направленность, во-первых, речевой этикет относится к языковой системе, единицы которой зависят от языковой нормы. Во-вторых, речевой этикет тесно связан с другими формами, управляющими поведением человека как составной частью общего этикета . так как объективные условия регулируют действия людей, такие действия показали контроль соответствующих ему правил, нормативов.

Ключевые слова: язык, языковая коммуникация, речевой этикет, формулы этикета, импликатуры характерные для речевого языка, культура речи, социальный этикет, семантическая пресуппозиция сообщений.

Summary. In this article, the author examines the universal nature of the language unit, national features of speech acts in a dramatic work. It also explains that the speech etiquette Microsystem is a set of language actions that perform socio-regulatory functions in the process of language communication. This system has a two-way orientation. first, speech etiquette refers to a language system, the units of which depend on the language norm. Second, speech etiquette is closely connected with other forms of controlling human behavior as an integral part of the overall etiquette . since objective conditions regulate the actions of people, such actions showed control of the corresponding rules and regulations.

Key words: language, language communication, speech etiquette, etiquette formulas, implicates characteristic of speech language, speech culture, social etiquette, semantic presupposition of messages.

Әрбір халықтың салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары уақыт бойынша өзгеріп отырған тарихи құбылыс. Олар тілде көрінеді және сөйлеу әдебінің арнайы ережелері ретінде сөйлеу этикетін анықтайды. Адам қатынасының әлеуметтік детерминациясы сөйлеу этикеті әр уақытта қайтадан пайда болады дегенді білдірмейді, олар әлеуметтік мұраның тәсілі ретінде мәдени дәстүр механизмі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мысалы, қонақ күту, оны қарсы алу, дастархан басындағы әңгіме тақырыбы, тамақ беру (сыйлы қонаққа берілетін ас түрлері) тағы басқа дәстүрлі этикеттер. Ауызекі қатысым, немесе тілдік қатынас адамдардың қоғамдағы әдебін қалыптастыратын маңызды үрдіс болса, тіл олардың объективті дүниетанымының деңгейін көрсетеді. Осы тұста әңгіме тақырыбына қатысты, тұрмысқа байланысты, әдеттегі қаты-

сым жағдаяттарында жиі қайталанатын типтік фразалар біздің санамызда дайын тұрады. Мәселен: – Хал қалай? – Жақсы; Мейрамыңыз құтты болсын! – Рахмет; Нәрестенің бауы берік болсын! –Айтқаныңыз келсін т.б. Жалпы типтік фразалар стереотиптердің нақты тобын, тұрақты сөйлеу формулаларын құрай отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнауына қызмет етеді. Коммуниканттар осы формулалардың көмегімен ынтымақтастықтың белгілі ережелеріне сүйенетін жоғары мәдени деңгейлі, сәтті қатысым қалыптастырады. Бұл тұрақты формулалар сөйлеу этикеті бірліктерінің микрожүйесін құрайды. Сөйлеу этикетін нақты тілдік құбылыс деп жүйелеп зерттеуге арналған еңбектердің бары сөзсіз.

Қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер де бұл мәселені назардан тыс қалдырған емес. Отандық тіл білімінде біраз зерттеу жұмыстары қазақша сөйлеу тіліне тән этикет формулаларының әмбебап табиғатын ашатын ерекшелігін әртүрлі бағытта қарастырған. Белгілі бір коммуникативті интенциямен жұмсалатын кез-келген тілдік бірліктердің пресуппозициясына, фатикалық компонентіне, иллокутивті қызметіне бағытталған дайын жауаптардың да бар екенін айта кеткен жөн. Мысалы: Ораза қабыл болсын! – Айтқаныңыз келсін!; Сапарыңыз сәтті болсын! – Айтсын!; Жолың болсын! – Аумин!; Үй-іші тегіс аман ба? – (Құдайға) Шүкір; Ертең кездесеміз ғой. – (Құдай) Бұйыртса. т.б. Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, кез-келген қазақ тілінде сөйлеуші бұл жауаптардың түпкі семантикалық пресуппозиясын айқындай алады. Қазақ сөйлеу тіліне тән импликатуралар арқылы адресат стимулдың иллокуциясын қалай қабылдағанын, яғни, стимул бойындағы реактивті тапсырмамен келісетінін не келіспейтінін, болмаса оны растайтынын не қарсы келетінін көрсетеді. Мұндай жауаптар стимул интенциясымен ұтымды үйлесіп, коммуниканттар арасында түсіністік орнатуға қызмет етеді. Өйткені олар тыңдаушы санасында орныққан. Осындай тілде бар дайын жауаптар қандай сөйлеу жағдаятында жұмсалса да, өздерінің иллокутивті қызметін орындайды. Адресаттың бұл тіл бірліктерін қолдана алуы, яғни, белгілі халықтың мұндай тілдік ерекшелігін білгені оның дүниетанымы, тәрбиесі, білім қоры деңгейінің көрінісі. Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінде құрылымдық және мағыналық тұрғыда ерекше лексикалық топ құрайтын тілдік таңбалардың бірі – қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді сөздер саналады. Сөздердің мұндай тобы мазмұны жағынан этностың менталь дүниесіне тән тілдік және тілден тысқары білімдер жүйесінің бар екенін көрсетеді. Бұл қазақ тіліндегі тілек атауына қатысты ассоциациялық өрістің мәнін ашып береді. Дегенмен, қазақ тілінің ұлттық мәдениетіне сәйкес қазақ тіліндегі тілек білдіру мәніндегі сөздер оң тілек және теріс тілек деп бөлінетінін байқаймыз. Біз қарастырып отырған драмалық шығармаларда да сөздердің мұндай лексика-семантикалық тобы бар сөйлеу актілері жиі кездеседі. Мысалы, «Уа, өркенің өссін, Аманкелді! Еліміздің ер ұлы!» оң тілек, алғыс айтуды білдірсе, «Өк-әй, өк. О, қарасан келгірлер. Колхоздың жинаулы шөбі болмаса іштеріне жақпай ма» ?-267б. Д.И. «Атаңның басы.. Тфу, қызталақ. Қайдан ғана шығып кетіп еді аузымнан»-29 бет. Д.И. Аман-сау жүрсің бе, иттің күшігі» -278б. Д.И; «Көрегең көгергір, сөйтпейсің бе бағанадан»-275б. Д.И.; «қарыстыр жағыңды!-201 бет. Д.И;» «Бір анадан ала да туады, құла да туады деген осы екен ғой. Тартпай тарпаң үзілгіре-ер!-208 бет.Д.И.;» т.б. сөйлемдерде кейіпкердің ашулы эмоциялық көңіл-күйін білдіреді. Мұндай дөрекі, тілдік нормаға сәйкес емес, ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі, бұл экспрессивтік негативті сөздерді қолдану – сыпайылық принципіне қарамақайшы болғанымен, драмалық сюжетті берудің, кейіпкердің мінез-құлқын сипаттаудың ұтымды құралы болып табылады. Соңғы жылдары тіл білімінде стилистика өзімен шектес ғылымдармен тоғысып, экспрессивті стилистика, коммуникативтік-прагматикалық сияқты бағыттарының негізі қаланды. Стилистика риторика, шешендік өнер, сөйлеу коммуникативтік теориясы, сөйлеу актілерінің теориясы, психолингвистика, прагмастилистика аспектілері негізінде зерттелінуде, жаңаша ғылыми теориялық мәліметтермен толығуда.

Қазіргі қоғамда ғылымның барлық саласында жаңа бағыттары қалыптасуда. Әлемдік лингвистикада соның ішінде стилистика ғылымын көп аспектілі салада зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді, сондықтан сөйлеудің жаңа коммуникативтік-прагматикалық қызметін, шешендік стиль мәселесін қайта жаңғырту, барлық стиль түрлерін толықтырып, түлетіп көрсету үшін прагматикалық мақсат әрекетімен байланыстыра зерттеу қажеттілігі туып отыр. Стилистикалық нормамен қатар тілдік нормалар бар, ол негізінен тіл мәдениетінің категориясына жатады, стилистикалық норма стилистиканың категориясы болып табылады. Тілдік норманың проблемалары тіл мәдениеті мәселесіне барып тіреледі. Тіл мәдениеті дұрыстық қана емес сөз мәдениеті, өнер мәдениеті жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі. Белгілі ғалым Н.Уәлиев: «Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерлі, ұтымды түрін талғау дегенге саяды» деген пікір айтады [Уәлиев Н .,1993, 362 б].

Тілдік норма – тіл мәдениетінің қарастыратын мәселесі. «Сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді тиімді пайдалана білу талабы арғы көне замандардың өзінде болған. Адам баласы өзінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани айнасы – тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып, мәпелеген. Қоғамның мәдени

дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам алдымен тіл мәдениетін, жазу өнерін дұрыс жолға қою, жетілдіру талабынан бастап отырған» [Уәлиев Н .,1993, 118 б]. Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды. Олар: тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбыстану нормасы); этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері); коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынастың тиімділік қағидалары).

Тіл мәдениеті тілдік норма туралы Р.Сыздықова, М. Балақаев, М.Серғалиев. Н.Уәлиев өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған болатын. Тілдік норманың проблемалары тіл мәдениетінің аясында қарастырылады. Қазіргі уақыт талабына сай, сондай-ақ, әлемдік тіл ғылымында тіл мәдениет «сөйлеудің тиімділік теориясы» ретінде аталып, әсер ету әрекеттестік (яғни, екі жақтың өзара қатынасының) бағытында зерттеліп жатыр. Осы әлемдік тіл мәдениеті көтерген проблемаларын қазақ тіл ғылымында жан-жақты зерттеудің прагматикалық аспекті арқылы шешу міндетін алға қоюда. «Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттілігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасында емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс. Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Олардың бастылары мыналар: дұрыстық, дәлдік, логикалық, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық» [М.Балақаев, М.Серғалиев., 2004, 114 б].

Тіл мәдениеті сөзді дұрыс, тәртіпті ғана пайдалану болып саналмайды, тіл мәдениеті эстетикалық бағдарды қамтамасыз етеді. Ол өзінің ең жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі, оның проблемалық мәселелеріне игі ықпал етіп, стилистикалық норманың қалыптасуына толық мүмкіндік жасап береді. Стилистикалық нормадан тілдік норманың өзгешелігі мынада: әдеби тілдің тілдік нормасын қолдану аясы шектеулі емес. Тілдік норма жалпы қолданыстың дұрыстық сапаларын игеріп отырады. Тілдік норма тіл мәдениетінің аясында қарастырылады, сондықтан тіл мәдениетіне иек артады. Тілдік норманың функционалдық табиғаты варианттылықтың бар болуымен байланысты. Тілдік тәсілдердің варианттылығы әдеби тілдің функционалды-стилистикалық жіктелуін қамтамасыз етеді. Тіл нормасы белгілі жүйелілік пен бірізділікке бағынады. Әр халықта бір-біріне ортақ болып келетін лексикалық мағынасымен бірге сыпайылық мағына білдіретін сөздер көп екенін байқауға болады. Дегенмен, ортақ сыпайы сөздер әр елде өз талап ережелеріне сай қолданылады.

Қарасай. Е, олай болса, үйге жүріңіздер. Алыстан келген қонақты ата дәстүрмен қарсы алу парыз емес пе?

Алагөзов. Рақмет! Рақмет! Күн кешкірмей «жаңа талапқа» жетуіміз керек. Әлі Моргун қонақ болады ғой... [С.Жүнісов.,1978. 234-б]

Сафура. Ә-ә сәлемат па? Қалай, жұмысың.. жақсы ма?

Сапар. Жаман емес.

Құлахмет. Кешірерсіз... Смағұл Толыбаевич... сіз, немене, сонша асығыс па едіңіз? Отырсаңызшы, тым болмаса, мына дастарқаннан дәм татыңыз. Сафура, бөтен келгендей состиып тұрғаның не? Үйге келген қонақты жатырқатпасаңшы... [Д.Исабеков, 1987, 145-б]

Нәзила. Әпке, сүйінші.

Қамажай. Тілеуіңді берсін, күнім-ау. Ол не қуаныш. [Д.Исабеков,1987,88-б]

Әр заманда әр халыққа тән әдептер мен дәстүрлер өмірге келіп, соларға сай сыпайылық қағидалар туындап, ғасырлардан ғасырларға жалғасып, ұласып жатады. Тыңдаушының сөйлесім мазмұнын дұрыс қабылдауы пікірлесімге қатысушылардың сөйлесу тәжірибесінің ортақ сипатына тікелей байланысты. Осы тұста П.Грайстың атақты ынтымақтастық қағидасы да адресаттың коммуникативті қызығушылығын есепке алу керектігін көздейтінін айта кеткіміз келеді. Басқаша айтқанда, бұл қағиданың негізінде қатысымның сәтті жүзеге асуы алдымен тыңдаушыға тікелей байланысты екендігі жатыр. Сонымен П.Грайс ұсынған ынтымақтастық қағидасы:

1) белгілі хабарды айт,
2) тек қана шындықты айт,
3) тақырыптан ауытқыма,
4) анық сөйле,
5) сыпайы бол дейді. Бұл адресатқа дегенде сөйлеушіге қойылатын коммуникативті міндеттердің талабы. Сонымен адресаттың ролін сөйлеудің тек әлеуметтік этикет формасы қана белгілемейді. Ол сөйлеушіні өз сөйлеу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға итермелейді. Демек кез-келген ауытқу тыңдаушының қайта сұрауларымен әшкереленуі мүмкін, себебі «сөйлеуге өндеу жасау адресат факторының қысымымен жүзеге асады» [Арутюнова Н.Д.,1981,358б]. Н.Д.Арутюнова адресат факторын оның сөйлеу актілеріне қатысы тұрғысынан сипаттайды. Ғалым алдымен сөйлеу актілерінің барлығы дерлік адрестелген бе, және сөйлеу актілерінің әр түріндегі адресат қызметіне көңіл аударған. Әрине Остин – Серль жіктеген сөйлеу актілерінде адрестелу бар, соның ішінде адресатқа жақыны императивтер мен сұрақтар. Бұлардағы адрестелу перлокутивті әсерімен түсіндіріледі. Себебі нақты тыңдаушысы жоқ сөйлеу актісі өзінің коммуникативті мәнін жоғалтады. Бұл дегеніміз, мысалы, сұрақтың риторикалық сұрақ болып кетуі және т.б. Мәселен, Мұны әурешілік деуге бола ма? Сөйлеу актілері ішінде адресат факторына тікелей байланысты комис-

сивтерді атап айтуға болады. Себебі комиссивтер әрекеттің немесе әрекетсіздіктің сөйлеу реакциясының категориясына жатады. Бұл стимул-өтініштің аралық реакциясы. Өйткені тыңдаушыны уәде беруге сөйлеушінің өзі итермелеп тұрады.

Сен... сен ренжімейсің бе? Ренжімеймін деп уәде бер, әйтпесе айтпаймын.

Ал ренжімеймін. Сағаң ренжіп жын ұрып па? Айтшы, кәне? [Д.Исабеков.,1987, 81-б]

Әлеуметтік этикетке жататын (Остин бойынша, бехавитивтер мен Серль бойынша, экспрессивтер) және адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін барлық сөйлеу актілерінде адресатқа бағытталудың бар екені сөзсіз. Оларда адресатқа қажет жаңа мәлімет жоқ. Этикет сөйлесімдердің болуы да, болмауы да өте маңызды.

Амансыңдар ма, жауынгерлер?

Амансыз ба?

Саламатсыз ба?

Төрлетіңіз, қойшы атай?

О, Ертегіші атай, төрге шығыңыз.

[С.Жүнісов, 1978, 184-б]

Сөйлеу актілері арқылы тыңдаушыға әсер ету үшін сөйлеуші белгілі тіл бірліктерін қолданады. Кез-келген перлокутивті қызмет негізінде сөйлесімнің үш салаға: әрекетке, ойға, эмоцияға бағытталған перлокутивті мақсаты жатыр. Сөйлеу актілерінің прагматикалық типтерінде (репрезентатив, рогатив, директив және т.б.) тілдік бірліктермен берілген авторлық интенция перлокуцияны да болжайды. Сөйлеу әрекетін жоспарлап, оны жүзеге асыру кезінде коммуникант қатысымға қатысушының әлеуметтік сипатын, соның ішінде рольдік сипатын есепке алады. Себебі сөйлесу барысында адамдар не тыңдаушы не сөйлеушінің ролін қабылдайды да, әрекетке қатысты өз бағаларын береді. Қарым-қатынас процесін әлеуметтік тұрғыдан бақылау қатысымдағы адамдардың рольдік репертуарына сай жүргізіледі. Психологияда роль дегеніміз – әркімнің әртүрлі әлеуметтік позицияда өзіне тағайындалған, белгіленген әдебі. Әрине, бір адам жағдаят түріне қарай әртүрлі роль (әке, отбасының мүшесі, маман, тұтынушы, жолаушы т.с.) орындайды. Бұл жерде оның әлеуметтік ролінің алатын орны ерекше. Себебі әлеуметтік рольдер қатысымға қатысушылардың сөйлеу әдебін анықтайды. Жағдаят кез-келген коммуникативтік актіге әсер ету есебімен қатысушылардың әлеуметтік рольдерінің, олардың психологиялық күйін толық қарастырады. Сөйлеуші де, тыңдаушы да өз ниеттерін сөйлеу қадамы арқылы білдіруі вербалды және әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Қатысымға қатысушылардың мақсаты мен уәжі коммуникативтік жағдаяттың компоненттерімен тығыз байланысты. Қатысымға қатысушылардың қоғамның мүшесі ретінде, сол қоғам белгілеген әлеуметтік нормалар мен ережелерді қолдануын, сөйлеу этикетімен есептесуін қадағалайтын – уәж. Мақсат – мүмкін нұсқалардың қолайлысын дұрыстап таңдау. Сөйлеу әдебінің нормасы әлеуметтік және мәдени факторларға сүйенеді де, ұлттық ерекшелікпен ерекшеленеді. Кең тараған көзқарас бойынша прагматика ұғымы адамның тіл бірліктеріне деген қатынасын зерттейтін сала. Ал тіл бірліктерін де адам қолданатын болғандықтан, қатысым прагматикасын тіл бірліктерінің өзара қарым-қатынасынан іздемеу керек, оны коммуникацияға қатысушы – адамдардың қарым-қатынасынан іздеген жөн. Себебі прагматиканың орталық категориясы – субъект категориясы, әлеуметтік жағдаят категориясы, яғни, адресат факторы. Әрине, бұл сөйлеу әдебінің қоғамдық белгіленген, дағдылы тәртібі екені рас, және сол қоғам мүшелері ұлттық ерекшеліктің осындай сөйлеу формулаларында бекітілгенін біледі. Дей тұрғанмен, сөйлеу формулалары тарихи құбылысқа, оқиға байланысты өзгермелі болады.

Сөйлеу этикетінің табиғатына келсек, сөйлеу этикетінің микрожүйесі – тілдік қатынас барысында әлеуметтік-реттеу қызметін атқаратын тілдік амалдардың жиынтығы. Бұл жүйенің екі жақты бағыты бар, біріншіден, сөйлеу этикеті тілдік жүйеге жатады, оның бірліктері тілдік нормаға тәуелді. Ал, екіншіден, сөйлеу этикеті жалпы этикеттің құрамдас бөлшегі ретінде адамның тәртібін басқаратын басқа формалармен тығыз байланысты. Объективті шарттар адамдардың әрекетін реттейтін болғандықтан, мұндай әрекетті өзіне сай ережелер, нормативтер бақылайды. Сондықтан да әлеуметтік нормалар әлеуметтік келісімнің маңызды механизмі қызметін атқарады. Демек сөйлеу тілінің қозғалысты, субъективті сипатымен байланысты сөйлеу нормасы болады. Ал сөйлеу нормасын «тілдік қолданыста таңдап, белгілеп пайдаланатын тұрақты, дәстүрлі тілдік құрылымның элементтерін сыртқа шығару» деп анықтайтын болсақ, онда бұл дегеніміз, нені айтуға болады емес, белгілі қоғамдағы дәстүр бойынша қалай айтуға болатынына көңіл бөлу керек . Мысалы:

Сапар. Сіз, Құлахмет ағаймен ажырасып, бақытты бола алатыныңызға кәміл сенесіз бе?

Сафура. Мен өмірден көпті талап етпеймін, өз үлесімді ғана талап етемін. Басқаның маған қажеті жоқ.

Сапар. Сонда, сіздің даулап отырған өмірдегі үлесіңіз Құлахмет ағаймен ажырасу ма? Және онымен арқан кесіскеннен кейін ұстайтын жібіңіздің «өз үлесіңізге» жеткенше үзіліп кетпей жететкей беретініне көзіңіз ете ме?

Сафура. Жетеді.

Сапар. Дұрыс-ақ, солай болсын делік. Сіз бас қамыңызды ойлап, жасыңыз қырыққа жетпей тұрған сәтте аман-есен өзіңіз туылғаннан бері сарғайып күткен жатқан «үлесіңізге» жеттіңіз. Сонда, Құлахмет ағайдың кісі аярлық халіне инедей де қабырғаңыз қайыспай ма?... Қате айтсам, кешіріңіз, сіздің Смағұлыңыз да өмірден «өз үле-

сін» талап етіп жүрген жанның бірі ғой, шамасы. Ол «Бақыт тауына» жеткенше ентігіп қалмай ма? [Д.Исабеков..1987, 149-бет.]

Бұл мысалдағы адресат сөйлеушінің стимулындағы хабардың семантикалық пресуппозициясына шамданып, наразылық білдіріп тұр. Өйткені бұл қазақ тілді ортаға сыймсыз әңгіме тақырыбы. Мұны тыңдаушы жауабының интенциясынан анық байқауға болады (Құлахмет ағаймен ажырасып, бақытты бола алатыныңызға кәміл сенесіз бе?). Сонымен тілдік норма әр деңгейдегі тілдік бірліктердің өзара тіркесім қабілетін белгілесе, сөйлеу нормасы нақты бір уақыт кесіндісінде сөйлеу жағдаяты, өзге де прагматикалық көрсеткіштердің ықпалымен қалыптасады. Сондықтан сөйлеу тіліне коммуникативтік-прагматикалық нормалар тән. Оған сөйлеу жағдаятына қарай тіл бірліктерін таңдау ережелері жатады. Коммуниканттар мейлінше сыпайылық ұстанымдарын бұзбастан, коммуникативті-прагматикалық нормаларға сүйенді. Бұл нормалардың түрі адамдар арасындағы қарым-қатынас үстінде қалыптасады. Сөйлеуші санасында аталған нормалар тәрбие, тәжірибе, білімнің арқасында қалыптасып, қабылданып, сөйлеу жағдаятының түріне қарай, сөйлеуші қажеттілігіне қарай қолданысқа түседі. Мәселен:

Бала – асау тай, әке – атбегі, тәрбие – жүген. Демек, атбегі нашар, жүген жоқ, тек асау тай ғана болған.

Сен адам болмассың. Ойлашы, қазір жасың жиырма бірде, төртінші курстың студентісің. Ақыл тоқтатар кезің болды. Сен туғанда мен жиырма бірде болғанмын, яғни әке болғам.

Перзент дүниеге келгенде жасы жиырма бірдегі адамға атақ әперу үшін емес, биологияның заңы бойынша келеді. Қайдан білесіз, бәлкім, осы тұрысыммен менде де әке деген атақ бар шығар.

Сенен туған бала да оңбас. [Д.Исабеков, 1987, 5 б]

Бұл жерде өзінің жақын адамына деген наразылығын жеткізу мақсатымен бірінші коммуникант сөйлеу стратегиясын ұтымды ұйымдастырғанымен, коммуникативті-прагматикалық норманы бұзды. Сөйлеуші де тыңдаушы да қоғамда қалыптасқан, адмгершілік, қағидатынан әлдеқашан аттап кеткен, әке мен бала арасындағы ыстық сезім, зор құрмет жоқ. Тек қана интенциялары қарама-қайшы адресанттың да адресаттың да сыйластық принципін бұзып, қатынастың тез арада тоқтатылуына әкелген қоғамға жат, жағымсыз әрекеттерін байқаймыз. Ол тұлға аралық қатысымның ережелерін есепке алмады да, тыңдаушының қатысымды тоқтатуына себеп болды. Себебі қандай қоғам, тілдік орта да болмасын әке мен бала арасындағы өзара қарым-қатынастан құрмет, сыйластық сияқты адамгершілік сипаттарын талап етеді. Жоғарыдағы мысалдар қазақ халқы тілдің көбіне прагматикалық қызметіне мән беретінін нақтылай түседі. Ауызекі қатысым барысындағы әрбір сөйлесімнің ықпал ету күші адресат факторымен қатаң түрде санасуы керек.

Қатысым орнатудың сәттілігі коммуникативті-прагматикалық нормаларды сақтауға да көп байланысты. Өйткені қатысым нақты коммуникативті жағдаят, әңгімелесушілердің интенциясы мен ниетін негіздейтін үйлесімді тілдік амалдарды таңдау, олардың (әңгімелесушілердің) ара қатынасы, жеке сөйлеу дағдылары мен қатысым жағдайы арқылы реттеліп отырады. Осы факторладың негізінде тілдік норманы қалыптастырудың негізгі өлшемі ретінде коммуникация барысындағы тілдік бірліктердің қолданысының функционалды-жағдаяттық сәйкестігін атауға болады. Ауызша қатысымның прагмалингвистикалық заңдылықтары әдістемелік тұрғыдан күрделі жүйе. Бұл жүйені қатысым субъектісі, әлеуметтік нормалар мен конвенциялар, тілдік амалдар, сөйлеу стратегиясы және тағы басқалар құрайды. Өйткені осы аталғандармен қатар, тілдік қарым-қатынасты сипаттау мен моделдеуге диалог тақырыбы, әлеуметтік ережелер, диалогтың интенциялық құрылымы және модалділігі жатады. Себебі диалогты өрбіту, қатысымдағы әңгіме тақырыбын ұйымдастыру, коммуникацияны сәтті орнату шарттарының заңдылықтары – қатысымды коммуникативті процесс ретінде зерттеуде кездесетін әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесуі мүмкін.

Әлеуметтік нормалар мен конвенциялар ұғымы жоғарыдағы белгілердің маңыздысы. Осылардың көмегімен нормалық шектеулер, яғни, коммуниканттардың рольдері, әңгіме тақырыбы, диалогты аяқтаудың шарттары, қандай сөйлесімнің және кинесиканың қатысым барысында сыймсыз, үйлесімсіз болатындығымен реттеліп, жүзеге асады. Сондықтан конвенцияны ынтымақтастыққа ұмтылу деп түсінуге болады. Сөйлеу әрекетіндегі нормалардың қызметі – жалпыланған, белгілі үлгіге сай, болжамды, сенімді әдепті қамтамасыз ету. Әлеуметтік нормалар – шекаралары белгіленген бағдарлама емес, әрине. Мұның өзіндік тәртібі бар жүйе. Бұл дегеніміз субъективті уәж қоғамда бекітілген нормаларға сай болуы керек. Ауызекі қатысым барысында мұндай принциптелген нормалар имплицитті сипаттағы сөйлеу стереотиптерінде және әрекеттесудің коммуникативті құрылымында көрінеді. Сөйлеу әрекетінің осындай әлеуметтік түрі: жазғыру – ақталу, нақтылау – қарсы келу, әрекетке итермелеу – бас тарту т.б. сияқты болып келеді.

Егер тілдің фатикалық функциясы макроинтенцияның бір түрін құраса, тақырып соны жүзеге асыру құралы болып есептеледі. Коммуникацияның иллокутивті аспектісімен қатар, тақырып та диалогты ұйымдастырушы принцип болып келеді. Әңгіме тақырыптарын бір-бірімен байланыстыра алу әлеуметтік құзіретке жатады. Қатысым орнатуға бағытталған коммуниканттардың екеуіне де қызық, өзекті тақырыпты енгізу оңай емес. Өйткені сөйлеу әрекетінің негізінде мәлімет пен оны қабылдаудың арасындағы күрделі қатынас жатыр. Бұл қатынасты жүзеге асыруға коммуниканттардың психологиялық қабілеттілігін вербальді тәсілдер жүйесі арқылы бере алуы көмектеседі. Коммуникативтік рольдердің алмасуы П.Грайстың ынтымақтастың принциптерін, Р.Лакоффтың сыпайылық ережелері мен Дж.Личтің әдептілік ережелерін қолданатыны мәлім. Себебі коммуниканттар

әлеуметтік қарым-қатынасты реттейтін өздерінің сөйлеу әрекетін ережеге сай жүзеге асыруға тырысады. Мұндағы адресатқа деген бағытталу – оның жасын, жынысын, ұлтын, білімін, мамандығын, қызметін қамтитын әлеуметтік ролін анықтау. Қатысымға қатысушылардың мақсаты мен уәжі коммуникативтік жағдаяттың компоненттерімен тығыз байланысты. Қатысымға қатысушылардың қоғамның мүшесі ретінде, сол қоғам белгілеген әлеуметтік нормалар мен ережелерді қолдануын, сөйлеу этикетімен есептесуін қадағалайтын – уәж. Мақсат – болуы мүмкін нұсқалардың қолайлысын дұрыстап таңдау. Сөйлеу әдебінің нормасы әлеуметтік және мәдени белгілерге сүйенеді де, ұлттық ерекшелікпен ерекшеленеді. Мәселен:

Ректор. Жарайды, ақсақал. Сонау жақтан әуре боп келген екенсіз, сөзіңізді жықпайын. Балаңызды институтқа қайтадан қабылдау жағын қарастырармыз.

Шал. Көсегең көгерсін, дегеніңе жет, қалқам. Үлкен сыйлап өскен шаңырақтан шыққан азамат екенсің. Көп-көп рақмет. Қолың босаса ауылға кел. Қазір жерге қарап отырған ешкім жоқ. Бүкіл ауыл боп, ағайын боп жер бастырмай күтіп аламыз.

Ректор. Жарайды, жарайды, ақсақал. Ол жағын көре жатармыз. Әзірге сау болыңыз! (Қолын ұсынады). [Д.Исабеков, 1987, 238-б]

Бұл мысалдардың біріншісінде қазақ тілінде сөйлеуші реципиент үшін ақсақалдың батасын алу, сыпайы сөйлесу, алғыс алу – мерейлі, мәртебелі іс, қоғамда белгілі бір қалыптасқан дәстүріміздегі үлкенді сыйлау, кішіге құрмет жасау, қонаққа шақыру, бата алу сияқты әдеп ережелері тұрғанын бірден түсінеді.Сонымен сөйлеуші де тыңдаушы да немесе адресант пен адресаттар – белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілдері. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік қоғамға, ортаға лайық болады. Қатынасқа қатысушылардың жас ерекшелігі, жынысы, мекені, кәсібі, жұмысы, отбасындағы орны оның әлеуметтік белгілері болып табылады. Кез-келген қатынасқа қатысушы адам өзінің әлеуметтік белгілеріне қарай, рөліне қарай сөйлейді. Оны біз драма кейіпкерлерінің сөйлеу тілдерін талдау барысында байқап отырмыз. Коммуникативтік тұлғалардың сөйлеуі тек жасына ғана емес, алған білім деңгейіне, өскен ортасына, қызметі мен кәсібіне, бір сөзбен айтқанда әлеуметтік мәртебесіне байланысты болып келеді. Тілде бар айла-тәсілдерді, тактикаларды ұтымды қолдану арқасында сәтсіз коммуникативтік жағдаятты болдыртпайды. Әдетте коммуникативтік тұлғаның жүріс-тұрысы, әлеуметтік әдебі сол ортада қалыптасқан нормаға сай болады. Сол нормаға сай тілдік қатынас жасайды. Алайда, сол қоғамда қалыптасқан нормадан, принциптерден ауытқыса, қатынас бұзылады. Сондықтан әрбір сөйлеуші сөйлеу барысында барынша сыпайылық сақтап, бірлестік, ынтымақтастық принципін орынды қолдануға тырысады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Уәлиев Н. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер жәнне тілдік норма. – Алматы, 1993. -199 бет.
2. М.Балақаев, М.Серғалиев: Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, Зият-Пресс, 2004 жыл. -114 бет.
3. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – 1981. Том 40, №4. – С.356-367.
4. Д.Исабеков. Жеті желкен. Ертеңді күту: драма. Алматы: Өнер, 1987. -298 бет.
5. Д.Исабеков. Жеті желкен. Әпке: екі бөлімді драма // Алыстан келген ананас: драма. Алматы: Өнер, 1987.-298 бет.
6. С.Жүнісов. Қызым сағаң айтам. Қос анар: екі бөлімді драмалық уақиға // Ажар мен ажал: үш актілі драма. Алматы: Жалын, 1978. -286 бет.

УДК 81’25

SHAMEYEVA SHYNAR
PhD Student
of international relations and world languages
of Kazakh Ablai khan university

COGNITIVE FEATURES OF ENGLISH-LANGUAGE ECONOMIC MEDIA DISCOURSE

Түйін. Берілген мақалада ағылшын тілді экономикалық медиадискурс және оның негізгі когнитивті-коммуникативтік ерекшеліктері қарастырылады. Жұмыста когнитивті лингвистиканың негізгі мәселелері қарастырылады, экономикалық медиа-дискурстың когнитивті құрылым және экономикалық саланың маңызды тұжырымдамаларының семантикасы ретіндегі ерекшелігіне талдау, сондай-ақ экономикалық медиа-мәтіндерді аударудың негізгі ерекшеліктері ұсынылған.

Түйінді сөздер: экономикалық медиа-дискурс, когнитивті лингвистика, тұжырымдамалық метафора, лингвистикалық концепт, гибридтік.

Резюме. В предлагаемой статье исследуется англоязычный экономический медиа-дискурс и его основные когнитивно-коммуникативные характеристики. В работе рассматриваются ключевые вопросы когнитивной лингвистики, представлен анализ особенностей экономического медиа-дискурса как когнитивной структуры и семантики важных концептов экономической сферы, а также основные особенности перевода экономических медиа-текстов.

Ключевые слова: экономический медиа-дискурс, когнитивная лингвистика, концептуальные метафоры, лингвистический концепт, гибридность.

Summary. This article explores the English-language economic media discourse and its main cognitive-communicative characteristics. The paper considers the key issues of cognitive linguistics, presents an analysis of the characteristics of economic media discourse as a cognitive structure and semantics of important concepts of the economic sphere, and also the main features of the translation of economic media texts.

Keywords: economic media discourse, cognitive linguistics, conceptual metaphors, linguistic concept, hybridity.

INTRODUCTION

In modern linguistics, interest in media discourse is growing, and a comprehensive study of media texts is necessary, since they reflect the changes and processes taking place in public life. Media discourse is one of the specific varieties of modern discourse. Various media constantly discuss the economic downturn, and describe in detail problems and prospects. Discursive and cognitive approaches to the language of the media have recently become very popular.

Cognitive linguistics has been dealt with by many famous scientists, such as S.A. Aristov, I.P. Susov, N.D. Arutyunova, E.G. Belyaevskaya, Yu.V. Kalugina, Sh.R. Nagieva, V.Z. Demyankov, including Kazakhstani scientists represented by G.G. Gizdatova, A.B. Ordakhanova, E.N. Ormakhanova, Z.K. Akhmetzhanova, M.Sh. Musataeva. In his study, G.G. Gizdatov writes about the cognitive strategy as follows: «Within the framework and perspectives of the cognitive approach, linguistics acquires explanatory power, since cognitive models appear in it as specific formations «from consciousness» that preserve the essence of the language. Cognitive models in this interpretation can and should act as well-defined «strategic rules» of the practice hidden behind perception» [G.G. Gizdatov, 2014, p. 306].

This article explores the cognitive-communicative characteristics of English-language economic media discourse. Cognitive-communicative theory makes it possible to combine various aspects of research, which include methods of linguistic objectification in the English-language economic discourse about the cultural and ethnic specificity of this type of discourse.

MAIN PART

A huge number of works by such famous linguists as V.I. Karasik, A.A. Kibrick, F.B. Beshukov, among which are the works of domestic scientists: B.A. Akhatova, A.Islam, B.Mizamkhan, G.G. Burkitbaeva, B.S. Zhumagulova, A.B. Ordakhanova G.S. Sultanbayeva, E.D. Suleimenova. The main concept of these studies is taken as a basis in this article.

M.K. Bisimalieva writes that the concept of “discourse” is most common in English and French, and the concept of “text” is more often used in German [M.K. Bisimalieva, 1999, p. 78]. G.G. Burkitbaeva considers discourse as “the sum of interrelated linguistic, cognitive, extra-linguistic and other features that are direct factors of its production, functioning and perception” [G. G. Burkitbaeva, 2010, p.141].

Among the many currently known formulations of the concept of “discourse,” the most accurately

cognitive-communicative paradigm is conveyed by M. Foucault's formulation: in his concept, discourse is the social practice of obtaining knowledge [M. Foucault, 2004, p. 73].

The famous linguist V.I. Karasik in his study identifies two types of discourse – personal and institutional [V.I. Karasik, 2004, p.208]. English economic media discourse is a type of institutional discourse that characterizes the verbalizable, thoughtful activity of professional media communication in mass media. The study of the English economic media discourse showed that the main characteristic of this type of discourse is hybridity, which is reflected in the duality of concepts and is implemented in all planes and in all directions that form this object. According to V.I. Karasik, an important component of the discourse are the central concepts that have great generative power. Around them is concentrated an extensive semantic field, for the description of which it is necessary to compile a sufficiently voluminous dictionary [V.I. Karasik, 2002, p. 280]. The language of economic discourse is not just a combination of words and phrases, but in a sense a complex structured education, the functioning of which is determined by its basic concept – economy.

The concept has a multi-level representation in the language. The most informative is the lexical level. Based on this level of research, we can distinguish a group of features that form the structure of the concept and express a certain way of conceptualization [M.V. Pimenova, 2005, p. 18].

It is assumed that the linguistic concept is always verbalized and can be expressed by lexico-phraseological units [S. V. Ivanova, 2004, p. 75]. In order to emphasize the key points, as an example, we analyze the semantics of the English word *economy* («экономика»). The Oxford Advanced Learner's Dictionary defines economics as the relationship between production, trade, and money (finance): *the relationship between production, trade and the supply of money in a particular country or region*. In the proposed example, the analyzed term is intertwined with another concept of the economic world – «money». It should be noted that the concept of «money» is also closely related to the second important concept of the economic sphere «finance». The described relationship can be observed based on the study of the dictionary definition:

Finance –

1) money used to run a business, an activity or a project;

2) decisions on how money is spent or invested.

According to Sh.R. Nagiyeva, "The main informational characteristics of economic terms in speech actualize the genre parameters of discourse." For example, Nagiyeva gives a definition of the term *money* in various educational monographs: *money as means of exchange, money as a unit of account, money as a standard of deferred payment, money as a store of value* in the texts and in the titles of paragraphs [Sh.R. Nagieva, 2015, p. 347].

When studying discursive acts, the analysis of linguistic discourses takes into account the cognitive communicative function of the language as a system of verbal signs – using the language to create a conceptual model of the world, positioning and identifying objects and phenomena of reality, describing events and facts.

The field of cognitive linguistics, which allows to expand the vocabulary in the chosen subject, is the theory of conceptual (cognitive) metaphors. It examines aspects of how we project our knowledge of specific, well-known objects in our life into abstract areas. The meaning of the cognitive structure of the source (source area) affects the cognitive structure of the target (target area), where words and expressions are associated with the source, but at the same time acquire other semantic meanings. According to the concept of the founders of the theory of conceptual metaphor J. Lakoff and M. Johnson, «the metaphor permeates our entire daily life and manifests itself not only in language, but also in thought and action. Our everyday conceptual system, within which we think and act is metaphorical» [G. Lakoff, M. Johnson, 1980, p. 387], «a metaphor is not just a phenomenon in the language, but a metaphor is the speaker's feelings, feelings and thoughts» [G. Lakoff, 1993, p. 5].

An analysis of linguistics allows us to state that the English-language economic media discourse is characterized by the presence of a huge number of stable phrases, figurative expressions that contain the following approximate meaning in their structure:

– the crown jewels (the most impressive or valuable possessions that you have):

– ultra-loose monetary policy (it occurs when the money supply is expanded and is easily accessible to citizens to encourage economic growth); [T.A. Orlova, O.A. Tremaskina, 2018, p. 47]

– boiler-room (a place where high-pressure salespeople use banks of telephones to call lists of potential investors by telephone often using dishonest or illegal methods of selling) [T.A. Orlova, O.A. Tremaskina, 2018, p. 47].

After analyzing the translation of the above-mentioned stable phrases, we can identify some linguistic features that the translator often faces in the process of work:

1. Rejection of the means of literal translation in favor of adequacy. However, it is important to accurately convey the meaning of the original text. For example, the expression «*mission creep*» has no equivalent in Russian, it means "the performance by organizations or people of functions unusual for them." It can be translated into Russian as "departure from the main direction", "distraction to secondary tasks" [A.B. Borisov, 2009].

2. Replacing parts of speech. For example, re-

placing an adjective with a noun: *Given how fast European economies are shrinking, nobody doubts that worse lies ahead.* – Given how fast the economies in Europe are shrinking, no one doubts that the worst is yet to come.

3. Translation of economic metaphors and sustainable expressions. During this process, difficulties may arise when trying to correctly translate. The problem is that if the text is translated by economists who speak the language and understand what it is about, but have no education or experience in translation, and beautiful English-speaking metaphors are translated very poorly. If economic texts are translated by highly qualified experienced translators without an economic education, the opposite is possible – a wonderful metaphor has been born, but the meaning may be lost or distorted. *He said that the money Bancorp took from the government "was a good investment, it was not a bail-out".* – He said the money taken from the Bancorp government was a good investment, not a *parachute jump*. *«But it has come at a heavy price in depleted natural resources»*. – However, the urbanization process has caused significant damage to natural resources. In the translation «it» had to be defined, and the stable expression «heavy price» had to be passed by means of translation of the value.

The cognitive features of the translation of the English-language economic media discourse consist in a variety of stable combination of words and conceptual metaphors. Many economic metaphors are based on a person's characteristics, feelings, skills, actions, and physical condition. For example: *The oil price will have its* ***revenge*** *[URL: http://hkr.diva-portal.org/smash/get/diva2:321193/FULLTEXT01].* The word "revenge" in this example is a natural human behavior, and also helps to describe the economic situation. *That is the reason why inflation targets should have a* ***floor*** *below which inflation is allowed to drop as well as a* ***ceiling***. In this case, the words «floor» and «ceiling» are used not as part of a building, but to indicate price limits. The word «ceiling» means that the price reaches its maximum value. *Foreign subsidiaries are proving a* ***headache*** *for big Spanish banks [URL: https://www.researchgate.net/publication/321403959_Economic_metaphors_in_business_English].* Here, the physical malaise of a person also conveys the difficult economic situation for Spanish banks. There are such cases when economic situations are personified with animals or plants. For instance, *Korea has a* ***blossoming*** *and diverse economy.* Here, «blossoming» means the successful development of the economy and business. *In essence, the pair thought they could survive only by moving like* ***sharks***. In this case, comparison with sharks means that in the modern world in order to achieve success, an entrepreneur must «borrow» some features of the behavior of these animals.

Conclusion

In the proposed work, the cognitive features of the English economic media discourse were studied. Summing up, we can conclude that the main cognitive feature of discourse is considered informative – ideas that the speaker exchanges in the process of communication. The cognitive-communicative approach makes it possible to combine different stages of the reserach, including methods of linguistic materialization in the economic media discourse of the English language about the cultural and ethnic specificity of this type of discourse. With the growing popularity of media discourse, as well as the formation of various approaches to the language of mass media, there is a need to study media texts, as they are large-scale transmit phenomena, changes and processes that occur in public life. The discursive practice of perceiving and creating media texts is a very complex phenomenon. Economic media texts are characterized by the use of lexical and syntactic language tools aimed at informing and simultaneously influencing the reader's consciousness. The duality of central concepts proves the hybrid nature of this type of discourse, which is formed by the intersection of mass information discourse and economic discourse and is limited by the volume of professional activity, participants and goals. Thus, the duality of the goals of economic English-language media discourse leads to their updating at the language level as a result of multidirectional strategies of language verbalization – strategies of expressiveness and standardization. These strategies interact in the media discourse, leading to the emergence of hybridity, which is one of the features of economic media text in English as a cognitive structure.

REFERENCES:

1. Арутюнова Н.Д. Дискурс. Большой энциклопедический словарь. Языкознание.

2. Борисов А.Б. Большой экономический словарь: 10 000 терминов. – 2-е изд., переработанное и дополненное. – М.: Книжный мир, 2009. – 864 с.

3. Бисималиева М.К. О понятиях «текст» и «дискурс» // Филологические науки. – 1999. – №2. – С. 78-85.

4. Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс и уровни его исследования // Наукові записки. Випуск 89 (5). Серія: Філологічні науки (мовознавство): У 5 ч. Кіровоград: РВВ КДПУ ім. В. Винниченка, 2010. С. 140-145.

5. Гиздатов Г.Г. Речевые стратегии постсоветского дискурса (реалии нового казахстанского слова)

// Преподаватель XXI век. – 2014. – №3, ч. 2. – С. 305-312.

6. Иванова С.В. Лингвокультурология и лингвокогнитология: сопряжение парадигм. – Уфа: РИО БашГУ, 2004. – 152 с.

7. Карасик, В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В. И. Карасик. – Москва: Гнозис, 2004. – 390 с.

8. Нагиева Ш.Р. Когнитивные особенности англоязычного экономического дискурса // Научный альманах. 2015. № 11-5 (13) – С. 342-350.

9. Орлова Т.А., Тремаскина О.А. Своеобразие языкового пространства англоязычного экономического медиадискурса кризисного периода // ВЕСТНИК ВГУ. СЕРИЯ: ЛИНГВИСТИКА И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ. 2018. № 1 – С. 46-49.

10. Пименова М.В. Антология концептов / Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. Том 1 – Волгоград: Парадигма, 2005. – С.15-19.

11. Фуко М. Археология знания. – СПб: ИЦ «Гуманитарная академия», 2004, – 416 с.

12. Lakoff G. The Contemporary Theory of Metaphor. Cognitive Linguistics. Cambridge: Cambridge University Press, 1993. 441 p.

13. Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. Chicago: University of Chicago Press, 1980. 456 p.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ
ART SCIENCE

ӘӨЖ17.07.01



ЖАҚАН ДҮЙСЕНГҮЛ СОВЕТҚЫЗЫ
фольклортану бөлімінің аға ғылыми қызметкері
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ЖАСАМПАЗ ӨНЕР ЖАЙЫНДА

Түйін. Бұл мақалада Қытай қазақтарындағы айтыс өнерінің даму жолы жайындағы Зейнолла Сәніктің еңбектері қарастырылды. Зерттеушінің жинаған аймақтағы айтыс өнерінің бізге белгісіз тың мәтіндері мен өзі төрелік еткен айтыс жайындағы ойлары ғылыми тұрғыдан талданып, ғылыми айналысқа енгізілді.Сондай-ақ, оның айтыстағы суырыпсалмалық қасиет, айтыстың түрлері, айтыстағы тіл құнарлылығы, қазіргі айтысты дамыту жолдары жайлы пікірлері талданып, бағаланды**.** Бүгінгі заманғы айтысқа қажетті өзекті ойлары сараланды**.**

Түйінді сөздер: импровизация, қағысу, қайым айтыс, ақындар айтысы, жасампаз айтыс, жаттамалы айтыс, дәстүр.

Резюме. В данной статье рассмотрены труды Зейноллы Саник, посвященные развитию искусства айтыса китайских казахов**.** А также исследованы неизвестные тексты искусства айтыса, анализируютсяимпровизации в регионах, с научной точки зрения. Также о свойстве импровизации, виды айтыса, язык калорийности, научные мнения о путях развития современного айтысапроанализированы и оценены.Были проанализированы ключевые идеи, необходимые для современного айтыса.

Ключевые слова: кағысу, кайым айтыс, айтыс акынов, импровизиционный айтыс, подготовленный айтыс, традиция

Summary. This article considers Zeinolla Sanik's works on the development of the art 'aitys' in the Kazakhs of China. New texts of 'aitys' art in the region unknown to us were collected by the researcherand his thoughts on the aitys he judged were scientifically analyzed and put into scientific circulation. He also analyzed and evaluated the views of the aitys, the types of aitys, the language of the aitys, the ways of development of modern aitys.The topical issues of modern 'aitys' were analyzed.

Keywords: improvisation, kaiym aitys, akyns' aitys, creative aitys, memorized aitys, tradition

КІРІСПЕ

Айтыс – халқымыздың ғасырлар бойғы өмірінің талап-тілектеріне сай туып, кең өркен жайған жанр. Осыған орай М.Әуезов кезінде: «Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жоқ. Бұл өлеңдер өте көп, көптігі жұрттың бәріне мәлім. Бұл күндері баспаға басылып, ол жазба күйінде жиналып жүрген айтыстардан басқа талай-талай жақсы айтыстардың әлі күнге жазылмай, жиналмай жүргені де толып жатыр. Бұдан айтыс сөз қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы болғанында дау жоқ» [*Әуезов М., 1985,36 б*]–деп жанр тарихының тамыры тереңде екенін атап көрсеткен. Ақындардың бойындағы көптен ерек өнердің пайда болуы жөнінде ақындардың өзінде де әртүрлі көзқарастар бар. Олардың бірқатары ақындықты киелі, әруақты, бір жат сырлы қасиет деп есептейді. Зерттеуші З.Сәнік те ақындық өнердің даму жетілу жолдарын да алғаш рет ғылыми тұрғыдан негіздеген ғалым Е.Исмайыловтың [*Исмайылов Е., 1956, 14-21б*], ақындықтың түп-тамырын шаманизм, бақсылық өнермен байланысты қарастыратын Ш.Уәлихановтың [*УәлихановШ.Ш.,1985,27б*], Г.Н. Потаниннің[*Смирнова Н.С., 1972, 48-54 б*],В.В.Радловтың [*В.В.Радлов, 1994, 33б*],пікірлеріне сүйене отырып, ақындық-

тың киелілігі жайындағы ұғым түркі халықтарына ортақ деп есептейді.

Яғни оның ой- тұжырымдары М.Әуезовтің айтыс ақынының өткірлігін «қынаптан суырылған қылышқа», ал шапшаңдығы мен байқампаздығын «бабындағы қыранға»[*Әуезов М., 1985, 35б*], ал С.Мұқановтың [*Мұқанов С.,1965, 556б*], «бәйгіге қосылатын тұлпарға» теңейтін балама-ларымен өзектесіп жатыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халқымыздың күні бүгінге дейін рухани азығына айналған айтыс өнері өзінің бойына сан түрлі өнер сипатын тоғыстырған синкреттілігімен ерекшеленеді. Халқымыздың бұл ғажайып өнерінің кеңес дәуірінде шынайы табиғаты көмескіленіп, мазмұнына саяси астар сіңдіріліп, идеологияның құралына айналған кезеңі де болды. Көшпелі дала мәдениетінің бар қасиетін бойына жинақтаған асыл өнеріміздің тынысы тарылып, нұсқаулар ұсынған тақырыптармен шектеліп, ақпа ақындардың арынын тежелген тұстардың өзінде «айтарын айтып» қалатын қазақтың ақиық ақындары аз болған жоқ. Қазақстандағы айтыс күнінінің қайта туған сәті 80 жылдардан кейін-ақ бұл үрдіс өз арнасын қайта тауып, әсіресе тәуелсіздік тұсында түр жағынан да мазмұн жағынан да жаңғырып, бір ғажайып даму биігіне көтерілді. Халықтың бұлттан шыққан күндей жарқыраған еркін, азат көңілін жырлайтын жыр семсеріне айналды. Айтыстың қайраткерлері дәрежесіне жетпегенімен, еркін ой айта алған, өзіндік бет-бейнесі бар айтыскерлердің жаңа толқыны өсіп шықты. Әрине, тәуелсіздіктен кейінгі Қазақстандағы айтыс өнерінің өкілдерінің өзі алдыңғы толқын, орта , және кейінгі буындар деп бөлінеді. Алайда олардың кейбір ұтымды айтыстары мен бір жарқ еткен жасын жолдары мен шумақтары болғанымен , сол өнерді кәсіп етіп, киесін қадірлеп, қадірінің қашпауына қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеп жүрген аға буын ақындар сирек. Алғашқы жылдардағы мектеп, оқу орындарындағы жүйелі түрде, облыстық, республикалық деңгейдегі аламандардың өткізілуі талай ақынның есімін елге әйгілегені белгілі. Бірақ бұл ұзаққа бармай, аяулы өнерімізге қайтадан саясаттың салқыны тиіп, тәуелсіз ақындардың тілі тұсалып, бір сарындылық, жаттанды, жасандылық басымдық алып, беделі түсе бастағаны жасырын емес. Жаттандылық, суырып салмалық өнердің табиғатынан алыстау, жазба жаттандылық пен алдын-ала дайын текстi айту, алдын-ала сценариін құрып алу фактіліері айтыстың шынайы бейнесін көмескілеп, оған деген халық ықыласының суынуы, күрт төмендеуіне соқтырғаны белгілі. Осы орайда Қытайдағы қандастарысмыздың айтыс өнерін қаншалықты қадірлеп, оның өшірмеу жолында атқарған істерін тілге тиек еткенде Шыңжаң қазақтарының мұрасын зерттеуші Зейнолла Сәнік ой-тұжырымдарын тілге тиек етеміз. Өйткені, ол бұл тақырыпқа бірнеше қайта соғып, айтыстың өзекті мәселелерін қозғайтын проблемалық мақалалар жазып, жариялап отырған. Әрі осы жанрдың табиғатын терең танитын білімдарлығы мен тереңнен талдай білетін ғылыми сараптауларының мән-маңызы бүгінгі айтыс маңында жүрген кім-кімге де ой саларлық құнды пікірлер.

Сәніктің «Қазақтың айтыс мәдениеті» [*Зейнолла С.,2017,28б*] атты мақаласы айтыс жанағына алғы сөз іспетті жазылған. Зерттеуші бұл ғылыми –танымдық мақаласында айтыстың пайда болу, дамуын дұрыс жүйелеп, жанрлық жігін айыра біледі.

Зерттеуші –ғалымның сөз додасына айналған айтыс өнерінің түп-төркіні мен оның даму жолдарын, айтыскер ақындар тұлғасының жіктелуі мен мамандану жағдайларын терең зерделей білген пікірлері Қазақстандағы осы тақырыпты қаузаған зерттеушілермен өрелес келіп жататындығымен бағалы.

Зейнолла Сәнік айтыс өнерінің ең басты қасиеті – табан астынан жанынан суырып салып айтатын тапқырлық екендігін көлемді мақаласының «Айтыстағы ой даналығы» деген тараушасында өзі де өрелі оймен астасқан ақынға тән сөз саптасымен, терең тиянақтаған. «Айтыс — аттың жалы, түйенің қомында жүргізілетін тіл сайысы, сөз сайысы. Оған ойлануға, толғануға мұрса жоқ, сәл кідіріп қалса ол жеңілгенге, сүрінгенге есеп. Әлдебіреумен кеңесіп акыл алуға да мүмкіндік жоқ. Осындай жөпелдемеде жауап тауып, қару қайтарудың өзі біздің айтыскерлеріміз бен ақындарымыздың ой даналығын сынайтын қысылтаяң кезең. Айтыскердің жанында отырып олардың өлеңіне ден қойып тыңдар болсаңыз: «Япырым-ай, мынаған не деп жауап қайтарар екен?», — деп айтыскерлерден бұрын өз жанының киналатыны даусыз. Міне, осындай кезде сұрауға өз лайығында дұрыс жауап қайтару үлкен тапқырлық, нағыз ой даналығы есептеледі. Қазақ айтыс өнері, міне, осындай ой негізінде құрылған» » [*Зейнолла С., 2017,35 б*].

Әрине ақпа ақындық қасиет тынымсыз ізденіс пен сөз сайыстарында жетілудің арқасында дамиды. Суырыпсалмалық ақындық өнердің табиғатын терең тексерген ғалым Е,Ысмайылов, ақындық талант пен қоса іздену, төселудің орны жоғары екендігін ғылыми тұрғыдан дәйектеген ғалым. Оның пікірінше: «Суырып салып өлең айтатын ақындар қандай жағдайда, қандай тақырыпқа болсын іркілместен көсіліп, жырлап кету үшін өмірді, халықтың бұрын-соңды тарихи тіршілігін терең, мол білуге тиіс.Өмірді аз білетін ой-өрісі тар ақын, таланты қанша зор болса да айтыс үстінде, суырыпсалма өлең айтуда сүрінеді, ұтылады, бір сілтеуі, бір серпілуі кем соғып отырады» [*Ысмайылов, Е., 1968, 27 б*].

3.Сәніктің аталмыш мақаласын айтыс өнерінің әу бастағы арнасы ретінде екі адамның өзара өлеңмен қағысуына ерекше көңіл бөлуі-

нен бастауының да мәні бар.Себебі,айтыстың ең көне бастауы әріде жатқандығын ғалым Е.Тұрсынов негіздеген болатын [*Тұрсынов Е.Д., 1976, 11-19 б*]. Себебі қарсылас жақтың сөз аңдысын аңдап, оған жөпелемде, табан астынан өлеңмен жауап беру іштей ұзақ уақыт жетілген ізденістің, мол сөз, білім қорының ұшқыр қиялмен ұштасу әсерінен ғана сәтті болмақ. Ал оған жететін жол ұзақ.Ол ең алдымен ауыл арасындағы, құрбы-құрдас, т.б. сөз қағысудағы тапқырлықтан бастау алады. Сондықтанда зерттеуші: «Айтыстану ғылымы тұрғысынан талдау жасағанда казақтың айтыс мәдениетін қағысулар, айтыстар, ақындық айтыстар (күрделі айтыстар) деп жіктеген жөн болар деп қараймыз. *Қағысулард*а замандастар арасындағы ұшқыр тілді қалжың, әзілі араласқан ата-бала арасындағы базыналық, ағайын-достар арасындағы сыйластық, қимастық жәйіттер келте-келте жауаптасулармен аяқталып отырады. Мұндай қағысулар мазмұн жағынан бірер детальға құрылып, көлем жағынан бірнеше немесе он неше шумақ өлеңмен тиянақ табады» – деп , дұрыс тұжырым жасай білген.

Яғни дәстүрлі айтыс әлеміне енудің ең алғашқы кілті – өмірдің кез-келген мәселесіне кез келген уақытта өлең арнап я болмаса қарсы жақтың тұтқиылдан қойылған сұрағына табан асты мүдірместен табан асты тапқырлық жауап беруге ғана ол табиғи талант деп есептеліп, көп құрметіне бөленіп, есімі ел аузына тарап кететін болған. Ондай ерекше қасиеттің қартайтаған шақта да адам бойынан өшпейтінгі жайлы қызықты жайтты З.Сәнік келтірген мәтіннен айқын тануға болады.

«...Бұрынырақта Жың ауданында өткен бір тойдың кешінде бір қария қымыздың күшімен болса керек, өзі замандас бір кемпірге «айтысам» деп әлек салыпты. Бұрын тойларда айтысып жүргендігін көлденең тартып, тепектеп болмаған соң кемпір:

«Өлеңіңе сиейін өлгенше айтқан,
Жетпіс-сексен жастарға келгенше айтқан.
Отыр ғой ұл ұяда, қыз қияда
Кеудеңе ұялаған қандай сайтан –

деген екен. Жүйесін тапқан бір ауыз сөзге жығылатын халық кемпірді қоштай жөнелген екен. Ескеуілдеп отырған қария төбеден ұрғандай отырып қалыпты.» [*Зейнолла С., 2017, 42 б*]. Бұл мысалдан байқалатыны: халықтың табан астында тауып айтылған сөзді айрықша қастерлеуі мен бірге сөзді орынды жерде айтудың өз әдебі мен жөн-жосыны болатындығына орынды көңіл аудартады. Аталмыш мақалада автор екі адамның арасындағы *қағысу* үлгісіндегі өлеңдердің тақырыптық ауқымы кең екендігін таныту мақсатындағы келтіретін тың мәтіндері арқылы біздің айтыс жайындағы ой-пікірлерімізді толықтырып,, айтыс мәтіндерінің аясын кеңейте түседі.

Қағысулар арнайы айтыс кезінде емес, көбінде айтыскерлер мен ақындардын кездейсоқ кезігуі кезінде, айтыс алдындағы өнер сынасу кезінде туатын көрінеді.

Қазақтың әзіл-қалжыңның астарына ерекше мән беріп, күлкі тудырудың өзінің жөн-жосығы қалыптасқан. Айтысқа епті ақындар тіліндегі әзіл-мен қалжыңның қасиеті тіпті арта түседі.

Зерттеуші кейде бойын ақындық шабыт билегенде қызығып кеткені сонша өз келінімен айтысып қалатын жәйіттері де кезігетіндігін айтып өтеді.. «Күш атасын танымайды» дегендейін кейде акындық та атасын танымай кететін тәрізді. Тарбағатайда өткен Танытбай деген ақын қызба табаңда келінімен айтысып қалған екен. Соның салдарынан ел арасында «Танытбай беттеніп» деген сөз калған. Бұл сөз сол өңірде «ұятсыз, арсыз, беті калың» деген сөздін баламасы ретінде колданылады. Ел ішіне кең тараған Алтайдағы «Манан ақыннын келінімен айтысы» да осының бір мысалы, өлендеріне карағанда оларды тіпті өмірі айтысып өткен деуге болады» –дейтін қызғылықты мәліметтер ұсынады. Бір өкініштісі: мұндай сирек айтыстар мәтіні көп томдығына ілікпеген. Мұның бәрі З.Сәніктің фольклорлық жанрларды ыждағатты түрде ел арасынан жинағандығын және жиналған мәтіндерді іштей саралап, тақырыптық-мазмұндық жағынан ғана емес, жанрлық жікке сауатты түрде ажыратып, саралап отырғандығын көрсетеді

Мұндай *сөзқағысулары* қазақ арасында жоқ қарау, жөн сұрасу, ас ішу кезінде де туындап отырған[*Зейнолла С., 2017,44 б*].

Оның өлең түрінде ғана емес, қара сөз түрінде кездесетін сирек нұсқаларының бірінің мазмұнын келтіреді. Бұл әрине,жекелеген сөз қағысулардың, тапқырлықтардың мысалы ретінде алынған. Жалпы біздің халқымыздың ең бір аяулы ізгі қасиеттерінің бірі – сөзөнеріндегі қыз баланың ой еркіндігіне мүмкіндік беру. Әрине, қазақи әдепте өскен қазақ қызы өзінің ибалы мінезі мен қылығының жөн-жобасын сақтай отырып айтысқан. Бұл – қыз бен жігіт айтысында қызға ғана емес жігітке де қойылатын қатал талаптардың бірі болған. Айтыс мазмұндарын тыңғылықты тексерген зерттеуші кейбір айтыстарда ақырында кімді-кімнің жеңгені анық айтылғанымен, айтыстын тиянақ тапқан жеріндегі айтылған өлендердің нәріне, қайтарылған жауаптың қаруын тапқан-таппағанына қарап оны айыру қиынға соқпайтындығын, жалпы айтысқа түскен ақындар айтыста өлең шығара алмағандықтан жеңілмейтіндігін тұжырымдап жеңіліс әкелетін екітүрлі мәселенің мәнісін талдайды: Зейнолла ақсақал тұжырымдағандай, «... жеңілу мен жеңу өлеңнің ұзын-қысқалығына да байланыстысты емес. Бажайына түскен, жүйесін тапқан бір ауыз өлең болса болғаны соның өзіне қарсы жақ сылқ етіп жығыла салады. Сөзге тоқтау халқымыздың ежелгі сөздегі анты» [*Зейнолла С., 2017, 52* б].

З.Сәнікте айтыс жайлы зерттеу еңбектерінде осыған баса назар аударып, «Айтыстағы дәстүр-

лілік» аясында қарастыратын ойларын « Қазаққындар айтысы ұрпақтан- ұрпаққа жалғасқан, атадан балаға мұра болып отыратын дәстүрлі касиетке ие. Айтыскер ақындар өзінен бұрын өткен ақындардың майталмандарын пір, ұстаз тұтып, олардың айтыс өлендеріне мұрагерлік етіп, ауыздан-ауызға, елден-елге таратып отырған. Сонымен бірге өз өлендерін де, өздерінің кіммен айтысқандықтарын, әріптесінің не дегенін, онан өзінің қалай қару қайтарғандығын жұрт арасында әңгімелеп жүрген. Айтыстағы адалдық принципі – осындай қасиеттерімен қоса жазба мәдениетке емес, ауызша дәстүрге сүйенетін кезеңде айтыс үлгілерінің ұрпақтан-ұрпаққа бұлжымай жетуінің бірден-бір жолы болған.

Сөз зергері айтысқа қатысты әр кезеңдерде жазылған проблемалық мақалаларында ақындарға қойылатын басты талап ретінде тілдің құнарлылығын арттыруды міндеттеп отырған. Сондықтанда айтыстың жинағы жайында «жинақты үлкен жыр айдыны» – деп есептесек, оның сәнсәулетін келтіріп, арыстан жал асау толкындар тудырып, жан бітіріп тұрған нәрсе – жырдын шұрайлы тілі деуге болады. Зерттеуші еңбегін ақтарып отырсаңыз, онда небір хикмет суреттеулер, тамаша символдар, небір тайпалған образды ойлар, құнарлы тілдер кездеседі. Сәніктің қазақ айтыстарының тіл құнарлығын талдайтын тұстағы келтірген мысалдарына қарап отырып, оның бүкіл қазақ айтыстарының мәтінімен танысып, талдап, шыққандығын байқауға болады.Ол айтыстың тарихын танытып қана қоймай оның бүгінгі заманғы даму барысына да зер салып,бары мен жоғын түгендеп болашағына жөн сілтейді. Түрлі мәдени қысымдар мен шектеулерден кейінгі Шыңжаң өңіріндегі бұлттан шыққан күндей сәулелі шақтарындағы айтыс өнерінің даму қарқынын қуана масаттана жазады. Ақынның шабытына дем беріп, айтыстың көрігін қыздыратын *көрермен мәселесі* жайлы да арнайы тоқталып, оның айтыстағы мәнін айқындайтын тұжырымдар түйіндеген.

Шынында да айтыс – халқымыздың ой даналығы мен білім шанағының кеңдігін көрсететін өнер. Ал қытай қазақтарындағы бұл ғажайып өнердің жалпы қазақ халық мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі даму тарихын түгендеп, айтыскер ақындарының шеберлігін талдаған аталмыш еңбектер біздің айтыс мәдениетіміздің басқа халықтардан ерекшелендіріп тұратын даралық қасиеттерімізді танытатын, сөз құдіретіне тәнті еткен тамаша дәстүріміздің бірегей болмысы екендігін тереңдте, таныта түседі. Бұл тұжырымдарымызды халық мәдениетінің білгірі С.Қасқабасовта: «Айтысты шынайы өнер деңгейіне көтеруіміз керек»[*С.А.Қасқабасов, 2010, 176*] – дейтін мақаласында: «Халық сүйіп тыңдайтын, елді жақын тартатын бір керемет өнер – осы айтыс. Сонау көне заманнан күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан жаһар. Өйткені, айтыстың атқаратын міндеті мәнді әрі көп болған. Ең алдымен айтатын болсақ, айтыс – өнер. Бұның ең басты қызметі тыңдаушыға эстетикалық ләззат беру. Неге? Себебі, айтыс синкретті өнер. Онда әрі ән, өлең, домбыра және орындаушы бар. Осының бәрі жиналып келіп айтысты үлкен деңгейге көтеріп, көп тармақты, көп түрге айналдырып отырған. Тіпті, сахналық өнер мәртебесіне дейін көтерілген. Сол тұрғыдан келгенде айтыстың басты мақсаты елдің көңілін көтеру, эстетикалық ләззәт беру, рухтандыру болған. Сондықтан да қазақта суырыпсалмалық қасиет жоғары бағаланған»– деп жан-жақты дәйектеген.

Қай қырынан қарастырып, қандай тұжырымдар түйінделсе де айтары таусылмайтын айтыс өнеріндегі қазақтың ақындық қасиетінің, айтысқа дарындылығының ерешелігіне қатысты З.Сәніктің де зерттеуші ретіндегі жасайтын өзіндік тұжырымдары қызғылықты әрі көңіл аударарлық. Халық өнерінің бағасын осылайша биік бағалаған зерттеуші тек айтыс тарихын зерделеп, оның ғажайып табиғатына тамсанумен ғана шектелмейді.Еңбектерінен, байқағанымыздай, өмірінің соңына дейін осы бір киелі өнердің алтын арқауын босатпаудың жай-жапсарын безбендеп, мәселе көтеріп, мақала жазып, ел ішінде айтыстар ұйымдастыруға мұрындық болып, сол айтыстардың жақсысына сүйініп, байқаған келеңсіздіктерді жоюдың міндеттерін тиісті орындар мен ұйымдардың есіне ұдайы салып отырғанға ұқсайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы айтыс мәтіндеріне зер салсақ, айтысқа түскен сөз басындағы жеңіл қағысулардағы ақындар ұсақ-түйек қалжыңдардан бастап, күрделі ойларға жетелейтін, үлкен дау тудырып тайталасты шешімді жауаптарға жетелейтін жағдайлардың айтыскер ақындардың өзінде ширықтырып, шамырқандыра келіп, көкірегін жара жарыққа шыққан жаһар жыр жолдарының төгілуіне дейін жеткізетіндігі байқалады. Біз де, халқымыздың қайталанбас ғажайып өнері айтыстың бала жастан жанкүйері, жыр сүйген қазақтың бір перзенті ретінде Зейнолла Сәнік ақсақалдың айтысқа деген керемет құштарлығын түйсініп, күні бүгінге дейінжалғасып, халқымыздың рухани азығы, жан жадыратар тамаша сауығына айналған киелі өнер жайындағы жанайқайын, жаңашырлық сезімін жанымызбен сезіндік. Себебі, Сәнік көтерген айтысқа қатысты мәселелердің біразы әлі де болса біздің айтыс өнерімізді дамыту, жаңғырту жолында ең алдымен, айтыскер ақындарымыздың, екінші кезекте оны ұйымдастырушылардың ой, өнер безбеніне салып өлшеп, өз кәдесіне жарата аларлық құндылығымен қымбат.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы,1985. 16-т. 400-б.

2. Исмайылов Е. Ақындар. (Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография). – Алматы: Қазмемкөркем әдебиет баспасы, 1956. –366 б.

3. Уәлиханов Ш.Ш.Таңдамалы. – Алматы: 1985. –Жазушы, –557 б.

4. Смирнова Н.С. Потанин–собиратель и исследователь казахской народной поэзии //Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина (архивные материалы и публикации) – Алма-Ата: Гылым, 1972. 690 с.

5. Ел қазынасы – ескі сөз. В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С.А.Қасқабасов, К.С.Матыжанов. – Алматы: Ғылым, 1994. – 680 б.

6. Мұқанов С. Айтыс. Алматы: Жазушы , 1965. – 556 б.

7. Зейнолла С. Көптомдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ан-Арыс. 2017. Т.1**2**. Мақалалар,рефераттар. – 316 б.

8. Ысмайылов, Е. Әдебиет жайлы ойлар: Ақындық өнер мен ақындар туралы. – Алматы: Жазушы, 1968. –320 б.

9. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы, Ғылым, 1976.– 200 б.

10. Зейнолла С. Мақалалар, рефераттар.Қазақ емшілігі мен дәрігерлігі. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ан-Арыс. 2017.б.13.376 б.

11. Қасқабасов С. Айтысты шынайы өнер деңгейіне көтеруіміз керек. // С.А. Қасқабасов Ой-сана. Сұхбаттар – Алматы: Тіл оқу-әдістемелік орталығының баспаханасы, 2010.–210 б.

ӘОЖ 37.036-053.6: 7.031



ЕРАЛИН ҚУАНДЫҚ ЕРАЛЫҰЛЫ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЕРАЛИНА АЙГҮЛ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

СТУДЕНТТЕРДІ ЭТНОСЦЕНОГРАФИЯ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ДАЯРЛАУ

Түйін. Мақалада студенттерді этносценография шығармашылығына даярлау мәселелері, театрлық сценографияны құрудың білімі, дағдылары мен қабілеттері талданады, сценография көмегімен студенттердің мектеп сахынасын безендіруге даярлаудың мазмұны, формалары мен әдістері көрсетілген, мектеп сахынасындағы тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастырудың кезеңдері және көркемдік зерттеулердің нәтижелері анықталған.

Түйінді сөздер: этносценография, этнобұйымдар, сценография туралы білім, этносценография дағдылары, көркемдік өлшем, өлшем бірлігі.

Резюме. В статье анализируются вопросы подготовки студентов к этносценографии; знания, навыки и умения по созданию театральной сценографии; содержание, формы и методы подготовки студентов к оформлению школьной сцены; этапы организации практической работы по школьной сцене и результаты художественного исследования.

Ключевые слова: этносценография, этнопродукция, знание сценографии, умение этносценографий, художественное измерение, единица измерения.

Summary. The article analyzes the issues of preparing students for ethnoscenography, knowledge, skills and abilities for creating theater scenography, the content, forms and methods of preparing students for school design by scenography, the stages of organizing practical work on the school stage and the results of artistic research.

Key words: ethnoscenography, ethno-production, knowledge of scenography, ethnoscenography, artistic measurement, unit of measurement.

Өндірістік, технологиялық және ақпараттық салалар қарқынды дамып жатқан қазіргі жағдайда оның эстетикалық жағы адамның дамуы жүйесінде үлкен маңызға ие [Назарбаев Н.Ә., Жолдауы2018, 44 б]. Жеке тұлғаның эстетикалық қалыптасуының маңызды факторы, оның жалпы адамзаттық мұраттарға деген ұмтылысы, сондай-ақ мәдени және тарихи жетістіктерді құруға қатысуы театр өнері, атап айтқанда театр жиынтығының дизайны ретінде танылады. Бүгінгі таңда жеке тұлғалардың рухани дамудың санының төмен деңгейімен, жұмыста шығармашылық белсенділіктің аздығымен, әлеуметтік салада пассивті және халықтық эстетикалық мәдениеті ережелерін сақтағысы келмегендіктер қатарыны артып келеді. Біздің зерттеуімізге этносценография мен оның сценографиясының ерекшеліктері ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар студенттердің кәсіби қызметке деген даярлығының маңызды факторы болып табылады.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіптік даярлауда өнер мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Соның бірі мектептегі театр сахынасын безендіруге болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлау мәселесі. Бұл мәселе театр өнерімен, мектеп сахынасын ұлттық тақырыптағы қойылымға арнап безендіру,болашақ мұғалімдерді мектеп сахынасын безендіру қызметіне даярлау проблемаларымен байланысты[Ералин К.Е., 2009, 220 с.,Пронкин Н.С., 2007, с.128].

Бірақ жоғары білімнің теориясы мен практикасында сценография көмегімен студенттерді мектеп сахынасын безендіру қызметіне даярлау мәселесі әлі зерттелген жоқ. Сонымен, студенттерге сценография және оны мектептегі сахына қызметінде қолдануға даярлау қажеттілігі арасындағы; оқу процесінде студенттерді сахынаны безендіру қызметіне даялау қажеттілігі мен оны жүзеге асыратын оқу кешенінің болмауы арасында қарама-қайшылық бар. Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздеу «Студенттерді этносценография шығармашылығына даярлау» тақырыбын таңдауға мүмкіндік берді. Зерттеу мақсаты: студенттерді этносценография шығармашылығына даярлаудыңмазмұнын өнерта-

нымдық-педагогикалық талдау, оны тәжірибеде қолдану әдістерінің ұтымдылығын айқындау. Ғылыми әдебиеттерді талдау студенттерді этносценография шығармашылығына даярлаудың әртүрлі мәселелерін, оның жан-жақтылығы мен өзектілігін айқындады. Студенттерді этносценография шығармашылығына даярлау бағытындағы зерттеу барысында этносценографиятуралыөнертанымдықматериалдарды талдау мен сахынаны көркемдік безендіру тәжірибесін сараптау нәтижелері сахынаны безендіру өнерінің теориясы мен практикасы туралы мынандай тұжырым жасау қажеттігін көрсетті.Студенттерді сценография шығармашылығына даярлау бағытындағы зерттеу үш бағытты қамтыды: олар, сценография және этносценография айырмашылығы мен байланыстары; сахынаны көркем безендіру өшемдері; сахына этнобезендіруін оқыту мәселелері. Этносценография- театр сахынасын ұлттық сипатта көркем безендіру; этносценография – этно-ұлт, сцена- сахына, графия –бейнелеу деген мағынаны береді; сахына безендіруі -ұлттық дәстүрлермен байланысты,жаңа технология көмегіменбезендіру деп түсіндіруге мүмкіндік берді[Разумный В.А.. 1985, 190 б.].

Сахынаны көркем безендіру: сахына безендіруі қойылым мазмұнында көрсетілген кеңістіктіктің мынандай өлшемдерімен және жұмыс түрлерімен сипаталады:бір қойылым ішінде бірнеше көрініс кеңістерді жеке-жеке безендіру; әр кеңістік көріністері үшін жаңа көркемдік жоба жасалуы; жаңа қойылымға жаңа суреттер, қондырғылар мен бұйымдар даярлау; сахына қойылымы үшін ең бірінші қадам – эскиздер жасау; онан соңғылары: сахына көріністерінің кеңістіктік безендіру сипатын көрсететін бірнешемакеттері жасау; көлемді суреттер – паннолар салу; ағаштан, басқада маталардан қойылымсюжетіне сайбутафорлық бұйымдар дайындау іс-әрекеттерімен өлшенеді.

Сценография сахынаны спектакель мазмұнына сай безендіру.Сахынаны безендіруші суретші – сценограф деп аталады. Сценограф жасайтын жобасы – сахынаның артқы қабырғасын үлкен өлшемді панно суретін салу, сахына шымылдығын ою-өрнектермен безендіру, сахына кеңістігін көлемді немесе жазық формалы бұйымдармен, суреттермен жабдықтау. Сахына суреттері мен бұйымдары ілінетін және ілінбейтін болып жіктеледі. Ілінетіндер: көлемді паннолар, ою-өрнектер, ұлттық құрал жарақтар, бутафорлық әдіспен жасалған бұйымдар. Ілінбейтін бұйымдар: тұрмыстағы көлемді заттар, ғимараттың қабырғалары, есік терезелер,столдар, шкафтар, орындықтар мен сандықтар т.б. құрал жабдықтар.Сценография – сахына суретшісінің көркем безендіруқызметінің нәтижесі.Сахына суретшісінің қызметі: даярлық эскиздерін жасау, дайын эскиз бойынша көркемдік жобаны материалда орындау болып екі бағытты қамтиды.Сахна суретшісінің мақсаты –қойылымның идеялық мазмұнын, кейіпкерлердің психологиясын безендіру жұмыстары арқылы ашып көрсету болып табылады.Көрермендерге эстетикалық эмоциялық әсер ету.Сахынаны безендірудің мәні – кейіпкер образын бейнелеу мүмкіндіктері арқылы ашу, көрерменнің көңіл күйіне сахынадағы форма, түстер композициясы, колорит арқылы әсер ету, әсемдік талғамдарын арттыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу [Коган Л.Н.,1989. 48 б.]

Студенттердісценография шығармашылығына даярлау моделі мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттері арқылы құрамдалады: мотивациялық компонент білімгерлердің сахына безендіру өнеріне деген қызығушылығының болуымен анықталады; мазмұндық компоненттер – сахна безендіруінің теориясы мен практикасынан білімінің болуымен; іс-әрекеттік компонент – этносценографиялық суреттер салу, панно жасау, жеке спектакелге арнап безендіру жобасын жасау, оларды материалда орындау іскерліктері мен дағдыларының болуымен сипатталады.

Студенттердің сценография шығармашылығына даярлау мақсатындағы элективтік курсын оқытудың педагогикалықшарттары: курстың мамұнының анықталуымен, курсты оқытуды жоспарлаумен, әдістерінің анықталуымен, тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырумен, өткізілген сабақтарды талдаумен сипатталады.Сахына этнобезендіруін студенттерге оқытубағдарламасыекі бөлімді қамтиды. Бірінші бөлімде –сценографияның теориясы қарастырылады:сахна эстетикасы, сценографияның түрлері, сюжет пен сахна көріністерінің бірлігі,кейіпкер образы мен сахна колориті,этносахына композициясы,сахына декорациясы, сахына колориті,сақына кеңістігі: алдыңғы көрініс, ортаңғы көрініс, соңғы көрініс; бутафориялық бұйымдар жасау, сахналық панно,сахына киімдері композициясы,сахына колориті мәселелері талданады.Екінші бөлім – сценографияның практикасына арналады.Бұл бөлімде сахына эскизін, костюмдер эскизін, қойылымдар эскиздерін, жеке заттар эскизін жасау жаттығуларын орындау қарастырылады [Абдуллина О.А.,1990, 65 б.].

Біздің зерттеуіміздегі этносценаграфия жеке тұлғаның эстетикалық және эмоционалды сезімдерін, еңбек және эстетикалық қабілеттерін, эстетикалық қажеттілік пен көркемдік белсенділіктерін, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытудағы білім мен тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылады, сонымен қатар сіз этносценографиялық өнердің бір түрі ретінде қарастырылады[Разумный В.А., 1985, 9 б.].

Әдетте «даярлық» ұғымы белгілі бір алдағы тұрған іс-әрекетке алдын ала бағытталған жоспарлы бағыт бағдарлы қызметке жаттығу нәтижесін білдіреді. Белгілі іс-әрекетті процесс ретінде ғалымдар А. Абдуллина, Ю.К. Бабанский,В-

.А. Сластенин және басқалардың еңбектерінде қарастырылған, бұл адамның қоршаған ортаға, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, психологиялық әсерге қалай әсер ететінін білдіреді және соның нәтижесінде ол әлеуметтік жан ретінде қалыптасады [Абдуллина О.А.,1990, 208 с., Бабанский Ю.К.,1989, 558 с., Сластенин В.А., 1986, 160 с]

Этносценография көмегімен студенттердің сценография шығармашылығына даярлау – бұл оның өмірдегі сұлулықты толығымен және толығымен қабылдауға және түсіне білуге, өзінің қабілеттерін дамытуға, алған этносценографиялық білімі мен дағдыларын өмірде қолдана білуге бағытталған процесс. Осы негізде зерттеу тақырыбына сәйкес үлгіні құру қажет болды. А.М. Довгялло ұсынған талаптарды басшылыққа ала отырып, біз оқу процесінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, зерттеу мәселесінің құрылымдық моделін жасадық. [Довгялло А.М., 1998, 14 б]. Модельдің артықшылықтарын іске асыру мақсатында студенттерді сценография шығармашылығына даярлаудын өлшеу бірліктері белгіленді, сценография көмегімен білімгерлердың осы даярлығы көрсеткіштері, деңгейлері, өлшемдері мен ерекшеліктері көрсетілді [Ералин Қ., 2018, 25 б]. Модельді бекіту және оның тиімділігін тексеру мақсатында эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Зерттеу барысында біз этникалық көріністі безендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық жағдайларды анықтадық, оны жүзеге асыру үшін қажет материалдық-техникалық база құрдық. Қатысушы оқытушылар мен студенттер өзара көмек қағидатына негізделген өзара түсіністік жағдайында жұмыс жасады. Этносценография көмегімен студенттерді сценография шығармашылығына даярлаудың педагогикалық шарттары үш ережемен сипатталады: ұйымдастырушылық: облыстық, республикалық байқауларға қатысуды ұйымдастыру; этносценографияны форма құру ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне және қызығушылық пен қажеттілік деңгейіне қарай бөлу; дидактикалық: этносценографияны оқытуда саналы түрде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін формалар, әдістер мен құралдарды қолдану, кәсіби актерлер шеберлігі мен оқытудың инновациялық технологиясын қолдану негізін алынды. Зерттеу жұмысында жоғарыда аталған жағдайлар басшылыққа алынды.

Эксперименттік жұмыстар мектеп сахнасында жүргізілді, 121 оқушы қатысты: олардың 61-і эксперименттік топта, 60-ы бақылау тобында. Сараптамалық пікір этносценография бойынша студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырустуденттерді сценография шығармашылығына даярлау деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті. Бұл олардың қызығушылығының жеткіліксіз деңгейімен, осы салада олар туралы ақпараттың жеткіліксіздігімен, этносценографияның сахналық дизайнының мазмұны, ерекшеліктері, функциялары мен классификациясы туралы теориялық білімнің төмен деңгейімен, эстетикалық белсенділіктің болмауымен және этносценография туралы білмейтін, мысалы, жалпақ және көлемді бұйымдар жасау, эскиздермен сипатталады. этникалық көріністер; сценографияға қызығушылықтың төмен деңгейі, элективті сабақтарға қатысу және т.б. Мұны сауалнама барысында алынған жауаптар дәлелдейді [Ералин Қ.,2019, 210 б].

Экспериментальды қалыптастыру кезінде этносценография саласындағы теориялық білімді толықтыру үшін арнайы пәндердің пәні қолданылды. «Өнер тарихы» пәніне 6 тақырып енгізілген. Олардың көмегімен студенттер сценографияның пайда болу, даму тарихымен және сахнаның мазмұнымен, этникалық бұйымдармен жабдықталуымен, сахнаға арналған декоративті панельдердің суреттерімен танысты. Зерттеу барысында студенттердің «Сценография тарихы» пәні мазмұнына кіретін материалдарды игеру деңгейін бақылау үшін қосымша тапсырма ретінде студенттерге «Сценография» пәнінен эссе жазу тапсырмасын бердік. Нәтижесінде оқушылардың 63% -ы қосымша материалды толық меңгергендіктерін көрсетті. 5 тақырып «Сахна қозғалысы» енгізілді және осы тақырыптар бойынша сабақтар өткізілді. Нәтижесінде студенттер сценографияның әлеуметтік-танымдық маңызын, өнерде қалыптасқан адамгершілік қағидаларын, осы этносценографияның эстетикалық сипаттамаларын, этностар мен сценографиялық фрагменттермен сахна дизайнының күрделілігі мен әмбебаптығын түсінді. Олар көрнекті философтар мен қазақ ағартушыларының өнері туралы көзқарастармен танысты. Этносценографияның дизайнын ұғынуды, оны сақтауды және дамытуды үйрену қажет болды. «Сахналық киім» бойынша – 6 тақырып, «Сахналық безендіру» бағдарламасында мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұнына 8 тақырып енгізілді, соның арқасында студенттер сценография туралы қосымша ақпарат алды, эмоционалды және эстетикалық қабылдау сезімдерін дамытуға ықпал етті. Бірақ мазмұнға енгізілген толықтырулар студенттердің сценография және этнографика туралы білімдерін толық қалыптастыра алмайды. Бұл жағдайлар «Сценография» деп аталатын элективті курс бағдарламасын құруға әкелді.Таңдау курстары студенттермен бітіру курстарына дейін өткізілді.

Элективті курстың сабақтарында оларға сценографияның мазмұны мен ерекшеліктері, функциялары мен классификациясы туралы ақпарат берілді, эстетикалық сипаттамаларына, әлеуметтік, танымдық және практикалық маңыздылығына ерекше назар аударылды. Сценография туралы білімді оқыту барысында келесі әдістер қолданылды: ауызша (әңгіме, әңгіме, дәріс, репортаж, нұсқаулық, кеңестер), иллюстрациялық

(суреттер, техникалық жаттығу құралдарын, табиғи объектілерді, әдістемелік кестелерді және т.б. көрсету), практикалық (жаттығулар, құрастыру бойынша жұмыс сценографиялық жоба, шығармашылық жұмыс және т.б.), сонымен қатар оқытудың инновациялық технологиялары қолданылды: проблемалық оқыту, сценография туралы презентация, дамытушылық жаттығулар және т.б.

«Сценографияны игеруге арналған студия» бағдарламасы жасалды және бекітілді. Студияның жұмыс бағдарламасын құрастыру барысында студенттердің этникалық сахнаның артқы қабырғасының эскизінің белгілі бір түрін дайындаудың, осы салада олардың дағдыларын қалыптастырудың және оны театрлық жобалау іс-әрекетінде қолданудың жүйелік шеберлігі ескерілді. Біздің жағдайымызда этникалық көріністің эскизін құра отырып, біз сценографияның келесі түрлерін алдық: сахнаға композициялық шешім, эргономикалық шешім, сахналық кеңістік, түс схемасы және материалдық шешім; Этноөнімді көркемдік-метрикалық өлшеу: форманы талдау, өнімдердің эргономикасын талдау, түсті шешімдерді талдау, этносенографтың шеберлігін талдау және т.б. Мұның себебі «Сценографиялық өнер» бағдарламасында этносценографияның бұл түрлері негізгі бағдарламада қарастырылмағанымен, мәселенің толық шешімін таба алмауында болды. Осы мәселе бойынша жіберілген қателіктерді түзету үшін біз «Сценография» сайлау курсы жұмысының мазмұнын театрдың этносенографының жоғарыда аталған қызмет түрлеріне арнадық. Бұл студенттердің театртану саласындағы таным көкжиегін кеңейтуге, теориялық және сценографиялық білімді толықтыруға, этносценографияны шығаруға арналған әртүрлі материалдарды көркемдік өңдеудегі білім мен практикалық дағдыларды игеруге ықпал етті [Ералин Қ., 2019, 210 б].

Топта сабақтар өткізу барысында жеке жұмыс әдістері, жеке топ, топтық, ұжымдық әдістер қолданылды. Осы пән бойынша сабақтарды өткізу әдістемесі кезең-кезеңмен ұйымдастырылды (1 – тапсырмаларды түсіндіру; 2 – жұмыс орнын дайындау; 3 – материалмен жұмыс; 4 – сахнаға жобалық жоба дайындау; 5 – нәтижені көркемдік-өлшеу).Курс аясында шеберлермен кездесу ұйымдастырылды, «Сценография және этнография» және «Сценография және этнография» кешкі пікірсайыстары және «Сценография шеберлерінің эстетикалық талғамы» және «Халықтың эстетикалық дәстүрлері» тақырыптары бойынша пікірталастар ұйымдастырылды. Студенттер этникалық театрдағы облыстық жарыстарға қатысты. Театр өнері мұражайына саяхаттар ұйымдастырылды. «Оқу-әдістемелік кешенді» тиімді жүзеге асыру үшін студенттерге арналған «Сценография» арнайы курсының мазмұнын құрастырдық және бекіттік. Арнайы курс 30 академиялық сағатқа есептелген, оның 10 сағаты дәрістер, 20 сағаты практикалық. Бұл курс мұғалімдерге сабақтарды тиімді өткізуге, студенттерге сценография саласындағы материалдарды тиімді үйренуге мүмкіндік береді. Студенттермен жұмыс істеуге және оларға эстетикалық тәрбие беруге тек сабақ кезінде ғана емес, сонымен қатар студияда, мектептегі практика кезінде жүзеге асырылды. Қайталанған сауалнамалар негізінде эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңінде студенттерді сценография шығармашылығына даярлау деңгейі анықталады. Нәтижелер мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, белсенділігі студенттерді сценография шығармашылығына даярлау бекітілген өлшемге сәйкес жүзеге асырылды. Студенттерді сценография шығармашылығына даярлауды анықтау мақсатында эксперимент қалыптастыру барысында 3 бөлім өткізілді. Тәжірибелік топтарда келесі өзгерістер байқалды: бастапқы байқаудың нәтижелері: төменгі деңгей – 36%, орташа деңгей – 56%, жоғары деңгей – 8%. Ақтық сынақтың нәтижелері көрсетті: төменгі деңгей – 0%, орташа деңгей – 36%, жоғары деңгей – 64%.

Біздің зерттеуіміз, қойылған міндеттер мен эксперименттік жұмыстың нәтижелері студенттерді сценография шығармашылығына даярлау әдіснамасының тиімділігін, этносценографияны қолдана отырып студенттерді сценография шығармашылығына даярлау үшін ұсынылған модельдің дұрыстығын дәлелдеді. Бұл бізге келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді: «Сценография», «сценография шығармашылығы», «даярлық» ұғымдарын зерттеу нәтижесінде олардың анықтамалары жүйеленіп, жан-жақты сипаттама беріліп, олардың өзара байланысы көрсетілді, «Студенттерді сценография шығармашылығына даярлау» ұғымы біздің зерттеу тақырыбына сәйкес нақтыланған шығармашылыққа даярлықтың құрамдас бөліктерін анықтауға ықпал етті, «сценография» ұғымы зерттелді, анықтамалар мен ұғымдар, эмоционалды және эстетикалық сезімдер жүйеленді және тұлғаның, эстетикалық қабілеті мен эстетикалық талаптары мен көркем шығармашылығы, адамгершілік құндылықтарын дамыту қарастырылды [Разумный В.А., 1985, 63 б.].

Этносценографияның мазмұнын зерттеу оның көркемдік және эстетикалық, практикалық, еңбек, шығармашылық функцияларын, анықтауға және олардың толық сипаттамасын беруге мүмкіндік берді, сонымен қатар студенттерге өз бетінше мектеп театрына қажетті заттарды жасауға үйренді және этносценографияны әр ұлттың театр өнерінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға дағдыланды. Этносценография көмегімен студенттердісценография шығармашылығына даярлаудеңгейі мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттіккомпоненттердің бірлігі ретінде қарастырылды. Студенттерді сценография шы-

ғармашылығына даярлаупроцесінің педагогикалық жүйесі дидактика тұрғысынан эстетикалық тәрбие мазмұнын, сонымен қатар осы мазмұнға сәйкес сабақта және сағаттан кейін өз іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қарастыруды мақсат етеді.Этносценографияның мазмұнын жүйелеу және педагогикалық жіктеу негізінде жасалған бағдарламалар, студенттерге сабақта және сағаттан кейін қолдану үшін арнайы курстың бағдарламалары мен нұсқаулықтары бұл мәселенің оң шешімін табуға көмектесті.Этноценография өнері дегеніміз сахынаны ұлттық қойылымның мазмұнына сәйкес, бутафориялық бұйымдармен, сахналық костюмдермен, көлемді паннолармен, ою-өрнектермен, көлемді конструктивтік безендіруменсипатталатын көркемдік безендіру жұмыстардың жүйесі деп анықтадық. Студенттердіэтносценография шығармашылығына даярлаудың моделі мен оның көрсеткіштері суретші педагогтың көркемдік безендіру жұмыстарына даярлығының деңгейлерін өлшеуге мүмкіндік берді.Болашақ мұғалімді мектеп сахынасын безендіру қызметіне даярлауға арналған курсты ұйымдастырудың эксперименттік бағдарламасы мен әдістемесінақты мазмұнға, бағдарламаға, оқыту әдістемесіне негізделгенде барып өзінің ұтымдылығын көрсетіні анықталды.Болашақ ұстаздардың сахынаны безендіру ісіне деген қызығушылығының болуы, оның теориялық білімдерін меңгеруі,сахынаны безендірудің іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы даярлық жұмыстарының нәтижесін көрсетті.Теориялық мәліметтер мен сахына тәжірибелерін сараптау нәтижесінде студенттерді этносценография шығармашылығына даярлау дегеніміз – сахынаны қойылым мазмұнымен, ұлттық дәстүрлермен байланысты, жаңа технология көмегімен безендіру білімдерін менгеруі мен безендіру дағдаларын қалыптастыру деп анықтауға мүмкіндік берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына Жолдауы.Астана:«Елорда»,2018.–44 с.
2. Ералин К.Е. Дизайн негіздері. Түркістан.Тұран, 2009. – 220 с.
3. Пронкин Н.С Основа метрологии. -М. Логос, 2007. с.128;
4. Коган Л.Н.Теория культуры.Екатеринбург: Екат. гос. ун-т,1989.–212 с.
5. Разумный В.А.Методика формирования эстетической культуры личности.– М.: Мысль, 1985. – 190 с.
6. Ералин Қ.Этнодизайн.Алматы.Эверо.2019.-210 б.
7. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М., 1990. – 208 с.
8. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М., 1989. – 558 с.
9. Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1986. -160 с.
10. Довгялло А.М. Математические модели в исследовании программного обучения//Организация учебно-воспитательного процесса. Программированное обучение. Вып. 2. – Новосибирск, 1998. – С. 27-28.
11. Ералин Қ.Бейнелеу мамандық пәндерін оқыту әдістемесі.Алматы.Эверо. 2018.-100 б

УДК 7.013

КУНЖИГИТОВА ГУЛЬНУР БЕКТЕМИРОВНА
старший преподаватель
Кафедра«Изобразительное искусства и дизайн»
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова

РСМАХАНБЕТОВА ШАХРИЗАДА ЕРКИНКЫЗЫ
старший преподаватель, магистр
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова

СИЛЬНЫЕДУХОМ И НЕЗАВИСИМЫЕ. КАЗАХСКИЕ БАТЫРЫ В ЖИВОПИСНЫХ ПОЛОТНАХ ДАУРЕНА КАСТЕЕВА

Түйін. Мақалада 5В041300-«Кескіндеме» және 5В010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтарының студенттеріне арналған «Өнер туындыларын талдау» сабағына қолдануға болатын материалдар ұсынылып отыр.

Мақала Қазақстанның қазіргі заманғы суретшісі – Қазақстанның реалистік кескіндемесінің негізін салушы Әбілхан Қастеевтің немересі – Дәурен Қастеевтің қазақ батырларын бейнеленген кескіндемелерін талдауға арналған.

Бүгінгі таңда Қазақстанның бейнелеу өнері қазақ мәдениетін ерекше өркениетті кеңістік ретінде сақтауда, ұлттың өзін-өзі тануында шығармашылық және ағартушылық рөл атқарады. Дәл осы жерде суретшілердің тарихта, этнографияда, ... дәстүрлі мәдениеттің төлсипатты рөлі мен маңызы жатыр.

Өзінің туындылары арқылы суретші, бір жағынан, ағартушылық, екінші жағынан, көрерменнің тарихжәне мәдениетке деген қызығушылықты оятады, ғаламға өзіндік көзқарастарын білдіреді. Көркемдік кескіндер ... суретшінің, құпияға толы әлемге деген жеке көзқарасының айнасы [Г.Шалабаева, Электронды қор].

Түйінді сөздер: кескіндер, Қазақстан Республикасы, қазақстандық суретші, патриотизм, Қазақстан тарихы.

Резюме. В статье собран материал, который можно использовать как дополнительный на занятиях «Анализ художественных произведений» для студентов специальностей 5В041300-Живопись и 5В010700- Изобразительное искусство и черчение.

Статья посвящена анализу живописных полотен современногохудожника Казахстана – внука основоположника реалистического живописи Казахстана Абильхана Кастеева – Даурена Кастеева, отображающегоказахских батыров.

Сегодня изобразительное искусство Казахстана выполняет созидательную и просветительскую роль в сохранении казахской культуры как уникального цивилизованного космоса, в самоидентификации нации. Именно в этом заключается роль и значение обращения художников к истории, этнографии, ...атрибутике традиционной культуры. Через свое творение художники, с одной стороны просвещают, с другой – актуализируют интерес к истории и культуре народа, передают собственное отношение к мирозданию. Художественные полотна проявляют индивидуальный взгляд художника на мир, полный тайн [Шалабаева Г.К., Электронный ресурс].

Ключевые слова: живописные произведения, Республика Казахстан, казахстанский художник, патриотизм, история Казахстана.

Summary. The article collects material that can be used as an additional in classes “Analysis of artistic works” is offered for 5B041300-Painting and 5B010700-Fine arts and drawingmajoring students.

The article shows the analysis of paintings by the contemporary artist of Kazakhstan – grandson of the founder realistic painting of Kazakhstan AbilhanKasteev – DaurenKasteev, reflecting the Kazakh batyrs.

Today, the fine art of Kazakhstan plays a creative and enlightening role in preserving the Kazakh culture as an unique civilized space, self-identification of the nation. That is the role and significance of the artists' appeal to history, ethnography, ... the attributes of traditional culture. Through their creation, artists both enlighten and actualize interest in the history and culture of the people, convey their own attitude to the universe. Artistic canvases exhibit ... an individual view of the artist on a world full of secrets.

Keywords*:* paintings, Republic of Kazakhstan, Kazakhstan artist, patriotism, history of Kazakhstan

Независимость - привилегия сильных, говорил великий философ Фридрих Ницше. Только сильные духом народы издавна стремились к свободе, добывая ее в битвах и войнах, и платя за нее высокую цену.

Художники Независимого Казахстана стремятся осмыслить свою историю по новому, проникая в глубину веков, с обширными знаниями, большим вниманием и пониманием. Они изображают все перепетии жизни народа на сложном историческом пути – и тяжелые испытания, и доблестные сражения, и храбрость батыров, и беззаветную их любовь к Родине, вкоторых отразилась национальное самосознание народа.

Художники Казахстана создали своеобразную изобразительную «летопись» жизни нации, ее духовная культура находит свое художественное воплощение, где реальное сочетается с игрой воображения.

По словам Г.Шалабаевой директора Музея искусств имениА.Кастеева, заслуженногодеятеля РК: «Художники наряду с историками и учеными, писателями и философами являются летописцами истории и духовности страны.Уверена, яркое художественное произведение порой может сыграть более весомую роль в познании национальной истории, нежели самый правдивый и глубокий научный трактат» [Шалабаева Г.К., Электронный ресурс].

О событиях в период «Великого бедствия» писал знаток истории, публицист МухтарМагауин: «Несомненно, никто не сможет защитить казахов, кроме их же самих. Если бы не было таких побед, как в сражении при Буланты, Аныракайской битве, то еще три века назад Казахская Орда совсем бы исчезла...»

О великом бедствии и скитаниях народа, случившихся в 1723–1727гг. «рассказывают» произведения живописи. До этих событий хан Тауке, последний хан независимого Казахского ханства, давал джунгарам отпор. Но после его смерти пришло разделение, и народ стал легкой добычей для неприятеля[Магауин М., 1995ж., 208б.].

«В картине «Утро перед битвой» мне хотелось показать воина. Молодого, но в его глазах чувствуется, что он познал и горечь потерь, и вкус победы. Он понимает, что за ним родная земля, его близкие. ...Я хотел передать атмосферу того времени — холодного дождя, гор, жайляу, воинов, которые уходят на бой с надеждой вернуться. Бирюзовый цвет олицетворяет очищение перед боем», — рассказываетавтор картин Д.Кастеев.

Десятки сражений, решивших судьбу Казахстана – были славными страницами истории казахского народа. Значение каждой победы для дальнейшей судьбы Казахстана в целом трудно переоценить: была предотвращена угроза вторжения джунгар на территорию Казахстана. В результате сраженийтерриторииКазахстана, ранее находившегося во владении джунгар, отошли казахам.

Художник работая над произведениемисоздал, в первой картине (Рис.1), собирательный образ батыров, где вовзглядах молодых батыров ясно читается готовность умереть за родную землю, родных, любимых; оставшихся дома и молящихся за них. Пророк Мухаммед (С.А.У.) в хадисе поведал: «...молитва человека, подвергшегося злодеянию, исполнится» [Омарова А., 2016ж.,Электронный ресурс].

При разделении живописного полотна«Утро перед битвой» по диагоналям можно определить, что лицо батыра первого плана находится радом с центром полотна и оси симметрии, что придает картине динамику. Батыры второго плана изобрадены почти симметрично друг другу по оси симметрии, батыр справа изображен ближе чем батыр справа, что придает картине движение. Войско третьего плана изображено с учетом воздушной перспективы, с развивающимися знаменами в полном боевом снаряжении.

Центр смотрения передан в тоновом контрасте на светлом фоне темным бирюзово-коричневым пятном, с развевающимися на холодном, морозном ветру флагами.(Рис.1)

Вторая картина (Рис.2) – портретный образ Кабанбай батыра.По словам мастера, перед тем, как написать эти картины, он изучил множество исторических книг, побывал в музеях, чтобы достоверно изобразить воинов Казахского ханства. «Приходится опираться не только на свою интуицию, но и на исторические описания известных личностей. Если о батыре рассказывают как о волевом человеке, естественно, интуитивно стараюсь придать ему соответствующие черты лица», – повествует художник.



Рис. 1. «Утро перед битвой».Кастеев Д. (х.м.) 2015г.



Рис. 2. «Кабанбай батыр». Кастеев Д. (х.м.) 2015г.

Формат полотна вертикально расположенный прямоугольник.Внушительная фигура скакуна и гордая фигуру всадника занимает всю поверхность полотна (Рис. 2). По мощной фигуре батыра видна его решительность, смелость, упорство, сила военного духа и готовность к самопожертвованию.Возвышающийся над линией горизонта изображение всадник – такимкомпозиционнымрешением художник акцентирует внимание зрителей на стойкости, мужестве, героизме батыра. Художник изобразительным мастерством отображаетидею и замысел произведения;которому подчиненыкаждый элементы полотна.

После великого бедствия казахи поднялись на освободительную войну против джунгарскихзахватчиков – это 1726-1727 годы [Аяган Б., 2005г., 560с.]. Казахскийнарод под руководством Богенбая, Кабанбая,Санрыка, Жанибека, Малайсары, Абулхаира и Абылаябатыров поднялся на борьбу с джунгарами.

«История Казахстана очень интересна, многолика и сложна. Мы – потомки великой тюркской культуры. Батыры олицетворяют нашу силу, независимость, они были защитниками нашей земли. Думая об этом, просыпается гордость и патриотизм. ... Это мост между прошлым и настоящим. Мы изучаем прошлое, через эту призму мы смотрим на наше время и начинаем ценить свою независимость», – отметил Даурен Кастеев.

Художник создал реалистичные полотна, тщательно прописывая и точно воспроизводя фактуру и детали художественных образов. Оригинальные ракурсы, пространственные сдвиги, мерцания и пульсации света и тени с их прихотливыми эффектами придают картинам соответствующее, нужное художнику, настроение, проявляющегося во взгляде художника на исторические события прошлых лет.

Живописные полотна Даурена Кастеева поражают исторической достоверностью,подтвержденыелетописью и научными исследованиями. Картины выполнены на высоко-профессиональномтехническомуровне.Раскрыты темы, которые до этого были мало показаны в изобразительном искусстве. Исторический живописец – это художник самого высокого уровня. Исторический жанр – это синтетический жанр, включающий в себя все другие жанры. Проанализированные изобразительные полотна поражают своими масштабами, сложностью и трудоемкостью – это широкоформатные полотна, со сложной композицией и разнообразной трактовкой темы. Но главное в том, что они смогли представить высокохудожественную «летопись» Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Шалабаева Г.К. Цветущие сады и знойное лето. К вопросу об особенностях творческого метода. Категория: исследования. [Электронный ресурс]. http://www.gmirk.kz/ru/issledovaniya/387-lang-ru-lang-lang-kz-lang-lang-en-lang
2. Магауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995ж. 208б.
3. Омарова А. Балаңыз үшін дұға жасаңыз! 09.10.2016ж.[Электронный ресурс]. https://alashainasy.kz/din_islam/balanyiz-ushn-duga-jasanyiz-88442/
4. Годы великого бедствия // Казахстан. Национальная энциклопедия. Т. II/ Гл. ред. Б.Аяган. – Алматы. Главная редакция: Қазақэнциклопедиясы, 2005г. — 560с.

18.49.01
18.49.07



КУСАНОВА АНИПА ЕРЛАНОВНА
PhD докторант
КазНАИ имени Т.Жургенова

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ РЕЖИССЕРСКОГО ИСКУССТВА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Түйін. Бұл мақалада режиссерлік өнердің Қазақстандағы заманауи даму үрдістері жайлы айтылады. Қазіргі таңда осы мамандықтың әрі қарай дамуына не қажет, мамандардың пікірлері қандай деген сұрақтар айналасында жазылады.Сондай-ақ осы салада қызмет ететін мамандардың пікірлеріне ерекше назар аударылып отыр.

Түйінді сөздер: режиссерлік өнер, актер шеберлігі, режиссерлік шеберлік, пьеса, спектакль, режиссер.

Резюме. В статье обсуждаются тенденции развития режиссерского искусства в современном Казахстане. Также ключевым моментом исследования является определение необходимых требований, для дальнейшего разватия и усовершенствования данной специальности. Внимание автора уделено на рассмотрение мнений специалистов в данной сфере.

Ключевые слова: режиссерское искусство, актерское мастерство, режиссерское мастерство, пьеса, спектакль, режиссер.

Summary. This article discusses the modern principles of directing art Nowadays it is written around the question of what is needed for further development of this profession, opinions of experts.

Keywords: directing, actor skills, directing skills, play, performance, director.

ВВЕДЕНИЕ.

Режиссерское искусство заключается в творческой организации всех элементов спектакля с целью создания единого, гармонически целостного художественного произведения [*Захава Б.Е., с.163*]. Данной цели режиссер достигает на основе своего творческого замысла, путем руководства творческой деятельностью всех участников коллективной работы над сценическим воплощением пьесы. Понимание режиссерского искусства в таком аспекте сформировалось два века назад. В частности данное понимание, можно сказать, пришло с приходом в режиссуру таких имен, как: Кронек и Рейнгардт, Антуан, Крэг, Ленский и т.д. К слову, деятельность А. Антуана расширяет понятие "le metteur en scene" (режиссер), которое дается в «Словаре театра» П. Пави: «лицо, в обязанности которого входит постановка пьесы.

Основная часть. Режиссёр берет на себя ответственность за эстетическую сторону спектакля и его организацию, подбор исполнителей, интерпретацию текста и использование сценических средств, находящихся в его распоряжении», добавляя к этому еще и свое собственное видение инсценируемого произведения [*Защепкина В.В., Молодой ученый 2011. №11. 191-193*]. А до этого обязанности режиссера носили не столько художественно-творческий, сколько административно-технический характер и мало отличались от обязанностей теперешнего ассистента режиссера. Творческие обязанности были у того, кто был наиболее значимым участником работы: автор пьесы, главный актер, или художник. При таких обстоятельствах разногласия, разнобой между элементами спектакля были неизбежны. Ранее и публике, и художественному коллективу приходилось мириться с этим, довольствуясь малыми успехами при постановке того или иного спектакля. Уже теперь никто не посчитает спектакль полноценным произведением искусства, несмотря на успешное выступление актеров и красивых декорации, если данный спектакль будет без стилистического единства и общей идейной целеустремленности. *Данная миссия невыполнима без режиссера.* Поэтому единовременно с ростом спроса на идейно-эстетические требования к спектаклю, расширялось понятие режиссерского искусства, и его значимость в сложном составе различных элементов театра тоже возрастала. Нужно отметить важность того, что уже в процессе создания замысла у режиссера должно быть ощущение целого, чтобы все элементы замысла выходили из одного корня. Слово корень, искусствовед-режиссер Вл. И. Немирович-Данченко связывал со словом «зерно». То есть все элементы режиссерского замысла должны вырастать из единого «зерна». «Зерно» – это не рассудочное определение, это не только мысль, но и чувство в душе режиссера

[*Е. Вахтангов, 2016, 703с.*]. Одним из *важных составляющих* режиссерского искусства является понятие *режиссерский замысел.* «Режиссерский замысел (так называемый «план постановки») должен охватить и привести к художественному единству все стороны, все грани того необычайно сложного, синтетического произведения искусства, каким является спектакль» [*Немирович-Данченко В.И., 2003. 368 с*]. То есть, данный замысел должен быть таким фурорным плодом ума и духа режиссера, чтоб все элементы спектакля должны играть как в цвете всех красок «творческой радуги». «Творческая радуга» в нашем понимании и употреблении воспринимается весь эталон художественного искусства. Творческая радуга, это когда и зритель, и режиссер, и все участники того или иного театрального искусства были довольны, и в момент исполнения спектакля сердца всех бились в унисон. Это понимается как предощущение общего духа и направленности спектакля в единстве мысли и чувства. Мы бы от своего имени добавили, что зерно будущего спектакля – это маленькое чадо, которое выйдет в свет через душу и мысль своего творца. Творцом мы тут называем режиссера, потому что, каждый спектакль рождается новым творением после появления режиссерского замысла. Режиссерский замысел и режиссерское решение тесно связаны между собой понятия. На эти две понятия влияет так называемые «три правды», предложенные Вл. Немировичем-Данченко. По его мнению, эти три правды – жизненная правда, социальная правда и театральная правда, тесно связаны между собой. Без этой триады невозможно создать реальную постановку. «Нельзя раскрыть социальную правду без жизненной правды, без социальной правды жизненная правда будет звучать банальной, но они обе не могут полностью раскрыться, если они в своем единстве не найдут для себя яркой театральной формы и не превратятся таким образом в театральную правду» [*Защепкина В.В., Молодой ученый, 2011, №11, 191с*]. По мнению Е.Б.Вахтангова, театральная правда возникает сначала в режиссерском замысле и потом в его воплощении, под воздействием трех важных факторов: а) самой пьесы со всеми особенностями ее содержания и формы; б) того общественно-исторического момента, когда пьеса ставится (фактор современности); в) того коллектива, который ставит данную пьесу (с его творческими взглядами, традициями, возрастом участников, профессиональными навыками, степенью и особенностями мастерства) [*Е. Вахтангов, 2016, 703с.*]. И по нашему мнению данные три фактора имеют важность в становлении режиссерской личности в театральной карьере. Он должен обладать чувством пьесы, чувством современности и чувством коллектива. Без этого он не достигнет пика своего личностно-профессионального роста. Как вы думаете, который из этих данных трех факторов должен быть ведущим? Несомненно, произведение драматурга, то есть сама пьеса. А пьеса – это основа будущего спектакля. Режиссер, прежде чем примет решение ставить пьесу или нет, или же в какой форме будет ставить спектакль, должен почувствовать саму идею и сущность пьесы. То есть, понять идею пьесы – одно, а вот прочувствовать, увлечься данной пьесой, гореть желанием ставить именно эту пьесу – вот самое главное, что требуется от режиссера. Он обязан пережить идею пьесы. Нужно, чтобы она охватила всю душу режиссера. Желание ставить эту пьесу должно идти от сердца режиссера. Это – во-первых. Во-вторых, как мы ранее упоминали, режиссер должен обладать чувством современности. То есть он должен шагать в ногу со временем, знать чего желает публика, хочет зритель. Спрос социума – вот что должен угадать режиссер. Вот поэтому режиссер не должен отрываться от реальной жизни, он должен тесно общаться с народом. У режиссера должно быть чувство крепкой связи с новыми впечатлениями жизни, реальной жизни, потому что, жизнь не стоит на одном месте, она меняет свои окраски ежеминутно, ежесекундно. При рассматривании новой пьесы, от режиссера потребуется тщательное внимание и понимание сущности пьесу путем иска правды жизни, действительности. Только через понимание и увлечение он сможет вжиться в сущность пьесы. Только тогда он сможет распознать в пьесе оригинальность или ложность. Достойна ли эта пьеса той цены, которую сможет дать зритель при знакомстве в пору игры данного спектакля? Зритель оценивает спектакль с точки зрения правдивости данной пьесы, как близка ее сущность к истине. А режиссер – как синтезатор и катализатор формирования тесной душевной связи между спектаклем и зрителем. Поэтому он должен судить пьесу с позиций самой жизни. То есть, сначала – жизнь, потом – театральная жизнь. Если же он будет держаться данной позиций, он не ошибется! В ходе реализации оценивания и рассматривания той, или иной пьесы, если у режиссера и автора пьесы – драматурга возникнет схожесть видения истины, чувства совпадения взглядов на правду жизни, то рождение желания поставить пьесу во чтобы-то ни стало, считаем законно. Рождение страстного желания поставит ту или иную пьесу, можем приравнять на влюбленность режиссера в данное художественное произведение. И только полюбив пьесу, режиссер получит моральное право на постановку данного спектакля. Работа режиссера на данном этапе не заканчивается, конечно.

Режиссер не только руководитель театрального коллектива, он еще и учитель. Третий фактор, который влияет на рождение театральной правды, это коллектив, который ставит ту или

иную пьесу. Коллектив состоит из артистов, которые считаются главным материалом спектакля, театра. Но мы не должны понимать под словом материал – тело актера. Материалом для спектакля, режиссерского искусства нужно понимать – творчество актера, его душа, мировоззрение, его психология. В данном плане, режиссер не должен быть диктатором для актера, он должен быть отцом-учителем, другом-психологом. Мы ранее упоминали о системе К.С. Станиславского. Великий режиссер в свое время был и диктатором для актеров в своих постановках, потом со временем, с ростом его опыта и профессиональных навыков он понял, свою оплошность по отношению к своим актерам. В своих записках он упоминает, что очень радуется, что нынешняя методика режиссера (его новая) помогает ему находить общий язык с артистами, и он является для них вдохновителем и учителем в актерском искусстве. Творческое взаимодействие между режиссером и актером является основой режиссерского метода в современном международном театральном искусстве. Сама профессия режиссуры очень сложная по своей природе. Вчитываясь выше указанных обязанностей данной профессии, уже читатель понимает сложность и трудность режиссерского искусства. Мастерству режиссера нельзя научиться на основе теоретических знаний. Нужно познать весь вкус стези данной профессии в жизни. По словам профессора и режиссера А.С. Рахимова, «Режиссура – это процесс самосгорания, и при этом согреть остальных» [*Рахимов А.С.,2015. с.18*]. В этих словах все сказано. Данная профессия требует от режиссера максимальной самоотдачи и новаторства во всем! Я, как молодой искусствовед, от своего имени хотела бы добавить, что профессия режиссера – это профессия-отношение. Потому что, мастерство, профессионализм режиссера проявляется в его отношений к театральному искусству, к жизни, к артистам, ко всему, чему касается его личность.

Заключение. Роль режиссера в жизни театра, его деятельность, права и художественные решения важны не только театральной труппе, но и тем, кто дорожит театральным искусством. Они ждут новизны, вестей. А настоящий режиссер является для актера не только учителем театра, но и учителем жизни. Станиславский утверждал, что самое важное в театре – это «творческое чудо самой природы», т.е. естественно, органично возникшее переживание артиста в роли. Помочь рождению этого чуда и потом поддерживать этот огонь, не давать ему погаснуть – самая главная, самая важная задача режиссера, не сравнимая по своему значению ни с одной из других многочисленных его обязанностей и задач. Только выполняя эту задачу, можно создать театр глубокой жизненной правды. Режиссуру важно понять через мастерство актера. Потому что, актер – самая главная личность в театре. Актер является самым главным инструментом режиссера, в его находке художественного решения.

В нашем обществе сейчас данные компетенции, навыки несут за собой тренд идти в ногу со временем. А это важно и для режиссуры. Поэтому в подготовке обучающихся в данной профессии нужно внести в содержании курсов режиссуры. Внедрение и принятие во внимание данных навыков очень важно для усовершенствование также профессиональных качеств будущих режиссеров. Мы считаем не лишним, включение данных навыков в один из важных составляющих режиссерского мастерства.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера. М., «Просвещение», 1978
2. Защепкина В. В. Понятие «режиссер» в европейской лингвокультуре на рубеже XIX-XX вв. // Молодой ученый. – 2011. -№11. Т.2. -С. 191-193. — URL https://moluch.ru/archive/34/3853/ (дата обращения: 27.02.2019).
3. Евгений Вахтангов в театральной критике / Ред.-сост. В.В. Иванов. М.: Театралис, 2016. – 703 с.; илл. ISBN 978-5-902492-36-8.
4. Немирович-Данченко В.И. Из прошлого= переизд., 2003. (368) – ISBN 5-98262-003-3.
5. Рахимов А.С. Мастерство режиссера. А., 2015. -ISBN 978-601-265-210-9

УДК 741:75.01

МАТЕЕВА МОЛДИР АДИЛБЕКОВНА
магистр-оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БЕЙНЕЛЕУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Бұл мақалада бейнелеу шығармаларын қабылдау ерекшеліктері қарастырылады. Оқушыларға бейнелеу өнерінің шығармаларының ерекшеліктерін қалыптасқан көркемдік білімдерін, икемділік дағдыларын тұрмыс жағдайында, еңбек процесінде, қоғамдық жұмыста пайдалана білуге баулиды. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер туралы ой айтылады.

Түйінді сөздер: оқушы, бейнелеу, өнер, эстетика, кеңістік, дәстүр, қиял.

Резюме. В данной статье рассматриваются особенности восприятия визуальных композиций. Студентам рекомендуется использовать художественные знания, навыки гибкости, образ жизни, трудовую и социальную работу. Это дает представление о том, как развивать личность, специальный способ влияния на конкретную цель.

Ключевые слова: студент, живопись, искусство, эстетика, пространство, традиция, воображение.

Summary. This articleds cusses the featuresof the perception of visual compositions. Students are encouraged touseartistic know ledge, flexibilityskills, lifestyle, laborandsocialwork. Thisgivesanidea of howtodevelop a personality, a specialwayofinfluencing a specificgoal.

Key words: student, painting, art, aesthetics, space, tradition, imagination.

Оқушыларға бейнелеу өнерінің құралдарын жүйелі меңгерту арқылы айналадағы өмір шындығына эстетикалық көзқарасты қалыптастырады. Өмір шындығы көріністеріндегі , табиғаттағы және өнердегі бояу түстерін , оның сезімдік әсерін оқушылардың көре,сезіне білуін, бейнелеу іс – әрекеті барысында олардың кеңістік туралы түсінігін қиялын , елестету қабілетін жүйелі түрде дамытады, көркем мәдениет және оның қоғамдағы алатын орны туралы түсінікті дамытуда бейнелеу өнері шығармаларының орны ерекше. Оқушылардың бойында халықтың дәстүрлі өнерін, тарихи ескерткіштерін эстетикалық тұрғыдан бағалай білуге баулитын жүйелі білім шығармашылық икемділік пен дағдыны қалыптастыруда да маңызы зор екенін түсінуге басымдылық берілген [Мұқашев М., Сейтімов А., Хамзин Н., 2008].

Бейнелеу өнері – бұл адам баласының заманнан заманға рухани, эстетикалық байлығы ретінде ұласып келе жатқан өнер саласы, ал сурет-бұл шежіре, ондаған ғасырлар бойы бүкіл адам тарихтарын, тіршілік тарихын шашауын шығармай, жоғалтпай жеткізген бірден-бір куәгер. Бейнелеу өнерімен айналыса отырып, адам тек суретшінің практикалық дағдыларын ғана меңгеріп, шығармашылық ойларын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен бірге өзін талғампаздыққа тәрбиелейді.

Егеменді еліміздегі мектептерде қазақ бейнелеу өнерінің шығармаларын оқыту, оқушылардыңөз халқына сүйіспеншілігін арттырады, жастардыңөз отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелейді. Өйткені бейнелеу өнері бейнелеудің перспектива, жарық пен көлеңке, композиция, түстану, симметрия, өнердің даму заңдылықтарын оқытып үйретуді мақсат етіп ғана қоймайды, сонымен қатар қазақ бейнелеу өнері шығармаларын оқушыларға терең және жан-жақты таныстыруды міндет етеді.Бейнелеу өнерін көркем мәдениетке деген оң көзқарасын қалыптастыруға және қоғамның белсенді болашақ мүшесін тәрбиелеуге лайықты үлес қосады. Оқушылар бейнелеу өнері арқылы табиғат пен қоғамның дамуының, қоршаған ортадағы әсемдікпен, адам қолымен жасаған әсемдіктің мәнін түсініп, олардың даму заңдылығына көз жеткізеді.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық -тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасқан, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Бейнелеу өнері сабақтары барысында дамып, қалыптасқан көркемдік білімдерін, икемділік дағдыларын тұрмыс жағдайында, еңбек процесінде, қоғамдық жұмыста пайдалана білуге баулиды.

Қазіргі кезде жасөспірім жеке тұлғаны тәрбиелеуде өнердің, соның ішінде бейнелеу өнерінің ықпалы зор екендігін педагогика, психология ғылымдары дәлелдеп берді.

Бейнелеу шығармаларын қабылдаудың ерекшеліктері оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау шығармашылық қиялын, көркемдік икемділігін, адамгершілік және сұлулық сезімдерін дамытады , әрине бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан – жақты дамуына негіз болары сөзсіз.

Бейнелеу өнерінің шығармалары оқушылардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру арқылы сұлулық сезімін оятады, дүниетанымын қалыптастырады , шығармашылық белсенділігін арттырады . Сонымен қатар жеке тұлғаны ұқыптылыққа, дербестікке, еңбексүйгіштікке бейімдей-

ді деген ойлар айтылған [Қазақстан:Ұлттық энциклопедиясы Алматы, 1198].

Бейнелеу өнерінің шығармаларын орындау барысында сурет салу біліктілігі мен іскерлігін меңгеріп, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды байқап зерттеуді үйренетіндігі айтылған [Ералин Қ., Жолдасова Б.,2012]. Демек,бейнелеу қоршаған ортаны тану, кеңістікті қабылдау, есте сақтау, қиял, сезім сияқты тағы басқа психологиялық процестердің дамуына көмектеседі.

Оқытушы білім алушығақарап сурет салу арқылы,қол ептілігін дамытуды,күнделікті қоршаған ортадан табиғй өрнектерді байқап көре білу қабілетін тәрбиелеуі керек. Шығарманы толыққанды қабылдау үшін оқушылардыңлогикалық көркем ойлауын дамыту. Бұл үшін барлық сабақ немесе сабақтыңүзінді бөлігі кейбір жекеленген кезеңдерге бөлінуі тиіс.

1. Оқушының өз бетімен ойлау қабілетін дамыту.

оқушыға шығарманы өзінің жеке басымен қабылдауы үшін 1-2 минутберу керек. Оқушы тыныштықта көркем шығарма мазмұнына, бейнеге енеді.Оқушының қызу сезім әрекеті оның ұзақ үнсіз қалуына жол бермейді. Олар

салынған суреттен көргендеріне байланысты өзінің сезімін дауыстап айтуға

кіріседі.

2. Оқушының қызу сезімдік қабылдауының дамуы.

Бұл жерде оқушының оқиғаны бастан кешіру үрдісін қызу сезім арқылыкөрсететін бет- әлпетін сақтап қалатын сұрақ қажет. Сұрақ олардың қызу сезімкешкен сезім арнасына қосылып бірігіп кететіндей сұрақ болуы шарт.

3. Оқушылардың көркем ойлауын дамыту.

Бұл кезеңде оқушыларға суретшінің сурет салу барысында пайдаланғанмәнерлеу құралдарын ашу міндеті тұрады. Бұл жерде оқушының шығарманы қабылдауын сауатты түрде бағыттау қажет. Сонымен қатар, суретшіңоқушылар толғанысы, қуанышы қайғыруы , қорқынышы, қамығуы және т.б. сезімдеріне әсер етуші мәнерлеу құралдарын ашуға көмектесетін сұрақтар қажет.

4. Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту.

Мұғалім оқушылармен бірге көркемдік мәнерлеу құралдарын анықтап болғаннан кейін олардың танымдық белсенділігін арттыру үшін материалистіккөзқарасын қалыптастыру мақсатында салынған сурет мазмұнына талдаужасау кезеңін жүргізгені жөн.

5. Оқушының танымдық белсенділігін арттыру.

Мұғалім салынған суретті қабылдау үрдісін қорытындылай келе суретші жайлы, оның шығармашылығы жайлы қысқаша түсінік береді.

6. Салынған суретті қабылдауды қортындылау.

Оқушылар мұғаліммен бірлікте салынған суреттің мұратты мазмұнының негізгімағыналық міндетін айқындайды.

Көбінесе бейнелеу өнерінің шығармаларын орындау барысында оқушының ерекше белсенділігін байқауға болады. Ол,әсіресе танымдық шығармашылық белсенділік тұрғысында байқалады. Бұдан жеке тұлға өз белсенділігін қоршаған ортамен сезімдік қарым-қатынас,жұмыс процесінде арттыратындығын көруге болады.Педагогтың ұйымдастыруымен өткізілген сабақтағы немесе сыныптан тыс шаралардағы танымдық, эстетикалық тәрбие оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады.Сондықтан да педагогика ғылымының оқыту мен тәрбиені ажырытпай тұтас қарастыруы бейнелеу өнерін оқытудың негізі болып табылады.Бейнелеу өнері сабақтарында дәстүрлі бейнелеу өнерінің түрлерімен,жанрларымен бірге дизайн,оригами,коллаж,жапстырмалау жұмыстарын да қарастырады.Бұл жұмыстар оқушылардың ой-өрісін,шығармашылық белсенділігін дамытумен қатар,олардың санасында бейнелеу өнерінің адам тіршілігінде,қоршаған ортада үлкен орын алатындығын дәлелдейді.Түрлі материалдардың көркемдік қасиеттерімен танысып,оларды өндеу тәсілдерін меңгереді.Бейнелеу сабақтарында немесе сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар шетелдердің белгілі бейнелеу өнері шығармаларымен және көп ұлтты Қазақстан бейнелеу өнерінің даму кезендерімен танысып, жекелеген белгілі бейнелеу өнері туындыларының композициялық шешімін, түс ерекшеліктерін талдап өз түсінігін,пікірін әңгімелейді.Бұл оқушыларды өнер танығыштыққа тәрбиелеп,коммуникативтік қабілеттерін арттырады.Осыған орай,қазіргі кездегі тәуелсіз еліміздің білім және ғылым жүйесін реформалау нәтижесінде алғаш жарық көрген бейнелеу өнерін оқыту бағдарламалары мен оқулықтарына батыс Еуропа,Ресей бейнелеу өнерінің кейбір белгілі суретшілері,сәулетшілері,мүсіншілерінің шығармалары,ұлттық қолөнері енгізілген.Соның ішінде,әрине көп ұлтты қазақ бейнелеу өнері,ұлттық қолөнер кеңінен орын алған.Ол оқушыларға басқа да елдердің бейнелеу өнерімен терезесі тең дамып келе жатқан өз елінің өнерін талдап,танып,үлкен отансүйгіштік сезімге бөленуіне мүмкіндік жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұқашев М., Сейтімов А., Хамзин Н. «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі Фолиаит баспасы Астана-2008
2.Қазақстан:Ұлттық энциклопедиясы Алматы, 1198
3. Ералин Қ., Жолдасова Б. Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы. Лекциялар жинағы. Шымкент, «Әлем» баспасы. 2012

ҒТАХР 18.45.09
УДК 792.09

МОМЫНЖАНОВ БОЛАТ
«Актерлік өнер» мамандандығы бойынша 1 курс магистранты
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН СПЕКТАКЛЬДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

Түйін. Мақалада 1935 жылы ашылған Республикамыздағы тұңғыш қуыршақ театрының бүгінгі репертуарындағы ересектерге арналған спектакльдердің қалыптасуы мен тәжірбиелеріне талдау жасалды. Зерттеу жұмысының өзектілігі ұлттық ойындарымыздан бастау алып, әлемдік театр тәжірбиелерін кеңінен қолданып жүрген Мемлекеттік қуыршақ театрының ересектерге арналған спектакльдерінің қуыршақ тіліндегі интерпретациялары талданады. Аталмыш тақырып бұрын-соңды қазақ театр ғылымында зерттеуге арқау болмаған. Сонымен қатар, балаларға арналған қойылымдар мен ересектерге арналған спектакльдерге тақырыптық жағынан салыстырмалы түрде талдау жасалып, ұсыныстар білдірілді.

Түйінді сөздер: қуыршақ театры, спектакль, репертуар,заманауи бағыт,ұлттық ойын, өнер.

Резюме. В статье наряду с анализом формированиия нынешнего репертуара первого республиканского театра кукол, созданного в 1934 году, и практики спектаклей, в основном предназначенных взрослым, всесторонне изучены тенденции развития и художественный уровень данных спектаклей. В исследовательской работе проанализирована репертуарная политика Государственного театра кукол, берущая начало из казахских национальных игр и широко использующая мировой театральный опыт, и интерпретация кукольных спектаклей для взрослых на кукольном языке. Также был проведен сравнительный тематический анализ детских постановок и спектаклей для взрослых, представлены рекомендации.

Ключевые слова: кукольныйтеатр, спектакль, репертуар,современные направления (веяния, альтернативы классике), национальная игра, искусство.

Summary. The article, along with the analysis of the formation of the current repertoire of the first Republican Puppet Theater, created in 1934, and the practice of performances, mainly intended for adults, comprehensively studied the development trends and artistic level of these performances. The research work was analyze the repertory policy of the State Puppet Theater, originating from kazakh national games and widely using the world theatrical experience, and the interpretation of puppet performances for adults in the puppet language. Also, a comparative thematic analysis of children's productions and performances for adults was carried out, recommendations were presented.

Keywords: puppet theater, performance, repertoire, modern direction, national game, art.

КІРІСПЕ

«Қуыршақ театры басқа сахна өнері түрлерінен ерекше жасалатын, яғни қуыршақ арқылы дүниеге келетін, өзіндік өнер» *[Жуасбек Е. 2017, б.154]*, – деп белгілі қазақ қуыршақ театын зерттеуші Е.Жуасбек айтқандай, көпшілікті құпиясы қызықтырып, қыр-сыры қызығушылықты арттырып жүрген қуыршақ театры өнері бүгінде терең зерттеуге сұранып тұрған өнер саласы.

Балалардың тәрбиелік-тәлімдік ұлағатын қалыптастырып, эстетикалық талғамының қалыптасуына және жоғарылауына ықпал ететін қуыршақ театр өнерінің ұлттың рухани жаңғыру жолындағы қызметі зор. Себебі, саналы ұрпақ білімді тұлғаға айналуы үшін тек сауат ашу жеткіліксіз. Қоршаған ортаны тануға, ой-пікірін қалыптастырып, балаларға адами асыл қасиеттерді бойына сіңіруде театрдың әсері мол. «Өнер – өмірдің көркем көшірмесі» деп қарастыратын болсақ, театр қоғамның дертті мәселелерін сахналаумен шектелмей, жалпыадамзаттық ортақ құндылықтарды дәріптейді.

Осы ретте, Мемлекеттік қуыршақ театр ұжымының бүгінгі репертуардағы ересектерге арналған спектакльдерің әлемдік қуыршақ театрлары тәжірибелерімен салыстыра отырып талдау, болашақ «қуыршақ театры әртісі» мамандандығы бойынша білім алатын ізденуші студенттерге тәжірбиелерді қолдануды ұйымдастыру басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады.

Қазіргі таңда, Мемлекеттік қуыршақ театрында жаңаша бағыттағы қойылымдар дүниеге келіп жатыр. Кеңес кезеңінде «қуыршақ театры тек балаларға арналған» деген жаңсақ пікір қалыптасып қалған. Бұл жұмыста алғаш рет ересектерге арналған қуыршақ қойылымдарының көркем идеясы мен сахналаудағы ерекшеліктері айтылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мынадай **міндеттер** қойылды:

- театрда жаңа бағытта сахналанған ересектерге арналған қойылымдардың қалыптасурын жүйелеу және талдау;

- әлемдік классикалық шығармалардың қуыршақ театрындағы интерпретацияларының ерекшелігін зерттеу;

- қуыршақ театрының даму үрдісіндегі драматургия мен режиссура қызметінің маңызы жөніндегі мәселелерді қарастыру;

- театрдың бүгінгі шығармашылық келбетін айқындау;

- балаларға және ересектерге арналған қойылымдарды салыстыра отырып, қуыршақ театры өнерінің қоғам мен мәдениеттегі орынын анықтау.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысында қуыршақ театры өнеріндегі театр мисиясының өз деңгейінде көрсетілу идеясындағы кейбір мәселер және оларды шешу жолдары қарастырылады.

ӘДІСТЕР

Ғылыми зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды. Зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау жасай отырып талдайтын әр-түрлі тұжырымдар, жүйелі-құрылымдық, теориялық, институтционалды әдістер қолданылған. Қазақ қуыршақ өнеріндегі алғаш рет қадамдар жасалған ересектерге арналған спектакльдердің бүгінгі даму қарқыны жөнінде сауалнама және театртанушылар пікірін негізге ала отырып анализ жасалды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Театр өнері жайлы сөз болғанда барлық шығармашылық ұжымның (драматург, суретші, композитор, хореограф, режиссер) еңбегін сахнаға алып шығатын басты тұлға ретінде «актерді» атайтынымыз белгілі. Музыкалық, драма, опера т.б театрларда көрермен тікелей актер ойыны арқылы бүкіл ұжымның еңбегін бағалайды. «Ал, қуыршақ театрында актер «шеберлігі» көрінеді де, актердің «өзі» көрінбейді. Мұнда нәтиже қуыршақ қимылы арқылы, оның шынайылығы мен жалпы көркемдік бейнесі арқылы анықталады» [*Жуасбек Е. 2017, б.51*]. Өзі зерттеген кейіпкерінің ұсынылған тосын жағдайын, зерттеп зерделеп болып, енді өз жадындағы бейнесін қуыршақ арқылы көрерменге жеткізуге тырысады. Бұл екі есе ауыр жауапкершілікті, шексіз табандылықты және айналып келгенде мамандығына деген махаббатты талап ететін құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда біз зерттеу нысаны ретінде отырған ұжымның өзара шығармашылық байланысы, кейіпкер қуыршақтарына деген махаббаты бір де бір көрерменіне күмән туғызып, кәсіби мамандарға күмән келтіруге мүмкіндік берген емес.

Театрдағы басты «тұлға» қуыршақ екенін біле тұра, актерлер өз бейнелеріне бей – жай қарамай, тамаша образдар жасай біледі. Өйткені, «Труд актера театра кукол – это ручной труд, связанный с управляющими и формирующими действиями рук, и вместе с тем, это высокое искусство, которое становится таковым лишь при условии виртуозного владения техникой управления куклой» *[Образцов С.В., 1981, с. 12*]. Сан түрлі сахналық бейнелер жасау арқылы шеберліктерін шыңдап жүрген шығармашылық ұжымның бүгінгі бағыты зерттеуге тұрарлық ерекше қарқынмен өсіп келеді. Режиссер – сахналық қойылымдардың көркемдік тұтастығын, кейіпкерлердің өзара қатынастары арқылы саяси-әлеуметттік, фәлсапалық, азаматтық және басқа көптеген келелі мәселелерді көтеретін спектакльдің қоюшысы, шығармашылық процесстердің ұйымдастырушысы әрі авторы білеміз. Алғашқы ұғымы XIX ғасырдың соңында пайда болды дегенімізбен, бүгінде бұл мамандық өнердің қай саласына болмасын ауадай қажетке айналған. Ал, жалпы театр өнерінде режисссура ұғымының іргетасын қалап, жас таланттардың бағын жаққан Ж.Шанин, Ә.Мәмбетов, А.Тоқпанов, С.Асылхан, Р.Сейтметов, Мен Дон Ук, М.Байсеркенов, В.Пұсырманов, А.Кенжеков есімдері алғашқы болып аталатыны анық. Біразы кәсіби білім алмағанымен «дала академиктері» деген бағалауға ие болып, туа бітті таланттарымен қайталанбас дүниелер жасай білген.

К.С.Станиславский: «Менің тәжірбием – режиссерді дайындауға болмайды, режиссер болып туады. Тек, оның өсуіне жақсы жағдай жасауға болады» дейді. Ия, «шын мағынасында режиссер болу адамнан асқан білімділік пен санқырлылықты талап етеді. Режиссер медицинадан да, экологиядан да хабардар болуы тиіс, ал әдебиет пен тарихты бес саусағындай білуі керек. Қазіргі режиссерлерге жетіспейтіні осындай жан-жақтылық. Ол бір кейіпкерді сахнаға шығару үшін, шартты түрде айтсам, актердің бас сүйегін ашып, миында не болып жатқанын көре білуі керек...» *[Байсеркенов М., 1993, б. 35]*, – дейді Маман Байсеркеұлы. Жоғарыда аты аталған режиссерлеріміз театр өнерін қалыптастырып қана қоймай, биікке көтеріп кетсе, бертін келе сол көшті Е.Обаев, А.Әшімов, Т.Жаманқұлов, Ж.Хаджиев, Ә.Рахимов, Б.Ұзақов, А.Маемиров сынды жас режиссерлер жалғады. Ал, қуыршақ театры режиссерлері дегенде алғашқылардың бірі болып кімді атаймыз? Театр қалыптасқалы тынбай еңбек еткен, Алматыдағы I – балалар үйінің жанынан алғаш қуыршақ үйірмесін ашқан Б.А.Федорченкодан бастап, С.Телғараев пен Қ.Бадыров та қуыршақ өнерінің алғашқы режиссерлері ретінде аталады. Одан кейінгі даму сатысында А.Анчаров, М.В.Соколовский, И.Г.Боров сынды режиссерлер қуыршақты ұлттық сипатта толықтырып көрермен назарына ұсынды.

Театр репертуарындағы соңғы жылдары сахналанған қойылымдар деңгейі көпшілік көрерменнің де, театр мамандарының да көңілінен шығып жүр. Дегенмен, аталмыш қойылымдарға режиссерлер арнайы шақыртылуда. Себеп – «қуыршақ театры режиссері» ретінде кадрлар дайындалмайды. Театр өнерінде алғашқылардың бірі болып дүниеге келгенімен кенжелеп

қалған қуыршақ өнері өз кәсіби режиссерлеріне мұқтаж. Алдымен, режиссер Д.Жұмабайды, кейін Өскемен Жастар театрының режиссері А.Салбанды арнайы шақыртып қуыршақ қойылымдары сахналанды. Аталмыш режиссерлер қуыршақ актерлерінің жұлдызын жақты десек артық айтқанымыз емес. Еліміздегі өнер саласы бойынша мамандар даярлайтын жоғарғы оқу орындары режиссерлерді тәрбиелеуді қолға алса, бұл қуыршақ театры өнеріне ғана емес, күллі қазақ театры өнеріне жасалар жақсылық болмақ. Тек балаларға арналған спектакльдер емес, бүгінгі әлем театрлары тәжірбиесінде жұмыстар жасап, жаңа бағытқа қадам жасаған ұжымға қолдау көрсетілсе әлі талай биіктерді бағындырары хақ. Дегенмен, ауызды құ шөппен сүртпей, театр соңғы үшжылдықта жаңа бағыттарға, қуыршақтың да, актерлердің де мүмкіндіктерін ашатын үлкен қадамдар жасап келеді. Аталмыш зерттеу жұмысында біз отандық театртанушылар мен шетелдік театр теоретиктерінің еңбектерін негізге ала отырып, ересектерге арналған спектакльдердің көрермендерінің пікірлерін да назарға ала отырып, бірнеше әдіс түрлерін кеңінен қолдандық. Мәселен, тіл білімінде: сипаттамалық әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, структуралық әдіс, статистикалық немесе сандық әдіс т.б. түрлері болса, біз қарастыратын театр өнеріндегі қуыршақ саласы жайлы жұмыс өзіндік әдісті талап етті.

Театрдың репертуарындағы ересектерге арналған алғашқы спектакль, театрдың жаңаша дамуына негіз болған қойылым 83-ші маусымда жарық көрген «Ана жүрегі» қойылымы. Бұл театрдың ғана емес барлық қуыршақ театрларының үздік спектакльдерінің бірі ретінде бағаланды. Режиссер Антон Зайцев сахналаған туынды +12 жастан жоғары жасөспірімдерге арналған. Танымдық, тәрбиелік мәні ғана емес, қойылым заманауи театр кеңістігіндегі тәжірбиелерді қолдана отырып сахналанған. Хореография, сатира элементтерін де өз орнымен пайдаланып, қуыршақ жүргізудің де жаңаша әдістерін қоса білген. Спектакльдің көркемдік деңгейі төңірегінде талдау жүргізсек.

«Қуыршақ театрында негізгі екі-ақ компонент бар, біріншісі актер өнерінің ерекше түрі, яғни, актер-қуыршақшыда, екіншісі бейнелеу өнерінің ерекше түрі, яғни – қуыршақ» *[Голдовский Б., 2007, б. 154]* дейді. Біз куә болған аталмыш спектакль екі компоненттің де үлесін теңестіріп, біртұтас көркем туындыға айналған. Режиссер балалар психологиясын тереңінен талдап, автордың айтайын деген ойын қуыршақ тілі арқылы ұғынықты жеткізе білген.

Актер ым-ишарасы мен ишараты актердің кестелі жүріс-тұрысының, мінез құлқының ишараттар көрінісі ретінде танылып, бұндай ым-ишаралар, ишараттар өрнегін М.Чехов «психологиялық ишараттар», Е.Б.Вахтангов «фантастикалық шындық», А.Я.Таиров «әсерлі ишараттар» – деп С.М.Эйзенштейн «күш-қуат ым-ишарасы, ишараттары», У.С.Михоэлс «ой әлпеті» -деп, алуан түрлі құбылта ат берген. Бұл ым-ишара, ишараттар В.Э.Мейерхольд үшін биомеханика болса, Б.Брехт үшін ым-ишара-қоғамдық позиция, А.Артоға салса ым-ишара рухты іс асырушы тәсіл. Жоғарыдағы айтылған алуан түрлі айшықтағы пікірлерді К.С.Станиславскийдің тұжырымымен түйіндесек, ым-ишара – жаңа түрге айналған, құнарлы және мақсатқа сәйкестелген әрекет шоғыры. Ым-ишаратты пластикалық шешімдермен үндестіріп, көрермендерге ерекше әсер еткен қойылымдардың бірі «Ана жүрегі» спектаклі.

«Фестиваль – қазіргі театр үдерісіне үңілуге мүмкіндік беріп, информациялық алмасу, театр жетекшілерінің қарым-қатынасы, жаңа жобаларды құру сынды қазіргі заман театр өмірінің негізгі бөлігін құрайды. Соңғы жаңалықтардың көптігі мен сан қилылығы, театр көрермендерінің өзгеруі, коммерцияланған театр ұжымдары сияқты көптеген факторлар бүгінгі сахна өнеріне өз әсерін тигізіп келеді» – *[Еркебай А. 2018, 20 б.]* дегендей, қуыршақ театры да соңғы жылдары үзбей фестивальдерге қатысуда. Бірнеше шетелдік театр фестивальдерінде алдыңғы қатардан көрініп жүрген театрдың репертуарындағы А.Зайцев режиссурасымен сахналанған спектакльде сөзден гөрі іс-әрекет, қуыршақ жүргізудің жаңа тәсілдеріне басымдық берілген.

«Жас режиссер А.Зайцевтің алғашқы туындыларының (аталмыш театрда «Буратиноны» қойған) бірі бүгінгі қоғамымызда аса маңыздылыққа ие Ана мен баланың ара-қатынасына арналған. Өзекті тақырыпты арқау еткен бір сағаттық қойылым семантикалық астарымен, күрделі метафоралық тілімен қызықтырады. Режиссер сахнада қарапайым қолданыстағы заттарға жан бітіру арқылы әрбір реквизитке жаңаша мағына сыйғызған. Соның нәтижесінде спектакльдің астарлы контексті түзіледі» *[Жақсылықова М., 2018]*. Сонымен бірге, қым-қуыт өмір ағымын ұзын-сонар арқандар арқылы шебер оқиға астарын түсіндіреді. Ортақ қимыл, үндескен әрекет – қуыршақ жүргізудегі басты қағида. Екі әртіс төрт қолымен бір қуыршақты жүргізудің өзі үлкен шеберлікті талап етеді. Балаларға арналған спектакльдерді сахналаумен шектеліп жүрген ұжымның алғашқы аяқалыстары, яғни ересектерге арналған қойылымдардың алғашқысы болып саналатын бұл қойылым ұжымының шеберлігін көрсете білді.

Қойылым актерлердің тоқтаусыз жүгіріп бара жатқан кейіп танытуынан бастау алды. Олар бір де шалынып, бір де сүрініп, қайта тұрып жүгіруде. Арасынан біреуі ғана қалды. Бұл ананың жатырындағы ұрықтың тіршілік үшін күресін көрсететін семантикалық шешім. Көрермен залынан Толқын Тлеулиева шықты. Баласын қолына алып әлдейлеп, себеттің ішіне жатқызды. Нәрестені бейнелеген қуыршақты ойнатып тұрған Руслан

Абу. Қуыршақ басқалардан ерекше, іші бос себет тәрізді. Демек, нәрестенің ойында ештеңе жоқ екенін аңғартқандай. Оны үш жақтан басы адам тәрізді денесі құсқа ұқсас, қанаттарын қағып әрі қонып, бері қонып ақыры баланы қызықтырады. Ертеңін ойламай ұшып қонып жүрген жарлының балалары. Өздеріне қызықтырып ұшып барып, бір-бір алманы іліп алып кетеді.

Келесі көріністе анасының жан дүниесіндегі күресті пластикалық шешіммен береді. Бөшкелерді итерумен болады. Бұл жан жақтан келіп жатқан сынақтарды бейнелейді. Еңкейіп, әрі ентігіп маңдайындағы терін сүрініп, жығылып, қайта тұрып әрекет етуін қоймауда. Мұндай күрделі сахнаны би элементтерімен, сөзбен жеткізу көңілге қонымсыз дүние болар еді. Пластикалық шешімнің сахна қозғалысын қолдана отырып бейнеленген образ нанымды әрі әсерлі. Клубтың ішіндегі көрініспен жалғасқан спектакльдегі бұл сахнада да сөз қолданылмайды. Арьресценадан басы жылқы болып бір қыз шығады. Барлығының назары сол қызда. Бүгінгі қоғам көрінісін жасөспірімдердің сөйлемейтін «өз тілінде» ұғындырады.

Осы іспетті физикалық театрды бақылаушылар ретінде «Ана жүрегі» спектаклі Қуыршақ театрында алғашқылардың бірі болып бастау алды десек артық емес. Спектакльдің мына сәтін ерекше атап өтсек болады. Басты кейіпкер үйінде туған күнін тойлап жатыр. Жанындағы достары екі жүзді. Оны бірнеше маска кигенінен байқаймыз. Актерлер иықтарына тізелеріне маска киіп алған. Ал беттеріне үлкен езудің маскасын киген. Демек, адамдар өз пайдалары үшін жымиып жүр. Сол мезетте қолында шырағы бар анасы келеді. Анасының жүрегі дәл осы шарақ тәрізді қараңғы түнекте жанып тұрған жалғыз, әлсіз шырақ. Ананың жүрегі ыстық, әрі әрдайым лаулап жанып тұрады.

Соңғы сахна, анасын көміп жатқан сәт. Жоғарғы жағында басты кейіпкер қайта жүгіріп баруда. Иә, ешкім мәңгі емес. Тіпті, өз перзенті үшін тау қопаратын ананың да, шырағы мәңгі жанып тұрмасы анық. Бірақ, тіршілік мұнымен тоқтамайды. Актер алғашқы сахнадағыдай жүгіре бастайды, бұл туылудың белгісі. Яғни, жаңа перзент өмірге келмек. Енді, келесі қандай оқиғаға арқау болары беймәлім. Соңғы сахна да сөзсіз, тек әрекетпен шешіледі.

Аталмыш спектакль бүгінге дейін онға жуық отандық және Халықаралық театр фестивалінен жүлделі оралып жүр. Бұл алдымен режиссер мен автордың айтулы еңбегі болса, екіншіден актерлік ансамбльдің потенциалының жоғарылығын дәлелдейді.

А.Б.Немировский былай деп жазған: «Актердың рөл ойнау кезінде орындаған жекпе-жек, семсерлесу, күресу қимылдары батыл, әсерлі бола тұра ойынсерігі үшін қауіпсіз болуы қажет. Сонымен қатар сахналық айқас көрерменді өзінің «қатерлі қауіптілігіне» сендіретін болуы шарт. Қауіпсіздік ережелерін сақтау – сахналық сайысуды үйренудің міндетті шарты. Актерден де талап етілетін басты нәрсе: ыңғайлы киім мен аппараты яғни денесінің сол процеске дайындығы деп білемін. Сахналық айқас техникасының элементтерін игеру барысына қарай сахналық күрделі қимылдарға көшуге болады. Дәріс сабақтарында техникалық машықтану кезінде студенттердің назары өзінің қол-аяғының іс-қимылына және ойынсерігінің іс-қимылына өте сақ әрі қырағы болуы керек» *[Немировский 2013, б. 22]*. Қорыта айтқанда, әртістің назарына, ең алдымен техниканы игерумен қатар, қажетті техникалық қимылдардың үйреншікті болып қалыптасуына қол жеткізу керектігі бірінші деңгейге көтерілгенін орынды. Аталмыш қойылымда да өте ауыр сахналар, яғни бөшкелерден арқанға секіру сынды хореографиялық шешімдер мол.

Зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде қарастырған мақсаттарымыздың бірі – ересектерге арналған қойылымдардың қуыршақ театры сахнасындағы спектакльдердің тақырыптық ерекшеліктеріне байланысты өзге де қуыршақ театрларының репертуарымен салыстыра отырып талдау болатын. Аталмыш мақсатты жүзеге асыру үшін облыстық бірнеше театрдың ересектерге арналған тақырыпты арқау еткен қойылымдарын көріп, зерттеу жүргіздік. Сонымен қатар, Мемлекеттік қуыршақ театры репертуарындағы қазақ драматургиялық шығармаларының аздығын ескере отырып, жұмыстың келесі бөлімдерінде қуыршақ театрына сұранып тұрған пьесалар мен ертегілер жөнінде кеңінен қарастырып, ұсынатын боламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ театры пайда болған күннен бастап өзінің өміршеңдігін, мәдени көкжиегінің кеңдігін көрсетіп келеді. Қазақ сахна өнері саласында өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан театр ұжымдары бірнеше белесті бағындырып үлгерді. Тұңғыш ұлт театрының бастауы ғасырға жуық уақыт бұрын десек, жас театрлардың саны да күннен күнге өсіп келеді. Десек те, еліміздің мәдениетін әлемдік өркениетпен ұштастырып жүрген театр ұжымдарының көпшілігі (оның ішінде қуыршақ театры) зерттелмей, тарихы таңбаланбай келе жатқаны жасырын емес. Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев: «Біззаманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Сол арқылы ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін дәріптеп, әлемге таныстыруымыз қажет» *[Назарбаев Н.А. 2017]*, – деген пікірі толықтай дұрыс. Демек, мәдениетіміздің ең үлкен жетістігі театр өнері саласы болуы қажет. Бір ғасырға жуық ұлт мәдениеті мен руханиятына зор үлес қосып келе жатқан Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының жаңа бағыттағы шығармашылық жолы, ересектерге ар-

налған спектакль сахналаудағы жетістіктері мен еңбектері бұрын-соңды зерттеу нысаны ретінде алынбады.

Мақаланы қорытындылай келе, бүгінгі театр-репертуарындағы ересектерге арналған «Ана жүрегі» (реж.:А.Зайцев) қойылымының жалпы көркемдік тұтастығына кеңірек тоқталып талдау жүргіздік. Ғылыми зерттеу жұмысының келесі тарауында Ш.Айтматовтың «Құс жолы» повесінің негізінде Д.Жұмабай сахналаған «Ана Жер Ана», Еврипидтің «Медея» (реж.:А.Салбан), У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» (реж.:Д.Жұмабаева) спектакльдерінің сахналануы және қуыршақ өнерін дамыту мен оның қоғамдағы рөлі және заманауи театр стилистикасында сахналанған спектакльдердің көркемдік деңгейі мен жетістіктері терең талданып зерттелетін болады. Ұсынылған мақсат пен міндеттерді шешу үшін театр тарихымен қоса репертуар саясатымен толық танысып, зерттеу жүргіздік. «Қуыршақ театр әртісі» мамандарын дайындайтын жоғарғы оқу орындары үшін қуыршақ театры режиссерлері мен балаларға арналған драматургия мәселелері екінші орында болмауы керектігін қарастырамыз. Ол үшін бүгінгі қазақ драматургиясындағы қуыршақ театрына сұранып тұрған бірнеше драматургтің пьесаларының тізімін жасап, арнайы ұсыныс ретінде кестемен көрсететін боламыз.

Қуыршақ театрларының әлемдік тәжірбиесі мен бүгінгі үдерісіне көз жүгіртетін болсақ, бүгінгі қуыршақ театрлары тек техникалық жабдықталу жағынан ғана емес, репертуар, қойылымға арналған кеңістік, қажетті құрылғылар, әртістердің кәсіби біліктілігі, қуыршақ театры артістеріне білім беру жүйесі, сценография рөлі және театр техникасына дейін өзгеріске ұшыраған. Тек театр кезеңі ғана емес, қуыршақтар да түрлі формаларға ие болды.

Ал, ұлттық ойындарымыз бен ұлттық драматургиямызбен астасып барып халықтың қошеметіне бөленген өнер түрі бүгінде маңызы талас тудырмайтын жаңашылдығы көрерменнің назарын еріксіз аударатын өнерге айналды. Жаңашыл бағытта жұмыс жасап театрдың тынысы терең зерттелгенде ғана заман тынысымен үндеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жуасбек Е. Қазақ қуыршақ театры. – Алматы, 2017. – 199 б.
2. Образцов С. В. Моя профессия. – М.: Искусство, 1981. – 464 с.
3. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 325 б.
4. Голдовский Б.П. Историческое развитие и сценическая жизнь русской драматургии театра кукол XVIII-XX вв. – СПб., 2007. – 246 с.
5. Еркебай А.С. Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі театр фестивалі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2018 – № 4 (60). – Б. 20-23.
6. Жақсылықова М. Қуыршақ театрында Ана тақырыбы. //www.oner.kz 2018. Ақпан – 22
7. Немировский А.Б. Актердің пластикалық айқындығы. – М.: ГИТИС, 2013. – 256 б.
8. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // 12 сәуір 2017. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleketbasshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.

МУКАНОВ МАЛИК ФЛОБЕРОВИЧ
доктор PhD искусствоведения, доцент
кафедры «Изящных искусств»
Казахской Национальной Академии искусств им. Т. Жургенова

НУРБЕКОВА АЯУЛЫМ МУСАБЕКОВНА
магистрант 2-ого курса специализации «Станковая живопись»
Казахской Национальной Академии искусств им. Т. Жургенова

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ БОГИНИ УМАЙ В СОВРЕМЕННОЙ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХСТАНА

Түйін. Мақалада ежелгі түркі әйел құдайы Ұмайдың Қазақстанның бейнелеу мәдениетіндегі этнографиялық және өнертану тарапынан көркемдік бейнесінің суреттелу ерекшеліктері қарастырылады.

Түйінді сөздер: түркітану, тенгрианизм, тенгриандық дүниетаным, Ұмай құдай бейнесі, Қазақстанның авторлық кескіндемесі, Қазақстанның қазіргі өнері.

Резюме. В статье рассматриваются этнографические и искусствоведческие аспекты отражения художественного образа древнетюркской богини Умай в современной изобразительной культуре Казахстана.

Ключевые слова: тюркология, тенгрианство, тенгрианское мировоззрение, образ богини Умай, авторская живопись Казахстана, современное изобразительное искусство Казахстана.

Summary. The article see into the ethnographic and art history aspects of picturing the artistic image of the ancient Turkic goddess Umai in the fine art culture of Kazakhstan.

Key words: Turkology, Tengrianism, Tengrian worldview, the image of the goddess Umai, author's painting of Kazakhstan, modern art of Kazakhstan.

На рубеже XX-XXI веков, с момента обретения Казахстаном независимости, в среде профессиональных казахстанских художников стал проявляться неподдельный интерес к национальным истокам, этнокультуре и мифотрадициям древнетюркских кочевых цивилизаций Великой Степи. Данный процесс наиболее объемно выразился в стремлении художников к созданию авторских произведений, отражающих образы, символику и парадигму тенгианства, как мировоззрения. Интерес творческой когорты казахстанского социума к архаико-мифологическому прошлому минувших веков своего народа, в бытность ведшего кочевой образ жизни, конечно, не случаен. В первую очередь, он формировался благодаря процессам национальной самоидентификации, охватившим социально-культурные сферы казахстанского общества. Вот как формулировала упомянутые процессы казахстанский искусствовед Х.Х. Туруспекова в своем эссе «Авангардные идеи XX века в живописи и актуальном искусстве Казахстана»: «Пробуждение национального самосознания привело казахстанских художников к поискам истоков этнической культуры и выразилось в создании историко-стилевого направления, а также в реконструкции страниц искусства древнего периода отечественной истории» [Туруспекова Х.Х., 2011, с. 331].

Вторым, немаловажным фактором, является то, что с распадом СССР на независимые республики в корне изменились эстетико-визуальные каноны изобразительного искусства. Ушел в прошлое, практически сошел на нет, изобразительный стиль советского соцреализма. И как следствие этого, художники в своих произведениях стали отходить от школы реалистической живописи. Почему нужно обязательно подчеркнуть данный факт? Причина в том, что реалистический живописный стиль изображения является не совсем подходящим изобразительным инструментом при решении художественно-композиционных задач по созданию произведений, отражающих образы и символику тенгрианской культуры. А если все же, художник применяет его, то в конечном итоге зачастую получается живописное произведение книжно-иллюстративного характера. И, напротив, в ситуации, когда живописец, график, скульптор или художник по гобелену сюжетно-композиционными средствами пытается отобразить нечто нереальное, архаико-мифологическое, он обращается к декоративно-образному, символическому изобразительному языку, или к языку «знаковой» живописи, основоположником которой в казахстанском изобразительном искусстве по праву считается художник-живописец АбдрашидСыдыханов. Во многом благодаря этому обстоятельству – соответствию декоративно-образного изобразительного стиля решаемой художественной задаче, мы будем рассматривать отображение образа богини Умай в современной изобразительной культуре Казахстана не только в творчестве живописцев,

но и художников-графиков и мастеров казахстанского художественного текстиля.

Со времен советской истории нашей республики, многие отечественные и зарубежные культурологи и историки подчеркивали, что тенгрианство являлось основой национального самосознания и мировоззрения казахского народа до периода его исламизации. При этом, оно идеологически не формировалось как некий религиозный культ, а воспринималось особенным, с присуще только ему, национальным мировоззрением, которое было основано на интересе к своим тюркским корням, гармоничном воссоединении с природой, к тюркской рунической письменности и номадизму вообще. То есть, к интересу этического и эстетического образа номада-кочевника.

Считается, что в тенгрианской иерархии богов, Умай занимает второе место после самого Тенгри. Но есть и другие мнения. Некоторые культурологи рассматривают ее как зеркально-женственное олицетворение Тенгри, которые вместе формируют двуединое неразрывное божественное начало. «Коктюрки считали ее супругой небесного божества Тенгри, хотя изначально оппозиционной пары Тенгри-Умай не существовало. Они были образами разного происхождения и имели, соответственно, различные функциональные характеристики. Реконструкция мифологической системы, предпринятая И. Стебловой, где Умай занимала второе по значению место после Тенгри, является не общедревнетюркской, а всего лишь коктюркской, то есть не изначальной системой» [Кондыбай С., 2005, с. 230 – 231]. Рассмотрение нюансов данного положения не входит в тему исследования, поэтому мы не будем акцентировать свое внимание на нем, а упомянем, что среди современных прототюркских народов богиня Умай (Умай энэ) до сих пор почитается у алтайцев, казахов, башкир и хакасов.

Умай (Умай энэ) – это высокочтимое женское божество, дух, несущий доброжелательный характер, покровительница детей и рожениц. Под ее защитой от злых и потусторонних сил и духов находились новорожденные и дети колыбельного возраста. В других случаях, Умай также олицетворяет собой силы природы и плодородие. По мнению многих культурологов, в древнетюркском мире Великой Степи женщина считалась земным воплощением Умай. Интересный момент, в древности «…те или иные состояния детей связывались с действиями Умай. Если ребенок улыбался во сне, это значило, что с ним общается Умай. Если плакал – значит его пугают злые духи, а Умай, соответственно, на время отлучилась» [https://dipifr1968livejournal.com]. Болезнь ребенка без очевидных причин воспринималась как признак отсутствияУмай. В таких случаях обязательно прибегали к помощи шамана, который камланием проникал в эзотерический мир богов и узнавал – не похищена ли душа ребенка злым духом, поскольку это грозило ему смертью.

Вызывает интерес тот факт, что иногда Умай характеризовалась не доброжелательностью, а наоборот, играла роль злого духа, который в виде ангела смерти спускался на землю за душой умирающего ребенка. Но такая транскрипция ее роли в мире тенгрианских божеств, несомненно, входит в противоречие с не только ее положительным образом, но и тем обстоятельством, что за сопровождение душ в мир ушедших отвечал бог подземного мира Ерликбий. Здесь мы опять отвлекаемся от темы, поэтому необходимо вернуться в канву исследования.

Первые попытки художественными приемами отобразить образ Умай, запечатленные на «каменных холстах», принадлежат мастерам древнего мира, чьи имена, конечно, не дошли до наших дней. Пожалуй, самым известным изображением является петроглиф на валуне из погребения Кудыргэ (Алтай), на котором выбиты резцом древнего художника фигуры женщины с ребенком и коленопреклоненными перед ними тремя всадниками. «На женщине трехрогий головной убор, похожий на венец Культегина. Сюжет отражает обычай поклонения предкам при посещении их гробниц» [Маргулан А. Х., 1986, с. 46 – 48].

Таким же головным убором – трехрогой тиарой, украшена голова Умай на другом известном петроглифе, обнаруженном советскими археологами на камне у озера Бийликуль, в предгорной зоне Малый Каратау Южного Казахстана.

На основе этого, во многих смыслах иконографического, изображения богини женского начала Умай, казахстанские художники Муканов Малик и Жамхан Айдар в 2010 году создают авторский гобелен с одноименным названием. (Рисунок 1) Изобразительно не видоизменяя иконографику петроглифа, авторы помещают круглоликую головуУмай, украшенную древней короной, в самый центр квадратного по размеру гобелена. Все пространство вокруг нее наполнено различными орнаментально-пластичными изобразительными элементами, трансформирующимися то в традиционный казахский орнамент, то в арабесково изящные волнообразные линии. Вся тканая поверхность гобелена также наполнена большим количеством белых лепестков, напоминающих то ли тяжелые хлопья снега, плавно опускающихся на землю, то ли стайку мелких рыб, плывущих в едином строю. Под изображением Умай – как-бы под ее покровительством, уютно расположились стилизованные фигурки всадниц на лошадях и верблюды, один из которых несет на себе легкий походный шатер.



Рисунок 1. Муканов М., Жамхан А. Гобелен «Умай», 2010 г., размер: 130 х 130 см.

При созерцании гобелена невольно понимаешь, что авторы в своей работе добились удивительного ощущения спокойствия и гармонии, образно противопоставив в композиции бушующие архаичные силы природы с надежной непоколебимостью их матери-хранительницы Умай.

Цветовой колорит гобелена выдержан легких, полупрозрачных, сдержанных и благородных меланжевых цветосочетаниях, (меланж – это особый способ подбора цветовых колеров в искусстве гобелена, при котором в процессе ткачества создается иллюзорный эффект старины – «патины времени) поэтому кажется, что он создан не современным художником, а древним мастером времен Тюрского каганата, эпохой расцвета тенгрианства (от Тенгри) – древнетюркского монотеистического культа Вечного неба с элементами шаманизма.

В несколько ином ключе интерпретирует ту же иконографику известного петроглифа казахстанский художник АхметАхат в своем живописном произведении «Умай», 2003 г., размер: 77 х 107 см. (Рисунок 2) Здесь божество женского начала образно представлено как сосредоточие архаичных, гармонично взаимосвязанных, но все же неуправляемых человеком сил природы. Возможно, как было упомянуто ранее, Умай несла в себе и темное начало.

В немалой степени образу гармонии духов и сил первозданного мира в произведении способствует ясно читаемое противоборство холодных сине-фиолетовых и теплых охристо-красно-коричневых цветовых пятен, стилистически и изобразительно решенных в виде нагромождения каменных валунов, обветренных до фактуры шагреневой кожи прошедшими веками.



Рисунок 2. Ахат А. «Умай», 2003 г., размер: 77 х 107 см., холст, масло, акрил, сусальная позолота.

Рассматривая произведение А. Ахата, возникает чувство соприкосновения с чем-то первородно-архаичным, представляющим собой некую сложную замкнутую и самодостаточную систему, живущую по своим дуалистическим законам мироздания. Такое гармонистическое сосуществование противоборствующих сил добра и зла характерно для всей парадигмы тенгрианского космоса, в которой экзистенциалистическое начало номадического бытия определяется категорией «подобия времени» и мудро-бесконечном равновесии светлого и темного начал. «Подобие времен в тенгрианстве порождает подобие миров и их обитателей. Казахская демонология на фоне других культур не богата, и не поражает особыми отличиями обитателей разных миров. Это особенность самого тенгрианства и следствие его взаимоотношений с другими религиями. Тенгрианство никогда не вступало с ними в борьбу, не ставило задач ниспровержения или дискредитации их богов, превращая их в демонов, бесов, и т. д., столь обогативших демонологию до христианства. Спокойно позволяя существовать различным религиозным системам рядом с собой, заимствуя порой отдельные их элементы, тенгрианство не изменяло своей сущности, изначальная основа которой – *гармония времен, гармония миров*» [Мухамбетова А.С., 2002, с. 41].

Теперь, продолжая тему интерпретации казахстанскими художниками в своих произведениях образа богиниУмай посредством известных петрографических знаков, обратимся к творчеству БатуханаБаймена, в 2015 году создавшего графический лист под названием «Умай-Ана» из графической серии «Тюрки». (Рисунок 3) В сюжетно-композиционное решение графического листа Баймен Б. привлекает петроглиф с изображением Умай, обнаруженном на валуне из погребения Кудыргэ (Алтай), описанное нами ранее. (Приложение А, рисунок 1) Художник в своем произведении выстраивает образ Умай оригинально и необычно, поскольку соотносит ее с каноническим изображением Пресвятой Богородицы. «Богоматерь, Дева Мария, Пресвятая Дева, Мадонна – в христианстве земная мать Иисуса Христа, одна из самых почитаемых личностей и христианских святых»[https://foma.ru/pochemu-bogoroditsa]. А если поточнее, художник использует, пожалуй, самое известное в наши дни произведения древнего искусства иконописи «Владимирская икона Божьей матери» – наиболее почитаемое изображение Богоматери на Руси (Византия, XII век), созданное неизвестным мастером.

Визуально-ритмический строй графического листа высокоорганизован и монументален благодаря композиционным приемам, более характерным при работе над созданием произведений монументально-декоративного искусства. Так, изображение иконы Богородицы с младенцем художник помещает в самый центр композиции и ее прямоугольный формат становится рефреном общему формату произведения. Сидящая по-восточному фигура богини Умай словно держит на руках и показывает зрителю икону Богородицы. Умай и Богородица, в свою очередь, как единое неразрывное начало вписаны художником в черный равносторонний треугольник, вытянутый по вертикали. Как известно, пирамидальный треугольник, стоящий на одной стороне как на основании, символически ассоциируется у человека с надежностью и непоколебимостью. Поэтому, выбранный автором художественный прием, когда он одновременно наслаивает изображения Богородицы и Умай друг на друга и замыкает их силуэт в треугольнике, привносит в композицию графического листа ощущение надежности и незыблемости духов и святых, охраняющих жизнь и покой младенцев. Оставшиеся изобразительные элементы композиции, не входящие в троицу – Богоматерь, Умай и черный треугольник представляют собой стилизованный изображения мифических духов и животных, а также казахского традиционного орнамента. Они занимают в графическом листе все оставшееся от черного треугольника пространство и зеркально повторяют друг друга относительно центральной вертикальной оси произведения.

И все же, несмотря на великолепные сюжетно-композиционные качества анализируемого произведения, есть один тревожный момент, о котором необходимо упомянуть. Дело в том, что главный визуальный элемент композиции – треугольник покоится на черном и слегка вытянутом по вертикале постаменте, богато украшенным разномасштабными по размеру деталями традиционного казахского орнамента. Если внимательным взглядом объединить в композиции фигуры черного треугольника и его постамента, то мы получаем довольно четко читаемый силуэт, очень характерный для наконечника стрелы. Именно он, подспудно и вызывает ощущение тревожности и воинственности при созерцании данного произведения. В оправдание автора произведения можно предположить, что этим он нам напоминает о темном начале, присутствующем в Умай, или иносказательно хочет довести до нас мысль о том, что добрые силы поэтому мудры и всепрощающи, поскольку физически вооружены вполне способны постоять за себя.

В заключении, завершая краткий искусствоведческий обзор данной темы, можно отметить, что: во-первых – воплощение современными художниками Казахстана в изобразительном искусстве символики и художественных образов древнетюркской тенгрианской культуры отображает стремление к сохранению и переосмыслению национальной самобытности в условиях процессов глобализации; во-вторых – одним из самых распространенных образов в творчестве современных казахстанских художников, обращающихся в своих произведениях к символике тенгрианской культуры, является образ богини женского начала – Умай; в-третьих: каждый из казахстанских художников, в силу индивидуального мировоззрения и творческого почерка по своему интерпретирует образ богини женского начала Умай, тем самым в целом обогащая современную изобразительную культуру независимого Казахстана.

Казахстанские мастера изобразительного искусства, опираясь на богатое наследие тенгрианской культуры и мировоззрения, с помощью композиционно-изобразительных средств и языка «иконических знаков», переосмысляя и подчиняя различные пласты и грани бытия, смыкая пространственные и временные категории, уравнивают индивидуальные и национальные масштабы, выходят к утверждению идеи цельности и гармонии мира, человека, Вселенной.

«Изобразительное искусство Казахстана XX века вошло в 3-е тысячелетие интеллектуально и духовно зрелым, – делает вывод искусствовед Р. Ергалиева, – ... в нем осмыслены и интерпретированы древнейшие корни казахской кочевой культуры. Заложенные в ней общечеловеческие ценности и национальное мироощущение, раск-

рываются художниками в творческом диалоге с традициями и новациями мирового искусства, новейшими явлениями философии и культуры XX и XXI века. Постижение основ национальной культуры рождает в искусстве Казахстана новые творческие концепции. В итоге, современное казахстанское искусство, возникшее на почве инноваций меньше века назад, смогло не только не растерять собственную духовную самобытность, но и создать адекватный ей неповторимый образно-символический язык» [Ергалиева Р.А., 2002, с. 172].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Туруспекова Х.Х. Авангардные идеи XX века в живописи и актуальном искусстве Казахстана. – Алматы: ИД «CREDOS», 2011. – С. 331.
2. Кондыбай С. Казахская мифология. – Алматы: Нурлы Алем, 2005. 463 с.
3. https://dipifr1968.livejournal.com/441382.html (дата обращения к электронному ресурсу 12. 02. 2020)
4. Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Том I. – Алма-ата: Онер. 1986. – С. 46 – 48.
5. Мухамбетова А.С. Тенгрианский календарь как основа кочевой цивилизации // В кн.: Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 41.
6. https://foma.ru/pochemu-bogoroditsa-pochitaetsya-tserkovyu-vyishe-chem-vse-svyatyie.html(дата обращения к электронному ресурсу 14. 03. 2020)
7. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. – Алматы: Гылым, 2002. – С. 172.

МУКЫШЕВ ТАЛГАТ КАРИПЖАНОВИЧ
Өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы
«Дәстүрлі музыка» факультеті
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ СИПАТТАР

Түйін. Сыбызғы күйлері мазмұны жағынан сан-салалы, өте бай болып келеді. Бұл мақала халқымыздың өмір тұрмыстық кезеңдегі адам тағдырымен байланысты, салт -дәстүрдегі естірту, жоқтау, қоштасу, арнау күйлеріне арналған.

Түйінді сөздер: сыбызғы, салт-дәстүр, естірту күй, жоқтау күй, қоштасу күй , арнау күй, тартыс.

Резюме. Кюи сыбызгы по содержанию являются многообразными и очень богатыми. Эта статья посвящена тому, что жизнь нашего народа связана с судьбой человека в бытовом периоде, в традициях и обычаях кюй извещение, поминальный кюй, кюй прощанье, кюй посвящение.

Ключевые слова: сыбызгы, традиция, кюй извещение, поминальный кюй, кюй прощанье, кюй посвящение, состязание.

Summary. Sybyzgy kuies are very rich and multiform in content. This article is dedicated to the fact that the life of our people is connected with the fate of a person in the domestic period, in the traditions and customs of the notify kui, funeral kui, farewell kui, kui dedication.

Key words: sybyzgy, tradition, notify kui, memorial kui, farewell kui, kui dedication, competition.

Қазақ халқына күй өнерінің орны қандай биік зор болса, сол күй деген құдіреттің насихаттаушысы және орындаушысының бірі төл музыкалық аспабымыз – сыбызғы.

Сыбызғы өнерінің дүл-дүл күйшілері мен шебер орындаушылары ғасырлар бойы атадан балаға сыбызғы күйлерімен аңыз әңгімелерін қаймағын бұзбай, мұра қылып жеткізіп жалғастырған. Асыл мұрамыз сыбызғы күйлерінің бір ғажабы вариантық жағынан өте бай болып келеді. Бір күйдің өзі екі-үш вариантта тартылады. Аңыздары да өте көп, бір «Жорға ау» күйінің өзінде үш түрлі аңыз айтылады. Сыбызғы күйлерінің әуендері бір-біріне өте ұқсас болады және сол әуендер бірнеше рет қайталану арқылы түрленіп, құбылып орындалатын болған. Сыбызғы күйлері мазмұны жағынан сан-салалы, бұл күйлер бірде табиғат аясын суреттесе, енді бірде көне аңшылық замандағы аңыздар мен наным-сенімге байланысты да туындап отырған. Жан-жануарлар мен құс атаулары туралы күйлер де жетерлік *[Мұқышев Т., 2005.-96.]*. Сондай-ақ жаугершілік уақыттағы батырлар ерліктеріне, өмір тұрмыстық кезеңдегі адам тағдыры, әдет-ғұрып, салт -дәстүрге байланысты естірту, жоқтау күйлері де жиі ұшырасады.

Негізгі бұл мақаламызда айтқалы отырғанымыз ауыз әдебиетіндегі айтылатын салт-дәстүрлерінің күйлерде кездесуі. Сол дәстүрлердің аспаптық музыкада ауыз әдебиетінде айтылғандай міндеттерді атқарып, халық арасында сол салт -дәстүрді жалғастыра отырып өмір сүруі. Мысалы: ауыз әдебиетіндегі жыр-дастанмен аттас болып және сол жыр-дастан кейіпкерлермен байланысты күйлер.

Ауыз әдебиеттегі айтыс – аспаптық музыкада тартыс күйлер;

Ауыз әдебиеттегі естірту – аспаптық музыкада естірту күйлер;

Ауыз әдебиеттегі жоқтау – аспаптық музыкада жоқтау күйлер;

Ауыз әдебиеттегі қоштасу, арнау – аспаптық музыкада қоштасу, арнау күйлері болып аталады.

Сыбызғышылық өнерде ***тартыс*** күйлердің кездесуі, екі орындаушының күй тартысып сайысу арқылы өнерлерін сынға салу және бұл қазақ күйшілерінің арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Күй тартыста ердің ғана намысы емес, елдің де намысы сынға түскен сәттер жетерлік. Бұған қазақ пен түрікменнің, қазақ пен қалмақ арасындағы болған сайыстарға, сол сайыста туған және тартылған күйлер куә. Күй сайыстары көбінесе домбырашылар арасында жиі болып тұрған. Өскенбай мен Құлбай бақшының күй тартыстары бүгінгі күнге дейін жетіп орындалып жүр. Жігіт пен қыз арасындағы тартыс, қазақ күйшілерінің көпшілігінде кездеседі. Сүгірдің «Жолаушының жолды қоңырында» жігіттің тартысы, қыздың тартысы деп келетін түрлері сақталған. Арқаның атақты күйшісі Тәттімбеттің қызбен күй тартысып домбыраны башпайымен шертіп жеңгені тарихтан мәлім. Міне осындай тартыс күйлерді XVI- ғасырда өмір сүрген қазақ сыбызғышылары Тілеке мен Жантелі арасында болған күй сайыстардан да көре аламыз ***[****Бекхожина Т., 1996, 216.]*.

XX-ғасырдың жиырмасыншы жылдары Шығыс Қазақстан өңірінде Шерубай мен Мұса бақсы тартыстары, 1950 жылдары өзімізге белгілі сыбызғышылар Шанақ Ауғанбаев пен Оспанғали Қожабергеновтердің күй тартысқандары жайында нақты жазылған деректер бар. Ш.Ауғанбаевтың репертуарында қазақ пен қалмақтың тартысы деп аталатын күйлер бүгінге дейін орын-

далып жүр. Сыбызғышылардың күй тартыстары жайында академик Ахмет Жұбанов «үстіміздегі XX-ғасырдың онынші жылдарында өз ауылымда сыбызғышылардың сайысын көрдім» – деп жазады өз еңбектерінде *[Жұбаов А.,1985, 215б.]*. Сыбызғышылар арасындағы күй тартыстың алпысыншы жылдарға дейін болып тұрғанын осы деректерден анық көруге болады. Белгілі сыбызғышы Кәлек Құмақайұлымен кездескен уақытта, қарт сыбызғышы өз әкесі Құмақайдың Құрыш деген сыбызғышыны жеңіп бірінші орынға тігілген қасқыр ішікті иемденеді, ал Құрыш екінші орынға тігілген түлкі ішікті алғанын баян етеді. Халқымыздың ғұрып-салтында кісі өмірден озған уақытта, қайтқан кісінің руынан үлкен адамдар келіп сол қаралы үйдің әйеліне, әйелі қайтса күйеуіне және бала-шағалары мен туған-туыстарына қаралы хабарды естіртеді. Бұл естірту қайтқан адамның артының қайырын берсін, балашағасы ол адамның көрмеген қызығын көрсін деп, қара сөзбен тоқтау айтып сабырлық сақтауларын өтінеді. Бұрындары жаугершілік заманда батырлардың қазасын Ханға жыраулар барып естірткен. Халқымыздың батыры Бөгенбайдың өлімін Абылайханға Бұқар жырау жырлап толғау арқылы естірткені тарихымыздан мәлім. Осындай ***естіртулерді*** қазақ халқы күй арқылы да баяндап естірткен. Сонау XIII-ғасырда Жошыханға баласының өлімін Кетбұға күйшінің домбыра тілімен баяндап естірткені «Ақсақ құлан» күйінің аңыз-әңгімесі растайды. Сары Тоқа күйші өзінің баласының өлімін әйеліне домбыра тартып естіркен. Сол оқиғаға байланысты тартқан күйі күні-бүгінге дейін «Естірту» деген атпен тартылып жүр *[Әбуғазы М., 2016, 156 б.]*. Күй арқылы естірту домбыра аспабында ғана емес, сыбызғы үні арқылы естірткендері аз емес. Көне аңшылық заманда аң аулап жүріп ағасын атып алған інісі жеңгесіне ағасының өлімін сыбызғы үнімен естірткен. Бұл күйдің аңызы былай баяндалады:

«Баяғыда ағайынды екі аңшы жігіт аңшылықпен күнелтіп өмір сүріпті. Екеуі де көздегендерін құр жібермейтін мергендер болыпты дейді. Күндердің бір күнінде әдеттегідей аң аулауға шыққан екеуі, жайылып жүрген бір топ бөкендерге тап болады. Сонда ағасы інісіне: «Сен бөкендерді тысынан айналып барып, маған қарай үркітіп жібер, мен осы тасада жасырынып жатып, жақындағанда атып алайын» – дейді. Інісі қырды айналып барып, бөкендерді үркітсе, бөкендер ағасы күтіп жатқан бағытқа емес, басқа жаққа қарай қыр асып кетіпті. Сөйтіп жүргенде біраз уақыт өтіп, екі мерген бір-бірінен көз жазып қалады. Күн де бұлттанып, дауыл соғып, арты жауынға айналады. Ағасы күні бойы бір аң кездестіре алмай шаршап келе жатса, оқ жетерлік жерде бір бөкен қараңдап көрініп тұр екен. Қылт еткенді құтқармайтын сұр мерген садағын құлаштай керіп тартып жібергенде, атқан оғы мүлт кетпей көздегенін мұрттай ұшырады. Бауыздап ала қояйын деп жүгіріп келсе бөкен деп атқаны, «бөкеннің үлкен бір текесін атып алып, терісін сыпырып ағашқа керіп қойып, сол терінің астында жаңбырдан ықтап отырған өзінің інісі екен» – дейді. Қапыда інісін «бөкен» деп атып алған ағасының жеңгесіне сыбызғы үнімен естіртіп тартқан күйі, ел арасына «Бөкен жарғақ» деген күй болып тарап кетіпті. XIX ғасырдың дарынды күйшілері Ханқожа мен Тулақ Шоқанның өлімін әкесі Шыңғыс Уәлихановқа біреуі қобызда, екіншісі сыбызғымен азалы күй тартып естірткені белгілі *[Сарыбаев Б., 1981,46-47б.]*. Естірту салты сөзбен, жыр, толғаумен айтылатын болса, халық өнерпаздары күй тілімен де жеткізе білген.

Тағы бір салт-дәстүрге байланысты ***«Жоқтау»*** күйлері де жиі кездеседі. Жоқтаудың негізі өлген кісіні жоқтап жылау, оның өзіндік әуені болады. Өмірден озған кісінің әйелі немесе қыздары жоқтау айтып жылайды. Қайтыс болған кісінің туған-туыстарына көңіл айтып келген адамдар бір-бірімен жоқтау айтысып көріседі. Халықтың аңыз әңгімелерінде күймен де ***жоқтағандары*** айтылады. Жоқтаудың мазмұны қайтыс болған кісіге қайғырып көңіл білдіру *[Мүптекеев Б., 2002, 123-126 б]*. Қазақ сазгерлері осы қайғыны аспаптың күй сазымен де білдірген. Жоқтау күйлер халық өнерпаздарының орындап жүрген репертуарларынан өзіндік орын алған. Оған Ықыластың «Ерден» күйі, Дәулеткерейдің «Салық өлген», Тоқаның «Жоқтау» күйлерінің аттарында айтылып тұр. Домбыра, қобыз аспаптарындағыдай жоқтау күйлер сыбызғы күйлерінің репертуарында да жиі кездеседі. Халық күйі «Арбияның қоңырда» қарт сыбызғышының баласының суға кетіп өлгенін жоқтап шығарғаны айтылады:

«Арбиян деген кедей шал аңшылықты кәсіп етіп өмір сүріпті. Оның өзіне қолқанат болған он сегіз жасар ұлы болыпты. Бірде қарт аңшы ұлымен аң аулап жүріп Буыршын деген өзеннің арғы бетінде жайылып жүрген маралға кез болады баласы өзінің мергендігіне сеніп судың бергі жағасында тұрып атқан оғы маралға дөп тиіп, жаралы марал сол орнында құлайды. Олжасына асыққан аңшы жігіт тасқын судан өтейін десе өткел таппай әрі жүгіріп, бері жүгіріп өзеннің үстінде құлап жатқан қарағайды көреді. Әкесі: «Су тасып жатыр, барма» дегенді елемей албырт жігіт әлгі қарағайдың үстімен өтіп бара жатып, судың ортасына жеткенде, табаны тайып суға түсіп кетеді. Ағыны қатты тасқын су жігітті толқынына орап, батырып ағызып әкетіпті. Сондағы қарт күйшінің баласынан айрылғанына қатты қайғырып тартқан жоқтау күйі екен дейді» *[МұқышевТ., 2005, 19б.]*.

Құмақай сыбызғышының ұзақ сапарда жүргенде, құрбысы өмірден озып, сонда құрбысының басына барып жоқтап тартқан күйі «Құрбыма» аталып сыбызғышылар репертуарында әлі күнге дейін орындалып жүр. Бұл жоқтау күйлер аспаптық жанрда қазіргі уақытқа дейін жалға-

сып, туындап отыр. Үстіміздегі ғасырдың өзінде де өмірден өткен қимас жандарын жоқтап шығарған күйлер бар. Мысалы: күйші Уәли Бекеновтың өмірден өткен ұлына арнап шығарған «Боздағым» атты күйінен көре аламыз.

«Қоштасу» атты күйлер қазақтың салт-дәстүрімен тығыз байланыста екені белгілі. Қоштасудың бірнеше түрлерін көруге болады.

Бірінші; қыз күйеуге ұзатылғанда ағайын-туғандарымен, құрбыларымен, өзі туып өскен жерімен, елімен қошатасады. Бұл той мезгіліндегі қоштасу, осы қоштасуда қайта көрісуге мүмкіндіктің бар екені белгілі. Екінші; ұзақ сапарға немесе майданға аттанғанда, сондай-ақ абақтыға айдалып кетіп бара жатқандағы қоштасу болады. Бұл тағдырдың жазмышына байланысты, елін ағайын-туғандарын енді қайтып көретіні белгісіздіктен туған қоштасу. Қоштасулар қазақ халық әндерінің сөзі өлеңдерде жиі айтылатынын білсек, осының тағы бір түрі күймен қоштасу. ***«Қоштасу»*** деп келетін күйдің өзінің атында да айтылып тұр. Мұндай күйдің қоштасқанда туғанын халық композиторларының туындылары Құрманғазының «Аман бол шешем, аман бол», «Қош аман бол Ақбикеш» күйлерінен көре аламыз. Сыбызғы күйлерінің ішінде «Қош есен бол» күйі Қозы-Көрпештің елімен, туған жерімен қоштасқандағы тартқаны деп баяндалады күй аңыздарында. Ал сыбызғыдағы халық күйі «Қоштасу» азаматтың басына күн туып абақтыға айдалып бара жатқанда елімен, бала-шағасымен сыбызғы тартып қоштасқанда туған күй екен дейді. Шебер сыбызғышы Шерубай Орасайұлы жиын-той отырысты сыбызғының қоштасу күйімен аяқтайтын әдеті болғанын шәкірті Ш.Ауғанбаевтың естеліктерінде жақсы айтылған.

Халық арасына кең тараған күйлердің тағы бір жанры ***«Арнау»*** күйлер ***[****Әбуғазы М., 2016, 1596.]*. Арнау күйлерді өзінің анасына, әкесіне, ұстазына, досына, елге, жерге болған оқиғаларға байланысты арнап шығарады. Сыбызғы күйлеріндегі бірнешеуіне тоқтала кетсек. Құмақай сыбызғышының «Кеңжайлау» күйінің аты айтып тұрғандай тарихы былай баяндалады:

«Жазда көк жайлауға ел қонып, бие байлап, есікті түріп қойып киіз үйде игі жақсылар бас қосып отырған кез екен. – Ау, Құмақай! Біздің осы отырған отырысымызды, мына көк жайлауды суреттеп бір күй тартсаңшы – деп жақсылар қолқа салыпты. Сондағы Құмақай күйшінің жасыл жайлауға арнап «Кең жайлау» деп шығарып тартқан күйі осы екен» ***[****МұқышевТ., 2005, 74 б.]*. Осындай тағы бір арнау күйдің тарихы: «Құсайын атты сыбызғышы абақтыдан қашып келе жатқанда Кенжетал деген талы көп жерге келіп жасырыныпты. Соңынан келген қуғыншылар қалың талдың ішінен адасып таба алмай кейін қайтқан екен. Еліне аман-есен жеткен Құсайын осы оқиғаға байланысты, жанымды аман алып қалып пана болған кенжетал мекені деп «Кенжетал» күйін арнап шығарған дейді аңызда». Арнау күйлер қазақ аспаптық күйлерінен көп орын алған. «Анама», «Қайран әке», «Саржайлау», «Сарыарқа», «Сансызбай» сынды көптеген күйлер арнау күйлердің куәсі болып саналады. Осы мақаламызда айтылған жанрлық сипаттағы күйлер бұған дейін домбыра өнеріне ғана тән болып келген болса, сыбызғышылық дәстүрде де өзіндік орынға ие болған. Бұл жанрлық күйлер халық арасында және сыбызғышылар мұрасында да жан-жақты сипатта сабақтасып ұрықтық, салт-дәстүр міндеттерін де атқарғандығын көруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. МұқышевТ. Сыбызғы сазы (МонғолиядағыБаян-Өлгий қазақтарының сыбызғы күйлері). – Алматы. Өнер, 2005.-80 б.
2. Бекхожина Т. Даламның назды саздары. – Алматы: Өнер, 1996.-208 б.
3. А.Жұбаов. Өскен өнер – Алматы: Ғылым, 1985.-248 б.
4. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт, 2016.- 480 б.
5. Сарыбаев Б.Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1981.-205 б.
6. Мүптекеев Б. Жоқтау күйлерінің құрылымы мен орындаушылық ерекшеліктері. // Орындаушылық өнерінің тарихы мен қазіргі кезеңдегі даму мәселелері: Халықаралық ғылыми практикалық конференция жинақтары. – Алматы, 2002.– Б.123-126.

МУКЫШЕВ ТАЛГАТ КАРИПЖАНОВИЧ
Өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедарасы
«Дәстүрлі музыка» факультеті
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Түйін. Бұл мақалада Монголиядағы Баян-Өлгей қазақтарының сыбызғы күйлеріне теориялық тұрғыдан музыкалық талдаулар жасалған.Онда сыбызғы күйлерінің құрылымы, өлшемдері, дыбыстық реті, ырғақтық ерекшеліктері талданып қарастырылды.

Түйінді сөздер: сыбызғы, дәстүр, күй, орыдау тәсілдері, әдістері, аймақ, орындаушы.


Резюме. Статья посвящена сохранению преумножению и преемственности традиций школы «сыбызгы» в культуре казахов, живущих в Баян-Ульгейском округе Монголии. В ней уделяется пристальное внимание ведущим исполнителям и особенностям интерпретации произведений.

Ключевые слова: сыбызгы, традиция, кюй, приемы игры, методы, округ, испольнитель.

Summary. The article is devoted to the preservation, multiplication and continuity of the traditions of the school «Sybyzgy» in the culture of the Kazakhs living in the Bayan-Ulgey district of Mongolia. It pays close attention to the leading performers and features of the interpretation of works.

Keywords: sybyzgy, tradition, kui, game tricks, methods, county, performer.

Баян-Өлгей сыбызғы күйлері диатоникалық мажорлы ладта тартылады. Бұл күйлердің дыбыстық реті көбінесе бес дыбысты (пентатоника) болып келетініне осы күйлерді нотаға түсірген кездерімізде көзіміз жетті. Дыбыс қатарындағы IV-ші және VII-шы дыбыстар осы күйлерде сирек кездесті, нотаға түсірген қырық күйдің ішінде бес-алты күйлерде ғана кездестіре алдық. Атап айтсақ «Жаралы ақбөкен», «Арбияның қоңыры», «Кенжетал», «Бейжін Сарыатан» «Көкбұқа» сияқты күйлерден көруге болады *[Ахмерұлы Қ., 1977, 101-132 б.]*. Күйлердің жетпіс пайызы бес дыбыстың аумағында құрылғанын байқатты. Кәлектің орнидауындағы күйлердің құрылымындағы көбінесе кездесетін дыбыстардың реті мынадай: I, II, III,V,VI яғни II – октаваның до мажорда до, ре, ми, соль, ля дыбыстары. Осыған қарағанда Баян – Өлгей сыбызғы күйлері диапазоны жағынан бір октава көлемінде ғана тартылатыны белгілі болды. Күйлер екінші октаваның «до» нотасынан үшінші октаваның «до» нотасы аралығындағы дыбыстардан құрылған, соған қоса бірінші октаваның «соль» нотасы бурдондық дыбыс ретінде қолданылған.



Халық күйі «Көк бұқа» Орындаған К.Құмақайұлы

Бірінші октаваның «соль» нотасы, сыбызғының бурдоны ретінде қолданылып атқаратын міндеті айрықша. Шығыс Қазақстан аймағындағы домбыра, сыбызғы күйлерінде үлкен орын алатын және күйдің әуендік әсерін, бояуын, төлтума бейнелерін бурдон дыбысын қолдана отырып көрсеткен. Сыбызғының бұл «соль» бурдондық дыбысы Баян-Өлгей сыбызғы күйлерінің әуендік құрылымының ажырамас бөлшегі болып табылады *[МұқышевТ., 2005, 156.]*. Монғолия қазақтарының сыбызғы күйлерінің ең шебер орындаушысы дүлдүл сыбызғышы Кәлек Құмақайұлы тартқан күйлердің барлығында бірінші октавадағы «соль» аспаптың бурдондық дыбысы ретінде қолданылған. Өйткені барлық күйде кездесетін осы дыбыс бұл аймақтағы сыбызғы күйлері құрылымының негізгі тұғыры болып саналады. Әр тактта кездесетін бурдон дыбысты бұл күйлер, көне архаикалық аңыз күйлер құрылымдық жүйесіне жатады.

Баян-Өлгей сыбызғы күйлерін бурдондық дыбыссыз тартып қарасаңыз, ол күйлер әуендік мазмұны, мағынасы жағынан мүлдем айырылып, жалаң әуен ғана болып естіледі. Бірде күйдің әлді үлесінде бірде әлсіз үлесінде енді бірде араласып келетін бұл «соль» бурдон дыбысы Баян-Өлгей сыбызғы күйінің әуендік, ритмикалық жағынан әрлеп, құбылтып мән мағынасын кіргізіп отырады. Сыбызғыдан шығатын айландырған бес нотадан әртүрлі әуен тудырып, көркейтіп күй деңгейіне жеткізуі, күйшінің осы «соль» бурдон дыбысын өте шеберлікпен қолданып іске асыра білуінің арқасында. Халық күйі «Арбияның қоңыр» күйінде «соль» бурдон дыбысы әлді үлеске түсіп, шебер үйлестіргенін көруге болады;




Халық күйі «Арбиян қоңыр» Орындаған К.Құмақайұлы

«Соль» дыбысы тек әлді үлесте ғана қолданылмай, әлсіз үлескеде келтіріп күйдің мазмұнын ашып тұрғанын байқауға болады. Кәлек Құмақайұлының «Арман» күйінде бурдондық «соль» дыбысы әлсіз үлесте тұрғанына қараңыздар;



Кәлектің күйі «Арман» Орындаған К.Құмақайұлы


Сондай-ақ аралас үлеске түсіп өте шеберлікпен үндестірудің арқасында күйдің айтайын деген ойын жеткізіп, өзгеше мұңды оқиғаны суреттей білген халық күйі «Бөкен жарғақ» күйінде бурдондық «соль» дыбысы араласып, әлді үлесте бір, әлсіз үлесте бір келіп отырғанын көреміз;



Халық күйі «Бөкен жарғақ» Орындаған К.Құмақайұлы

Бірінші октаваның бурдондық «соль» нотасы күйдің тұрақты тірегі ретінде жиі қайталанып тұрса, күйдің әуені екінші октаваның «до» дыбысынан бастап үшінші октаваның «до» дыбысы аралығында жүріп отырады. Қазақтың сыбызғы күйлерінің әуені көбінесе ортаңғы регистрларда орындалғанымен, төменгі бірінші октаваның «ми», «соль» дыбыстарын қамтып отырады. Дыбыстар жүйесі сатылап емес, скачок арқылы өрбіп құрылған және дыбыс ара қашықтықтары бурдондық «соль» дыбысынан бастап октава арақашықтығына дейін көтеріледі.

Бұл сыбызғы күйлерінің ырғақтық өлшемі көбінесе 2/4 өлшемінде орындалады *[МұқышевТ., 2005, 156.]*. Бірқалыпты ырғаққа бағынудың салдарынан көсіліп созатын дыбыстары аздау. Күйдің ұзақ созып көрсететін жерлеріне екінші октаваның «соль» дыбысын пайдаланады. Бастапқыда айтқандай квинта интервалдық созып ұстап тұру арқылы ғана шарықтату әсерлерін көрсете алады. Бұл күйлердің барлығы дерлік «соль» дыбысынан басқа қосымша, күй немесе фраза аяқталар шақта тоникалық «до» дыбысын ұзағырақ ұстаумен шектеледі, бөтен ешбір дыбыстар ұзақ созылып тартылмайды;




Халық күйі «Құрбыма» Орындаған К.Құмақайұлы

Тағы бір айтатын ерекшелік күйдің ырғақтық өзгерістерінде триоль тәсілінің жиі қолданылуы. Халық күйі «Тепеңкөк», бұл күйде аттың жүрісін бейнелеуде триоль ырғағы арқылы көрсеткен [*Райымбергенов А., Аманова С., 1999, 57 б.]. Бір әуеннің кейбір дыбыстарын өзгерте* отырып, күйдің басынан соңына дейін бірнеше қайталау арқылы ырғақты барған сайын екпіндете жылдамдатып барып аяқтайды. Триоль ырғағы монғол қазақтарының сыбызғы күйлерінің негізгі ырғақтық көркемдеуінің бірі және көбінесе күйдің аяқталар буынында жиі қолданыс тапқандығы анық байқалып тұр;



Халық күйі «Тепеңкөк» Орындаған К.Құмақайұлы

Бұл сыбызғы күйлерінде жиі кездесетін тағы бір белгі – **форшлаг** *[Мұқышев Т., 2017, 41б.]*. Форшлаг – сыбызғы күйлерінде бір дыбыстың бірнеше рет ұзақ тартылғанда, дыбысты даралап бөліп көрсету үшін саусақпен қағып орындалады. Күйдің аңызында айтылатын бір көріністерді, адамның зарлағанын немесе аюдың боздағанын суреттеуде дыбысты толқындата саусақпен қағып отырып форшлагпен көрсетуге тырысқан. Халық күйі «Жорға аю» – да күйдің басы аюдың күшігіне қарай жүгіріп, боздағанын осы форшлаг арқылы бейнелегенін көреміз;



Халық күйі «Жорға аю» Орындаған К.Құмақайұлы

Баян-Өлгей күйлерінің құрылымында негізгі айтар ойы басқы буындарда айтылып, содан кейін қайырма тартылады. Жалпы күйдің формасы екі әуеннен тұратынын байқатады.

Күйдің негізгі әуені басқы буында айтылады;



Халық күйі «Бөкен жарғақ» Орындаған К.Құмақайұлы

ҚАЙЫРМАСЫ

қайырма екінші қайталанғанда негізгі әуеннің үзінділері тартылып, осы қайырмаға вариация жасалынып отырады;

Осы айтылғандай күй аяқталып, қайтадан басынан бастап соңына дейін көп ауытқымай екі немесе үш қайталанып барып бітеді *[МұқышевТ., 2005, 16 б.]*.Талдап отырған «Бөкен жарғақ» күйінің формасыда екі бөлімнен құралып тартылатынын көре аламыз.

Баян-Өлгей күйлерінің құрылымында, аспаптағы «соль» дыбысының бурдондық болып қайталанып келуі – көне архаикалық аңыз күйлер дәстүрінің жалғастығын көрсететіндігі анықталды. Сыбызғышы К.Құмақайұлының тартуындағы күйлер, бурдон дауысының ұзақ созылып ұсталуы және негізгі әуен белгілі бір ырғақ желісінде орындалатын ерекшеліктерінің бар екендігі аңғарылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. – Алматы.:Өнер, 2005. –80 б.
2. Ахмерұлы Қ. Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғыға арналған күйлер. Өлгий, 1977. –203 б.
3. Мұқышев Т. Сыбызғы үйрену мектебі. Алматы:Курсив, 2017. –312б.
4. Райымбергенов А,Аманова С.Күй қайнары. Өнер,1999.–288 б.



МУСАПИРОВА ЖАНАРТОЛКЫМБЕКОВНА
докторант 3-курса
КНК им. Курмангазы



АМИРОВА ДИНА ЖУСУПБЕКОВНА
доцент КНК им. Курмангазы

«КОНЦЕРТМЕЙСТЕР И МУЗЫКАНТ: РАБОТА С ИСПОЛНИТЕЛЯМИ НА КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ИНСТРУМЕНТАХ»

Түйін. Мақалада Қазақ халық аспаптарымен сүймелдеушінің жұмысы туралы нұсқаулар берілген. Домбыра, қобыз және сыбызғыға арналған жұмыстардың мысалдары келтірілген, онда сүймелдеушінің орындаушылық міндеттері қарастырылған, осы аспаптардың дыбысының ерекшелігі ескеріліп, халықтық аспаптардың техникалық және дыбыстық мүмкіндіктері туралы идеялар көрсетілген.

Түйінді сөздер: ансамблдік өнер, концертмейстер, домбра, қобыз, сыбызғы, дыбыстық теңгерім, ырғақ, соққылар.

Резюме. В статье изложены методические рекомендации по работе концертмейстера в классах казахских народных инструментов**.** Приведены примеры произведений для домбры, кобыза и сыбызгы, где рассматриваются исполнительские задачи концертмейстера, с учётом специфики звучания этих инструментов, раскрываются представления о возможностях народных инструментов, как технических, так и звуковых.

Ключевые слова: ансамблевое искусство, концертмейстер, домбра, қобыз, сыбызғы, звуковой баланс, ритм, штрихи.

Summary. The article provides guidelines on the work of the accompanist in the classes of Kazakh folk instruments. Examples of works for dombra, kobyz and sybyzgy are given, where the performing tasks of the accompanist are considered, taking into account the specifics of the sound of these instruments, ideas about the possibilities of folk instruments, both technical and sound, are revealed.

Keywords: ensemble art**,** accompanist**,** dombra, kobyz, sybyzgy, sound balans, rhythm, touch.

Аккомпанирование солистам-инструменталистам имеет ряд отличительных особенностей. Прежде всего важна тонкая слуховая ориентация пианиста, так как интонационная подвижность струнных, деревянных духовых и народных инструментов значительно превышает возможности человеческого голоса. Как подчеркивал Г.М. Коган, «концертмейстеру необходимо дирижерское начало, умение мыслить «оркестрово» – показывать различные инструменты, игру красок» [Коган Г.М., 1961, с. 65].

Для концертмейстера в данном случае очень важно не нарушать звуковой баланс, соотносить пианистическое туше с темброво-динамической окраской солирующего инструмента, уметь точно определить в аккомпанементе солирующие эпизоды, вычленить отдельные мотивы и снова перейти на аккомпанирующую функцию фортепианной партии. Концертмейстеру следует знать особенности нотации сольных партий для различных инструментов – обозначения различных штрихов исполнения.

Концертмейстер также должен учитывать степень общемузыкального развития солиста, его техническую оснащенность, наконец, возможности конкретного инструмента, на котором он играет. Не менее важным является вопрос о характере игры фортепианных вступлений. Играя в ансамбле с «неярким» солистом, пианисту следует исполнить вступление очень выразительно, но соизмеряя свою игру со звуковыми и эмоциональными возможностями солиста. В классе **кобыза** большое внимание уделяется работе над звуком, который зависит от скорости ведения смычка, смены смычка, различной атаки звука [Омарова Г.Н., 1989, с. 24]. В классе **домбры** основным является звуковой баланс между партиями солиста и концертмейстера, и темповая организация. В ансамбле с **сыбызгы** нужно учитывать, ограничения как в динамических, так и в технических возможностях инструмента. Концертмейстеру важно знать о жизненном и творческом пути народных композиторов-инструменталистов, об исполнителях на домбре и

кобызе, замечательных импровизаторов, так как с них начинается зарождение инструментальной культуры в Казахстане. Все эти моменты имеют значение в разрешении художественных задач полноценного ансамблевого исполнения.

Рассматривая вопрос о работе концертмейстера с исполнителями на казахских народных инструментах, от истории к современности, отметим, что в быту долгое время наиболее распространенными были три разновидности инструментов – домбра, кыл-кобыз и сыбызгы – духовой инструмент. Домбыра, кобыз и сыбызгы – были реконструированы и адаптированы к европейскому репертуару! 2 типа инструментов – аутентичный и реконструированный. В Казахской национальной консерватории на факультете народных инструментов еще в 1957 году были открыты специальные классы по изучению приемов исполнительства на домбре и кобызе, а класс сыбызгы был открыт лишь в 1993году [URL: http://www. conservatoire.kz].

В фольклорном кабинете консерватории, открытым выдающимся знатоком казахской музыки, композитором А.К. Жубановым, имелся специальный отдел, который занимался изучением многочисленных и многообразных традиций казахских народных исполнителей и композиторов [Джумакова У., Кетегенова Н., 1995, с. 48].

Эта работа представляла собой теоретический и практический интерес для дальнейшего развития и усовершенствования техники игры на казахских народных инструментах.

Благодаря реконструкции и усовершенствованию в современной казахской исполнительской практике используются традиционные и модернизированные музыкальные инструменты: струнно-щипковые (домбра, бас-домбра, жетыген), струнно-щипковые (кобыз, кыл-кобыз), духовые (саз сырнай, сыбызгы) [Утегалиева С. И., 2016, с. 151].

Постепенно уровень исполнительства на народных инструментах достигает больших высот, создаются музыкальные произведения, учебные и методические пособия. На домбре, кобызе и сыбызгы наряду с традиционнымикюями, исполняется русская и западная классика, современная джазовая музыка.

Появилось много ярких и интересных пьес, написанных специально для домбры, кобыза и сыбызгы с сопровождением фортепиано.

Среди произведений для ***домбры*** часто исполняются такие произведения, как:

1. Шабельский – Шаргородский – «Той бастар»;
2. Аубакиров – «Жасекпін»;
3. Тастанов – «Фантазия»;
4. Жаимов – «Концертная пьеса», «Шалқыма», «Отпан тау», «Дамылсызқозғалыс»;
5. Койшибаев – «Кызыл кум»;
6. Буркутов – «Отрар» поэма;
7. Усенов – «Косбасар», «Жігер», «Поэма», «Майра», «Түркі әлемі», «Шамші-Дастан»;
8. Ахмедияров – «Арпалыс»;
9. С. Мухамеджанов – концерт для домбры с оркестром, переложение А. Жайым;

Из произведений для *кобыза* отметим следующие:

1. А.К. Жубанов – «Вальс», «Ария», «Романс», «Коктем»;
2. Кумысбеков – «Поэма»; «Концертная пьеса»,
3. Койшибаев – «Романс»;
4. Тастанов – «Лирическая мелодия», «Алтай аясында», «Баллада о неизвестном солдате»;
5. Шабельский – Шаргородский – концерт для кобыза с фортепиано;
6. Е. Брусиловский – соната для кобыза и фортепиано, «Алтынай», «Бозайгыр»;
7. С. Мухамеджанов – «Размышление», «НазыкГюли»;
8. Н. Тлендиев – «Импровизация»;
9. Аубакиров – «Романс»;
10. А.Жайым – концерт для кобыза, концерт для кыл-кобыза;
11. Казакбаев – «Коныр», «Фатима сарыны»;

Для *сыбызгы* часто испоняемымипроизведениями являются следующие:

1. А. Жайымов «Көнілді би»;
2. К. Әзірбаев «Қордай»;
3. Б. Ғизатов, Ә. Исабаева, Ә. Асылбекұлы – Этюды

Из перечисленного видно, что произведений, написанных специально для домбры, кобыза и сыбызгы с аккомпанементом не так много. Репертуар исполнителей в классах народных инструментов расширяется за счет многочисленных переложений скрипичной, вокальной и другой музыки русских, западных, советских и современных композиторов.

Часто исполняются произведения, написанные для балалайки и домры-примы, в переложении для ***домбры*** – Будашкина «Концертные вариации», П. Борчунова Концерт №2, Петренко Концерт, пьесы – Ризоль-Городовской «Русские напевы», О. Метра «Серенада», Л. Дакена «Кукушка», Ж. Обер «Жига», Э. Маручелли «Вечное движение», М. Байганина – «Цыганская венгерка», обр. Бекназарова, А. Цыганкова «В стиле Кантри» и др.;

Концерты для скрипки, в переложении для ***кобыза*** – Венявского, Берио, Б. Годар, А. Хачатуряна; пьесы – Лало «Испанская симфония», Сарасате «Фантазия», А. Хачатурян «Песня поэма», Кармен «Фантазия».

Пьесы и сонатины для фортепиано, в переложении для ***сыбызгы*** – Д. Кабалевский «Маленькая полька», В. Моцарт «Аллегретто», Л. Бетховен «Сурок», К. Вебер «Хор охотников», П.

Чайковский «Старинная французская песенка», Д. Шостакович «Шарманка», Л. Бетховен «Сонатина».

Практически все народные исполнители обладали прекрасным даром импровизации. «Как вид творчества импровизация имела повсеместное и широкое распространение, и склонность к ней казахов как своеобразную особенность отмечали многие исследователи» [Нурланова К.Ш., 1987, с. 40].

Импровизация была своего рода жизненным «инструментом», поэтому поэтическое слово, пронизывая все сферы жизни, придавало только ей свойственный образ. Быт не был мыслим без поэтического слова, без устно-поэтической традиции. Об этом пишут в своих «обозрениях», «путешествиях» все, кто наблюдал казахские кочевые аулы в XVIII – начале XIX в. «Фольклор – непременный участник повседневного быта и обрядов. Песня сопровождала воина в походе, песней коштасу прощается отъезжающий со своей родиной, песни беташар, жар-жар, сынсу звучали на свадьбах, жоктау на похоронах**.** Через наставления и изречения, старейшины и аксакалы обращались к народу при разборе тяжб, споров [Советская фольклористика, 1968, с. 68-69].

Многие кюи и песни в результате импровизации видоизменялись превращались во множество других произведений. Это объясняет наличие большого количества обработок и переложений для инструментов с сопровождением. К наиболее ярким и известным ***обработкам Казахских народных песен и кюевдля кобыза*** относятся: «Дударай», «Сырнайлыкосбасар»; для ***сыбызгы*** – «Еркем-ай», «Илигай», «Ақдариға», «Бір бала», «Ақ баян», «Ақбақай», «Маусымжан», «Жезкиік» күй Ыхласа, обр. А.К. Жубанова, «Қарлығаш» А.К. Жубанова, «Бипыл», «Қара торғай» обр. Т. Гафиатуллина и др.

С. Жанузакова в своем интервью рассказывает, что на международном конкурсе им. У. Гаджибекова в Баку в 1986 году, молодые музыканты Казахстана – А. Улькенбаева, К. Жолдасова, А. Мустафаев, З. Измуратова, К. Каламбаева исполнили первые образцы произведений, написанных специально для народных инструментов в сопровождении фортепиано. Тогда это было ново и необычно, как для самих солистов, так и для концертмейстеров [Интервью Жанузаковой С.Т.].

На данный момент в музыкальных учебных заведениях все больше открываются классы, где ведётся обучение игре на народных инструментах. Преподаватели включают в программу произведения композиторов Казахстана XX века, обработки народных песен, кюйев и разные переложения. К числу концертмейстеров, успешно концертирующих в ансамбле с народными инструментами, начиная с последних двух десятилетий XX века, относятся: С. Жанузакова, А. Нурбаева, М. Темирова, И. Усачева, Г. Серкебаева и др. Их интерпретация композиций для народных инструментов отличается оригинальным стилем и во многом определяет музыкальный образ современного Казахстана. А. Ташимова, А. Ракишева, Е. Курмет, достойно переняли эстафету исполнительства и успешно выступают на сценах республики.

А.А. Нурбаева подчеркивает, что «домбра, кобыз и сыбызгы имеют камерное зучание, раньше эти инструменты предназначались для игры в малых аудиториях, чаще всего в юртах и без аккомпанемента, поэтому пианистам, аккомпанирующим этим инструментам, необходимо хорошо продумывать *соотношение звучаний*, а при исполнении на концерте или экзамене следует внимательно слушать солиста, стараясь не заглушать его» [ИнтервьюНурбаевой А.А.].

Труднее представляется проследить соразмерность звучания с солистом-инструменталистом в произведениях с быстрым темпом. Так, в пьесе А.Жайымова «Отпан тау» для домбры с фортепиано – это особенно сложно, фактура фортепианного сопровождения настолько загромождена аккордами и октавами, что в быстром темпе трудно все выиграть технически и сложно создать необходимое звуковое соотношение. В связи с этим можно предложить свой вариант облегчения.

Отметим, что *фактурные облегчения*имели и будут иметь место в практике любого пианиста. Необходимость в нем возникает у концертмейстера очень часто, поэтому считается полезным выработать некоторые навыки, чтобы различными облегчающими моментами пользоваться достаточно свободно. Упрощения необходимы, в основном, в особо трудных октавных, терцовых, аккордовых изложениях и в репетициях. Степень упрощений во многом определяется темпом. Именно быстрый темп в «Отпан тау» делает исполнение его достаточно серьезной технической задачей, и встречающиеся продолжительные репетиции, особенно интервальные и аккордовые, утомительны и трудны. При быстром темпе в неоднократном повторении триольная фигура аккорда становится утомительной для исполнения. Поэтому без ущерба для характера музыки ее можно играть упрощая фактурно, либо акцентируя сильные доли, давая возможность отдохнуть рукам.

Сондай-ақ, әлемдегі бір қатар мемлекеттерде өзіндік Бақыт министірліктері құрылған. Мысалы, сондай министірліктер Бутан, Біріккен Араб Әмірліктері, Эквадор, Венесуэлла және т.б. сынды мемлекеттерде жұмыстарын атқаруда. Алайда, Венесуэлла мемлекетінің аталмыш министірліктің бар болғанымен, қаншалықты бақытты екендігін бағамдау қиын. Дубайда смарт-камералардың негізгі міндеті бейне-бақылаудан бөлек, тұрғындардың келбеттері қаншалықты бақытты, күлімсірейтінін тіркейтін қосымша қызметтерді атқарады. Идея авторларының айтуынша, бұл тәжірибе арқылы үлкен сауда орталықтарға келген тұтынушылардың сауда үйіне кіруге дейінгі, және кейінгі көңіл күйін бақылау арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады. Араб Әмірліктеріндегі үкіметтің кез-келген шешімі алдымен Бақыт министірлігінің сараптауынан өткізіледі. Аталмыш министірлік үкіметтің еңгізіп отырған жаңа бастамаларының қоғам үшін қаншалықты пайдалы екендігін бағамдайды. Егер, заңнама министірліктің сыни талдауынан өте алмаса, қайта қарасытырылуға жіберіледі, немесе мүлдем енгізілмейді.

Дегенімен, кейбір сыншыл сарапшылардың айтуынша тек субъективті пікірге негізделген индекстерің тәжірибе жүзінде ешқандай мәні мен құндылығы жоқ. Себебі жеке мәліметтерден құрылған бұл индекстер тек субъективті шындықты көрсетеді, ал негізгі мәселелер әлде қайда өзгеше болуы мүмкін. Жалпы, бұл үрдіс барлық статистикалық зерттеулерге қатысты. Мәселен, бақытты елдер көшін бастап отырған Скандинав елдерінде суйцид деңгейі де өте жоғары.

Соңғы жылдары АҚШтың Йель университетінің ең танымал курстарының бірі болып, «Бақыт курсы» анықталған. Бұл үрдістің өзі курсқа қатысушылардың қаншалықты табысты не білімді болғанымен, кез келген адамның және қоғамның түпкі мақсаты бақытты болу екендігін білдіреді. Әрине курста ұсынылатын бақыт қағидаттары өте қарапайым, оның негізінде, дұрыс тамақтану, жақындарына көбірек көңіл мен уақыт бөлу, ұнататын ісіңмен айналысу және т.б. сынды кеңестер айтылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, бақыт феноменына деген теориялық қызығушылықпен қатар, әр түрлі деңгейлердегі мемлекеттер басшылары тарапынан аталмыш индексті тәжірибе жүзінде іске енгізіп отырғанын байқаймыз. Адамның өмір сүру сапасының субъективті бағамдауының тарихын және мемлекеттік басқарудың нәтижелігін бағалайтын критерийі ретінде зерттей келе, ойымызды қорытындылап төмендегіні түйіндеуге болады:

- ЖІӨ көрсеткіші әлі де мемлекеттің экономикалық дамуының басты және сенімді критерийі болып табылады. Алайда, белгілі саясаттанушы, экономист, психолог мамандарының пікірінше, оның өсімі «Бақытсыздық өсімі» арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін;

- бақыттың табысқа деген тікелей байланысы жайындағы мәселе әлі де ашық тақырып;

- бақыт деңгейін өлшейтін тиімді әдісін таңдау өзекті болып отыр.

Әлемде индексті және әлеуметтік сауалнама арқылы жүргізілетін зерттеулер түрлері өте көп. Индекстік зерттеу тәсілі маңызды факторларды ескеру арқылы есептелінеді. Мысалы, индексті тәсілдер көбіне: экономикалық даму, қоршаған ортаны қорғау, ұлттық мәдениетті насихаттау, мемлекеттік басқарудың тиімділігі, дамудың тұрақтылығы, қауіпсіздік, адамдардың саяси құқықтары, экологиялық жағдай, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің қолжетімділігі, ғылыми зерттеулерге, білім беруге, мәдениет және спортқа деген шығын, адамдардың қоғамдық өмірге қатысуға деген мүмкіндігі, адамдардың территориялық және әлеуметтік мобильділік деңгейі және т.б. ескеру арқылы есептелінеді. Алайда, мемлекеттің мәдени өзгешелігін, дәстүрі, тарихи тәжірибесі, қалыптасқан жағдайы секілді аса күрделі факторлары елеусіз қалуда. Белгілі бір индексті тәсіл нақты және сенімді нәтиже береді деп тұжырмдауға болмайды.

Тәжірибеде қолданған индекстік тәсілдердің нәтижелерін сараптай келе, келесідей кем тұстарын атап өтуге болады:

- интегралды көрсеткіштер бағыттар бойынша жеке мәселелерді көрсете алмайды, сол себепті бір де бір индекс мемлекеттің әлемдегі орнын нақ белгілей алмайды;

- ЖІӨ сынды жедел және нақты есептеліне алмайды;

- индексті тәсілдер ұлттық ерекшеліктер, дәстүр, мәдениет сыңды маңызды факторларды ескерусіз қалдырады;

- бақыт деңгейін бағалайтын индексті тәсілдер көбіне, орташа ұлттық көрсеткіштерге негізделеді, мемлекеттік қордың ассиметриялық тұстарын ашпайды және кейбір тұлғалардың рухани-әдептілік даму факторларын ескерусіз қалудыруда.

Осы кем тұстардың әсерінен, бір уақытта жүргізілген «бақытты елдер» рейтингтер көшін әр түрлі мемлекеттер бастауда, ол Парагвайдан Норвегияға дейінгі тізім. Сауалнамалы әдістер нәтижелерін тұжырымдап, қорытындылау секілді процесстерде өзіндік қиындықтарымен ерекшелінсе де, бақытты субъективті бағамдаудағы

ен сенімді тәсіл болмақ. Сол себепті, зерттеудің келесі сатыларында, халықтың бақытты бағалаудағы субъективті пікіріне жете мән берілу жоспарлануда.

Альтернативті индекстер мен көрсеткіштер дәстүрлі ЖІӨ мәліметтерін толықтыруда, бірақ, әлі де түбегейлі ауыстыра алмайды. Алайда, бақыт феноменын ғылыми тұжырымдамаға келтіруге ұмтылған қозғалыстың пайда болуы және қоғамның, ғылымның, үкіметтің танытып отырған қызығушылықтары жыл санап артып келу үрдістері тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://www.bugin.kz/12336-baqyt-degen-ne
2. https://egemen.kz/article/20858-baqyt-degenimiz-ne
3. Pickering M. Auguste Comte. An Intellectual Biography. Vol. III. N.Y., 2009.
4. Wuthnow R. Altruism and sociological theory // Social Science Review. 1993. № 67. P. 344— 357.
5. Marks N., Abdallah S., Simms A., Thompson S. et al. The Happy Planet Index 1.0. New Economics Foundation. 2006. [Электронды дәйеккөз]. URL: http://www.neweconomics.org/projects/happy-planet-index (мәлімдеу датасы 27.07.2019).
6. Abdallah S., Thompson S., Michaelson J., Marks, N., Steuer N. et al.The Happy Planet Index 2.0. New Economics Foun-dation. 2012. [Электронды дәйеккөз]. URL: http://www.neweconomics.org/projects/happy-planet-index (мәлімдеу датасы: 27.07.2012).
7. 2nd OECD World Forum – Istanbul 2007 [Электронды дәйеккөз]. – Қолдану режимі: http://www.oecd.org/site/worldforum06/ishappinessmeasurableandwhatdothosemeasuresmeanforpolicy.htm
8. Синицына, Е. Индексы счастья: как измерить неизмеримое / Е. Синицына // Сайт лаборатории социальных инноваций CLOUDWATCHER. : http://www.cloudwatcher.ru/analytics/1/view/90/
9. Veenhoven, R. Questions on happiness: Classical topics, modern answers, blind spots. In F. Strack, M. Argyle, & N. Schwarz (Eds.), Subjective well-being: An interdisciplinary perspective (P. 7-26). – Oxford, England:Pergamon Press, 1991. – P. 14.
10. Степашин, С.В. Государственный аудит и экономика будущего / С.В. Степашин. – М.: Наука, 2008.
11. Лапин Н.И. Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001–2010). – М.: Весь мир, 2011.
12. Easterlin, R.A. Does Economic Growth Improve the Human Lot? Some Empirical Evidence / R.A. Easterlin. –1974.
13. Лэйард, Р. Счастье: уроки новой науки / Р. Лэйард. М.: Изд-во Инта Гайдара, 2011.
14. Hagerty, M.R. Wealth and Happiness Revisited Growing wealth of nations does go with greater happiness /M.R. Hagerty, R. Veenhoven // Social Indicators Research. – 2003. – Vol. 64. – P. 1-27.
15. Diener, Ed. Rising income and the subjective well-being of nations / Ed. Diener // Journal of Personality and Social Psychology. – Vol. 104 (2). – Feb. 2013. – P. 267-276.
16. Abdallah S., Thompson S., Michaelson J., Marks, N., Steuer N. et al.The Happy Planet Index 2.0. New Economics Foun-dation. 2009. [Электронды дәйеккөз]. URL: http://www.neweconomics.org/projects/happy-planet-index (мәлімдеу датасы: 27.07.2012).
17. Ткачук С. Китайцы поставили счастье на службу экономике [Электронный ресурс] / С. Ткачук // Вести FM. – Режим доступа: http://www.vesti.ru/doc.html?id=432879

ЧАЛГЫНБАЕВА АРАЙЛЫМ ТАЛГАТҚЫЗЫ
докторант
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы
Философия және саясаттану факультеті
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

БУРХАНОВА ДАНА КАМАЛОВНА
әлеуметтану ғылымдарының докторы, мұғалім
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы
Философия және саясаттану факультеті
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ–ҚОН МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ИММИГРАНТТАРДЫҢ БЕЙІМДЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Түйін. Жаһандану кең қанат жайған кезеңде көші-қон процесіңжаңа түрлері пайда болып, көлемі, мәні, барысы, маңызы және салдарлары күрделенген сайын Қазақстан үшін өзекті мәселелердің біріне айналуда.Еліміздің иммигранттардың негізгі бөлігі Орталық Азия елдерінен келген еңбек иммигранттары, сондай-ақ оралмандар. Көші–қонның өсуімен мигрант фобиясының жоғары деңгейі байқалады . Мұны халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуімен, сондай-ақ әлеуметтік қорғау институттарының әлсіздігімен түсіндіруге болады. Бұл мақалада автор Егеменді Қазақстанның көші-қон тарихын, өзіндік кезеңдерін, динамикасын, қазіргі жай-күйі мен имигранттардың бейімделу жағдайларын қарастырады.

Түйінді сөздер: иммигранттар, Қазақстан, бейімделу, еңбек көші-қоны, бейімделу мәселелері, оралмандар.

Резюме. В эпоху глобализации появляются новые типы миграционных процессов, и их масштабы, значение, значимость и последствия становятся все более и более важными для Казахстана. Основную часть иммигрантов в стране составляют трудовые иммигранты из стран Центральной Азии, а также репатрианты. С увеличением миграции наблюдается высокий уровень мигранто фобии. Это можно объяснить снижением уровня жизни, а также слабостью институтов социальной защиты. В данной статье автор рассматривает историю миграции в независимого Казахстана, этапы, динамику, современную ситуацию и условия адаптации иммигрантов.

Ключевые слова: иммигранты, Казахстан, адаптация, трудовая миграция, проблемы адаптации, репатрианты.

Summary. In the era of globalization appear the new types of migration processes, and their scale, significance, and consequences are becoming more and more important for Kazakhstan. The bulk of immigrants in the country are labor immigrants from Central Asian countries, as well as returnees. With an increase in migration, a high level of migrant phobia is observed. This can be explained by a decrease in living standards, as well as the weakness of social protection institutions. In this article, the author considers the history of migration in independent Kazakhstan, the stages, dynamics, the current situation and the conditions for the adaptation of immigrants.

Key words: immigrants, Kazakhstan, adaptation, labor migration, adaptation problems, returnees.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасындағы көші-қонның себептері мен нәтижелері қандай, көші-қонның, кеңірек алсақ, демографиялық және әлеуметтік дамудың келешегі нені меңзейді? Осы сұрақтарға жауап алмайынша, тиімді әрі сенімді мемлекеттік саясат жүргізу мүмкін емес. Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жолы оңай болған жоқ. Демографиялық ахуалға кезінде кері әсерін тигізген әлеуметтік-экономикалық дағдарыс еліміздің негізгі байлығы болып табылатын – адамдар ресурстары жағдайында көрініс тапты. Жеке дара мемлекет болып қалыптасып, дамып, өз саясатын жүргізе бастаған Қазақстанға алғашқы күннен бастап-ақ терең тарихы бар көші-қон мәселелеріне қатысты өз бағытын айқындауға тура келді. Егеменді Қазақстанның көші-қондық қозғалысына шамамен жиырма жылдан асты, оның өзіндік тарихы бар, оны өзіндік «кезеңдерге» бөліп, динамикасын, бағыттары мен көлемін талдау қажет. Көші-қонның соңғы кеңестік санақ кезінен бергі барысын көрсете отырып, негізгі заңдылықтары мен үрдісін анықтау сонымен қатар, халықтың әлеуметтік-демографиялық даму деңгейі оның мекендеген орта-сы, географиялық орналасқан жері, өмір сүретін елінің мәртебесі мен саяси-экономикалық даму деңгейі, әлеуметтік-мәдени ахуалы, әлеуметтік-құқықтық қамсыздандырылуы және тағы басқа тыныс-тіршілігінің барлық салаларымен өзара тығыз байланысты. Осындай кешенді фактор көші-қонның себептеріне, көлеміне, бағыттары

мен салдарларына әсер етсе, көші-қон, керісінше сол факторлардың туындауы мен кез-келген мемлекеттің ішкі және халықаралық көлемдегі даму деңгейінің өзгерістеріне ықпал етеді. Жаһандану кең қанат жайған кезеңде Қазақстанда көші-қон үдерісінің жаңа түрлері пайда болып, көлемі, мәні, барысы, маңызы және салдарлары күрделенген сайын көші-қон мәселесін зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігі күшейе түсуде. Қазақстанның тарихи демографиялық мәселелерін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар екені сөзсіз.

Негізгі бөлім

Көші-қон үдерістерін кезеңдерге бөлу мәселесіне тоқталып өтсек.Қазақстанда XVIII-XXI ғғ. жүрген көші-қон үрдерісін үш дәуірге бөліп қарастыруға болады:

1) XVIII ғ. ортасынан 1917 ж. дейінгі дәуір – Ресейлік империяның отары болған кездегі қоныс аударушылардың легі Қазақстанға бағытталған көші-қоны. Әсіресе, XIX ғ. екінші жартысынан басталған келімсектер көші-қоны қазақ жерін көп ұлт өкілдерінің мекендеп орналасқан жеріне айналдырды. Жалпы 1916 ж. Ұлт азаттық көтерілісті басып-жаншу, жазалау шараларынан қашқан қазақтардың сыртқа көші-қоны болмаса, бұл дәуірде қазақтар сыртқа кеткен жоқ;

2) 1917-1991 жж. кеңестікдәуір – әр түрлі саяси-экономикалық реформалар мен науқандар негізінде елімізге келімсектердің жаппай көші-қоны мен мәжбүрлі көші-қондар арқасында Қазақстан көп ұлтты халқы бар республикаға айналды. Кеңестік кезеңінде таптық мәнді ту етіп, ұлттық ерекшеліктерді елеусіз қалдырып, мемлекеттік көші-қон саясатының нәтижесінде қазақтарға ұлт ретінде құрып кету қаупі төнді. 1916 ж. Ұлт азаттық көтерілісті жазалау шараларынан қашқан қазақтардың көші-қоны кеңестік дәуірде өршіген қазақтардың жан-жаққа көші-қонының бастамасы болды. Осы дәуірде орын алған саяси-демографиялық катаклизмдердің нәтижесіндегі қазақтардың өлім-жітімі мен сыртқа көші-қоны және ең маңыздысы, қазақ жеріне аграрлық, өндірістік, қуғын-сүргіндік көші-қондар толқындары арқасында өзге ұлт өкілдерінің келуі тұрғылықты ұлт өздерінің тарихи жерінде азшылық ұлтқа айналдырды [Мажитов С.Ф., 2008, 81-б];

3) Тәуелсіздік алғаннан кейінгіжылдары – көші-қон қозғалысында ғасыр бойы Қазақстанға келген ұлт өкілдерінің тарихи отанына қайту көші-қоны күшейіп, керісінше, ғасыр бойы сыртқа қашқан қазақтардың тарихи отанына кері көші-қоны белсендірілді. Оралмандардың Қазақстанға бет бұруы мемлекеттің саяси-экономикалық, мәдени тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің тірегі болып табылатын халықтың демографиялық мінез-құлқындағы негізгі шешуші ұлт – қазақтардың сандық және сапалық мәнін көтерді. Қазақтардың сыртқа көші-қоны еңбек көші-қонымен байланысты.

Кеңестікдәуіріндегікөші-қон үдерістеріқазақстандық тарих ғылымының тұжырымдамалық ұстанымы тұрғысынан ашылған жаңа көзқарастарға сай өзіндік ерекшеліктері бар алтыкезеңге бөліп қарастырылды:

1) 1917-1926 жж. – саябырсу кезеңі,
2) 1926-1939 жж. – қайта өрлеу кезеңі,
3) 1939-1945 жж. – мәжбүрлі кезеңі,
4) 1946-1959 жж. – өрістеу кезеңі,
5) 1959-1970 жж. – бәсеңдеу кезеңі мен
6) 1970-1991 жж. – кері бұрылукезеңі [Шонанұлы Т.,2008,224-б].

Кезеңдерге бөлуде басты назарда ұстанған ұстанымдар – көші-қон үдерісінің тарихи оқиғалар мен көші-қон тасқындарының басты бағыттарына байланысты негізгі үрдістері мен демографиялық салдарлары. Көші-қон үдерісі халықтың саны мен құрамының динамикасына, табиғи қозғалыстың негізгі үрдістеріне әсер еткен фактор ғана емес, ол қазақстандық қоғамның даму салалары мен ұлттық дамудың құлдыраулар мен өрлеулерге негізделген ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер еткен басты фактор болды. [Бокейхан А.,2005, 28б].

Қазақстан халқының қазіргі республика аумағында қанша және қандай ерекшеліктері (ұлт, жыныс, білім деңгейі және т.б.) болғаны туралы алғаш рет Б.С. Сүлейменовтың еңбегінде көтерілді. Дегенмен де, онда қазіргі Қазақстан аумағының шекаралық межесі анық бөлініп алынбады. 1970-жж. басында жарыққа шыққан еңбектерде Қазан революциясына дейінгі көші-қондық үдерістің ерекшелігі түрлі деректер негізінде талданғанымен [Смаилов А., 2000, 130б], Қазақстан халқының саны нақты қазіргі аумағына сәйкес бермеген**.**

Қазақстанның қазіргі аумағындағы халқының саны алғаш рет 3 томдық «История рабочего класса Советского Казахстана» кітабының 1 томындағы М.Х. Асылбековтың зерттеулерінде 4,147 млн. деп көрсетілсе, кейін бұл сан М.Х. Асылбеков басшылығымен жүргізілген еңбектерде [Асылбеков М.Х., Козина В.В.,2010, 35 б] нақтыланды. Соның нәтижесінде, Қазақстан халқының құрамының (ұлты, жасы, жынысы, білім деңгейі және т.б.) XX ғ. соңына дейінгі өзгерістерін кейінгі өткен санақтармен салыстырып, демографиялық, әлеуметтік дамуын талдауға мүмкіндік берілді. XIX ғ. соңы – XX ғ. бойы жүрген көші-қон үдерістерінің, оның ішінде сырттан келген көші-қоншылар толқындарының әсері айқындалды.

Көші-қондық үдерістің кеңестік дәуірдегі ерекшеліктері және оның Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына ықпалы мәселесі қарастырылған М.Б. Тәтімов, Ә. Ғали, Е.Н. Гладышева, Л.А. Квон және т.б. еңбектерінің ғылыми бағасы жоғары. Соның ішінде, көші-қон үдерістері мен Қазақстан халқының ұлттық құрамының қалыптасуы зерттеу нысаны болған

алғашқы еңбектер қатарына жататын Е.Н. Гладышеваның мақаласында қазақ жерін көші-қоншылармен, еңбек ресурстарымен толтырған көші-қон үдерісінің көпұлттануға тигізген әсері таптық тұрғыдан оңбағаланады [Каржаубаева А.И.,2009, 29 б].

Қазақстан репатриация проблемасымен тек қана Егемендік алғаннан кейін кең етек жая бастады.Шетелдегі қазақтардың жалпы саны 5,5 млн. адам болса, олардың негізгі бөлігі Қытай, Моңғолия, Түркия, Иран сол сияқты Ресей мен Өзбекстанда және басқа елде де тұрады. 1991-1995 жылдар ішінде Республикаға 137 919 адам келсе, оның жартысынан көбі 69 819 адам немесе 56 % жақын шетелдерден негізінен алғанда Ресей, Украина, Тәжікстан, Балтық елдері мен Кавказдан көшіп келді. Қазақтардың 49,4 % алыс шетелдерден келді. Моңғолиядан 61 040, Ираннан – 4 372, Түркиядан – 2 007, Қытайдан – 443, Ауғанстаннан – 18 адам оралды.

1991-1994 жылдары Монғолиядан Қазақстанға 10 461 отбасы, 54 201 адам қоныс аударды. Монғолиядан қоныс аударған қазақтар әрбір облысқа келген жанұя, адам санына қарай: Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Көкшетау, Жезқазған, Талдықорған, Ақмола, Алматы, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарына орналасқан. Осыған байланысты облыстарда көші-қон басқармалары құрылған [Қиянатұлы З.,2007,155-160бб].

1989-98 жж. тұрақты тұруға келген көшіп келушілердің айтарлықтай бөлігі ұрпақты болу жасындағы адамдар (65,9 %). Олардың ішіндегі ширақтары 15-19 жастағылар (52,7 %). Республикадағы қазіргі көші-қон себептерінің ішінде басым рөл экономикалық факторларға тиесілі. Көші-қон легін қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың анықтаушы маңызы бар. Көшіп-қонушылар шоғырлануының үлкен деңгейі республикалық экономикалық дамыған өңірлерінде және қалаларда байқалады. 1999 ж. көшіп келу квотасына сәйкес ұйымдасқан түрде: Пәкістаннан – 95 отбасы (419 адам), Түркиядан – 32 отбасы (147 адам), Моңғолиядан 50 отбасы (195 адам), Иран Ислам Республикасынан – 18 отбасы (65 адам) көшіріліп әкелінді; өз бетінше ҚХР-нан – 20 отбасы (105 адам), Тәжікстанан – 10 отбасы (49 адам), Өзбекстанан – 45 отбасы (226 адам), Ауғанстаннан – 10 отбасы (59 адам) көшіп келді. Көшіп келу квотасына сәйкес оралмандардың отағасына 15 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, отбасының әрбір мүшесіне 10 еселенген есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолға жәрдемақы төленді. Келген кезде барлық оралмандар тегін медициналық тексеруден өткізіліп, оларға қажетті көмек көрсетілді. Көбіне Қытай, Иран, Ауғанстаннан келген қазақтардың орыс тілін білмеуі олардың Қазақстан жерінде тез сіңісіп кетуіне кедергі жасайтын себептердің бірі [Иватова Л.М., Құрманбаева Ш.А., Мейірманов С.Т.,2006,11-196б].

1993-2002 жылдар аралығында Қытайдан Қазақстанға 856 отбасы (3 331 адам) қандастарымыз оралған. Қытайдан келген оралмандардың көші-коны мен интеграциясы жолындағы кедергілерді талдау барысында мына факторларды атауға болады: құжаттарды дер кезінде реттеп, алудағы қиындықтар, экономикалық проблемаларға байланысты бейімделу күрделілігі, тіл мен мәдени алшақтықтар. Қытайдың ішкі аймақтарынан тұрғылықты халықтардың Шыңжанға қоныстануының көбеюі, қазақтардың біртіндеп ассимиляцияға ұшырау қаупін күшейте түсуде. Шыңжан қазақтарының тарихи отанына оралуының қазіргі кезде бәсеңсуі, екі ел арасындағы азаматтық алу мен орнықталуда кездесетін қиыншылықтар, сондай-ақ алғашқы келген оралмандардың бейімделу кезеңінің кейбір сәтсіздіктері де әсер етуде.

1991-2001 жж. шетелдерден 52 487 отбасы – 215 224 қазақ көшіп келіп, қатарымызға қосылған. 2003 жылы квота бойынша Қазақстанға 5 мың отбасы; Өзбекстаннан – 4 096, Түркіменстаннан – 91, Қырғызстаннан – 10, Тәжікстаннан – 10 отбасы көшіріп алынды. Бір жылда осы мақсатқа бюджет қаржысынан бір миллиард теңгеден артық бөлініп оның 768 миллионы баспана алуға, әлеуметтік және транспортқа – 358 миллион жұмсалды [Тәтімов М.Б., 1993,73-б].

Көші-қон және демография агенттігінің мәліметтері бойынша 1991-2006 жылдар арасындағы шет елдерден келген оралмандардың жалпы саны 143 343 жанұя (565 757 адам). Мемлекет оралмандарға қажетті әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетіп келеді. Қазіргі уақытта біржолғы жәрдемақыны, тұрғын үй алуға берілетін қаражатты, жол ақысы және жүк тасымалдау шығыстарының өтеміне берілетін қаржыны ескергенде, қомақты қаражат бөлінеді. Елімізде 14 оралмандарды уақытша орналастыру орталықтары жұмыс істейді. 2008 жылдан бастап Қарағанды, Шымкент қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсукент ауылында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары жұмыс істей бастады. Орталықтарда іске асырылатын бейімдеу бағдарламалары құқықтық мәселелер бойынша консультация беруді, мемлекеттік тілді, оралманның қалауы бойынша – орыс тілін оқытуды, кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды көздейді. Шеттен келген отандастарымызды өздерінің ата-қонысына дұрыс орналастырған жөн және өз қара шаңырағына қайтқан бауырластарымыздың ата кәсіпке, ұлттық дәстүрге, дін мен тілге бейімділігін орынды пайдалана білсек, өз Отанына қайтқан репатрианттардың Қазақстанға құт-береке алып келері сөзсіз.

Көші-қон және демография агенттігінің мәліметтері бойынша 1991 мен 2004 жылдың сәуір айының аралығында Қазақстанға оралмандар-

дың 83 936 отбасы немесе 322 432 адам келген. Олардың 70 % ТМД елдерінен келгендер. Өзбекстаннан 173 027 адам, Тәжікстаннан 10 705 адам, адам, Түркменстаннан 34 948 адам, Ресейден 13570 адам келген. Республика бойынша оралмандардың орналасуы біркелкі емес. Оралмандардың үштен бір бөлігі 30,48 % Оңтүстік Қазақстан, 15,3 % Маңғыстау, 12,79 % Алматы облыстарында орналасқан.

Оңтүстік Қазақстан облысы Көші-қон және демография агенттігінің мәліметі бойынша 1991-2002 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстан облысына көшіп келген оралмандар 17 653 жанұя (82 563 адам). Тәжікстаннан келген алғашқы оралмандардың көбісі Махтаарал, Шардара, Сарыағаш аудандары мен Шымкент қаласында орналасқан. Шымкент қаласының Самал-2 ықшам ауданында Тәжікстаннан келген 14 жанұяға үй салуға жер телімдері беріліп, уақытша тұратын вагондармен қамтамасыз етілді. Сарыағаш ауданының көші-қон және демография бөлімі мәліметі бойынша ауданға 1992-2002 жж. аралығында 5 133 жанұя (30 188 адам) оралмандар келген. Келген оралман-дардың 80 % – ТМД елдерінен болса, 20 % – Иран ислам Республикасынан, Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Монғолиядан, Түркиядан, Түркіменстаннан келгендер. Оралмандарды негізінен бір ауылда орналастыруға тырысқан. Ауғанстан, Пәкістаннан келгендер негізінен Сарыағаш қаласында, ал «Дастан» аулында Ираннан келген оралмандар орналасқан.

Марксистік терминологияны қолдана отырып, аймақтың экономикалық дамуы үшін белгілі бір өндірістік қатынастар аясында өндірісті дамыту қажет деп айтуға болады. Бұл үшін осы әрекетті жалғастыру мақсатында бір-бірімен байланысқа түсетін адамдар қажет. Бурдиенің пікірінше, әлеуметтік саланың агенттері арасындағы байланыс әлеуметтік кеңістікте жүреді, оның құрылымы агенттер арасында капиталдың әр түрлерінің біркелкі бөлінбеуімен сипатталады, осы салдар олардың арасындағы күрес құралы болып табылады. Бұл күрес белгілі бір қақтығыстармен бірге жүреді, олардың бейімделуін едәуір қиындатады. Сол себепті, көші-қон ағындары жоғары болатын аймақтарда әлеуметтік шиеленістің өсуін арттырады.

Көші-қон процестері жағдайында әлеуметтік бейімделу имигранттарды қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріне қосуға бағытталған әлеуметтік процестің ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Көші-қон проблемаларын түсіндіруде әдетте үш негізгі фактор бар:

1) бюджет шығыстарына ауыртпалық, өйткені иммигранттар қоғамдық тауарлардың белгілі бір үлесіне үміткер;

2) экономикадағы жұмыс орындарының саны шектеулі, бұл ретте келушілер жергілікті тұрғындардың жұмысыннан айырады деген сенім;

3) тікелей әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар. Келушілер сыртқы түр келбеті жағынан, мәдениеті жағынан ерекшеленеді, көбіне қабылдаушы елдің тілін өте жақсы біле білмейді. Көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған заңсыз иммиграция криминогендік ахуал мен әлеуметтік жанжалдардың шиеленісуіне алып келеді.

Т. Парсонс мінез-құлық бейімдеу стандарттарын «Мен» немесе «ұжым» мотивтерін пайдаланады. Атап айтқанда, Т.Парсонныңқұрылымдық және функционалдық талдауы. Мұнда қоғамдағықызметтің сол қоғамның өзінің талаптарына жауабыболып табылады , яғни иммигранттардың жаңа әлеуметтік-мәдени ортасына жауап, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жаңа формаларын тудырады.

Қазақстандық авторлар Садырова М. және Амитов С. жаңа экологиялық жағдайларға бейімделу тұрғысынан әлеуметтік бейімделуді қарастырады [Парсонс Т.,2012, 800 б]. Этникалық иммигранттардың қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік бейімделуіне әлеуметтік зерттеулер жүргізілді, осы әлеуметтік топтың қазақстандық қоғамға сәтті интеграциялану процесіне әсер ететін факторлар анықталды. Авторлар сонымен қатар иммигрант балалардың заманауи қазақстандық білім беру жүйесінде тілдік бейімделуінқарастырады, бұл ретте мектепте оқитын осы балаларды анықтау қиын екенін көрсетеді.

Тілдік және әлеуметтік интеграция мәселелері иммигранттардың бейімделу процесін қиындатады. Алыс және жақын шетелден келген отандастарымыздың жергілікті ортаға енуіне кедергі келтіретін үлкен мәселе – орыс тілі мен қазақ әліпбиі. Мысалы, Өзбекстан және Түркіменстан келген иммигранттар Латын алфавитінің пайдалана отырып оқу мен жазуды үйренді, және Түркіменстаннан келген иммигранттардың көбісі орыс тілін мүлдем білмейді. Қытайдан келген имигранттар араб алфавитінде негізделген ежелгі қазақ алфавитін қолданады, сондықтанда олар да орыс тілін білмейді . Ал Моңғолия және Ресей иммигранттары кирилл алфавитін қолданады және орыс тілін түсінеді, Міне осы имигрантардың тілдік ортаға бейімделуі әлдеқайда оңай жүзеге асады.

Иммигранттардың бейімделуінің екі негізгі компоненті бар: психологиялық және әлеуметтік-мәдени. Психологиялық бейімделу, ең бірінші-ден иммигрантың келген жаңа мемлекеттегі өмір қанағаттану дәрежесіне байланысты. Әлеуметтік бейімделу белгілі бір дағдыларды игерумен және иммигранттардың белгілі бір қоғамның жаңа әлеуметтік жүйесіне интеграциялануымен байланысты, бұл өз кезегінде жаңа мәдени нормаларды игеру және нәтижесінде оларды қабылдауды білдіреді.

Қазіргі әдебиетте иммиграцияның бірнеше түрлері және имигранттардың жаңа ортаға бейімделуі қарастырылған [Нысанбаев А., 2015,352-б] .

1. Имигранттардың туған елінен кетуге мәжбүр еткен факторларды анықтауға баса назар аударылады. Осыған байланысты төрт негізгі түрлер бөлінеді: ерікті иммигранттар, босқындар, пана іздеушілер және уақытша тұрғындар. Түрлеріне қарамастан, олардың барлығы қабылдаушы қоғамға интеграциялануы керек.

2. Иммигранттар мен мемлекет резиденттері арасындағы мәдени қашықтықты анықтау: ол қаншалықты аз болса, иммигранттың қоғамға енуі оңайырақ болатыны анық. Мәселен, посткеңестік кеңістіктегі елдердің бір республикадан екіншісіне сапар шеккен азаматтары үшін мәдени қашықтықты жүріп өту, айталық, Еуропаға немесе Америка құрлығына барғаннан гөрі әлдеқайда жеңілірек.

3. Жұмыспен қамту контексті маңызды рөл атқарады , яғни қабылдаушы қоғамда қалыптасқан иммигранттарға деген көзқарас, сондай-ақ қабылдаушы ел иммигранттарды өзінің қоғамдық ортасына кіріктіру үшін әдетте қолданатын әдістер. Бұл процестерді шартты түрде төрт кіші түрге бөлуге болады:

• ассимиляция-бұл қабылдаушы қоғамның көзқарасын сөзсіз қабылдау;

• интеграция-бұл донор ел мен реципиент елдің қоғамы көзқарастарының үйлесімін білдіреді;

• бөлу-яғни қабылдаушы қоғамның көзқарасын қабылдамау және өздерінің көзқарастарын сақтау;

• маргинализация- бір жағынан, жаңа көзқарастарды қабылдамауы екінші жағынан, өз көзқарастарын жоғалтуы.

Соңғы төртінші түр үлкен қауіп-қатерді тудырады, өйткені ол жанжалдың әлеуетін қамтиды және қоғамдағы бөліну процестерінің күшеюіне ықпал етеді.

4. Қабылдаушы қоғамның басқа елдер мен аймақтардан келген қонақтарға қатынасы ретінде түсінілетін иммиграциялық топтардың мәртебесі.

Көші–қон процесінде иммигранттардың бейімделу стратегиясы және олардың бейімделу кезеңінде кездесетін проблемалары өте маңызды. Жалпы айтқанда, иммигранттардың қабылдаушы мемлекеттің әлеуметтік құрылымдарына бейімделу процесі оңай емес. Алайда бұл процесстің жүйелі түрде өтуі өте маңызды, өйткені қоғамның тұрақтылығы иммигранттардың қаншалықты бейімделгенінің нәтижелеріне байланысты болады. Қазіргі жағдайда иммигранттардың ағыны сөзсіз әрбір мемлекеттерді қамтиды. Бұл кезекте Қазақстан қоғамның қалыпты дамуы келген иммигранттардың бейімдеу стратегиясын қалай ойластыра алатындығына байланысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Арнайы баяндамашысы Франсуа Крепо [Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2019, 15 б] иммиграциялық процестің көп бөлігін құрайтын еңбекші-имигранттар келесі критерийлерге байланысты әсіресе осал екеніне назар аударады :

- елге қайта оралушыларды қоспағанда (оралмандар), әлеуметтік қолдау жүйесінің жоқтығы;

- жергілікті мәдениет пен тілді, өзінің еңбек ету құқықтарын және және көші-қон туралы ұлттық заңдарды білмеу;

- заңды және әкімшілік жүйелерге қол жетімділігі шектеулі немесе тыйым салынған;

- құқықтық мәртебе немесе жұмыс берушілердің жұмыс орнынан кету бостандығын шектейтін қарыздары себебінен жұмыс пен жұмыс берушіге тәуелділік;

- отбасы мүшелерінің имигранттың жіберген ақша аударымдарына тәуелді болуы.

Қазақстандағы еңбек иммигранттарының жағдайының осалдығы олардың мәртебесінің белгісіздігімен одан әрі күшейе түсуде. Бір жағынан, жұмыс берушілер, делдалдар және құқық қорғау органдары өздерінің лауазымдарын пайдалану немесе қорқыту арқылы пайдаланады . Екінші жағынан, еңбекші-имигранттардың сот төрелігі мен әлеуметтік қызметтерге қол жетімділігі өте шектеулі, өйткені олар «заңсыз» болып саналады, сондықтан қылмыскерлер деп саналатын елде көрінуге қорқады.

БҰҰ анықтамасына сәйкес, «иммигрант - бұл азамат тұрып жатқан мемлекетте азаматтығы жоқ, бірақ келуінің мақсаты білім алу, жұмыс, баспана алу немесе отбасына қосылу және оның өтініші бойынша оң шешім қабылдаған адам». Соңғы бірнеше онжылдықтар бұрын-соңды болмаған көші-қон деңгейімен сипатталды. БҰҰ мәліметтері бойынша 1965 жылдан бастап 2000 жылға дейін халықаралық мигранттардың саны 75,2 млн-нан 175,0 млн-ға дейін өсті, яғни. екі еседен көп. Бүгінгі таңда әлемдегі әрбір 35-адам иммигрант болып табылады [Аня Рудигер, Сара Спенсер,2003,17-196б]. БҰҰ сарапшыларының пікірінше, тіпті «халықтардың жаһандық көші-қоны» басталды деп есептейді. Көші-қон ағындарының күрт артуытөмендегідей процестермен айқындалады: экономикалық жаһандану, жұмыс күші артық мемлекеттерден жұмыс күші жетіспейтін мемлекеттерге қозғалуын ынталандыратын процестер, дамыған елдердегі демографиялық құлдырау және халықтың қартаюы, әскери қақтығыстардан, әлеуметтік және саяси апаттардан қашқан босқындардың жаппай қозғалысы.Халықаралық мигранттардың негізгі жеткізушісі дамушы елдер болып табылады , және негізгі бағыттары сөзсіз дамыған елдер қатары.

Статистика бойынша шетел мамандарының саны жылдан-жылға өсіп келе жатқанын байқаймыз. Шетелдік жұмыс күшінің Қазақстандағы үлесі бойынша Түркия, Қытай, Ұлыбритания, Индия, Италия және Ресей мемлекеттері көшбасшы болып табылады. Бұл мемлекеттердің үлесіне бүгінгі күндері жалпы ресми шақырылған жұмыс күшінің 60%-70% пайызын құрайды. Мәселеге

үңілсек, шетел мамандарының (жұмысшы күштерінің) басым көпшілігі құрылыс салаларында (2011 жылғы дағдарысқа дейін 43477-ні құраған), тау-кен өнеркәсіптерінде (2011 жылы 5444 адам) жұмыс атқарады екен. Келуші мамандардың басым көпшілігі инженер мамандықтарының иелері. Яғни, қара жұмысшы емес. Дамушы біздің мемлекет үшін мамандардың келуі өте маңызды болып табылады.

2011 жылы «Стратегия» зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеуге көз жүгіртер болсақ. Бұл зерттеуде, «Шетелден жұмыс күшін тартуға қайлай қарайсыз?» деген сұраққа респондеттердің 30% ғана қолдаған. Сұралғандардың 57% бұл бағытты «дұрыс емес» деп бағалаған. Ал, қалған 13% жауап беруге қиналған. Бұл – Қазақстан Республикасының азаматтарының пікірі. Бірлікті ту еткен Қазақстан үшін ел азаматтарына шетелдік жұмыс күшінің мән-маңыздылығын түсіндірген дұрыс деп ойлаймын. Ал шетел мигранттарын біліміне, мамандығына, жалпы адамдық капиталына қарай шақыруды қолдаған респонденттер 55%; қарсы болғандар 23%; жалпы үлестің 22% жауап беруге қиналған [Тәтімов М.Б., 2005,83-88б). Мұндай жағдайды мемлекет ескеруі тиіс.

Ата заңымызда Қазақстан Республикасының азаматтары көшіп-қонуға ерікті, құқылы деп жазылған [Шаймерденова Г., 2008, 31-б]. Егер азаматтардың тұрғылықты мекенінде жұмысы болмаса, отбасының, балаларының болашағын жоспарлау қиындық туғызатын болса, өзіне ыңғайлы жерге көшетіні әлемдік тәжірибеден белгілі. Миграция заңдылығы бойынша миграцияға ең ақылды, еңбекке қабілетті адамдар түседі. Демек белгілі бір аймақтан білімді, интелектуалды һәм еңбекқор азамат өзге аймаққа кетіп жатса, сол аймақ үлкен капиталдан айырылды деген сөз. Осы мәселелерге әлеуметтанушылардың жүргізген зерттеуіне зер салсақ, соңғы уақытта ел азаматтарының басым көпшілігі ешқайда көшкілері келмейтіндіктерін айтқан. Ал статистика агентігінің мәлеметіне сүйенсек 2006 жылы 386247 адам ішкі миграцияға қатысқан болса, 2011 жылы 406251 адам қатысқан [Тәтімов М.Б.,2010, 19-б]. Енді сол социологиялық зерттеуге назар аударсақ. Алғашқы және негізгі сұрақ «өзіңіздің тұрақты мекенінізді ауыстырғыныз келе ме?» болды. Осыдан алынған ақпарат бойынша халықтың басым бөлігі, яғни 73% ешқайда көшкісі келмейтінің айтқан. 2004 жылы ешқайда көшкісі келмейтін тұрғындардың саны 58% болған. Сұралғандардың төрттен бір бөлігі (23%) әр түрлі деңгейде (көшкім келеді бірақ, қашан білмеймін, көшкім келеді, бірақ, анығында көше аламын ба?) өздерінің тұрақты мекенін ауыстырғысы келеді екен. Жалпы пайыздық көрсеткіштердің 4% өзге жерге тұрақты түрде көшуге дайын екендігін айтқан. Мен бұл сұраққа жауап беруге қиналамын деген азаматтар 4% құраған. Тұрғындар нақты қайда көшкісі келетінін білу үшін «Сіз қайда көшкіңіз келеді?» деген сұраққа сұралған 23% ел азаматтарының 25% «Ресей» деп көрсеткен. Басым көпшілігі Қазақстанның түрлі өңірлеріне көшкенді жөн санайды екен (47%). Жауап берушілердің 11% Еуропа және өзге шетелдерге көшкенді қалайтындықтарын айтқан [Биекенов К., Садырова М.,2006, 17-б].

Зерттеу барысында респонденттерге әр түрлі санаттағы көшіп келуші мигранттарға көзқарасы қандай екендігі сұралған. Нәтижесінде жаңадан келген мигранттарға жылы шырайлылық танытқандардың пайыздық үлесі 50% жетпеген. Яғни, респонденттердің 48% ішкі миграция қатысушыларына лоялъдылық танытса, сұралушылардың 47% сырттан келетін кәсіби жұмыс күшін дұрыс деп жауап берген. Бүгінде өте өзекті болып отырған этникалық қазақтар мәселесі назар аударуды қажет етеді. Респонденттердің 48% оралмандардың келуін дұрыс деп тауып, қолдау көрсетсе, қалғаны негативті көзқарас танытқан (аталған мәселе оралмандардың адаптациясына кедергі факторлардың бірі болуы мүмкін). Жалпы сұралушыларды этникалық жағынан алғанда қазақ ұлтының мигранттарға позитивті қарайтындығы сұрау нәтижесінде анық болған.

Иммигранттар үшін ең үздік мемлекеттердің тізімін Американдық Boston Globe басылымы US News and World Report рейтингінде жариялады. Басылымның ақпаратына сай, Қазақстан иммигранттар үшін үздік мемлекеттер қатарында 46 орынды иеленген. Сонымен қатар, рейтингте тек үздік мемлекеттер ғана емес, нашар мемлекеттердің де тізімі жарияланған. Басылым Америка туралы "АҚШ иммигранттар үшін үздік елдер қатарында бар болғаны 7 орынды иеленді"деп жазған. US News and World Report рейтингінде 80 елдің экономикалық тұрақтылығы, табысының тепе-теңдігі, еңбек нарығы және бизнес-көшбастылар мен элита мүшелерінің берген есептері негізге алынған. Зерттеу жұмысының авторлары Дүниежүзілік банк пен БҰҰ-ның миграция саласындағы ақпараттарын қолданған. Зерттеу бойынша иммигранттар үшін ең үздік ел Швеция болды. Алғашқы ондыққа Канада, Швейцария, Австралия, Германия, Норвегия, АҚШ, Нидерланды, Финляндия және Дания кірген. Постсоветтік елдер арасында Ресей (24 орын), Украина (31 орын), Беларусь (38 орын), Қазақстан (46 орын), Латвия (56 орын) және Әзербайжан (61 орын) бар. Қазақстан рейтинг бойынша Венгрия, Хорватия және Чехия сынды еуропалық елдердің алдына шыққан [Козыбаев И.,2007,82-88б].

Әлемдік көші-қон саясатындағы нәтижелі тәжірибелердің бірі ретінде Европа одағының «маусымдық еңбек ету бағдарламасын» айтуға болады. Біліктілігі төмен маман үшін мүмкіндіктер шектеулі болғанымен Европалық Одаққа заңды имигранттар үшін маусымдық имиграция маңызды ерекшелік болып табылады. Европа-

лық Одаққа мүше елдер, әлемнің басқа елдері сияқты, көбінесе ауыл шаруашылығы, қонақжайлылық және туризм сияқты салалардағы еңбек қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқа мемлекеттердің жұмысшыларына жүгінеді. Кейбір Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер (мысалы Германия) Еуропалық Одақтың басқа бөліктерінен маусымдық жұмысшыларды жалдаса, ал көбінесе қалғандары негізінен тарихи, экономикалық немесе мәдени байланыстары үшінші әлем елдерінің еңбек имигрантарына жүгінеді. Еуропалық Комиссияның жұмысшыларға арналған маусымдық бағдарламаны жасау үшін ондаған жылдар бойы түзету мен өзгертулер енгізе отырып, жасау арқылы көптеген жетістіктерге ие болып отыр. Комиссия маусымдық жұмысшыларды жалдаудың жалпы стандарттарын жасау арқылы жылдар бойы имигранттардың кездесетін жұмысшыларды қанау, заңсыз визалар және тағы басқа проблемаларды алдын алуға тырысты. Осы бағдарламаны пайдалану мемлекет экономикасына, имигрантқа және жұмыс берушіге де ұтымды. Яғни үш жақты пайдалы әрі құқықтық нормалармен кепілдерілген, адамзаттың биік өркениетін көрсететін заманауи бағдарлама. Маусымдық еңбек ету бағдаламасы – кадрларды іріктеудің ашық және стандартталған процедураларының болуы, жұмыс берушінің талаптарына сай керек маманды таңдап алуы, жұмысшыны қорғаудың кеңейтілген мониторингінің болуы, визаны асыра пайдалануды болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу сияқты істерді қамтиды.

Мемлекеттің көші-қон саясатының негізі — жұмыс күшінің елден шығуын; шетелде болуын; отанына қайтуын — қамтитын эмиграциялық циклдың үш фазасын реттеу болып табылады. Іс жүзінде бұндай реттеу төмендегі ұстанымдарды сақтаудан тұрады:

- жұмысшылардың қозғалыс еркіндігі мен жұмысқа орналасу құқығын қамтамасыз ету;
- мигранттардың отанына қайтуына кепілдік беру;
- еңбекші мигранттардың валюталық ақша аударымдарының елге келуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- мамандықтарына сұраныс жоқ жұмысшыларды шетелге жіберу арқылы жұмыссыздықты азайтуды қолдау;
- экономиканың жұмыс күшіне деген сұранысы қанағаттандырылмаған секторларында жұмыс істейтіндердің елден кетуін шектеу;
- халық шаруашылығын дамытуға қажетті мамандықтарды шетелде игерген репатрианттарды қабылдау арқылы ішкі еңбек нарығын жетілдіру;
- еңбекші эмигранттарға әлеуметтік кепілдіктер беру.

Мигранттардың санының көбеюі оларға жаңа сапалық сипат береді, өздері шыққан елдердің ғаламдасу үдерісінің шеңберіне енуіне көмектесуші байланыстырушы буынға айналдырады. Соның ішінде иммиграция сыртқы сауданы жандандырады. Батыс ғалымдарының мәліметтеріне сәйкес, мысалы, АҚШ-тағы иммигранттардың санының 10%-ға өсуі экспортты 4,7%-ке, импортты – 8,3%-ке ұлғайтады[19](Франсуа Крепо, 2014ж.,35-б).

Елімізде заңсыз миграция шешімін таппай отырған мәселе болып табылады. Қазақстанда заңсыз жүрген мигранттардың саны бейресми ақпараттар бойынша бір миллионнан асып жығылады. Аталған сан одан да көп болуы әбден мүмкін. ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында: «Миграция ағымының бақылаудан, реттеуден шығып кетуі ұлттық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатер» екендігі жазылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлем тарихында миграция әсерінен тұтастай ұлттарды «қыспаққа» алып жаңа мемлекеттердің құрылғанын, белгілі бір титулды ұлттардың өз мемлекетінде үлес салмағы азайып, орнына өзге ұлттар басып алғанын факт келтірмей-ақ білеміз. Ал біздің мемлекеттің адамдық ресурсы мен көрші мемлекеттердің адамдық ресурсын салыстырып қарағанда, біздің мемлекет үшін миграциялық саясатты мықтап қолға алу керек екендігі түсінікті. Мемлекет үшін ондай қауіп болмағанның өзінде заңсыз мигранттар саяси тұрақтылықты бұзуға (Франция, Италия тәжірибелері), қылмыстың өсуіне, жергілікті халық пен мигранттар қайшылығын туғызуға, маргинал топтардың пайда болуына, ұлттық еңбек нарығындағы дисбалансты бұзуға т.б. проблемаларға алып келетін топ екендігін ғалымдардың зерттеулері мен халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр.

Иммигранттардың қазақстандық қоғамға кіруі, қабылдаушы мемлекеттің кез-келген қоғамындағыдай, өте қиын, сондықтан бұл процестің күшеюі көбіне биліктің елге келетін көші-қон ағындарына қатысты теңгерімді саясатына байланысты. Жақсы бейімделуге және иммигранттар мәселесін шешуге ықпал ететін процестердің бірі – иммигранттар үшін бейімделу стратегиясын құру және жүзеге асыру. Мұндай іс-шараларды өткізудің көп тәжірибесі жоқ Қазақстан иммигранттардың бірқатар мәселелерін шешу үшін халықаралық қоғамдастықтың, оның ішінде Европа елдерінің атап айтқанда Германия, Ұлыбритания және Австралия, Жаңа Зеландия сияқты көші-қон саясатын белсенді жүргізіп жатқан елдердің бай тәжірибесін мұқият зерделеуі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мажитов С.Ф. Формирование исторического сознания в Республике Казахстан: реалии и перспективы // Современное состояние и перспективы развития исторической науки Казахстана и России: Сборник материалов международной научно-практической конференции (2008ж). – Алматы: Тарих тағлымы, 81-бет;
2. Шонанұлы Т. «Жер тағдыры – ел тағдыры» 2-басылуы. – Алматы: Жазушы, 2008жыл, 224-бет;
3. Бокейхан А. «Исторические судьбы казахского края и культурные его успехи» Таңдамалы. – Алматы, 2005жыл, 28-бет;
4. Смаилов А. «Миграция населения Республики Казахстан». Алматы 2000 жыл, 130-бет;
5. Асылбеков М.Х., Козина В.В. «Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета» – Алматы: Тарих тағылымы, 2010жыл 37-бет;
6. Каржаубаева А.И. «Роль миграционных процессов в формировании современного населения» – Алматы, 2009жыл, 29-бет;
7. Қиянатұлы З. «Монғолиядағы қазақтар» – Алматы: ДҚҚ, 2007жыл. 2-кітап. 155-160 бб;
8. Иватова Л.М., Құрманбаева Ш.А., Мейірманов С.Т. «Қазақстан Республикасындағы миграциялық процестер және саясат». Алматы, Қарасай 2006жыл 11-99 бб;
9. Тәтімов М.Б. «Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша» – Алматы: Атамұра, 1993 жыл 73-бет;
10. Парсонс Т., әлеуметтік әрекеттің құрылымы . Академиялық жоба., 2012жыл. 800-б.;
11. Нысанбаев А. Еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақ диаспорасы. Қазақ диаспорасы: бүгіні мен болашағы, Астана: Елорда . 2015жыл, 352-б;
12. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаменті, тұрғындар бөлімі (2019). Халықаралық көші-қон 2019жыл, 15-б;
13. Аня Рудигер, Сара Спенсер, «Иммигранттардың экономикалық және әлеуметтік аспектілері» зерттеу жұмысы, Брюссель, 2003 жыл, 17-196б;
14. Тәтімов М.Б. «Демография – халықтану» – Алматы: Қазақстан, 2005. – 83-88-бб;
15. Шаймерденова Г. «Миграция и развития международных отношений» // мысль, 2008 жыл, 31-бет;
16. Тәтімов М.Б. «Тарыдай шашылған, селеудей сиреген қайран қазақ!». Қазақ әдебиеті, ақпан 2010 жыл, 19-бет;
17. Биекенов К., Садырова М. «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі» 2006жыл 17-бет;
18. Козыбаев И. «О репатриации казахов» // Analytic – 2007. № 17, 82-886б;
19. Мигранттардың адам құқықтары жөніндегі арнайы баяндамашысының есебі, Франсуа Крепо , Мигранттарды еңбекпен пайдалану, 3 сәуір 2014 ж., 35-бет; [http://www.ohchr.org/Documents/Issues/SRMigrants/A.HRC.26.35.pdf]

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫ
ЭКОНОМИЧЕСКАЯ НАУКА
ECONOMIC SCIENCE

МОВКЕБАЕВА ГАЛИЯ АХМЕТВАЛИЕВНА
доктор исторических наук, профессор
Кафедры международных отношений и мировой экономики
Казахского национального университета имени аль-Фараби

БИМАГАМБЕТОВА ЖИБЕК ТОБУЛБАЕВНА
кандидат филологических наук, доцент
Кафедры дипломатического перевода
Факультета международных отношений
Казахского национального университета имени аль Фараби

ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СТРАН ЕАЭС И ЕС В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Түйін. Зерттеудің маңызды міндеті екі одақты жақындастыруды қарастыру, сондай-ақ осы бірлестіктердің бірінде тұрмайтын серіктестермен қарым-қатынас құру бойынша ЕО және ЕАЭО мүмкін болатын келіспеушіліктерін талдау болып табылады. ЕО мен ЕАЭО арасындағы әріптестік туралы мүмкін болатын келісімді құрылымдау кезінде Тараптар олардың сауда жүйелерінің ықпал ету мәселесін және ЕАЭО мен ЕО елдерінің энергетикалық саясатының жай-күйімен келісімді пысықтау қажет. Мақалада ЕАЭО мен ЕО арасында ортақ экономикалық және гуманитарлық кеңістік құру идеясын жүзеге асыру мәселелері қарастырылған. Энергетика саласындағы Шартқа сәйкес ЕАЭО-ның әрбір елінің ЕО-мен ынтымақтастығының нәтижелері шығарылды. Жекелеген мәселелер бойынша алшақтықтарға қарамастан, ЕО-ның энергетика саласындағы позициясы барынша монолитті болады. Мысал ретінде Еуропалық комиссия әзірлеген Тұрақты энергетикалық одақты құру стратегиясын — ЕО-ға газ жеткізу көздерін, жеткізушілерді және бағыттарын әр тараптандыруды қамтамасыз етуге бағытталған құжатты келтіруге болады.

Түйінді сөздер: энергетикалық ынтымақтастық, энергетикалық қауіпсіздік, Еуразиялық экономикалық одақ, ЕАЭО, Еуропалық Одақ, ЕО, интеграция, энергия ресурстары.

Резюме. Важной задачей исследования заключается в рассмотрении сближения двух союзов, а также анализа возможных разногласий ЕС и ЕАЭС по выстраиванию отношений с партнерами, не состоящими в одном из этих объединений. При структурировании возможного соглашения о партнерстве между ЕС и ЕАЭС, сторонам крайне необходимо проработать вопрос влияния их торговых систем и соглашения состоянием энергетической политики стран ЕАЭС и ЕС. В статье рассмотрены вопросы реализации идеи создания общего экономического и гуманитарного пространства между ЕАЭС и ЕС. Подведены результаты сотрудничества каждой страны ЕАЭС с ЕС, согласно договора в энергетической отрасли. Несмотря на расхождения по отдельным вопросам, позиция ЕС в энергетической сфере будет все более монолитной. В качестве примера можно привести разработанную Европейской комиссией Стратегию создания устойчивого энергетического союза — документа, направленного на обеспечение диверсификации источников, поставщиков и маршрутов поставки газа в ЕС. Это самым серьезным образом повлияет на ЕАЭС, где энергетические компании занимают заметное место в экономике и обеспечивают существенную долю экспортной выручки.

Ключевые слова: энергетическое сотрудничество, энергетическая безопасность, Евразийский экономический союз, ЕАЭС, Европейский Союз, ЕС, интеграция, энергоресурсы.

Summary. An important task of the study is to consider the convergence of the two unions, as well as to analyze possible differences between the EU and the EAEU in building relations with partners who are not members of one of these associations. When structuring a possible partnership agreement between

